


сәбит



мұқанов

# СӘБИТ

Таңдамалы шығармалар

Он алты томдық

«ЖАЗУШЫ»  
БАСПАСЫ.

# МҰҚАНОВ

Таңдамалы шығармалар

Он бесінші том

ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

(ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУ)

ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

АЛМАТЫ

1979

Каз 2  
М 84



Мұқанов Сәбит.

М 84 Таңдамалы шығармалар: 16 томдық.— Алматы:  
«Жазушы» 1979

Т. 15. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шо-  
лу. Әдеби портреттер. 380 бет.

Каз 2

М  $\frac{0733\ 084}{402(07)79}$  2—71 4702023020

## АЛҒЫ СӨЗ

«Елу жылда ел жаңа...»— дейді қазақ мақалы. Рас сөз. Бірақ бұл жерде біз елудің де елуі бар екенін естеп шығармауымыз керек. Мысалы, адамзат қоғамының даму тарихында экономика, мәдениет жағынан Европа елдерінің мыңдаған жылдарда тырнақтап ие болған жетістігіне, қазақ, қырғыз, моңғол сияқты Октябрь революциясына дейін мешеу қалған көшпелі елдер, соңғы елу жылдың ішінде жетіп, тіпті олардың біразынан озып та кетті. Ал мұның ішінде қазақ халқын алсақ, ол соңғы елу жылда бұған дейін өңі түгіл түсінде көрмеген табыстарға ие болды.

Адамзат баласы алғашқы қауымдық қоғамнан таптық қоғамға қадам басқан кезде қоғамдық еңбек бөлісі егіншілік және мал өсірушілік бағытта өріс алған еді. Қолөнері кейін пайда болды. Сол заманнан бері егіншілікпен шұғылданғандар отырықшылық тұрмыс құрды да, мал өсірушілер көшіп-қонып жүрген-ді. Ал, соның ішінде ежелден мал өсірумен шұғылданған қазақ қауымының сонау көне заманнан бері-ақ көшпелі тұрмыс құрып келгені мәлім.

Әдетте, адамзаттың әлеуметтік тұрмысы материалдық және рухани делініп екі жүйеге бөлінеді. Материалдық тұрмыс отырықшы елдерде ерекше өркендеп, жабайы күркеден ғажайып зәулім үйлер, көрнекті шаһарлар салуға, шақпақ тастан электр қуатына, көліктен самолетке, тас балта мен қолшоқпардан — жойқын қуатты соғыс техникаларына; қолөнерінен — алып завод-фабрикалар салуға дейін жетті. Ал көшпелі елдер осы дәуірде экономикалық жағынан көшіп-қонудың, үй тұрмысының қарапайым жабдықтарын жасаудан жоғарыға көтеріле алған жоқ. Сол сияқты рухани жан азығы саналатын ауыз әдебиетін өлең, ән, жыр, музыка байлықтарын жасауда көшпелілердің көрнекті табыстары болғанмен, бұл мәселелерде де отырықшылар үнемі озып отырды.

Арғы тегі біздің жыл санауымызға дейінге сақтарға, гүндерге ұштасатын қазақтардың мәдениеті, мыңдаған жылдар бойына сараң, шабан өркендеп келгені мәлім. Оған бұдан екі жарым мың жыл бұ-

рын біздің елге саяхат жасап келген грек тарихшысы Геродоттың<sup>1</sup>, қытай, Рим саяхатшыларының, соңғы мың жылдың алды-артында біздің далаға жолаушылап келген румның (Византия), арабың, иранның, тағы басқалардың қалдырған жазуларына қарағанда, бұрынғы сак, массағат, гун, сармат аталатын көшпелілердің тұрмысынан қазақтардың тұрмыс айырмашылығы аз болғандығы мәлім.

XV ғасырдың аяғында, XVI ғасырдың басында өмір сүрген және дүние жүзіне әйгілі «Тарихи Рашиди» кітабының авторы Мұхаммед-Хайдар Дулати<sup>2</sup> өз тұсындағы көшпелілердің өмірін сипаттағанда: «Біз далалық тұрғындармыз. Бізде таңданарлық ерекше қымбат нәрселер жоқ. Біздің бар байлығымыз — жылқы. Оның еті — азығымыз, терісі — киіміміз. Біз үшін ең татымды сусын — жылқы сүтінен жасалатын қымыз. Біздің жерімізде бау-бақша да, қысқы, жылы үйлер де жоқ. Біздің көрер қызығымыз мал бағу ғана», — дейді.

Осылай сипатталған қазақ ауылдарының тұрмысы. Ұлы Октябрь революциясына дейін сол баяғы қалпында сақталды деуге болады. Демек, қазақ халқының Октябрь революциясына дейінгі тұрмысы бір төбе де, одан бергі тұрмысы бір төбе. Қазақ халқының Октябрден бұрынғы көп ғасырлық өмірі экономикалық және мәдениеттік тұрмыс жағынан бұрынғы патриархалдық, мешеулік қалпынан оншалықты өзгермеді. Тұрмысы — көшпелілік, бағатыны — мал, мәдениет дәрежесі — халқының жүзден тоқсан сегіз проценті сауатсыз, ұлттық баспасөзі, мектебі т. т. жоқ, артта қалған ел болды.

Октябрден кейін қазақ халқы біріншіден, саяси теңдікке жетіп, өз алдына отау тігіп ұлттық мемлекетін құрды; екіншіден, жаппай қоныстанып, кең далаға жүздеген сәулетті селолар, ондаған көркем қалалар орнады; үшіншіден, бұқара халықтың оқып, білім алуына кең жол ашылып, аз уақыттың ішінде жаппай сауаттылыққа қол жетті, соның нәтижесінде 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясын құруға мүмкіндік туды. Революциядан бұрын қазақ жерінде ғылыми атағы бар бір де адам болмаса, қазір ғылым докторларын ондап, кандидат-

---

<sup>1</sup> Геродот — біздің жыл санауымыздан төрт жарым ғасыр бұрын өмір сүрген, өз заманында «тарихшылардың атасы» аталған грек ғалымы. Оның тоғыз кітаптан құралған тарихы, біздің дәуірден бұрынғы мың жылдың ішінде Орта теңіз төңірегіндегі және парсы мен Эллаң (Греция) арасында болып, көп жылға созылған соғысты баяндайды.

<sup>2</sup> Мұхаммед-Хайдар Дулати (1499—1551) қазақтың Дулат руынан шыққан ғалым. Ол білімді Бұхара медресесінен алып, кейіннен Самарқанның Көкорда аталатын хандарының ханы Рашидтің бас уәзірі қызметін атқарған. Сонымен қатар «Тарихи-Рашиди» деп аталатын көлемді ғылыми еңбек жазған. Ол еңбек екіге бөлінеді: бірінде — Рашид хандығының тарихы туралы баяндалады да, екіншісі — Мұхаммед-Хайдардың ата-бабасын және өз өмірін сипаттайтын мемуары.

тарын жүздеп, былайғы оқымыстыларып мыңдап санаймыз. Академиктердің аттарып ондап атаймыз. Бұл оқымыстылар ғылымының қай саласынап болсын сан алуап жетістікке не болып, ашқан жаңалықтары ғылымның дүниежүзілік қорына қосылып отыр.

Советтік социалистік құрылыстың арқасында қарқындап өскен қазақ халқы соңғы елу жылдың ішінде құлашып барынша кең жайып, еркін өркендеді. Бұрып ат және өгізден басқа көлікті білмейтін ауылдарда қазір мотоцикл, автомобиль, трактор, комбайн, тағы сондай техникалармен ғана жүру дәстүрге айналды; бұрын «ұзынқұлақ» аталатын ауызша хабармен ғана шектелген ауылдарға — радио, телевизор, телефон, телеграф кең тарады; бұрынғы сауатсыз қазақтар советтік дәуірде жаппай хат танып, соның нәтижесінде газет, журналдар, кітаптар сатып алмайтын бірде бір семья қалған жоқ.

Экономиканың, мәдениеттің мұшша өркендеуі ауылдың қоғамдық өмірін түбірімен өзгертіп жіберді. Дегенмен, қазіргі өркені өскен ұрпақ кешегі (Октябрьден бұрынғы) өмір шындығын, ата-бабаларының тұрмысын, салт-санасын, әдет-ғұрпын білгісі келеді. Әрине, мұндай құмартушылық ермек үшін емес, өз халқының өткендегі тарихын білу, оны терең ұғынып, жан-тәнімен сезіну талабынан туып отырғандығы мәлім. Сондықтан дамуының әлеуметтік саяси мәні зор. Өйткені, кейінгі жас өркендер өз елінің өткені мен қазіргісін салыстырудан советтік дәуірдің, социалистік құрылыстың баға жетпес артықшылығын көреді.

Қазақтың Октябрьден бұрынғы өмірін сипаттайтын ерте заманнан жазылып келе жатқан еңбектер аз емес. Оның арғы шеті көне замандардың саяхатшылары жазып қалдырған еңбектерге тіреледі. Олардың маңызы әлі де зор екенін ескере отырып, көне дәуірлерден қалған әдеби мұраларға екі жақтан сын көзімен қарауымыз керек: гректің, қытайдың, римнің, иранның, арабтың, тағы басқалардың саяхатшылары жат елдерге келгенде екі мақсатты көздеді: біріншіден, экономикасы артта қалған, бірақ игерілмей жатқан жер байлығы мол елдерді қалай отарлаудың жолын іздеу, екіншіден, отарланатын елдерді өздеріне тәуелді етіп, бағындыру үшін идеологиялық негізгі құрал ретіндегі дини сенімдерді жандандырып, оны кеңінен тарату жолын іздестірді. Сондықтан олар қай жерді араласа да, көрген-білгендерін өз мақсаттарына жанастыра жазды. Демек, олардың сипаттаулары үнемі шындыққа сәйкес келе бермейді.

Бұл жерде көңіл бөлетін тағы бір жай: Орта Азияны, қазақ даласын аралаған саяхатшылардың түркі сөздерге, әсіресе, есімдерге тілдері келе бермейді де, көбін жаңылыс немесе өз тілдерінің заңына сәйкестендіре жазған, олардың түп-нұсқасын айыру қиынға соғады. Мәселен, қытайлар: «түркі» дегенді «тюгу» деп, «қаңлы» дегенді «қангюй» деп, «қырғыз» дегенді «кыркыс» деп бұзып жазады. Орта

Азияны жаулауға әзірленген арабтар әуелі саяхатшы түрінде тиңшыларын жіберіп, олар жергілікті географиялық атауларды немесе есімдерді өздерінше атаған. Мысалы, «Оқыс» аталатын Амударияны — «Жихун», «Яқсарт» («сырт жағы» дегенді) аталатын Сырдарияны «Сихун» деп, Отырар қаласын «Фараб» деп келген. Көне грек саяхатшылары да осы тәртіптен аса алмай, Орта және Орталық Азияның жерлеріне, мекендеріне, ру, тайпаларына өздерінше бұрмалаған аттар қойған. Мәселен, көшпелі сактарды — «скифы», түркілерді — «массагат», «бесатаны» — «печенеги» деп атаған.

Арабтар да қателесіп, Рим патшасы, шапқыншы Александр Македонскийді — Ескендер Зұлқарнайн (мүйізді Ескендір) деп, Александрия қаласын Ескендрия деп, Жихун мен Сихун арасын — Маво-эн наһар — (Мавр-арабанған негрлер, эн-наһар-жойқын өзен) деп атағаны мәлім.

Түріктер де кісі аттарын теріс атауда шеткері қалмай: Әбу-Бәкірді — Әубәкір, Ғұмарды — Омар, Ғұсмапды — Оспан, Ғалиды — Әлі, тағы тағылар... деп, түркі тілінің үндестігіне (сингармонизм) бағындырған.

Басқа елдерден келгендердің ішінде көп жағдайда қазақтың географиялық атауларын жергілікті халықтың тіліне сәйкестендіре айтқан орыс зерттеушілері, ғалымдары болды. Мәселен, олар: «Жайықты» — «Янк» деп, «Есілді» — «Ишим». «Шуды» — «Чу», «Ілені» — «Или» деп кеткен. Балқаш, Арал, Қарқаралы, Баян, Көкшетау (Кокчетав), Мұғажар (Мугаджар), Зеренді сияқты су, жер, тау аттарын, немесе: Торғай, Қостанай (Кустанай), Ақтөбе, Ырғыз (Иргиз), Атбасар, Ақмола сияқты мекендер атын дәлге жақын береді.

Қазақ елінің шежіресін, әдет-ғұрпын, салт-санасын да орыс саяхатшылары өзгелерден анық көрсетеді. Орыстың ориенталистері (шығысты зерттеушілері): Бичурин, Рожков, Пантусов, Левшин, Потанин, Бартольд, Малов тағы басқалары қазақ өмірінен толып жатқан нақтылы деректер мен сипаттамалар қалдырған. Солардан үлгі алған Шоқан Уәлиханов бұл мәселені тереңдете түсіп, өте бағалы еңбектер жазды.

Дегенмен қазақ халқының өткен өмір жолын жан-жақты толық сипаттайтын монографиялық еңбек әзірге жоқ. Басқа халықтар тарихы жайында жазылған мұндай ғылыми еңбектер баршылық. Мысалы, бұған дәлел ретінде орыс ғалымы академик Б. Я. Владимирцевтің «Монғолдардың қоғамдық құрылысы» аталатын кітабын атаудың өзі-ақ жеткілікті. Бұл еңбекте академик моңғол халқының өмірін терең зерттеп, кең шолған.

Өткен ғасырдың екінші жартысында қалам сілтеген ағымшын ғалымы Эдуард Тэйлор (1832—1917) өзінің «Алғашқы мәдениет» деп аталатын еңбегінде бір ұлт, нә бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзат

өткен мәдениет басқыштарын түгел талдаған. Бұл еңбектерде де қазақ өміріне жанасатын жерлері аз емес.

Осы сияқты еңбектерді оқығаннан кейін және қазақ халқының өмірін, тұрмысын ескілікті көне жазбалардан, ауызша әңгімелерден ұққандарымыз бен көзбен көріп, өзіміз куә болған жайларды қорыта келе мен де қазақ халқының өткен өмір жолына тереңірек тоқталып, тұтас бір шолу жасауды алдыма міндет етіп қойдым. Енді осы ниетімді іске асыра отырып, жинақталған материалдар негізінде жазылған бұл еңбегімді көпшілік оқырмандар қауымына ұсынып отырмын. Ал Мұхаммед-Хайдар Дулати немесе ертедегі басқа тарихшылар сипаттайтын кешпелілердің тұрмысы қазір біржола өзгеріп кеткенмен сол өткен өмірдің аздаған жұрнақтары әлі де болса елес беретін жерлеріміз жоқ емес. Онымен бірге, негізінде, қай халықтың болсын өзіне тән кейбір прогресті ұлттық дәстүрлерін білу кейінгі жас ұрпақтарға артық болмас деп санаймыз.

Кітап «Шежіре және тарих жайында», «Қазақ халқының қоғамдық өмірі», «Материалдық мәдениеті», «Жан азығы», «Жазба әдебиет белестері» дейтін бес бөлімнен құралады. Ол бөлімдердің де бірнеше тараулары бар.

Әдетте мұндай кітаптарға толып жатқан түсіндірмелер беріледі. Мысалы, академик Владимирцев кітабының тең жартысына жақыны түсіндірме сөздерден құралған. Ал Тэйлорда мұндай түсіндіру сирек кездеседі. Ол көрген-білгендерін өз сөзімен баяндайды. Мен де соңғы әдісті қолдануды жөн көрдім.

Мен бұл кітаптың әр тарауының мазмұнына сәйкес қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаландым. Себебі қазақ өмірін тануда, оның ауызша және жазбаша әдебиетінің орны ерекше екенін еске алып, бұл еңбекте оларға орын көбірек беріледі. Сондай-ақ бұрын жарияланған еңбектердің кейбір қажетті жерлерін де қайта пайдалануға тура келді.

Сонымен бірге советтік дәуірде қазақ екі тілді қатар қолданатын болды: бірі өзінің ана тілі, екіншісі орыс тілі. Қазақ тілінің ғылыми терминологиясы әлі толығып және айқындалып болған жоқ. Біз ғылыми еңбектерімізде дүниежүзілік, орыстық терминологияларды көп қолданып жүрміз. Қазақ тілін еркін білемін деп ойлайтын мен де қажетті жерде жалпы терминологиялық ережеге бағына отырып, жақша ішінде немесе ашық түрде мүмкіндігінше өзге терминнің қазақша баламасын келтіруді жөн көрдім.

Оқырман көпшілікке ескерте кететін кейбір жайлар мыналар:

1. Бұл шығарма тура мағынасындағы тарих емес, тек автордың ой толғаулары ғана. Сондықтан, қазақ елінің басынан өткен кейбір оқиғалар жорамал, тұспал арқылы айтылатындықтан, ондай жерлер күдік тудыруы мүмкін. Дегенмен, бұл тұспалдарды қазақ тарихын зерт-

теуші кейінгі жас ғалымдарға ой салып, бағыт берер деген оймен әдейі беріп отырмыз.

2. Мәдениеттің, ғылымның, тәжірибенің қай саласын алсаңыз да сансыз адамның «табан ақы, маңдай терімен жасалғаны» мәлім. Олай болса бұл еңбекке де оқырман жұрт сол тұрғыдан қарап, кем-кетігі болса, ол жайында өз пікірлерін айтар деп сенемін.

**Автор**

## БІРІНШІ БӨЛІМ

# ШЕЖІРЕ ЖӘНЕ ТАРИХ ЖАЙЫНДА

### 1. ЖАЛПЫ ШЕЖІРЕ

Қазіргі заманғы археология, антропология, полеонтология, этнография және адам баласы қоғамының даму тарихын зерттейтін басқа да ғылымдар саласының деректері бойынша адамзат баласының жер үстінде тіршілік етіп келе жатқанына бір миллионнан астам жылдар өткен. Ал соңғы деректер бойынша 2—2,5 миллион жыл болыпты дегенді де айтып жүр. Бұл ғылымдар барлық тіршілік дүниесін, жан-жануарлардың, олардың ішінде адамзаттың қай заманда қалай өзгергенін қазбалардан табылған құрал-саймандарға, жан-жануарлардың қаңқаларына және басқа да қалдықтарына қарай анықтайды. Осындай зерттеу жолымен бұл ғылым салалары өздерінің бертінде қалыптасуына қарамастан адамзаттың көне тарихын зерттеуде көптеген жаңалықтар ашып отыр. Бұл ғылымдардың болашағы алда, демек, берері де мол болмақ.

Ендеше осы ғылымдардың зерттеулеріне қарағанда адамзат баласы өзінің арғы тегінің шығуы туралы ертеден-ақ ойланғанға ұқсайды. Оны біз, көне адамдар тұрған үңгірлерден, тасқа қашаған таңбалардан, жасаған мүсіндерден, суреттерден, жазулардан байқаймыз. Мұндай ескерткіштер жер шарының қай түкпірінен болса да табылады. Олар қазақ жерінде де бар. Кейінгі тарихшылар немесе шежірешілер осыларға қарап, сол замандағы халықтың, ұлттың тұрмысын, әлеуметтік жағдайын анықтайды.

«Шежіре» деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін байындайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады.

Алғашқы шежіре негіздері сонау діни соқыр сенімдердің өріс алып, үстемдік етіп тұрған кезінде жасалғандықтан, олар адамзат баласының шығу тегін Адамата, Хауа-

надан бастайды. Ал оның ішінде дүние жүзіндегі барлық діндер сияқты ислам дінінің «қасиетті» кітабы — құранның аңыз, ертегілері де халықтардың шежіресін Нұқ пайғамбарға апарып тірейді.

Дін атаулының өзара жол-жобалары басқаша бола тұрса да жер-жиһанды және адамзатты тәңірі есімді табиғаттан тыс құдіретті күш — құдай жаратты деп бірауыздан айта келіп, адамзаттың алғаш жаратылғаннан бергі тіршілігін, тарихи даму жолдарын сол құдайдың құдіретіне апарып таңады.

Сөйтіп, діни аңыз бойынша Адамата мен Хауанадан өрбіген ұрпақ алланың әмірімен жер бетін қаптаған топан суынан қырылады да, Нұқ есімді пайғамбар ғана әйелімен аман қалып, кейінгі адамзат осы Нұқтан тарайды-мыс.

Сонымен діни ұғымдар бойынша шежіре тарату осы Нұқтан басталады. Әрине, мұның өзі шежіре атаулының бәрі бертінде, яғни таптық қоғам дәуірінде, діннің үстемдік еткен кезінде пайда болып, ертеден келе жатқан діни ұғымдарға, аңыз, ертегілерге негізделетінін көрсетеді. Себебі адамзат дамуының алғашқы қауымдық қоғам дәуірі матриархаттан басталып, ол дәуірлердегі адамдар туыстық жағынан тек шешелерін танып, әкелерінің кім екенін білмейтіндігі ғылыми жағынан дәлелденген. Ал біз адамзат шежіресі ана атымен емес, ата есімімен аталады десек, онда шежіре атаулының бәрі патриархат дәуірінен кейін басталуға тиіс екендігі ешбір күмән тудырмайды. Олай болса, қандай шежіре болса да патриархат дәуірінен кейін, Ф. Энгельс айтқандай жеке семьяның, яғни топты семьядан жұпты семьяға көшкен кезде, демек, жеке меншіктің, таптың шығуына байланысты пайда болады. Бірақ бұл кездің өзінде де шежіре жайы әңгіме болды, яғни кімнің кімнен туғандығы жайында есеп жүргізілді деп айтудан аулақпыз. Сондықтан шежіре тек бертін келе таптық қоғамның, мемлекеттің шығуына байланысты пайда болып, бұл үстем тап өкілдерінің өздерін құдайдың сүйген құлымыз, ақ сүйектерміз, тегіміз асыл, пайғамбар әулетіміз деп дәріптеу мақсатында ойдан шығарған айла-тәсілдері екені ешбір күмән тудырмайды. Бұл жайында төменде қазақ шежіресіне қатысты толығырақ тоқталамыз.

Әрине, осы таптық қоғамда үстемдік етуші қанаушы тап өкілдері болып табылатын шежірешілер ата-тегін өздері білетін бергі буындарынан санай келіп, өздері білмейтін шежіренің арғы шығу тегін діни ұғымдарға, яғни жер бетін-

дегі бір патша, бір билеуші ұлықтардың болуына байланысты бір құдайға, бір пайғамбарға, яғни Нұққа апарып тіреуі кездейсоқ нәрсе емес.

Ақыры діни ілімдер бүкіл адамзат баласын ойдан шығарылған Нұқ пайғамбардан туған Хам, Сам, Яфастан тарады деп дәріптейді. Осыдан барып, көне шежірешілер діни ілімге сүйеніп Хам — Европа елдерінің атасы, Сам (семит) — арабтар, еврейлер және парсылардың арғы атасы; Яфас — түрік-монғол нәсілдерінің атасы-мыс дегенге сайды.

Әрине, бұл түсініктердің бәрі дерлік діни нанымдарға негізделетіні, жоғарыда айтылғандай, ешқандай күдік тудырмайды. Дегенмен пікіріміз дәлелді болу үшін діни ұғымдардың пайда болуы жайындағы ғылыми зерттеулерден біраз деректер келтіре кетейік.

Ф. Энгельс: «Дін дегеніміз ең ертедегі замандарда адам баласының өз бастары мен өздерінің төңірегіндегі сыртқы табиғат туралы нағыз надандық, қараңғылық, дөрекілік ұғымдарынан пайда болған»<sup>1</sup>, — дейді. Бұл өте әділ айтылған пікір. Себебі алғашқы адамдар өзін қоршаған дүниенің сырын білмегендіктен олардың бәрінен қорқатын болады. Мысалы, табиғаттың сұрапыл, мылқау күштерінің бәрі — найзағай жарқылдап, күн күркіреу, жер сілкіну, су тасу, т. б. адамдарды үнемі үрейлендіріп отыратын қаһарлы күштер қатарында саналды.

Табиғаттың жағымды құбылыстарын алғашқы адамдар қайырымдылық нышаны деп білді. Аштықты, суықты алуан түрлі ауруларды, өлім-жітімді қайырымсыздық, зұлымдық деп түсінді. Осы сияқты құбылыстарды алғашқы — адамдар жіктей келіп, өздеріне қолайлы құбылыстардың болуын тіледі, ал қолайсыз, жағымсыз құбылыстардың «амалын» тауып, бетін қайтару жолын іздестірді.

Табиғаттың қаһарлы күштерінің «көңілін» табу мақсатында алғашқы адамдар теңізге, өзенге, күнге, желге, найзағайға жалбарынып, оларға садақалар беретін болған. Сонан барып, адамның қиялы табиғатта да, өздері сияқты жанды, ақылды күштер бар деген түсінік тудырды. Оларды қайырымды және қайырымсыз құдайлар деп санады.

Осындай қиялды түсініктерге негізделген діни сенімдер

---

<sup>1</sup> К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалары, 2 том, 407-бет.

нәтижесінде тіпті жануарларға табынуға дейін барған, себебі, алғашқы адамдар өмірінде жануарлар үлкен роль атқарды. Олардың күнделікті тіршілігінде аң аулау күн көрудің негізгі көзі болып саналды. Адамдар жануарларды ақылды жан несі ретінде санап, оларға сыйынып, қадір тұтқаны мәлім.

Қазіргі ғылым алғашқы адамдардың жеке заттар мен табиғат құбылыстарына табынуын фетишизм деп атайды да табынатын заттарын фетиштер дейді. Сол сияқты хайуанаттардың, өсімдіктердің, материалдық заттар мен табиғат құбылыстарының белгілі бір түрлеріне рулық қауымдардың жарылқаушы ата-тегі деп қарап, соған сенді. Мұндай діни нанымдарды қазіргі ғылым тілінде тотемизм деп атайды. «Тотем» деген сөз американдық үнділер тілінен алынған, бұл «ру» деген мағынаны білдіреді. Шын мәнінде бұл көне замандардағы тайпалардың, рулардың өздерін белгілі бір жануарлардың бір түрімен туыстаспыз, арғы тегіміз сонан шыққан деген ұғымдарына негізделеді.

Бертін келе адамзат баласы анағұрлым алға басып, алғашқы қауымдық қоғамнан біртіндеп егіншілікке және жануарларды қолға үйретуге, демек, мал шаруашылығына көшуге байланысты жаңа діни ұғымдар қалыптаса бастайды. Мұнда қоғамдық өмірдің өзіне тән жаңа жағдайлары бейнеленеді. Жылқы, сиыр, ит, шошқа және басқа да үй, дала жануарларына сиыну пайда болады. Бұларды «құдай» деп тану адамның шаруашылық өміріне «көмегін» тигізеді деген ұғымнан туады.

Бұл сияқты тотемизмге жататын пұтқа табынушылық, шамандық діни ұғымдар ислам дініне дейінгі қазақтар арасында да болған. Мысалы, кейбір рудың атасы — кер жорға ит, екіншілерінің атасы — торыайғыр деген аңыздар бар. Мұзды мұхитты төңіректенгендердің апасын — ақ аю, қалың орманды мекендеушілер — бұғыдан, Байқал көлін жағалаушылар — қара аюдан, ал кейбір халықтар қасқырдан, қызыл қаншықтан туды және тағы басқалар дейтін діни ертегі-аңыздар көп. Әрине, адамзат баласының алғашқы қауымдық қоғамда шыққан бұл сияқты түсініктердің шыңдықпен жанаспайтыны мәлім. Сондықтан адамзат дамуының мұндай төменгі сатысында шежіре жайы әңгіме болды деуде шындыққа жатпайды.

Ал дүние жүзіндегі барлық халықтар мен ұлттардың шежіресін анықтау әрбір ұлттың, халықтың және олардың

осы мәселеге қатысты ғылым салаларын зерттеуші ғалымдардың төл ісі екені мәлім.

Олай болса, біз тек қазақ халқының шежіресі жайында әңгіме етпекпіз. Бірақ, осының өзінде де біріншіден, ғылым жүзінде әлі де болса жете зерттелмеген, өзімізге беймәлім, сонау көне дәуірлерге барудан аулақпыз; екіншіден, діни болжалдар мен ертегілерге сүйену шындыққа жатпайтындықтан, ендігі жерде қазақ халқының шежіресіне қатысты тек өзіміз білетін ғылыми зерттеулерден оқыған, естіген, көз көрген жайларды ғана әңгіме студі жөн көрдік.

Қазіргі заманғы ғылымның, оның ішінде тіл ғылымының зерттеулері бойынша қазақтар түрік тілдес халықтар қатарына жатады.

Бірақ түріктердің адамзат қоғамының даму тарихының қай кезеңдерінде пайда болғандығы және түрік тілі басқа халықтарға қандай себептермен тарағандығы жайлы тұжырымды пікір әзір жоқ. Ол туралы алғашқы мәліметтер біздің жыл санауымыздан екі-үш ғасыр бұрын Сібірде өмір сүрген Гун хандығынан жеткен. «Гүн» — қазақша «Күн» деген сөз. Ертегі бойынша «Гуннің» алғашқы ханы — Күн — күн сәулесінен жаралыпты-мыс делінеді. Орта Азияның атақты шежірешілерінің бірі — Әбілғазы Баһадүр ханның баяндауынша түріктердің алғашқы ханы Оғуздың<sup>1</sup> баласы — Бұқа (Ортаазиялықтарша — Афрасияб). Соның ұрпақтары Жұлдыз, Аспан, Тау, Теңіз... аталып түркі елдеріне бірінен соң бірі хан болған. Аттары сол кезден мәлім болған: ұйғыр, оранхай (тува), қырғыз сияқты түркі елдері Гун хандығына бағынған. Кейін қазақ халқының құрамына кірген арғын да сол кезден мәлім. Сібірде арғындар мекендеген «Аругун» өзенінің аты күні бүгінге дейін сақталуы.

Кезінде Гун хандығы қанатын кең жайған. Ол бүкіл Сібірді, одан шыға бүкіл Орталық және Орта Азияны басқарып, батыс жақ шегін Еділ өзеніне дейін апарып тіреген. Сол өлкенің бас батырының аты Еділ (Аттил) екен. Еділ өзеніне соның аты қойылған. Осы Еділ бастаған қалың қол батысқа шабуыл жасап, Рим қаласына дейін барған. 1961 жылы Римда болғанымда «Ватикан музейі» аталатын сарайдан Рим суретшісі жасаған Еділдің портретін көрдім. Бірақ сурет кейіннен жасалғанға ұқсайды, олай дейтінім

---

<sup>1</sup> Бұдан екі жарым мың жыл бұрын. Орта Азияда құрылған Согдиана хандығын басқарған Афрасиябты, түріктер «Бұқа хан» деп атаған.

көне заманның батырын, Оспаи түріктерінің (Түркияның пашаларына), офицерлеріне ұқсатып жіберген.

Римнан кейін шегінген Еділ армиясы (ол кездегі әскерлер үй-ішімен көшіп жүрген) жолшыбай әр жерде топ-тобымен қалып отырған., Соның бір дәлелі қазіргі Венгрия. Венгерлер сөздерін әлі күнге дейін маджар деп атайды. Онысы «мадияр» дегені. Мадияр есімді ру, Торғай облысындағы қазақтарда әлі де бар. Солар венгерлік мадиярлардың ағайыны. Сондықтан да венгер тарихшылары Торғайға қазіргі күнге дейін келіп-кетіп, этнографиялық зерттеулер жасайды.

Еділден кейін Еуропаға жорық жасаушы моңғолдық Шыңғыс ханның немересі (Жошының баласы) Батый хан. Ол да Шығыс Еуропаға терең сүңгіп, Дунай өзеніне дейінгі және Дунай жағасын мекендеген мемлекеттерді түгел дерлік бағындырған. Еділден кейін батысқа шабуыл жасаған Батый армиясында да қазақтың кейбір рулары болса керек. Оған қазақ арасында әлі күнге дейін сақталған «Барар жерің Балқан тау. Ол да біздің көрген тау» деген мақалы куә.

Батый армиясы Дунайдан кейін шегінген кезде, оның құрамында болған қарашай, құмық, балқар тағы бірнеше рулар Кавказда қалып қойған. Қазіргі Азербайжанда «қазақ» дейтін қала және аудан бар. Атақты совет ақыны Самед Вургунның туып-өскен жері осы аудан. Менімен бір кеңесіп отырғанда, өзі сол аудан тұрғындарының «Керей» аталатын руынан болып шықты. «Мен де Кереймін» дегенде, «бауырым екенсің ғой» деп құшақтасты.

Орыстың атақты эпосы «Игорь полкы туралы сөзде» сипатталатын «половцы» халқы кәдімгі қыпшақтар екені мәлім. Орыстың оларды «половцы» («поля — вец») деп атауы «далалықтар» деген сөз. IX—X ғасырларда Қара теңіз бен Каспий теңізінің жағалауын мекендеген бұл көшпелілер де Еділ жорығынан қалып қойғандар. Оларды еуропалықтар тіпті ерте заманда «Хазар» деп, ирандықтар «дашіт — қыпшақ» (далалық қыпшақ) деп атаған. 1960 жылы Ніл өзенінің бойынан Хазар елін кездестірдім. Олар Орта Азиядан Ескәндер Зұлқарнайын біздің жыл санауымызға дейін 356—323 жылдары жасаған әскеріне ертіп барған. Қостанайлық ақын Нұржан Наушабаевтың (1857—1919) жазған шежіресінде:

Мәккә — и Мүкәррәмә, Шам жағында  
Бір тайпы ел — туған қыпшақ «Хазар» деген,—

деуі содан. Бұған қарағанда «Хазар» Қыпшақтың тіпті көне ырымдардағы аты болуы мүмкін. Тарихтағы «Хазар» біздің заманның V ғасырынан мәлім. А. С. Пушкиннің «Сәуегейі Олег туралы жыр» аталатын өлеңіндегі «хазары» осы. Еуропалықтар қыпшақты «коман» деп те атаған. Біздің дәуірдің XI ғасырында жасаған атақты Махмуд Қашқаридың «Диван Луғат ата-түрік» аталатын ғажайып еңбегін еуропалықтардың «Кодекс Комани-кус» деп атауы сондықтан.

Гушпен кейін қазақ құрамына қосылған: үйсін (усуни), дулат (дулу), қаңлы (кангюй), найман, керей рулары болды.

«Қыпшақ» бір кезде рудың емес, мемлекеттің (хандықтың) аты болғанға ұқсайды. Оған өзбек, түрікпен, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, авар (Дағыстанда), алан (қазіргі осетиндер) елдерінің өздерін қыпшақпыз деуі дәлел болды.

Қазақтар Қыпшақты Жанарыстан туатын алты қожа аталатындардан туғызады, одан: Бұлтың, Торы, Көлденең, Үйсін, Қарабалық деген бес бала өрбітеді. Солай дей отыра, кейінгі шежірешілер «Тоқсан екі баулы Қыпшақ» деп те атайды.

Ескі шежіреде «рудан» басқа «бау», «сан», «тұқым», «тек», «арыс» деген атаулар бар; қазақ «тұқым» деп арғы тегін айтады. «Тек» те «тұқым» мағынасында. «Тегі жаман» «тегі жақсы» деген сөздер бар. Оңтүстіктің қазақтары күні бүгінге дейін құс жұмыртқасын тұқым дейді. Онысы «ұрық» деген мағына береді. «Тұқым» деп астықтың дәндерін де айтады. Осыдан барып түрік тілдес басқа халықтардың: тауды — тағ, бауды — бағ, сауғы — сағ деуі сияқты, ұрылтан — «ұрық», одан «ру» келіп шыққан сияқты. Бершіні қазақтар «ру» орнына «бір тайпа ел» деп «тайпа» деген сөзді де қолданған. Бірақ «тайпа» арабтың «тайфа» (жүйе) деген сөзінен алынған.

Бау», «сан», «арыс» деген сөздердің қайдан пайда болғанын анықтаған адам әзірге жоқ. Дегенмен: «тоқсан екі баулы қыпшақ», «он екі баулы өзбек...» деген сияқты терминдерді қазақ әлі күнге қолданады. «Он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт», «он сан ноғай» деген ұғымдар да бар; ал «арысқа» келгенде: Ұлы жүз — Ақарыс, Орта жүз — Жанарыс, Кіші жүз — Бекарыс болуына қарап, әр ел өз руын «арысқа» санаған сияқты. «Арыс» — арбаның доңға-

лақтарын тұтастыратын белі. Ру «арыстары» содан шығуы да мүмкін.

Ақындардың айтысында (әсіресе, Ыбрай мен Доскейде) «Ендеше, кел салыстыр арысыңды» деуі руларын салыстыру мағынасында қолданылады. Біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде мәлім болып, кейін «қазақ» құрамына кірген рулар бірталай. Мысалға қаңлы руын алайық. Біздің мың жылдықтың алғашқы ғасырларында, Сырдария бойында құрылған хорезм хандығы, түгелге жақын қаңлылар. Сол көне замандарда Сыр бойын саяхаттаған грек ғалымы Геродот осы хандыққа біраз аялдап, бұлардың тұрмыс жайын сипаттаған. Сондағы Геродот деректеріне қарағанда олардың кейбір әдет-ғұрыптары, әсіресе тамақ (ет пен қымыз) әзірлеу салттары революцияға дейінгі қазақ ауылдарының тіршілігіне аса ұқсас.

Тарихта аты біздің жыл санауымыздан бұрын мәлім болған Үйсін мен Дулаттардың (Дулу) да, соңғы мың жылда өз алдына жеке ел болған — Албан, Жалайыр, Найман, Керей, Алшын сияқты рулардың да қытайлық, гректік, римдік, ирандық, румдық, арабтық саяхатшылардың Орта Азиядағы көшпелілер тұрмысын суреттеулері кейінгі қазақ ауылдарының тұрмысына ұқсас.

Міне, осылардан келіп «қазақ» аталатын халықтың өзі және аты қашан, қалай шыққан деген сұрау туады. Бұл мәселе жайында пікір айту үшін алдымен шежіресінің қашан, қалай жасалуына аздап тоқтала кетейік.

Жоғарыда айтылғандай, таптық қоғамның пайда болуына байланысты алғашқы қауымдық қоғам енді қанаушы азшылық пен қаналушы көпшілік болып бөлініп, қанаудың формасы да өзгерді. Соған сәйкес қанаушы мен қаналушылардың аралары алшақтап, олардың арасында ымыраға келместей таптық күрестің алуан түрлі формалары пайда болды. Сол себепті дінді бетке ұстаған қанаушылар өздерін құдайдың сүйген құлы — ақсүйектеріміз деп жариялап, өздерінің — Гун, Айсә, Мұхаммед, Шыңғыс тағы басқалар сияқты белді өкілдерін адам тегінен емес, тәңірінің нұрынан (сәулесінен) жаралды деген аңыз-ертегі түріндегі лақаптар таратты.

Мұнда көзделіп отырған негізгі мақсат — құдай атымен езілуші бұқара халыққа езуші үстем тапты дәріптеп, оларды құдай үстемдік құру үшін артық етіп жаратты деп көрсету. Алғашқы шежірені құрастырушылар да осы ақсүйек-

гер болды. Бұлардың, өздерінің шығу тегін Нұқ пайғамбарға апарып тіреуі де осыдан.

Осыдан барып, ақсүйектердің ел басқару, соғыс кезінде оған басшылық ету ісіне де үлкен мән беріледі. Бұлардың осы ел басқарушылық «қасиеті» атадан балаға мирас болып қалатыны да осыған байланысты. Мысалы, Европа елдерінің королдігі мен патшалығы да тұқым қуалап отырды. Азияда монғол Шыңғыс хан да, одан кейін, ол жаулап бағындырған елдерде, тек сол Шыңғыстың ғана ұрпақтары хан болған. Бірақ ұл жағынан болмаса қыз жағынан тарағандар хандық атаққа ие болмаған. Мысалға Ақсақ Темірді (1336—1405) алайық. Ол Шыңғысқа шеше жағынан ғана тумыстығы бар екен. Сондықтан өзі қаншама күшті болса да, қаншама елдерді жаулап алса да «хан» атағына ие болмай «Әмір» (арабша — билеуші) болып қана өткен. Соғысқұмар ол, «нағашым» демей, Орта Азияда, Еділ бойында, қазақ даласында хандық құрған Шыңғыс ұрпақтарының барлығына қырғидай тиіп, быт-шытын шығарған.

Ақсүйектердің жағдайы соғыс кезінде де басқаша. Олар ең алдымен әскери қолбасшылар болып саналады. Сол кезең замандардағы соғыста, жекпе-жек, яғни әскер басылардың бірме-бірге шығып сайысулары орын алған. Көне гректерге «Трояна» соғысында, екі елдің қолбасшылары. Гектор мен Минолай, арабтардың дін үшін соғысында Хазірет-Ғали мен ирак патшасы Зарқом да, Ақсақ Темір мен Бағдат халифты Баязит және басқалар да осылай жекпе-жекке шыққан. Қазақтың жекпе-жек аталатын күйі бар. Осы жекпе-жектерде екі жақ бір-бірінен ата-тектерін сұрасып алып, тек ататегі теңдес болса ғана оны куәлендіретін дәлелі болған жағдайда ғана сайысатын болған.

Зарқом соғысында Ғалиға Зарқомның:

«Жарқыным, кім болады затың?»— деді,  
«Куәлік бар ма қолда хатың?»— деді,—

141

деді содан. Ақсүйектер қарапайым халық өкілдерімен ешқандай жекпе-жекке шыққан емес. Міне, шежірелердің басталуы да осы тәрізді үстемдік құрған ақсүйектердің ата-тегінен басталады.

Барлық елдердегі сияқты қазақ шежіресі де осылай басталады да кейінгі шежірелер солардан өрбиді.

## 2. ҚОЖАЛАР ШЕЖІРЕСІ

Диогарыда айтылғандай, қазақ халқының көне замандардан советтік дәуірге дейін басым көпшілігі сауатсыз болып келген халық. Олай болса мұндай хат білмейтін елде жазба шежіре, әрине, болмайды. Сондықтан шежіре тек ауызша тарап келді.

Қазақ арасында алғашқы жазба шежірені екі топ адамдар ғана таратты. Олар: «төрелер» аталатын хан ұрпақтары және «қожалар» аталатын, өздерін Мұхаммед пайғамбар әулетіне жатқызатындар.

Орта Азияда хан тұқымдарынан алғашқы шежірені жазба түрінде таратқан адам Хива хандығының бас әкімі — Әбілғазы Баһадүр хан (1603—1663). Оның «Түрікпен шежіресі» аталатын көлемді еңбегі Азияда, әсіресе Орта Азияда өмір сүрген ақсүйектердің ата-тегін талдауға арналған. Бұл кітапта қазақ даласында болған хандардың шежіресі жоқ. Түркі халықтар сөз болғанда, мұнда тек түрікпендер жайында немесе түркі руларынан қыпшақтар жайы ғана аздап сөз болады.

Кітаптың пайдасы: біріншіден, автор өзінен бұрынғы иран және араб тарихшыларының еңбектерін кең пайдаланады; екіншіден, түрікпен елінің өзімен тұстас беделділерін жинап алып, ақылдасып, солар берген мәліметтерге кең сүйенеді. Осындай жақсы жақтармен қатар, «шежіреде» қайшылық та аз емес. Мысалы, VI ғасырда жасаған, Оғуз (Оғыз) хан емшектегі кезінен ислам дінін жақсы көріп, шешесіне: «Ана, мұсылман бол! Сен, егер мұсылман болмасаң, емшегіңді сормаймын» депті-мыс дейді. Бұл, әрине, біз жоғарыда айтып кеткен, құдай ақсүйектерді ерекше етіп жаратты дегенге сендіру мақсатымен жасалған дәріптеу екені мәлім.

Осы сияқты шындыққа жанаспайтын мәліметтер Әбілғазы шежіресінде бірталай. Дегенмен, пайдалы мәліметтер де аз емес.

Енді қожалар жайына келейік. Олар өздерін Мұхаммед пайғамбардың әулетіне санайды. Өткен ғасыр мен біздің ғасырдың аралығында жасаған ақын Жүсіпбек-қожа Шайхисламұлы өзінің Шөкей қызбен айтысқан өлеңінде (айтыс кітапша болып басылған) «пайғамбардың әулеті, нәсілім Қожа» дейді. Біржанмен айтысқан Сара да осы айтысты жазып алуға барған Жүсіпбек-қожаға:

Әулие, пайғамбардың тұқымы деп,  
Сөзімді тыңдатуға келдім саған,—

деп мұңын шағады.

Мұхаммед пайғамбардың көп әйелі болған. Сол әйелдерінен Қасым және Ибраһим атты екі ұл көріп, олар кішкене шағында өлген. Зейнеп, Рақия, Мүгүлсім, Фатима дейтін төрт қызы болып, Мүгүлсімі бала шағында өлген. Алғашқы екеуін төрт шаһарярының бірі Ғұсманға (Оспан) өз қолынан берген. Қазақтың діншіл ақындары:

Біреуі шадиярдың (шаһаряр) Хазірет Оспан,  
Пайғамбар екі қызын бірдей қосқан,—

демі содан. Фатиманы шадиярдың (уәзір, министр мағынасында) кішісі және исламның әскер басы Ғали алған. Бұл әйелді мұсылман әйелдері әулиеге санап сиынатын болған. Қазақ әйелдері де солай көріп, атына тілі келмегендер «Бибатима» қойған да, босанатын әйелдер жаны қиналғанда, «Бибатима пірім, жәрдем бер» деп жалбарынған. Өлген ерін жоқтаған әйелдер:

Қордың қызы Бибатпа,  
Бибатпаға тіл қатпа,  
Бибатпаға тіл қатсаң,  
Қадірің кетер көп жатпа.—

деп Фатиманы «жұмақтағы» хор қызына айналдырған.

Орталық және Орта Азия қожалары өздерін осы Фатимадан тарадық деседі. Сондықтан Мұхаммедтің қанымыз деп өздерін қасиетті қан — Сейіт-задаға санайды.

Мұхаммед біздің жыл санауымыздан бергі 570 жылы туып, 632 жылы өлген. Оның Әубәкір (Әбу-Бәкір), Омар (Гүмар), Оспан (Ғұсман), Әлі (Ғали) дейтін төрт шадияры болған. Көзі тірісінде Мұхаммед оларды уәзір (министр) деңгейінде ұстап, өлер алдында: «Менен кейін мемлекетті Әубәкір, одан соң Омар, Омардан кейін Оспан билесін» деген өсиет айтыпты. Әліге келгенде кідіріп қалған. Соған алғашқы үшеуінің халиф (әмірші) болуына қарсылық білдірмеген арабтар, таққа күшпен отырған Әліні тез арада өлтіріп, Мұхаммедпен шеше жағынан туыс Үммия нәсілі Мадануия халиф болған.

Мұхаммед заманында араб түбегіне және оған көршілес Египет Африканың бірталай еліне ислам дінін соғыс арқылы күшпен таратқан. Мұхаммед өлгеннен кейін бұл соғысты

оның орнына келген халифтер жүргізіп, жетінші ғасыр бастала, арабтар әуелі Иранға, одан кейін Сыр мен Амудария арасындағы «Мауро — Әннәһар» өлкесіне қанат жайып, сол ғасырдың аяғында Түркістанға жетіп, Соғдиан мемлекетінің қалдығы мен Хорезм хандығын талқандады.

Барлық тарихшылардың баяндауынша, арабтар, әсіресе — әскерді Құтайба бастаған шақта, Орта Азияны отарлау соғысын аса қаталдықпен жүргізген. Арабтарға ең алғаш құрбандық болғандар — Иран нәсілдес мемлекеттер, олардың ішінде — парсылар. Ол кездегі парсылардың экономикасы мен мәдениеті арабтардан әлдеқайда жоғары еді. Діні зораст және буддизм, яғни пұтқа табыну. Иранды жаулаған арабтар, оның мәдени мүліктерін бүлдіре, қирата, қарсыласқандарын қырып-жойып отырған.

Бірақ ирандықтар әлсін-әлсін көтеріліс жасап, араб басқыншыларына аза бермеді. Сол көтерілістерді бастаған батырлардың бір қатарының аты тарихта сақталған. Мысалы, біздің заманымыздың 747 жылғы болған көтеріліс қолбасшысы отырықшы ирандықтар арасынан шыққан Әбу-Мүслім болған.

Орта Азияға осылай, ентелеп кірген арабтардың тұмсығы Қаратауға, одан әрі «Ұлы» және «Кіші» аталатын тауларға тірелген көрінеді. Қазіргі қазақ даласын мекендеген көшпелі түркілер (көбі «қазақ» құрамына кірген рулар болу керек) арабтарды аталған таулардан әрі асырмай, тойтарып тастай берген сияқты. Сондықтан да ислам діні ол руларға отырықшылардан әлдеқайда кейін тараған.

Жергілікті халықтар көтеріліске жиі шығып, беріспейтін болған соң араб басқыншылары оларды азғыру арқылы бағындырмақшы болды. Сол мақсатта пайдаланғандары қожалар болды.

Өздерін пайғамбар әулетіне санайтын қожалар мен ислам дінінен хабары барлардың барлығы дерлік «қожа» қатарына қосылып, ислам дінін уағыздауға жапа-тармағай қызмет атқарады. Солардың бірталайы қазақ даласына да тарайды. Бұл қожалар көшпелілерге (олардың ішінде — қазақ құрамына кіретін руларға): «Сендердің түпкі аталарың арабтан шыққан — Әнес сахаба» деген ұғымды таратады. («Сахаба — Мұхаммед пайғамбардың «гвардия» санатына қосылатын таңдамалы әскері. Жалпы саны отыз үш мың деседі).

Әнесті ойлап шығарған қожалар, оның немере-шөберелерін оның баласы Жабалдан бастап, Мағаз, Саһир, Ақ-

шолман, Аққурай, Аламан, Алаш деп тізіп келеді де, Алаш-  
тан қазақты тудырып, қазақтар атамыз — Алаш, кереге-  
міз — ағаш, деп айтып жүретін шежіреге бір-ақ тіреледі.  
Бұл жайға кейіннен толығырақ ораламыз. Әзірге «қожалар  
шежіресі» дегенді аяқтайық.

Қожалар қазақтың арғы атасын арабқа, яғни Әнеске  
санарып тіреумен қоймай, бергі аталарының да біразын «қо-  
жалар» дейді. Мысалы, Орта жүздегі Жанарыс балалары  
саналатын: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ  
тегітін алты атаны қожалар: Қара қожа, Ахтам қожа, Дара  
қожа, Момын қожа, Ысмағұл қожа, Қосым қожа дейтін ал-  
ты қожадан таратады. Осындай қожалар Ұлы және Кі-  
ші жүздерде де бар.

Ал, қожалардың өз шежіресі бөлек болған. Арғы тегін  
пайғамбар қызы — Фатимадан тарататын олар, бергі жа-  
ғында кімдер болғанын тізімдеп отырған. Өздерін «ақ сү-  
неліміз», «пайғамбардың тұқымымыз» деп, «қара халыққа»,  
яғни жергілікті бұқара халықтарға қандарын араластыр-  
май үшін олардан қыз алғанмен, өз қыздарын оларға бер-  
мей, иет жерден қыз алуға қолы жетпегендері кейде неме-  
релеріне үйлене берген. Қандарын осылайша «қорғаған»  
қожалардың, хандардың тұқымына қан араласпауының  
салдарынан биологиялық жағынан біржола азуға айналған.  
Сонда да ата дағдысын доғармай, немерелер бір-біріне үй-  
ленуді советтік дәуірге дейін қоймай келді.

Орта Азияда, әсіресе қазақ арасында «әулие» саналатын  
қожалар бертінде қожырап, қайыр-садақа жинау, үшкіру,  
тем салу, баланы сүндетке отырғызу сияқты ұсақ кәсіп-  
термен айналысты. Өздерінің мұндай халін кейінгі қожа-  
лар да түсінді. Оған Шортанбай қожа мен Серәлі қожаның  
өмірбаянындағы Шортанбайдың Серәліге:

Сенің атаң сарт еді,  
Менің атам қызылбас,  
Екеуімізді «пір» тұтқан,  
Сірә, мына ел оңбас!—

деп күү.

«Сарт» дегені иран мен туранның қаны араласудан пай-  
да болған ұрпақтар, «қызылбас» дегені — парсылар.

Қожалар шежіресін зерттеген Шоқан Уәлиханов Бөкей  
ордасындағы Жәңгір ханның әрі қайнағасы, әрі молдасы,  
яғни қарапайым халықты қанауда қолшоқпары болған, не-  
ғем башқұрттан шыққан Қарауыл қожа Ебажановты сы-  
лап өтетін, «Пайғамбардың әулеті» депті.

XVIII және XIX ғасырларда қожалар арасынан дарынды ақындар да шыққан. Мысалы, Арқада — Шортанбай, Торғайда — Серәлі. Жетісуда — Жарылғасын мен Жүсіпбек, Сырдария бойында Мәделі мен Майлы. Бұлар да негізінде ислам дінін үгіттеушілер болғанымен, қазақтың халықтық өмірінен талай шындықты ақтарып, арттарына толып жатқан елеулі мұралар қалдырған.

### 3. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Қазақта:

Жеті атасын білген ұл —  
Жеті жұрттың қамын жер,  
Өзін ғана білген ұл —  
Құлағы мен жағын жер,—

деген мәтел бар. Ескі рушыл ауылда, әрбір ұл жеті атасын білуге міндетті сияқты да, соны үйрететін ұстаздары әр ауылдың немесе рудың «ескі құлақты» аталатын қарттары. Сондықтан да қазақ:

Есік алды төбе болса,  
Ерттеп қойған атпен тең.  
Ауылыңда қарт болса,  
Жазып қойған хатпен тең,—

дейді.

Сондай бір қарт мен туған ауылда да болды. Ол, менің «Өмір мектебі» аталатын еңбегімде сипатталатын, әкемнің немере інісі — Оспанның Нұртазасы. Хат танымайтын бұл ғажайып адам таңқаларлық түрде зерек еді де, қазақ шежіресі туралы білетіні өте көп болатын.

Осындай зерек адамдар қазақ халқы арасында болған және қазір де бар. Олардың ішінде өз руларының бергі аталарын ғана айыратын тайыздары да, тар өрістілері де, әрі салғанға бүкіл «қазақ» атаулыны башайлап кететін кең өрістілері де бар. Кейбірі тарихшылдыққа да бейім, мысалы, Мәшһүр-Жүсіп Көбеев (1857—1931).

Қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып-өскен, ол, аздап сауатты болған да Бұқардағы «Көклен» медресесінде оқыған, араб, парсы тілдерін жақсы білген адам. Оның өз аты — Жүсіп. «Мәшһүр» арабтың «белгілі» деген сөзі. Ол өз жазғандарының кейбірі жарияланып, елге атағы жайылған шақта, Жүсіп өз атына «мәшһүрді» қосып алған да, «Мәшһүр-Жүсіп» лақабымен кеткен. Таби-

татында зирек Мәшһүр, дарынды ақын болудың үстіне, жас шағынан қазақтың ауыз әдебиетін, шежіресін көп жинаған.

Мәшһүр шежіресінің өзге шежірелерден бір өзгешелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың өз тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады. Сондықтан Мәшһүр жазған шежіре оқуға өте қызықты.

Сондай өзгешеліктері бола тұра, Мәшһүр де қожалар шежіресінің ауқымынан шыға алмай, қазақтың түбін Әнес сахабаға, бергі аталарын қожаларға қосақтайды. Мәшһүр «Орта жүздің аталары алты қожа» дей тұра, неге олай атауын мына төмендегідей баяндайды:

«Қазақтың бір баласы Жанарыстың үйіне мейман болып тәшкенттік алты қожа келе қалады. Олардың «әдей іздеп келдік» дегеніне Жанарыс қуанып, зор құрмет көрсетеді. Соған риза болған қожалар «алты ұлың болсын» деп бата береді де, артынан алты ұлын көрген Жанарыс бәріне де: «Қара, Ақтамберді, Дара, Момын, Ысмайыл, Қосым» деп, ат қояды, бертін келе Қарадан — Арғын, Ақтамбердіден — Қыпшақ, Дарадан — Қоңырат, Момыннан — Найман, Ысмайылдан — Керей, Қосымнан — Уақ туады» деп баяндайды.

Мәшһүр шежіресінің тағы бір қызық жері, Орта жүз руларының ең көбі Арғын «аға баласы» саналып, жол-жүлдені өзгелерінен бұрын алады. Арғынның кіші рулары өзара бас қосқанда «Ноқта ағасы»<sup>1</sup> деп жолды Тарақтыға береді...

Ұлы жүздің «Ноқта ағасы» — Жалайыр. Оның аты Жансақал өзі батыр адам екен. Аңшылыққа шыққан бір сапарында құланның үйіріне кезігіп, оны қуып жеткен ол айғырын кекілінен ұстап тоқтатпақ болғанда, ілгері тартқан айғырдың жалы сыдырылып шоқтығына жетеді. Осыдан кейін Жансақал «жал айырған», яғни «Жалайыр» аталып кетеді.

Жалайыр башқұрт құрамында да бар. Ол революциядан бұрын «Залаир контоны» аталған бір ояздық халық болған, қазір бірнеше аудан. Бізден Башқұрт жалайырының қашан бөлінгені белгісіз.

---

<sup>1</sup> Ол заманда, көшті өкесінің үлкен баласы бастаған. Көш алдында ноқталаған түйе жүреді. Ноқтасының жетегінде болғандықтан білетектеуші «ноқта ағасы» аталған.

Қазақта Мәшһүрден басқа шежіре жинаушылар да аз емес. Олар қазір де бірталай. Мысалы, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында тұратын қарапайым еңбекші Құсайынның Бекісі, Нұртазаның Шардамбайы, бұрынғы заң қызметкері, қазір пенсионер Әуелбектің Мәлғаждары, көп жыл мұғалім болған, қазір пенсионер Бекмағамбет Серкебаев (атақты әншіміз — Ермек Серкебаевтың әкесі), Жамбыл ауданынан марқұм Нұрғали Ақбасов, Булаев ауданының тұрғыны марқұм Доскей Жоламанов тағы сондайлар Қазақстанның кең өлкесінің әр жерінен-ақ табылады. Солардан жиналған көптеген шежірелер Қазақстан Ғылым академиясының қолжазба қорында сақталады. Олар әзірге қорытылған жоқ. Бұл іс алдағы күндердің міндеті.

Шежіре соншалық көп болғанмен, өрісі оншалық кең болмайды. Мысалы, Нұртаза маған: «Сенің әкең — Мұқан, оның әкесі — Шүкей, оның әкесі — Бектемір, ол — Байбарақтан, Байбарақ — Сырымбеттен, Сырымбет — Қосайдан, Қосай — Отарбайдан, ол — Шимойыннан, Шимойын — Сибаннан, ол — Керейден туған» деп сегізінші атамнан мені қазақтың ең көне руының бірі Керейге апарып тірей салады.

Мұндай шежіренің бергі жағы дұрыс болғанымен, арғы ескілікті жағы жаңылыс сияқты. Өйткені, Керей тарихта соңғы мың жылдықтың аржағынан мәлім. «Ашамайлы», «Абақ» болып бөлінетін Керей мың жылдан астам (мүмкін одан да көп болар) жасаған өмірінде, егер жүз жылда орта есеппен үш ата жасайды деп мөлшерлесек, кемінде отыз ата болып бұтақталады. «Абақ» негізінде Қытай мен Монғолияда, «Ашамайлы» — Совет Одағында, Октябрь революциясына дейінгі әкімшілікте елу болыстан астам ел болған. Бұл Нұртаза айтатын есептен әлдеқайда көп.

Керей жайлы осылай болса, оның бергі бір бұтағы Сибан, көне кездегі Италияның белгілі саяхатшысы Плато Карпинидің<sup>1</sup> (1182—1252) Орта Азия көшпелілері жайында жазған еңбегінде аталады. Сонда бір ғасырда үш ата жасайды деп жорамалдасақ, тарихта мәлім кезінен баста-

---

<sup>1</sup> Карпини Джованно де Плато 1182—1252) италиялық саяхатшы, 1242 жылы Анон қаласынан шығып, Киев қаласы, Еділ, Сырдария, Жетісу өзендері арқылы, Монғол империясының астанасы — Қарақұрымға барып қайтқан. Ол осы сапарында көрген-білгенін жазған. Оның қолжазбаларында болашақ қазақ халқының құрамына кірген рулардың елі, жері туралы көп мәлімет бар.

ғанда, Сибан мен менің арам жиырма, жиырма екі атаға созылады. Одан арғы сибандар қайда?

Ауызша айтылатын шежірелердің бәрі де осындай. Қандай шежіреші қазақ болмасын (хат танымайтындары) жеті атасына дейін жақсы біледі де, одаң арғысын бұлдыратып жібереді.

Кейде аталардың бұрынғы-соңғылары алмасып та кетеді. Мысалы, қазақ шежіресінде «Күрлеуіт» (Қостанай мен Баянауылда) қазақтың қыпшақтың бергі бір атасына саналса, біздің мыңжылдықтың басында жасаған тарихшы Рашид-әд-дин<sup>1</sup> жазған «Жамғо-аттаварихта» Алшын бар, оны біз Кіші жүздің бір бұтағына санаймыз. Рашид-әд-дин кезінде «жүздер» болмаған.

Жалпы алғанда «қазақ» аталатын шежірелердің нұсқалары көп және өзара қайшылықтары да аз емес. Қазақтар бергі аталары мен арғы (түпкі) аталарын бір келкі айырады да, ортадағыларын шатастырады.

Кейбір рулар ауысып та келеді. Мысалы, «Қаракесек» немесе «Бике» аталатын, тағы сондай рулар Орта жүзде де, Кіші жүзде де бар. Бір жорамалда! Кіші жүзде «Керейт» аталатын ру мен Орта жүздегі «Керей» бір тұқым. Тіпті Сібірдегі «корейя» аталатын ұлтты да осыларға қосып қояды. Мәшһүр-Жүсіп, бұл жайда: «Аржағын алла біледі» деп түңғылыққа тіреледі.

Жоғарыда айтқандай, қазақ шежірелері екі жанрда жазылады: проза және өлең түрінде.

Шежірені өлеңмен жазуды қостанайлық ақын Нұржан Наушабаев (1857—1919) бастайды. Ол өз тұсындағы дарынды ақындардың бірі, руы — Қыпшақ. Нұржанның әкесі Наушабай кедей болғандықтан, Троицк қаласы тұрғындарының малын баққан; шешесі қазақтың он тоғызыншы ғасырдағы күшті ақыны — Шалдың қызы.

Нұржан жасынан пысық, әрі ақын, шешен, әнші, күйші, балауан жігіт болып өседі де, Троицк медресесінен жақсы білім алып, ер жете «орта» аталатын дәулет құрады. Содан кейін «игі жақсы» дейтіндермен, әсіресе Ыбырай Алтынсаринмен жақындасып, күндерінің көбін солармен бірге өткізеді. Ыбырай Нұржанды жоғары бағалайды. Ол өзінің құрдасы Қауменнің үйіне Нұржанды ертіп барғанда: «Құда, көп кісімен неге келмедің?» десе керек, сонда Ыбырай Нұр-

<sup>1</sup>Рашид-әд-дин Хамадани (1247—1318) «Жамғо-аттаварих» («Жалпы тарих») деп аталатын кітабында Шыңғыс империясының Кавказды, Иранды қалай жаулап алуы сипатталады.

жанның өнерлерін атай келіп, «осыдан артық көп бола ма?» деп жауап берген екен.

Нұржанның әйелі Бибізара да ақын болып, екеуі хат арқылы айтысумен қосылған. Олардан туған жалғыз ұл Сұлтанғазы 1911 жылы өліп, артында ұрпақ қалмаған.

Нұржан өлеңді көп және шығыс ақындарының, әсіресе Аллаяр сияқты софылардың ықпалымен жазған. 1903 жылы оның «Манзумат қазақия», 1908 жылы «Сапарғалимен жұмбақ айтысы», 1910 жылы «Алаш» деген кітаптары жарияланған. Жарияланбағандары да толып жатыр.

Нұржап өлеңмен шежіре жазып, оны «Манзумат қазақияға» қосқан. Өлеңмен жазылған басқа шығармалары да тиімді келетін дарынды ақынның бұл «шежіресі» де шебер тілмен жазылған.

Нұржанға еліктеп шежірені өлеңмен жазатындар көбейген. Ондайлардың ішінде тәуірлері де, нашарлары да аз емес.

Енді қазақтың «жеті ата» дегенінің мән-жайына тоқталайық. Бұл жерде ең алдымен жеті атадан қосылатындар, ешуақытта бір-бірінен қыз алыспайтынын айта кету қажет. Мысалы, советтік дәуірге дейін Қостанай мен Қызылжар (Петропавл) ояздарының бірнеше болысқа жететін Сибандары өзара қыз алыспайтын еді. Дарвинизм ғылымының табиғи сұрыптау теориясында дәлелденген қан араластырудың кейінгі ұрпақтарға тигізетін игі әсерін сол кездің өзінде халық аңғарғанға ұқсайды. Өйткені ғылымның кейіннен ашылған мұндай жаңалықтарын сол замандардағы сауатсыз қазақтар білді деуден аулақпыз. Сөйте тұра, тұқым қуалаудағы көптеген табиғи ерекшеліктер сол өркендеу заңына бағыну болса керек.

Қазақтың ауызша шежіресінің жайы осылай болғанымен, мұндай шежірелерден ғылыми негізделген шежіре немесе тарих жасаудың да мәні зор екендігі жоғарыда айтылды. Қайталап айтқанда, дүниежүзілік фольклор мен тарихтың тууына шежіреге айналған ертегілер мен аңыз әңгімелер де себеп болды. Бұл жайында «түрікпен шежіресін» жазған Әбілғазы Баһадүр-хан былай дейді: «Түрікпеннің молдалары, шайхылары, бектері менің тарихты жақсы білетінімді естіп, бір күні барлығы жиылып келді де, «біздің арамызда «Оғыз-нама» (Оғыз-ханның шежіресі) көп те, біріне-бірі қайшы келіп, бір арнаға құяры жоқ. Соларды қорытып, бір жүйеге келтірсе жақсы болар еді»,—

еді. Мен, бұл өтінішті қабыл алып, осы шежірені жазуға кірістім.

Жазулы он жеті жылға созылған бұл кітапта, Әбілғаштың түрікпен елінің ауызша әдебиетін өте кең көлемде пайдаланғаны бет сайын көрініп тұр.

Қожалардыкін санамағанда, қазақта мұндай жазба шежіре он сегізінші ғасырға дейін болмаған. Тек бертінде, араб әрпімен хат таныған қазақтар ғана шежіре жаза бастады. Бұл әсіресе он тоғызыншы ғасыр мен жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегінде басталды.

Қазақтар шежірені қарасөзбен, де, өлеңмен де жазғаны жоғарыда айтылды. Осындай, әр кезде, әр руда жасалған, бірақ баспада жарияланбаған жазба шежірелер қазақта толып жатыр. Олардың бірсыпырасы, жоғарыда айтылғандықтан, Қазақстан Ғылым академиясының қолжазбалар қорына да түсті. Осы шежірелердің бәрі де қожалардың ізімен қазақтың арғы түбін Әнеске апарды да, одан бергі руларды бір-бір атаның ұрпағы қып жүйелейді. Бұлай ету шындыққа жатпайды. Мысалға Қыпшақ руын алайық. Осы есімді рулар совет еліндегі басқа халықтар (өзбекте, түрікпенде, қырғызда, башқұртта, кавказдық кей елдерде) арасында да барын қожалар да, қазақ шежірешілері де білмейді, сондықтан жазбайды да.

Қазақ шежірешілері оқыған және оқымаған болып екіге бөлінеді: оқығаны — арабша немесе орысша хат танитындар; оқымағаны — хат танымайтындар. Бұлардың ішінде қожалардың ізімен кеткендері қазақтың арғы түбін Әнеске тіресе, бергі жағына келгенде екеуі де, «ұранымыз — Алаш, берегеміз — ағаш» деседі.

«Алаш» деген сөзге, бұрынғы бір аңызда былайша түсінік беріледі. Аламан<sup>1</sup> деген ханның бір ұлы анасынан алаша болып туыпты. Соны ұнатпаған хан, атын «Алаша» қояды да, қасына жүз жігіт қосып, шешесі мен Алашаны Ұлытаудан асырып тастайды. Сонда ержеткен Алаша өз бетімен хандық құрып, ел болып кетеді. Алаша өлгенде Ұлытаудан алатын «Қара кеңгір» өзенінің бойына көміліп, қабірінің үстіне мазар салынады. Сол «Алаша хан» атты әдемі жасалған мазар. Ұлытаудағы Кеңгір бойында әлі күнге дейін қабір-қалпында сақтаулы.

Қазақта «Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда» деген де сөз бар. Соның мағынасы ғылым жүзінде бертінде

---

<sup>1</sup>«Барымташы» — мағынасында.

ашылып, Қазақстан Ғылым академиясының баспасы, «Қазақстан эпиграфикасы» деген атпен шығарған кітапта белгілі тіл ғалымы Ғайнетден Мұсабаев «Кеген жазуы» деген еңбегінде тастан жасалған мүсінге және көне жазуға сүйене отырып, «алаш» және «алаша» деген сөздерге талдау жасайды. Ғайнетденнің баяндауынша қазақтың «алты алаш» — деген сөзі «алты ел» деген ұғымды береді, деуі шындыққа жатады. Демек, қазақ сол алтаудың бірі ғана, Өзге бесеуі: қырғыз, өзбек, түрікпен, қарақалпақ және башқұрт. Бұлардың қазіргі аттары мен халық болып бөлінуі соңғы мың жылдың орта тұсынан басталады. Сондықтан қазақта бар рулардың көпшілігі оларда да бар. Кей халық өздері бағынған хандардың есімдерімен аталып кеткен. Мысалы, өзбек, ноғай, т. б.

Ғайнетденнің жорамалынша «алаш» хандығы құрылып, «Алаша» ханның билеуі, шамасы бұдан екі жарым мың жылдай бұрын болса керек.

Қазақтар «алаш» деген сөзді «жақын» және «жат» мағынасында да қолданады: тәуір көргенін «алаштың азаматы» деп сыйластық мағынасында қолданады, ал Атығай руынан шыққан Арыстанбай ақынның Кенесары Қасымовқа (1801—1847) айтқан өлеңінде бұл сөзді аңдысқан жау ретінде де қолданады:

Кенек, жақын көрсең қарашыңмын,  
Алыс көрсең аңдысқан алашыңмын.  
Атаңа алты қатын алып берген,  
Атығай, Қарауылдың баласымын.

Алайда «алаш» деген сөзді қолданудың тарихи жағынан теріс ұғым беретін мәні де бар. Сондықтан «алаш» атауынан қашқақтап та жүрміз. Ол — 1917 жылғы Ұлы Октябрь революциясына қарсы «алаш» партиясының құрылуы және оның өз ұранын «алаш» деп алуына байланысты. Әрине, «Алашорда» партиясы 1918 жылдары «Абай» атты журнал да шығарды. Оның да бағыты социализмге қарсы еді. Осыған орай Абайдан безуге бола ма? Әрине, болмайды. Ендеше «алаш» деген сөзге саяси астар бермей-ақ, жай атау ретінде қарауымыз керек.

Қазақ шежіресінде Алаштан Сейілхан, Жайылхан деген екі ұл туады. Сейілханнан сегіз арыс түрікпен тарайды. Сондықтан қазақтың түрікпенмен көршілес руы Адай күні бүгінге дейін түрікпендерді «Сейілхан» деседі.

Жайылханнан қазақ шежіресі Майқыны туғызады. Қа-

мақтың «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп, Майқыны қазақтардың тұңғыш бәіне санаптын себебі сол. Майқы моңғол Шыңғыс ханның ақылдасып отыратын биінің бірі болып, Шыңғыс жорықта жүрген кезінде хандық міндеттерді де атқарған. Майқыдан «Сабиян» (бұл не Керейдегі Сибан, не Наймандағы Сыбан емес пе екен?), одан — Айырқалпақ (қырғыздардың түп атасы емес пе екен?) жалғыз туады, одан — Қазақ, Созақ, Ұзақ туады. Пұржап Наушабаев өлеңмен жазған шежіреде:

Созақтан Қарақалпақ бөлінеді,  
Осылай шежіреден көрінеді,—

деп келеді де қазақтан: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген үшеу туғызып: Ақарыстан Ұлы жүзді, Жанарыстан Орта жүзді, Бекарыстан Кіші жүзді таратады. Ұзақтан қырғыз бен Хакас.

Осы арада «қазақ» және «жүз» деген ұғымдар жайына таласпайық. Негізінде «қазақ» халқының қай заманнан бастап құралып, ел болып келе жатқаны жайындағы деректер ең аз жүйелі және әзірге анықталған жоқ. «Айқап» деген атпен қазақ тілінде 1911—1916 жылдар арасында Троицк қаласында шыққан журналда, бір автор «қазақ» деген сөзге екі мағына береді: бірінші «қашақ», олай дейтіні қазақ дамуына айнала мекендейтін отырықшы елдердің әкімдеріне барғысы келмегендер, иен жатқан қазақтың қазіргі кең дамуына қашып шыға берген. Міне, осы «қашақтардың» (қашқындардың) кейінгі ұрпақтары осы «қазақ» деп атала керек. Ал ондағы екінші тұспалда: «қазақ есімі «ақ қаз» деген сөзден тууы да мүмкін делінеді. Ерте кездің көшпелілері, жауға қарсы аттанғанда, салт мініп, ақ түсті киім киген. Бұлай деу де шындыққа жақын сияқты. Өйткені, ертеде ұрыста қирата тойтарыс беретін салт атты түркілерді арабтардың «ақ киімділер» атауы тарихта бар. Сонан болу керек — он сегізінші ғасырда, қытай басқыншыларына қарсы шыққан ұйғыр салтаттыларының бір тобы «ақ таулық» аталып, ақ киімдер киген.

Кейінгі тарихшылар соның ішінде тарих ғылымының докторы Мұсатай Ақынжанов «қазақ деген сөз» «қас» және «сақ» аталатын екі сөзден құралды, деседі. «Қас» деген: шын, нағыз деген мағынада. Қазақ халқының: нағыз сұлу, нағыз батыр, нағыз жақсы, нағыз жау деудің орнына қаса сұлу, қас батыр, қас жақсы қас жау... деуі осыдан.

«Сак» дегені Орта Азияда қазақ аталған елден әлдеқайда бұрын жасаған көшпелілер. М. Ақынжановтың айтуынша «қазақ» деген атау «қас» деген сөз бен «сак» аталатын көшпелі елдің атынан құралған. Бұл нағыз «сак», «шын сак» деген мағына береді, өйткені қазақтар бұрынғы сактардың мекенінде қалған, соны немденген ел. Мен осы пікірге қосыламын. Сондағы тағы бір келтірер дәлелім: қазақты көршілес қырғыздар, алтайлық түркілер, күні бүгінге дейін «қазақ» демейді, «кассак» дейді. Орыстар да солай атап, он сегізінші ғасырға дейін «Қайсак» деп келген. Пугачев көтерілісіне (1742—1775) кейіннен қарапайым қазақтар белсене қатысып, содан қазақтарды жек көрген орыс патшасы Екатерина III Кіші жүз мекендейтін Жайық өзенін «Орал» деп атап, қайсак атын да біртіндеп жойған. «Қайсақты» «киргиз» деп атап кеткен. Қазақтар өзінің халықтық атын тек совет заманында ғана қайта алды.

Кейбір тарихшылардың болжалынша, «сак» «түрік» деген мағынада қолданылады. Бірақ бұл жаңылыс. Сактар түркілерден әлдеқайда бұрын аталады. Кейбір европалықтар «сак» деген сөзді «скиф» мағынасында қолданды. Бұл да дұрыс емес. «Скифтерге славян тұқымдары, олардың ішінде орыс аталары қосылады. Олар сак сияқты көшпелі болған емес. Меніңше, сактар көне заманда қазақ даласында дәурен сүрген көшпелілер сияқты.

«Жүз» туралы аз сөз: орыс казактарында (казачество) «сотый» («жүздік») бір жүз салттыдан құралатын әскерлік қосын. Жалпы «казак» деген атау «қазақ» деген сөзден шығуы ықтимал. Оңтүстік орыстары қыпшақ руларымен ғасырлар бойы көршілес болып, тату да, араз да болып, тіпті соғысып қалған кездері де көп болған. Оныншы ғасырдың ортасында жасаған орыстың ұлы князі Игорь соғысқан половцылар осы қыпшақтар. Ирандықтардың «дәшті-қыпшақ» дегені де «далалық қыпшақтар» мағынасында. Негізінде қырғыздар бұрынғы барлық халқын «оң» және «сол» деп екіге бөледі; ал қазақтар үшке бөлініп. «оң бет», «орта бет», «сол бет» деген. Кейін сол беттердің оңы ұлыға, орталығы ортаға, солы кіші жүздерге айналып кеткен.

«Жүз» жайында тағы бір деректі келтіруге болады, ол орыстың шығысты, әсіресе Орталық Азияны, қазақ даласын зерттеген ғалымы Бичуриннің айтуынша, біздің дәуіріміздің 635 жылында, қазіргі қазақ даласында түркі тілдес көшпелі сактар, өзереіне шабуыл жасап тыныштық бермейтін қытайларға қарсы үш орда: үйсін жерінде Үлкен Орда, Есіл,

Ертіс бойында Солтүстік Орда, Балқаштан Каспийге дейін — Кіші Орда болып топтасқан. Бичуриннің ойынша қазақ жүздері осы үш ордадан басталады. Мен бұл пікірді қолдауға бейіммін.

Жүз» қазақта «сан» мағынасында айтылады. Сондықтан «Жүз» — жүз басы ұғымында, яғни бір жүз адамнан құралған әскери қосын ретінде қолданылуы мүмкін. Бірақ қазақта «жүз» «қосыннан» көп, бүтін бір аймақты ел, сондықтан «қосыннан» гөрі «құла жүз» «дала» мағынасына жақынырақ сияқты.

Тегінде үш жүзге бөлінген көшпелілердің әрқайсысы өз елінен жаудан қорғауға міндетті болған сияқты. Ұлы жүздің рулардың көбі көршілес басқа халықтарда да барын білсе, Абақ шежіресі айтпайды. Орта жүз де сондай. Оның құрамына кіретін алты рудың ішіндегі Керей монғолға жатады деген сөз бар. Кіші жүз Бекарыстан туды дегенмен, одан кімдер туғаны белгісіз. Бір шежіреде Ақарыстан Абақ пен Тарақ, Абақтан Жалайыр, Тарақтан Үйсін тарайды десе, енді біреуінде, Абақ пен Тарақ, Үйсіннің баласы екендігі. Меніңше, алғашқысы жобаға келетін сияқты, өйткені Ұлы жүз бас қосқанда ерте заманда әлі күнге дейін «ноқта баласы болып» жолды Жалайыр алады. Егер Абақ Үйсіннің баласы болса, неге Жалайырға жол береді? Ұлы жүз елдерінің жайын жақсы біледі деп саналатын М. Тынышбаев, өзіне тілінде жазған шежіресінде Ақарыстан Жалайыр, Үйсін және Қаңлы үшеуін таратып, Абақ, Тарақ дегендерді алмайды. Дегенмен, одан кімдер туғаны мәлімсіз... Қожалар шежіресінде Кіші жүздің арғы аталары Қыдыр, Снық, Шығар, Сұлтан болып бөлінеді. Олардың түсінігінде сиықтар Мекеден келген әулие арабтар, яғни қожалар өздерінің руы аталарын сиықтардан өрбітеді.

Сонымен, «Арыстарға» бөлінетін жүздердің түпкі атасы кім екендігі әлі анық емес. Анық болуы мүмкін де емес. Себебі, ғылыми зерттеулердің деректеріне қарағанда, дүние жүзіндегі қай ұлтты, қай тілдегі халықтарды алатын болсақ, олардың әрқайсысының ата-тегі басқа болып, бір әке, бір шешеден тарамандығы, әрқайсысының өз тарихы, өз ата-тегі болғандығы дәйекті дәлелденген.

Қазақ та сондай. Оған дәлел: Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Найман, Керей аталатын рулар арғы көне замандарда қандай болған халықтар емес, әкімшілік құрған хандықтардың руы. Олардың қарамағында әлденеше рулар болған. Сол патриархалдық негізде жасалған хандықтар, феодализм құ-

рылысына аяқ басқан шақта, ондағы рулар: өзбек, қазақ, түрікпен, қырғыз башқұрт сияқты халықтарға бөлініп кеткен.

Тарих халықтар өмірін тереңірек зерттейді де, рулар өмірінің бетін ғана қалқиды.

Қазақ халқы толып жатқан рулардан құралатынын жоғарыда айттық. Бұл арада қазақ руларының әрқайсысының өзіне тән ұраны және таңбасы болатындығы туралы қысқаша тоқтала кеткіміз келеді.

Қазақтың ең көне руларының ұрандары: Үйсіндікі — Абақ, Дулаттікі — Бақтияр, немесе Домалақ ене, Наймандікі — Қаптағай, Керейдікі — Ошынбай, Уақтікі — Жаубасар, Арғындікі — Ақжол. Қыпшақтікі — Ойбас, Қоңыраттікі — Алатау. Олардан тараған бергі рулардың да аталық ұрандары бар. Мысалы, Шапыраштыкі — Қарасай, Ыстынікі — Жауатар, Беріштікі — Ағатай, Жаппастікі — Баймұрат, хантұқымы, төрелердікі — Арқар, қожалардікі — Құл Қожахмет. тағы тағылар...

Есімі ұранға айналған адамдарды қазақ, әдетте, арғы аталарына санайды. Мысалы, Қыпшақтар — Ойбасты, Керейлер — Шибайды, Уақтар — Жаубасарды атайды. Ұрынға шыққан әйелдер де бар: «Қырық болыс ел болдық» деген Дулат руларының ұраны — Домалақ ене. Бұл жайында айтылатын аңыз бойынша ол осы рулардың түпкі шешесі. Арғынның бір руы (Сәкен Сейфуллиннің елі) «Енең» аталып, шешесін ұран тұтады. Керейдің бір руы «Бике» де солай етеді, тағы тағылар...

Осы аталғандардың біразының қалайша аталғаны, кім екені белгісіз. Мысалы, Қыпшақ ұраны «Ойбас» қайда шыққан? Ондай ата қазақтық қыпшақтарда жоқ сияқты. Бір шежіреде Ойбасты Қыпшақтың, Ақжолды Арғынның, Жаубасарды Уақтың, тағысын тағылардың тұңғышы екен деп те айтады. Ұрандардың бірталайы солай болғанымен бергі ұрандарға келсек, ол елдің атасы ретінде емес, байы, бни, батыры сияқты адамдарына арналатыны байқалады. Мысалы, Найманның «Қара керей» аталатын руы, ұранын бертіндегі Қабанбай батыр ғып, Кіші жүздің адайлары — Бекет батыр ғып алған. Біздің Сибанның ұраны — Естемес, ол бертінде жасаған адам.

Рулық ұрандар әр рудың елдік дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтаудың үлкен құралы болған. Мысалы, жиындарда жанжал, төбелес шыға қалса, не барымта болса, ру ұраны шақырылғанда, әр ру өз ұранымен топталып, қарсы руға тө-

тең берген. Жауға, барымтаға аттанғанда ру ұранын атаса, әрмейтін еркек қалмаған. Жер дауы, жесір дауы сияқты жанжалдарда да руына қарай ұран шақырған.

Тіпті ауыл арасының ұсақ жанжалында да сан жағынан көпінше ата ұрпақтары аз аталы ауылдастарына өктемдік жасайтын еді. Осы әдет қазақ ауылдарында советтік заманға дейін созылды.

Біраз ру ұрандарын өлеңге де қосқан.

Енді «таңба» салу туралы айта кетейік. Бұл қызған термімен қарып, малдың жамбасына басылатын, өзге малға емес, тек жылқыға ғана басылатын белгі. Ол таңба тек ұлт рулардың жылқыларына басылады.

Жолаушылап келе жатқан адам қай рудан екендігі міндетті атының таңбасынан белгілі болады. Мысалы, Қыпшақтың рулық таңбасы, жоғарыдан төмен қарай қатар тартқан көк сызық. Оның аты «әліп». Нұржан Наушабаевтың — «руым Қыпшақ болғанда, таңбам «әліп» деуі содан. Осы қанша «әліп»?

Араб алфавитінде «а» орнына қолданатын бас әріп «алмиф» аталады. Біз оны қазақшалап «әліп» дейміз. Қыпшақтардың «әліп» аталатын рулық таңбасы осы араб әлібі секілді (солдай деушілер бар да), онда Қыпшақ руы Орта Азияға арабтардың, олармен бірге ислам дінінің келуінен бұрын қайда бұрын құралған ел болып шығады. Олай болса, «әліп» «әлібін» арабтан алынды деудің қисыны жоқ. Енді біз: Қыпшақтікі қай «әліп»?

Көне түркілерде «әліп» «дақ», «жеке» мағынасында да кездескен, Мысалы бал ашатын құмалақтың саны 41 болатын. Сонда, қырқын «жұпқа», біреуін «даққа» санайды. Балды (болжауды) «жұп» емес, «дақ» шешеді. Құмалақшы қырқын бір құмалақты үшке бөледі де, төрт-төрттен бөлшектеп, соңғы бөлшектен «маңдай аталатын үстіңгі қатарын, ортадан «белдеу» аталатын орта қатарын, төменнен «аяқ» аталатын соңғы қатарын шығарады. Солай бөлшектегенде «әліп» қай қатарда тұрса, құмалақшы балды соған қарап санайды. Қазақтың «әр істің ақырын күт» деудің орнына «әліптің артына бақ» деуі осыдан. Қыпшақтардың әлібі осы боламы мүмкін.

Жалпы алғанда қазақтың рулық таңбалары, көне заңдардағы әріптер белгісі болу керек деген жорамал бар. Олардың әріптік немесе ұғымдық (иероглиф) таңба екені белгіленіп қалмаған жоқ. Көңіл бөлетін бір нәрсе, мұндай таңба-

лар қазақпен қатарлас басқа халықтар құрамына кіретін руларда кездеспейді.

Таңбамен қатар, қазақта «ен» деген де белгі бар. Ол төрт түлік малдың бәрінің де құлағына салынады. Әке балаға енші берсе, енін де бөлектейді. «Жеке шаруа болдың» деудің орнына, қазақтың «еншің басқа, енің бөлек» деуі содан. Еннің: ойық, тілік, сырға, сынық, тесік... сияқты толып жатқан аттары бар. Ен рулық емес, үйлік немесе семьялық белгі. Әкеден бала бөлектенгенде «енші алды» деулері де содан.

#### 4. ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ

Тарих жазу жүйесіне түскен деректер екенін білеміз. Қазақ туралы ондай жазу, әсіресе, ел басынан өткен оқиғаларды тіркестіре өрбітетін тарихтық жазу он тоғызыншы ғасырға дейін болған жоқ. Онан бұрынғыларының барлығы шетелден келген жеке саяхатшылардың жазып қалдырған естеліктері, алған әсерлері түрінде қалған. Бұлардың көпшілігі көне замандағы Грецияның, Римнің, Қытайдың Иранның, Румның (Византия), арабтың және орыстың Орта және Орталық Азияға келіп кеткен саяхатшыларының көрген-білгенін қағазға түсіргендері. Олар негізінде қазақ халқының құрамына кірген көшпелі рулардың тұрмыстарын сипаттайды. Мысалы, біздің жыл санауымыздан төрт жарым ғасыр бұрын Сырдария бойына келіп, Қаңлы хандығына қонақ болған грек саяхатшысы Геродот, Орта Азияның географиясын жасаған Страбон, біздің дәуіріміздің төртінші ғасырында Римнен келген Марцелли, алтыншы ғасырда Румнан (Византия) келген протектор Марко Поло, Рубрекс, Пано Карпини; біздің жыл санауымыздан бір жарым ғасыр бұрын келген қытай саяхатшысы Чжан Цзяню, біздің дәуірдің әр кезеңінде келген араб саяхатшылары. Мағсуди, Ибну-Хаукаль, Мұқаддәси, Ибну-Батута, тағы тағылар; Орта Азияның өзінен шыққан атақты «Жамғаттаварихты» (жалпы тарихты) жазған Рашид-эд-дин Хамдани. «Тарихи Рашидиді» жазған Дулат руынан шыққан ғалым Мұхаммед-Хайдар Дулати, хивалық Әбілғазы Бәдүр хан, орыс тарихшылары Бичурин, Рычков тағы басқалар...

Бұлар жазып қалдырған деректердің көбінде Орта және Орталық Азиядағы көшпелілерге «татар» деген ат тағылды. Арғыларын былай қойып, кеше ғана жасаған Петр Ива

ишпач Рычков та (1712—1777) қазақты татарларға қосады. Көне монғолоидтар ішінде «тат», «татыра», «татар» аталып жүрген рулары бары рас. Бірақ бұлар түркілерге де, Орта Азия көшпелілеріне де, қазақ руларына да жатпайды. Моңғол Шыңғыс хан батысқа шабуыл жасағанда, оның әскерінің бірталайы татарлар болған. Шыңғыс жаулап алған өлкелер: «Алтын», «Көк», «Ақ» аталып үш ордаға бөлінгенде, Еділ бойындағы «Алтынорданың» көпшілігі татар болды. Сондықтан, ол орданың орыстарға көрсеткен жәбірін орыс тарихы — «татарлар қысымы» деп атайды.

Қазақ тарихын зерттеп, ең алғаш рет жазба түрінде жариялаған адам, орыс ғалымсы Ираклиевич Левшин (1799—1879). Оның «Қырғыз-қайсақ ордасының сипаты» аталатын үш томдық еңбегі 1832 жылы жарық көрді: бірінші томы — қазақтың жер-суын, екінші томы — тарихын, үшінші томы — әдет-ғұрпын сипаттауға арналған. Бұл еңбек күні бүгінге дейін құнды саналады.

Сол ғалымдар мен шежірелердің айтуынша сол замандардағы көптеген ірілі-ұсақты рулардың «қазақ» атымен бірігіп, тұтас бір мемлекет болуы жоғарыда айтылған «Алаша» аталатын хан тұсында болса керек.

Алаша хан туралы қазақ арасында аңыз көп.

Менің өз ойым «қазақ» деген халықтың құралуы, оған еррасты жер-су шегінің белгіленуі, сондай-ақ әдет-ғұрып, өнердің қалыптасуы да осы кезеңде басталуы мүмкін. Әйтпесе, әдет-ғұрып пен тіл. Бұлар кең өлкені мекендеген қазақ руларында әлі күнге дейін азғантай ғана айырмамен өнеріссіз келе жатыр. «Киіз туырлықты қазақ» аталатын бұл елдің өмір тарихы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы айна-қатесіз бірдей. Тіл жағынан келгенде Соғды, Паршиан, халифат заманында араб-парсы және орыс мәдерінен кірген жеке сөздер (онда да біздің тілдің сингармониясына бағынған), жұрнақ, жалғаулар болмаса, қазақ тілінің ұлттық сипаты, тұтастығы ешуақытта өзгерген емес. Осыншама тұрақтылық, тұтастық Октябрь революциясына дейін тұтас мемлекет болмаған елде сақталуы таңғаларлық құбылыс.

Алашадан кейін, бұл тұтастық XVI ғасырдағы Қасымхан мен XVII ғасырдағы Есімхан тұсында болып, олар «Қасымханның қасқа жолы. Есімханның ескі жолы» аталатын заңдарын қалдырды деседі. Бұл заңдар қазақ халқының елдігін күшейте түскен тәрізді.

«Қазақ» аталатын халықтың елдік тарихы осы тұстан XVI ғасырдан басталады деген жорамал дұрыс сияқты. Ал жүздік, хандықтар кейіннен құралған болуға тиіс.

Қазақтың «Кіші жүз» аталатын бөлігі Россияға өзге жүздерден бұрын 1731 жылы өз еркімен қосылған. Содан бері орыс ғалымдары: Н. А. Рожков, А. И. Левшин, В. В. Радлов, В. И. Даль тағы басқалар қазақ еліне жиі шығып, тарихын, тұрмысын зерттеп, көптеген еңбектер жазған.

Әрине, олардың бұрын-соңды жазба тарихы болмаған елдің тұрмысын сипаттағанда, артық-кем кететін жерлері болады. Ондайлар Левшинде де бар. Бірақ ғалым сипаттап отырған елінің тарихы мен тұрмысына шұқшия зерттеп, барынша тиянақты етіп жазған. Ол «қазақты» «қайсақ» дейі тұра, бұл атаудың дұрыс еместігін, елдің өзі «қазақпыз» дейтінін түсіндіріп отырады. Левшин, әрине, материалист емес. Қазақтың қоғамдық тұрмысын сипаттағанда, ол өз дәуірінің әлеуметтік саяси көзқарасы шеңберінен аса алмайды.

Левшиннен кейін де қазақ туралы тиіп-қашты зерттеулер болған. Олардың ішіндегі ең салмақтысы Шоқан Уәлихановтың (1835—1865) еңбектері. Оның өзге ориенталистерден (шығысты зерттеушілерден) айырмасы: бірінші — өзі қазақ болып, қазақ арасында туып-өскендіктен бұл елдің шежіресін де, тілін де айтарлықтай жақсы біледі; екіншіден, ғалым адам болғандықтан, орыс және түркі тілдерінде әр кезде жазылған еңбектердің бәрімен жете таныса отырып, қазақ тарихына қатысты материалдарды салыстыру арқылы, көптеген мәселелердің шындығына жетеді. Әдебиеттік материалдарға ол сын көзімен қарап, кемшіліктерін де жасырмайды. Мысалы, басқа діндегі шығыс халықтарына христиан дінін таратуды мақсат еткен ғалым Никита Васильевич Бичуриннің (оны «Якинф ата» деп те атаған) шығыс, әсіресе монғол рулары туралы үстірт жазғандарының біразына қосылмай, өзіне тән терең ойлау қабілетінің арқасында «Якинф атаның» жаңылыс жерлерін түзеп отырады.

Шоқанның өз шығармаларында, зерттеулерінде аталатын «Қазақтың ата тегі» деген еңбегі XIX ғасырда бұл тақырыпта жазылған шығармалардың ең тереңі, ең байсалдысы. Өмірінің алғашқы кезеңдеріндегі еңбектерінде идеалистік бағытта болған Шоқан, кейін орыс демократтары-

ның ықпалымен қазақ қауымының тіршілігіне материалистік тұрғыдан қарай бастаған.

Абай да қазақ шежіресіне көңіл бөліп «Қазақтың түбі мұздан шыққаны туралы» дейтін мақаласын арнады.

Абайдан кейін де бұл тақырыпта әркімдер әр кезде аз-ақ көпті еңбектер жазғанымен, олардың кейбіреулері тоспада жарияланса да, ғылымдық негізгі құрылған шындығына қатынасындағы қазақ тарихы тек советтік дәуірде ғана жазыла бастады. Олар мақала, монография, диссертация, дипломдық жұмыстар мен жинақтар түрінде қазақ тарихының жеке мәселелерін талдаудан басталады. Топып жатқан осы материалдардың ішінен екеуін ерекше атауға болады: біріншісі, Сәкен Сейфуллиннің 1934 жылы «Әдебиет нұсқалары» деген атпен қалың кітап болып жарияланған еңбегі; екіншісі, 1935 жылы орыс тілінде «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» деген атпен профессор С.Шикар Асфандияров құрастырған қалың жинақ. Сәкеннің еңбегі көркем әдебиеттік мұраларды талдауға арналып, қазақ тарихына байланысты біраз мәселелерді қарастырады да, онда бұрын сөз болмаған тың және байсалды пікір ұтады.

Асфандияровтың жинағы көне заманнан бергі Орта Азия көшпелілері туралы. Солардың қазақ аталатын халықтың қашан, қалай құралуы туралы жазылған еңбектерін шебер ұштастырады. Бірақ оған өз пікірін қоспайды.

Осындай бай материалдардың негізінде Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары «Қазақ ССР-інің тарихы» аталған қалың екі томдық кітап жазуға мүмкіндік туды. 1957 жылы жарияланған бірінші томы қазақ халқының көне заманнан бастап, Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өмірін, 1959 жылы жарияланған екінші томы қазақтың советтік дәуірдегі өмірін сипаттайды. Бұл екі томды жазуға бір топ совет тарихшылары қатынасты. Қазақ өміріндегі әрбір құбылысқа марксизм тұрғысынан қарайтын бұл еңбек, осыған дейін айтылған пікірлердің бәрінен де мазмұны жағынан әлдеқайда терең, идеялық жағынан әлдеқайда өмірлік.

Қазақ тарихы туралы қай кезде кімдер жазса да, бір мәселеге талас жоқ сияқты. Ол қазақ халқының көне замандардағы көшпелі рулардан құралуы. Солардың арғылары: сақ, массағат, сармат, үйсін, қаңлы, бергілері: қыпшақ, найман, керей, тағы басқаларын айтса да бәрібір, өйткені қазақтың басын құраған сол рулар еке-

ні ақиқат. Бұл бір. Екіншіден, сол рулардың кейбіреулері қазақпен, көршілес қырғыз, өзбек, түрікпен, қарақалпақ, башқұрт сияқты халықтар құрамына кірген, қай рудың болса да басым көпшілігі қазақ құрамында; үшіншіден, Орта Азияда көшпелі өмір сүрген рулардың мекендеген жерлерінің басым көпшілігі қазақ халқының еншісіне тиген; төртіншіден, бұрынғы көшпелілердің салт-санасы, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы сияқты өзгешеліктерінің көбі қазақта сақталған; бесіншіден, көне түркілердің тіл қоры да қазақта молырақ. Сондықтан көне көшпелілердің тұрмысын түсінуінде қазақ өмірі әлгідей материалды көбірек береді.

«Қазақ» деп аталатын халықтың дәл қай кезден құралғанын тап басып айтатын тарих әзірге жоқ. Қазақ халқының алғаш пайда болуы, қалыптасуы жайындағы, жоғарыда айтылған жорамалдардың, пікірлердің біразы сенімді болып көрінгенімен әлі де болса дәлелдеуді қажет ететін талас мәселе екені мәлім. Халқымыздың тарихта мәлім болуы XVI ғасырдан басталды деушілердің дәлелі көбірек және сенімдірек.

Қазақ халқының қоғамдық тарихы қай кезде басталса да, бұл халықтың көптеген ғасырлар бойы өмір сүрген өзіндік мекені, өзіне тән қалыптасқан тілі, салты болғандығы және болып келе жатқаны даусыз.

Сол себепті енді осы халықтың қоғамдық тұрмысы, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салты және т. б. туралы көрген-білгенімізді баяндауға тиістіміз.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕРТЕДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРІ

#### 1. ДҮНИЕ ТАНЫМЫ

Біз жоғарыда діни түсініктерді қалай пайда болғандығы жайында айтып кеттік. Ендеше алғашқы адамдардың дүние танымы, айналаны қоршаған табиғат құбылыстарын түсіндіру талаптары да осыған ұқсас. Еңбек етудің арқасында алғашқы адамдардың сана-сезімі оянып, табиғатқа саналы түрде әсер ете бастаған кезде, айналаны қоршаған алуан түрлі құбылыстарға назар аударып, оларды өздерінше түсіндіре бастаған. Мысалы, күн мен түннің алмасуы, түнде ай мен жұлдыздың көрінуі, күндіз көрінбеуі, қыс пен жаздың алмасуы, аспанды бұлттың торлауы, оның жазда жаңбыр, қыста қар болып жаууы, бұлттан «күн» күркіреп, найзағай жарқылдауы т. б. осы сияқты құбылыстардың бәрі алғашқы адамдарды таң қалдырған. Олар бұл құбылыстардың нақтылы себебін білмегендіктен бұлардан үрейленіп, жәрдем сұрап сиынған.

Жер шарының қай түкпіріндегі адамдар болсын дамудың осы төменгі сатысында аспанды, күнді, айды, жұлдыздарды тәңірі көріп сиынбағаны жоқ. «Тәңірі дегеннің өзі ескі қанжұт (Тибет) тілінде «аспан» деген мағына береді. Аспанның түсі көгілдір болғандықтан қазақтар оны «көк» деп атады, «көк соққыр» деген қарғыс күні бүгінге дейін сол ұғымнан келе жатыр.

Табиғаттың осы сияқты түсініксіз дүлей құбылыстарының бәрін тәңірі санаған адамзат, бертінде олардың санын көбейтіп алған. Ғылымда олардың бәрін «миф» дейді. 1961 жылы Ленинградта басылған «Мифология сөздігі» деген кітаптағы деректер бойынша, көне замандағы мифтердің саны мыңнан астам.

Мифологиялық құдайлардың ішінде үлкендері де, кішілері де бар. Мысалы, грек мифологиясында ең күшті, күдіретті құдай — Зевс. Өзгелері содан өрбиді. Солардың

ішінде: аспандікі — Уран; күндікі (оттыкі) — Гефест; айдыкі — Ио; жер мен көкті тұтас билейтін — Крон, желдікі — Евр, теңіздікі — Посейдон. Жыл тәулігінің мезгілдерін ауыстыратын — Оры, жаздыкі — Латона, жер анасы — Талле, таңдыкі — Эос, өнердікі — Аполлон, сұлулықтікі — Гера, соғысты бастаушы — Арей, бейбітшілік құдайы — Эйрена, махаббат қорғанышы — Эрот, жануарлар мен өсімдіктердің ұрпағын өрбітуші — Дионис, ергежейлілер қорғаны — Пигмеи, қыздардың панасы — Хаос, тағы тағылар...

Бұлардың бәрінің де негізгі тұрағы — аспан әлемі, немесе биік таулардың басы. Сол сияқты аспан әлемін «тәңіріге» санаған қазақ, Күнді, Айды, кейбір жұлдыздарды мифке айналдырған.

Мысалы, Күн — қазақта қасиетті зат. Бұлттың күркіреуін қазақ «күн күкірейді» деп, оны күн тәңірінің даусына балаған. «Күн астында Күнсұлу» ертегісіне қарағанда, күннің де бақылаудан босатпайтын қызы бар. «Ай астында Айсұлу» да сондай. Шығыс елдерінде, оның ішінде, араб пен түркілерде, ай қызының аты Зухра. Ол, Жер қорлығын көріп, айға қашқан қыз. «Үркер» аталатын шоғыр жұлдыздың қызын, «Жеті қарақшы» аталатын жұлдыздар қоршай аңдып, олардан қашқан Үркер аспан бойында жылжып қашып жүреді-міс. «Шолпан» да қыз. Ол да қашып жүріп, жылына бір рет айдың бауырына паналайды. Мұны қазақтар «Шолпанның айға тоғысуы» дейді. Шолпанның сенімді сақ күзетшісі — «Темір қазық». Ол бір орыннан жылжымайтын жұлдыз. Түнде жолаушылаған немесе көшкен қазақтар, жүрер жолын, уақытын Темір қазыққа қарап немесе Үркерге қарап айырады. Өз басымнан мына төмендегідей бір оқиға өткені есімде: 1928 жылы Ленинградта оқып жүргенімде, қысқы каникулда туған ауыма беттеп шықтым да, «Деңгей қорған» мен Қызылжар қалаларының арасындағы Лебяжье станциясына кешке келіп түстім. Ауылдан келіп жатқан керуеншілермен бірге жолға ерте шығуды көздеп, таңның атуын сағатқа қарап білмек болдым. Сонда Әбілжан деген қарт туысым «тәйірі сағат не білуші еді, үркерге қарап тұруымыз керек» деп, түн бойы Үркердің жылжуын бақылағаны бар. Жұлдызға қарап бағыт-бағдар ажырату әдеті малшылардың күнделікті тіршілігінде әлі күнге дейін сақталған.

Күні-түні далада жүретін көшпелі ел, бақташылар, аңшылар аспан әлемін зер сала бақылап, ондағы әрбір көрі-

ністерге ерекше мән береді. Олардың ұғымында әр жұлдыз бір адамның жаны. Егер жұлдыз ақса, бір адамның өлгені, ал бұрын байқалмаған жаңа жұлдыз көрінсе, бір адамның туғаны.

«Метеор» дегенді қазақ бұрын білмеген. Оны «Аққан жұлдызға» санайды. Жерге жақын ұшқан метеор, жанасқан тұсын жарқыратып жібереді. Оны қазақтар «қадір түші» дейді. Ислам дінінің түсіндіруінше, сондай түнде жұмақтың есігі ашылады да, адам не тілесе сонысы қабыл болады.

«Дауыл» ескі ұғымда жел тәңірісі. Ол бүкіл желді құдыққа қамап, бүрген аузын өзі ұстайды да, ашулы кезінде ештеп шығарып қояды. Түгел босатса «ақырзаман болып, тауларды доптай ұшырады-мыс, сондықтан да бертінде қамақтар дауыл атып «сұрапыл» қойған. Кейде қатты дауыл соққанда, сұрапыл соқты дейді. Бұл ислам дініндегі жел періштесі «Исрафил» болуы мүмкін. Ондай желді ұнатпайтын көшпелі қазақтар жел тұрғызасың деп адамды, әсіресе балаларды ысқыртпайды. Э. Тэйлордың айтуынша, осындай әдет, қазіргі Шотландияда бар екен.

Әрине, мұндай түсініктердің бәрі көне замандардағы алғашқы адамдардың өздерінің айналасын қоршаған табиғаттың бәрін де жанды деп санауынан туған қиял екені мәлім. Сондықтан алғашқы адамдар Айды, Күнді, жұлдыздарды немесе табиғат құбылыстарын жанды зат есебінде санап, өздерінің тағдыры, болашағы, істеген ісінің сәтті немесе сәтсіз болуы солардың мейірбандылығында деп ұққан. Бұған мысал дінге сенуші қарттардың жаңа Ай туғанда: «Ай көрдім аман көрдім, баяғыдай заман көрдім. Бікі айда есіркедің, жаңа айда жарылқа» — дейтіні дәлел болма алады.

Осындай түсініктерді ғылым тілінде «анимизм» деп атайды. «Анима» латын сөзі, ол «рух», «жан» деген ұғым береді. Анимистік түсініктер, адам ұйықтағанда түс көру ерекшелігіне байланысты пайда болғанға ұқсайды. Бұл туралы Ф. Энгельс былай дейді: «Адам баласы өзінің дене құрылысы жайында ешқандай түсінігі болмаған және түс көру себептерін түсіне алмаған сонау өте ертедегі кезден бастап-ақ, өздерінің ойлауы мен түйсіктері өз денелерінің қызметі емес, осы денеде болатын, өлгеннен кейін ол дененің кететін ерекше бір негіздің — жанның қызметі деген түсінікке келген, — міне, сол кезден бастап-ақ олар осы

жанның сыртқы дүниеге қатысы бары туралы ойлана бастауға тиіс болған»<sup>1</sup>.

Демек, алғашқы адамдардың түсінде көргендерінің бәрін шындық деп санауына таңдануға болмайды. Міне, осыдан барып, адамның денесінен шығып, өз алдына жеке өмір сүре алатын «жан» болады деген жалған ұғым орын алған. Олардың ойынша «жан» ұйықтаған кезде, денені тастап, әлемді шарлап кезіп жүреді де, оянғанда қайта оралады деп саналады. Ал осыдан мәңгі өлмейтін «жан» бар да, өлетін «дене», «тән» бар деген түсінік туады. Мұның өзі о дүние бар деген ұғымға әкеліп тірейді.

Сол сияқты дінге сенуші қазақтардың да ұғымында «жан» деген шыбын тәрізді бірдеме. Ол ұйықтаған шақта ауыздан ұшып кетеді. Сондықтан да ұшқан жан ауызға қайта кіріп үлгермес деп қорқып, ұйқыдағы адамды кенеттен оятпайды. Есінеген шақта шыбын-жанның біреуі ауыздан шығып, адам шалажансар боп қалар деген қауіппен, аузын алақанымен басады. Ә. Тәйлордың айтуынша. Батыс Европада сондай әдет соңғы кезге дейін бар. Жанына ауру батқан шақта, қазақ «шыбын-жаным-ай!» деп сарнайды, баласын жақсы көргенде де «шыбыным» дейді.

Жоғарыда айтылғандай, табиғат құбылыстарын тәңірі санаған ертедегі қазақтар отты да қасиетті санаған. Мысалы, қазақта жаңа түскен келіншек, қайынатасының үйіне алғаш кіргенде, «от ана, жарылқай гөр!» деп отына май құяды; ал мал түліктеріне, әсіресе, жылқыға індет тигенде, олардың табындарын лаулата жаққан екі оттың арасынан айдап өткізеді; найзағай жарқылдаған кезде, есік алдындағы жерге балта, шот сияқты темірлерді жауып. «сүт көп, көмір аз» дейтін бата оқиды, онысы ошағында оттың көп болуын тілеу сияқты.

Осы айтылғандардан қазақтың дүние танымы, басқа да ұлттар сияқты, діни сенімдер мен нанымдарға негізделгенін көріп отырмыз. Олай болса, қазақ халқының діни нанымдары жайында біраз тоқтала кетейік.

Қазақ халқының исламға дейін ғасырлар бойы сеніп келген діні — шаманизм. Оның қашан шығып, қай заманнан бері тарағаны белгісіз. Бірақ басқа діндер сияқты шаманизмнің негізі де құдайға, кереметке сену екені даусыз. Ал бұл дінге сенушілердің өзіне тән ерекшелігі алуан-түрлі

---

<sup>1</sup> К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалар, 2 том, Алматы, 1956, 377-бет.

айлалы», «сиқырлы» әрекеттер жасау арқылы табиғаттан тыс «кереметті күштердің» мейірімін түсіру, «көңілін табу», бағындыру», сол үшін олармен қарым-қатынас жасап, тілдесуді арман ету, қиялдау болып табылады.

Біздің қазақ жерінде шаманизмнің қалдығы бақсылық, балгерлік, тәуіптік ретінде ислам діні тарағаннан кейін де бірнеше ғасырлар бойы, тіпті Октябрь революциясына дейін орын алып келді. Қазақтар арасында бақсылар, жер бетіндегі жын-шайтандар мен тілдесе алатын, олардың адамға жасайтын зиянды, қастанды әрекеттеріне тивым салатын кішкентай құдайсымақтар ретінде танылды.

Мұны зерттеген ғалымдардың пікірінше бақсы болу әркімнің қолынан келмейтін сияқты. Бақсы болуға нервісі бұзылған мінезі жеңіл, тез ашуланатын, нервісі жылдам қозғатын адамдар икемді болатын көрінеді.

Дінге сенуші ақсақалдардың кейбіреулері «бақсылық тұқым қуалайды» дегенге сенеді. Осыдан барып, олар пәленше дегеннің арғы аталарында бақсы болған біреу бар еді, соның бақсылығы немересіне не шөбересіне дарыпты, десіп отырады.

Жалпы шаманизм біздің елімізде Сібірде, Орта Азия мен Қазақстанда кең тараған. Қазақ бақсылығының Сібір шамандарынан бірсыпыра елеулі айырмашылығы бар. Қазақ бақсыларының «ойыны» көбінесе бақсылық өлең-сарын ретінде айтылады. Олар өздерінің «жынын» кейде «жеңсіз берен кінген, лашын құстай түйілген» деп, қалың қауға қарсы шауып, қамал бұзған батыр бейнесінде, кейде «қара шұбар айдаһар», «жер тырнақты жолбарыс», «азу тісі балғадай қара бура», «бір мүйізі жер тіреп, бір мүйізі көк тіреген көк бұқа», болмаса, әлем дүниесін бұрқ-сарқ еткізген қара бұлт, қарлы дауыл бейнесінде келтіреді. «Кейбір ұзақ айтылатын сарындарда бақсының бір емес, бірнеше «жыны» суреттеледі, оларды адам ұғымындағы ең күшті нәрселерге теңеп, салыстыра отырып, жырға қосады, тыңдаушының көз алдына елестетпек болады»<sup>1</sup> — деп жазды профессор М. Ғабдуллин.

Қазақ бақсылары, Сібір шамандарындай, арнайы киім кимейді. Дін жайын зерттеуші ғалымдардың пікіріне қарағанда бақсы, шамандар өз практикасында халықтық өнері де пайдаланатын сияқты. Онымен бірге олар зікірлеген

---

<sup>1</sup> М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Алматы, 1964, 59-бет.

кезде ит болып үреді, жылқы болып кісінейді, қой болып маңырайды, т. б.

Бақсылардың да өзіне тән мифологиясы бар. Халық арасында олардың қызған темірді жалауы, семсердің жүзімен жүру, тасты жуан темірлерді тізеге салып сындыру, тіпті адамды бауыздап, қайта тірілтуі сияқты аңыздарды, өз көзімізбен көрдік дейтіндері бар. Бұл тегі гипнозға байланысты әрекеттер болса керек.

Тіпті қазіргі уақытта да мұндай кереметтер жасайтын, көреген, білгір, жоқты тапқыр киелі, әулие адамдар бар дегенге сенушілер бірлі-жарымды болса да табылып қалады.

Ислам дінінің қазақ арасына тарауы жайында бірер сөз. Рас, бұл жайында орысша, қазақша және басқа да тілдерде жарияланған исламды зерттеуші ғалымдардың еңбегі аз емес. Әйтсе де, қазақ халқының дүние танымына байланысты азды-көпті әңгімелей кеткеніміз дұрыс сияқты.

Ғалымдардың айтуынша ислам дінін таратушы Мұхаммед тарихта болған адам. Ол біздің жыл санауымыздан кейінгі 570 жылы, Арабстанның Мекке қаласында туады. Руы — Курайш, әкесі — Ғабдолла шешесі — Әмина, Жас кезінде әке-шешеден жетім қалған ол әртүрлі кәсіптерге (әсіресе саудагерлік сапарларда) үйренеді. 40 жасында пайғамбарлық атаққа ие болып, жалғыз аллаға табынатын ислам дінін насихаттауға кіріседі.

Бұрын көп құдайшыл — мәжусилік ұғымда болған араб тайпаларының көпшілігі исламға қарсы болып, Мұхаммедтің немере ағасы Әбужаһилдің бастауымен жаңа дінді насихаттаушы пайғамбарға қастандық жасап, оны өлтірмекші болады. Осы бопсаға шыдай алмаған Мұхаммед 622 жылы Меккеден Мәдинаға қашады. Тарих тілінде бұл қашудың аты һижарат. Мұсылман дініндегілердің жыл санауы осыдан басталады. Биылғы 1973 жыл һижараттың 1351 жылы.

Ислам дінін Мәдинадан таратқан Мұхаммед ол үшін «ғазуат» деген атпен соғыс жүргізіп, һижыраттан екі жыл кейін Шам (Дамаск) өлкесін басып алады; келесі жылы «ұхыт» тауының төңірегіндегі көшпелі арабтарға шабуыл жасап, одан жеңіліп қалады. Бесінші жылын Ұхыт елінің басшысы Әбусафиян Мәдинаға шабуыл жасап, жеңілгеннен кейін, әскерімен тұтас ислам дініне кіреді.

Ислам дінін осылайша соғыс күшімен таратқан Мұхам-

мед сегізінші жылы он екі мың әскермен Меккені алуға аттанады. Оған дейін Ғаббас есімді бір туысы, ислам дінін Меккеде жасырын таратып жүреді. Ол Мұхаммедке бұл шаһардың тұрғындары да жаңа дінді қабылдауға бейім екенін айтады.

Мекке алынғаннан кейін, Мұхаммедпен соғысуға күші жетпейтін ұсақ рулар, Мәдинаға елшілерін жіберіп, исламды жанжалсыз қабылдауға көнетіндерін хабарлайды.

Ислам діні қызу тарап жатқан шақта, һижыраттың оныншы жылында Мұхаммед науқасқа шалдығып, өлер алдында билікті «шаһаряр» аталатын сенімді серіктеріне тапсырады. Бірінші әкім Әубәкір сайланып, һижыраттың 12 жылында, алпыс үш жасында қайтыс болады. Оның тірі кезінде орталығы Мәдина болып, араб халифатына (патшалығына) Бағдад және Басыра өлкелері қосылады.

Әубәкірден кейін халиф болған Омар Құддусқа (Иерусалимге) дейін жаулап алып, халифат аумағын кеңіте түседі. Сол жорықтан Мәдинаға аман қайтқан Омарды, һижыраттың 28 жылы, бір дұшпаны өлтіреді.

Негізінде Мұхаммедтің өзі де, одан кейін халиф болған Әубәкір де, Омар да, Әлі де сауатсыз болған адамдар. Бұлардың ішіндегі сауаттысы тек Оспан ғана болса керек. Ол «Араб алфавиті» аталатын әріп таңбаларын, яғни Құранның «ғаламат» таңбаларын жасаған осы Оспан екен деседі. Африканың біраз өлкесін, әсіресе Мысырды (Египет) жаулап алған да осы Оспан екен. Бірақ һижыраттың 35 жылында, дұшпандары оны да өлтіреді.

Оспаннан кейін, «Мұхаммед пайғамбар атын кідіріп алады» дегенді сылтау еткен Мағауния басқарған қарсыластар тобы Ғалидың халифтығын біраз уақыт танымай, осыра соғысып, қатты қырғынға ұшырайды. Ақыры Мағауния халифатты бөліп әкетумен тынады. Ғалидың кезінде араб мемлекеті кеңіп, Иран елдері де бағынады. Сондықтан олар Мұхаммедтен гөрі Ғалиды ұлық санайды. Һижыраттың 40 жылында 63 жастағы Ғалиды да өлтіреді. Орнына оның әйелі Фатимадан (Мұхаммедтің қызынан) туған Хасен отырады. Бірақ ол тақта ұзақ отыра алмай, алты айдан кейін күші басым Мағаунияға бағынады. Осымен Мұхаммед әулеті басқарған әкімшілік бітіп, билік Мағауния қолына көшеді.

Арабша Үммәя (шеше мағынасында) аталған халифат 92 жыл өмір сүріп, арабияның шығыс жақ қанатын Орта Азия арқылы Үндістанға, батысын Испанияға жа-

йып, өз тұсында дүние жүзіндегі ең зор империяның бірі болады.

Соншама қанатын кең жайған Үммәя мемлекетін, нижыраттың 132 жылында Мағауия ұрпағынан Мұхаммедпен аталас Ғаббас алып, астанасын Бағдатқа көшіреді де, нижыралық IV ғасырға дейін дәурен сүреді, арабтар жаулап алған өлкелерге әкімшілігін кеңіте, нығайта түседі.

Нижыралық IV ғасырдың басында түріктер көтеріліп, Каспий төңірегінде Сельжук аталатын мемлекет құрады да, арабтар ықпалынан біртіндеп босанып, ірі мемлекетке айналады. Күшейген Сельжук нижыраттың 831 жылы (біздің жыл санауымыздың 1453 жылы) Қара теңіздің жағасында ғасырлар бойы күшті мемлекет болып, дәурен сүрген Византия (шығыстық Рим, қазақша Рум, «ұлың ұрымға, қызың Қырымға кетсін» деген қарғыс осыдан шыққан) мемлекетін құлатып, астанасы Константинопольды (Стамбулды) басып алады. Сол соғыста ақылды қолбасшылық көрсеткен Сейіт-Батталды түркі елдері аңыздағы батырға айналдырып, есімін тарихқа қосты.

Стамбулда (түріктерше Ислампол, қазақтың «сен есіме түскенде, беу қарағым, кемесіндей Ислампол бұраңдаймын» деген өлеңі осыдан туған) түріктер патшасын «сұлтан» деп атады. Бертінде хан ұрпақтары да өздерін «сұлтан» дескен. Қазақ даласына хан тұқымынан қойған әкімдерін Россия патшалығы да «сұлтан» деп атаған. Қазақтың «кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалы осыдан шыққан. Мемлекеттік құрған түріктер күшейе келіп, нижыраттың 699 жылы сұлтан болған Ғұсманбектен кейін, бұл мемлекет «Оспандық түркия» аталды. Ғұсман 726 жылы өледі. Бірақ ол басқарған мемлекет кеңейіп, кейін «Анатолий» аталатын империяға айналады. Оның жұрнағы қазіргі Түркия.

Исламның туу және дәуірлеу тарихы осындай.

Ислам қазақ арасына кешігіп тараған сияқты. Оған бір дәлел, XIV ғасырдың аяғында Арабстаннан Орта Азияға саяхат жасаған Ибну-Хаукель, «Үлгілі хабарлар» аталатын кітабында мұсылмандар мен түркілер арасында, XVI ғасырда болған соғысты сипаттайды. Бұл жерді оның «мұсылман» дегендері Орта Азияның исламды қабылдаған қазақ рулары болса керек.

Өзбек ханы Шайбани (1451—1510) заманында, оның қарамағындағы ғұламалар (дін идеологтары) қазақты мұсылман емес деген пікір қалдырған.

Шоқанның айтуынша XIX ғасырдың ортасына дейін, ислам қазақтың қанына сіңген дін болмаса керек. Сондай-ақ ислам дінді орыс патшалары татар молдалары арқылы таратып сіңірді.

Қазақтың ислам дініне оншама беріле сенбейтініне мына төмендегі фактілер куә бола алады.

Теңдік бермейтін қиянатшыл, жауыз біреу туралы нағыз алаңданды, қазақ оған «көкте құдайдың, жерде құмайдың емі келмейді» дейді. Құдайы — алла, құмайы — аң атауының бәрін де жейтін, мифологиялық ит. Құдайды құмайға теңеуі қазақтың дінге сенушілерінің оған қандай көз қарасты екенін көрсетеді.

Исламның қасиетті санайтын кітабы — Құран. Ол «құдай сөзі» ретінде саналады. Алайда қазақ құраннан нанды бағалары бағалайды. Мысалы, «қол жетпейтін биікте нан тұрса, құранға шығып, оны алуға болады» дейді.

Ислам дінінде бүкіл аят атаулының алдында «ағуз» деген сөз тұрады. Ол — «шайтанның шерінен (азғыруынан) сақта» деп тәңіріден тілеуі. Қазақтар бұл сөзді де келекелеп: «Ала байтал-құнажын, ағу, белла-һи, міне, шайтан рәжім» дейді. Мұсылмандарда әрбір әрекетке (қимылдарға) еңсер алдында «Бисмилләни», яғни — алланың есімін атайды. Оны аз қолданатын қазақтар «байғұстың асын шемілдә тауысады» деп мазақтайды.

Білішсінген баланың әкесіне ақыл үйретуін ұнатпаған балақ әкесіне баласы кәлкәусәр (аят аты) үйретті» деп маекелейді. Құранда көп оқылатын бір сүренің аты «Ясин». Қазақтар ол жайда «жасын, әкел қойдың басын, алмассаң басын, оқымайды жасын» дейді. Сондай-ақ «Ұра берсе құдай да өледі» деп қазақ Құранда айтылған құдайдың өлмейтін мәңгілік екеніне сенімсіздік білдіріп, маекелейді.

Ислам дінінде жақсылықтан басқаны ойламайтын адамдықтың нышаны ретінде саналатын ең әділ, ең турашыл мифтік бейне періштені де қазақ: «алтын көрсе періштені жолдан таяды» деп, оның да адаалдығына күмән келтірмейді.

Сол сияқты қазақ халқы ислам дінін уағыздаушы молдаларды, қожаларды да өткір сынады. Олардың елдің ерлерінен күн көретін арам тамақтар екенін, алдамшы, опаттылық өрескел әрекеттерін әшкерелейді. Мұның бәрі мазмұны жағынан өтімді мақал-мәтел түрінде айтылады. Оған: «Тәуір мешітке көкек азаншы, есі кеткен ауылға есек азан-

шы» деп молданы есекке теңеу, немесе «аңқау елге арам молда», «дүмше молда ел бұзар», «сопы сұмнан шығады «өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді» «қожа, молда елді аздырады, қурай, құмай жерді аздырады», т. б. осы сияқты мақал-мәтелдер куә болады.

Алланы тану, ислам дініне сену жайындағы қазақтың ұғымы осындай.

**Намаз.** Әрбір мұсылманның құдайға «құл» екендігін таныту нышаны бас июі. Мұны, құлшылық ету деп атайды. Намаз күн сайын бес уақытта өтеледі: таң сәріде, түс күн батарда, іңірде, жатар алдында. Намазды өтеу алдында адам сумен тазаланады, оның аты — дәрет алу. Су жерде шаңмен тазаланған болады. Оның аты арабша тәмим, қазақша — дембі. Намаз жайында қызық әңгіме бар. Қазақтың көп руларының бірі — Уақ. Одан қара қас атты Қамбар, Еркөкше, Ерқосай, Сары. Баян сияқты халыққа, тарихқа аты белгілі батырлар шыққан. Уақ, Орта жүзге жатады. Мекені — Семей, бұрынғы Ақмола аталы өлкелерде.

Уақтың бір атасы Ергене, Аңызда осы Ергене намыс оқуды білмей (исламға кешірек кірген болу керек), ел аралап жүрген қожадан «ол не?» деп сұрапты-мыс. Қожаның қулығы ма, мысқылы ма? — «Бал арасын ұясымыз үйіңе жинап алсаң, намаз үйретеді» депті. Соған нанған Ергене ебін тауып, бал арасының бір ұясын қапшыққа салып үйіне әкеліпті де, өзі сияқтыларды жинап, намаз үйретер деген үмітпен араларды ұядан шығарыпты. Босанған аралар жабыла талаған кезде, шыдай алмаған Ергене басқалары да сасқалақтап үйден қаша жөнелгенде Ергені кигіз үй есігінің «ергенек» аталатын жақтауын мойнына іле кетіпті. Ергенені бір туысы іздеп сұрау салса, көргені біреу «ергенегі мойнында, намаздары қойнында» депті. Сондықтан Қалды атын жұрт өзгертіп Ергене атап кеткен екен, деседі.

Үлкендерден естуіміз: қазақтар ертеректе (шамамен XVIII ғасырға дейін болса керек) намаздың шартын, дұрылықтарын білмеген шақта, намазға «ақ қойдың келдесі (басы), қара қойдың келдесі, мен құдайдың пендесі» маңығыла берген.

Намаздан кейін әрбір мұсылман орындауға міндетті «ораза» бар. Ол жыл сайын арабша «рамазан» аталатын айда болады. «Аузын бекіткен» адам таң сәріден күн батағанға дейін, дәм татпай аш жүруге мәжбүр болады.

Түсінікте «ораза, намаз тоқтықта, қарны ашқан молда-  
ның сүдесі қалар боқтықта» деген де мақал бар.

Оразаны мадақтайтын арабша «иә, шәһри рамазан»,  
көбінесе «жарапазан» аталатын жыр бар. Оны ел ақтап  
жүргендерді қазақ «жарапазаншы дейді. Жырдың араб-  
ша, орысша, шығатайша, немесе татарша сөздерін білмейтін қа-  
зақ жарапазаншылары:

Мінгені пайғамбардың жирен дейді,  
Бес намаз шамаң келсе үйрен дейді.  
Бес намаз шамаң келмей үйренбесең,  
Тіліңді темір істікпен түйерей дейді,—

Осы қазақ фольклорына айналдырып жібереді. Қазақта  
жарапазаншылық, қайыр сұраудың дінге негізделген бір  
жыры.

**Хажылық** — күші жеткен адамның Меккеге барып,  
Кабаныңа (құдай үйіне) тауаф етуі (құлшылық ұруы).  
Бұл міндетті өтеген адам «хажы» аталады. Хажылыққа  
бару үшін, оған барушыларға жергілікті әкім — губер-  
нияның рұқсаты керек. Сондай адамдардың бірі Құнан-  
бай Омыға барып, жол жайын біледі-ау деген Шоқан  
қараөзінше ақылдасады. Шоқан оған:

Тура жолы: Одесса қаласына поезбен барып, одан  
Каспий теңізіне және Орта теңіздер арқылы кемемен кету,—  
бұл жол бұл жолмен қазір жүре алмайсыздар, өйткені  
қазір арада Россия мен Түркия соғысқалы жатыр. Соғыс  
болса теңізден кемемен жүру мүмкін емес.

Тіпті қалай жүреміз?

Гек, Каспий және Қара теңіздерінің күнгей жағасы  
қазірден кетуге болады, ол ауыр да ұзақ жол.

Құнанбай да, Аққозы мен Бименді де бұл қиындыққа  
қарамай Олар қарулы жас жігіттерден 25 нөкер алып, бір  
күннен сүрт, ірімшік, сүр, жент сияқты бұзылмайтын азық-  
түлік алып, екінші түйеге керекті киімдерін артып, жолға  
кетті.

Бұл сапардан,— дейді білетіндер Меккеге кеткендер  
өкінішпен, үш айда оралыпты-мыс.

Шоқанның ислам діні туралы жазғандары бойынша қа-  
зақ еліне хажылыққа барушылар көбейген. Сонда олар  
ислам дінін құмарлықтан емес, хажылық атағын жаю  
арқылымен барған, себебі қазақ елінде «хажы» деген  
сөз қызығарлы адамдар болған. Осы дақыртпен ислам  
діннің хабары жоқ кейбір байлар да Меккеге бара берген.

Бұл жайында XX ғасырдың басында өзім туған өлкедегі болған бір оқиғаны мысал ретінде айта кетейік.

Керей руында Айдостың Андамасы деген бай өткен Малы көптігінің үстіне ол маңайдағы ел ішінде бірінші болып ақша жинаған көрінеді. Соның қол астында арабша және орысша сауаты бар әрі ақылды, әрі пысық жасы Андамастан кіші Рамазанның Абылайы деген кісі болған. Со. Абылай Андамастың көп ақшасын пайдаланып, жер көріп, ел араламақ болады да, оны Меккеге, хажылыққа баруға азғырады. Хажылықтың не екенін білмейтін Андама Абылайдан түсінеді де, «өзім адасып өлермін, сен бастасаң барайын» дейді. Абылайға керегі де сол.

Ол кезде Меккеге барушылар жол шығынына көп дегенде бірер мың сомды әзер табады екен. Ал Андамасқ Абылай жиырма мың сом алдырып, екеуі сапар шегеді. Бірақ бұлар басқа хажылар сияқты шөл даламен емес, поез бен Ламанышқа жетіп, одан әрі Атлантика мұхиты арқылы бүкіл Европаны жағалай, қажетті қалаларына тоқтай отырып, Жер Орта теңізіне шығады. Мысырға, одан Суэ каналынан Жидда портына барып, ар жағында жақы тұратын Меккеге дік ете түседі. «Сонда,— дейді айтушылар,— құрбан шалатын күнге әрең жеткен екен. Ол күнгілікпесе қажылығы өледі екен». Бірақ, оған Андамас қайғырмай: «Ақшаның қызығын көрдім-ау» депті.

Өзге де қызықтарды құмарта көрген Андамастың Мекке жеріне көңілі толмаса керек. Қажылықтан еліне келгенде, одан әркімдер: «Меккеде не көрдің? Қалай екен?» десе Андамас: «Ит байласа тұрғысыз жер екен. Атағы сонда бола тұра, жарықтық пайғамбар жаман жерге неге қоныс таған?!» депті де, барған жерінің атын білмекші болып:

— Осы, біз іздеп барғанның аты кім еді?— депті Абылайға.

— Біздің арғы атамыз Мәмбет бар ғой. Соны бұрмалап айтсаңыз «Мұхаммед» болып шығады депті Абылай.

— Оның бағынатын ешкімі бар ма?

— Құдайдан басқа ешкімі жоқ.— депті Абылай.

— Қай құдай,— депті Андамас,— біз бағынатын ба басқа ма?

— Әрине, сол! Сонда, санын бір-ақ соққан Андамас

— Ол да біз бағынатын құдайға бағынса, осы жолға жұмсаған шығынымды Керей-Уақтың қаріп-қасерлерін үйде отырып-ақ үлестіре бермей, мықтының өзіне жалбарынбай, біреу арқылы жалынып, оған неге бардым?» депті

Медресесі, мешіті жоқ сауатсыз ауылдағы ислам дініне сенетін қазақтардың тәңірі туралы, оған өтейтін міндеттері туралы түсінігі де, атқару түрі де осындай түрліше.

«Харам» (қазақша — арам) деген сөзді қазақтар арабтан басқаша түсінеді. Арабта «харам» тыйым салынған нәрсе, мысалы, Меккеде Мұхаммедке құлшылық ететін мешітті «харам» дейді. Оған мұсылмандардан басқалардың кіруіне әлі күнге дейін тыйым салынған. Мұсылман әкімдері немесе имамдары көп әйел алған. Соларды жұртқа көрсетпей ұстайтын мекенді де арабтар «харам» (орысша-гарема) деген.

Қазақтар «харамды» өз мағынасында емес, жолауға болмайтын жаман «арам» нәрсе мағынасында ұғады. Ислам дініндегі елдер тек бауыздалған малдың етін ғана жейтіні мәлім. Ал исламға дейінгі қазақтар малды: «Сенің өлгенің жаңа, менің көргенім жаңа» деп, найзамен шаншып өлтіреді екен де, етін жейді екен.

Әр дінің өзінше харамы (арамы) бар. Мысалы, христиан дініндегілер түгелімен жылқы етін арам санайды. Ислам дініндегілердің ішінде де жылқы етін арам деп жемейтін халықтар аз емес, мысалы, арабтар, парсылар, түрікпендер, азербайжандар жылқы малын аз өсіргендіктен оны соғыста және шаруашылықты көлік күшіне ғана санаған. Осыған байланысты болу керек, жылқы етін арам деп оны жемейтін болған. Ал көшпелі елдердің, бұлардың ішінде қазақтардың көп өсіретін малы жылқы болғандықтан, оның сүтін, етін пайдаланбай отыра алмаса керек. Ал оның есесіне бүкіл ислам дініне сенуші халықтардың барлығы дерлік шошқа етін арам деп санайды.

Сол сияқты араб тілінде, некесіз әйел — нә-махрам. XIX ғасырда жасаған атақты Орынбай ақын Көртағыұлы бір жынында әйелдер отырған тұсқа қарай берсе керек. Соны көрген Ақан сері эзіл тастап:

Ореке, біз бір қайық, сіз бір кеме,  
Сөзімде қате болса, сөге көрме,  
Пайғамбардың жасына келген шақта,  
Нә-махрамға көз салған бұның жөн бе?—

депті. Сонда Орынбай:

Ежелде жақсы ат пен тон малдыда,  
Ақыл-айла болмайды жоқ жарлыда,  
Фарыз, уәжіп, сүнетті түгелдеп боп,  
Жалғыз-ақ, «нә-махрам» деген сөз қалды ма?—

деп жауап қайырған.

Қысқасы қазақтың ислам дініне бағынуына бірталай уақыт болғанымен, жоғарыда айтылғандай, қазақ арасында ол тамырын терең жібере қойған жоқ.

Мыңдаған жылдар бойына жәрдемді мифологиядан, яғни ойдан жасаған тәңіріден таппақ болған адамзат, біраздан кейін ондай тәңіріні өз болмысынан, яғни денесінен іздеген. Сондағы тапқаны аруақ.

Ойдан шығарылған мифологиялық құдайлар мен аруақтарға сиынған адамзат өзінің тіршілік үшін күресінде, дәрменсіз болған кезінде «жәрдемші» күшке сенген еді. Сондықтан да ондай «жәрдемшілерді» олар ойдан шығарып, ақырын тәңіріге айналдырған.

Алайда адам баласы тіршілігіне қажетті еңбек құралдарын жасап, оларды үнемі жетілдірудің нәтижесінде табиғатқа белсенді «әсер етіп, бертін келе, ғылым мен техниканың өрістеуіне байланысты адамдардың табиғаттан тыс ешқандай «жәрдемші» күштің жоғына көзі жете бастайды. Сөйтіп, өз бақыты өздерінің қолында, тек өз ақылы мен еңбегіне ғана қатысты екенін түсінеді.

Ал дінге келетін болсақ, олардың қайсысы болсын ғылымға, ғалымдарға қарсы ғасырлар бойы күрес жүргізіп, ертедегі көрнекті ғалымдарды қудалап, оларды тәңірі танымайтындар, құдайсыздар яғни еретиктер деп жариялап, орта ғасырлардағы инквизиция сотымен соттап, дарға асып, тірідей отқа жағуға дейін барды. Сол құрбандардың ішінде Италияның атақты ғалымы Джордано Бруно (1548—1600) т. б. болды. Бірақ олар инквизиция сотынан, өлім жазасынан қорықпастан ғұмырының ақтық минутына дейін өздерінің ғылыми идеясының дұрыс екендігінен бас тартпай, оны ақырына дейін қорғады. Сол сияқты француздың қолбасшы батыр қызы Жанна д'Аркты да бұл елді жаулап алған ағылшындар құдайсыз деп айыптап, тірідей өртеген. Француздардың сол орынға қойған ескерткішін және сөнбейтін от (факел) жаққанын 1961 жылы өзіміз де көрдік. Сол ескерткіш тұрған жерге барушылардың леклегі күн ұзын арылмайды.

Ой-сана өркендеу жолында ең алғаш дінге диалектикалық материализм тұрғысынан нағыз ғылыми түсінік берген марксизм. Маркстің айтуынша, «дін халықтың басын айналдыратын апиын».

В. И. Ленин өзінің «Социализм және дін» деген еңбегінде «Дін дегеніміз өмір бойы басқа біреулерге жұмыс істеумен, мұқтаждықпен, жалғыздықпен жаншылған халық бұ-

қарасын барлық жерде бірдей басқан рухани езгінің бір түрі. Жабайы адамдардың жаратылыс пен күрестегі әлсіздігінің құдайға, жын-шайтандарға, кереметке, т. б. нануды туғызатыны сияқты, қаналушы таптардың қанаушылармен күрестегі әлсіздігі де — ол дүниедегі жақсы тұрмысқа нануды сөзсіз туғызады. Бүкіл өмірін жұмыс істеп, мұқтаждықпен өткізіп жүрген адамды дін бұл дүниеде шүкіршілік етуге, шыдамдылыққа үйретеді, құдай ол дүниеде жарылқайды деп жұбатады... Дін... адамға лайық аздықөпті тұрмыс жөніндегі өздерінің талабын тұншықтыратын рухани удың бір түрі»<sup>1</sup> деп діннің реакциялық мәнін терең талдайды.

Мінеки, қанаушы тап үстемдігі кезіндегі діни сенім жайы осындай.

Тек Октябрь революциясынан кейін ғана Ұлы Ленин ұйымдастырған Коммунистік партияның басшылығымен бұрын қараңғы халық дін шырмауынан босанып, жаппай білім алуға, сан алуан ғылым жүйелерін игеріп, оны дамытуға ат салыса кірісті. Қазақ елі өзінің Советтік дәуірдегі жарты ғасырдан астам өмірінде, экономикасы, мәдениеті еселеп дамыған ең ірі республиканың бірі болды.

Бұдан елу жыл бұрын көрмек түгіл атын естімеген радио, телевизор, көгілдір от (газ), су құбыры, электр жарығы қазір әр ауылда, әр үйде бар. Бұрынғы шаңы аспанға шығатын жауын-шашын болғанда ми батпақ болып кететін жолдардың орнына асфальтті және темір жолдары салынды. Қазіргі жолаушы поезд бен автомашинаны місе тұтпай, барар жеріне самолетпен кететін болды. Телефон, телеграф сымдары кең даланың өн бойын торлап жатыр.

Мәдениетті, отырықшы ауылдар, қалалар, салтанатты сарайлар көбейді. Бастауыш орта мектепті жүздеп, мыңдап, жоғары оқу орындарын ондап санаймыз. Оқымысты, мамандар да толып жатыр.

Советтік дәуірге дейін «батыр» немесе «ер» атағы тек соғыста ғана еркектер қатарынан шығатын еді. Адамзаттың мыңдаған жылдық тарихында адам еңбегін бағалап, оны құрмет тұту тек советтік дәуірде ғана пайда болды. Қазір бір Қазақстанның өзінде мыңнан аса Еңбек ерлері бар, олардың екі жүзден астамы әйелдер. Ал солардың ішінде мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, мамандармен қатар сауыншы, малшы, егінші, теміржолшы, тракторшы, ком-

---

<sup>1</sup>В. И. Ленин. Шығармалар, 10-том, 71—72-беттер.

байыншы, жұмысшы, мұғалім сияқты қарапайым еңбеккерлер де көп.

Сондықтан, қазіргі азат еңбек иелері, тіршілігіне жәрдемді мифологиялық күштерден емес, өзінің қажырлы еңбегінен күтеді. Ұлы ақынымыз Абайдың:

Еңбек етсең ерінбей  
Тояды қарның тіленбей,—

дейтін өнегелі сөзі советтік социалистік дәуірде ғана өзінің шын мәніне ие болды.

## 2. ТІЛІ

Кейінгі есеп бойынша дүние жүзінде мыңдаған тіл бар. Қазақ тілі соның ішіндегі түрік тектес тілдер тобына кіреді.

Сөздерінің көпшілігі түбір алдынан қосымша, артынан жұрнақ жалғау арқылы жаңа туынды сөздерден құрала-тын тілдер бар. Оларға араб, орыс тілдерін жатқызуға болады. Ал қазақ тілі түбірге тек соңынан ғана жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Қазақ тіліне түбірге алдынан жалғанатын сөздер иран арқылы келген. Мысалы, бақсыз — бейбақ, тарапсыз — битарап, қамсыз — бейғам, тағы тағылар.

Түркі тілдес халықтардың сөздерінің басында кейде «я» немесе «ж» әріптері алмасып келіп отырады. Мысалы, кей тілдегі яхшы қазақта — жақсы, яш — жас, яман — жаман... ямғур — жаңбыр, яхия — жақия, тағы тағылар.

Біраз тілдермен салыстырғанда қазақтың көшпелі тұрмысы көрші елдердің тіл ықпалына аз ұшыраған. Мысалы, азербайжандар мен өзбектерге иран мен араб сөздері, ұйғырларға қытай, моңғол сөздері, Еділ бойының түркілеріне орыс сөздері көбірек кірген. Татарлар «тазарту» деудің орнына «чистарту» дейді.

Дегенмен, қазақ тілінде де көрші тілдердің әсері жоқ емес. Мысалы, соғда заманынан қалған иран сөздерінің, Шыңғыс ордалары кезінен қалған монғол сөздерінің, ислам діні тарағаннан бері кірген араб сөздерінің элементтері қазақта да бар. Бірақ, қазақтар ол сөздерді өз тілінің үндестік (сингармонизм) заңына бағындырып: иранның «пешене» (маңдай) деген сөзін «бесене», «ромаль» (бет сүрткіш) деген сөзін «бәтуа», «құрбан» сөзін «құрмалдық», «рузаны» «ораза» деп айтты, қатын-қалаш, тоқты-торым,

бала-шаға дегендегі қос сөздердің екінші қосағы: қалаш торым, шаға дегендер монғолша атаулар. Мен «Орысша-монғолша сөздік» аталатын кітапты құрастырғанымда мағынасы қазақ пен монғолға ортақ мыңға жақын сөздерді ұшыраттым.

Иран тілінен келген «қар» «гар», «шы» жұрнағы қазақ тілінде өте көп сөздер жасауға себеп болған. Мысалы, саудагер, қаламгер, зергер, дәрігер, сайыпкер, мұрагер, айлакер, тағы тағылар. Бұл жұрнақтардың біразы қазақтың «сауда», «мұра» сияқты байырғы сөздеріне жалғасады. Біразы араб иә иран сөздеріне жалғасады. Мысалы, «зер» иран тілінде «алтын». Зергер алтыншы; арабша «һүна» — гунәһ, қазақша — күнәкар, айыпты тағы тағылар...

Орыстан келіп қазаққа сіңісті болып кеткен сөздер де аз емес. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, ер-тұрмандарынан, ыдыс-аяқтардан: самовар — самауырын, кровать — кереует, хомут-қамыт, дуга — доға, т. б. сияқты сөздер аз емес.

Осылай көрші тілдермен ауыс-түйісі болмаған тіл дүние жүзінде жоқ. Қай халықтың тілі неғұрлым бай болса, өзге тілдермен араласуы да соғұрлым басымырақ келеді.

Тілдің тіршіліктегі мәніне қазақ ежелден ерекше көңіл бөлген. Сондықтан да «өнер алды қызыл тіл» дейді.

Қазақтың тіл өнерінің бай екендігін, оның фольклоры (ауыз әдебиеті) растайтын дәлелдерді мақал-мәтелдерден алған мысалдардан айқын көрдік. Оларға «шешендік» сөздерді, әрқилы жырларды қоссақ, тіліміз тіпті молайып, көркейіп кетеді. Осы жерде айта кететін бір жағдай: жер көлемі бес Франциядай жайылып жатқан, оның үстіне Октябрь революциясына дейін ұлттық тұтас мемлекеті, мектебі, баспасөзі болмаған қазақ халқының өзіндік тілін ғасырлар бойына таза сақтап келуі қайран қаларлық іс. Қазақтың кең даласының түкпір-түкпірінде бытырап жүрген қазақ руларының тілдерінде аздаған жұрнақтық өзгешелігі болғанмен, түбір сөзінде түк айырма жоқ. Семей жағы «ашы» деудің орнына «ашты» дейді, соған қарамай өз шығармаларында Абай тілі ашты демей тілі ащы деп жазады. Арқа жағында «әшәдду» деген сөзді қолданады. Онысы арабтың «тәшшит» — «қатты» деген сөзінің ұғымын береді. Қостанай Жамбыл, Алматы қазақтары «көрім» дегенді «жаман», «сұмырай» мағынасында қолданады. Қызылжар, Семей, Өскемен жағында ол жақсы дегенді білдіреді.

Осылар сияқты мардымсыз айырмашылықтар болмаса,

қазақ тілі қазақтың қай жүзіне, қай руына болса да ортақ: аралары тым алшақ Каспий түбегі мен Алтай тауын, Сырдария мен Ертісті мекендейтін қазақтардың тілінде де, әдет-ғұрпында да, салт-санасында да, мінез-құлқында да көзге түсерліктей айырмашылық жоқ. Неге бұлай екендігіне дәлелді жауап берген ғалым әзірге жоқ. Біз де бұл сұрауға нақтылы жауап бере алмаймыз. Тіл туралы қорытынды ретінде әзірге айтарымыз, халық тілінің мол байлығын, жазба әдебиетімізде бірінші рет, мазмұнын байыта отырып, молынан пайдаланған адам Абай Құнанбаев. Ол өз шығармаларын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деп бастап, «Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ» деп қорытындылайды. Абай қазақ тілін мәдениеттің биік сатысына шығарып кеткен. Оның бұтағын жемісті мол дараққа (ағашқа) баласақ, қазақтың одан бергі әдебиетшілері соның өн-бойынан өрбіген жемісті бұтақтар.

Абайдан бергі қазақ тілі тек советтік дәуірде ғана жоғары оқу орындарында оқытылып, баспасөзде жан-жақты өрістеуге мүмкіндік алды. Ол ғылым мен техника жетістігін еркін сипаттап, өз оқырмандарына баяндап бере алатын дәрежеге көтерілді. 14 томдық «Қазақ энциклопедиясы» шыға бастауы да қазақ тілі дамуының биік шыңы болып отыр. Тіл байлығы туралы ендігі сөз, «Жан азығы» аталатын арнаулы бөлімде толығырақ айтылады.

### 3. МЕКЕНІ ЖӘНЕ ЕЛДІГІ

Қазақ халқының көне замандардан қалыптасқан жер көлемінің батыс жағы Каспийге, шығысы мен терістігі — Сібірге және Алтай тауларына, күнгейі — қазіргі Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қарақалпақ автономиялы республикасына шектеледі.

Көлемі бес Францияға, тоқсан екі Бельгияға пара-пар келетін бұл өлкені қазақ халқы шетел басқыншыларынан қорғап, Октябрь революциясынан соң Советтік Қазақстан өлкесіне айналды. Қазақстан жері алуан түрлі кендерге өсімдіктер мен жан-жануарларға аса бай екені социалистік құрылыс жылдары анықталды.

Бұл тақырыпта 1971 жылы орыс тілінде, «Көшпелі қазақтардың шаруашылығы» деген атпен замандас ғалымымыз Серғали Толыбековтің кітабы шықты. Осы кітапта қазақ халқының ертедегі тұрмысы, шаруашылығы да едәуір қамтылады.

Химия ғылымында көрнекті тұлға саналатын Дмитрий Иванович Менделеев (1834—1907) ашқан химиялық элементтер кестесінде көрсетілгендердің бәрі қазақ даласынан Совет өкіметі жылдары табылып, мұнда дүние жүзіндегі ең ірі металлургия заводтары орнады. Қазақстан, әсіресе, түсті металдарға өте бай. Ұлы Отан соғысы жылдары жауға атылған оқтарды жасауға жұмсалған түсті металдың көпшілігін Қазақстан берді.

Қазақ жерінің кен байлығы осындай бай болса, алтын астығы да мұнан кем түспейді. 1953 жылы партия мен үкіметтің қазақ жерінің тыңын көтеру туралы қаулысы шықты. Осы қаулыға сәйкес 1954 жылдың көктемінен бастап, жаралғалы соқаның түрені тимеген кең өлкенің миллиондаған гектар тың жері көтерілді. Сөйтіп Қазақстан жыл сайын миллиард пұттан астық жинай алатын болды. Мысалы, ол 1972 жылы Отан қоймасына бір миллиард пұттан артық астық құйды.

Сөйтіп, қазақтың ғасырлар бойы құлазып жатқан кең даласы қойнын кең ашып, еліміздің мол байлығына орасан зор үлес қосты.

Қазақта «ел», «жұрт», «халық», «отан», «ағайын» деген сөздер бар. Бұлардың бәрі де ру мағынасынан әлдеқайда кең, олардың әрқайсысының тұтас бір ел, халықтар сыйып кетерлік мағынасы бар.

Ең алдымен «ел» туралы. Бұл орыстың «стран» деген сөзімен пара-пар. Қазақ мұны үлкен сөзге санап: «елдің елдігін білмеген, құдайдың бірлігін білмейді», «ел іші — алтын бесік», — дейді.

«Ел» кейде: орыс елі, қазақ елі, үнді елі... деген сияқты мемлекет мағынасында да айтылады. Бір мемлекеттен екінші мемлекетке өкіл болып баратындарды «елші» деп атау сондықтан.

«Жұрт» та, «жұртшылық» та ел мағынасында қолданылады. Ал «жұрттың жұртында қал» деген мақал да жұртты жеке адамнан жоғары қояды. Көшкен елдің орны да «жұрт» деп аталады. Болмашы бірдемелерге жанжалдасатындарды: «Бір байдың жұртына екі тышқан таласады» деп мысқылдайды. Қоныс ауыстыруды қазақ «жұрт жаңарту» дейді. Орыстың кигіз үйді «юрта» деуі осы «жұрттан» шығуы мүмкін. «Ел» мен «жұрт» түркі сөздер.

Қазақта «ағайын» деген сөз: туыс, рулас, кейде тұқымдас мағынасында айтылады. Қазақ «ағайын — ащы, мал — тұщы», «артқы айылдың батқанын несі білмес, ат білер,

ағайынның азғанын жақыны білмес жат білер» дегенді де осы мағынада айтады.

«Ағайын» деген сөздің арғы тегі «аға — іні» деген сөздерден шыққан сияқты. Қазақта: «Бар болсаң ағайынның көре алмайды, жоқ болсаң «мә, саған» деп бере алмайды», деген де сөздер бар. «Торқалы — той, топырақты өлім» аталатын шақтарда немесе бір іске «үме» яғни «асыр» (жәрдем) жасағанда ағайындардың бірлесіп кететін дәстүрі бар.

«Отан» да арабтың «ватан», яғни «өлке» деген сөзінен шыққан. Бұл советтік дәуірге дейін өте сирек қолданылатын сөз. Ал, «ұлт» деген сөзді қазақ советтік дәуірге дейін «отанға» тіркемей айтпаған.

Кейін қазақ құрамына кірген рулардың бәрі де бастарынан хандық дәуірді өткізген. Хандар «үлкен» иә «кіші» бола берген. Көп руды бағындыратын хандар «ха-қан» (каган), яғни «хандардың ханы» аталған. Біздің жыл санауымыздан бергі заманда түркілерден «шығыстық» және «батыстық» болып аталатын каганаттар осылар.

«Қазақ хандығы» аталатын өлке 15 ғасырда өмір сүрген өзбек Әбілхайыр ханның (1465 жылы өлген тұсынан мәлім болған. Сол кезде Жәнібек пен Керей аталатын кіші хандар Әбілхайырға өкпелеп көшіп кетеді де, Жәнбік Еділ сағасына қазіргі Астрахань қаласын салып хандық құрған. Керей ертісті сағалаған. «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» сөзуар) болады дегендей, Жәнібек ханмен тұстас Жиренше атты шешен болғаны туралы, оның тапқырлығы туралы қазақ арасында толып жатқан аңыздар, әңгімелер бар. Халық тапқырлық иесі Жиренше емес, әйелі Қарашаш деп көрсетеді. Мысалы, бір кезде Жәнібек Жиреншеге бір өгіз беріп: «Келер жылға дейін бұзаулат» деп бұйырады. Мезгілді уақыт өткеннен кейін хан өгізінің жайын білгелі Жиреншенің үйіне барса, әйелі Қарашаш кездесіп қалады. Одан хан:—«Шешен қайда?»— деп сұрайды. Қарашаш:— «Босанып жатыр еді»,— депті. Хан:— «Еркек те босана ма екен?»—десе, Қарашаш:—«Онда өгіз де бұзауламайды ғой» депті. Хан: «Ә, солай екен ғой!»— деп жеңліп қалыпты деседі. Ханның Жиреншеге осындай қисынсыз тапсырмалар немесе сұраулар берудегі себебі — ол Қарашашқа құмар болған. Егер Шешен сөзден жығылса, сылтауратып әйелін тартып алмақ екен дейді жұрт.

Алайда «Қазақ хандығы» деп аталғанымен, Жәнібек пен Керей тұсында қазақ атаулының бәрі басын құрамаған. Олар Жәнібек баласы Қасым ханның кезінде біріккен

деседі, «Қасым ханның қасқа жолы деген сол кезде пайда болған.

Бірақ Қасым кезінде де қазақ елі түгел бірікпей, хандарға наразы шағында Орта Азияға, Сібірге, Еділ бойына, Кавказға... дегендей ауытқып кете берген.

Қазақтар «хан — қазық, би — тоқпақ» деп, ханды халықтың тірегі — қазығы көргенмен, отырықшы елдердей хан жарлығына мойын ұсына бермеген; араздасса не ханнан қаша көшетін, немесе ордасын шабатын болған.

Осындай көтерілістер әр кезде, әр хандықта үнемі болып отырды. Қазақта «хан — талау, тон — тонау» деген мәтел содан қалған.

Көшпелі қазақтар арасындағы хан елдің бас әкімі саналып, жалпы басшылыққа ие болғанымен ел ішінің даудамайын, бітіріп, екі жақты татуластырып, төрелік, биілік айтатындар билер болған. Өйткені бір үйдің ішіндегі «әрі отыр, бері отырдан» басталып, туысқандардың, ағайынның, ауылдың ұлылы-кішілі аталардың арасынан шыққан дау-жанжалды бітістіріп, төрелік айтып отыратын төрешілер, яғни «от ағасы, қос ағасы, ауыл ағасы, ел ағасы» дейтіндер. Осылардың ішінде үкімінің заңды күші бар, кесіп айтатындары билер саналды.

Билердің қолданатын заңдары көбінесе ата ғұрыптары, яғни көне заманнан бертінге дейін атадан балаға ауысып келе жатқан жол-жобалар. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз Тәукенің жеті жарғы» аталатын заңдар қазақта да болыпты дегенмен, қағазға түспей, ел ішінде ауызша айтылып жүрген. Бұл заңдарды білетін адамдар сирек болған, білетіндері де жорамалмен ғана қолданған.

Солайша, ғасырлар бойы «ата-заңын», яғни «әдет заңын» қолданып келген қазақ халқы XVII ғасырдан бастап Ұлы, Орта, Кіші жүздерге бөлініп, өз хандықтарын құрды. Кіші жүзде Әбілхайыр, Орта жүзде Әлмәмбет пен Барақ хандық құрып, Ұлы жүз түгелдей дерлік Қоқан хандығына бағынды.

Қазақ халқы Россияға түгел бағынғаннан кейін ауыл арасындағы қазақ әкімдері «аға» және «кіші» сұлтандар деп аталды. Алайда қазақтар соңғы кезге дейін әкімшілік бұйрықтан басқа, бұрынғы ата дағдысынан, яғни әдеттік заңнан айрылған жоқ. Патша өкіметі де бұл заңды бұзбай, дау-шарды шешуді «третейский суд» деп аталатынға тапсырды. Ол сотты жүргізетіндер: сайланған болыс, би, стар-

шин немесе — «ауыл ағалары» болды. Бұлардың бәріне қазақ халқы «билер» деп ат қойды.

Қазақтар ислам дінін түгел қабылдағаннан кейін, әдет заңына «шариғат хукімі» араласты. Мұндай екі заңдылық арабтардан бастап, мұсылман елдерінің көбінде бар. Арабтар: әдет заңын «тариқат», дін заңын «шариғат» деп атайды. Өзге мұсылмандар да солай атайды. Қазақта шариғаттан тариқат басым болған. Бұл заңды қолданушылар билер.

Шоқанның айтуынша, Россияға қосылғанға дейін қазақ билері сайланбаған, тек қосылғаннан кейінгілері ғана сайланатын болған. Оның пікірінше қазақ билері өздерінің шешендік, тапқырлықтарымен беделге ие болып, билік алатын көрінеді. Онымен қатар би болу, шешен болу тұқым қуалайды деп саналған. Шоқан мұны дәлелдеу үшін Қаракесек руынан XVIII ғасырда шығып, «қаз дауысты Қазыбек» аталған адамды мысалға келтіреді. Одан — Бекболар, Бекболардан — Тіленші, Тіленшіден — Алшымбай туып, бәрі де атақты би болған дейді Шоқан. Бірақ «тұқым қуалау» барлық биге шарт емес, өйткені би, шешен болу әркімнің жеке басына қатысты қасиет екені мәлім.

Би қалай сайланды?

Ұсақ-түйек дау-шарларды бидің өзі де шешкен, кейде дауласқан екі жақ та сол дауды шешуге өз ортасынан би таңдайды. Онда екеуі де тапқырлық, шешендік танытып, қай жеңгені үстем болады. Қазақтың «істің ағы білмейді, жігіттің бағы біледі» деуі содан. Бұл «қай жағының биі алғыр болса, сол жағының дау иесі де үстем боп, жеңіп шығады» деген мағынада айтылады.

Қазақта билер айтысының бір түрі Мұхтар Әуезовтің «Еңлік — Кебек» аталатын пьесасында өрістеп, билер айтысының сахнасы да, тілі де өте қызғылықты берілген. Осындай бір оқиғаны бала шағымда туған ауылымда да көрдім. Біздің Сибанда Тиышбай деген байдың Рәзия есімді қызы Уақ-Жамантымақ руындағы Кәрібай дейтін кедей шаруаның баласына атастырылып, ұзатылған қыз кедей үйді менсінбей төркініне қайтып келеді. Осыдан Керей мен Уақ арасында дау-жанжал шығып, билер шешіміне жүгінетін болды. Оның алдында билер айтысына қай жақтан кімдер шығатыны талқыға түсті. Ең шешен адамды табу үшін екі жақ та белгілі билерін өзара айтысқа түсіріп, олардың ішіндегі сыннан өткен ең таңдаулы шешендерін, қарасөз майталмандарын іріктеді. Керей жағынан Оспанұлы Нұртаза, Уақтан Қалжанұлы Қостанкелді айтысқа

түсті. Жұрт «Нұртаза жеңді» десті. Бірақ олардың қалай жеңгеніне бала кезімізде мән бермеген едік.

Шешендерді немесе билерді бұлай іріктеу әр халықта да бар және көне заманнан келе жатқан әдет. Солардың ішінде тарихта қалып, бізге жеткені көне Римде жыл сайын шешендер айтысын ұйымдастыру салты болғандығы, оның тыңдаушысы халық бұқарасы болғандығы мәлім. Сонда тіл өнері асқандарының атағы шығып, солардың сөздерінен, біздің жеті жарғы» сияқты «он екі жүйе» (кесте) аталған заң құралған. Кейін бұл заң мемлекеттік правоға, ресми заңға негіз болып «Римское право» аталып кеткен.

Дау, әрине, әр түрлі болады. Ұсағы үй-ішінің ағайын арасының ренішінен туады. Мысалы, әке-балаға, немесе бала әкеге ренжисе, бұл түсінбеушіліктің ақыры «еншісін» бөлуген тынады. Мұндай ұсақ істер ауыл ағасының қатынасуымен шешіледі.

Ағайын арасының (рулар арасының) алалығы (араздығы) кейде асқынып, бір бірінен бөліне көшіп жат болып кетеді. Мысалы, біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген Қаңлы хандығының заманында, одан жапа шеккен Уақ руынан қалды деген мынадай өлең бар:

Қаңлыдан алтау келді деп,  
Уаққа зорлық қылмаңыз,  
Уаққа зорлық қылсаңыз,  
Бурылға көшсе жат болар,  
Қылыш шапса мерт қылар.

Осы сөзді айтқан Уақ, Арал теңізінің маңайынан көтеріле көшіп, Арқадағы Обаған, Ертіс өзендеріне кеткен. Арал бойында өзбек ханы Әбілхайырға өкпелеген Жәнібек хан арғын руын ертіп, Кавказға көшкен, Керей хан да сөйтіп, өзіне бағынышты елін ертіп, Саян тауларына ауған. Мұндай ру ішіндегі ағайындардың ауа көшіп, жат болып кетуі қазақтың көп жерінде кездеседі.

Ертедегі қазақ дауларының ең үлкені жер мен жесірге байланысты болды.

Қонысқа таласу көшпелі елдердің арасында көне заманнан келе жатқан салт. Мысалы, қазақ руларының жерге таласуы советтік заманға дейін созылып, оның алғашқы жылдарында Ақмола (Арғындар) мен Семей (Найман) арасында ушыққан барымта өршіген кезде көп мал, көп адам шығын болғаны мәлім. Осы мәселені 1922—1923 жылдары Қазақ автономиялы республикасы қолына алып, екі жақты бітістіруге мемлекеттік комиссия жібергенін өз көзімізбен көрдік. Жер дауының революциядан бұрын қандай халде

болғанын Мұхтар Әуезовтің «Абай» романынан да көреміз. Әр рулар арасында болып келген мұндай жер дауы тек ауыл шаруашылығын колхоздастырған кезде ғана тыйылды.

Жесір дауы жайлы төменде толығырақ тоқтаймыз. Бірақ көне заманда мұндай даулар көп елде болғанға ұқсайды. Мысалы, көне гректің «Илиада» аталатын жиырма мыңнан астам өлең жолымен жазылған халықтық эпосы жесір дауы туралы жыр. Осындай жырлар көптеген халықта бар. Қазақтың «Қозы Көрпеш — Баянының» да сюжеті сондай.

Қазақтың жесір дауы барымтаға соқтырған. Барымта жәбірлік көрген елдің (рудың, атаның) жәбірлеген елден (рудан, атадан) зорлықпен мал, әсіресе жылқы айдап алуы. Әдетте, бұл әрекет түн мезгілінде жасалады. Жәбірленушілерден бір топ салт атты жәбірлеушілер еліне түн жамылып барады. «Барымта» ру намысына жататын ұғым. Ол намысқа шаппайтын ағайын қалмаған. Олар өздеріне қарсылас елдің кез келген жылқысын айдап әкете берген. Оны білдірмей сіңіруге тырысқан. Қазақтың «білсе барымта, білмесе сыдырымта» деуі содан.

Жылқысын жоғалтқан ел. әрине, білмей қоймайды және мазасызданады. Өйткені егер мал иесі тез хабарланса, барымташылар айдап әкелген малдарын сойып, сатып... деген сияқты шығынға ұшыратады. Малың іздеп барушыларға, әдетте, ру, немесе ауыл басылары, араға түсуші ағайындардың алдында барымташылардың айып шарттарын орындауға уәде береді де, қуғыншылар малдарын алып қайтады. Қазақтың «барымта қайтыс болмай, сөз айтыс болмайды» деуі содан.

Кепіл болған аралық ағайын, екі жақтың басын тез қосып, өзара татуластырады. Сонда екі жақтың да дауын арқалаушылар билер болады.

Шоқанның ойынша, билер ел алдында өзінің шешендік талантымен танылады. Осындай «таланттар» патша үкіметінің 1868 жылғы шығарған заңынан кейін, бір болыс елде төрт-төрттен сайланатын болды. Жалпы билер үстем тап өкілдері болғандықтан «штаттан» кейін тіпті күшейіп, әр елдің (рудың) қанаушылары, байлары, болыстары билерді өз ырқына көнетіндерден ғана тағайындатқан. Мысалы, мен туып-өскен елдің «Аққұсақ» аталатын болысындағы ең күшті әкім Торсан Тілемісов қарамағындағы болыстың төрт биін (Мүсрептің Ботбайы, Сағындықтың Жүсібі, Қайқының Ережебі, Дүйсекейдің Мырзақаны) өз ауылдастары-

пан бекіткен. Осындай жәйт бір талай елде ауылды советтендіру жұмысы күшейгенге дейін сақталды.

Қазақтың ұғымында «би істің турасын айтатын, жақынына тартпайтын әділ болуға тиіс. Ал әділетсіздік байқалғанда: «Тура биде туғам жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді. Мұндағы «туған жоқ» дегені, жақынына тартпай, «жүз пара», «қол пара» дегендерге бұрылмай, істі әділдікпен шешеді дегені. Бірақ осындай билер мен әкімдердің көбі «жүз параға», яғни жақынына тартпай қоймаған. «Қол пара» дегені, алым. Қарсы жақты алым беру арқылы тарту ерте заманнан келе жатқан салт. Мысалы, атақты Ақсақ Темір Хорезмді соғыссыз қарату үшін оның ханына үш мың қой пара берген. Өзге жауларына да сөйткені бар. Моңғол Шыңғыс хан да осы әдісті қолданып, Хорезм хандығын жаулаудан бұрын, оның саудагерлеріне пара беру арқылы ішкі сырыш түгел біліп алған. Сібірдегі Көшім хандығы Ермак басқарған орыс әскерімен соғысып жеңілгеннен кейін, патша әкімдері қолға түскен Маметқұлды Москва абақтысына қамаған. Істі қуып барған інісі сол кездегі орыс патшасы төртінші Иванға мың бұлғынның терісін параға өткізіп, ағасын аман алып қайтқан деседі.

Патша өкіметінің «шен-шекпен» деген сылтаумен қазақтың хандарына, сұлтандарына, билеріне берілетін атақтар, оның керісінше олардың патша әкімдеріне жіберетін «сыйлықтары» түгелімен параға жатады.

XIX ғасырдың орта кезінде Көкшетау дуанының аға сұлтаны болған Зілқараның Әлібек есімді баласы қылмысты болып абақтыға түссе, ағасы Тұрлыбек Петербургқа барады да, «ақ патшаға» жолығып, сұлулығы сүліктей, меңсіз қырық қара атты параға өткізіп, інісін ит-жеккенге айдаудан құтқарып алады.

Параның ашығы да, жабығы да бар. Ашығы жоғарыда аталғандай болса, жабығын қазақ «бармақ басты, көз қысты» деп атайды. Параның бұл түрін алмайтын әкім ол кезде болмаған сияқты. Қазақтың «жақсыға (әкімге) бара берме, пара бер» деуі осыдан шыққан. Ең аяғы «ас-су» аталатын тамақ та сатулы. «Пысық» деп атаған ауылдың атқамінерлерін сынағанда, Абай оларға:—

Өз үйіңнен тоюға қолың қысқа,  
Қаңғырып тамақ аңдып жүрсің босқа.  
Бір асым ет, бір аяқ қымыз берген,  
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа,—

деп ұрсады. Бізбен замандас Сұлтанмахмұт Торайғыров атақты Шорман<sup>1</sup> байдың үйінен алтын кесеге құйған қымызды ішіп отырғандағы халін суреттегенде:

Төңкеріп төңірегін қарай бердім,  
Ішінде пақақ көзден жас бар ма деп.

«Әділ» деген билердің өзі жүз параға бұрылмай қоймаған. Оған қазақтың «қарына (туғанына) тартпағанның қары (қолы) сынсын» дейтін мәтелі куә. Кей би бейтарап болғансығанмен, жөппелдемеге келгенде өз қыртысына (руына, атасына, туғанына) тартады. Жалпы алғанда қандай да болсын заң қызметкері үстемдік құрушы таптың құралы екені мәлім.

Қазақтың ежелгі рушылдық ынтымағының тамырына шабылған балта — патша өкіметінің отаршылдық саясаты. Ұлт пен ұлтты, халық пен халықты, ру мен руды, ағайын мен ағайынды арздастыру әдісін қолданған бұл саясат, сайлауға, яғни ауыл арасының әкімшілігіне таласуға түртпек салды да, оған қатынасатындар елді араздастырып бытшыт қылды. Таласушылар, ел билігін қолына алғысы келген малдылар, Абай тілімен айтқанда: «Арам болыс аш билер». Олар араздасқан елде «әкені бала аңдитын, ағаны — іні» дейтін халге жеткізді. Осы халді көзімен көрген Абай сияқты халық қамын ойлаған адамдар болды да: «Партия, ел іші жарылды» деп, елді ынтымаққа келтіруге тырысты. Бірақ мемлекеттік саясат олардан әлдеқайда күшті шығып, бүлінген жайға не бола алмады. Сондықтан Абай онымен тынбай қоғам өміріндегі бұл сияқты жағымсыз жайларды поэзиялық өткір тілмен түйреді.

Бай алады кезінде, «көп берем» деп,  
«Жетпей тұрған жерінде тек берем» деп,  
Би мен болыс алады күшін сатып,  
«Мен қазақтан<sup>2</sup> кегіңді әперем» деп.  
Жарлы алады: «қызметпен өткерем» деп,  
Елубасы<sup>3</sup> — шар салып, <sup>4</sup> леп берем» деп.

<sup>1</sup> Шорман Күшікұлы XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Баянауыл төңірегінде әкім болған, руы Қаржас.

<sup>2</sup> Дауласушы мағынасында.

<sup>3</sup> Елу үйдің атынан бөлініп, болысты сайлауға қатынасқандар.

<sup>4</sup> Шар салу — Елубасылары домалақ кішкене тасты (шарды) екіге бөлінген жәшікке салу арқылы болысты сайлауға дауыстарын беретін болған. Оны жұрт сол кезде «шар салу» деп атаған.

Жалаңқая <sup>1</sup> жат мінез жау алады,  
Бермей жүрсең мен сені жек көрем деп.

Дос алады, бермесең бұлт берем деп,  
Жауына қосылуга сырт берем деп.  
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,  
Не қылып оңайлықпен ырқ берем деп.

Тағы бір өлеңінде Абай:

Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,  
Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып,  
Мал мен бақтың кеселін ұя бұзар,  
Паруардигәр <sup>2</sup> жаратқан несін жан қып.  
Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,  
Арын сатып тіленген малы құрсын.  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Қу тілмен құлық сауған тілі құрсын,  
Бір атқа жүз құбылған, жүзі күйгір,  
Өз үйінде шертінген паңы құрсын,—

дейді.

Жақсылық әрекетінен нәтиже шығара алмаған Абай, ақырында «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» дейді де, «Моласындай бақсының жалғыз қалдым нақ шыным» деп торығады.

Советтік дәуірде еліміздің басқа халықтары тәрізді қазақ халқы да марксизм-ленинизм негізінде өзінің ұлттық конституциясын, ұлттық заң кодекстерін жасап, билік жайындағы ата мұраларымен қоштасты. Сонымен қатар, жасы үлкенді, әйелді, досты, қонақты сыйлау, бірлік, береке іздеуі сияқты біраз ізгі салттарын әлгі күнге дейін тұтынып келеді. Бұлар, адамдар арасындағы социалистік қоғамдық қарым-қатынас негізіне құрайтын салттар болып табылады.

Береке, бірлік жайында қазақтың халықтық қағидасы (мәтелі) былай дейді.

Бақыт, дәулет келерде ырыс қонады,  
Ынтымағы елінің дұрыс болады.  
Ағайын қоғам болады,  
Бірі «оған» болса, бірі «бұған» болады.  
Көп болып қонақ аттандырады,  
Көбейіп жауға аттанады.  
Ұл ұқыпты болады,  
Қыз қылықты болады.  
Қатын қамқор, келін көңілді болады,

<sup>1</sup> Жалаңқая — жалаңдап жүрген парақор-пысықтар.

<sup>2</sup> Құдай тәңірі.

Жаршы жалаугер болады,  
Іті үреген,  
Жетекте малы жүреген болады.

Берекелі ел осылай сипатталса, берекесіз ел туралы а тары:

Бақыт, дәулет кетерде, ырыс қашады,  
Біреуіне біреуі зуре жасайды.  
Ағайын араз болады,  
Ел толған өкпе, наз болады.  
Ат мінсе — жалак,  
Қатыны салақ болады,  
Ұлы ұқыпсыз,  
Қызы қылықсыз,  
Келін керенау,  
Жаршы жан күткіш болады,  
Иті үрмейді,  
Жетекте малы жүрмейді.

Осы қағидаларды есінде берік сақтаған қарапайым х лық, үнемі береке, бірлікке тырысады. Әр кезде халықты шырқын бұзатындар қанаушы тап өкілдері.

Қазақтың елдігі жайлы әңгімені жинақтағанда айтар мыз: үлкен рулар, кіші руларға бөлінеді. Мысалы, Кер Ашамайлы, Абаққа: Абақтың көпшілігі Қытай мен Монг лияда, Ашамайлының көпшілігі Совет Одағында: «көпші. гі» дейтініміз, азшылығының аралас отыра беретінде де болады.

Кейде үлкен рулар мен аталастардың қоныстары бі болады. Ал, кіші рулардың, әсіресе, аталастардың қоны міндетті түрде тұтас келеді.

Әр ауыл негізінде бір атапың баласы бола тұра, ішін өзге, кейде алыстағы аталар мен рулардан келетін «кірм дейтіндер де болды. Оларды «қоңсы» деп те атады. Мыс лы, Жарылғас ауылында Арғынның Төмеш руынан келг (жиен екен) үш үй болушы еді. Ауылдың негізгі үйлері «Аталық». Аталық пен Қоңсы арасы ұрыс-жанжалда көг неді. Аталықтар — басым, Қоңсылар — қорғаланшақ. Д генмен, аталықтар «Көрші ақысы, тәңірі ақысы» десе «отты көсей берсең өшеді, көршіні қуалай берсең көшеді «аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деп қо сыны сыйлайды.

«Ауыл» дегенде оның көп үйлісі де, аз үйлісі де болад Әдеттегі ауылдар бес-он үйден аспаса, «хан ауылы», «б. ауылы» дейтіндерде үй саны жиырма-отызға жетті. Од артық үйлі ауыл болмады.

Хан ауылы: төре-қара болып екіге бөлінді. Төрелер хан тұқымдары, қаралар немесе қарашылар — қарапайым қазақтар. Қарашылар төрелерге тәуелді — төлеңгіттерден, яғни соғыс кезінде жау жақтан қолға түскен тұтқын «құл-тардан» және тыныштық кезінде қожасының шаруасын тегін бағатын жалшылардан құралады. Оларды төрелер советтік дәуірге дейін құл сияқты жұмсады.

Қоңсылар қазақтың хан тұқымынан басқа бай немесе би ауылдарында да болған. Мысалы, XIX ғасырдың орта тұсында. «Құсмұрын» аталған дуанның аға сұлтаны болған Естеместің Есенейінің бай аталған ауылында отыздан астам үй болатын еді. Солардың көпшілігі Сибан руынан бола тұра ішінде қалмақ, түрікмен, арғын, алшын тағы басқа кірмелер де болған.

Қазақтың советтік дәуірге дейінгі елдік құрылысы осындай. Советтік дәуірде, әсіресе, ауыл шаруашылығы колхозданған кезде ру, ата ұраны дегендер қалып, рулар мен рулар, халықтар мен халықтар араласып кетті; рулық дәуір бітіп, социалистік бірліктің дәуірі басталды.

#### 4. ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Адам баласының дамуына байланысты таптық қоғам дәурен сүре бастағанынан кейін қазақ қауымы да «бай» және «кедей» атанып, яғни қанаушылар мен қаналушылар болып екі тапқа бөлінді. Мысалы, малы аз кедейлер өзінің шағын шаруасымен күн көре алмайтындықтан малы көп байлардың шаруасын бағуға жалданады. Олардың аты — «жалшылар», орыс терминімен айтқанда — батрак. Оның кедейден айырмасы, көпшілігі жыл бойы байлардың есігінде жүреді. Ауылда бай аз да, кедей көп. Сондықтан ауылдан шыға алмайтын кедейлер айлап, жылдап бай есігінде жүрген ақысына тоқты-торым сияқты ұсақ малдар алып, байларға өте арзан ақыға жалданады. Мұндайлардың тамақ пен киімі байдың мойнында болады. Бай оларға өзі кимейтін ескі-құсқыларын кигізіп, өздерінен қалған ас-су қалдықтарын ішкізетін. Осындай халді «Қараша жел тоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңінде Абай шындықпен, көркем тілде суреттеп, кедейлерге:

Жалғыз жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,  
Малың болса сыйламай тұра алмас ел,—  
Есек артын жусаң да мал тауып кел,  
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас,—

деп кәсіпті бай есігінен емес, ауылдан шыға іздеуді ұсынды. Сол ақылды алған қазақ кедейлері, жалшылары революциядан бұрынғы ауылдардан кетіп, кәсіп іздеп қалаларға, заводтарға, фабрикаларға, темір жолдарға, мұнайшыларға, балықшылыққа, тағы сондай жұмыстарға кететіндер ондап, жүздеп, кейде мыңдап саналатын болған. Осылардан қазақтың алғашқы жұмысшы табы топтала бастаған.

XX ғасырдың басында біріккен қазақ жұмысшылары біртіндеп революциялық жұмыстарға араласа бастады. Мысалы, 1905 жылы, бұрынғы Ақмола уйезіне қарасты Інді заводының жұмысшылары көтеріліс жасағанда, оған сондағы қазақ жұмысшылары да қатынасып, патша өкіметі көтерілісті қан жоса ғып басты. Тірілерін каторгаға айдағанда, бұлардың ішінде қазақ жұмысшылары да болды. Тарихта аты мәлім Уғар (Мұқатай) Жәнібеков 1912 жылы Сібірдегі Лена оқиғасына қатынасып, көтерілістен кейін атылу жазасына бұйырылғандардың ішінде болады. Бірақ кейіннен бұл үкім өмірлік қамау жазасымен ауыстырылды да, оны тек Октябрь революциясы ғана тұтқыннан алат етеді.

Қазақтар Россияға бағынғаннан кейін, қазақ байлары сауда-саттық істерімен де айналысып, бірер ғасырдың ішінде қазақ байларының арасынан ақшалылар, завод пен фабрика иелері шыға бастады. Мысалы, бұрынғы Петропавл уйезінде Әлти Кәкенов, Қостанай уйезінде Мінайдар дейтін миллионерлер болған.

Кейбір бай қазақтар егіншілікпен де шұғылданып, жүздеген десятина егін еккен. Мысалы, Қостанай уйезінде Сұлтайы Жаманшалов деген помещик болды. Қазақ арасынан шыққан мұндай помещиктер аз болмаған. Патша өкіметіне жаққан кей қазақ байларына дворян атағы, кең және құнарлы егістік жерлер берілген. Осыдан барып, ауылда да таптық жіктелулер күшейе түсті. Онымен бірге қазақ жеріне жер аударылып келген революционерлер арқылы марксистік идеялар қазақ кедейлері арасына кеңінен тарай бастайды. Осының арқасында революциялық сана сезімі оянып бастаған қазақ еңбекшілері тек завод, фабрикаларда ғана емес, сонымен қатар ауылдық жерлерде де байлардың орыбырлығына, зорлық-зомбылығына қарсы ереуілге шыға бастайды.

Осы сияқты таптық күрес ұлғая келіп, 1916 жылы Аманкелді Иманов басқарған халықтық көтеріліске айналды да.

қыры Октябрь революциясымен астасып, қазақ даласына советтік ту тігілді.

1920 жылдың август айында Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасын құру туралы Ленин мен Калинин қол қойған декрет жарияланды. Бұл декрет қазақ даласының көп ғасырлық тарихында бірінші рет өз алдына егеулі еліне тәуелсіз мемлекет болғанын әлемге паш етті. Бірақ бұнымен тап-тартысы доғарылған жоқ. Советтік дәуірдің алғашқы жылдарында ауыл байлары мен феодалдары өкімет билігін өз қолында ұстау мақсатымен ауылдық ревкомдарға өз адамдарын кіргізуге жанталаса тырысты. Тап жауларының бұл әрекетіне қарсы Совет өкіметі де тиісті шаралар жүргізді. Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдардан бастап, ауылды советтендіру шарасы қолға алынды да, ревкомдарға кірген қанаушылар өкілдерін аз жылда бұқара халық өкілдерімен ауыстырды. Саяси басшылық жүргізу үшін ауылдарда, болыстарда, аудандарда Коммунист партиясының ұялары, комитеттері құрылды. Олар Түркістан аймағында «Қошылар одағы», Қазақстанның солтүстігі жағында «Кедейлер комитеті» деген атпен ұйымдастырылды. Бұл кезде жалшылар байларға шартпен қызмет атқаратын. Сәкен Сейфуллиннің «Еңбек шарты жалшылар қорғаны» деген поэмасы осы кезде шықты. Оған ілесе Бейімбет Маймынның, Қалмақан Әбдіқадыровтың, Орынбек Бековтің, Елжан Бекеновтың, Рахымжан Малабаевтың, тағы басқаларының жалшыларды тап тартысына шақыратын шығармалары бар.

1927 жылы жер бөлісі туралы декрет шығып, байлар өскеніп келген егіндік, шабындық жерлер кедейлер мен бұрақтарға үлестірілді. Келесі 1928 жылы, арнайы декретпен қазақтың бес жүз байының мал-мүлкі кәмпескеленді.

Сөйтіп, үкімет пен партияның 1929 жылдан бастап жүргізген, ауылды колхоздандыру шараларының арқасында қазақ елі жаңа социалистік құрылыс жолына белсене кірісті.

## 5. ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАЙЫ

Біздің археолог және этнограф ғалымдарымыз кейінгі замандарда: Еділ, Жайық, Амудария, Сырдария, Шу, Талас өзендері мен Жетісу жеріндегі өзендер төңірегінде көне заманда қазылған арықтардың, егістік танаптардың іздерін тауып жүр. Соларға қарап, көшпелілер де олардың ішінде қандақ та ерте заманнан егіншілікті кәсіп еткен деген жора-

мал жасайды. Бұл рас та болар. Өйткені көршілес Орта және Орталық Азияның, Сібірдің, Қиыр Шығыстың отырықшы елдерімен қарым-қатынас жасаған кейбір қазақ рулары соларға еліктеп өздері де егіншілікпен шұғылдануы мүмкін. Бұған келтірер дәлеліміз Керей руының құрамында «Тарышы» деп аталатын бір тармағының болуы. Бұларды сол көне заманда тары егуді кәсіп еткендіктен «тарышы» деп кетсе керек. Тарышыдан: Ысмайл, одан Ақсары, Күрсары туып, бертінде бірнеше болыс ел болған деседі. Атақты Біржан сал Ақсарының алты баласының бірі — Нұралының ұрпағы. Бір жорамалда «Тарышы»—«тараншы» аталатын ұйғырлардан шықпады ма екен?— деген жорамал да бар. Өйткені «тараншы» да тары егушілер деген ұғымнан шыққан. Жалпы жорамал болмаса қазақ халқының көне замандарда егіншілікпен шұғылданғандығын дәлелдейтін тиянақты деректер аз. Бертінгі кезде Сырдария және Жетісу бойын мекендеген қазақтардың егіншілікпен шұғылданғаны рас. Бірақ мұны бүкіл қазаққа тән қасиет деп айту қиын.

Көшпелілердің, олардың ішінде, қазақтың көне заманнан бергі ең көп өсірген малы және төрт түлік малдың ішіндегі қастерлеп, пір тұтатыны жылқы. Қазақ өлкесіне қай кезде, қай жақтан саяхатшылар келмесін, бәрінің де айтары осы.

Жылқы ең алдымен, сол жаугершілік көне заманның талабына сай өте құнды мал ретінде саналды. Себебі ол кезде жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған.

Атты әскер жаяудан басым болған. Біздің жыл санауымызға дейінгі Сібірде болған бір соғыста, Қытайдың солтүстік батысына құрылған Шүршіт (Джурджи) мемлекетінің отыз мың жаяу әскеріне, гундардың бір мың салтатты әскері төтеп беріп, ақырында оларың быт-шытын шығарған. Ал бүкіл Орта және Орталық Азияны, Европаның тең жартысына жуығын басып алған моңғол Шыңғыс ханның күші де, салтатты әскері де көп болған; сондықтан да жер көлемі бес Франциядай кең далада қазақтар атты әскердің жеткіліксіздігінен жауды бөгеп тұра алмаса керек. Қазақтардың шыңғыс жорығына төтеп бере алмаған екінші бір себебі. Шыңғыс жаулап алған елдерінде өз қол астында соғысатын әскер қосынын жасайтын болған. Осындай қосындар қазақ даласын мекендеген көшпелі рулардан да жасалса керек. Соған бір дәлел, қазақтың кейінгі ұсақ руларында «уэн»,

түмен» және «шеру» деген есімдердің болуы: Уэн (ван)— «шизия, түмені — корпус, шеру — фронт (майдан) мағынасында.

Бұл жерде ескерте кететін бір жай отырықшылар атқа оң жағынан, көшпелілер сол жағынан мінеді. Оның себебін бірі құлақты Құртайдың Мұқышы деген кісіден сұрағанымда:

— Енді қалай?— деді маған. Бұл жаугершіліктен қалған салт. Ол кезде атқа қонған адамның оң қолы бос болу керек. Себебі ол барлық қаруды осы қолымен ұстайды ғой. Ал сол жақтан мінгенде оң қол бос болады. Оң жақтан мінгенде қаруды тез жұмсауға ыңғайсыз, оң қол бос болмайды.

Сол сияқты көне замандарда жылқы малын әскери қарасын (санын) көбейту ретінде де жиі пайдаланып келді. Мысалы, шабуылшылар жауға қарасын көбейтіп көрсету үшін алдарына жылқы малын салып айдаған да, шаң көтерген; қорғанғандар бұл шаңды қалың қолаға жорып, одап қашқан; осы тәсілді сақтар, қыпшақтар сияқты көшпелілер де, моңғол Шыңғыс хан да, Ақсақ темір де қолданған; арғы жағын былай қойғанда, Торғай даласында, 1916 жылдың көтерілісін басқарған Аманкелді Иманов та кейде осындай әскери айла-тәсілдерді қолданған. Жылқы көшіп-қонуға да төзімді, әрі ыңғайлы, қысы-жазы аяғынан жайылады, оның азығы (жемі, шөбі) өзге хайуандардан әлдеқайда асыл. Сол себепті оның еті де, сүті де денсаулыққа шипалы екені ерте кезден-ақ белгілі. Жылқы баққан халық оның осы қасиетін іс жүзінде аңғарып, үйінде жылқы еті жоқ сырқат адамдар жылқы сойған үйлерден емге сұрағанын көзіміз көрді; қазақтың ұғымында, «жылқы еті жақпаған ауру адам өледі». Көкірек аурулардың (өкпе туберкулезі) көбі қымыз ішіп сауығып кеткен. Мысалы, сондай ауруға шалдыққан орыстың атақты жазушысы Лев Толстой кезінде Башқұртстандағы Шафрановқа қымыз курортына барып, дертінен айыққан. Осындай мысалдар толып жатыр. Қазір Совет Одағында көкірек ауруын қымызбен емдейтін әлде-неше курорт бар.

Қай малдың қандай жерде өсетінін қазақ фольклоры баяндап береді. Мысалы, қазақ өлең-жырларында «Жылқымды айдап салдым қалың қауға» дегені бекер айтылмаған. Жылқы, бетегелі, көделі, селсулі, қауданды жерде жақсы өскен. Қазақ даласының батысында Мұғажар тауынан басталып, Сарыарқаны қуалай отыратын, аяғы Батыс Сібірге тірелетін кең өлкеде жылқы малы көп өсірілген.

деген өлеңдер сол кезде туған. Шоқан Уәлиханов қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданында тұрған Азна дейтін бір байда он алты мың жылқы барын көрдім дейді. Бір мыңнан он мыңға дейін өретін жылқылар Арқадағы байларда көп болған.

Жылқы етінің өзіне тән бір ерекшелігі сол, оны қанша жесең де күпті болмайсың, тез сіңеді; сорпасының бетіне шыққан майы, қандай суық болса да қатпай, тек тобарсып қана тұрады, қымызын қанша ішсең де сіңе береді: туа сала шешесі өлген сәбиді жылқының ашымаған сүтімен асырайды, қазақ ұғымында ол «адамның сүтімен бірдей». Қымыз өз бетімен ашиды, сондықтан да, ислам дінінің шартымен ораза ұстаған адам ауыз ашу үшін ең алдымен отқа тимеген: тұз, кепкен жеміс сияқтылардан дәм татады, немесе аздап қымыз ішеді.

Жылқы тамағының мұндай ерекше болуы қазақ ұғымында жылқының оты мен суына байланысты. Жылқы кез келген шөпті жемейді, иіскеп, таңдап жейді. Басқа мал түлігі жайылған жерге, басқа малдың аузы тиген шөпке жылқы жоламайды, өзге мал сораптай беретін ылай суды ол татпайды, жылқы судың тұнық, таза жерінен ішеді. XIX ғасырда ақын Сараман айтысқан Біржан салдың:

Белгілі қаз мойынды қара көкпін,  
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын,—

деуі жылқы малының сол бір ерекшелігін көрсетеді.

Жылқы терісінен жасалған ыдыс та төзімді келеді. Оның қылынан ширатқан жіп пен арқан да берік. Қазақтың «ер мойнында қыл арқан шірімейді» деуі осыдан.

Ал жылқы малының денесіне жара түскенде, ол жері құрттаса, сол құрттар теріден өтіп, етіне жеткенде бірдем өледі де, домалап түседі. Өзге хайуанның жарасы өйтпейді, мысалы, «басқа» «айыр тұяқты» малдардың құрт түскен жерін дер кезінде емдемесе, құрт ішіне түсіп, өліп кететіні болады.

Жылқы малын денесіне қарап, қазақ «қазанат» және «қара етті» деп екіге бөледі. Қазанаты майды сыртына жинайтындар, ал қара еттісі оның керісінше майды ішіне жинайды, қазанат жүріске шыдамды, еті тез арымайды, қайта тез семіреді, еті дәмді, қазысы қалың, іші майлы келеді.

Сондықтан мүмкіндігі бар қазақ жылқының қазанатты тұқымын малдануға тырысады.

Жылқыны қазақ арғымақ және жабы деп екіге бөледі. Қазақта арғымақты жоғары бағалайды. Өлеңдерінде жақсы атты «арғымақтан туған қазанат» деп, «арғымақ аттың белгісі — арыған сайын тың жортар, артымда жүгім қалар деп», «қара арғымақ арыса — қарға адым жер мұң болар» деп арғымақ жылқыны мақтауы содан.

Бірақ арғымақ көшпелі елдің пайдалануына қолайсыз, сондықтан қазақтың атамзаманнан өсіретін жылқысы «қазақы» аталатын — жабы. Қазақтың тәжірибесінде, қазақы жылқы көшпелі тұрмыстың бар жағдайына да төзімді, көліктік жағынан да шыдамды, еті де, сүті де асыл.

Арғы түбі «моңғолдық» аталатын бойы аласалау келетін қазақы жылқылар, бертін келе асылдандырылып, денесі ірі, төзімді, мықты бола бастады. Қазақы жылқылардың ең мақтаулы түрлері: жүйрік пен жорға.

Салт мінуге жорғадан жәйлі көлік жоқ. Бұған: «Жорға мінген жолдасынан айрылады, көп жасаған құрдасынан айрылады» деген мақал дәлел бола алады. Сөзге шебер, айтыста алдырмайтын кісіні де «жорға» деседі.

Жүйрік — жүрісі ұшқыр, жеңіл, сидам жылқылардың таңдаулысы. Ол құса жететін, қашса құтылатын, соғыс және басқадай жағдайларда керек. Сондықтан да қазақ «ер қанаты ат» деп тегін айтпаған. Көшпелі елдерден, оның ішінде қазақтан шыққан атақты батырлардың жан серігі «тұлпары» (ұшқыр, жүйрік, ең шыдамды мағынасында), яғни бір-бір аты болған. Мысалы, ертедегі гректерде — Пегас, орыстарда Конек-Горбунок, арабта Ғалидің дүлдүлі, азербайжанда Көр-ұғлының Фираты, қазақта Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, тағы басқалар болған. Бұлар ертегі, аңыздарда, батырлар жырында құстан да ұшқыр болып (Тайбурыл) сипатталады.

Көшпелі елдердің батырлары мінетін тұлпарларды бейнелегендей, бейне, отырықшы елдерде кездеспейді. Мысалы, атақты «Илиада» жырында батырды «ат үйреткіш», «атбаптаушы» деген сияқты жалпылама сипаттаумен өте шығады. Ал Қобыландының Тайбурылын, Алпамыстың Байшұбарын, Қамбардың Қарақасқасын сипаттаудай теңеу отырықшы елдердің эпосында жоқ. Соғыс кезінде атқа бұл елдердің қолбасшылары ғана мінген де, өзгелері жаяу соғысқан. Салтаттылар оларды жеңе берген. Мысалы, Сырдарияға дейін тоқтаусыз келген Александр Македонскийдің

жаяу әскерінің бетін ең алғаш Орта Азияның (сақтар мен массағаттардың) салтатты әскері тойтарған.

Жылқы үйір-үйір болып жайылатын мал. Бір үйір бестен жиырмаға дейін бие не байтал болады. Құлын дамайтын биені «бедеу» дейді. Бедеу — мініске төзімді келеді.

Бір үйір жылқыға бір айғыр жібереді. Үйірге жаңа жіберілген жас айғырды сәуірік дейді.

Сәуірікті көбейтпес үшін, қазақ еркек жылқылардың көбін тай, құнан кезінде кестіреді. Кестірілген жылқыны «ақта ат» дейді. Қызғаншақ айғырлар аттарды да үйіріне жолатпайды. Қазақта «жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды» деген мақал бар, онысы «жақсы адамның маңына өзгелер үйірілімпаз келеді» деген мағынада айтылады. «Кісінегі айғырдың үйірін көр, шіренген жігіттің үйін көр» деу сөзмен ісі дәл келу мағынасындағы мақал. «Ат болатын тай саяққа<sup>1</sup> үйір, адам болатын бала қонаққа үйір» дейді қазақ. «Саяқ жүрсең таяқ жейсің» деген мақал, «елден бөлек жүрсең» деген мағынада айтылады.

Жылқыны өзге мал түлігінен артық көріп, қастерлейтін қазақ адамға тән қылықтардың бір талайын жылқының жүріс-тұрысымен, түр-сипатымен, т. б. салыстырады. Мысалы, «Аттыға ерем деп жаяудың таңы<sup>2</sup> жыртылады» деген мақал күш келмейтін іске жармасатын адамдар жайында айтылады. — «Тай — атқа, ат мұратқа жеткізеді» деу, «орнында бар оңалар, орнында жоқ жоғалар» мағынасында айтылады. «Тайдай тебісу» — тату өсу мағынасында.

Жылқы құлын күнінде «сақау» дейтін ауруға жиі ұшырайды. Бұдан ол тамағының безі ісініп, енесін еме алмайтын халға жетеді; құнан күнінде «сүт» тістері түсіп, берік тістер шығады; мұны «тісеу» деп атайды. Ал ескі даулары ұмытпай, қайталайтын адамдар жайында: «құлындағы сақауын, құнандағы тісеуін қопарды» деген осыдан шыққан болу керек. Қазақ кегін құмайтын, енжар, дәрменсіз адамды «жауырды жаба тоқиды» дейді, «жауыр» — аттың арқасына ер-тоқымынан түсетін жара. Осындай теңеулер қазақтың ауыз әдебиетінде өте көп кездеседі.

Қазақтың жылқымен қатар ұстаған малы — түйе. Көне заманнан бергі саяхатшылар мұны да көп айтады. Қазақтар «түйелі бай қонады сортаңды алып» деп басталатын өлең

<sup>1</sup> Өзге жылқыларға жоламай, бөлек жайылатын аттар.

<sup>2</sup> Сан мен сүбенің түйіскен тұсы.

бар. Бұлай деудің себебі, ертедегі түйелі байлар суы тұзды көлдердің, теңіздердің, өзендердің бойларына өсімдігі ащы сортаң жерлерге қонады. Мысалы, қазіргі Ақтөбе облысының сортаңды, шақатты жерінде, өткен ғасырда Қара есімді бай болып, оған «отыз соқыр» аталған түйе табыны біткен. «Соқыр дейтіні есебінен жаңылмау үшін, әрбір жүзінші түйенің сол жақ көзін шығарады екен. Сондай соқырлар, Қарада отыз болған, яғни үш мың түйесі болған.

Түйе — жүк көлігі. Көшпелілердің, олардың ішінде қазақтың ғасырлар бойы көбінесе жүгін көтерген мал осы түйе. Оның ішінде ең төзімдісі, әрі мықтысы жалғыз өркешті — нар. Қазақтың «нар жолында жүк қалмайды» деуі содан.

Атақты ақын Ыбырай Сандыбаев өзінің қартайған кезінде шығарған әні деп айтылатын өлеңде: «қара бура қартайып жар басына шөккен күн» деп сипаттайды. «Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң» деген өлең де нар-түйенің күштілігін көрсетеді. Түйе жолға да шыдамды. Оның жейтін ащыларының ішінде тұз да бар. Шөлге жолаушылаған қазақ түйесіне бір қоржын тұз артса, түйе оны бір айдай азық қып, содан басқа түк татпауға шыдайды деседі.

Ащы шөптен түйенің ең тәуір көретіні сасыр мен жантақ. Сасыр қоймалжың тұз сияқты удай ащы өсімдік, соны аузымен орып ап, көбігін бұрқырата шайнағанда, қалайша ашырқанбайтын хайуан екеніне қайрап қаласың. Жантақ одан да бетер. Ол да удай ащы шөп. Түбірі жуан, бұтақтары көп, әр бұтағына жүздеген тікен бітетін бұл өсімдікті, түйе түбірімен жұлып ап, аузын толтыра шайнағанда, өткірлігі инедей мыңдаған тікеннің ұртына, тіліне қадалмауы, қадалса түйенің ауырсынбауына еріксіз таңданасың қорегі осындай болған түйенің сүті де асыл. Одан ашытатын қышқылтым ішімдікті, Батыс Қазақстан жағында «шұбат», Түркістан жағында «қымыран» деп атайды. «Қырсыққанда қымыран іриді» деген мақал осыдан алынса керек. Ғылымның дәлелдеуінше шұбаттың дәрілік қасиеті қымыздан да артық саналады.

Түйенің етін, бұл түлікті бақпайтын ел жөнді жемейді, бағатындары оған құмар. Түйенің түбіті мен шудалары қымбат саналады: түбіттен иіріп тоқыған киім, ең жылы, ең төзімді болады; шудадан жіп, арқан еседі.

Шуда жіптен бау таққан жейдең құрсын,  
Сары майдан дәмекен кеудең құрсын,

Қалыңдықпен ойнауға барғаныңда,  
Қарсы алмайтын алдыңнан жеңгең құрсын,—

дейтін қалжың өлеңдегі шуда осы.

Көшпелілердің, олардың ішінде қазақтың мыңдаған жылдар бойына берік, сенімді көлігі болып келген түйе, советтік дәуірде қазақ даласына алғаш орнаған заводтардың, фабрикалар мен шахталардың бөлшектерін тасыды. Соның бір эпизоды — «Түйемен тасылған завод» деген атпен «Өмір мектебінің»<sup>1</sup> екінші кітабына кірді. «Түрксиб» темір жолының шпалдары мен рельстерін, басқа да саймандарын құрылыс бойынша алғаш түйе жеткізді. Сол түйе әлі де шаруашылықтың архивіне тапсырылмай, құмайтты, шөлейтті өлкелердің сенімді көлігі болып келеді.

Қой да көшпелі елдердің ерте заманнан малданған түлігінің бірі. Ол әрі киім, әрі тамақ. Киім дегенде, оның жүнінен ертедегі көшпелі халыққа терісі қымбат болады. Өйткені қыс, күз айларында жылы киім керек. Оған илеген қой терісінен тігілген тоннан қолайлы киім табылмайды. Сондықтан да «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деген қамал тегін айтылмаған. Негізінде қойдың азықтық және киімдік пайдасы, жылқы және түйе түліктерінен артық. Онымен бірге қой малы көшіп-қону кездерінде ұзақ жол жүрістеріне шыдамды келеді. Жем-шөпті оншама талғамайды. Тіпті ашылы өсімдігі көп құмдар мен шөлдерде де қойдың теріп жейтін азығы көп.

Ешкі де сондай. Қой мен ешкі көне заманнан бері бірге жайылып, бірге жусап келеді. Қойды отты-сулы жерге ешкінің серкесі бастайды. «Айшық мүйіз ақ серке қойды бастар, қыпша белді жігіттер тойды бастар» деген өлеңдегі ел басқаратын еркекті «серке» деп атау да осыдан шыққан. Мұздақты жылы болмаса, ешкі көрінген бұтаның басын шалып, қыстан аман шыға береді. «Ешкі өлмес» аталатын таулар мен адырлар қазақтың кең даласының қай жерінен болса да кездесе береді.

Ешкі мен қойдың сүтінен ұйытқан айран да, қайнатқан құрт пен ірімшік те қазақтың сүйікті асы. Жалпы қазақ халқы ірі қара мен қой, ешкі сүтінен алуан түрлі дәмді тағамдар жасай білген.

«Еті жеңіл, сорпасы асыл, тез торалтады» деп сырқа-

---

<sup>1</sup> Әңгіме автордың «Өмір мектебі» деген шығармасы жайлы болып отыр.— Ред.

тынан айыға бастаған адамды қазақ ешкі етімен тамақтандырады. От шарпыған адамның денесіндегі күлдіреген жара тез жазылу үшін оны ешкінің еріген тоң майына малынған шүберекпен орайды. Бұл күйген жердің суын тез сорып, жаралы жерге тез өң береді. Ешкінің түбітінен ең жақсы шәлі тоқылады, оның қылшығынан есілген жіп пен арқан, жылқы қылынан соңғы ең берігі саналады. «Ангор ешкісі» деп аталатын асыл тұқымды ешкілердің жүні өте құнды болғандықтан, біздің советтік Қазақстанда олар мыңдап өсіріледі.

Мал шаруашылығындағы тағы бір түлік — сиыр. Ертедегі көшпелі қазақтар сиырды өте аз малданған сияқты. Қобызда тартылып ойналатын «Тарғыл бұқа» атты ертеден келе жатқан тамаша күй барын білеміз. Оның қысқаша мазмұны мынадай: бір кезде қазақ елін жау шауып, малжанын түгел айдап кеткенде, әлдебір сайда ұйықтаған бұқа қалып қояды. Ояна сала ауылды іздеген бұқаны ұялы қасқырлар қамайды. Соларға алдырмай алысқан бұқаның үнін көз алдына елестеткен біреу күй шығарған. Ертеде естіген бұл күйді, өкінішке орай, кейінгі кездері ешбір репертуардан есітпей жүрміз. Тегі жоғалып кеткен сияқты. Алайда ерте заманда белгісіз бір күйшінің осы бір шығармасына қарағанда сиыр малы да қазақ арасында ерте заманнан келе жатқан төрт түліктің бірі болғанға ұқсайды.

Бірақ сиыр малы көшіп-қонудың талабына сай келмей, отырықшылық жағдайға бейім болғандықтан, қазақтар қоныстанып, егіншілікпен шұғылдана бастаған кезде ғана орыс базарының ықпалымен жылдан-жылға көбейе берген. Қазақтарды бейбіт жолмен бағындырғысы келген Россия әкімдері қазақ даласының орыстармен шектескен шекаралық «елді мекендерінде «меневой двор» («айырбас қорасы») деген атпен сауда орындарын ашқан. Олар, мысалы, Орынбор, Троицк, Қызылжар (Петропавл), Омбы, Семей, Өскемен, кейінірек Ақтөбе, Ырғыз, Атбасар, Тайынша, Қоянды, Шу бойында ашылған. «Айырбас қорасы» дейтіндерде алғашқы кезде қазақ ауылдарынан сатуға әкелінген малдар, патшалық Россияның жеңіл өнеркәсібінің бұйымдарына айырбасталған. Мысалы, бір көйлектік шыттың құны бір қой болған. Алғашқыда мал атаулының бәрі де осылай айырбасталып, ақша саудасы кейінірек шықты. Сөйтіп, қазақтың да ақшалы саудагерлері пайда болды. 1912 жылдың базар қорытындысы жасалғанда, Ақмола үйезінің қазақ саудагерлері малдан және малдың шикі зат-

тарын сатудан 63 миллион сомның, Орынбор базарында жүн-жұрқаның өзінен 1 миллион 778 мың сомның саудасын жүргізген. Осы сауданың ең көбі — сиыр...

Сиыр малының сондай пұл болуына қарамай, қазақ бұл түлікке менсінбеген, кемсінген көзбен қарап келді. Оған: қылығы оғаш адамды «сиырмысың!» деп сөгуі, «су сиырдан, сиыр судан жериді» деуі, қонаққа сиыр етін асып беруді қорлау деп түсінуі, тағы тағыларды жатқызуға болады.

Шаруасына сиыр малы қосылып, оны малданған қазақтар «жартылай көшпелі» аталатын тұрмысқа қарай ойыса бастады, яғни қыс айларында қора-қопсылары бар қолайлы мекендерге қыстап, жаз айларында қыстаудан ұзамай көшетін болды. Күз айларында малдың қысқы азығына шөп даярлады. Мұндай тұрмыс құрушылар Қазақстанның барлық жерлерінде де орын алды. Олар негізінен мал азығына қолайлы шөбі шүйгін, суы мол, өзен көлдердің жағасында, әсіресе «өлең» қаулап өсетін жерді қоныстанады. Қазақтың «өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді» деген мақалы осыған байланысты айтылса керек.

Ал төрт түлік малдың қайсысы қай жерлерде басым өседі дегенге келсек, қазақтың жер жағдайына, ауа райына байланысты қойдың көп өсетін аймағы қазіргі Талдықорған, Алматы, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда облыстары. Бұл жерлерде революциядан бұрын жеке шаруа үстемдік құрған кезде 20—25 мың қойы бар байлар жиі кездескен. Жылқы — «Арқа» аталатын қыраттың теріскей жағында Мұғажардан Алтайға дейін, мұнда да жылқылары бір мыңнан жиырма, отыз мыңға жететін байлар көп болды. Сауда жасау мақсатында болмаса, өз шаруашылығы үшін сиыр малын табындап өсіретін байлар болған емес, өйткені сиырды қыста асырау қиын. Түйесі екі-үш мыңнан асқан байлар бірен-сарандап сортаң жерлерде кездеспесе, жалпы қазақ түйе малын көшіп-қонуға ғана шағындап ұстағанымен көптеп өсірген емес. Сортаңсыз жердегілер «ескінің көзі» деп түйені бес-оннан артық өсірмейтін.

Қай түлік болса да қыс күндері қарды сусын қылады. Жаз айларында өзенді, бұлақ, тау сағаларын немесе сирек кездесетін тұщы көлдерді жайлайды.

Бұрынғы көшпелі қазақтар «мыңғырған бай» аталғысы келіп мал түліктерін асылдандыруға, сапасын жақсартуға салақ қарап, тек санын ғана көбейте берген. Сондықтан да

бертін келе отырықшы елдердің асыл тұқымды малдарына қызыға қарап, енді малды асылдандыруға да назар аудартын болды.

Енді осы төрт түлік малды бағып-күтушілер жайында қысқаша тоқтала кетейік. Қазақта ең қадырлы бақташы — жылқышы. Олар бірнеше адамнан құралады. Жылқышылардың бастығы байдың не інісі, не баласы дегендей, ет жақындарының бірі болады. Жылқышылардың қазақ ұғымында «мырза бақташылар» деп аталуы сондықтан болса керек. Олар таңдаған атқа мініп, таңдаған семізді сойып жейді.

Жылқышының қосы «Мырза қосы» аталып, мал иелері одан барып ет жеп жүреді. Қысы-жазы өмірін қос маңында өткізетін жылқышылар ара-тұра кір-қоңымызды жуғызып, ер-тоқым кептіреміз дегенде сылтауратып жылқысын баққан ауылдарға қонып қайтады. Кедейлер бірен-саран жылқысын байлардың үйіріне қосады да, жалшы жылқышылар көбінесе оларды тегін бағады.

Жылқышылар жыл бойы дерлік, әсіресе, қыс айларында қос маңында болады. Қос ауылдан қашық, шөбі шүйгін, отты, сулы жерге тігіледі. Қазақстанның жылқыны көбірек ұстайтын солтүстігінде қыс айларында боран-шашын жиі болып тұрады. Аяз қатты, кейде 40—50 градусқа дейін барады.

Жылқы тебіндеп, яғни қалың қарды тұяғымен қазып, астыңғы шөбін теріп жейді. Ол аяз бен боранға да төзімді келеді. Кейде қыстыгүні жаңбыр жауып, көктайғақ болғанда ғана жылқы тұяғы тебінге батпай қалады. Мұндай кезде буаз биелердің «іш тастауы» яғни құлын тастауы жиі кездеседі. Жем-шөптің тапшылығынан мал аштан қырыла бастайды. Қыс ұзаққа созылып, көктемгі шөп жай шығады. Мұндай апаттың атын «жұт» деп атайды. Жұт болған жылдарда байлар малынан ада болып қалады. Қазақтың «бай бір жұттық, батыр бір оқтық» деуі осыдан. Жалшылық тарихында жұтау көп болған. Мысалы, соңғы жүз жылда «Тақыр қоян», «доңыз», «ұлу» атанған үлкен жұттар бүкіл қазақ даласына жайылған.

Қой да жыл тәулігіне өз аяғымен жайылатын мал. Сондықтан қойды көп өсіретін байлар құмайтты, таулы жерді мекендейтін еді. Олар жаз бұлақты, қарлы тауларды жайлап, қысқа қарай қар аз түсетін құмдарға кетеді. Осылай үдере көшуден жазы-қысы тынбайды. Байдың қойын қойшылар, жалшылар баққан. Олар әдетте, туған-туысқандар-

дан емес, жат-жарадай болады. Қойшы еңбегінің өте ауыр екендігін ақын Кенен Әзірбаев өзінің қойшыларға арналған өлеңінде:

Қойшыға күзеттегі таң атпайды,  
Баққанда ұзап кетіп күн батпайды,  
Танитын еңбегіңді бір адам жоқ,  
Бел шешіп күні-түні бір жатпайды,—

деп сыпаттайды.

Қойы аз кедейлер қолдарындағы азын-аулақ қойларын қосып, оларды кезектесіп бағатын болған. Мұны «кезек» деп атаған. Мұндай кезектен қандай да болсын себептермен қалу қорлықпен тең деп саналатын. Мұны ХІХ ғасырдың екінші жартысында Орталық Қазақстанда болған Сандыбайдың Ыбырайы (1851—1932) мен Әлімбаидың Доскейі (1850—1946) дейтін ақындардың арасында болған айтыстан байқауға болады. Мәселен, Ыбырай:

Әр жерде жүрген жерім жиын болды,  
Қойым өліп көңіліме түйіп болды,  
Елу қойдан бес саулық қалмаған соң  
Кезектен қалу ақынға қиын болды,—

дейді.

Қазақта «кезекке кірмей, еспке кірмейсің» деу осыдан туған.

Егінсіз жерде сиыр бағуды тілемейді, өріске өзі кетіп, мезгілінде ауылға өзі қайтады. Бір ғажабы қасқырға сиыр малы беріспейді. Бірме-бірге келгенде бір сиыр, бір қасқырға алдырмайды. Ұялас қасқырлар келсе, сиырлар ұсақ төлдерін ортаға алады да, үлкендері мүйіздерін төсей айнала қорған жасап, қасқырларды жолатпайды. Қыс айларында сиыр тек қорада ғана күтіледі. Сондықтан басқа малдарға қарағанда ол күтімді көбірек керек етеді.

Дінге сенетін қазақтар әр түлік малдың мифологиялық киесі бар дегенге нанады. Мысалы: жылқыда Қамбар ата, түйеде Ойсыл қара, қойда Шопан ата, сиырда Зеңгі баба. Малдардың осындай құдай-сымақтарының әрқайсысы өз түлігіне әрдайым қамқорлық жасайды-мыс делінеді. Малшылардың қазақша жалпы аты бақташы, жеке түліктерді бағатындар жылқышы, түйеші, сиыршы, қойшы деп бөлінеді. Қойшыны «шопан» деп атау бертінде шыққан тәрізді.

Ендігі жерде қазақ халқының төрт түлік малды жасына, еркек-ұрғашыларына қарай оларды қалай атайтынына тоқталайық. Мысалы, жылқы малының төлі құлын деп

аталады. Бір және бір жарым жастағы жүні түлейтін құлынды — жабағы, екі жасқа шыққанда — тай, үшінші жаста — құнан, төртінші жаста — дөнен, одан әрі бесті делінеді. Ал бестілердің еркегін — сәуірік, ұрғашысын байтал дейді. Одан әрі байтал биеге айналады да, құлындамайтын байтал бедеу делінеді. Құлындап жүріп тоқтап қалған бие қысырақ аталады. Қазақ байталдарға қосып қысырықтан бөлек үйір жасайды. Жылқысы көп ірі байлар сән көріп қысырақ үйірін қара, көк, торы т. б. бір түстен құрастырады. Мұндай жылқы үйірлерін өлеңге қосып та айтады. Мысалы, «үйірі қысырақтың мақпал қара» деп басталатын өлең бар. Ал, кестірілген сәуірік — ат, есейіп кестірілген айғырды «азбан» дейді.

Алғаш құлындаған байталды қулық («қулық құлын жанды» деген мәтел сонан болар) деп атайды. Қазақ әдетте, жылқының ұрғашыларына тән кейбір жайларды әйелдерге тән қасиеттермен салыстырып отырады. Мысалы, жаңағы мәтелді жас босанған бала жаңды әйелге қатысты айтса: «Құлындаған биеден, құдықтағы су артымайды», деп жаңа босанған әйелдің сұйық асқа (сорпа-су, шай т. б.) құмар болатындығы жайында айтады. Сондай-ақ, әйелге кемсітіп қарайтын кертартпа заманда «байтал шауып бәйге алмайды» деген де мақал қалдырған. Бұған қарама-қарсы кейіннен: «Байтал неге бәйге алмас жүйрік болса» деген өлең де шыққан. XVIII ғасырда Абылай ханның «қанатты қара байтал» атанған тұлпары болған. Төңірегі 150 шақырымдық Бурабай тауын сол ғана айналып шығыпты-мыс деген қауесет бар. Үстіміздегі ғасырда Жетісу елінде де бәйге бермейтін «көк байтал» аталған жүйрік болды.

Солтүстік Қазақстанда, түйені малданатын байлар біреп-саран ғана болғандығын жоғарыда айтып кеттік. Қазір ол елде түйе малы тіпті жоқ, сондықтан түйе түлігінің атауларын аз білем. Дегенмен, естуімше, бұл түліктің: бір өркештісі: «нар», екі өркештісі «айыр» түйе, солардың арасынан (буданнан) шыққан тұтас өркештісін «қоспақ» деп үшке бөлінеді. Бір жастағы төлі — бота, екі жастағысы — тайлақ, үш жасарының еркегі — буыршын, одан әрі ұрғашылары — інген, еркегі — бура, нардың ұрғашысы — үлек.

Қойдың төлі — қозы. Қойлар көктемсіз төлдемес үшін, қошқарға күз айларында күйек байлайды. Қыс туатын қозылар «арамза» аталады. Ол жүдеубас болады. «Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам» (кішкене мағынасында) деген мақал содан. Тоқты болған арамза — көбдік. Мезгілі-

нен кешірек туғаны көрпеш немесе көпей. Балаға ат қойғанда «Қозы», «Көрпеш», немесе Қозы-Көрпеш қоятыны содан. Жарты жастағы қозы — марқа («марқайған», яғни өсіп-жетілген деген ұғым осыдан туған), бір жаста «тоқты» делінеді. Әдетте, қазақ сойымдыққа піштірілген еркек тоқтыны ұстайды, «еркек тоқты құрмалдық» деуі содан. Ал еркек тоқтылардың таңдаулысын тұқымға сақтайды, ұрғашы тоқтыны соймайды. Екі жасқа келген еркек қойдың аты — ісек. Жасына жетпей қартайған адамға «жаман қой ісегінде қартайды» деп күлетіні осыдан. Ұрғашы қой — тұсақ, қоздағаны — саулық, қоздамағаны «ту қой» деп аталады. Тұқымдыққа жіберген еркек қой — қошқар, оның да кестірілгені — азбан.

Қошқар қазақтың жақсы көретін малы, сондықтан да оны адам атына қосады: Қошқар, Қошқарбай, Байқошқар, Аққошқар т. б. деген есім қазақта көп. Атақты ақын Нартай Бегежанов Қызылорда облысындағы даңқты күрішші Ыбырай Жақаев жайында:

Ағасың ала тауда асқардай-ақ,  
Төбесін сан биіктің басқандай-ақ,—

дей келіп өлең аяғын:

Көзіме сонадайдан шалынасың,  
Мың қойдың ішіндегі қошқардай-ақ,—

деп бітіреді. Саулықты кемітіп, қошқарды көтермелеп сөйлегенде, қазақ «саулықтың жасы үлкен, қошқардың басм үлкен» дейді.

Ешкінің төлі — лақ, бір жасқа толған, кестірілген еркегінің аты — серке, ұрғашысы — туша, кестірілген еркегі — серке, кестірілмегені — теке, ұрғашысы — ешкі.

Мал түліктерінің түр-түсіне қарап, қазақ толып жатқан атаулар айтады. Бір өлеңде «болмайды сиыр жирен, жылқы тарғыл» дейді. Сиырдың жирен түстісін қызыл сиыр дейді. Ақ жылқыны «боз» дейді. Сиырдағы «қоңыр» түс, жылқыда «қарагер», жылқының «қоңыр» аталатыны қара-көк түс.

Қазақ малдың үстіне мініп келе жатып құлағанда: «түйе — шудасын, жылқы — жалын, сиыр — мүйізін төсейді» дейді. Ол «түйе мен жылқыдан денесі ауырмай құлайды, сиырдан ауырады» дегені.

Енді қазақтың малды емдеу жайына қысқаша тоқтала кетейік: советтік дәуірге дейін қазақ елінде мал дәрігері

болған жоқ. Бірақ, ауырған малды қазақ емсіз қалдырған емес. Пышақпен қан алу арқылы емдейтін адамды қазақ «оташы» дейді. Мұндай оташылар жамандат ісігін пышақпен тіліп, жара ішіне сақар (сілтілі шөп) мен бұйырғын (жусанның тырбиған ащы тұқымы) шөбінің үгіндісін себетін еді де, ауырған жылқы өлмей, ісігі ойылып түсіп қала-тын. 1932 жылы Солтүстік Қазақстанға осы індет келіп, кейбіреулер ауырған жылқыны атып тастап жатқанда, ескі оташы Оразақұлы Бықас жаңағы аталған емді қолдану арқылы жылқыны аман сақтап қалғанын көзіміз көрді.

«Маңқа» аталатын ауру тиген жылқыны да оташылар жамандат емін қолданып, танауына ыстық су құйып, аман алып қалады.

«Түйнек» ауруынан малдың шегі түйіледі. Қазақ емшілері көрікпен үрлеу арқылы осы түйінді де түзеп жіберетін.

«Аяғына қан түсті» (ақсау) деп аталатын ауру байқалғанда жылқының таңдайынан қан алады, ал ақсау тұралаудан болса, оның тұрасын жонады. Тұра табанға өсетін мүйізгек. Қазақтың әлсіреген малды «тұралап қалды» деуі осыдан.

«Шытыр» дейтін жапырақты шөп болады. Оны түйе мен сиыр малы жесе, іші кеуіп, өліп қалады. Өлтірмеу шарасы оңай: төрт аяғын таңып тастап, кепкен қарынның сыртынан жуан бізбен піскілессе, іштегі газ шығады да, мал оңалып кетеді. Іші кепкен түйені жетектеп желдіреді, сонда жел шығып, іші басылады.

Сиыр «сап» (аусылдың аяқтан болатын ауыр түрі) ауруына шалдыққанда қозғала алмай қалады. Қазақ емшілері сортаң сазды қайнатып, оны ыстық күйінде аяғына орайды немесе ыстық қарамай құйған.

«Қатпа» (іштен болатын ауру) болған түйенің аузына кергіш салады да, көмейіне ыстық сары май, немесе мұнай сұйығын құяды. Одан да жазылып кетеді.

Қойда «топалаң» дейтін індет бар. Оған халық емі қонбайды. Бұл дерт ертеде қой малына қырғидай тиіп, қырып кететін де, халықты күйзеліске ұшыратып отыратын. Қазақтың «топалаң тигір» деген қарғысы осыдан қалған.

Қазақтың союға ең қолайлы түлігі — қой. Ең алдымен «малды жисаң қойды жый, майы кетпес шарадан», «қойдың сүті қорғасын, қойды сөккен оңбасын» деген мақал-мәтелдер осыған байланысты айтылады. Қойдың сүті де жұғымды болады. Қойды, әдетте, көгендеп, не қосақтап сауады. Көген әр қойдың басына ілетін тұзақ. Қозылар да

көгенделеді. Қосақ деп қойлардың мойындарына ұзын арқанның күрмелген, тұзақ сияқты жіп шеңберін кигізуді айтады. Арқан жіптердің көбісі қой жүнінен есіледі. Киіз үйлердің түңілігін қазақ қатқыл жүннен басады. Биязы жүн киіз басуға қолайсыз. Сол сияқты жүннен киімдік және төсеніштік өрмектер тоқылады. Тері-терсегі де жылы киім болады.

Сиырдың жас төлінде (бұзау, тана, баспақ) «айналышық» деген дерт бар. Олай ауырған мал сенделіп оттамай, тұрған жерінде айнала береді. Қазақ оны жұдырықпен құлаққа қатты соғу арқылы жазады, сонда есеңгіреп қалған төл, аздан кейін шөп жеп, су іше бастайды. Қазақтың тыптыныш бір халді «құлаққа ұрған танадай» деуі содан.

Малды емдеудің бұдан басқа да халықтық сан түрі бар. Олардың бәрін бұл арада түгел атаудың қажеті жоқ. Жалпы алғанда көшпелі ауылдар малды ерскше қадірлеген. Сондықтан да, амандасқан адамдар «мал-жан аман ба?» деп, малды жанның (адамның) алдына сала сөйлейді.

Су мәселесі. Қазақ даласының табиғаты отқа мол, кейбір жері суга тапшы. «От» дегені «шөп». Малдың шөп жеуін қазақ «оттау» дейді. Бос немесе теріс сөз айтатын адамдарды да қазақ «бұл не оттап отыр» дейді. Онысы адамды адамға емес, хайуанға теңегені. Ал сусыз жерлерде қыстыгүні жауған қардың ізін қуалайтындар әлі де бар. Мысалы, жерлері отты, сулы келетін Жетісу аймағындағы елдер жазғытұры қары кеткен, әрі ауасы қоңыр жай, шыбын-шіркей жоқ тау жоталарын жайлайды да, қысқа қарай қар түсе бастағанда, одан қашқалақтап, төменге жылжи береді. Ал шөлді, шөлсітті жерлердегі малшылар қыс бойы қар суын барынша пайдаланып, жазғытұры қар кете бастағанда қары бар жерлерді қуалай көшеді де, жазғы жайлауына шығады. Олардың қыс түсе бастағаннан қар кеткенге дейінгі малдарының да, өздерінің де сусындары қардың суы болады.

Кіші жүзге қарасты қазақ ауылдары XVIII ғасырдың басында Жайық пен Еділдің арасын паналады. Сонда, жаудан ғана емес, жұт пен шөлейтпен де қашты. «Ақтабан шұбырынды» жылдары Сыр бойы қазақтарының Арқаға, одан әрі Батыс Сібірге ауганына Жоңғар хандығының шапқыншылығынан ығысқандығынан ғана емес, Солтүстіктің мол суына жетуге тырысқандығы себеп болды.

Суды қазақ көл, өзен, бұлақтардан пайдаланумен ғана шектелмей құдықтар қазу арқылы да алып отырды.

Қазақ жерінің шөлді және шөлейтті жерлерінде құдық қазу ерекше шеберлікті қажет етеді. Мұндай құдықтар өте көп. Әсіресе, бұлар Сары, Қара, Қызыл құм белестерінің өн бойларында көп кездеседі. Бірақ судың шығу тереңдігі, бәрінде бірдей емес. Мысалы, Батыс Қазақстандағы Нарында құм астының суы терең болмайды. Тіпті құлан сияқты аңдар құмды ойпатты жерлердің суын тұяғымен тарпып шығарған деген сөз бар.

Әдетте, қазылған құдықтар көміліп (опырылып) қалмас үшін олардың ішін сексеуіл сияқты тез шірімейтін қатқыл ағашпен өреді. Оның атын «шегендеу» дейді. Кейбір деректерге қарағанда, мұндай шегендеген құдық жүздеген жылдарға шыдайтын көрінеді. Шөлдің қай жерінде қандай құдық барын жақсы білетін жол көрсетуші адамдар болады. Елдің көшіс солар бастап, суы бар құдықты айна қатесіз табалы. Арғы жағын былай қойғанда, 1918 жылы ақ Колчактан Түркістандағы қызылдарға қашқан Сәкен Сейфуллинді Сапалай дейтін жол көрсетуші бастап, Бетпақ даланың кең шөліндегі құдықтарды табу арқылы аман өткізген.

Қазақтың шөл далаларында көшпелілер, қазақ рулары мыңдаған жылдар бойы қазған құдықтар, жүздеп, мыңдап саналады. Солардың арасында өте шебер шегенделгендері және терең қазылғандығы Каспий теңізінің күнгей-шығысын алып жатқан Маңқыстау жарты аралында.

Маңқыстау — «Мыңқыстау» сөзінен шыққан екен деп те айтады. Олай дейтіні XVII—XVIII ғасырда Алатау мен Сыр бойынан босып барған Кіші жүз рулары, әсіресе адайлар Маңқыстау жарты аралында мекендейтін отырықшы түрікпендерді ығыстырып, «Мыңқыстау» мекенін басып қалған екен деседі.

Адайлар мен түрікпендердің қонысқа таласу жанжалдары советтік дәуірдің алғашқы жылдарына дейін созылған. Бұл жөнінде айтылатын толып жатқан жырлар, әңгімелер солардың куәсі сияқты. Үстірт жайлауының солтүстігіндегі терең сайдың<sup>1</sup> жағасында «Шопан-ата» дейтін мыңдаған адамдардың қабірі бар. «Осылар түрікпен мен адай соғысқанда өлгендер екен», — деседі жергілікті қариялар.

Мазарлары, ғимараттары көп Маңқыстау түбегінде көп айтылатын ертегі, жыр, әңгіме аңыздардың бірі құдықтар

---

<sup>1</sup> Осы сай, бір заманда «Каспий мен Арал теңіздерін жалғастыратын өзен екен» деседі.

жайында. Маңқыстау бойынша үш мыңға тарта құдық бар деседі. Солардың біразы күні бүгінге дейін пайдаға асып келеді.

Маңқыстаудағы Сам, Үстірт, Бозашы жайлауларында құдық өте көп кездеседі. Бұлардағы терең құдықтардың аты — «шымырау» (оны басқа жерлерде шыңырау деп те атайды).

Шыңыраудың тереңдігі жүз. жүз елу құлашқа дейін барады. «Құлаш» — өлшем аты, бұл аламның екі жаққа созылған қолдарының ұзындық мөлшері. Бұл шамасы бір жарым метрдей, сонда 150 құлаш екі жүз метрдей тереңдік болғаны.

Құдықты мұншама терең қазуға мүмкіндік беретін сол құдық қазылатын жердің бет жағынан басталып, тереңіне дейін баратын ракушечник дейтін қыртыстың болуы. Мұның негізі бор мен теңіз хайуандарының жентектелген сүйектерінен құралады. Бұл «бор тасын» арамен де, күрекпен де немесе басқа темір саймандармен кесіп алуға болады. Сонымен қатар отқа да, суға да, желге де өте шыдамды. Кейінгі кезде бор тас кірпіштерінен зәулім үйлер, сарайлар қаланып жүр. Құдық қазушылар бор тастың осы сипаттарын пайдалана білген.

Көне заманда, әрбір шеберліктің өзіне тән «киесі» бар деп түсінген халық құдық қазушылардың да сондай қасиеті бар деп ойлаған. Олар әдетте саяң жердің бетіне өскен шөбіне, не бұтасына қарап, жер астындағы судың қаншалықты тереңдікте жатқанын, оның ащы не тұщы екенін, көбінесе мүлтіксіз болжайды.

Одан да кереметі, бір сайдың бойындағы бірнеше жерден қазылатын шыңыраулардың астын үңгірлеп, өзара жалғастырып, су мөлшерлерінің деңгейін бірдей етіп қояды.

Бұл, әрине, қайран қаларлық іс. Қазіргі ғылым жүзінде мұндай үңгірлерді инженерлік есеппен алдын ала жобалап, сонан кейін қазар еді. Құдық қазушыларда ондай білім жоқ. Олардың сүйенетіні қара дүрсін тәжірибе. Сондай мөлшермен бір емес бірнеше шыңыраудың астын тұтастырады!

Маңқыстау түбегіндегі шебер құдық қазушылардың әрбір құлашқа алатын ақылары бір-тұсақ. Сонымен терең шыңыраулар қазу үшін олар жүзге тақау, немесе жүзден астам тұсақ алулары мүмкін. Мұндай ақыны бүкіл ел бө-

ліп төлейді. Сондықтан мұндай шыңыраулар баршаға ортақ мүлік.

Шыңыраудың суларын тарту қызық: құдықтың ернеуіне екі жерден айналып тұратын шығар (доңғалақ) орнатады. Ал су тартатын «қауға» кең ыдысты көбінесе түйенің мойнағынан (мойын терісінен) жасайды. Оған шамасы бір тоннадай су еркін сияды. Кейде түйенің, жылқының, сиырдың тұтас терілерінен тігілген қауғаларға одан да мол су сияды.

Қауғаның аузына майысқақ ағаштан, иә, темірден шеңбер салады. Екі жағына мықты «құлақ» орнатады. Соларға құдықтың тереңдігіне қарай, қыл арқан тағады да, шығыр арқылы шыңырауға түсіреді. Қауға толды-ау деген шақта қос арқанның үстіңгі жақ ұшын екі түйенің мойнына байлап, екі жаққа қарай айдайды. Қауға судан шыға ауырлап, кейде түйелердің күші жетпей де қалады. Сол кезде иелері бақырта айдап, таяқ батқан түйелер алдыңғы аяқтарын бүгіп жіберіп тартады. Екі түйенің әлі келмегенде кейде арқанға оларды екі-екіден парлап жегеді.

Тысқа шығарылған қауғаның суын, сол арада бортас-тан жасалған «науа» деп аталатын үлкен астауға қотарады. Кей науалардан жүздеген жылқы, мыңдаған қойдың сусыны қанып шығады.

Соңғы сөз «керіз» туралы. Бұл Иранның «қараз» деген сөзінен алынған. Оның мәні төмендегідей: жазық жерге жетпейтін тау басындағы бұлақтың суын сарқу үшін сол арадан құдық қазады да, оған жиналған суларды жыра арқылы төменге түсіреді. Осы әдіспен құдықтардың суымен мал жайлымын, егістік жерлерді суғарып отырады. Ал кейде мұндай тау бұлақтарының суын жер астынан қазылған үңгірлер арқылы құлатады. Бұл әдістерді де көшпелі қазақтар ертеде пайдаланғанға ұқсайды. Өйткені осы сияқты су ағызу жүйелерінің сілемдерін Қаратау, Ұлытау сияқты таулардан әлі де көруге болады. Отырықшы шығыс елдері (Иран, Үндістан, тағы басқалары). «Қараз» әдісімен бізден жиырма-отыз ғасыр бұрын шұғылданған. Қазақ халқының көшпелі кезінде су табу тәсілі де осылай жүзеге асырылған.

\* \* \*

Бүкіл Совет Одағында, оның ішінде Қазақстанда су мәселесін ретке, тәртіпке келтіруді советтік дәуір шешті. Өзендерді бөгеу арқылы соңғы жылдары Қазақстанда

Бұқтырма, Қапшағай, Есіл, Шардара сияқты теңіздер жасалды. Суы тапшы саналатын Есіл өзенінің «Аютас» аталатын тұсынан соңғы жылдар бөгелген су, қазір Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Омбы, Қорған облыстарының суға тапшы бірнеше колхоздары мен совхоздарын суға молықтырып, «Жаманшұбар» сияқты шөлейт жерлеріне су құбырларын жүргізу арқылы сумен қамтамасыз етуде.

Соңғы біраз жылда Сібірдің атақты өзені Ертіс Семей мен Павлодар арасынан бөгеліп, көтерілген су, қазір Қарағандыға жетті. Енді аз жыл ішінде ол канал Жезқазғанға жстеді де, осы аймақтардағы аудандардың өндіріс орындарын сумен қамтамасыз етеді.

Қазіргі күндерде одан әлдеқайда зор іс жоспарланып, Сібірдің ең зор өзенінің бірі Обьтың суы «Торғай ойпаты» аталатын саймен Арал теңізіне құламақ. Аралға бет бұрған Обь суы жолшыбай Қазақстанның екі облысы — Торғай мен Ақтөбе облыстарының бірнеше шөлейт аудандарын суландырады. Сөйтіп, суға қанған бұл аудандардың мал жайылымы да, егістік танаптары да мейлінше кеңі түседі.

## 6. АҢШЫЛЫҒЫ

Көшпелі елдердің тіршілігіне көз салсаң, малшылық пен аңшылық егіз туғанға ұқсайды. Әйтсе де ең алдымен аңшылық пайда болған. Себебі үй хайуандарының өздері, алғашында тағы хайуандар болғаны мәлім. Адамзат ең алғаш рет соларды аулап, тірідей ұстағандарын қолға үйреткен де, үйренбегендерін аулап, пайдалануын доғармаған. Мылтық шыққанға дейін аңшылардың қолданатын тәсілі қапысын тауып ұстау: көне заманның осындай бір әдісі — аран.

**Аран.** Аңдарды ұстау үшін тау арасынан ені тар қоршау жасап олардың жап-жағына аң кіргеннен кейін шегініп шыға алмайтындай өткір істік қадалар орнатады. Мұнан кейін аңдарды айдап келіп осы қоршауға енгізеді. Оған кірген аңдар, хайуандар кейін шегіне бере әлгі істікке түйреліп, қозғала алмай тұрып қалады. Осы кезде аңшылар оларды оңай соғып алады. Тасқа қашалып жазылған осындай аңшылықтан қалған таңба-суреттердің көне замандардан бізге жеткені аз емес.

Аңдарды аулаудың тағы бір әдісі — қыс кезінде қамыстың басын қырқып, мұз бетінде сояуын қалдыру. Мұндай әдіске қолы араңдағыш келетін сияқты. Қазақтың «ерді на-

мыс, қоянды қамыс өлтіреді» деуі содан. Бұл әдіс қазірге дейін қолданылады.

Тағы бір көне әдіс. Аңдар жүретін жерлерге тор, ау, қақпан құру. Мәселен, балық аулау үшін оның жүретін жолына ау құрылады. Сонымен қатар балықты сүзіп аулау әдісі де бар. Ол үшін аудың бір шетіне, яғни төменгі жағына тас, темір немесе сол сияқты ауыр нәрселер байланыды да, екі жақ қанатын қайықпен ілгері сүйрейді. Аудың қанаттарына қақтыққан балықтар ошарылып барып, оның орта тұсындағы «абақ» дейтін тарлау қуысына кіреді. Оған кіру оңай да, шығу мүлде мүмкін емес. Қазіргі абақтарға тонналаған балық сияды.

Аумен ұстаған балықтарды уақытша қамайтын қамыс қоршауды «сүзек» дейді. Осыған байланысты айтылған Қошқарбайұлы Шашубайдың «Қасқырмен айтыс» деген өлеңінде жалғыз атын жарып жеген қасқырды ақын қақпанға түсіріп алады да, скеуі кінәласады. Сонда Шашубай қасқырға:

Күнде сүзекіден балық жейсің,  
Қайдағы семіздерін алып жейсің.  
Балықтың өңе бөйі толған қылтаң,  
Антұрған-ау, қақалмай не ғып жейсің?!—

дейді.

Қазақтың аңшылық өнерінде көне заманнан күні бүгінге дейін ең көп қолданылатын әдісі — ит жүгіртіп, құс салу.

Ең алдымен ит туралы. Қазақ ұғымында: «ит жеті ырыстың біреуі». «Итті тепкен ырысты тебеді», «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал», яғни тамақтандыр, т. б. айтылады. Итті бұлай қадірлеу мал шаруашылығымен шұғылданған көшпелі елде қажет-ақ. Өйткені ит — адамның үйде де, түзде де сенімді серігі. Сондықтан «итті несімен қинасын» деген. Ал «Ауыл итінің құйрығы қайқы» деген мақал әр ит өз ауылында күшті деген және басқа да астарлы ұғымды білдірген.

Иттің еркегі — төбет немесе арлан, ұрғашысы — қаншық, бірге туғаны — ұялас. Кішкенесін күшік дейді.

Қазақтар асырайтын иттер тұқым жағынан «дүрегей», «тазы» болып екіге бөлінеді: дүрегейі үй күзетеді, тазысы аңға қосатын жүйріктер. Дүрегейдің еркегі «барақ» дейді.

Олардың кейбірі қасқырға қотаннан қой бермейтін, алыса кетсе, жеңетін мықты болады. Сондықтан «Барақ» есімді хандарда, батырларда болған.

Мен көрген ауылдарда: Әшімнің «Сарықасқасы», Төренің «Көкшолағы», Саққұлақтың «Сұркийігі» дейтін қас-

қыр алатын иттер болды. Ондай иттер Қазақстанның әр жерінен кездеседі. Мен Солтүстік Қазақстанның қазіргі Преснов ауданында Тайкеттің Сүлеймені дейтін аңшының сексен қасқыр алған «Сарықасқасын» көрдім. Осы жолбарыс тұлғалы ит, кейде аңғары ауып кетіп, қасқырды өз бетімен де алатын еді.

Тазылар күшті болмайды, бірақ денелері сидам, арық, жеңіл, жүйрік әрі өжет келеді. Олар қуса жетеді де, қашса құтылады. Қоян, түлкі сияқты ұсақ аңдарды олар құтқармайды. Ақтөбенің Ырғыз ауданында «жүз түлкі алды» деген тазыны көргенім бар. Қасқыр алатын тазы кем де кем, бірақ сирек те болса кездеседі. Шығыс Қазақстанның Марқакөл ауданында бір қойшының ұялас тазысы аюлар, жататын үңгірлерге барып, қуалаған аюды тістей қашып, қақпақылдай кезекпе-кезек тістелеп, жасырынған мылтықты несіне қарай алып баратын болған. Біз, бір топ жазушы 1959 жылы барғанға дейін сол аңшы осы әдіспен жетпіске жақын аю атып алған. Ал менің көзімше атқан біреуінің терісін ол маған сыйлады.

Жақсы иттер туралы қазақта ертегі, аңыздар көп. Қазақтың ұғымында ең жақсы ит — құмай. Халық аңызында оны иттен емес, «ат-ала-қаз» дейтін қара-ала құстың жұмыртқасынан шығыпты-мыс, — дейді. Ол құс қасқыр мен аюдың ескі апандарын немесе таудың үңгірлерін мекендейді. Жұмыртқаларын да сонда салады-мыс және көп емес, екеу-ақ. Соның біреуінен күшік шығады екен. Қайсысынан шығарын білсе, енесі оны уыз күйінде жарып тастайды. Егер жара алмаса, қабыршықтан шыққан күшік көзін аша салысымен-ақ аңға ұмтылады. Әрі жүйрік, әрі күшті болғандықтан арыстан, жолбарыстан бастап алмайтын аңы қалмайды-мыс. Осындай аңыз, ертегі түрінде қиялдан туған «иттің» атын «Құмай» деп атайды.

Иттің жақсыларын қадірлей отырып, үруден басқа пайдасы жоқтарына: «ит үреді, керуен жүреді» десе, қылығы, мінезі жаман кісіні «ит» деп, немесе «итті күшігім десең — аузыңды жалайды», «ит құтырса — несін қабады», яғни өшіккен, жауласқан біреуге «өлсе ит терісі, өлмесе қой терісі», тұрмыс ауыртпалығына шыдамды, көмпіс адамды «ит жанды адам» деп түрліше астарлы мағынада да мақал-мәтелдер айтады.

Қазақтар барлық хайуанаттарды «адал» және «арам» деп екіге бөледі. Адалы — шөппен, жеммен қоректенетіндері, яғни басқа тірі жәндіктерді жемейтіндері, ал арамы —

тірі жәндіктерді өлтіріп, етпен қоректенетіндері, яғни «қан ішерлер». Бұларды, әдетте «жыртқыш аңдар» «жыртқыш құстар» деп атайды.

Сол сияқты әрбір халықтың өздерінің пір тұтатын, аңыз ететін жыртқыш құстары болады. Біздің қазақтардың мұндай аңыз ететін құстарының бірі — бидайық. Ертегі, аңыз бойынша бөденеден бастап аққуға дейін бидайықтың ілмейтін құсы болмайды. Бірақ, шын мәнінде бұл құс табиғатта болған емес.

Осындай аңызға айналған құстардың ең зоры да, ең күштісі де екі басты самұрық. Дүниеде мұның күші жетпейтін ешбір жан-жануар жоқ деп саналады. Сондықтан патшалар, корольдер оны таж-тағының қорғаушысы көріп, оның суретін «герб» аталатын мемлекеттік белгілеріне салған. Россияның соңғы патшасы ІІ Николайдың да гербі — екі басты самұрық. Арғы тегі Иран елінен шыққан Самұрық туралы ертегілер қазақта да көп.

Енді табиғатта бар, өзіміз білетін қыран құстарға келейік.

Құстардың ішінде қазақ халқы қадірлейтіні — бүркіт. Қазақтардың айтуынша, азулы аңда арыстан ғана екі күшіктен артық таппайды. Сондай-ақ қасиетті аталатын құс аққу мен жыртқыш құс бүркіт қана екіден артық жұмыртқаламайды. Бүркіт ұясын, ең биік ағаштың басына, тау шыңдарының ең биік төбесіне, жел мен аяздың ең күшті өтіне салады. Сондықтан да бүркіттің балапандары жұмыртқа күйінде де, жұмыртқаны жарып шыққаннан кейінгі балапан күйінде де желге, ыстық пен суыққа шынығып сомдалып өседі. Орман мен таудағы ұядан алынған бала бүркіт тұлкіге түсуге тайынбайды деп қазақ құсбегілері әдетте бүркіттің ересегін емес, ұшар шақта балапанын ұядан алуды дұрыс көреді. Тау бүркіті қазақ үшін бағалырақ. Ол қырағы да, өжет те, алғыр да. Сондықтан ең алғыр бүркітті қазақ «таудың ақиығы» деп атайды. «Қарақұс» тектес бүркіттің түсі қарасұр келеді. Халық оны «қарақұс қайырғанмен бүркіт болмас» деп, әжуалайды. Бүркіттің көбі қоян, қарсақ, борсық, тұлкі сияқты ұсақ аңдарға түседі. Ал қасқыр, аю, бұғы сияқты ірі аңдарға түсетіндері де болады деген әңгіме бар. Сонда оларды тоқтатуға әлі келмей бара жатса, бір аяғымен кез келген затқа, ағашқа жармасады екен. Мұндайда мықты аңдар бүркіттің денесін бөліп әкететін жайлары да кездесетін көрінеді. Әдетте, алар аңын көрген бүркіт әуелі аспанға шырқай, көтеріледі

де, алатын жеміне жоғарыдан төмен қарай түйіледі. Құйылып түскен бүркіт аңды бір аяғымен бастап, екінші аяқпен сауырынан қайқайта бүріп, тыпыр еткізбейді. Кейде, қапылыста тегеуіріні (тұяқтары) қасқырдың немесе тұлкінің аузына түсіп, шайналып қалатын шақтары да болады.

Аңдар да бүркітке оңайлықпен алдыра қоймайды. Олар орманның, таудың қуысы сияқты тасаға паналауға тырысады. Қазақтың ғашықтық өлеңінде, жігіттердің:

Аспанда мен бір бүркіт қыран-дағы,  
Қыздар-ау, сендер тұлкі сырандағы,  
Қиялап, қия шыңда жүрсең-дағы,  
Қиғаштап қанатымды бұрам-дағы,—

деп өздерін қыран бүркітке теңейтіні сондықтан.

Осы арада біздің советтік баспасөзде жарияланған қыран қаларлықтай бүркіттің екі ерлігін еске түсіре кеткен жөн.

Біріншісі, «Известия» газетіне шамамен отызыншы жылдардың ішінде төмендегідей қызық хабар жарияланды. Еділ бойында балық аулап жүрген балықшылар, аспанда қалықтаған әлдеқандай үлкен құстың шаншыла су бетіне түсіп қалқи бастағанын көреді. «Бұл не?!»— деп таңданған олар жан-жақтан анталап жетсе, су бетінде қанатын жая қалқыған бүркітті көреді. Бүркіттің астында үлкен құртпа су бетінде қалқып тұр. Сөйтсе бүркіт оны аспанда жүріп көреді де, құйылып түсіп, бұлтартпай ұстайды. Бірақ құртпаны көтеріп әкету мүмкін емес. Оның ең үлкенінің салмағы тоннадан асады. Мұндай салмақты бүркіт көтере алмайды. Бүркіттің тұяғы денесіне батқан құртпа тереңге сүңгіін десе, бүркіт қанатын су бетіне жайып, жібермейді... Балықшылар осындай тартыста тұрған тағыларды айырады да, ерлігіне сүйсінген бүркітті ұшырып жіберіп, құртпаны олжаланып, үйлеріне қайтады.

Екінші бір оқиға елуінші жылдарда газеттер бетінде жарияланды, ол ұшып келе жатқан самолетке бүркіттің жасаған шабуылы жайында еді. Сонда бүркіт самолеттің пропеллеріне соққанда самолет аударылып кете жаздағанын хабарлаған еді.

Бұл екі мысал бүркіттің батыл құс екенін дәлелдейді. Бүркіт те өзге құстардай, жыл сайын ескі жүнін тастап түлейді. Жақсы түлету үшін, қазақтар оған «ақ жем», қанынан арылтқан, шикі етті береді. Сонда бүркіт тез арықтайды, арықтаса тез түлейді, семіз бүркіт нашар түлейді.

Иесі бүркітке алған аңның жүрегін жұтқызады. Оның аты «тоят». «Тоят» алған бүркіт көңілді ұшады. Бүркіт кейде өзі алған аңының етін терісімен, жүнімен тұтас жұтып, содан «қоя» немесе «қояба» деген ентікпе ауруға ұшырайды. Бүркіт жаз түлеген кезінде тышқандармен қоректенеді де, олардың кейбір кіші-гірімін тұтас күйінде қылаудан да қояба болады. Одан жазу оңай: адамның несесіне араластыра жентектеген қарды асатып жіберсе, бүркіт құсады, сонда томалақтанған қояба түсе қалады. Кейде сөзден шатасқан біреулерді «қоябасын шығарды» деп реніш білдіру осыдан қалған.

Бүркіттің қас жауы түтін. Кеудесін түтін шалса табанда өледі. Сол себепті оны түтінсіз жерде ұстайды. Қыста қора мен сарайда, жаз ашық далада ұсталады. Оны ашық жерде ұстағанда жемін көріп ұшып кетпеу үшін басы, көзін жауып тұратын «томаға» кигізеді. Өзге қыран құстарға да сөйтеді...

Қартайған бүркіт еріншектеніп, ірі аңдарға жөнді түспей, ұсағына ұмтылады. «Бүркіт қартайса тышқаншы болады» деу сондықтан. Тым қартайған бүркітті еркіне жіберу салты бар. Адамға үйренген бүркіт, ел маңынан ұзамай ұшып-қонады. Ондай бүркітті бүкіл ел болып сыйлап, әрдайым жем (шикі ет) тастайды, иттен, құстан қорғайды, тасаға паналатады. Біздің елде «Есенейдің Танакөзі» дейтін бүркітті сөйткенін өз көзіммен көрдім.

Бүркіттің және басқа алғыр құстардың бабын білетін адамды «бүркітші» немесе «құсбегі» деп атайды. Қазақтың әр жерінде-ақ атақты саятшылар болған. Соның ішінде өзімнің жақсы білетінім біздің ауылдасымыз Қашан дегеннің баласы Ораз. Оның саятшылық жайын «Өмір мектебінің» бірінші кітабында толық суреттеген едім.

Орта Азияда бүркіт салатын қазақ пен қырғыз. Өзге халықтардың аздап ұстайтындары: түйғын, лашын, қаршыға, ителгі, тұрымтай, қырғи, жағалтай сияқты ұсақ құстар. Ондай саятшылар осындай ұсақ құстарды баулыған. Мысалы, Орта Азияның, Қырымның, Еділ бойының хандары бірінші уәзірін «құсбегі» деп атаған.

Ұсақ қырандардан саятшылардың сирек қолданатыны ителгі. Қазақтар оның қайыруы (үйретуі) қиын деседі. Ал үйрене қалса, өте өжет және алғыр болатын көрінді. Ителгінің мөлдіреген қап-қара көзі өте сүйкімді. Сондықтан жігіт қызды мақтағанда:

Алдырған томағасын ителгідей,  
Көзіңнен айналайың жаутаңдаған,—

дейді.

Тұйғынның (сұңқардың) өзге қырандардан айырмасы оның аққуға түсуі. Өзгелерінің түсуге батылы жетпейді, әлі де келмейді. «Құстың төресі» аққуға сұңқардың түсуі батырлық деп есептеледі. Ол жүректі де, намысты да құс. Атақты Максим Горькийдің «Сұңқар туралы жыры» дейтін прозамен жазған поэмасында сұңқардың сондай қасиетін де суреттейді.

Лашын — ең алғыр құс. Лашын жайлы «Өмір мектебінің екінші кітабында біраз айтылғандықтан бұл араға үзінді қоса кеткенді мақұл көреміз.

Балғабайдың Ахметі дейтін атақты құсбегі жаз айларында үнемі лашын салатын. Өзі жұдырықтай ғана бірақ, қанат, құйрығымен тұтас алғанда сұңгуір қайықтай ұпұзын көрінетін, маңдайы жайпақтау келген, тұмсығы жолбарыстың тырнағындай иілген, сарғылтау, қияғының өткірлігі ұстарадай, қарақаттай мөлдіреген көздері бадырайып, бөтегесі жүйрік аттың омырауындай, сирақтары жіңішке, сарғылт саусақтарының басына имие біткен сұрғылт тұяқтарының ұштары егелген біздей өткір, қанатының топшысынан арғы жағы қарлығаштың қанатындай ойыңқы біткен. Құйрықтары сауысқандікіндей ұзынша, қанатының түсі құлпырып, кейде қара сұр, кейде қара қоңыр болып көрінеді. Бұл құстың көркемдігіне қанша қызықсаң да, дәл сол отырған түріне қарап оны «құс алады-ау дегенге, әсіресе «қаз бен дуадақ алады» дегенге сенгің келмейді... Сол сөздердің растығына, Ахметтің қасына ерген күндерде ғана көзім жетті.

Ахмет лашын салуға екі-ақ мезгілде шығады: бірі — таңның атуы мен күннің көтерілуінің арасы, екінші мезгілі — күннің еңкеюі мен батуының арасы. Осы екі мезгілдің біреуінде оның қасына саат атпен еріп шыға қалсаң, бұл кездерде қандай құстардың қайда жайылатынын жақсы білетін Ахмет: «Қазір үйректер пәлен жерде, қаздар түген жерде...» деп болжалын айтады да, саған қызық көрсеткісі келген кескінмен, «кәне, қайсысына барамыз солардың?» — деп сұрайды.

Үйрек алу лашынға қиын емес. Шалшықты көлдерде тасада отырған үйректерді ол ала алмайды. Сондықтан оларды тасадан шығару үшін әрбір құс салатын адамның қолында дабылы болады. Ол шеңберлеп иген ағашқа керіл-

ген кепкен тері. Оны қамшының сабымен қаққыласаң, күңгірлеген дауысы маңайды жаңғыртып жібереді. Ыбырай қынның «Гәккуінде» «құс салып, айдың көлді дабылдаттым» деп, осыған байланысты айтса керек. Дабылды қақсаң, тығылып жүрген үйрек атаулының бәрі де ду көтеріле ұшады. Осы кезде Ахмет оң қолына қондырған лашынның көзіндегі томағаны сыпырады да, астындағы жарау атты шоқыта, бытырай ұшып бара жатқан үйректерге қарай лашынды сілтеп жібереді...

Қазақтың халықтық өлеңінде «қыран құс қисық ұшып, гүзу ілер» деген сөз бар. Мұның өмір шындығынан алынғанын Ахмет салған лашыннан көзімізді жеткіздік. Алғаш сілтеп жібергенде лашынды құлап бара жатыр екен деп ойлайсың. Өйткені ол жоғары емес, төмен қарай құлдырайды... Жерге жақындап барып бауырлай ұшқанда, ол аққан жұлдыздай зымырайды. Сол зымыраған қалпында қашқан үйректерді тура қумай, қиғаштай тартады. Сол бетімен біраз қарқындап алғаннан кейін ойысып ұшып бара жатқан үйректердің астына қалай жеткеніне көз ілеспей қалады. Лашынның бір ғажабы — ілу үшін нысанаға алған үйрегінің дәл астына жетпей аспанға көтерілмейді. Ол жерден атылған оқтай тік шаншылып барып көтеріледі. Сонда қуған үйрегімен қалай айқасқанын шамалап та үлгермейсің...

Лашын әртүрлі болады. Біреулері ілген үйрегін жерге ала түседі де, енді біреулері үйректің не желкесін, не топшысын аспанда қиып жіберіп құлатып, одан әрі екінші, үшінші... үйректерді бірінен соң бірін түсіріп, өз бетімен кете барады...

— Қыран құстың,— дейді Ахмет,— ең алғыр көзі екі және үш түлектің арасы. Оған дейін алаңғасарлау болады да, одан кейін қайраты қайтпағанмен, тақыстанып, жалқау келеді.

Лашынмен қаз алу үйректен әлдеқайда қиын екен: лашын адамнан алысырақ жерде қазды іліп түссе, қалғандадары сол араға қона қалып, лашынды қанаттарымен ұрып, не таалдырып, не өлтіріп кетеді. Бірақ тәжірибелі лашын алған қазының қанатының астына тығылып қалады да, қаздар оны қанатымен сабаймын деп жүріп, сол ілінген қазды сабап өлтіреді...

Ілуде біреуі ғана болмаса, лашынға алдырмайтын құс дуадақ. Ол ұшқырлығымен қашып та құтылмайды, қаздардай төбелеспейді де. Оның көрсететін қайраты, лашын дәл

үстіне келгенше бұғып отырып, ілуге жақындай берген кезде басына саңғып жібереді және көбінесе лашынның көзіне саңғиды. Мұндай жағдайға душар болған лашын қайтып дуадаққа жоламайды.

Құс салудың ең қызықты кезі көктемде емес, шілде өткен соң болады. Ахметтің де құс аулауға шығатын уақыты — олар семірген күз мезгілі. Бұл кезде оның жарғақ құлағы жастыққа тимей, ертелі-кешті уақытын құс қонатын жерлердің маңында өткізеді. Саятқа оның құмарлығы сондай: қай кезде ұйықтап, қай кезде ас ішетінін білмейсің. Құс салатын мезгіл түгіл, күндіз, күн ысыған кездің өзінде де ол саятшылықтың әлде не ермегін тауып дамыл көрмейді. Кейбір күндері ол далада қонып қалады. «Шаруаңа неге қарамайсың» дегенге:

— Баяғыда мен сияқты аңшы біреу далада аң аулап жүрсе,— дейді ол қуланып,— үйдегі кәрі атасы және бір атаны өледі. Сонда аңшы:

Атан өлсе сойылар,  
Атам өлсе қойылар.  
Бұл сияқты қан-сонар,  
Маған қашан табылар,—

деп қайтпаған екен дейді. Сол айтқандай, басқара алмай жатқан не шаруа бар менде? Шағын шаруаны інім Алпысбай да атқара алады ғой.

Қыран құстардың көпшілігі алғаш ұмтылғанда жемін ілмесе, оны қайтып қумайды. Ал қаршыға болса, керісінше, қашан ілгенше тепеңдеп қуа береді.

Қаршыға да қазақ саятшыларының көп ұстайтын құсы. Кейбіреулер «жігіт сұлу көрінбес қаршыға алмай» деген ақылға сүйеніп, оны сән үшін де ұстайтын болған.

Қырғи тым ұсақ құс. Алатыны да бөдене, тоғай сияқты өте кішкентай құстар. Бөдене қалың шөптің арасында бұғып отырады, не жорғалап жүреді. Сондықтан қырғиды көбінесе пішеншілер ұстап, шөбі шабылған жердегі бөденелерге салады. Өйткені күзге қарай бөденелер семіз болады. Оны көбінесе ер балалар ермек етеді. Үлкендердің құс салуын көрген олар еліктейді де, торғайларды, әсіресе бозторғайларды аулайды.

Әдетте, қаз бен үйрек ілдіргендер етіне, сорпа-суына қарық болып қалады. Адал аңдардың бәрі де азық. Олардың ең оңай және ең көп ауланатыны — қоян. Оның етімен қатар терісі де іске асып, онан киім жасалады.

Аңшылардың ұйымдаса аулайытыны — қасқыр. Мал

шаруашылығымен шұғылданатын елдің олай етпеуі мүмкін емес. Кейбіреулер оның атын «қас» (дұшпан) және «қыр» (дала), яғни «дала дұшпаны» деген екі сөздің мағынасын береді деп жорамалдайды. Онысы рас та болар. Негізінде, қасқырдың жемейтін малы жоқ: ол түйенің алдында аунап жата қалады, мұны көрген түйе жақындап иіскегенде тұмсығынан тістеп шөгереді де, содан кейін қарнынан жарады. Жылқыға да сол әдісті қолданады, егер жылқы үркіп қашса қуалап жүріп шабынан тістеп жарады. Кейбір жүректі айғырлар болмаса, жылқы да қасқырға қайрат көрсете алмайды... Түйе тіпті жуас. Есек байғұс қасқыр санын далдалап жеп жатқанда, аузын малжаңдата бергеннен басқа қимыл көрсетпейді. Сиырлар қасқырға мүйізін тосып жолатпауын жоғарыда айттық. Ал, қой ығыса үркүді ғана біледі. Оның тобына кіріп алған қасқыр, шетінен тамақтап өлтіре береді де, сол топтағы қойдың бірін қалдырмай түгел қырып бітіргенше тоқтамайды: сондықтан да қасқырды қазақ «қаскүнем» дейді.

Қасқырды қазақ бүркіт, ит, мылтық және жүйрік атпен қыс айларында аулайды. Сонымен қатар қасқырды қақпанмен де қамбаға түсіріп те аулайды. Қасқыр қақпанының серіппесі өте қатты болғандықтан, оны жігіттің жігіті ғана құра алады. Әдетте, қақпан иен далаға апарылып тасталған мал өлексесінің қасына құрылады да, үсті жапырақ, шөп сияқтылармен бүркеледі, қар жауып тұрса тіпті жақсы. Кейде қақпанға аяғынан, құйрығынан түскен қасқыр, ол мүшесін шайнап, үзіп, босанып кетеді.

«Қамба» дейтініміз, омбы қардан ойып жасалатын ор. Қайсыбір орманды, таулы өлкелерге қар мол жауып, боран соққаннан кейін кейбір ойпатты, шұңқырлы жерлерге үйілген қардың биіктігі 4—5 метрге дейін жетеді. Басқа аңдар сияқты қасқырдың да «жым» деп аталатын шұбырынды іздері болады. Қамба сол жым бойындағы қары қалың шұңқырларда қазылады да, қабырғаларына тайғанақ мұз тұрғызу үшін ішіне қу шөп жағады, сонда қамба қабырғасындағы еріген қар от сөнісімен аяздың әсерімен лезде мұз болып қатады. Мұнан кейін оның үстін бүркеп жауып тастайды.

Ал қамбаға аңдаусызда түскен аңдар сыртқа қарғиын десе, мұздаққа таяды да қамбаның ішіне қайта құлайды. Сонан аңшы келіп, соғып алғанша қамбаның ішінде отыруға мәжбүр болады.

Әдетте, аңшылар қасқырды жекелеп емес, топталып ау-

лауға тырысады. Жерге алғаш жауған қарды олар «қан сонар» дейді, себебі ондай қарға түскен ізге қарап аңшылар қашқан аңның қашан жүріп өткенін, қайда беттегенін, қайда тасаланатынын аңғарады. Аңды сондай қолайлы жағдайда аулау сәтті болады да, аңшылар олжалы болып қайтады, сондықтан қан сонар шығар алдында аңшылар оған мұқият әзірленеді.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде құлан жайында көп айтылады. Көне кездерде қазақ даласында құлан үйір-үйір болып жүрген. Көшпелі халықтар оларды аранға, орға қамап, бұғалықпен де, құрықпен де ұстаған. Садақпен де атып, сойылмен соғып та алған.

Құланды көбінесе су жағасында соққан. Кейбір қарлы, жаңбырлы жылдарда, даладағы тақырларға «қақ» тұрып, іркіледі де, шілде, жаз айларында жаңбыр көбейе тағы жиналады. Құландар, көбінесе, иен даладағы осындай қақтардан су ішкен. Сондықтан қазақ: «Қағынан құлан жерісе, су таба алмай шөлде өлер». — деуі осыдан. Аңшылар құланның қаққа немесе суға келер мезгілін аңдыған. Содан запы болған құлан қаққа сақтықпен жақындаған. Су таба алмай, шөлдеген құландар шөл жерде қазылған «соқыр» (ескі) құдыққа барып, су иісіне еңкейгенде, ішіне құлап кететін кездер де болған. «Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды» деген мақал да содан шыққан. Сол сияқты «құлан басына күн туса, қодығына (құлынына) қарамас» деген мақал басына қиындық туғанда ешбір хайуан ең аяулысы баласына да қарамайды деген мағынада қолданылады.

Атақты Махамбет ақын серігі Исатайды жоқтағанда, «құландай ашы дауыстым» деуі құлан үнінің күштілігін көрсетеді. «Құлан кісінесе үйір жиналады» деуге қарағанда, құланның айғыры бекерге кісінемей, не үйірін жинарда, не қауіп төнгенде үйіріне белгі беру ретінде кісінейтін сияқты.

Құлан жайында қазақта көптеген мақал-мәтелдер, өлеңдер, аңыздар, музыкалық шығармалар бар. Сондай шығармалардың аса бір күрделісі — «Ақсақ құлан. Жошы хан» деп аталатын оқиғалы күй. Мұның қысқаша мазмұны былай: Ұлытауды мекендеген Жошы ханның (1227 жылы өлген) баласы нөкерлерімен аңға шығып, құланның үйіріне кездеседі. Үйірдің айғырын қуып жетіп санына найза шашып ақсатады да, құйрығынан ұстамақ болған ханзаданы айғыр теуіп мерт қылады. Жұрт бұл оқиғаны ханға естірте алмайды. Жаман оқиға болғанын сезген хан: «Кім де кім

естіртсе, құлағына қызған қорғасын құямын»,— дейді. Халық содан қорқады. Бірақ ханға белгілеген мерзімде естіртпесе, нөкер атаулы жазаланады. Бұл бұйрықтан халық мүлде сасады. Біреу өлімді күймен естіртеді. Баласының өлгенін түсінген хан жазалау ниетінен қайтпай, ыстық қорғасынды қобыздың шанағын жапқан сіріге құйғызады. «Содан бері шанақ қаптамасының алдыңғы жартысы ойық болған»,— дейді халық аңызында.

Хан онымен де тынбай, құланды Қорғалжын көлінің тұшы суына жеткізбеу ниетімен, жолына терең ор қаздырады. Оған кейін су түсіп, «Құланөтпес» деген өзен пайда болады. Қорғалжынға батыс жақтан құятын бұл өзеннің суы кері ағатындықтан оны «Терісаққан»— деп атайды.

Жалпы аңшылықтың қай түрі болса да қазақтың ұлттық спортының бір түрі, ол жөнінде өлең, жыр, музыкалық шығармалар да аз емес. Соның ішінде арғы-бергі қазақ поэзиясында, аңшылық туралы ең әдемі жазылғаны Абайдың «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген өлеңі. Ол бұл өлеңінде:

Қансонарда бүркітші шығады аңға,  
Тастан түлкі табылар аңдығанға,  
Жаксы ат пен тату жолдас — бір ғанибет  
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.  
Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі,  
Сагадан сымпың қағып із шалғанда.  
Бүркітші тау басында қағушы ойда.  
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.  
Томағасын тартқанда бір қырымнан,  
Қыран құс көзі көріп самғағанда.  
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,  
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.  
Көре тұра қалады қашқан түлкі  
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.  
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,  
Ол да талас қылады шыбын жанға.  
Қызық көрер, көңілді болса аңшылар.  
Шабар жерін қарамас жығылғанға.  
Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі,  
О-дағы осал жау емес, қыран паңға.  
Сегіз пайза қолыңда, көз аудармай.  
Батыр да аял қылмайды ертең таңға  
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады  
Көктен қыран сорғалап құйылағанда.  
Жарқ-жүрқ етіп екеуі айқасады,  
Жеке батыр шыққандай қан майданға.  
Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы,

Адам үшін батысып қызыл қанға...  
Құсы да, несі де қораздана,  
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.  
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап,  
Жасы үлкені жанына байланғанда...—

деп қазақтың аңшылық өнерін поэзия тілімен шебер суреттейді.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

# МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТИ

### 1. ТҰРАҚ ЖАЙЫ

Тарих және этнография ғылымдарының зерттеулеріне, дәлелдеріне қарағанда, «қазақ даласы» аталатын кең өлке-нің өн бойында талай кенттер, отырықшы мекендер салынып та, жойылып та кеткен. Бұл жайында жазылған мақалалар да, кітаптар да, қалың томдар да толып жатыр. Солардың бірі К. М. Байпаков пен Л. Б. Ерзаковичтің Алматыдағы «Ғылым» баспасынан 1971 жылы орыс тілінде шыққан «Қазақстанның көне қалалары» деген көлемді еңбегі. Мұнда ондаған қалалар мен кенттердің тізімі аталады. Олардың көбі жаугершілік замандарда, әсіресе моңғол Шыңғыс ханның немесе ол құрған хандықтардың жорығы кезінде (XIII—XV ғасырларда) тып-типыл болып жойылып кеткен.

Қазақ даласындағы жойылып кеткен үлкенді-кішілі кенттердің археологиялық зерттеулері әлі күнге дейін ойдағыдай болмай келеді. Еуропада бұл жұмыс ерте басталды. Мысалы, көне Грецияның — Акрополь, көне Римнің — Помпей аталатын қираған қалалары әлдеқашаннан зерттеліп, жан-жақты талданды. 1961 жылы Еуропаға саяхат жасағанмызда, әлгі аталған қалалардың бұдан мыңдаған жылдар бұрын да материалдық мәдениеттің ғажап ошақтары болғандығын аңғардық.

Россияның археологиялық қазба жұмыстары кешеуілдеп, өткен ғасырдың ортасынан қолға алынғанымен, аз уақытта атқарылған істің нәтижесі де едәуір. Алайда қызба жұмысы тек советтік дәуірде ғана ерекше өрістеді. Совет археологтары Еділ бойының, Орта Азияның, Кавказдың көптеген көне қалаларының орнын зерттеп, ғылымға пайда келтіретін қисапсыз материалдар тапты.

Қазақ даласында бүліншілікке ұшырап, жер астында қалған көне қалалардан, соңғы жылдары қазу жұмысы басталғаны Сырдария бойындағы көне Отырар қаласы. Іргесі

біздің дәуірдің алғашқы мың жылының соңында қаланыпты делінетін бұл қалапы әуелі моңғол Шыңғыс хан, одан кейін Ақсақ Темір талқандаған. Заманында аса мәдениетті, көрікті қалалар қатарына жатқан бұл мекеннің қазба жұмысы әзірге аяқталған жоқ. Сондықтан да осы тәрізді қалаларды қазу, зерттеу жұмыстары жеткіліксіз болғандықтан олардың мән-жайы туралы білеріміз әлі де аз.

Қазақ даласында көне заманнан бізге жеткен құрылыс істерінен көзге түсері аз болса да осы кең өлкенің әр жерінен «күмбез», «мазар», «сақана», «дін», «қауым» деп аталатын ескерткіш тәрізді құрылыстарды жиі ұшыратамыз.

Көшпелілерге ең алдымен қажеті — баспана, яғни тұрақ жәй. Сондай қажеттіктің бірі — киіз үй болған. Киіз үйден бұрын үңгірлерді мекендеген көшпелілер (қазақтар да), ең алдымен «күрке» аталатын қоста тұра бастаған. Қабырғасы ағаш қадалармен бекітіліп жасалған күркелер қамыс, шөп сияқты жеңіл өсімдіктермен бүркелген. Одан кейін балық терісі сияқты жамылтқыларды пайдаланған. Мұндай жамылтқылар Сібір және Солтүстік жағында күні бүгінге дейін қолданылады.

Қой өсірумен шұғылданатын көшпелілерде жамылтқыға ең қолайлы материал киіз. Ол жүннен басылады. Өйткені ертеректе қой жүні өте арзан болған. Қойы көп байлар, қой жүнін кедейлерге беру орнына, надандық пен қараниеттіктің салдарынан оны отынға пайдаланған.

XVIII ғасырдың аяғында, қазіргі Ленин ауданының (Солтүстік Қазақстан) жерінде тұрған 25 мың қойы бар Қосшығұл деген қойларының жабағысымен құрт қайнатады екен. Соны көрген Қызылжарда тұратын Данияр Тастеміров дейтін өзбек жыл сайын бір жәшік қант, шай «сыйлап» маялаған жүнді байлардан тегін алған. Содан Тастеміровтер аз жылдың ішінде-ақ байып кетеді.

Қазақ даласын Россия билей бастаған кезде саудагерлер жүнді, әсіресе киізді орыс базарларына ылаулап жөнелтіп, бағасын көтерген XIX ғасырда жасаған ақын Шортанбай Қанайұлының:

Байды құдай атқаны,  
Жабағы жүн сатқаны,—

деп басталатын өлеңі сол кезде шыққан. Киізге орыстың, татардың, т. б. ұлттардың қалада тұратын байлары құштар болып, олар оны үйлерін жабдықтап, жылылау үшін пайдаланды. Ондай киіздерді қазақ жерінен орталық қалаларға

жеткізу үшін жүкшілер ондаған, жүздеген ылау аттарын ұстаған. Сыртына киіз шегеленіп, сыланған сол кездердегі үйлер Москва, Ленинград сияқты қалаларда қазір де кездеседі.

Қазақ киіздері Қазақстанның солтүстік шекарасындағы орыс қалалары: Ирбит (Ирбит), Макаржа (қазіргі Горький), Омбы, Орымбор, Саратов, Астрахань қалаларында көп өтетін болған.

Әдетте, қойдың жүні көктемде бір рет, күзде бір рет қырқылады. Көктемгі қырқудан алынатын жүнді «жабағы», күзгі қырқудан алынатын жүнді «күзем» дейді.

Көктемгі жабағы жүн ұйысып жататындықтан оны жылы киімнің астарына салады. Мұндай киімнің аты — күпі. Қойдың иә түйенің жабағысынан жасалған күпі салқын кезде, қысқы аязда киетін ең жылы киімдердің қатарына жатады.

Күзем жүн жіп-шұға, өрмекке, киіз басуға пайдаланылады.

Киіз жасайтын жүнді ыдырата түтуді «сабау» дейді. Бұл «ұру» мағынасында қолданылатын сөз. Расында да солай: жентектелген, ұйысқан жүнді ыдыратып түту үшін шыбықпен сабайды. Оның аты — сабау.

Жүн сабайтындар, көбінесе жастар болады. Олар жүн сабайтын үйге жиналады да, сабалатын жүнді киіз үйдің ортасына төселген тулаққа (кепкен, иленбеген тері) үйеді де, айнала отыра қалып, екі қолына алған сабаумен ұра бастайды. Әдетте, жастар бұған ойын-сауық үшін де жиналған. Себебі жүн сабау үстінде жастар жарыса қимылдап, оны ойын-күлкіге, әзіл-оспақтарға айналдырып әкеткен. Сабауды ұстай, ұра білмегендер көршілеріне күлкі болады, әрі алақандарын ойып алады.

Түтілген жүн, шидің үстіне бір тегіс етіп жайылғаннан кейін шиді жүнімен дөңгелете, жұмырлай бүктейді. Мұнан кейін үстіне ыстық су құйып байлайды да, 2-3 кісі жіппен домалата тартып, дөңгелетіп отырады, қалғандары артынан аяқтарымен кезек-кезек тепкілей береді. Ұзақ уақыт қуалай тебілген жүн кіріге ұйысып болды-ау деген шақта, оны шиден босатып ап, жас әйелдер білектерімен нығарлайды. Бұл нығарлауда ең ынталы киіз иесі болады. Қазақ «киіз кімдікі болса, білек соныкі» деп соған қатысты айтады.

Киіз басуға ауыл жастары түгел және тегін қатысады. Осындай әдіспен басылған киіздің аты — кесек. Бір киіз үйді жабуға он кесек киіз керек. Оншалықты киіз табылма-

са, кесектерді шаруалар жылдап жинап, үйдің тозған киізін жаңа киізбен бірендеп ауыстырады. Сондықтан орта шаруалардың киіз үйлері ақ, қоңыр, қарасы араласып, алақұла болып тұрады.

Шымқай ақ үйлер қойы көп ірі байларда ғана болады. Кедейдікі көбінесе — қарақұрым. Бірақ қазақ халқы үйге жабылатын киіздің түсі ақ болғанын ұнатады. Ондай түске келтіру үшін киіздің өнбойын ақ жүннен басудың қажеті жоқ. Оның сырты ақ болса да қанағат етеді. Өйтуге жүн табылады. Кейде сәндірек болсын деп ақ қозының жүнін өңдейді.

XIX ғасырдың орта кезінде жасаған, Дулат руынан шыққан Майкөт ақынның Сарыбай дегеннің асына келген жергілікті жұртқа:

Мен келдім Әулие-ата оязынан,  
Кедейдің үйі жыртық, қойы азынан.  
Бай болсам мен де үйімде жатпас па едім,  
Дәулеттің келе қалдым саязынан,—

деп киіз үйдің алақұла болуында таптық мән, теңсіздік жатқанын аңғартады. Сол сияқты «Арық атқа қамшы ауыр, жыртық үйге тамшы ауыр», деген халық мақалы да таптық теңсіздікті көрсетеді.

Сырдария бойының елі «киіз үй» деудің орнына, қазірге дейін «қара үй» дейді. Мұны бір орыннан жылжымайтын, қойы аз егіншілер шығарған болу керек.

Киіз үйдің жамылтқысы: туырлық, үзік, түндік деп үшке бөлінеді. Төрт бөлшектен құралатын туырлық киіз үйдің төменгі кереге жағын жауып тұрады да екі үзік уықтың үстіңгі жағын түндік шаңырақты жабады. Киіз үйдің «сүйек» аталатын ішкі қаңқасы: кереге (қабырға сүйегі), үйдің шаңырағын керегемен жалғастырып тұратын уық және шаңырақтан құралады. Бұлардың бәрі «тез» деп аталатын сайман арқылы жасалады. Тезге салып қажетті түрге келтіретін ағашты қоламтаға (шоғы аралас ыстық күл) сүңгітіп, балқытып алады, сонда ол июге жылдам көнеді. Халықтың: «Тез қасында қисық ағаш жатпайды», деуі осыдан шыққан.

Кереге санына қарай киіз үй: төрт, алты, сегіз, он екі, он төрт қанаттардан құрастырылады. Жеке ағаштардан, талдан немесе теректен жонылған керегені бір-біріне біріктіріп, байлауды «көктеу» дейді. Тігілетін киімдердің бөлшектерін алғаш сирек шаншып тігісін біріктіріп алуды

«көктеу» дейтіні де, осы «көктеуден» шыққан. Көктеуге ең қолайлысы түйе мойнағының терісінен тілетін қайыс. Ол керегені жинағанда да, жайғанда да үзілмейді.

Керегенің көздері жалкөз және торкөз болып екіге бөлінеді. Жел көзі кең де тор көзі тар болады. Дауылға желкөз шыдамды келеді де, жауынға торкөз шыдамды келеді.

Уық та тал мен теректің бұтағынан жасалады, ал шаңырақ қайыңнан және оның «сау» аталатын сыңғағынан емес, «қызыл» дейтін июге шыдамды бұйрасынан иіледі.

Қазақта «кереге тоқсан басты, сексен уық» деп басталатын өлең бар. Сондағы «бас» дегені, керегелік екі сояудың үстіңгі жағының ұйқасуы. Ауылда көп ұшырайтын алты қанат үйдің әр керегесі он бес бастан, алтауы тоқсан бас болады. Керегенің қосылатын тұсындағы қысқа сояулар — сағанақ деп аталады. Белгілі ақынымыз Ілияс Жансүгіровтың алғашқы өлеңдер жинағы «Сағанақ» деген атпен шыққан еді. Уықтың «сексен» аталатын себебі кереге басы байлана бермей, арасында бос бастар қалу керек, әйтпесе сүйектің желге шыдамдылығы ойдағыдай болмайды. Уықтың шаңырақ тесігіне сұғатын басы «қалам» деп аталады. Шаңырақ тесігі де сексен. Иген құрсаудың ортасын байланыстыратын қадалар «күлдіреуіш» деп аталады.

Киіз үйдің есігі көбінесе тұтас тақтайдан жасалады. жоғарғы жағы маңдайша, асты табалдырық, екі жақтауы — Кейде оны селдір қадалардан құрайды. Есіктің «кәшегінің» босаға, жақтаулары ергенек деп аталады.

Есік алдынан жел соққанда пана болсын деп есік сыртына киізбен қапталған шиден қоршауыш жасайды да, оны «киіз есік» деп атайды. Мұның шиін тоқып іш жағынан өрнектеп, эшекейлеп астарлайды. Желсіз күнде киіз есік тұрүлі тұрады. Киіз үйдің ішін екіге бөлгенде от жағатын ошақтан жоғары бөлігі — төр, есік жақ бөлігі — босаға аталады. Төр — қадірлі қонақтар үшін. Сондықтан да үйге кірген кісіге: төрге шық,— дейді. «Есіктен кіріп, төрге озба» деген мақал отырар орныңды біл, деген мағынада айтылады. Есіктен кірген беттегі оң қол жақ яғни оң босаға қартаңдар мен балалардікі, сол жақ босаға жастардікі саналады. Қазақ ғұрпында келін төрге шықпайды. Қыздың ең бақытты шағы оң жақта, яғни әкенің үйінде тұратын кезі. «Жүк» аталатын төсек жабдықтары төрге «жүкаяқ» аталатын көтермеге жиналады. Оның алдына отыру үшін текемет, алаша, кілем, сырмақ сияқты төсеніштер жайылады. Қазан,

ошақ, аяқ, табақ сияқты ыдыстар, қымыз ыдыстары оң босағаға, көлік саймандары сол босағаға қойылады. Қарттардың ағаш төсегі оң жаққа, жастардікі сол жаққа қойылады. Азық сандығы кебеже де, оң жақта. Қарттар төсегі мен жүк арасына киім ілетін, бұтақты ағаштан «адалбақан» тірейді. Үйдегі ағаш мүліктердің беті күміспен, сүйекпен әшекейленеді.

Түндікті ашатын немесе жауынды күні, үйдің бір бұрышын тіреп қоятын ұзын ағашты «сырық», ал қатты жел, дауыл соққанда үйді ішінен тірейтін, үй тігіп немесе оны жыққанда шаңырақ көтеретін тіреуішті «бақан» деп атайды.

Киіз үй сүйегінің шаңырақ төбесінен бастап, іргесіне дейінгі формасы күмбезге ұқсайды. Мұндай үй дауылды желге де, нөсерлі жауынға да жақсы төтеп бере алады. Киіз үй туырлықтарына тағылатын жіптер ең алдымен жылқы қылынан немесе түйе шудасынан ораған жүннен есіледі. Оған даярлаған жүнді «шүйке» дейді. Осындай қылдан есілген жіп өте берік болады.

Қазақ киіз үйдің керегелерінің арасын қосатын таңғышты, кереге бастарын бекітетін басқұрды, шаңыраққа асатын желбауды өте әшекейлеп, кілем түсті өрнекпен құлпырта тоқиды. Әсіресе, мұның ішкі бауларға қатысы бар. Үй ішін көріктендіре түсу үшін кілем әлпетті өрнектейтін, кереге мен туырлық арасына ұсталатын тоқымалар болған. Туырлықтың үзік жиектеріне киізден, шұғадан оюлар, дедегелер жасайды.

Киіз үйдің қанат санына қарай үлкенді-кішілі болып келетінін жоғарыда айттық. Хандар мен байлардың үйлері он екі — он төрт қанаттан жасалған. Олардың уық, керегелері, тал емес, теректен жонылады. Еңсесі биік болғандықтан шаңырағын көтеруге жаяу адамның бойы жетпей, қарулы екі жігіт ат үстінен көтергенін көзімізбен көрдік. Жіңгір ханмен жауласқан Махамбеттің «еңсесі биік ақ орда, еріксіз кірсем деп едім» дегендегі биік үй осы. Сүйегі талдан жасалғандықтан ба, әлде үнемі тауда, құмда көшіп жүргендіктен бе, Қазақстанның оңтүстігіндегі ауылдарда қазіргі кездердегі киіз үйдің еңсесі онша биік болмайды.

Киіз үйдің ең қасиетті саналатыны шаңырағы. Ағайынды кісілер енші алысқанда, шаңырақ, яғни ата-ананың тұрған үйі кіші ұлына тиеді де, ол «үлкен үй» аталады. Ондай үйді өзге «отау» аталатын кіші үйлер ерекше қастер-

леп, «аруақтың сыбағасы» деп, жазғы, қысқы дәмінің алдын татырады; жаңа түскен келіншектер қадірлі мүлкін сыйлайды. «Үлкен үй» — «Қара шаңырақ» деген ұғымдар күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Киіз үй өзге көшпелі елдерде де болғанымен, шыдамдылығы, қолайлылығы жағынан қазақ киіз үйі олардың бәрінен де сапалы сияқты. Соған қарамастан кейбір шаруашылық ұйымдарының қырсыздығы салдарынан киіз үйлер даярлау ісі тым баяулап кетті немесе сапасыз жасалатын болды. Көші-қоны көп малшыларға киіз үйдің қолайлы екенін ескере отырып, Қазақстан үкіметі 1967 жылы киіз үй жасауды жақсарту туралы қаулы қабылдады.

Қорыта айтқанда киіз үйлер қазақ халқының отырықшыланып үлгермей, көшпелі өмір сүрген кезеңдеріндегі ең қолайлы тұрақ жайлары болғандығы мәлім.

Алайда, Қазақстан Россияға қосылғаннан кейін кейбір елді пункттерде, қыстақтарда әскери бекіністері орнатылып, сол жерлерге жаңа қалалар мен селолар орнады. Олардың көпшілігінің аты жергілікті тұрғындар қойған атаулармен аталды. Мысалы, Ырғыз, Торғай, Атбасар, Ақмола, Баян, Қарқаралы, Көкшетау, Көкпекті, Аякөз, Лепсі, Қапал, Әулиеата, Шымкент, Манкент, Ақмешіт, Орда, Қостанай т. б. Сондай-ақ бұл күнде орысша аталып жүрген кейбір қалалардың да қазақша аттары болған. Мысалы, Гурьев — Үйшік, Уральск — Теке, Орск — Жаманқала, Петропавловск — Қызылжар, Павлодар — Керекү, Верный — Алматы, тағы тағылар.

Ерте кезде қазақтар отырықшы мекеннің бәрін де «қала» деп санап, олардың бәрін «кент» деп атаған. Шым-кент, Таш-кент, Ман-кент Құм-кент дегендер осыдан шыққан. Қала тұрғындарын қазақ кент жұрты деседі.

Қазақстанда көшпелі ауылдарды жаппай қоныстандыру науқаны негізінен алғанда Октябрь революциясынан кейін, жиырманшы жылдардың орта тұсынан басталды. Қоныстанған елді пункттерде, ауылдарда ағаш үйлер, монша, мектеп, дүкен (магазин), клуб, электр станциясы, шеберханалар салынды. Колхоздар мен совхоздар құрылғаннан кейін елдің де, жердің де ажары кірді. Өндіріс орындарына барған қазақтар сәнді үйлерге орналасты. Бұрынғы өндірістік қалалар көркейіп, қазақ даласында: Балқаш, Қарағанды, Жезқазған, Кентау, Теміртау және тағы солардай жаңа көрікті қалалар орнады. Сөйтіп, қазақ халқының

қонысы, тұрақ жайы советтік дәуірде түбірімен жаңарды. Кейінгі жылдары, жоғарыда айтылғандай киіз үй тек «шопандардың» еншісі ғана болып қалды.

## 2. ЫДЫСТАРЫ

Ертедегі көшпелі қазақтар ас ішетін ыдыстардың біразын теріден жасаған. Ондай ыдыстың ең үлкені саба.

Саба молшылықтың, байлықтың белгісі. Жылқысы көп ірі байлар сабаның мөлшерін бәстесіп, бәсекелесіп жасаған. Біздің елде «бес мың жылқысы болыпты» деген Есеней сабаны алты айғырдың терісінен тіктіріп, атын «тай жүзген» қойған екен. Сол сабаны ысқа қойғанда, ауыз жағы қурап кетіп, бұған ашуланған Есеней ыс салған адамның үйірге түсіп тұрған айғырын сойғызып, терісін сабаның құрғаған аузына жаматқан. Сабадан соңғы үлкен көн ыдыс — сүйретпе. Ол — жұмырлау, әрі тікелеу келеді. Ешкі терісін бітеу сойып, пұшпақтарын байлайтын көн ыдыс — мес (шанаш), жолаушылағанда қанжығаға байлайтын кішкентайын жанторсық деп атайды. Биенің сүтін сауатын ыдысты — көнек, құдықтан су тартатын көңшелекті — қауға, шеберлік аспаптарын салатын сірі-көнді — талыс, т. б. дейді.

Әдетте, көн ыдысты төзімді болады деп, тек жылқы терісінен ғана жасатады. Терінің жүнін шикі күйінде қырғызды да, оң жағын ішіне келтіре, әр ыдыстың өзіне тән формаларына қарай тіктіреді. Оны түйенің шудасынан иірген жіппен тігеді. Ол тез үзілмейтін, шірімейтін ең төзімді жіп. Тігілген ыдыстардың ішіне топырақ немесе құм толтырып, теріні күн көзіне кептіреді. Содан кейін ысқа қояды.

Ыстау үшін ор қазылады да күнге кепкен ыдыстардың ішіндегі құмын төгіп босатқаннан кейін ор түбіне орнатылған сырғауылдарға ілінеді. Оның төбесін жабады да екінші жағынан от жағатын тесік шығарып от жаққанға ілінген ыдыстарды қуалай жүріп, арғы басынан шығады. Сондай халде ай жарым ысталған көп ыдыс мейлінше кебеді де, тері түсі қара-сарғылт болады.

Қазақтардың ұғымында ең дәмді қымыз ысталған ыдыста жасалады. Кейін қымызды ағаш күбіге ашытатын кезде отқа ұстап оның да ішін ыстайтын болды. Осыдан соң әр түрлі жора-жоралғылар істеледі. Шамасы «қымыз мұрындық» аталатын кәде қазақ халқында содан қалса керек. Оның мәнісі алғашқы қымызды жұртқа ішкізу (таттыру).

Ал күзгі соңғы қымызда (ауыл адамдарына) таттыруды (ішкізуді) «сірге мөлдіретер» деп атайды.

Саба «киелі» ыдыс саналған. Ішінде қымызы тұрса да немесе бос болса да оған аяқ тигізбеген.

Саба ішіндегі сұйықты (қымыз, немесе іркіт) толғап (пісіп) тұратын құралды — піспек дейді. «Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегенде осы саба мен піспекке байланысты айтылады. «Тай жүзгеннің» піспегін арқанға кереді екен де, екі қарулы жігіт әрең көтеріп піседі екен. Піспектің жоғарғы жағын қазақ күміс және сүйекпен әшекейлеп жасаған.

Сабадан кейін сусынға арналып көннен жасалатын ыдыс — сүйретпе. Оның түбі бұрышсыз жұмыр келеді. Сыйлы қонаққа сүйретпеден қымыз беру ерсі саналады. Сондықтан оған тек сабаның қымызынан ғана береді.

Сүйретпеден кейінгі ыдыс — мес. Оны бітеу сойылған ешкі терісінен жасайды. Бұл сөзді халық жағымды немесе жағымсыз мағынасында да қолдана береді. Мысалы, Ақын Мәшһүр-Жүсіп Көбеев, өзінің қолжазбаларын тіркеп отыратын жинағына мес деп ат қойған. Мес кәделі ыдыс емес. Сыйлы кісіге одан да қымыз құймаған.

Қазақта: «көнегі керегеге іліну» деген сөз бар. Оның мәнісі — жұтап қалу дегенді білдіреді. Сондай-ақ көннен ыдыстар салынатын «аяққап» аталатын қоржын жасалды. Ал иленбеген теріден жасалатын төсенішті тулақ, иленгенін бөстек деген. «Ас», «той» сияқты үлкен жиын жасаса, малды иесі сояды да, қымызға «сауын» айтқан. «Сауынға» көптеген ыдыспен жан-жақтан қымыз әкелінеді. Жиынға қымыз әкелгендердің ыдысына сойылған малдың жіліктерін салып жіберу ырымы болған.

Ерте заманнан ас пісіруге арналған ыдыс — бақыр. Бұл тегі мыстан, ал кейіннен шойыннан құйылған болса керек. Ол қазан сияқты түбі шұңғыл келеді. Бертінде заводта құйылатын қазан шыққаннан кейін, бақыр қазанды түздегі жылқышылар немесе жолаушылар ғана қолданған. Алғаш оны «жер ошақ» аталатын қазылған шұңқырға орнатқан. Одан кейін қазан үш сирақты темір (мосыға) ошаққа асылды. Қазанды тұтатын қолғапты «тұтқыш», ішін тазалайтынды темір «қырғыш» деп атаған.

Тіпті көне заманда су, сүт сияқты сұйық нәрсені «тас қорықпен» қайнатады екен. Ол тасты отқа қыздырып алып, сұйық құйылған ыдысқа тастаса, біраздан кейін сұйық бұрқылдап қайнайды. Бұл тәсілді ауылдың қойшылары соңғы

кезге дейін қолданып, далада «тас қорықпен» сүт қайнатып ішкен. Осындай тәсілмен пісірілген дәмді сүтті өзіміз де ішіп көрдік.

Ертедегі көшпелі ауылда кепкен ағаш ұнтағын шақпақ таспен тұтатқан.

Су қайнататын «тас құмған» ертеректе тастан ойылып жасалды да кейіннен шойыннан құйылғаны базарда сатылған. Оның аты да «тасқұмған» деп аталады. Ал «самауыр» немесе «самауырын» аталып кеткен орыс «самоварлары» қазақ арасына Россияға қосылғаннан кейін тарады. Біздің елде самауырды ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында бірінші рет Ірбіт базарынан Есенеі алдырған екен. Оны қайнататын десе, суды қалай құйып, отты қалай жағуды елде ешкім білмейді. Содан көршілес қазақ-орыс станицасы Құтырлағанға (Екатериновкаға) кісі жіберіп біреуді алдырады да, самауырды қалай қайнату әдісін көрсеткендігі үшін оған Есенеі бір жылқы береді. Бірақ ырымшыл Есенеі, «шүмегі төмен қарап тұр екен, елді төмен қаратпай қоймас» деп самауырдың шайын ішуден безген екен деседі.

### 3. АЗЫҒЫ

Революциядан бұрынғы ауылдардың азығы — малдың еті мен сүмесі (сүті) болды. Сондықтан да сттен түрлі тағамдар жасады. Оны суға пісіріп те, майға қуырып та жеді. Жаз айларында, бұзылып кетпес үшін, оны сүрлейді, яғни етті тұздап, тұз сіңгеннен кейін түтінге немесе күнге, желге қақтап кептірген. Жалпайта сүрленген майды эзет-қақпыш, бөлшектенгенін қақпыш-борша деп атаған. Тұз сіңіп, сүрленген ет бұзылмай ұзақ сақталады да, сапасын да жоймайды. Қазақ сүр етті сүйсіне жейді. Сондықтан да жігіттердің өлеңінде: «Қыздар сүйіп жейтұғын тәтті сүрмін» дейтін жол кездеседі. Етті шашлық тәрізді отқа қақтап та жейді. Оны «кебеп» дейді. Ал жанашыр екі жақыны араздасса, қайсысына болысарын білмей, «екі оттың ортасында кебеп болдым-ау» деп кею осыдан шыққан.

Қазақ үйінде асар еті бола тұрса да қадірлі қонақ келсе, арнап мал сояды. Ал қонаққа көп сойылатын мал — қой болған. Тіпті қадірлі қонақ болса құлын немесе тай да сояды. Көп қонақ келсе бие сойылған.

Қойдың басын қадірлі қонаққа, беделді ақсақалға тартады. Бірақ, бұл салт әр жерде әртүрлі болған. Қырғыз елі қонаққа қой сойғанмен, басын жерошақ төңірегіндегі,

қатын-қалаш, бала-шағаға береді. Ұлы жүз бен Орта жүздің кей рулары басты қадірлегенмен, құлағын балаға береді. Ал Керей мен Уақта құлақты шал жейді. Қалай да қазақ ғұрпында қадірлі қонаққа бас тартпау (арнап қой соймау) ұят саналған.

Ескі ауылдың қадірлі санайтын қонақтары: сыйлы, беделді ақсақалдар, әкімдер, құда-құдандалар, жек-жаттар болған. Оларға салынатын қой мүшелері төмендегідей: қойдың бастан кейінгі қадірлі мүшесі— жамбас. «Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген» дейтін өлең сол жайды аңғартады. Бұл бүкіл қазаққа тән болмаса керек. Өйткені, құдағиға жамбас, қыз бен жігітке асықты жілік, балаларға бүйрек, құлақ беретін де жағдайлар кездеседі. Жамбастан соң кәрі жілік, одан кейін асықты жілік. Өзге мүшелері осыларға қосалқы. Жылқының ең қадірлі мүшесі— жая, одан кейін: қазы, қарта, жал деп санаған: «Жақсының жейтін асы— жая мен жал» деп басталатын өлең де бар. Мұнымен қатар халық арасында түрлі ырымдар мен дәстүрлер де болған. Мысалы: Әкең өледі деп әкесі тірі балаға басты ұстатпайды, былжыр (жуас боласың деп миды жегізбейді. Кішкене балаға суға кетесің деп жұлын жегізбейді. Асырап алған ұлға асықты жілік ұстатады. Асқа, тойға қымыз апарған ыдысқа асықты не кәрі жіліктер салып қайтарады. Кәрі жілікті қартайғанша отырады деп қызға ұстатпайды. Қонаққа асқан етке мойын аталатын мүшені салмайды. Жас босанған әйелге баланың мойны тез бекиді деп ыстық мойын тістеткен. Ал төс аталатын мүше күйеу мен ұзатылған қыздың сыбағасы. Табақтың ішіне төс салынбаса, күйеу өкпелеген. Сойған қойдың төсінен төстік алады. Оны тұздап отқа қақтайды да құда қонаққа өзге еттерден бұрын таттырады. Мұны қазақ аса қатты ұнатқан. Құдаға беретін себебі, «төске төсті тақасқан жақын болдық» деген ұғымды білдіргендіктен. Ұзатылған қызға сүрленген төс жіберу де міндетті болып есептелген. Бұл жөнінде төмендегідей қалжың бар: келіншекке біреу «інің келе жатыр» десе, әлденеге інісіне өкпелеп жүрген келіншек «інім інге кірсін» депті. Анау «ініңнің қоржынында төсі бар» десе, риза болып кеткен келіншек: «Інімнің менен басқа кімі бар» депті-міс.

Піскен еттен үй иесіне немесе құдаға алдымен асататыны— бір тілім құйрық пен бауыр. Сондықтан құдаларды «құдай (уәде) дескен, құйрық-бауыр жескен» деп жақындастырады.

Сыйға тартылатын табақтар адамына қарай: бас, орта, аяқ болып үшке бөлінеді. Қой сойғанда бас табаққа қойдың басы, жамбасы, асықты жілігі, сүбесі, белдемесі, бір білем құйрық пен бауыры салынады; орта табаққа бір жамбас, кәрі жілік, ұзын омыртқа, бір сүбе салынады; аяққы табаққа кәрі жіліктен бастап, қатын омыртқа, бұғана, бір жауырын салынады. Мұндай сыбаға бермеу өкпеге апарып соққан. Қойдың ішкі жүйелерінен бауырдан басқасы табаққа «жөргем» деп аталатын ащы және тұщы ішектердің өрілген бір бумасын, қарын өкпе, жүрек сияқтылардан бір-бір тілімін, алдыңғы және артқы үйітілген сирақтардың бір-бірін табақтың алды-артына қояды. Жалпы алғанда ішек-қарын, өкпе-бауыр аталатын ішкі мүшелер үй иелерінің сыбағасы.

Жылқы етінің сыйлы, сыбағалы мүшелері: жал, қазы, қарта. Өзгелері соларға қойылады. Аса қадірлі саналатын қонаққа қой сойғанда үстіне жылқы етінің сүр жаясын, қазы-қартасын салады. Жылқының шекесін қазақ «наурыз» аталатын мейрам күндерінде ғана асқан. Көшпелі елдердің, мысалы, монғол халқының әдетінде, еттің бір қайнауын ішінде қалдырып, шала пісіретіні бар. Қазақ етті езілтіп, дәмді етіп пісіреді. Етті бұлай етіп пісіру ас қорыту органдарының жұмысын жеңілдететіні мәлім. Сол сияқты «ет етке, сорпа бетке» деп оның да ас қорытуға үлкен көмегі барын қазақ ертеде-ақ білген. Қазақтың тағы бір ұлттық тамағы «кеспе» немесе «салма» деп аталады. Алғашқысын иленген қамырды жіңішкелеп кесіп жасаса, «салманы» ұннан, тарыдан, күріштен дән салып пісіреді. Жылқы етінің сорпасы сұйық болғандықтан, кеспеге жарамайды. Кеспеге қазақ «қара мал» аталатын сорпасы бар қойыртпақ айыр-тұяқтылардың етін қолданады. Әсіресе, сиырдың «қима» аталатын, айналдырған тұщы ішегін көбірек пайдаланады. Өйткені ол өте майлы болады.

Жылқы сорпасына қазақ ащы құрт езеді. Ол — қазақтың «қысқы қымыз» деп атайтын ең жақсы тамағы. Ал жылқышылардың жақсы көретін тамағы езілген құрттың қалдығы — малта. Жолаушылаған не мал баққан адамдар малтаны қалтаға сала жүріп, сусағанда, қарны ашқанда қорек етеді. Қысты күні жылқы сорпасын тезірек суытқысы келген қазақ оның ішіне мұз салып ішеді. Мұны — «томыртқа» деп атайды.

Қазақ халқы малды міндетті түрде бауыздайды. Корей, монғол сияқты кейбір ел, сойылатын малды бауыздамай,

тұншықтырып та өлтіреді. Сондағы дәлелі, малдың ең пайдалысы — қаны. Тұншықтырса қан етке сіңіп, адамға пайдалырақ болады. Бауыздалмаған малдың еті қазақта — арам саналады.

Ертерек кезде ет асатын ыдыстың аз немесе жоқ шағында, көшпелі елдер олардың ішінде қазақ етті сол сойылған малдың өз қарнына пісіріп жейтін болған. Қарынды бұзбай алады да, тазалап жуып, ішіне етті сыйғанынша толтырып, оған мөлшерлеп тұз салады. Онымен бірге сорпа қайнағанда бу шығып тұру үшін қарынның ауыз жағына қуыс құрай немесе малдың екі басы шабылған жілігін шығарып байлайды, сонан кейін ет салынған қарынды құмға көмеді де үстіне от жағады. Солай пісірілген, «сілікпе» аталатын ет көшпелі елдердің дәмді асының бірі болған. Қазақтың ұғымында, әр малдың еті өз қарнына сияды. Қазақтар асқан еттің тұзын татып жейді. Ет салған табаққа тұзын ашылау ғып құятын сорпаның аты тұздық.

Көшпелі ауылдардағы ет тағамдарын әзірлеу түрлері осындай.

«Сүме» ертерек кезде «желін», «емшек» мағынасында айтылған. Бертінде «сүт» мағынасында айтылады. Ет тауып жеуге мүмкіндігі жоқтар «малдың сүмесімен күн көріп отырмыз» дейтін. Өйткені қымыз жасауға әркімнің мүмкіндігі бола бермеген. Көшпелі қазақ халқының басым көпшілігі, айыр тұяқты қара малдың сүмесімен (сүтімен) күнін көрген. Олар түйені де, сиырды да, қой мен ешкіні де сауатын болған.

Сауылған сүттен айран ұйытып немесе сүтті ірітіп, ақ қызғылт түсті ірімшіктер мен уыз да қайнатқан. Жас балалар үшін сүтті қазанда қойылта қайнатып, дәмді балқаймақ та тұрғызған. Қайнамаған шикі сүттің бетіне тұрғанын «кілегей» деп атаған. «Кілегейді» жинап, әдетте, одан май алады. Қазанның түбіне тұрған сүт қағын «қаспақ» деп атайды. Ол, көбінесе қазан ұстайтын әйелдер мен ерке балалардың сыбағасы. Малдың сүті қайнатылмай көбірек тұрса, іріп кетіп, пайдаға аспайды. Сүтті ұйытқы құю арқылы ұйытса, айран болады. Айран ашып кетсе, «ірікіт» дейді. Ірікіттен «ашы» және «тұшы» құрттар қайнатылады. Тұшы немесе сықпа құрт нан орнына пайдаланылады. Ашы құрт сусынға немесе сорпаға езуге ғана қажет. Жолаушы шыққанда «жан торсық» аталатын ыдысқа су құйып, ішіне ашы құрт тастаса, шайқалып езілген ол, әрі сусын, әрі тамақ болады.

Құрт пен ірімшік бұзылмас үшін жаз айларында «сөре» аталатын биікке жайылады да, күн көзіне кептіріледі. Кептірілген бұл тамақтар, әуе райының барлық жағдайына да бұзылмай шыдап, ұзақ уақытқа сақталады.

Ашыған айранды кенеп қапқа құйып сүзеді де, оған аздап тұз қосады. Оны «сүзбе» дейді. Сүзбеден де құрт жасап, сөреге кептіреді де, қыс айларында сорпаға қатып ішкен.

Қымыз «киелі» асқа саналады, биенің сүтінен қымыз жасау үшін оны торсық аталатын көн ыдысқа жылы күйінде емес, салқындаған қалпында құяды. Жылы құйса қымызы ащы болады. Торсыққа құйылған қымызды піспекпен әлсін-әлсін пісіп тұрады. Қымыз неғұрлым көп пісілсе, соғұрлым, тұщы, дәмді келеді. Аз пісілген қымызда ірімтік көп болып, ішуге жағымсыз келеді.

Қымыз тез тұнады, тұнғанда жоғарғы жағы көгілдір сұйық, асты қоюланып тұрады, екеуін пісіп араластырғанда ғана қымызды адам сүйсініп ішеді.

Үйіне кірген кісіге қазақ ас татырмай жібермейді. Сондағы беретіні бар болса қымыз, ол болмаса айран, ірімшік, құрт сияқты тағамдар болғаң.

Қымыздың шала ашығаны саумал. Ондай қымыздың дәмі бұзылатын шағы болады. Оны қазақ «айнымал» немесе «татымал» дейді. Айныған қымызды байлар өздері ішпей, жалшыларына берген. Жалшылардан артылғанын жерошаққа төгіп тастайтын.

Қазақтың қымыздан басқа сусыны — көже. Оны қайнатқан суға бидай, тары не ұн салып ашытады. Шамасы барлар оған сүт қатады. Сүт қоспаған қатықсыз «қара көже» кедейлердің сусыны саналған. Оны да иелері дәмге санап, қастерлеген.

Атақты Біржан сал жолаушылап келе жатқанда орыс поселкесінде мал бағып отырған жатақтың қарақұрым үйіне кездеседі. Үйге жақындаған ол «сөйлес» деп дыбыс берсе, үйден бойжеткен, қарапайым киінген қыз шығады. Біржан шөлдегенін айтса, қыз «түсіңіз, барымызды береміз». — дейді.

Жасаусыз үйдің төріне шыққан Біржанға қыз босағада тұрған күбіден (ағаш ыдыс) бір кетік саптыаяққа орталау құйып көже ұсынады. Біржан қараса быжылдап тұрған қатықсыз қара көже екен. Біржан оны менсінбей, көжеге ернін де тигізбей, қызға аяқты қайтара береді. Қыз аяқты алмай:

Жақсының жейтін асы жая мен жал,  
Шығады нақ қырсықтан осындай сал,  
Дәмнен үлкен дүниеде еш нәрсе жоқ,  
Көжеге кекіреймей ерніңді мал!—

депті. Сонда Біржан ұялып қап:

Жетеді тоқсан жасқа ердің ері,  
Атандық ақындықпен «Біржан сері»,  
Қарындас, айтқан сөзің өтіп кетті,  
Көжеңді басып-басып әпкел бері!—

деп, толтырып алған аяқты түбіне дейін қотара салған екен.

Арабша «дәм», «тағам» деген сөздің қазақша мағынасы — «ас», «тамақ». Дәмді жоғары тұтатын қазақ, «дәм-тұзымды тат, расыңды айт» дейді. Қастандық қылған біреуді «дәм-тұзына тапсырады», «татқан дәмге қас қылған жігіт оңбас» дегенді өлеңіне қосады. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Үйіне алыстан келген адамға бірнеше күн тегін тамақ беру қазақтың ертеден келе жатқан ата дағдысы. Сол дағды күні бүгінге дейін бар. Қазақтың әр үйі «тәтті-дәмді» дейтін асын өзі татпай, қонақ келсе «ұялып қаламыз» деп, көпке дейін соған сақтайды.

Қонаққа беретін тамақ «қонағасы» деп аталады. Қонағасы келген кісісіне қарай әрқилы болады. Бірақ қазақ үйіне келген қонақтың қандайын болса да тойғызбай аттандырмайды. Қазақ жаз айларында қонаққа малды сирек сояды. Байлар жаздай сүр жейді, кедейлер жаз айлары малдың сүтін қорек етіп, етті көп жемеген.

Қысқы азыққа, яғни соғымға ірі қара мал сойылған. Әсіресе соғымға жылқы малы көптеп сойылады. Орта дәулеттілер бірен-сарандап, ал тұтас жылқы союға әлі келмейтіндер бірігіп бір жылқының етін жартылап немесе сыйрақтап бөліп алатын болған. Тұтас малдың етін жартыға бөлу оңай да түсінікті, ал сирақтап бөлу дегеніміз — тұтас малдың етін төртке бөлу. Мұндай бөліске жататын мал етін алушыларды риза қылатын қасапшылар. Олар өз ісінің шебері саналады. Сондықтан қазақ шеберлік жайы сөз болғанда немесе сөзін жөндеп сөйлей білмейтіндерді кекесін ретінде «бүйректен сирақ шығарады» деуі осыдан.

Түйе, жылқы, сиыр еттерінің бөлісі осындай. Қой, ешкі, тай, тана сияқты ұсақ малдардың еттері бөліске түскен

емес. Мұндай ұсақ малдар орта дәулеттілердің, көбінесе кедейлердің соғымы. Кедейлер әдетте, тоқты-торым, бұзау, тайынша деген сияқты ұсақ малды соғым қылған.

Көшпелі қазақ халқы егіншілікпен аз шұғылданса да панның қадірін жақсы білген. Кейде астық шықпай жұтаған кезде «алтын, күміс тас екен, арпа, бидай ас екен» деген мақал шығарған. Ертеде негізінен етпен сүт тағамдарымен тамақтанатын қазақтар дәнді астықтан жасалатын тағамдарды таңсық көріп, сүйсіне жейтін-ді. Сондықтан бір тамақты құмартып жеген адамды қазақ арпадай асайды дейді.

Овощты (сәбзени) мал баққан ауылдар сирек қолданған. Олар «тау жуа, қыр жуа» аталатын шөптерді кеспеге турап та, шикі күйінде де жеген. Сазды жерге өсетін картоп тұқымдас жаужұмырды (буылтықты) қоламтаға көміп, пісіріп жейтін болған. Қамыс тамыры «сүйірік» деп «май қоғаны» да жеген. «Қарға тұяқ» аталатын шөл шөбінің тамырын да қазып жеген. Тауда өсетін, дәмі қышқылтым шөпті де сүйсініп жейді. «Базарда бұл болады піскен қауын, Қызыл алма алады көздің жауын» немесе қарны өскен адамды «қарны қабақтай», («асқабақтан алған») деуіне, сондай-ақ өрік пен мейізге құмарлығына қарағанда оңтүстікті мекендеген қазақтардың егіншілікпен, бақшашылықпен ертедегі замандардың өзінде шұғылданғаны байқалады.

Астық жайына тағы да оралайық.

Советтік дәуірге дейін нанға қазақ ауылдары жарымай «аш қарын», «тоқ жарау» болып келген. Тек Совет өкіметі орнағаннан кейін ғана оған мұқтаждық жойылды. Үкімет пен партияның Қазақстан тыңын игеру туралы 1953 жылғы қаулысынан 1956 жылы бірінші рет, 1972 жылы екінші рет бір миллиард пұттан аса астық жиналды. Сөйтіп, советтік Қазақстан астық өндіру жөнінен Совет Одағы бойынша РСФСР-ден кейінгі орынға шықты. Астықтың молаюы, малдардың ерте сойылмай, семіруіне де жағдай жасады. Қазір малдың қайсысы болса да семіздіктен «жонынан жарылады». Қойдың сүбесі мен жылқының қазысын бұрынғыдай бірер елімен емес, сүйемдеп, қарыстап өлшейді. Себебі қазір малды асылдандыру жұмыстарын кеңінен жүргізудің арқасында сиырдың сүттілігі, қойдың семіздігі, т. б. жылдан жылға арта түсуде.

Бұрынғы қазақтар молшылық тұрмысты «ит басына іркіт төгіледі», «сайдан май ағатын болады» деп, сондай за-

манды арман ететін еді. Сол молшылық қазір барлық совет халықтарымен бірге қазақ ауылына да орнап, бұрын жемесе де май жақсы» деп май татуды арман ететін еңбекші шаруалар, өзге азықпен қатар, майға да молықты.

Социалистік құрылыс әл-ауқат, тұрмыс молшылығын жасайды.

#### 4. КИІМ-КЕШЕГІ

Адамға ауа райының қолайсыз жағдайынан қорғану үшін және көріктілік үшін де киім қажет. Ертедегі адамдардың киім-кешектері мал терісінен жасалатын еді. Әсіресе, теріні сырт киім үшін пайдаланатын-ды. Оның бірі — тон. Ол «қаптама», «қамзолша» атанып екіге бөлінген. Қаптамасы суыққа сырттан киетін тон. Махамбеттің «Қаптай соққан боранда, қаптама киген тоңар ма?» — дейтіні осы. Қамзолшасы етегі тізеден жоғары келетін тон. Тон орнына қасқырдың, түлкінің, қарсақтың, күзеннің, басқа аңдардың терісімен астарлап, сыртын матамен тыстап тігетін киімнің аты ішік. Ішіктің толып жатқан түрлері болады. Мысалы, түлкі терісінен, оның жон, бауыр, аяқ терілерінен — қараяқ ішіктер жасалады. Кейде, құндыз, бұлғынның қымбат терілерінен де ішік жасалады. Оған Абайдың Ақылбай деген баласы шығарған ән сөзіндегі «Бұлғын ішік мен кидім, құндыз жаға» деген жолы куә.

Құндыз қазақта аса бағалы аң саналған. Қазақтар оның сала-құлаш терілерін төрдегі кереге басына сән үшін ілген. Ертеде бұл аң қазақ даласында көп болғандығына «Құндызды» аталатын өзен мен (Қостанайда), «Қамқа» (құндыздың бір түрі) атты көлдің болуы куә. Кейін ел жиілене келе бұл сулардан құндыз бен қамқа ауып кеткен.

Құлынның терісінен астарсыз тігілетін тонды «жарғақ» дейді. Оның қара құлынның терісінен сәндеп тігілетіні жоғары бағаланады. Қасқыр терісінен астарланатын ішік те қымбатқа саналады. Ішікті қазақтар тыстап киген.

Кедей адамдар ішікті қоян, тарақ құйрық (сарышұнақ) сияқты арзан терілерден де жасаған. Бірақ олардың сапасы онша болмайды. Сондықтан «бір жылға қоян терісі де шыдайды» деуде де мән бар.

Ішіктің тысы, әдетте шұға, мәуіті сияқты қалың маталардан тігіледі. Тері мен тыстың арасын қалыңдату үшін тозған маталардан, жүннен «бидай» саналады.

Тонның жағасы жоғары етіп жасалады да, боран-шашында оны көтеріп алса, басқа суық тигізбейді. «Ел аға-

сыз, тон жағасыз болмайды» деу содан. Жағаға қымбат аң терісі, қозының, лақтың бұйра елтірісі сияқты терілер салынады. Тонның белі тарылып тігілетіндері «қынамал», қынамайтындары «қаптал» деп аталады.

Қысқы киімнің біреуі — күпі. Ол қойдың және түйенің жабағасынан жасалады да, жылылығы тері тоннан кем болмайды.

Жаздың сыртқы киімі, түйенің иә қойдың жүнінен тоқылатын шекпен, түйе жүнінен тоқылған шекпен дәулетті адамдардың қолына түскен. Шамасы келмеген кедейлер шекпенді қойдың жүнінен жасайды.

Тоқу әдісінің аты — өрмек. Ол көне заманнан келе жатқан қол өнері.

Өрмек тоқу ұзақ уақытқа созылады. Өрмек тоқудан бұрын жүнді қылшықтап, түтеді. Оны шүйкелеген соң, ұршықпен иіріп, иірілген жіпті төгеді (домалақтайды). Домалақ жіпті ұзындығын он құлаштай етіп керуге және тоқуға әлгі жұмыс процестері атқарылған соң ғана кіріседі. Жіптерді біріктіріп тоқуға арналған құралды «мосы» дейді. Мосыға асылған өрмектің арасынан өтіп тұратын жіпті — арқау, арқауды нықтайтын құралды қылыш, жіптердің жоғарғылары мен төменгілерін ауыстыратын құралды «адарғы», тоқылған өрмектің екі шетін «кенере», тағысын тағылар деп атаған.

Өрмекті тек әйел ғана тоқиды. Ертеде, қалаға барып, араласпайтын көшпелілері ішкі киімдерді (көйлек, жейде мен іш киімді) өздері тоқып киген.

Өрмектен қазақтар алаша сияқты төсеніштер де, қоржын аяқ-қап сияқты ыдыстар да, ат-жабу сияқты жамылғылар да жасады. Тіпті кей жерлерде кілем де тоқитын болған. Кейіннен өнеркәсіп бұйымдарының көптеп шығарыла бастауына айланысты өрмек тоқушылар азайды.

Көшпелі қазақ ауылдары бірнеше ғасыр бойы Орта және Орталық Азия немесе Еділ бойының қалаларына барып сауда-саттық жасаған. Онда дәулетті адамдар жібек пен манат (қалың тоқылған жібек) сатып алатын болған. Еділ бойындағы қалалардан (әсіресе көне болғарлардан) алатыны көбіне былғары екен. Осы алыс-берістің нәтижесінде болғарлардан ауысқан бұйымның «былғары» аталуы сондықтан болса керек.

Кедей шаруалардың ерте заманнан бері ішкіім үшін пайдаланатын матасы — бөз.

Дәйім менің кигенім бөз көйлегім,  
Жаман жақсы болса да өз көйлегім,  
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,  
Аман-есен жүрмісің көз көргенім.

немесе

Жатыр едім далада пішен шауып,  
Бөз көйлегім су болды жаңбыр жауып,—

дегендегі «бөз» осы мата.

«Бөз» — отырықшы кәсіпқорлардың қолдан, мақтадан тоқитын матасы. Жібектен қалыңды-жұқалы етіп тоқитын маталар «қазине» деп аталады. Бұрынғы қалың малға сатылатын қыздардың:

Қазине камзол кидім қиылмаған,  
Жапанда жатыр жылқым жиылмаған,  
Бар ма екен қыздан сорлы бұл жалғанда,  
Топырақ туған жерден бұйырмаған,—

дегенде осы «қазине» сөз болады.

Сыртқы және ішкі киімдерден қазақ өрнектелген қамзол мен шалбар (сым) киеді. Әйелдерден «сым» киетіндері тек үнемі көшіп-қонуға қатысы барлары. Д. Н. Ушаковтың «Түсіндірме сөздігінде» қамзол француз сөзі дейді. Қамзол мен шалбар қазақта көне заманнан келе жатқан киім болғанға ұқсайды.

«Алпамыс» батыр жырында Ұланқұлды «көн шалбары көтіне қатқан» деп сипаттауына қарағанда, ертедегі қазақтар шалбарды көн теріден де істеген сияқты. Жұмсақ иленген ешкі терісінен қазақтар кестелей сәндеп жырық балақ ойран-шалбар киген. Бертіндегі қамзол, шалбарлардың көбі орыс базарынан алатын кездемелерден жасалған.

Ертедегі әйелдер мен еркектер киетін қамзолдың белі қынамал, жеңі шынтақтан ғана келетін шолақ болған. Мұндайлардың жеңсізі «төс қамзол» деп аталады.

Қамзол тысты, астарлы болады. Оның екі арасында «бидай» аталатын ескі шүберек салады.

Көне заманда шалдар (елдер) киетін етек-жеңі кең көйлекті «жейде» деп те атаған. Жейденің жағасына жүннен немесе шудадан бау тағады. Жейденің жағасы кең келеді. Оны «үшкіл» деп атайды. Жейденің қалтасы болады. Шалдар уақ-түйек қажетін соған салып жүрген.

**Киім пішу туралы.** Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп, тұруға бөгет жасамайтындай етіп ықшамдап тіккен. Киімнің қолтық тұсы кең болуы үшін қолтырмаш, етегі кең болу үшін бүйірден шабу қойған.

Пішкен киімді тігетін негізгі құрал — ине. Қазақтар инені қай заманнан бастап пайдаланғаны белгісіз. Қашан болса да, ол қолдан жасалмаған, өндірістік бұйымдармен бірге келген сияқты. Иненің үлкені — тебен немесе жуалдыз аталады. Онымен киіз сияқты қалың нәрсені ғана тігеді.

Іске олақ кісіні «көк инені көзіне түрте білмейді» деп сөгеді. Инені қолданардан бұрын отқа қыздырып жасытады. Сонда иненің сыртында жұқа қабыршақ пайда болады. Оның аты «жасу». Кейде қол қабысы жоқ, бос жүретін адамға «иненің жасуындай пайдаңды көрмедім» деуі содан. Әр бір іс ойдағыдай орындалғанда қазақ: «сабақты ине сәтім» дейді.

Киім пішілгеннен кейін бөлшектерді долбарлап құрасыруды «көктеу», тігісті ірілеу етіп шаншуды «қабу», ұсақтап шаншуды «тепшу», «қаю» жаға-жеңін әшекейлеуді «кестелеу» дейді.

Қазақ халқының бас киімдері бөрік, тымақ, құлақшын, жалбағай, делбегей деп аталады. Іші елтіріден немесе аң терісінен жасалатын, матамен тысталатын бөрік — жаздың киімі. Түлкінің пұшпағынан жасалатын бөрікті Арқада «тақия» дейді. Әйелдердің жеңіл, үкілі, сәнді тақия үлгісі қазаққа татардан келгенге ұқсайды. Семей облысындағы, әсіресе тобықты руындағы қазақтар бөрік орнына «жекей» аталатын елтірі тымақ киген.

Тымақ — қысқы бас киім. Оны кедейлер — сеңсеңнен, байлар түлкіден жасайды. Түлкі терісінен жасалған тымақ — ең сәнді, бағалы тымақ саналады. Жалбағай — жазғы жауын-шашыннан қорғанатын, делбегей — масадан қорғанатын жеңіл бас киімдер. Олар не өрмекпен тоқылады, не матадан тігіледі. Қазақ «бағым ауады» деп бас киімді ешкімге сыйламайды.

Қазақтың аяқ киімдері — байпақ, етік, кебіс, мәсі. Етікті былғарыдан киюге шамасы келмейтіндер, әсіресе шалдардың бертінге дейін, жазы, қысы сірімен қаптаған киіз байпақпен жүргенін көрдік. Етікті ерте кезде илеген теріден, бертінде былғарыдан киген сияқты.

Былғары қара, сары, қызыл немесе басқа да түрлерге боялады. Одан оюлап, кестелеп, әшекейлеп тігілген етікті әйелдер киген: «мырза» атанғандар да сөйткен. Негізінен алғанда еркектер қара, көк түстісін ғана киген. Сондықтан ерге тимей көбірек отырып қалған қызға «көк етікті келмейді, көң етіктіге бармайды» дейтін болған.

Мәсі — бұл да аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы өкшесі болмайды, сыртынан кебіс киеді. Бұларды тігетіндер «етікші» деп аталады. Ондай мамандар әр ауылда болған. Етіктің бөлшектері: бас, қоныш, бас пен қоныш арасы белгір, табанын — ұлтан, ұлтан мен бастың ұштасқан жерін жұлық деп атаған. «Жұлық жалаған жарымайды» деген мақалға қарағанда, оны тігу ақысы мардымсыз болғанға ұқсайды. Балуан Шолақтың:—

Қамалап қанша дұшпап тұрсадағы,  
Келмейді Сырдың суы жұлығымнан,—

дегендегі жұлық та осы. Аяқ киімнің ішіне төсейтінді «ұлтарақ» дейді. Артқы жер басатын жағы — өкше, Ұлтан мен ұлтарақ арасына қайыңның қабығынан астар жасайды. Өкшеге де солай етеді.

Етікті малдың аяқ сіңірінен ширатқан тарамыспен тігеді. Өйткені, ол өзге жіптен әлдеқайда берік болады. Өкшелі мәсі мен өкшесі шұқыр кебісті «қосай кебіс» немесе «шоңқайма» деп те атайды. Ұзаққа шыдайды, сөгілмейді деп етіктің ұлтанына ағаш шеге қағады. Шегенің орнын немесе былғарыны түйрейтін құралды «біз» дейді. Ол керегіне қарай жуан және жіңішке болады. Сарыла отырып, ұзақ тігетін етікшінің ашуланшақтау да болатын кездері бар. «Етікшіге жолама — бізі тиер көзіңе, сөзі тиер өзіңе» деген нақыл содан шыққан.

Етік пен мәсінің ішінен аяққа орайтын матаны «шұлғау» деп атайды. Байдың ұл-қыздары, сері мен салдар шұлғауды жібек матадан орайтын болған, кейбір серілер атын жібекпен тұсаған. Былғары етіктің қыстыгүні жылы болуы үшін ішінен жүн байпақ (ұйық) киген. Ондай үлкен етіктің аты саптама. Қойдың жабағысынан жасап, жеңіл етіктің ішінен киетін шұлықты «байтаба» деген.

Бертін келе халықтар арасындағы сауда қатынасы жандана бастаған кез көшпелілердің киім-кешегімен ыдыс-аяғын, үйдің басқа мүліктерін, көлік саймандарын, қолөнер құралдарын оңай табуға мүмкіндік туды. Сөйтіп осы кезеңдерден бастап ауылдың қолөнершілері азайды. Сонымен қатар, қалалық үлгімен белгілі бір бұйымдар жасайтын шеберлер ауылдан да шыға бастады. Мысалы, есімі менің шығармаларымда көп аталатын Шәйін Қожахметұлы Тілегенов, мұғалімдігімен қатар, асқан тігінші де еді.

Сондықтан ұзататын қызы, үйлендіретін ұлы барлар оны іздеп келіп, қолқалап үйлеріне әкетіп, киімдерін тіккізетін. Оны жұрт «қаланың ең шебері» деп таласатын.

## 5. КӨЛІК ТҰРМАНЫ

Қазақтың материалдық мәдениетінде киіз үйден кейін, ерекше көңіл бөлетіні аттың «ер тұрман» аталатын әбзел-саймандары. Сондықтан көшпелілер «ер тұрманды» жасауға бар өнерін салған. Бұл тұрманды «ер-тоқым» деп атаған. Ерді ағаштан, тоқымды киізден жасайды. Қазақ ері — «құранды» және «қаламақы» ер болып екі түрге бөлінеді. Құранды ер — ұсақ бөлшектерден құрастырылады да, тыныштық жағдайда, сәнге жасалады. Қыздардың өлеңінде:

Дәйім менің мінгенім құранды ерім,  
Құранды ерге жарасар бұраң белім,—

деуі сондықтан. Ал, қалмақы ердің алды-арты тұтас, жалпақ болады да, отыруға орнықты, қозғалысқа шыдамды келеді. Мұндай ер алыс жолға жорыққа және жаугершілік жағдайларға арналады.

Ер-тоқымды ат арқасына бекітетін тұрмандар: салт атты жолаушы өрге шыққанда, өрден төмен түскенде, желгенде, шапқанда, ер-тоқым ат арқасынан ілгері не кейін кетпеу немесе ауып түсіп қалмас үшін қызмет етеді. Аттың омырауынан өткізетін қайыстан жасалған бұйымды өмілдірік: ылдифа жүретін аттың ер-тоқымы шоқтығына кетпеу үшін, ердің артын құйрық түбімен жалғастырып тартып тұратын «құйысқан», арқадағы ер-тоқым оңға немесе солға аумау үшін аттың бауырын ала көлденең келтіріп, тартып байлайтынды тартпа тас-айыл және шап-айыл дейді. Ердің артқы жағына қоржын немесе аң, құс сияқты шағын жүкті байлайтын бөктергі, қанжыға деп аталатын қайыс тағылады. Сондай-ақ тебінгенде өкше мен үзеңгі ат қабырғасына қатты соқпас үшін тоқымның үзеңгімен таралғы тұсына қайыс тігеді. Оны «тебінгі» деп атайды. Ер аттың арқасына батпас үшін оның астына «терлік» және «жона» қалың киізден жасалып, былғары немесе терімен қапталатын «тоқым» салынады. Ерге отырғанда аяқты тірейтінді «үзеңгі», «үзеңгіні» ерге жалғастыратын қайысты «таралғы» деп атайды.

Жылдам жүріске ердің алдыңғы қасынан (таянышынан) артқы қасы қажеттірек сияқты. Оған қазақтың «ай-

ырылар дос ердің артқы қасын сұрайды» деген мақалы дәлел болса керек. Екі айылдан (тартпадан) атқа көбірек бататыны — қарыннан тартылатын, шап-айыл. «Артқы айылдың батқанын иесі білмес, ат білер, ағайынның азғанын жақыны білмес, жат білер» деген мақал осыдан туған болу керек. Шапқанда болмаса, шап айылды қазақ бос ұстайды. Тас айыл үнемі қатты тартылады, өйткені ол қауырлатын тұста тынысты қорғайтын төс сүйек бар.

Мінген атты еркіне көндіру, оның басын қалаған жаққа бұру үшін қолданатын тұрман — жүген. Оның темірден жасалған шығыршық, ілгек, ауыздық тәрізді бөлшектері болады. Оларды тек жол жүргенде ғана пайдаланады. Онымен ат жем жеп, су іше алмайды. Сондықтан да «ат басына күн туса ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса етігімен су кешер» дейді қазақ мақалы. Расында да, жайшылықта ауыздық су ішуге бөгет жасайды... Ауыздықпен ат айдаушының қолын жалғастыратын бау — «тізгін» аталады. «Жүгенсіздік» деген сөз адамға қатысты айтылған да бетімен кетушілік, тәртіп бұзушылық, дөрекі мінезді мағынасында қолданылады.

Ауыздық пен тізгінді жалғастыратын темірді шығыршық, яғни шаужай дейді. Біржан мен Сара айтықанда: «Біреуі — аттың ұстап шәужайынан» дегендегі «шаужай» осы.

Ат басына ауыздықсыз кигізілетін тұрман — ноқта. Оған «шылбыр» бау ғана (ноқта болмаса, жүгенге де) тағылады да, тоқтағанда атты сонымен байлайды. Қазақта «ноқта ағасы» — үлкен, басшы мағынасында қолданылады. Олай дейтіні, көне заманда әке балаларына енші бергенде көш алдына жүретін ноқталы түйені үлкен ұл жетектеген.

Содан «ноқта ағасы» атанған.

Атты мінуден босатқанда оттамасын десе, тізгінін шоқтығына қаңтарып (байлап) жібереді, бос оттағанда ұзап кетпес үшін алдыңғы және артқы бір-бір аяғына өре салады; тіпті жақында оттасын десе үш аяғына шідер, секіріп оттасын десе алдыңғы екі аяғына ғана тұсау салады; ашықпай айнала оттасын десе қаққан қазыққа арқандайды. «Ат айналып, қазығын табар» деу содан шықса керек.

Қазақ халқы аттың тұрмандарын әшекейлеуге көп көңіл бөлген. Ол үшін алтын, күміс сияқты қымбатты металдарды пайдаланған. Мысалы, ердің қастарына тоқым-тебінгілерінің бетіне, үзеңгілеріне басқа тұрмандардың өн-бойына нелер көркем өрнектер салып қымбат тастармен әдемілей

түскен; ондай тұрмандардың түгел бір комплексін жасағаны үшін шеберге — жылқы, түйе сияқты ірі қаралардың бірін ақыға төлеген. Әлділерге жағынғысы келген кей шеберлер олардың ұл-қызына әдемі ер-тоқым жасап апарып, сыйына үйірлеп мал айдап қайтатын кездері де болған.

Ел ағасы атанған сыйлы адамдарды ақындар:

Бір тайпа елдің басы еді,  
Алтын ердің қасы еді,—

деп мақтаған. Кейбіреулері музейлерде сақталған ондай тұрмандар нәзік шеберліктің куәсі іспетті. Алайда халықтың қастерлейтіні сәнді алтын тұрманы емес, аты болған. Сондықтан: «алтын ерің атқа батса, алтынын ал да отқа жақ» деген мақал қалған.

Әдемі тұрман әдетте жақсы атқа салынады. Қазақ жылқы түсінің бәрінен де әдемілік табады. Солардың ішінде ең сәнді көретіні дақсыз, шымқай қара түстісі. Өте жарасымды дүние жайында айтқанда: «қара атқа күміс тұрман салғандай екен» деу сол жарасымдылықтың белгісін көрсетеді. Сондай-ақ өлеңде: «Салғаным сал қара атқа күміс тұрман» деу де осыдан. Мен білетін шымқай қара түсті бір атақты жүйрікті жұрт кейде 'қара торғай» немесе «қара сүлік» деп те атайтын еді.

Ер-тұрман бөлшектерінің көпшілігі қайыстан жасалады. Қайысты түйенің, жылқының, сиырдың жүнін жидіткен қалың теріден істейді. Жүнді күбіде астық дәнінен ашытқан «малма» атты көже салу арқылы жидітеді. Оны күбі ішінде аударыстырып тұруды «сапсу» дейді.

Жүні жидіген теріні жайып кептіреді де, оның құрыстырысын жазу үшін «талқы» аталатын тістері кедір-бұдыр сайманмен созылайды. Міне, осы иленген, талқыланған терінің аты — қайыс. Тұрман, көбінесе осындай қайыстан тілініп жасалады. Тілінген қайыстың аты — таспа. Ол өзінің қолданылуына қарай жалпақтау да, жіңішке де тілінеді. Жалпағы — түйін үшін, жіңішкесі — өрім үшін пайдаланылады. Жүген, ноқта, қамшы сияқты тұрманды түйіп те, өріп те жасайды. Ондай шеберді «өрімші» деп атайды. Өрімшілердің айтуынша, өрімнің шыдамдылығы өруге байланысты емес, түйеге байланысты. Тұрман түйіннен тозады дейді. Атағы шыққан кейбір өрімшілердің түйіні сол тұрманның тозығы жеткенше ыдырамайды.

Сондай атағы шыққан өрімшінің біреуі мен туған ауылдағы Дүйсеннің Қасені деген еді. Оның асқан шеберлігіне

сол маңайдағылардың бәрі таңданатын-ды. Қызылжар, Қорған сияқты жердің байлары, саудагерлері, әсіресе ылаушылары іздеп келіп, жегін көліктерінің саймандарын жөндетіп, жаңадан тұрман жасатқанын көрдік.

Таспаны өрерден бұрын, бір жақ қырын пышақпен сыдырып (майдалай жонып) алады, сонда өрім бір жағынан жұмырланып сырты кедір-бұдырсыз жылмағайлау келеді. Атақты ақын Доскей Әлімбайұлы өзі айтысқан қызды мақтағанда: «Сырылып қойған таспадай, сыртың сұлу» дейді.

Таспадан өретін қамшы екі түрлі: атты қатты ұрмай демеп қана отыратын үш-төрт таспадан өретін төрт өрім қамшыны «шобыртқы», әлденеше таспадан өретін қамшыны «дойыр» дейді. Таспа саны жиырма төртке дейін баратын дойырдың ішіне қорғасыннан өзек салады. Балуан Шолақта сондай бір дойыр қамшы болған екен,— деседі жұрт. Ол қашқан қасқырды қуып жетіп, онымен жоннан тартқанда, қабырғаларының көбесі, омыртқалары сөгіліп кетеді екен: Қашаған жылқылардың қандайы болса да, қабырғаларын қуалай тартып өткенде, етпетінен түсетін көрінеді. Мұндай қамшыны қару ретінде ұрыс-жанжалдарда да пайдаланған.

Арықтағанда жүні түсіп қалатын түйені «қара қайыс» дейді. «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпейді, қара қайыста соққан түйенің табы кетпейді» деуі де осындай.

Көш түйесін сәндеуді «қомдау» дейді. Негізінде «қом»— түйенің өркешінен төмен қарай жайылатын майлы қыртыс.

«Қос-қос орда, қос орда,  
Қосылып қонбас малдан соң,  
Қоспақ өркеш сары атан,  
Қом жасамай майдан соң»,—

деу содан қалған.

Замандас ақынымыз Кенен Әзірбаевтың «Базар — Назар» атты әнінің өлеңінде «Көштің сәні болмайды, түйесі жоқ» деген жол бар. Көшпелі қазақтардың көне заманнан бері көш көлігі — түйе. Түйені көш көлігі ету салты Жағалбайлы, Жаппас, Тама, Табын, Адай аталатын руларда советтік дәуірдің алғашқы жылдарына дейін орын алып келді.

Көштің түйесін қомдау — қазақ өмірінде ең сәнді көріністің бірі. Қомдалатын түйелердің үстіне өрнекті кілемдер жабылады. Қомның өзін де тоқылған кілемнен жасайды.

Түйеге жүген кигізбейді. Оның бас тұрманы — ноқта. Ноқтаның өзі де, бауы да кілем тәрізді тоқылған құрдан жасалып, құндыз бен көмкеріледі. Салпыншақтары қымбат тас тармен, күміспен әшекейленеді.

Түйеге артылатын жүктерді «тең» дейді. Ол — киізге не кілемге буылған үй мүліктері. Махамбеттің Исатайды жоқтаған «Мұнара» аталатын өлеңінде, талан-таражға ұшыраған халықтың мұңын айта кеп, бір жерінде «Буулы теңді шешкен күн» дегендегі теңі осы. Байлардың буылған теңі, көшпеген шақта шешілмей, төрінде жинаулы тұрады. Бұл жүктердің «тең» деп аталуы жүкті түйенің екі жағына аумастай теңдеп артудан шыққан сөз. Балуан Шолақ өзінің ғашығы Ғалияға «Ауған түйе жүгіндей бейімделсең» деп, түйе жүгінің ауып түсуін адам сезіміне теңеу ретінде қолданады.

Түйеге бумалардан басқа, кебеже, сандық сияқты ағаш мүліктер де артылады. Оларға жас балаларды да отырғызады. Көшпелі ауылда туған қазіргі белгілі архитектор Төлеу Бәсенов пен белгілі әдебиетші Мұхамеджан Қаратаев «түйе үстінде, кебеже ішінде өстік» деседі.

Сыыр мен өгізге ер-тоқым да, қом да қолайсыз. Сондықтан олардың арқасына салатын тұрманды «ашамай» деп атайды. Оның астына да тоқым немесе ескі киізден жасалған тоқым — зәлті желқом төселеді.

Сыыр да түйе сияқты ноқталанады. Оған ырық бермесе мұның да танауын тесіп, бауына сүйектен не ағаштан жасалатын бір жағы тұйық тығырық өткізеді. Бұлай еткенде мал ырыққа тез көнеді. Тіл алғыш адамды «тығырықталған түйедей» деуі содан. Айдауды көп көріп, «қамшы кесті» болған кейбір түйе мен өгіздің танаулары жырылып, ерікке көнбей де қояды. Мінезі қиқар адамды «танауы жырылған» деп те айтады.

Жақын жерлерге көшкенде жеңіл жүктерді сыырға да артатын болған.

Ертеде салтанатты көшті әдетте байдың, бидің т. б. беделділердің бәйбішесі бастайтын болған. Шоқан Уәлиханов жинаған көне жырдың біреуінде:

«Ир-ір көшуге  
Ирек атан болса-шы,  
Жетектеуге атанды,  
Қоян-қолтық, керме қас,  
Бәйбішелер болса-шы,—

деген жолдар кездеседі.

Түйе көлігі ауа райының бар жағдайына, ұзаққа жүруге де төзімді. Қазақстан даласында XIX ғасырда ашылған заводтардың бар жүгі түйемен тасылған.

Көшу — жастарға, балаларға көңілді сауық іспетті әсерлі іс ретінде саналған. Салт мінген қыз-келіншектер, жігіттер тай-құнан мініп, оларға ерген ересек балалар мен жарысып жемістер теріп, өлеңдетіп, сауық-сайран құрған.

«Арба» қазақ көшіне кейінірек араласты. Оған дейін көлікке мінуге жарамайтын кәрі-құртаң, бала-шағаға арнап «сүйреткі» аталатын сайман жасаған. Ол үшін ұзын екі сырғауылдың басын салт көліктің еріне, ашамайына, қомына байлап, түп жағының үстіне тоқымдап иә тақтайдан жәшік орнатады. Оған отырғанды салт кісі сүйретіп отырады. Бұл сүйреткіге отырғандарға оншалықты жайлы болмаса керек. Өйткені, ұзаққа созылған бір істі халықтың «сүйреткіге салды» деп оны балама етуі тегін емес сияқты.

Сүйреткі бергі заманға дейін келген тәрізді. Мысалы, Баянауыл төңірегін мекендеген Сүйіндік руында XVIII ғасырда Шоң дейтін (Сұлтанмахмұт Торайғыровтың арғы атасы) атақты би қартайған шақта тоқалына өкпелеп, аулы көшкенде ескі жұртта қалып қояды.

— Соны,— дейді, олардың кейінгі ұрпақтарының бірі домбыра жасаушы атақты шебер Қасым Қамбаров,— жұрт кейіннен біліп, ауыл қонған жерге сүйреткімен әрең жеткізген.

«Қазақ арба» аталатын алғашқы арба ауылға, жартылай отырықшы болған, яғни жаз көшіп, қыс бір орыннан қозғалмайтын шақта пайда болған сияқты. Ол екі доңғалақты, бір арысты арба доңғалақтарының құрсауы (сырты) киіз үйдің шаңырағы сияқты тұтас қайыңнан иіледі, оны «күпшек» дейді. Білікке кигізілетін ортасы ойылған жуан ағаш пен күпшек арасын жалғастыратын тіреу ағаштарды солтүстік қазақтары «шабақ», оңтүстік қазақтары «кеңей» дейді. Күпшектің ортасын оятын темір сайманды «ұңғы» дейді. Екі доңғалақтың арасын тұтастыратын жуан ағаш — белдік. Белдікке бікітіліп, көлікке жегілетін жетектерді «арыс» немесе «дәрте» деп атайды. Арыстар көліктің мойнына кигізетін мойынтұрыққа, қамытқа құлақ баумен жалғасады.

Қазақ арбаның да шеберлері болады. Бірақ арба жасау оншама құнды саналмаса керек. Оған Біржан мен Сараның айтысында Жүсіпбек қожаға мұңын шаққан Сараның:

Қожаеке, күні құрсын ұрғашының,  
Ерігі болмаған соң бір басының,  
Берген соң тері-терсек ит те алады,  
Бұлындай бағасы жоқ арбашының,—

деуі дәлел.

«Күйме» аталатын төрт доңғалақты, үсті былғары нә тақтаймен жабылатын есікті арба қазақ жеріне алғаш рет орыс саяхатшылары арқылы келгенге ұқсайды. Алайда бертінде келген саяхатшылар күйменің қазақта, әсіресе хандар мен билерде ерте замандарда болғанын сипаттайды. Бұл орыстың «повозка» (қазақша пәуеске) деп атайтын арбасы. Зәлтті «Қыз Жібек поэмасында да күйме бар. Бергі кезеңдегі байлардың күймесі — сүр, құрт-май сияқты азық-түлік салатын үсті жабық арба болған. Пәуеске мінетін дәулеттілер де қазақ арасында көп болған. Оған әдетте нар немесе үш ат жегіледі.

Өндіріс бұйымдарынан қазақ арасына, әсіресе, солтүстік қазақтарына көп тараған арба — «тарантас» аталатын төрт доңғалақтысы. Мұндай арбалар бертінде көбейіп, оны қолданатындар салт мінуді қойған. Оған дәлел бертінде шыққан мынадай өлең жолдары. Онда тиген күйеуіне риза болмаған бір әйел:

Тарантас арба жектім қарамайлап.  
Қойды ғой бір жаманға басты байлап,—

десе, Балуан Шолақ:

Ойнап күліп бірге өскен, Ғалияжан,  
Кел скеуміз мінейік тарантасқа,—

дейді. Тарантас туралы мақалдар, өлең-жырлар қазақта көп. Тарантасқа жеке немесе пар ат жегіледі.

Тарантас тұрмандарының аты түгелдей дерлік қазақ тіліне икемделіп алынған орыс сөздері. Мысалы, қамыт — хомут, доға — дуга, қамыттың қайыстан тамақ бауы — сұпын — супонь, құлақ бауы — постіремке — постромка, божы (кей жерде — делбе) — возжы, шілия — шилья, тәжі — тяга, атты айдайтын құрал — құнт — кнут (кей жерде — бишік). Тарантас нә басқа арба үстіне талдан тоқып жасайтын бөлігін қорап — короб тағы тағылар деп атайды.

Солтүстік Қазақстандықтардың тарантасқа үйренгендігі сонша машина көбейгенге дейін колхозшылар, бригадирлер, басқармалар әудем жердегі жұмысқа да тарантас-

қа мініп барып жүрді. Оңтүстік тұрғындары, әсіресе таулықтар әлі де салт атпен жүреді.

Қазақтар үстіміздегі ғасырдың басынан бастап жүк тасуға орыстың «бричка» (бірішке) арбасын да қолданды. Оған күші келмейтіндер, соған ұқсас қып қолдан жасайтын ридуанды (рыдаван) жекті.

Қысқы жегетін сайманы — шана. Бұл орыстың «саня» деген сөзінен шыққан. Оның жүк тасуға арналған жайдағы да жолаушы жүруге арналған «кэшоба» деп аталатын әдемілеп жасалған қорапты, ықшамдысы да болады. Ондай жеңіл шананы дәулеттілер иемденіп, кедей шаруалар тек жайдағын ғана пайдаланды.

Шананың жегілу жабдығы тарантаспен бірдей. Айырмасы — қыстық қана және ені тар жолға екі көлікті парлап қатар жегуге болмайды, сондықтан екі көлік қажет болса, біреуі — түпкі аттың алдына жегіледі. Оның аты — көсем («алдын бастау» деген мағынада). Осыдан қазақ халқында «қыс — арбаңды, жаз шанаңды даярла» деген мақал бар.

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

### ЖАН АЗЫҒЫ

Орысша «искусство» деген сөзді қазақша «өнер» деп аударып жүрміз.

«Өнер» деп табиғат тұрпатын адамның қажетіне, мұқтажына жарарлық етіп, соған бейімдей өзгертуді айтамыз.

Абай өнерді «тән азығы» және «жан азығы» деп екіге бөлгендігі жайында жоғарыда айттық. Тән (дене) азығы тіршілікке қажет бұйымдар, яғни екінші сөзбен айтқанда материалдық мәдениет.

Ал жан азығы дегеніміз — көркем өнер. Бұл табиғаттың бойындағы әсемдікті, күш-қуатты адамның қажетіне сәйкестендіріп, қол нә тіл арқылы көріктендіріп жіберу. Мұндай көркем өнерді Абайдың «жан азығы» деу себебі ол жанға, яғни көңіл күйіне, сезімге қатты әсер етеді.

Отырықшы елдерде, әсіресе Европада көркем өнердің шыңына жете өркендеген көп түрлері бар. Мысалы, архитектура (ғимарат), скульптура (мүсін), живопись (сурет салу өнері), музыка (ән-күй өнері), тіл өнері (әдебиет), тағы тағылар. Осылардан революциядан бұрынғы көшпелі қазақ ауылдарында ең көне заманнан халықпен бірге үздіксіз, жарыса жасап келе жатқандары ән-күй мен тіл өнерлері. Өзгелері бертінде ғана туа бастады.

Ғимарат, яғни баспаналар жасаудың кейбір көркем үлгілерін археологтар Маңқыстау түбегіндегі, нә басқа жерлердегі үңгірлерден, қираған қалалардың үйінділерінен, сақталған мешіттерден, күмбездерден іздестіреді. Бұл әлі түгел зерттеліп бітпеген, яғни жаңадан басталып, терең зерттелу үстіндегі шаруалар.

Ал сурет өнері де сондай халде. Кейбір оқымыстылар оны тастарға қашалған таңбалардан іздейді. Бірақ олардың қай заманға қашалғанын және қай елдің, кімнің қашағанын анықтаған адам жоқ. Қазақта бірінші рет сурет салған, онда да қарындаш қаламмен ғана салған адам — Шоқан Уәлиханов. Олар Алматыда 1972 ж. орыс тілінде

тік) жырларында аралас келіп отырады. Мысалы, Алпамыста:

Жеткізбейді Шұбар ат,  
Атқан оқтай зырылдап.  
Құйындай ұшып келеді,  
Жал-құйрығы суылдап,—

деп шығарма жыр түрінде басталады да, кей жерінде:

Байбөрі осылайша ойлап ойды,  
Қайғының ішіндегі бәрін жуды,  
Балаға таңсық болып жүрген байғұс  
Үйіне алып келіп қылды тойды,—

деп оған қара өлең араласып кетеді.

Жалпы алғанда қазақтың ауыз әдебиетінде қара өлеңнен құрылған өлең-жырлар көп.

Қазақ ауыз әдебиетін (фольклор) екі түрге бөліп қарауға болады. Оның бірі авторы белгісіз болғандықтан халықтық деп аталып кеткен шығармалар болса, екіншісі, авторы белгілілер. Біріншісіне мақал-мәтел, тақпақ, жұмбақ, ертегі, кейбір көне айтыстар сияқты ұсақ жанрлар жатады. Екіншісі «Батырлар жыры», «Ғашықтық жыры» сияқты күрделі шығармалармен түйінделеді.

## 1. БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

Бұл тақырып Сәкен Сейфуллиннің, Мұхтар Әуезовтің, Мәлік Ғабдуллиннің, тағы басқалардың баспада жарияланған шағын және көлемді еңбектерінде кең және дәлелді талқыланып отырған. Біздің де бұл мәселеге араласымыз болған. Ендігі мақсатымыз осы авторларды қайталау емес, кейбір түйінді қорытындылар жасау. Олар мыналар:

Біріншіден, эпос аталатын батырлар жыры, көп халықтарда бар. Көлем жағынан алғанда олардың өте ұзақтары да бар. Мысалы көне грек ақыны Гомердің «Илиадасы» мен «Одиссеясының» әрқайсысында 20 мыңнан астам өлең жолдары бар. Фин мен қалмақ халқының «Жангарында», Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жортуылында», тағы басқалардың көлемі осындай. Солардың бәрінің үстінде ақсар таудай болып, көлемі жүз мың жолдан артық қырғиалдың «Манас» жыры тұрады.

Қазақ эпостарының көлемі бұлардай үлкен емес, олардың көлемі бірер мың өлең жолынан аспайды.

Екіншіден, қазақтың көлемді эпостары, көбінесе

өлең жырларынан жасалады. Проза оларға қысқаша мөлшерде ғана қатынасады. Иран фольклорындағы «Тотынның тарауы», арабтардағы «Мың бір түн» сияқты көлемді прозалық фольклор қазақта жоқ. Қазақта мұндай шығармалар қысқа көлемде ғана.

Үшіншіден, қазақ эпостарының бірталайы (мысалы, «Едіге», «Қобыланды», «Шора», «Баян», т. б.) қазақ халқының өмірінде болған нақтылы оқиғалардан алынған.

Төртіншіден, қазақ эпостарында мифология (табиғаттан тысқары қуат) жоққа тең. Олар реалистік (шындық) түрде құрылған. Аттардың шабысы сияқты көтеріңкі сипаттар тек әсірелеу (гипербола) ғана.

Бесіншіден, қазақ эпостары түгелімен дерлік драма. Онда шиеленіскен оқиғалар, сахналық кейіпкерлер көп. Сондықтан да біздің көптеген эпостарымыз («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан») қазіргі театр сахналарына қолайлы болып жүр.

Алтыншыдан, қазақ эпосында батыр, оның сенімді сүйген жары, сенімді тұлпар аты тағаның «үш емшегі» сияқты қатар тұрады. Солардың біреуі болмаса, қалған егеуімен тұра алмайтын темір ошақ тәрізді құлайтындай көрінеді.

Жетіншіден, қазақ эпосында әйелдер образы («Қобыландыда» — Құртқа, «Алпамыста» — Гүлбаршын, «Қамбарда» — Назым тағысын тағылар) мейлінше шебер жасалған. Бұл жөнде кейін жасалған кейбір драмалық шығармаларда бұрмалаушылық бар. Мысалы, «Ер Тарғында» — Ақ Жүніс Тарғынның ең сенімді серігі: ал Қамал Сағыров жазған пьесада — алдамшы, аяр, тұрақсыз әйел. Мұндай бұрмалауға мен қарсымын.

Сегізіншіден, аттың жақсы сипатын тек монғол, қалмақ, қырғыз, қазақ сияқты көшпелі елдердің ақындары ғана жасай алған; отырықшы елдерде олай емес. Мысалы, көне гректе Пегас, көне орыстарда Конек-Горбунок сияқты тұлпарлар болғанымен олар шындықтан гөрі мифке жақын. Қазақ тұлпарларында Қобыландының Тайбұрылы, Алпамыстың Байшұбары адамға тән қылықтар жасап, нелерімен адамша тілге келсе, бұл мифтен гөрі әсірелеуге бейім.

Бұған мысал ретінде Едіге батырдың «Боз тарлан» аталған тұлпарын ақынның төмендегіше сипаттауын алайық:

Құлағын біздей қадаған,  
Кекілін қыздай тараған,  
Жүргенде ізін санаған  
Бауыры тыртық жараған,  
Қысыр жылан өзекті,  
Қолтыраудай (крокодил) танаулы,  
Саптыаяқтай ерінді,  
Сарымсақтай азулы,  
От орнындай тұяқты,

. . . . .

Осындай тамаша сипатты тұлпарлар қазақ батырларының бәрінде де бар. Бір ғажабы батырлардың мінез-құлқының бір-біріне ұқсамауы сияқты, олардың тұлпарлары да бір-біріне ұқсамай ерекшелене сипатталады.

Аттың шабысын сипаттауда жырдың Тайбурылдың шабысын әсірелеген жері аса шебер баяндалады. Онда:

Шүү, жануар, шүү дейді,  
Шүү дегенде гулейді,  
Табаны жерге тимейді,  
Тау менен тасқа өрлейді,  
Төрт аяқты сермеді,  
Құлақтың түбі терледі  
Тер шыққан сайын өрледі.  
Адырды көзі көрмеді,  
Көлденең жатқан көк тасты,  
Тіктеп тиген тұяғы,  
Саз балшықтай иледі,—

деп, аттың шабысын қимылдаған сайын, үдете түседі де, ақырында:

Бір төбенің шаңдарын,  
Бір төбеге қосады...  
Құлдан менен бұланды,  
Киік пенен қоянды,  
Оздырмай алдын тосады,  
Көл жағалай отырған  
Көк құтан мен Қарабай,  
Көтеріліп ұшқанша  
Белінен кесе басады...

Содан әрі:

Жоғарғы ерні көк тіреп,  
Төменгі ерні жер тіреп,  
Даусы күндей күркіреп,  
Жаңбырдай тері сіркіреп,—

болып, табиғаттан тысқары шабысқа айналып кетеді. Бірақ бұл жоғарыда айтқандай мифология емес, гиперболалық әсірелеу. Осы шабыспен Қобыланды бұрын кеткен жолдас-

тарының бәрін де қуып жетіп, Қазан тұрған қырық күншілік жерде бір күнде жетіп барады.

Тоғызғышдан, қазақ тілінің бар байлығы фольклордан гөрі ең алдымен эпостан көрінеді. Тілі жатық, көркем болғандықтан тез жатталып, ауыздан ауызға көшіп отырады.

Ақыры, эпостың орындалуы ғажап. Орындаушылар жаттаған шығармаларының ішіндегі кейіпкерлерді өз қалпында көрсетуге тырысады. Мысалы, мен туған ауылда Тәжінің Қазыбегі деген ауыз әдебиетінің білгірі болды. Ол «Алпамыс батырда» сипатталатын кейіпкерлердің «әйелеркектердің, кәрі-жастардың ролін орындаған сияқты өз дауысына салып айтатын еді. Сонда тыңдаушыларын ретіне қарай қуантып күлдіріп те, ойлатып та, қайғыртып та, жылатып та отыратын.

Театры, киносы жоқ ескі ауылда, әсіресе, ойын-тойға аз араласатын егделер мен қарттар үшін эпос көңіл көтеретін жан азығының бірі болатын.

## 2. ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРЫ

Лирикалық эпос та қазақ фольклорында кең өрістеген жанр. Енді соның бірнеше үлгілеріне тоқтала кетейік.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу». Барлық зерттеушілердің келген тоқтамына қарағанда бұл түркі елдерінің біразына ортақ, ең көне жырдың біреуіне ұқсайды. Ең алдымен осы жайға аздап тоқталайық. Қазіргі филология ғылымының докторы Ысқақ Дүйсенбаевтың анықтауынша, бұл жыр түркі тілдес елдердің жиырмадан астамының ауыз әдебиетінде бар көрінеді.

Солардың ішінде ұйғыр тілінде де бар екен. Ұйғыр мен қазақ, оның ішінде Жетісу өлкесін мекендейтін Үйсін руы, біздің жыл санауымызға дейінгі гун заманынан қат-қабат араласып келе жатқан халықтар.

Ал «Қозы Көрпеш» жыры қай заманда шықса да Жетісу топырағында туған сияқты. Оған бір дәлел. Қозы мен Баян мазарының қазіргі Семей облысының Аякөз ауданында болуы. Ал «Аякөз» осы өлкедегі жеті өзеннің Шығыс — теріскей жағындағы біреуі.

Екінші бір дәлел, өлеңдегі сөздерде тек Үйсін руларына ғана тән «лы» жұрнағының араласуы. Мысалы, Шоқан Уәлиханов бұл жырда:

Мекен іздеп жігіттер кел кетелі,  
Көк төбенің ортасын белгі етелі.  
Құлақ салып, жамағат, тыңдасаңыз,  
Қозы Көрпеш — Баянды тербетелі,—

деген шумақта кездесетін «лы»-ларға қарап, мұны көнеліктің белгісіне жатқызбақ болады. Расында олай емес. Көршілес қырғызға еліктеп «лы» жұрнағын Үйсін — Дулат рулары, қысқасы, жетісулықтар күні бүгінге дейін қолданады. Бұл жұрнақ: кетелі, жүрелі, отыралы, атқа, мінелі, ас ішелі, үйықталы, т. б. деген сияқты болып келеді де, ретіне қарай әр мағына беріп отырады. Ендеше, бұл Шоқан айтқандай, көнеліктің белгісі емес, бұл рулық диалект ғана.

«Қазақтыкі» дейтін «Қозы Көрпештің» жиырмадан астам нұсқасы бар. Бұлар халық аузында ғасырлар бойы жырлашып келгенмен, қағаз бетіне өткен он тоғызыншы ғасырдың ортасынан бері ғана түскен. Оны ең алғаш жазып алғанның біреуі — Шоқан Уәлиханов. Бірақ оны «көне жырдың біреуі» деп қана келген де, егжей-тегжейін баяндаумен шұғылданбаған. Шоқан жазып алған нұсқа, он тоғызыншы ғасырдың орта тұсында, Ұлытаудағы Бағаналы руында туып-өскен Жанақ ақындыкі көрінеді. Шоқан ол ақынмен кездескен.

Жанақпен қатар бұл жырды көп айтқан Шөже ақын сияқты. Қарт Жамбылдың айтуынша, Шөже, қазақ арасына сіңіп кеткен қырғыз. Оған,— дейтін Жамбыл,— Шөженің:

Ай қасында туады Шолпан жұлдыз,  
Айдын көзде түнде ойнар қамшат құндыз,  
Өз руын жасырған мүртет деген,  
Етім қазақ болғанмен, затым қырғыз,—

деген сөзі куә.

Шөженің нұсқасы кейінгі кезде көп жерден табылды. Бірақ қашан, қайдан табылса да, бұл жыр Ұлы және Орта жүздердің ішінде ғана тараған. Кіші жүзде бұл жыр жоқ.

Қашан және қайдан шықса да, бұл тек көшпелі елде ғана туатын тақырып. Мәселе, мал шаруашылығына және аңшылыққа байланысты. Оған жырдың мазмұны куә. Мұнда Қарабай және Сарыбай дейтін екі дос аң аулап жүріп, үйлеріндегі жүкті әйелдерін еске алады да, босанған шақта, қай жағынан болса да ұл мен қыз туса, құда болуға уәделеседі. Қарабайдан қыз туып, атын — Баян, Сарыбайдан ұл туып, атын — Қозы қояды. «Баян» — көне қазақ тілінде «тұрақты» деген сөз: қозы — қойдың төлі. Мал бағатын ел

төлді жақсы көрген. Сондықтан да ата-ана балаларын: қозым, құлыным, ботам деп еркелеткен. Бірақ «бұзауым» деп айтқанды естіген емеспіз.

Кенже туған қозыны қазақ: көрпеш, көпей деп те атайды. Ондай төлді халқымыз тіпті жақсы көреді. Сондықтан Сарыбай ұлын «Қозы» деп қана қоймай, «Көрпеш» деген атты да қосқан.

Құда болған кезде Қарабай мен Сарыбайдың екеуі де бай екен. «Бай бір жұттық» дегендей, бір кездері Сарыбайдың малы жұтап, кедей болып қалады. Кешікпей өзі де өледі. Ертегіде оны «аңшылап жүргенде буаз бұғыны атқан екен соның киесінен өлген екен» деседі.

Сарыбай өлген соң Қарабай кедей ұлға қызын бергісі келмейді. Ал балалар ес біле келе бір-біріне ғашық болады. Қызын бергісі келмеген Қарабай Сарыбай үйінен іргесін бөлгісі кеп, аулақтан қоныс іздейді. Жырда: «Мекен іздеп жігіттер кел кетелі» деп басталуы содан.

Қазақ ертегі-аңыздарында сараң байды қалай сықақтаса Қарабайды да сондай сараң ғып сипаттайды. Ғабит Мүсреповтың осы жыр негізінде жасаған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасында сараң малжанды Қарабайдың бейнесі жақсы көрсетілген. Құлқы жаман, ұлы жоқ Қарабай Қозыға қызын қимайды емес, түбінде малымды иемденіп кетеді, деп қорқады.

Осы ниетпен әлдеқайдағы шөл даланы кезіп көшкен Қарабайдың қызына кішкене күнінде құл-бала болып кірген қалмақ Қодар қызығады. Қозы жігіт болған шақта, өзінің ғашығы әрі қалыңдығы Баянды іздеп шығады да, көп азаппен құм арасынан табады. Алғашында жөнін айтпастан «Қотыр-таз» деген атпен Қарабайдың қойын бағады.

Бірақ қанша жасырынғанмен Баян біліп екеуі кездеседі. Ақыры қызғанған Қодар Қозыны өлтіреді. Баян Қозының үстіне мазар орнатып, сүйгені үшін өзін-өзі құрбан етеді. Қодарды жұрт өлтіреді. Ертегі бойынша халық «Қозының моласына Баянды қоса жерлейді. Сол екі қабірдің арасына тікен өседі. Ол, қызғаншақ Қодардың бейнесі» — делінеді, аңызда.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» махаббат тақырыбына арналған дүние жүзіндегі ауыз әдебиетінің (фольклор) төрінен орын алады. Бірақ, бұл мазмұны жағынан. Ал, құрылымы мазмұндағы әдемілікке сәйкес келмейді. Қазақша, айтылатын жырлардың қайсысының нұсқасын алсаң да өлеңдік жағы жоғары болмайды. Солардың бәрінен оқиганың бас-

өрбу, шиеленісу, тарау жағынан Тверитиннің «Ска-  
зание о Козы Көрпеш и Баян сулу» деген атпен орыс тілінде  
өлеңмен (яғни ұйқассыз өлең түрінде) 1927 жылы жар-  
ияланған нұсқасы тәуірірек.

Тверитиннің өмір баяны әлі зерттелген жоқ. Ауызша  
мәліметке қарағанда, ол қазіргі Көкшетау облысының Шу-  
чье ауданындағы казак-орыстардың (казачество) Қотыр-  
ков станциясында туып-өскен, он тоғызыншы ғасырдың аяқ  
сінде өмір сүрген офицер көрінеді. Ол маңайда, жалпы  
Сібір мен Жетісудағы казак-орыстар арасында қазақ тіліне  
мәткері көп болған. Тверитин солардың бірі.

Оның аталған шығармасы аударма емес, қазақтың ер-  
тегіндіздарына, жырларына сүйене отырып, орысша өзі  
жазып жыр. Оқиғалық жағынан Тверитин нұсқасы қазақ-  
шағардан толығырақ, драмалық жағынан түйіндірек.

Бұл поэманың сюжеті талай адамдарды қызықтырған.  
Мысалы, А. С. Пушкиннің архивінен, ұлы ақынның осы  
тақырыпта шығарма жазуды ойлағандығы анықталып  
отыр. Орыс ғалымдары: Березин, Катанов, Баранов, Беля-  
ев, Петанин, Фролов, Радлов, тағы басқалар, совет ғалым-  
дарынан: Сейфуллин, Әуезов, Дүйсембаев, Бертельс, Жир-  
мунский, Климович, Соколов тағы басқалар, бұл оқиға  
туралы толып жатқан құнды пікірлер айтты.

«Қозы Көрпеш» поэмасының қазақ тілінде көптеген  
нұсқасы бары жоғарыда айтылды. Солардың бірі «Ләйлі —  
Мәжнүн» деп те аталады. Бұл нұсқаның орысша мазмұнын  
1908 жылы «Торғай газетінің» 20-санында, Н. Иванов де-  
ген кісі жариялаған. Мұнда қыз — Ләйлі, жігіт — Арыслан  
аталады. Ал оқиғаның өрбуі «Қозы Көрпештен» айны-  
майды.

Неге бұлай? — деген сұрауға берілетін жауап: арғы не-  
пәй араб ертегісінен шыққан «Ләйлі — Мәжнүн» оқиғасын  
Азербайжан ақыны Физули ғашықтық жырына айналдыр-  
ған. «Қозы Көрпеште» ғашықтар кездесетін жер, Ләйлі мен  
Мәжнүнде де (Мәжнүннің аты — Ғабду-уәли, «Мәжнүн»  
деген лақап ат ғашықтық дертінен делқұлы болып кеткен-  
діктен берілген), бар. «Қозы Көрпеш — Баян сулу» мен  
«Ләйлі — Мәжнүнді» жұрттың ұқсас дейтіні осыдан; Ләй-  
ліні іздеген Мәжнүн теңіздерді кезіп кетеді де, Баянды із-  
деген Қозы құм-шағылдарды кезеді. Бірақ Мәжнүн жында-  
нып өледі де, Қозыны Қодар өлтіреді...

Бұлардың аттарының ауысу себебі, Иванов жарияла-  
ған нұсқа башқұрттар арасына тараған сюжеттен алынған.

Иванов бұл оқиғаның желісін, Жайықтың жоғарғы жағын мекендейтін Жағалбайлы елінен жазып алған. Ол жерде башқұрт нұсқасының қолданылуы мүмкін. Ал «Қозы Көрпеш моласы» аталатын оба Башқұртстанның Красногор ауданыныңдағы «Сованяк» совхозының жерінде барын өз көзімізбен көрдік.

«Қозы Көрпештің» бір нұсқасы «Боз жігіт» аталғанға ұқсайды. Осындай бір жырдың орысша аудармасы шығысты зерттеушілердің бірі — А. В. Васильевичтің қолынан 1907 жылы Орынбор қаласында жарияланған, Мазмұнына қарағанда, бұл тегінде Ирак арабтарынан шыққан бір ертегімен араласып кеткен сияқты. Мазмұны мынадай: Молтве аталатын қаланың ханы Таймастың Апуза дейтін сұлу қызы болады. Ол түсінде Бозжігіт есімді сұлу жігітті көріп ғашық болса, Бозжігіт те түс көріп, оған ғашық болады. Екеуі бірін-бірі ұзақ іздеп, көп азаптан соң ұшырасып табысады. Олардың қосылуына қарсы болған Таймас хан Бозжігітті өлтіреді.

Оқиғаның өрбуі «Қозы Көрпешке» өте ұқсас. Оған ең ұқсас келетін жері поэмалардың соңғы бөлігі: Мәселен, Баян Қозы Көрпештің халықтық нұсқасында бір керуен басына «саған тием» деп Қозының қабірі үстіне күмбез орнаттырады да, ол салынып болғаннан кейін ішіне кіріп, өзін-өзі қанжармен жарып өлтіреді. Бозжігітте де дәл осылай: әкесі өлтірген Бозжігіттің қабірі үстіне Апуза тағы бір аты Сақыпжамал) бір сәудегерге «саған тием деп күмбез салдырады да, ескерткіш біте, ол да соның ішінде өзін өзі өлтіреді...

«Бозжігіт» қазақ арасына әйгілі шығарма емес. Оны кез келген адам біле де бермейді. Ал, татар поэзиясының классигі Ғабдолла Тоқай «Медіресе Ғалия» аталатын оқу орнында дәріс (лекция) оқып, татарда фольклор аздығын, әсіресе, эпос жоғын айтып, «Бозжігіт қазақ жыры» дегенде, кітаптың қағаздары татардың көз жасынан шірігенін айтқан.

«Қозы Көрпеш» нұсқалары Қазақстанда тек советтік дәуірде ғана түгел жиналып, толық зерттелді және баспа бетін көріп, халық арасына кеңінен тарады.

Қазақтың махаббат тақырыбына арналған лирикалық эпосы бірталай. Олардың ішінде «Қозы Көрпештен» өзге баспа бетін көргендері: «Қыз Жібек», «Айман — Шолпан».

«Қыз Жібекте» ерекше есте қалатын көрініс қазақ көшінің салтанаты мен қазақ қыздарының образдары. Жырды

Халық аузынан жазып алып жариялаушы, белгілі фольклоршы Жүсіпбек Шайхоисләмұлы (оның қай жылы туғаны, өмірбаяны әлі зерттелген жоқ). «1927 жылы Жетісу өңірінде оған жолыққан едім» — дейтін Мұхтар Әуезовтің есіміне қарағанда, Жүсіпбек сол кезде 75-тер шамасында болған.

Халық нұсқасы солай ма, әлде Жүсіпбек өз жанынан басты ма, әйтеуір, біз оқыған «Қыз Жібектің» негізгі идеясы өлеңгерлікке сайды. Олай дейтініміз: Төлегенді Бекежан өлтіргеннен кейін айтқан өлеңінде Жібек:

Әуелде бас қосқаным Жағалбайлы,  
Жылқысын көптігінен баға алмайды,  
Барлығы Сансызбайдың рас болса,  
Жесірін іздеп келіп неге алмайды?!...—

деді. Сансызбай Төлегеннің туған інісі. Төлегеннің елі — Жағалбайлы, Ақ Жайық (орысша — Белорецка) өзенінің жағасын мекендейді. 1936 жылы аралай барғанымда сол елдің қарттары: «Сансызбай жесірі Жібекті іздеп келіп, еліне қайтып кеткенде, олардан ұрпақ тараған» дегенді айтқаны бар.

«Айман — Шолпанда» бір үлкен жиында Маман деген байдың Көтібар батырды қорлағаны, оған ашуланған батырдың Маманның екі қызы Айман мен Шолпанды тартып алумен бірге байды шауып кетуі сөз болады. Отызыншы жылдардың аяғында осы жыр төңірегіне марқұм Мұхтар Әуезовпен баспасөз бетінде пікір таластырғаным бар. Сонда, меніңше, Көтібардың қылығы рушылдық қара дүрсінділікке жатқанымен, оның негізінде әлеуметтік астар, яғни байдың қорлығына кедейдің қарсы қимылы бар. Мен әлі де сол пікірдемін.

Қазақтың баспада жарияланбаған, махаббат тақырыбына арналған жырларынан менің естігендерім: «Мақпал», «Сұлушаш», «Балқия — Жиенбай».

Жүсіпбек Басығариннің (біздің ғасырдың басында жасаған адам) айтуынша «Мақпал» оқиғасы Сырдария бойында болған. Ал ауылдас ақын Қабанбайдың Ғабдолынан бала шағымда естіген «Мақпал» былайша басталатын:

Уағда—сөзге қазық лебізбенен,  
Бір сөзді екі қайтар дегізбеген.  
Сарқылып сағасыз су сап болады,  
Телегей тең болмайды теңізбенен.  
Айырып досты — достан, жарды — ашықтан,  
Сұм дүние кімдерге бөк жегізбеген.  
Қыс қыстап Сырдың бойын, жаз Арқада,

Өтіпті бір сал жігіт «Сегіз» деген.  
Қаңтарда жылқы ығады. Ақпанменен,  
Ұстайды жымнан түлкі қақпанменен,  
Сегізге өліп-өшіп ғашық болған,  
Бір сұлу айдан артық Мақпал деген.  
Сегіздің өзі сері, жылы тауық,  
Көрмеген өмірінде қатер-қауып.  
Бір жылы Сырда жұт боп, сері Сегіз,  
Жөнелген жылқыны айдап Арқаға ауып.

Сегіз солай кете барғанда, Қарақалпақ елінің қыз таңдап жүрген батыры Жабы Мақпалға кезігеді де, әкесіне қалыңын төлеп, алып кетеді. Осы оқиға құлағына тиген Сегіз қос атпен Жабының соңынан қуып барады. Ол да сері, батыр жігіт екен. Екеуі күш салыстырып, Мақпалды қай күші асқаны алмақ болады. Осы сертпен күрескенде, Сегіз Жабыны жығады. Алайда серттен шыға алмай, қалыңдығын амалсыз қиған Жабыға, Сегіз бірге туған сұлу қарындасын беріп, екеуі өмірлік дос болады.

Оқиға мұнымен тынбайды. Арқаға сүйген ерімен барған Мақпал төсек тартып жатып алады. Бақсыға көрсетсе «сары кезік» деген сырқат дейді.— Емі Сырдың суы, оны ішсе — жадырайды, ішпесе — ауырады. Бұған көздері жеткен ғашықтар Сырдария бойына қоныстап, егіншілікпен шұғылданады да, балалы-шағалы болып, бақытты өмір сүреді.

Идеялық жағынан алғанда мұндағы кейіпкер жерден көтерілсе күшінен айрылатын көне Грек ертегісіндегі Антей батырға ұқсайды.

«Мақпал» оқиғасы Жетісуда болған екен деген де сөз бар. Оған Ілияс Жансүгіровтің біраз жолдары баспада жарияланған «Мақпал» атты поэмасы куә.

«Сұлушаштың» Ғабдол айтатын жырында:

Бәт құндыз қыз балаға жарасқандай,  
Тұман көп ер жігітке адасқандай,  
Сағасын Сары Торғайдың мекендеген —  
Болыпты Тілеуберді — бір асқан бай,  
Сұлушаш асқан байдың жалғыз қызы,  
Сипаты хор қызына таласқандай.—

Сол кезде он сегізге келген жасы,  
Шолпысы бес мың сомдық қазынасы,  
Иісі күндік жерге мол жететін,  
Иісмай, қалампырлап өрген шашы,—

деп басталатын да, «күйеуі Сұлушаштың сұр қасқа таз» болып, қыз «Алтай атты бір сал, маңғазбен» ойнап-күлетін. Соны сезген «Сұрқасқа» қалыңдығы Сұлушашты зорлық-

мен алмақ болады. Жырдың аяғы ертегіге ұлғасып, қыз үйрекке айналып қашады, Сұрқасқа қаршыға болып қуады. Бірақ Алтай да бірге қуып, Сұрқасқадан бұрын іледі де, мақсатына жетеді. Мен жазған «Сұлушаш» поэмасы басқаша идеяда құрылған.

Балқия — Жиёмбайды» да Ғабдол айтатын. Ол:

Есілдің арғы беті малға жайлы,  
Балалар үйретеді асау тайды,  
Жамағат құлақ салып тыңдасаңыз,  
Айтайын Сібір кеткен Жиёмбайды,—

мен басталады да:

Үш жігіт қысты күні шықты жолға,  
Шанаға қар түсер деп жекті жорға,  
Түбінен шолақ сайдың кезігеді,  
Үш төре, екі маржа оған сорға.

Бір маржа тартып өтті бетіне оның,  
Шып етіп тіліп кетті бетін оның,  
Маржаның бұл қылығы қай қылық деп,  
Ұмтылды айдахардай к... (соңына) оның.

Бәрін де қуып жетіп қалды басып,  
Бәрінен де бұлардың күші асып,  
Өзгесін түншықтырып өлтіргенде,  
Бір маржа ажалы жоқ кетті қашып...—

мен жалғасатын. Қорлағандар патшаның әкімдері болып шығады. Қашып құтылған маржа үкіметке хабарлап, Жиёмбай жолдастарымен ұсталады. Сөйтіп, оны итжеккенге (Сібірге) айдап жібереді. Жиёмбайдың қалыңдығы Балқия жолда көп азап шегіп, оны іздеп барып, екеуі Сібірде қосылады.

Бұл да оқиғалы әрі қызықты құрылған ауыз әдебиетінің бір қымбат туындысы болатын. Махаббат тақырыбына арналған осындай жырлар қазақ арасында көп тараған. Олар Қазақ ССР Ғылым Академиясы арқылы жинастырылуда.

### 3. ҚИССАЛАР ТУРАЛЫ

Көркем әдебиеттің эпикалық түріне қосылатын бұл жанр қазақ тіліне негізінде араб, иран, шағатай тілдерінен келді. Бұл жанрды да эпикалық деп атайтын себебіміз, мұның оқиғасына да көп адам қатынасып, олардың қылық-

мінездері драмалық түрде шиеленісіп барып айқындалады. Сөйтіп, бұл да белгілі бір дәуірдің шындығынан көрініс берерлік қызмет атқарады.

«Қисса» — араб сөзі. Оның қазақша мағынасы «дәттеу», «баяндау» дегенге келеді. Мысалы, ислам дінінде пайғамбар аталған адамдардың өмірлерін, істерін баяндайтын кітапты «Қисса-сәл-әнбия» дейді. Қиссаларда өлең мен қара сөз (проза) араласып, кейіпкерлердің іс-әрекетін сипаттағанда айтушы өлеңдетіп, өз жанынан қосатын сөздерді қара сөз түрінде: «әлқисса, күндерді бір күн» деп әңгімелетіп кетеді. Қазақ тіліндегі қиссалардың басым бөлігі осындай сипатта туған.

Қазақша қиссалар азаматтық және соғыс тақырыбында болып екіге бөлінеді: азаматтық, көбінесе ғашықтық тақырыбына құрылады да, соғыс тақырыбындағысы көбінесе ислам дінін насихаттау төңірегінде болады.

Қазаққа араб, иран немесе шағатайдан келген ғашықтық қиссаларының сюжеті бүкіл Орта Азия елдеріне түгел тараған. Оларды бұл елдердің тілдерінде «Жеті сұлу» деп те атайды. Осындай атпен Азербайжанның қазіргі атақты композиторы Кара-Караев балет те жазды. Ол — советтік театрлар сахнасында әйгілі спектакльдердің бірі болып та жүр. Бірақ Кара-Караев «Жеті сұлуда» шығысқа тараған жеті ғашықты емес, бір ханның сарайындағы жеті әйелді сипаттайды. Осы жеті ғашық оқиғалары шығарманың арқауы болған.

Қазақ қиссаларында сипатталатын ғашықтар: Жүсіп пен Злиха, Бәдігүл — Жамал мен Сейфілмәлік, Әміре мен Зияда, Ләйлі мен Мәжнүн арабтардан ауысқан, ал Фархат пен Шырын, Таһир мен Зухрә, Бозжігіт пен Сақыпжамал Орта Азияның өзінде туған кейіпкерлер.

«Бозжігіт» кітабының қағаздары татардың көз жасынан шіріді, деп Ғабдолла Тоқай айтқандай, бізге жеткен махаббат жайындағы қисса-кітапшалар беттері қазақ оқушылары мен тыңдаушыларының көз жасынан «шіріді». Ауыр еңбектен қолдары босаған шақтарында, қиссаларды сүйсіне тыңдаған топтарды өзіміз талай көрдік.

Ғашықтық тақырыбындағы аударма шығармалардың қазақ жастарының махаббат сезімін оятуда, оларды бас бостандығын қорғауға, сүйісіп қосылуға шақыруда айтарлықтай роль атқарған. Сондықтан да қазақ ақындары мұндай тақырыптағы шығармаларды құмарта аударған және өздерінше жаңғыртып отырған. Ондай қиссалар қазақтың

революциядан бұрынғы ауыз және жазба әдебиетінде де бармай. Жазба қиссаның ақыры Сұлтан-Махмұд Торайғыровтың советтік дәуірде проза және өлең жанрларын араластыра жазған романдарына келіп шектеледі. Бұлар стиль аяғынан, европалық романдардан гөрі азиялық қиссаларға өзім.

Көршілес елдерден алынған кейбір оқиғалы сюжеттерді өзінше ақындары төл шығармаларына арқау етті. Мысалы, «Көр-ұғлы» түркмен топырағында туған оқиға негізінде алынған. Соны қазақ халқы да өзімсініп, оқиғаны түрікпен тұрғындардан басқаша етіп дамытады. Түрікпендерде Көр-ұғлы соқыр адамның баласы болып сипатталады, ал, қазаққа бұл бала, айы-күні жетіп отырғанда өлген әйелдің көрінде туады да, туа сала көрден шығып, батырлық құрады. Ол жорықта қырық күн жүріп, қырық бірінші күні қайтып келсе, өзі шыққан көр аузында оралып жатқан айдаһар: «Інді кіруге рұқсат жоқ», — дейді. Баланың: «Анамды тым баумаса соңғы рет еміп шығайын» деген зарына айдаһар: «Бүірік солай» деп құлақ аспай, оны кіргізбейді... Бұлай өмірлік қазақтап басқа халықта жоқ.

Ислам дінін насихаттауға арналған бірнеше қисса барын жоғарыда айттық. Бұл дін етек алған татар, өзбек, азербайжан және басқа кейбір елдерде «Мәуліт» аталатын мейрам бар. Ол — «Мұхаммед пайғамбар туыпты-мыс» дейтін біздің жыл санауымыздың 582 «піл» жылының 12 апрелі. Бұл күнді мейрамдаған мұсылмандар «Қасида» деген арнаулы ән-күйді орындайды.

Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны өлең түрінде жазылған «Мұхаммедия» атты кітаптың авторы оспандық түркілердің сұлтандарынан (патшаларынан) шыққан ақын Мұхаммед-Челяби. Бұл кітап ертеректе татар тіліне де ауыстырылған.

Меке мен Мәдинадан басталған ислам діні көрші елдерге соғыс арқылы күшпен тараған. Сол соғыстар қазақша алаңданып қиссалар «Зарқұм» мен «Салсалда» қамтылған. Бұлардағы образ есте қалады.

Мұхаммед туралы тағы бір жыр «Пайғамбардың дүние салуы» деп аталады. Мұнда Мұхаммед өлер алдында өз үмбеттерінің таңдаулыларын жинап алады да, «мен сендерге ислам жолын насихаттадым ба», деген сұрау қояды да, «насихаттадың» деп шулағандарға оның сенімсіздік білдіргенін ақын Мұхаммедтің аузынан:

Ажал жетсе қалармыз, әлі-ақ өліп,  
Құдая сауал қылсаң қаһар төгіп,  
«Айттың сен» деп,— бір өзің куә боп бақ,  
Айтпады деп жүрмесін менен көріп,—

деген сөздерді айтқызады. Осыны есіткен діншіл адамдар: «Жарықтық-ай, ол да жұртқа сенбеген екен-ау!»— деп қамығады.

Мен балалық шағымда көптеген қиссалармен қатар, «Кер бала шөлін» де жатқа айтатын едім. Сонда тыңдаушылармен бірге қиссаның бірер жерінде өзім де жасқа бұлығатынмын. Онда шөлге қамалып қаталаған Хұсайын жағы бір жұтым су сұрап, Жазидке оның апыл-тапыл басқан ұлын жібереді. Сонда, мейірімсіз жау, су орнына сәбидің ашқан аузына оқ атып өлтіреді.

Екінші бір сәтте Хұсайынның кесілген басын Жазид алатын табаққа салып бос тұрған сарайына қойғаннан кейін жұрт ұйқыға кіре Хұсайын ата-бабаларының (Мұхаммед, Ғали, Фатима, тағы басқалар) аруағы елес беріп келеді. Мұндай көрініс маған да, тыңдаушыларға да қатты әсер етіп, әрі қорқынышты болатын еді...

Сол сияқты қазақ тілінде «Қырық уәзір» аталатын өлеңмен жазылған қалың кітап та болды. Оны аударып, шығарушы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қарқаралы өлкесінде жасаған қазақ ақыны Ақылбек Сабалұлы болған. Бұл алғаш «Араб халифаты» аталған мемлекеттің басқарушыларын сипаттауға арналған.

Негізінен алғанда қазақ тіліндегі қиссалардың саны жүзден асады. Олар арабтың, Иранның (әсіресе парсының), Орта және Орталық Азия түркілерінің ертегілерінен алынады. Қиссашылардың кейбірі аз, кейбірі көп етіп мұра қалдырған. Бірен-саран қисса шығарып, одан ары жазбағандары да бар: он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырманшы ғасырдың бас кезінде бұрынғы Қарқаралы үйезінен шыққан қиссашыл — Ақылбек Сабалұлының бір өзі ғана отызға жуық, Ақмола үйезінен шыққан Мақыш Қалтайұлы да қырықтан астам қисса қалдырған. Осы мерзімде Жетісу өлкесінен шыққан Жүсіпбек қожа Шайхол-ислам ұғылы шығарған қиссалар да толып жатыр.

Әдебиеттік сапасы жағынан алғанда бұл қиссалар әрқилы. Мысалға Жүсіпбек қиссалары төрт жүйеге бөлінеді. Олар: «Қасым Жомарт» сияқты араб аңызынан алынған қиссалар иран аңызынан алынған «Қаһарман — Қатыран», Орта Азия аңызынан алынған «Мұңлық — Зарлық» және

«Қыз Жібек» немесе «Біржан мен Сара айтысы» сияқты өлең жерінде болған оқиғалардан алынған қиссалар.

Әдебиеттік дәрежесі биік «Қыз Жібектің» мазмұны да өзінің оқиғасы да қызғылықты, суреттеуі де көркем, драмалық да түйінді. «Біржан мен Сараны» кімнің шығарғаны әлі күнге дейін талас болғанымен, бұл айтысты ең алғаш Жүсіпбек жазып алып, өңдеп, баспада жариялағаны, Сараның «Қожеке-ау, күні құрсын ұрғашының» деуінен байқалады.

Бірақ, біреулер бұл «қожеке» дегені емес. «қажеке», «қажы» деп отырғаны, Маманның Тұрысбегі дейтін сол елдің атақты биі және қажысы— деп те таласады.

Мұның «қажы» емес, «қожа» екендігі Сараның «әулие пайғамбардың тұқымы деп, сөзімді тыңдатуға келдім саған» — деуі де куә: «пайғамбардың тұқымы» қажылар емес, «қожа»лар, ендеше сөз болып отырған Тұрысбек емес, Жүсіпбек «қожа».

Қиссалардың ішінде: «Шаһмаран» (Жыландар патшасы), «Мұңлық — Зарлық», «Шәкір — Шәкірат», «Рүстем — Зараб», «Таһир — Зүһрә», «Алтын балық» сияқты өзі біздің кезде де оқырмандар қызығып оқитын қиссалар да аз емес.

Әдебиеттік әр жанрдың өзіндік биік шоқтығы болады. Қожақ әдебиетіндегі айтыс жанрында, көркемдік жағынан, әресе тіл шеберлігі жағынан ең биік тұрған «Біржан мен Сара».

Осындай дәрежеге көтерілген Жүсіпбектің өлең қиссалары да аз кездеспейді, оған бір мысал «Қасым Жомарт». Бұл 1906 жылы Қазан қаласында кітапша болып басылған, көлемі үш мың жолдай өлең. Оқиға араб елінде Һарун — Рәшит патша заманында болған. Ол біздің жыл санауымыздан бергі 734—744 жылдары Бағдат қаласында арабтар халифатының халифы болған адам.

Қисса мазмұны былай: Мысыр шәһарында тұратын Әбдел-Хаттам есімді бай адам өледі де, оның Қасым деген ұлы жетім қалады. Әбден кедейленген бұл бала қайыршылықпен жүргенде, Басра шәһарындағы бір үйдің терезесінен керемет сұлу қызды көреді. Соған ғашық болған Қасым талығып барып жолығып, екеуі көңіл қосады... Қыз аяқ астындағы белгісіз сарайға тыққан қымбат мүліктерін киітке сыйлайды. Сол таусылмайтын мүліктерді кім көрінгенге (олардың ішінде Рәшит патша да бар) үлестіріп, «Қасым жомарт» аталады.

«Жомарттық» — қазақ жақсы көретін қасиеттің бірі. Сондықтан да халық өз өлеңіне «Жоқшылық жомарт ердің қолын байлар» деген жолды қосады. Жомарттар туралы қызғылықты ауызекі әңгімелер де көп. Бұдан басқа қазақ арасына көп тараған «Атымтай Жомарт» туралы да әңгімелер көп. Осындай бір әңгімені Ыбырай Алтынсарин да «Оқулық» («хрестоматия») жинағына қосқан.

Қазақ аңызында Атымтай (арабша Хатимтай) көбірек аталады. Себебі, ол байлықпен емес, мырзалықпен (жомарттықпен) атын шығарады. Біреу Атымтайға: «Мен де сендей жомарт болам» дейді. Бірақ алғаш берген адамы сол күні екінші рет келгенде: «Мана алып едің ғой» депті. Бақса, сұраншы болып жүрген Қыдыр (ырыстың атасы) екен. Сонда Қыдыр: «Сен қалай Атымтай бола аласың? Ол күніне неше барсаң да бетіңді қақпайды, ал, сен екі келгенге сараңдық жасадың!» — депті-міс.

Қазақ Атымтайды жомарттықтың атасы көргенімен, Қасымды олай көрмейді. Өйткені қазақ ұғымындағы Қасым, Атымтайдай пейіл жомарты емес, байлықтың жомарты.

Бірақ мәселе мұнда ғана емес, «Қасым жомарт» қиссасының әдебиеттік жеңкізу дәрежесінің төмендігінде. Тегі бұл Жүсіпбектің қаламы төселмеген кезде жазған шығармасы болуы керек. Өйткені оқиғаны өрбітуі нанымсыз, өлеңі әлсіз, ұйқастары олақ, сөздері — жасық.

Қазақ халқының рухани мәдениетінде қиссалар елеулі орын алады. Ф. Энгельс ауыз әдебиетін «әр халықтың романы» деп атаса, қазақтың төл ауыз әдебиетінде қиссалар да өз орнын алады.

Ақынды да, оның халық қазынасы — алтын сөзін де қадірлеп, ақынның ақындық өз талантын дамытуына бар жағдай жасаған Октябрь революциясы, Коммунистік партиясы, Совет үкіметі. Оған дәлел — қазақ поэзиясының ақсақалы аталған үш орденді Жамбыл бастаған халық ақындарының тобы.

Революциядан бұрынғы қазақтың халық ақындарының атағы мен даңқы ең зор дегенде ауыл арасынан әрең асып өз руы арасынан әрі шықпаушы еді. Совет дәуірінде қазақ ақынының даңқы Қазақстан шегінен асып, бүкіл Советтер Одағындағы халықтар мен жер жүзіне жайылды. Қазір Жамбыл есімін бүкіл дүние жүзі біледі.

#### 4. АЙТЫСТАР

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде батырлар жырынан соңғы көлем жағынан көбі де, әлеуметтік шындықты терең ашу жағынан көрнектісі де «Айтыс» жанры. Ол сонау замандарда шыққан бәдік сияқты айтыстың көне түрінен өрбиді де, аяғы советтік дәуірдегі ақындар айтысына тіреледі. Бұл тақырып жағынан да аса кең өрісті жанр.

«Айтыс»—«айт» етістігінен туған зат есім. Өз мағынасымен алғанда, «айтыс» екі кісінің сөйлеуі. Бұлай сөйлесу қазақ тұрмысында қара сөз түрінде де болған. «Пәлен шешен мен түген шешен айтысыпты» деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады: «Айтыс» кейде «талас» мағынасында қолданылып, біреу мен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты»— деп те айтады.

«Айтыстың» мағынасы осындай кең болғанымен, «айтыс» ұғымындағы сөздердің ішіндегі ең басымы — өлеңмен айтысу.

Жазу әдебиетінің тарихы әріден келе жатқан, ерте мәдениеттенген елдерде (грек, рим т. б.) «айтыс» ұшыраспайды. Тек мәдениеті ерте замандарда бой көрсеткен араб елінде айтыс үлкен орын алған. Арабта біздің «айтысқа» ұқсас өлең мен сөйлесу (мұғаллақат) бар. Бірақ зерттеушілердің сөзіне қарағанда «мұғаллақат», көбінесе арабтың көшпелі тайпалары бедуиндер (бәдәуи) арасында ұшырасатын көрінеді. Жазба әдебиеті ертеден келе жатқан басқа елдерде «айтыс» өнерінің бары ғылыми әлі дәлелденген жоқ.

Ертеден көшпелі тұрмыс құрып келген: қазақ, түрікпен, монғол сықылды елдердің көбінде «айтыс» жанры дәстүрге айналған. Бұл жанрдың туып, өркендеуіне бас себеп — бұл елдердің сауатының аздығы, мектебінің жоқтығы болған. Мұндай елдерде ақынның күші аузына түседі, басқа жанрлар сықылды. «айтыс» жанрын да ауызша айтыс түрінде өркендетеді.

«Айтыс»— қазақтың ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан жанр. Мысалға «жар-жар», («ау-жар»), «бәдік» айтыстарын алсақ, бұлар ерте заманда шыққанға ұқсайды. Бірақ, ескі заманда шыққан айтыстардың туған мезгілін, шығарушысын шамалау қиын, бұлар ауыздан ауызға көшіп, халық қазынасына айналып кеткен.

XIX ғасырға дейінгі тарихта аты мәлім айтыс ақындарын қазақ әдебиетінің тарихы әлі білмейді және білу мүмкіндігі қиын да. Себебі XIX ғасырға дейінгі қазақ поэзия-

сының қай түрін алсақ та, қағаз бетіне түскені, жазылып алынғаны жоқ. Сондықтан Сыпыра жырау, Асанқайғы секілді ертегіге айналған бірлі-жарым ақындардың ғана аты тарихта сақталған.

Шынында «айтыс» жанры ақынның атына тығыз байланысты. Көшпелі қазақ тұрмысы жағдайында, жазба әдебиет болмаған кезде ақынға «ақын» деген атақ әперетін ең басты «байқау» айтыс болған. «Ақын» атағын алу үшін ол өзінің ақындық күшін көп алдында таныту керек; ал ақын болғысы келген адам өзінің ақындық қабілетін таныту үшін бұрын «ақын» деп танылған кісімен ақындығын жарыстырып, көптің сынына түседі. Егер осы жарыста отырғандардан мақұлдау тапса, оның көпшілік алдында танылғаны, ал көптің көңлі толмаса «ақын» деп танылмағаны.

Қазақ тұрмысында ақындар айтысы — жүйрік аттардың бәйгісімен бірдей болған. Жарыста озған атқа бәйгі беру сияқты, айтысқа түсіп жеңген ақындарға да бәйгі тігіліп, бәйгі берілген. Ескі әдет бойынша жарысқа түскен жүйрік те, айтысқа түскен ақын да өз намысы емес, белгілі бір аймақтың, рудың намысын қорғаған. Бәйгіге шапқан аттың озып келуін ат иесі ғана емес, сол ат иесінің елі болып тілейді. Бәйгіде озған атқа мініп шапқан бала, қарақшыға жақындағанда ат иесінің есімін атап ұрандамай, ру есімін атап, ұрандап шақырады. Ақын да осылай. Ескі әдеппен айтысатын ақындардың барлығы да өз руын мақтап, артық көрсетуге, ал қарсы жақтағы ақынның руын жамандап, мінін табуға, кемшілігін бетіне басуға тырысады. Ақындар айтысы осылай ел намысына тиетін болғандықтан ешбір ақынды өз руы ішінде сынап алмай тұрып, үлкен айтысқа жібермеген. Сондықтан ақын болғысы келгендер өзінің ақындық шамасын әуелі жастардың әзіл-оспағында, ойын-сауығында, әдет-ғұрпында (құда түсер, қыз ұзатар, келін түсер, шілдехана, т. б.) сынап, өз аулымен елінің шеңберінде «ақын» танылып, үлкен айтысқа содан кейін ғана түседі.

Ауыз әдебиетінде ақынның ақындығы, оның шешендігі, тапқырлығы, білім дәрежесі айтыс үстінде танылады. Алайда екі ақынды айтыс жарысына түсіріп, әр ел өз ақынының жеңуін тілегенмен, ақынның ақындық күшін бағалағанда қай жағы болса да озған ақынға қиянат жасамай, озған ақынды екі жағы да мақтайды. Содан кейін озған ақын қайда, қай елге барса да сый-құрметке бөленеді. Әрине, бұдан енді ол ақынмен ешкім айтыспайды деген ұғым ту-

майды. Керісінше «ақын» аталғандар өзара талай кездесіп, бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүреді.

«Айтыстың» бір өзгешелігі, мұнда жаттама, даяр өлең болмайды. «Айтыс» өлеңінің көбін айтысушы ақындар сол айтыс үстінде ойынан шығарады. Бұған себеп айтыстың мазмұны, тақырыбы күні бұрын белгіленбейді, айтысқа түсетін екі ақын, айтысқа түсер алдында не туралы айтысатынын өздері де білмейді. «Айтыс» ең алдымен ақындардың өзара өлеңмен амандық-саулық сұрауынан ел-жұртының амандығын, жүрген жолының жайын сұраудан, содан кейін бір-бірімен танысудан басталады. Осы амандық, жөн сұраудан бірінің аузын бірі аңдып, соқтығар, жеңер жерін іздейді. Әрине, айтысқа түсетін екі ақын да күні бұрын бір-бірінің соқтығар жерін аңдып отырады. Бірақ, кейде айтысушы ақындардың бірі қарсы жақтың ойлап отырған мақсатын аңғарып, айтыс тақырыбын басқа жаққа бұрып түсетін жағдайы да кездеседі. Мұндайда күтпеген сұрауға тез жауап бермеген кісі ақын саналмайды. Сондықтан айтысқа түсетін ақын жаттама өлеңге сүйенбей, өзін кенеттен қойылатын сұрауларға жауап беруге әзірлейді. Ақынның көшілік алдында танылуы да осындай тапқырлығы мен өткірлігінде. Қысқасы, ақынға ақындық атақ әперетін поэзия жанры, көбінесе «айтыс».

Ақын мен жыршының арасындағы айырмашылық ақын өлеңді өз жанынан сол сәтінде шығарады (импровизация), ал жыршы көбінесе даяр өлеңдерді әнге қосып айтады. Бірақ бұдан ақын үнемі жаңадан өлең шығарумен ғана шұғылданып, басқа ештеме білмейді екен деген мағына шықпайды. Ақынға ақын болу үшін ең басты шарт — өзінен бұрын жасалған халық әдебиетін барынша жақсы білу. Ауыз әдебиетінде аталған атақты ақындардың бәрі де ең алдымен халық әдебиеті: ертегі, мақал-мәтел, нақыл сөздер, батырлар жыры, әдет жырлары, айтыстар, т. б. жақсы білген. Ауыз әдебиетінде ғасырлар бойы жасаған қымбат қазыналар ақындар мен жыршылар арқылы сақталып келген. Мысалы, «Едіге батыр» жырын бізге жеткізген Жұмағұл ақын, «Қобланды батыр» жырын Марабай ақын.

Орақ — Мамай» жырын Мұрат ақын. «Қозы Көрпеш — Баянды» Жанақ ақын жеткізген. Осындай ірі мұраларды атадан балаға жеткізіп, сақтап келген ақындар толып жатыр. Жамбылдың «Өтеген», «Сұраншы», «Саурық» батырларды және сондай қазақ ауыз әдебиетінің қымбат қазыналарын кеудесіне сақтап келгендігін өз көзіміз көрді.

ХІХ ғасырдағы айтыстардың, әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы айтыстардың бір өзгешелігі, мұнда көбінесе әйел ақындардың аттары еркек ақындармен қатар жүреді.

Қазақ халқының «Едіге батыр» жырынан басқа эпостарының бәрінде де әйелдер әсімі ерлермен қатар жүреді де, олар шығармада көрнекті орын алады. Мәселен, Қобланды мен Құртқа, Ер Тарғын мен Ақжүніс, Алпамыс пен Гүлбаршын, Қамбар мен Назым, Жиренше мен Қарашаш, Қозы Көрпеш пен Баян, Төлеген мен Жібек. Сегіз бен Мақпал, Айман мен Әлібек, Наурызбай мен Қаншайым сияқты әйелдер образы ақын ретінде ғана емес, данышпан ақыл иесі болып та сипатталады.

ХІХ ғасырда атағы ерлермен қатар шыққан қыздар да болған. Бұлардың бұрынғы қыздардан өзгешелігі олардың тек ақылдылығы немесе ақын болуында ғана емес, сонымен қатар айтыс тәрізді қоғамдық мәні бар оқиғаларға қатысуында. Сол айтыстардың көбі бүгінге дейін сақталып келді. Олар: Біржан мен Сара, Ақсұлу мен Кеншімбай, Ақбала мен Боздақ, Ажар мен Уақит, Қадиша мен Ысқақ, Жүсіпбек пен Шөкей, Әсет пен Рысжан, Әжек пен Шәріпжамал, Болық пен Елентай, Айқын мен Жарылғасын, Омарқұл мен Тәбия, Күйкентай мен Оспантай, Шады мен Манат, Мансұр мен Дәме, Тәуке мен Келіншек, Ұлбике мен Күдері т. б.

Бұл айтыстарда ақын қыздар өздерін еркін ұстап, айтар сөздерін тайсалмай, батыл айтады. Әрине, ақын қыздардың ішінде де ерлер сықылды дарындылығы әр текті болып келетін ақындар бар, олар айтыста кейде жеңіліп, кейде жеңіп жүрген. Ер ақындар әйел ақындардың ақындық қабілетін жоғары бағалап, атағы шыққандарын арнайы ат сабылтып іздеп барып айтысатын да болған:

Бұған бірнеше мысал келтірейік.

1. Әжек ақын Шәріпжамал деген ақын қызбен айтысарда сөзін былай бастайды:

Сыртыңнан ақын деген атыңды естіп,  
Әдейі айтысуға келдім саған.  
Даңқты сен сықылды болмасам да,  
Бұл жолы бәйгі алмақпын келсе шамам!

2. Қоянды жәрмеңкесіне барған Әсет ақынға жұрт осында Рысжан деген ақын қыз бар, сонымен айтыс, деп қолқалайды. Көптің сөзін мақұлдаған Әсет, қызды іздеп барып, оны алғаш көргенін былай сипаттайды:

Ішінде сегіз қанат қызыл үйдің,  
Ән салып отыр екен өлеңдетіп,  
Хан, қара, би болыстың келіншегі  
Ортаға ап отыр екен сөз сөйлетіп...

Гармонь мен скрипка нақышындай,  
Дауысы сыбызғыдай сылдыр етіп,  
Тыста еркек, үйде ұрғашы өлеңге мәз,  
Жаратқан құдай сондай бұлбұл етіп.

Тысқарыда тұрдым біраз сөзін тыңдап,  
Ағындап айтып отыр анық шындап,  
Сөйлесіп өзім көрген ұрғашыда,  
Оңай ма Рысжандай ақын тумақ.

Тұлпардың шын тобыршық бедеуі екен,  
Көресің шапса шаңын будақ-будақ...  
Сөзінің қайран қалдым кірін таппай  
Кенедей лебізінің мінін таппай,

Жүйрік ем жеке шапсам жан салмайтып,  
Адастым айтар сөздің бірін таппай...  
Сөзіне сөз табалмай қалдым бұғып,  
Біле алмай не дерімді есім шығып...

### 3. Ақсұлумен айтысқан өлеңін Кеншімбай ақын былай бастайды:

Сыыр жыл, Сырдан шығып бардым Орға,  
Хат жаздым темір қалам алып қолға,  
Жағалбайлы елінде бар екен деп,  
Есіттім ақын қыздың даңқын сонда...

Бір қыз бар аты Ақсұлу біздің елде,  
Он жеті осы биыл жаста деді,  
Айтысып осы қызды жеңе алмасаң  
Сонда сен ақындықты таста деді...

Көрген жан ішпей-жемей болады мас,  
Аққұба бидай өңді бір қиғаш қас,  
Өзі нақ осы биыл он жетіде,  
Бойында жалғыз міні — күйеуі жас.

### 4. Дәме қызбен айтысқан Мансұр ақын қызды ең алғаш көргендегі әсерін былай сипаттайды:

Сонда қыз бізді көріп шықты тысқа,  
Ұқсаған айлы нұрлы тоты құсқа,  
Болмаса Қаптауында жүрген пері  
Адамға біте бермес ондай нұсқа.

Қып-қызыл екі беті айдай болып,  
Тартылған екі қасы жайдай болып,  
Топ қыздан оқшауырақ шығып тұрды,  
Жалтақтап қысыр емген тайдай болып,

Симайды білезікке әппақ білек,  
Кигені нешетүрлі өңшең жібек,  
Көргенде қыздың түрін осылайша,  
Толқыды нешетүрлі біздің жүрек,

Шашына сап-сары алтын тағынғаны,  
Сырғасы меруерт, маржан жағындағы,  
Он бестен он алтыға келген жасы,  
Ойланып жүрген екен қағынғалы.

Әппақ тіс, қиғаш қасы, қызыл жүзі,  
Шашының жерге түскен ұзындығы,  
Адамзат қанша айтқанмен ондай болмас,  
Болмаса жұмақтағы хордың қызы.

Қыздың осындай сипатын және жұрт алдында өзін еркін ұстауын көріп, айтысуға бел байлаған Мансұр бір жігітті оңаша шығарып алып қыздың мән-жайын сұрайды. Сонда ақын сұраған жігіттің сөзін Мансұр былай сипаттайды:

«Апырай, жігіт айтты расың ба?  
Сен кеңес қыз Дәмемен құрасың ба?  
Айтайын қыздың жайын тілімді алсаң,  
Қу маңдай желікпей-ақ тынасың ба?»

Есіттік Дәме қыздың сырттан даңқын,  
Жеңілген талай жігіт ойлап білгін,  
Сендағы соның бірі боп кетерсің,  
Аяғың дүлдiл болса, тілің бұлбұл...  
Жігіттің бұл сөзіне зәрем кетіп,  
Баяғы жетіп келдім қыр басына

Міне, мұндай мысалдардан біз ақын әйелдерді ақын еркектердің құрметтейтіндігін, ақындық талантын бағалайтындығын, сөз жарысында ақын әйелдің ұтымдылығынан сақтанатындығын көреміз. Ақын әйелді тек ер ақындар ғана емес, барлық ел, халық сыйлаған. Ұлы жиындарда ақын әйелдің беделі ер ақыннан төмен болмаған. Айтыста жеңген әйел ақынды халық жоғары бағалаған. Сөзден тосылған ер ақын әйел ақынға бас иген.

Айтыста халық ақынды жынысына қарай емес, таланты мен сөзіне қарай бағалайды. Ақындық талантын көзге көрсетіп, аузынан асыл, ақылды, көркем, тоқтаулы сөз шыққан ақынды халық тегіне, жасына, руына қарамай ардақтайды. Айтыста озған ақын халық алдында ақындыққа мандат алғандай болады. Бұл мандаттың жазылатын қағазы — халықтың жүрегі.

Ақын халықтың ең сүйкімді, ардақты адамдарының қатарында тұрады.

Халықтың ақынды жақсы көруіне себеп, оның шешендігі ғана емес, олардың айтыста, нә басқа шығармаларда халық тұрмысының шындығын суреттеуі қуанышы мен қайғысына шын көңілмен ортақтасуы.

Әрине, мұндайда өлең, жыр шығарушы ақындардың еңбекші халықтан шыққандығы да ерекше қызмет атқарары сөзсіз. Ал феодалдық ауылда байлар тұқымынан шықты деген ақын өте сирек ұшырайды. Әрине, феодал мен байлар табынан да ақындық дарынмен туған адам болуы мүмкін. Бірақ, ол кезде қазақ байлары мен феодалдары тұқымынан ақын шықса, оны намыс көрген, ақындықты қайыршылық кәсіптің бір түрі, деп санаған. Шынында мұндай ақындардың да болғаны рас.

Қазақ жазба әдебиетінің классигі Абай ондай ақындарды былай деп сөгеді:

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр сұрап,  
Кетірген сөз қадырын жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап.

Бірақ, барлық ақын байды мақтай берген жоқ. Реті, келісі келген жерлерде ақындар үстемдік етуші таптың, байлардың, әкімдердің зорлық-зомбылығын сынап, қанаушылық пердесін ашып, халық алдында масқаралайды. Бірнеше мысал келтірейік.

XIX ғасырда патша өкіметіне қызмет көрсетіп сонысы үшін полковник шенін алған, Жетісуда жарты патша атанған Тезек төреге сол кездегі атақты ақын Сүйінбай былай деген:

Келіп едім хан Тезек көрейін деп,  
Пайғамбардың сәлемін берейін деп,  
Аттандырған екі ұрың жылқы ап келмей,  
Хан тұлданып тұрмысың өлейін деп.

Кесіп алсаң бас міне, батыр Тезек,  
Өлмейтұғын адам жоқ темір өзек.  
Сәлемге келген жанды қыра берсең  
Ұры төре, саған да келер кезек.

Арғы атаң сенің еді хан Абылай,  
Бейілің қашса берекең кетер былай.

Менің немді тексердің, Тезек төре,  
Сараңдарды балқытқан мен Сүйінбай...

Атандың осы күнде Тезек төре,  
Елден жылқы қоймаған кезеп төре.  
Телі менен тентекті тыяд десе,  
Өзің ұрлық қыласың өттегеней..

Ұрыларың басымды кесіп алар,  
Қанжығаға өткізіп тесіп алар;  
Шапырашты, Дулатым қаптап кетсе,  
Отыз үйлі төренің несі қалар?!..

Жағалбайлы руынан шыққан Ақсұлу қыз бен Жаппас руынан шыққан Кеншімбай ақын айтысады. Сонда өз руының байларын, әкімдерін мақтаған Кеншімбайды Ақсұлу былай деп сөгеді:

Жаппасым, сен мақтама Мырықыңды,  
Алдымен Мырық бұзған шырықыңды,  
Байлық пен бас адамын әлек қылып,  
Неше жыл бүлдірген ол жұртыңды.

Бұл жігіт мақтай қапты Нүрекесін,  
Әкім ғып Нүрекені тұр екенсің,  
Қай-күні — Нүреке әкім болған күні  
Еліңнің алған жоқ па берекесін?

Қасында Жылгелдінің соны адам ғып  
Ақылсыз жаппас деген ел екенсің...

Ақсұлуға қайтарған жауабында Кеншімбай Жағалбайлының байларын, әкімдерін былай жамандайды:

Ақсұло қайыспайтын жас баласың,  
Тәңір алғыр болмашыны ескересің,  
Патшаға Қапан болыс ұстап берген  
Кінәсіз Боранқұлдың бел баласын.

Айдатқан қысастықпен алты адамын  
Еліңнің білмейсің бе масқарасын...  
Патшаға ел жақсысын ұстап берген,  
Дүниеде екі бірдей Қапан оңбас...

Осы сияқты байларды, байшыл, патшашыл, әкімдерді жерлеп сөгу, зорлықшыл, қиянатшыл, қара ниет, жауыздығын әшкерелеу ақындар айтысының көбінде ұшырасады. Айтыстан басқа өлеңдерінде де ақындар қанаушы тапты қатты сынап, оның сырын ашуға тырысады. Ал айтыс жанрында байларды сынаудың өте шебер әдістері бар. Мәсе-

мен, айтыста әр ақын өз руының байын ақтаған болып, өзіне қарсы ақын жағының байларын, әкімдерін мінейді. Сонда, айтыс қорытындысында екі рудың байлары мен әкімдері төңірік алдында масқараланып, барлық халыққа жат қымықтары ашылады. Бұған жоғарыда мысалға алған Ақсұлу мен Кеншімбайдың айтысы сияқты басқа да көптеген айтыстар дәлел болады. Ақындар айтысында қанаушы таптың тамыры ашылумен қатар, сол кездегі еңбекші халықтың ауыр тұрмысының сүреңсіз жақтары да көрініс береді.

Мәселен, Құлмәмбет пен Майкот ақынның айтысында Құлмәмбет Қаратауда отырған Мойкот елінің нашар тұрмысын былай сипаттайды:

Неге мақтай бересің  
Ақымақ шіркін еліңді!  
Мен де барып көргенмін  
Қартау деген жеріңді:

Қаратаудың қазағы,  
Арылмаған азабы,  
Ертеменен тұрысқан,  
Шөппен белін буысқан,

Жауырыны құрысқан,  
Шеке тамыры тырысқан,  
Бидайығын егін дең,  
Орып алып «тегін» деп,

Бет терісі қырысқан...  
Қозы жауырын, құрай бұт,—  
Алыса кетсе күші жоқ  
Қатыны семіз, ері арық,

Өмірі бейнет тері ағып,  
Несін мұның мақтайсың —  
Қураған топырақ жері арық!  
Көкектен басқа құсы жоқ,

Көкпектен басқа шөбі жоқ,  
Қымыз ішіп уыздай,  
Толықсыған кісі жоқ...

Қанаушы тап үстемдігі кезіндегі еңбекшілердің нашар елді суреттейтін ақындар өздерінің мүшкіл халдерінің қанықты көрінісін де айтыстарда жете сипаттайды.

Қазіргі Қостанай облысының жерінде Өске деген ақын болған. Өскенің өзі кедей, інілері бай екен. Ол інісінің аямақысын бағып жүріп, бір күні түнде шөлдеген соң інісінің үйіне келіп сабасынан қымыз ішіп жатқанда, келіні

«мына мешкей не істеп жатыр»— деп ашуланады. Бұған қатты ренжіген Өске басқа елге көшпек болып, өз әйеліне былай дейді:

Кел, қатын, үйіңді жық, біз көшейік,  
Көкшеге екеу ара мінгесейік,  
Бауырына қызыл жардын қонып алып,  
Бір жаздай қымыз ішпей күн кешейік.

Қайныңның бейлі жаман бай да болса,  
Мертілген көрер бізден тай да болса,  
Кел, қатын, үйіңді жық, біз көшейік,  
Бұл қымыз табылады қайда болса...

Қарғысы келімінің жанға батты  
Есітіп «мешкей» деген жаман атты,  
Бұл жерден енді көшпей болмас бізге  
Пшиуін қимағанмен әруақты.

Осы сияқты ақындардың айтысынан біз, қанаушы үстем таптардың езгісінде жүрген ақындардың аянышты қайыршылық тұрмысын көреміз.

\* \* \*

Бұл арада біз «Біржан, Сара айтысына» кеңірек тоқтала кетуді жөн көреміз. Өйткені бұл айтыс түр жағынан да, мазмұн жағынан да өзге айтыстардан оқшау тұрған әлеуметтік және көркемдік маңызы бар айтыс. Сондықтан ең алдымен оқырмандарды Біржанның өмірбаянымен таныстыра кетейік.

Сарамен айтысқан өлеңінде Біржан өзін «арғынның Алтай-Қарпық ақтанкерімін»— деп таныстырады. Шынында, Біржанның руы арғын емес керей. Керей ішінде Ақсары, оның ішінде Көшек. Біржанның ағайындары қазіргі Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданында. Біржанның моласы Степняк руднигінің «Лермон» деген шахтасының қасында. Біржанның өзі «Баласы Қожағұлдың атым біржан» дейді Қожағұл оның әкесінің әкесі. Өз әкесі Тұрлыбай.

Өлер алдында шығарған Біржанның бірнеше ауыз өлеңі Теміртас, Асыл, Ақық деген балаларының аттарымен басталады. Асыл мен Ақық қыздары, Теміртас ұлы. Теміртас Біржан өлгенде үш жаста болған. Біржан өзінің өлеңінде Теміртасты «55-ке келгенде көрген, қалқам» дейді. Біржан 58 жасында, 1891 жылы өлген. Сонда ол 1833 жылы

туған болады. Ең анығы осы. Бұрынырақта Біржанды 1825 жылы туып, 1887 жылы өлді деп жаңылыс айтқан.

Сарамен айтысқан өлеңінде Біржан «Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға» дейді. Расында, ол кедей болған. Оның кедейлігін көзі көрген қазіргі тірі адамдар және өзінің мына төмендегі бір ауыз өлеңі дәлелдейді.

Дүние өтеріңді біліп едім,  
Білдірмей кедейлікті жүріп едім,  
Бұл күнде бір тоқтыдан құным төмен,  
Үш жүзге атым шыққан Біржан менің.

Біржанды білетін адамдар оның ақындығынан әншілігі болғанын дейді. Біреулер ақын емес еді, дегенді айтады. Бірланыштың «Сарамен айтысы» деген өлеңінен басқа сақталған «Қасқыр мен байды айтыстырғаны» тәрізді күрделі өлеңі де болған. Одан басқа өлеңдері де ұшырасады. Соларға қарағанда Біржанның ақын екендігінде дау жоқ. Негізінде Біржан ірі композитор және зор дауысты, қазақ әнінің тарихында жаңа жол ашқан, әнші адам. Өзінің әнін ол жоғары дәстерлеп:

«Ақкумен аспандағы ән қосамын,  
Шығарсам ащы күйді түптеп тартып»,—

дейді. Бізде Біржан әнінің тарихын зерттеген адам жоқ. Бірер зерттеуші болса, оның әндерінің ерекшелігін айқын көрер еді.

Біржанның барлық әндері де белгілі бір тарихи жағдайда шыққан. Мәселен, оны «Жанбота» атты әнінің өлең текстінен де аңғаруға болады.

Жанбота, осы ма еді өлген жерің?  
Көкшетау боқтығына көмген жерің.  
Кісісін бір болыстың біреу ұрсын  
Деген статияда барма еді көрген жерің?

Біржаннан сақталған «Жамбас сипар», «Қаранар», «Ләйлім», «Шалқыма» тағы сол сияқты ондаған әндердің мәніне тарихы бар.

Біржан мен Сараның айтысын Найманның Сыбан руынан шыққан Әріп ақын шығарған деген сөз бар. Бірақ Біржан мен Сараның айтысында сол жылы, яғни 1869 жылы Біржан 37 жаста еді дейді. Ал Әріп ақын болса, 1924 жылы 62 жасында өлген, сонда 1862 жылы туады. Демек, Біржан мен Сара айтысатын жылы Әріп 7жаста ғана болады. Же-

ті жасында Әріптің айтыс текстін шығаруы мүмкін емес. Егер шығарған күнде де ол кейін шығарған болады.

Сараны Біржанның іздеп баруы анық. Біржанның Нұржан дейтін ағасының баласы Ахметжанды мен қартайған шағында көрдім. Ахметжан: мен Біржанға атқосшы болып барып ем, Сараны көрдім, айтысқаны рас,— дейтін.

Халық әдебиетін жинаушы, Біржан мен Сараның айтысын алғаш баспаға берген Жүсіпбек Шайхоисләмұлы «бұл айтысты Сараның өз аузынан жазып алдым»,— дейді.

Біржан мен Сараның айтысында Біржан жеңеді. Жүсіпбек Шайхоисләмұлының айтуынша бұл айтыс өлеңдері жеңген Біржанның аузынан емес, жеңілген Сараның аузынан тарайды. Бұл, әрине, біраз ойландыратын жағдай. Мұның өзі әртүрлі ой тудырады. Бірақ Біржан мен Сараның кездесуі анық. Айтыстың алғашқы көлемде болмай, артынан өңделіп, толықтырылуы, сол толықтырған ақын Әріп болуы немесе алғашқы айтыстың мазмұны ғана сақталып, сол темаға Әріптің жаңа айтыс шығаруы әбден мүмкін. Сондай-ақ, Әріп Біржанмен шамалас ақындардың біреуінен айтысты естіп, жаттап алып, өз атынан таратуы ықтимал.

Айтыс Біржан мен Сарадан қалды ма немесе оны Әріп шығарды ма? Ол — келешекте ғылым зерттеп анықтайтын мәселе. Бұл жерде біз көпшілік назарын осы айтыстың мазмұны мен көркемдік жағына аударғымыз келеді.

«Біржан мен Сара айтысында» сол кездегі қазақ ауылының әлеуметтік тұрмысынан қозғалатын бір ғана күрделі мәселе бар, ол — қалыңмал мәселесі. Қыз бен жігіт айтысқан өзге айтыстарда да қалыңмал мәселесі сол болады. Басқа дәлелмен қызды жеңе алмаған еркектер көбінесе қыздың болашақ күйеуінің кемшілігін анық бетіне басып «жақсы қыз болсаң, жаман күйеуге барма»— деп жеңеді. Қыз «бармаймын» дей алмайды өйткені олай деуге еркі жоқ. Қалыңмалдың құрығына іліккен қыз қолдан келмейтін қайратты көрсете алмайтынын біледі де, жеңіледі. Өз теңіне бармауда айыпты қыз емес, қалыңмал екенін еркек ақын біле тұра қызды жеңу үшін айтады.

Біржан мен Сараның айтысында да солай. Біржан Сараны өзге сөзден тоса алмағанда, күйеуін жамандап барып тоқтатады. Бірақ, Біржан мен Сара айтысындағы қалыңмал мәселесі өзге айтыстан өрісі кең әрі тереңірек жатады. Айтысты тұтас алғанда ол қалыңмал тақырыбына жазылған бір драмалық поэма қатарында тұрады.

Біржан мен Сара айтысар алдында көп жыл бұрын біріншің атағын бірі естіп, кездесуге құмартады. Сарамен алғаш кездескенде Біржан:

Көкшетау дуанына даңқың барған,  
Мен Біржан алтын тудай айқындалған,  
Естігелі, Сара, сені үш жыл болды,  
Қыран ем төңірекке қанат жайған.

Мен келдім алыс жерден атқа мініп,  
Есітіп атағыңды сені біліп,—

ейді. Сара Жетісудағы Матай руынан шыққан, Көкшетау мен Алатаудың арасы 1.500 шақырымдай жер және бұлардың аралығында көсіліп жатқан құмды шөл бар. Өте бір қиың жұмысы болып әдейі іздемесе, бұл екі ара қатынас жасайтын жер емес.

Сондықтан Біржан Сараның атағын Көкшетауда естігімен әдейі іздеп бармай-ақ ел аралап жүріп, Сараның ел жұртына жақын келген шақта баруы да мүмкін. Өйткені, халық еркесі атанған Біржанды қазақ даласы қолдан қолға көтеріп алғандай, бірден бірге құрметпен шақырып, қолдатып алып кеткені мәлім. Біржанды осылай еркелеткен елінің сыйлап қыдыртуынан, ол өзінің бір шыққан шапқысынан бір жыл, екі жыл, иә одан көп жүріп зорға келіткен.

Біржан Сарамен айтысқанда, қасында болған немересі Ахметжанның айтуынша, ән айтып, ел аралап шыққан бір жолында Біржан Абай еліне де келеді, одан Балқаш көлі маңындағы елдерге барады. Бұл арадағы арғын руы мен Балқаштың күнгей бетіндегі найман руы бақас отырады. Ол екі елдің шаруашылық, рушылық жөніндегі бақас-шығынан басқа өнер салыстыру, жөнінде де, яғни ақындық өнеріне байланысты бақастығы болатын-ды.

Біржан мен Сараның айтысына қарағанда, бұрын арғын руынан Сарамен айтысу үшін бірнеше ақындар келіп, бәрі жеңіліп кеткен тәрізді. Оған Сараның мына сөзі дәлел:

Найманның аруағынан кет садаға,  
Әзәзіл бола берме екі араға  
Жанатқа қобызбен тап түк қылған жоқ,  
Оңай ма сен сықылды бейшараға.

Кеншімбай іздеп келіп кетті қаңғып,  
Орынбай жеңе алмаған о дағы аңдып.  
Жол алды Жанақ кашан Сабырбайдан,  
Жаманын көтереді арғын сән ғып.

Біржанды әке десе менсінбеймін,  
Жаратты қыз да болсам сонша паң қып.  
Секілді жынды бота бір делбені,  
Құдайым тірі қойған несін жан қып.

Сарадан арғынның ақындары жеңіліп жүрген соң, олар найман еліне келген Біржанның кедейлігін жасырып, «Арғын ақыны» десе керек. Сондықтан да Біржан айтыста өз руының Керей екенін жасыра алмай, әрі арғындардың көңілін қимай: «Руы Керей Біржанның ұраны — «Алтай-Қарпық» деп, керей мен арғынды қоса-қабаттап айтқан.

«Біржан мен Сараның айтысы» революциядан бұрын екі рет кітап боп басылды. Бір басылуында Жүсіпбек Шайхоисләмұлы айтыстың басын Сараның өлеңімен бастайды:

«Қызы едім Тастанбектің атым Сара,  
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара,  
Он үште домбыра алып сөз сөйледім,  
Келемін бір сүрінбен жеке қара»,—

деп өзін таныстырудан басталады да, содан кейін Біржан мен айтысын баяндайды.

Ал айтыстың кітап боп екінші басылуында, Біржан Сараны іздеп келе жатып, Сараның үйіне түседі. Сара үйінде болмай, жөн сұраса отырып, Біржан Сараның шешесімен сіңлісімен айтысып қалады. Сараны ат үстінен сұраған Біржанға Сараның шешесі былай дейді:

Сіздер кім? Не қыласыз Саражанды?  
Кеш қылдық тыста тұрып атқан таңды.  
Іздесең айтысуға қарағымды,  
Өзіңдей сөзбен бұған сан адамды,

Өзіңдей сан жүйрікті сөзбен бұған,  
Ол-дағы сенен артық өлең қуған.  
Әуелі меніменен айтысып көр  
Мен-дағы осал емес, Сара туған.

Б і р ж а н :

Жеңеше-ау, көзің тіп-тік, сөзің аптық,  
Ауылыңды құмарланған жаңа таптық.  
Өперсіз мендей жігіт көрінер ме,  
Талайдың сіз секілді бетін жаптық.

Арғыннан серілікпен келдім орғып,  
Белдерді нелер асқар қаздым жол ғып,  
Қауыннан жарылмаған тоятым бар,  
Қатынмен айтыспаймын сөзді қор ғып!

Қысқаның берекесі ұзыпменен,  
Жасармасаң қызарған жүзіңменен,

Бас тігіп өзіңмен-ақ айтысайын,  
Некелес қыламысың қызыңменен?

Сөйлем:

Басыңа аллам неге қайырмасын,  
Әурені құдай сендей бай қылмасын,  
Бұрынғы жас күндегім тоқтатпайды,  
Әйтпесе өлең менің қай құрдасым.

Біржан:

Жеңеше, осылай сөйлеп жолыңа көш,  
Біз қылдық бір-екі ауыз көріп егес.  
Сөзге сөз келгеннен соң айта салдым,  
Болмаса кемпір менің теңім емес.

Біржан үйге түсіп қымыз ішкенде. Сараның 12—13 жасар сіңлісі Біржанға былай деп тиіседі:

Ағаеке-ау, қымыз қойдық алдыңызға,  
Өнерге түспей жатып салдыңыз ба?  
Ойламай қонақ жәйін салдықпенен  
Пәлеге ашылмастай қалдыңыз ба?

Біржан:

Шырағым, әрбіреуге-ақ өнер керек,  
Туыпсың қаракөктен бәрің зерек,  
Алдыңғы апаңыз-ақ айта тұрсын  
Бұл күнде дәл сенікі тым ертерек.

Қыз:

Ағаеке-ау, жүрген жерің күнде жиын,  
Салғалы шығып па едіңіз елге тыйым.  
Сөзді іздеп қайсымыз қаңғып жүрміз,  
Болып па жастай айтқан содан қиын.

Біржан:

Сөзіңе, жарықтығым, жаңа қандым,  
Бар болса тағы сөйле бұдан дәмдің.  
Ұяттан жас басыңнан өзің-ақ кеш,  
Баламен сөйлесуге мен ұялдым.

Қыз:

Мұныңның сөзі қайда ақын десең,  
Мінезі шодыр екен мақұл десең,  
Байқап көр құрбыңызды да, ағаекежан,  
Мені жас, шешемді қатын десең.

Сол күні найман-матайда Маман дейтін атақты бай-феодалдың баласы Тұрысбек Сараны ауылына қонаққа шақырып, өлең, ән айтқызып, сауық құрып жатыр екен. Біржан Сараны Тұрысбектікіне іздеп барады. Ол кездегі ауыл әдетінде келген қонақ үй сыртынан: «Сөйлес!»— деп дауыстайды. Сонда үй иесінен біреу сыртқа шығып қонақпен жөн сұрасып, үйіне түсуге ізет-ілтипат білдіреді.

Біржан ақын болғандықтан мұндай «сөйлесті» әрине, жай қара сөзбен айтпайды. Бірақ, бұл қатардағы қаранайым ақын айта салатын «сөйлес» емес, себебі бұл үйде

атақты ақын Сара отыр. Онымен бірге Біржан үшін Жа-  
нақ, Орымбай, Кеншімбай сияқты Арқаның атақты ақын-  
дарын жеңген ақын Сара қауіпті. Олай болса не істеу ке-  
рек?

Сондықтан Біржан осы «сөйлес» үстінде Сараның бере-  
кесін кетіріп, шошытып, ықтырып алу керек. Сол себепті  
Біржан «сөйлес» өлеңінің өзін екпінмен бастырмалата  
айтып, былай дейді:

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,  
Жолықпай сөзі өктемді жүрген шығар,  
Аулында Тұрысбектің өлер жері.

Барабар сөзі теңдес адам болса,  
Көңілімнің тарқаушы еді сонда шері,  
Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,  
Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.

Қырындай желді күнгі аспандаймын,  
Дауысымның көтеріле шықса тері.  
Байқағам жер шамасын майталманмын,  
Жасымнан мағлұм маған қыз не дері.

Алтынның күміспенен нақысындай,  
Міні жоқ бізден шығар сөз бедері.  
Шатыр тік, көкмайсаға, бір тайды сой,  
Кешікпей шықсын үйден болса өнері.

Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын қолтығы іспес,  
Басайын аптығымды тез шық, Сара,  
Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес.

Осы үйде Сара барма, отыр неғып,  
Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып?  
Желқобыз жез тағалы егіреумін,  
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.

Арқаның кең даласын жаңғырықтырып, өзегін солқыл-  
датқан Біржанның дауылды дауысы Сараны сескендіреді:  
ол аптығып, алғаш үндей алмай қалады. Сонда Тұрысбек-  
тің інісі Есенбек келіп Сараға былай дейді.

Шырағым, арғынға орай бар ғой найман,  
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.  
Кең жерде келістіріп душар болмай,  
Қапыда қажы үйіне келді қайдан.

Тартынба енді, балам,— деді қажы,  
Адымың артық шыққан ат пен тайдан.

Антұрған сөзі бұзық көрінеді.  
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.

Аптыққан қу арғынды бір дөңгелет,  
Ағаға болсын осы тиген пайдаң.  
Өнерің ұлдан артық, қарағым-ай,  
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан.

Дауылды дауыстан қашқан Сараның құты өзіне қайта оралды. Ол құтты оралдырған — ел намысы. Сара Біржанның «жазы-қысы іздеген, Матайдың бұлбұл құсы». Сараның намысы — өз басының намысы ғана емес, барлық Найман елінің намысы. Ол намысты Біржанға жіберсе, жаағыз Сара емес, барлық Найманның жағасы жығылады. Міне, осы ой Сараның қашқан құтын қайтарып, ол ақындық қайратын бойына жинап, жігермен сыртқа шығады.

Біржан «қызды қатты сыйлайды», сондықтан ол Сараны көрген соң құрмет қып аттан түседі. Бірақ аттан түсуі түскенмен, Сараға кішірейіп баруды ар көріп Біржан тұрады. Сараның да оған кішірейе қойғысы келмейді. Сонда Біржан:

Осы ма еді, Матайдың бұлбұл құсы?  
Көп сұрап жаңа таптым жазы, қысы!  
Әуелі қазақшылап көрісейік.  
Жарқыным, берірек кел жасың кіші.

Баласың менен гөрі жасың кейін,  
Ежелден менің сөзім қызға бейім.  
Бері кел, амандасам, Сара жазған,  
Тоқталып бөгелесің неге кейін?

Мен Біржан, қызға барман аяғымнан,  
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан,  
Бері кел, ұрғашылық қылма, жаным,  
Дәндеме Наймандағы салғыңнан.

Найманның болады емен қызы надан,  
Үлгісіз неткен халық түрі жаман,  
Ағаға іні келер біздің елде,  
Көп боп па сұрасуға есен-аман.  
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Сен түгіл сенен артық құмар маған.  
Жалымнан ұстаған қыз арман қылмас,  
Адам деп сөз айтамын, Сара, саған.  
Алмайтын еркек тілін жының бар ма,  
Адам деп сөз айтамын, Сара, саған.

Қазақ әдетінде жасы үлкеннің жолы үлкен, жасы кіші жасы үлкенге барып амандасуға міндетті. Бұдан Сара тонылады. Бірақ бұл оның жеңілуі емес, егер айтыспай жа-

тып сөзден тосылса, Сараның ақындығы қайда? Сондықтан Сара дәлел іздеп, ол дәлелді ислам дінінің тарихынан табады. Пайғамбарлардың тарихын айтатын «Қиссасұл — «Әнбия» атты кітапта Адам-ата Хауа-анаға кішілік қып бұрып барған. Іс жүзінде әйелді күң ғып ұстағанмен, мұсылман, шығыс елі әйелдің жолын үлкен көреді. Сара осыны таяныш қып Біржанға былай дейді:

Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,  
Сөз білсең бұлда сенің жамандығың.  
«Қиссасұл — Әнбияні» көрмеп пе едің,  
Делқұлы, мағлұм болды надандығың.

Адамды топырақтан жаратқан хақ,  
Білінсін надандығың бұл сөзге бақ,  
Хауаға бұрын барған Адам-ата,  
Жоқ па еді естігенің мұны да, ақымақ.

Данышпан білгіш пе деп ойлаушы едім,  
Арғын да жүреді екен жоқты мақтап.  
Найманда екі жүзді нар кескенмін,  
Желкеңді қимақ үшін қойған сақтап.

Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер,  
Сабасам бейпіл тілді екі жақтап.  
Келдің бе күн көргелі, құрдым арғын,  
Жинауға сынық малта найманды ақтап.

Артыңның ашыларын бір білерсің,  
Көрпеңді жамылсаңшы бойға шақтап.  
Кетерсің жерге кіріп, жынды антұрған,  
Шын қазсам асты-үстіңді жездей қақтап.

Емес пе делқұлдығы Біржан салдың,  
Кісісін жеңетұғын жаңа тапты-ақ  
Талпынған жас баланың білегіндей  
Қолымнан ұстатпаймын, сен итке, әппақ.

Бұлар, әрине, Біржанды ашындыратын сөздер. Айтыста Сараның сөзден оңай алдырмайтындығы алғашқы адымынан-ақ байқалды. Ендеше не істеу керек? Бұрыннан келе жатқан айтыста оңай бір әдіс бар. Ол, егер қызға қалың берген күйеу жаман болса, соны бетіне басу. Айтысар алдында ақындардың өзіне қарсылардың кемшіліктерін, міндерін әшкере етерліктей деректер жинауы дағдылы жағдай. Біржан да Сараға кездесерден бұрын оның кемшілік, осал жақтарын сұрастыра келген. Сараның «міні» қалың берген күйеуі Жиенбайдың жамандығы, оны Біржан естіген. Айтыста ақынның қайсысы да қарсы жағын тез жең-

ісі келеді. Олай болса көп тоқталудың қажеті жоқ, бар  
мінін тез айтып, тез жеңу керек. Біржан осылай істеп Са-  
ранның «мінін» бетіне басады.

Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға  
Сөйлеткен сені найман балап ұлға  
Асықтай ақ жамбыны аспанға аттым  
Қызығып жүргенім жоқ алар пұлға.

Күшігінен асыраған өлексіндей,  
Азғындап шөктің, Сара, жылдан жылға,  
Қырсығың өз басыңнан арылған жоқ,  
Маржандай кеселіңді тізсем қылға.

Қолыңды ұстатпайтын ерке болсаң,  
Келімсек әкең берді неге құлға?  
Сөзіңе таң қаламын шыдай алмай  
Айтқаным кетті саған ұнай алмай.

Көзіңді күшік құрлы бір ашпассың,  
Қортиған шірігіңді құдай алмай.  
Есекке қосақтаулы бір қашырсың,  
Күң сырын көпке жаяр шыдай алмай.

Жарайды, жаным Сара, сөйлер сөзің,  
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзің,  
Қалмақтай қолға түскен ықтиярсыз,  
Төрт болар құлға барсаң екі көзің.

Көз жетпес әндерімнің өрісіне  
Құдайдың ризамын берісіне,  
Секілді қортық тайынша бармақ байың,  
Бір қойдың сыяр тұлып терісіне.

Алыстан тілеп ұшқан түз құсындай  
Біржанның жұрт таң қалар келісіне,  
Қайғылы қара кемік байтал түгіл,  
Арғымақ ат шыдамас желісіме.

Бәйге ат та серпінімді шалмайтұғын,  
Әрқашан жұрт таң қалған жүрісіме,  
Мойыным жүзген құдай иіледі,  
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді.

Арғынның жалғыз тоны қолға түссе,  
Төрт найман орта бойлы киінеді.  
Найманда байлық бар ма біздің елдей,  
Жүрсем де күн көремін мұнда келмей,

Қыз сөзін кек көрмейтін шайтаным бар,  
Онымды тастамаймын өзім өлмей,  
Атадан Біржан сал боп тудым артық,  
Ұраным әр Қарқабат, Алтай-Қарпық,

Ақжүмен аспаптағы ән қосамын,  
Қоңырасам ащы күйді түптеп тартып.  
Қырмызы асыл бекзат өнерім бар,  
Самғаймын бәйгі атындай артып-артып.

Қыз итті сыйлайтұғын бір мінезім,  
Кетер ем, еркек болсаң бір-ақ тарпып.  
Көкшетау дуанына даңқым барған,  
Мен Біржан Алтын таудан айқындаған,

Есіткелі, Сара, сені үш жыл болды,  
Сері едім төңірекке қанат жайған.  
Түлкінің жүгірісін қыран байқар,  
Ойласаң сөзің емес маған айтар,

Қанды көз май жей алғыш ақиықпын,  
Сен түгіл қасқыр көрсем бір-ақ шайқар,  
Түстіктен жұрт таң қалар көргеніме,  
Жеңбесем қуанбаймын келгеніме,

Ақ марал, осы жолы құтылып кет,  
Арғынның душар болдың мергеніне,  
Өзімдей бір басты адам сөз білмейді,  
Құдайдың ризамын бергеніне.

Апшыңның қуырылып қай кеткені,  
Өтірік ентедетіп желгеніме.  
Қыз сөзі батқан сайын жаным кірер,  
Қарамай қатты сөйле өлгеніме.

Көзімнің Көкшетаудан қыры түсті,  
Қаптағай Аталықта жүргенімде.  
Басайын болсаң да аю аптығыңды,  
Қоймаймын жаман құсша кергеніңе.

Біржан Сараның күйеуін қанша жамандағанмен оның өз басын кемітпейді, қайта оны қастерлеп, көтермелейді. «Көкшетау дуанына даңқың барған» — деп Сараның атағы барлық қазақ даласына тарағанын айтады; «түлкінің жүгірісін қыран байқар» — деп оңайлықпен алдырмайтынын айтады, «жарайды жаннан артық сөйлер сөзің» — деп ақындығына разы болады, «ақ марал, осы жолы жығылмай қайт» — деп ардақтайды. Біржанның Сарадан барлық табар «міні», «кемшілігі» — күйеуінің жамандығы. Оған Сара емес, заман айыпты екенінде Біржанның жұмысы қанша? Оған Сараны жеңу керек.

«Сара да «күйеуім жақсы» — деп таласа алмайды. Жаманды — жақсы деп қалай талассын! Аяғына түскен қалың малдың темір тұсауын үзем деп қалай айтсын! Үзуге әлі келе ме? Сондықтан Сара Біржанның бұл «айыбына»

тура жауап бермей, жалтаққа салады. Біржанның елі мен оның елін салыстырып, тақырыпты басқа жаққа аударады.

Біржанға қайтарған жауабында Сара да Біржанның қара басын сыйлап қасиеттеп:

Ей, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,  
Қымбаттығың белгілі білсең баға!—

деп ардақтайды да, содан кейін:—

Қамысты терең көлдің сұқсырымып,  
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға!—

деп, күйеуі жөнінде жеңілсе де, елін таяныш ете сөйлейді.

Ежелден сен белгілі желді көрік,  
Таң қалам сәулетіңді сенің көріп,  
Сені айдап ажалыңа алып келген,  
Құт Маман, ер Шерубай қасыңа еріп,

Сөйлетпей шыға сала кеттім дерсің,  
Түрімді байқатайын сөйлеп беріп.  
Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық,  
Сасық дер аузы жетпей майдан жеріп.

Кездеспей мен сықылды өнерпазға,  
Дәндеме жүрген күннен тезек теріп.  
Өлеңді қолқа қылсаң ағытайын,  
Самарқан жібегіндей оннан өріп.  
Әншейін сыпайы деп қимай тұрмың,  
Көзіңді төрт қылар ем иттей көріп.  
Тіліңді тарта сөйле, Біржан батыр,  
Жарамас жүдеп қайтсаң іздеп келіп  
Тартылып таразыға тең келмессің,  
Тірілсең ертең кешке, бүгін өліп.

Бұдан әрі қарай екеуі де елдерінің күшін, байлығын салыстырады. Бұл мәселеде Сара Біржанға алдырмайды, кейде тең, кейде асып түсіп отырады, екі жағы да өз елінің байын мақтап, қарсы елінің байын жамандайды, міндерін қазбалайды. Осыдан барып, басқа айтыстардағы сияқты объективті түрде екі жақтың да байлары мен әкімдерінің қанаушылық қылықтары ашылып, халық алдында жамандықтары жарияланады.

Өзге сөзден тоса алмаған Сараға Біржан күйеуі туралы қайталап ескертеді:

Жақсыны көрмек үшін деген, Сара,  
Ел қамын өзің түгел жеген, Сара,  
Мырзаңды ит Жиенбай мұнда шақыр,  
Ұялып бөгелесің неден, Сара?

Сара Біржанмен таласпай, ағасы Есенбек қажыға сөз сөйлейді. Бұл сөз Сараның: зорлықшыл, қалыңмалшыл, әйел теңдігін табанына басқан қанаушы тапқа, үстем заманға айтқан үкімі, сұм заманның қара күйесін, сол заманның өз бетіне жағуы тәрізді. Есенбек қажыға Сара былай дейді:

Адамға жол бермеген қайран тілім,  
Күні өшіп, қор боп өтті-ау, қызыл гүлім,  
Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем,  
Есекке қосақтаулы өтті-ау күнім.

Алтайдың саңлағымен сөйлесем де,  
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным.  
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенбайға пықпайды үнім.

Біржанға шақырып көрсет Жиенбайды,  
Кім сырттан меншіктенбес тегін бұлды,  
Ұяттан кісі өлмейді сағы сынар,  
Қайтейін құдай қосып, ием қылды.

Итіңді келмесе де келтір байлап,  
Өлмейін қапа болып күнде қайнап  
Ағалар нәсіліңе дұрыс болса,  
Құдайға таңсырамын «Қаптағайлап».

Қажы аға, көріп келдің хақтың үйін,  
Мен түгіл бөтенге де зорлық қиын,  
Жиенбай ерім болып тұрар ма екен,  
Күнінде таңда махшар болса жин.

Басымды аш, көңілімді ала қылмай,  
Кетсең де өкпелеймін бала қылмай.  
Әйтеуір сәлем айтып шақыртайын.  
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай.

Сәлем де Жиенбайға, келсін жатпай,  
Келуге шошынады неден батпай?  
Әркімнің қолда бары өзіне алтын,  
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.

Тез келіп амаңдассын Біржан салға,  
Көріңсін айбаттанып арғын шалға,  
Қояды әркім теке өз ылағын,  
Әйтеуір мені сатып алды малға.

Қылмасын дос «Жнекем» сөзге сынық,  
«Шәрбаттан ағып жатқан сөзі тұнық»,  
Қамалдан тартынбайтын газиз «ерім»,  
Көлге кел түсіп кетсін көзін жұмып.

«Асылым» құдай берген өз бағыма,  
«Тел келмес» жеті Біржан тырнағына,

Найманда ұлы дария «саяқкерім»,  
Балық боп ілінгенмін қармағына.

Бесіннен қалмай келсін жаны болса,  
Бөгелмей жетектерсің әлі болса  
Сұраған елден қайыр кедей Біржан,  
Алмай ма, мендей қызды малы болса?

Көрінсін саяхатпен менің «серім».  
Сол еді «құдай қосқан» барар жерім.  
Керейге қонақ асы тай әкелсін,  
«Талапты» Атымтайдай жомарт «ерім».

Сара «серім», «құдай қосқан», «талапты», «ерім» — деген сөздерді шын көңілімен айтып отырған жоқ. Бізамен, ашумен, кекпен айтып отырғаны өз-өзінен белгілі.

Жиенбай жөнінде Сара Біржаннан жеңіледі. Әдетте жеңген ақынның масаттануы бар. Біржан жеңгеніне масаттанбайды, Алатаудың «ақ маралын» арам оқпен атып түсіргеніне ол ренжиді. Өзге сөзден жеңілмей, күйеуінің жамандығынан жеңілген Сараны Біржан аяйды, ол Сараны «жеңдім» деп мұқату орнына, достық сөзін айтады, ерегіспен ренжіткен көңілін аулауға тырысады.

Шырағым, Сара, сендей тумас бала,  
Шешеңнен туармысың мұндай дана!  
Обалың Есенбек пен Тұрысбекке  
Күйеуің жаман екен, ей бейшара!

Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасыңнан,  
Сан жүйрік көріп едім мен жасымнан,  
Кемітер дұшпан, шіркін қай жеріңді,  
Адамзат озар емес бір басыңнан.

Жіберме Жиенбайға шақыруды,  
Өнерсіз үйде білер «аһ» ұруды,  
Құр қайтар жігеріңді көргеннен соң,  
Алдырма жігері жоқ кәпіріңді.

Күйеуің жаман болса оям көзін,  
Сәлеммен шақыртасың кел деп өзің,  
Сырыңды білдірмей-ақ айтсаң-дағы,  
Жаманды жақсы қылған есіл сөзің.

Мақтамай көрсет көзге келтіріп-ақ,  
Сөзбенен жүдеттің ғой өлтіріп-ақ,  
Ұялмай осы топқа келер ме екен,  
Өнерсіз жігері жоқ жетпегір-ақ.

«Жиенбайды шақыр» деген сөзді Есенбекке кекетіп айтып тұрған Сара өзі ашып, «күйеуінің» қандай «қасиеті» бар адам екенін былай сипаттайды:

Қажыке-ау, кісі жібер балаңызға,  
Қорсеіней жипті ұрлап қаламыз ба,  
Сырттан мақтасам да керек болды,  
Сөзін болды Біржан арамызға.

Өзінің құла жорғаң барсын оған,  
Жиекем «қалмақ ерін» салсын оған,  
Біржанды бір қаққаннан қалдырмас ем,  
Құдайым мені қайдан қосты соған?!

Қужиып мінер құла жорға барса,  
Келе алмас сол шірігің қорғаласа,  
Масқара рас бізді сонда қылар,  
Қорс етіп «бармаймын» деп үйде қалса.

Кісі емес ол намысты ұққандай-ақ,  
Ербиер несіз таудан шыққандай-ақ,  
Күжірейіп жауырыны келер ме екен,  
Он мата арқасына тыққандай-ақ.

Бар еді ұлы-қызың, ей, қажы-аға!  
Қалдым ғой Біржан деген беймазаға,  
Сіздердің болып тұрған заманыңда,  
Дені сау кез келмедім бір тазаға.

«Арғынды бір дөңгелет» деп едіңіз,  
Мен түгіл жұрттың қамын жеп едіңіз  
Меккеде зиярат қып «Балтоллаға»,  
Бағыма аман-есен кеп едіңіз.

Көрмейсіз менің неге көз жасымды?  
Осымен тоқтатылып сөз басылды,  
Жиылған Қаптағайдың манаптары,  
Олжама айырып бер өз басымды.

Сөйледім арғы-бергі сөзді теріп,  
Ешнәрсе ойламаушы ем сізді көріп,  
Келгенде Жиенбайдан босқа өлермін,  
Біржанды тоқтатыңыз сыйын беріп.

«Жеңілдім» деп Сараның өзі айтқан соң, Матай елі Біржанға бәйге ұсынып, ат, шапан, тағы сондай тарту-таралғы сыйлар береді. Серілікпен «асықпай ақ жамбыны аспанға атып» жүрген, өлең мен әнінен, халықтың сауығынан басқаны қажет көрмейтін, мал жинамайтын, міндеті — мал жиып баю емес, халыққа әнімен қызмет ету деп ұққан Біржан бәйгені не қылсын.

Біржан жеңгеніне, бәйге алғанына масаттанбайды, бәйгені алып кете бармайды, ол Сараның бас бостандығына қайғырып, соны нақтап кетуді ойлайды.

Сөйлейді сонда Біржан пайман жаққа,  
— Ұмытпан, Сара, сені ешуақытта!  
Теңелген сөзге жетік есіл көзел (газель)  
Көремін қайта айналып қайсы шақта?

Сөйлеген алтындай ғып сөздің жезін,  
Сынасып сан жүйірікпен көрдім өзім,  
Сайраған бейне ұжмақта бұлбұл құстай  
Ұқсаттым Сара сұлу айтқан сөзін.

«Қаж» барған Қаптағайдың арыстаны,  
Жалғыз сен осы күнде данышпаны,  
Өзіңе құдай беріп тұрған кезде,  
Дұшпанның топ етеді алысқаны.

Есенбек жоққа сатпа асылыңды,  
Сыйлай көр қыз да болса нәсіліңді,  
Жақпаса «Арғын жоқты айтты» дерсің,  
Үлгі қып құлағыңа ал осынымды!»

Жалпы «Біржан мен Сараның айтысы» жалғыз мазмұн жағынан ғана емес, жоғарыда айтылғандай, түр жағынан да қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Бұл айтыста, бұрынғы айтыстардағыдай, мағынасыз, ала-құла өлең кездеспейді. «Біржан мен Сараның айтысы» ақылмен өлшеніп шыққан, ішінде көлденең, артық сөз жоқ, — жазба әдебиетінің жақсы үлгілері сияқты. Өзге айтыстардың көбі сюжеттік жағынан бірыңғай келе бермейді. Көп айтыста ақындар бірді айтып, бірге кетіп, біресе дінді, біресе ғұрыпты, біресе махаббатты сөз ғып, пікірін бірде ашық, бірде жұмбақтап айтып, айтыстың мазмұнын шұбарлап жібереді. Біржан мен Сараның айтысында осындай сюжет шұбарлығы жоқ. Бұл айтыстың өзегі біреу ғана, ол — қалың малды әшкерелеу. Осы тақырыпты айтысушы екі ақын да дұрыс алып шығады. Айтыстың мазмұны халықтың ойын болғандыратын тақырыпқа құрылғандықтан тілі де таза, көркемдік жағынан да жоғары дәрежеде.

Біржан мен Сараның айтысында образ өзгешелігі де ерекше көзге түседі. Қазақ халқының сол кездегі өмірін, тұрмысын, салтын Біржан мен Сара айтысындағыдай анық көрсете алған шығарма ол заманда болған жоқ.

Сонда да Біржан мен Сараның айтысына аңшылық пен малшылық тұрмыстан алынған салыстырмалы теңеулер, образдар көп қолданылады. Біржан өзін жүйрікке, жорғала теңеп, өлеңін жүйріктің шабысына қыран бүркітке теңеп отырады.

«Қанды көз май жеп алғыш ақиықпын,  
Сен түгіл қасқыр көрсем бір-ақ шайқар»,—

дейді. Бұлай деуі өзінің алғырлығын айтқаны. Әдетте, аңға саларда, бүркітті ашықтыру үшін оған «ақжем» беретінін аңшылыққа қатысты жоғарыда айттық. Қанды, майлы етті жесе, бүркіт тояттап, аңға түсе қоймайды, селқос ұшады, не аңды қумай отырып қалады. Қанды, майлы етті жеп аң алатын құсты аңшылар өте сирек кездестіреді де, оны аса бағалайды. Біржанның «қанды көз май жеп алғыш ақиықпын»— деуі осыдан. Бұл оның «бап талғамайтын, жеңбей қоймайтын ақынмын» дегені.

Біржанның бұл образына Сараның қарсы қоятын образы — үйрек.

«Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға»,—

дейді ол. Үйрек, былай қарағанда, ақынға олқы сияқты, алшынында бұл өте табылған образ. Әрине, әр теңеудің келісімі болуы, оқушы нанатын теңеуі болуы тиіс. Абай аттын құлағын «қамыс құлақ» деп қиған қамысқа теңемей, «бұ тақ құлақ» десе ешкім нанбас еді. Сол сияқты дене күшін ерлермен салыстырып, аң алғыш қыранмын десе, Сара сияқты XIX ғасырдағы ауылдың қызының бойына лайық болмас еді.

«Қамысты терең көлдің сұқсырымын»— деген сөз Сараға екі жақтан ұнайды: бірінші — сұқсыр үйрек дегені кішкене және ұшқыр үйрек, оны қаршыға мен лашынның ең ұшқыры ғана алады, шабан құсқа ол ұстатпайды. Сұқсыр өте сақ үйрек. Ол көбіне күндіз көлдің тереңінде жүзіп, түнде, іңірде ғана ұшады. Көлдің тереңінен үйрек ешуақытта қыран құсқа алдырмайды, ол суға сүңгіп кетеді. Міне бұл сипаттың бәрі Сараға келеді.

Әрине, Біржан мен Сараның айтысындағы мазмұндық және көркемдік қасиеттердің бәрін бұл очеркке сифызуға болмайды. Сондықтан мұны әзірге осымен аяқтаймыз.

\* \* \*

Айтыс жанрының ішіндегі бір көлемді саласы — әдет-ғұрып айтыстары. Айтыстың бұл түрі өзара түрлі тарауға бөлінеді. Бірнеше мысал келтірейік:

«Жар-жар» айтыстың көне заманнан келе жатқан түрі

және сипаты жағынан оншама өзгеріске ұшырамаған сияқты. «Жар-жар» қызды ұзатар алдында болатын айтыс. Қыздың тойы болып өткен соң, той тарайтын кезде бозбалалар қыз отырған үйге келіп, үзіктің жабығын түреді де, ұзатылатын қызға өлеңмен қоштасады. Бозбаланың қошталысып айтқан әрбір ауыз өлеңіне ұзатылатын қыз жауап береді. Олардың қоштасу өлеңі (жар-жар) былай болып келеді:

Б о з б а л а :

Қара-насыр замандас,  
Қара-насыр жар-жар-ау!  
Қара мақпал сәукеле  
Шашың басар жар-жар-ау!

Мұнда әкем қалды деп,  
Қам жемеңіз жар-жар-ау!  
Жақсы болса қайын атаң  
Орын басар жар-жар-ау!

Қ ы з :

Есікалды қара су  
Майдан болсын жар-жар-ау!  
Ақ жүзімді көргендей,  
Айнам болсын жар-жар-ау!

Қайын атасы бар дейді,  
Бозбалалар жар-жар-ау!  
Айналайын әкемдей,  
Қайдан болсын жар-жар-ау.

Осы қалыппен жігіт: «Қара-насыр» деп бастап, қыз «Есік алды» — деп бастап жігіт те, қыз да, қыздың туысқандары мен күйеудің туысқандарын бір-бір ауыз өлеңмен аитып шығады. Бозбаланың өлеңінде «әкеңнің орнын қайын атаң басады, ағаңның орнын қайын ағаң басады, ініңнің орнын қайын інің басады, сіңліңнің орнын қайын сіңлің басады, уайым жеме» деген сөздер айтылады. Қыз бұл жұбатулардың бәріне қарсы боп, қайын жұртының ешқайсысы да өз туысқанындай болмайтынын айтады.

«Жар-жардың» ескі заманнан өзгермей келген мұнан басқа үш түрі бар. Бертін кезде, Ақан сері тағы сондай аңыздардың шығарған «жар-жарлары» бар, олар жаттанды әбден қалыптасқан текстер емес, жаңа сөзбен, жаңа мазмұнға құрылған. Ал, ескі «жар-жардың» бір қалыптан өзгермеуіне ғасырлар бойы көшпелі тұрмыс құрымы келген қазақ халқының жағдайы да себеп болуы мүмкін.

Қазақ елінің саяси-экономикалық тұрмысына, әдет-ғұрпына кірген өзгеріс, қазақ халқы Россияға бағынып, Россия капитализмінің ықпалына түскеннен кейін ғана болады. Әйткенмен, ескі ауылдағы патриархалдық-феодалдық саат-сананың көп тармағы Октябрь революциясына дейін келуінде талас жоқ. Әдет-ғұрып өлеңдерінің, оның ішінде «жар-жардың» нелер заман өзгермеуіне себеп осындай жағдай деп түсінген дұрыс.

Айтыстың бір түрі — қыз бен бозбаланың өлеңмен әзілдесуі. Мұндай айтыс көбіне ел ауызында айтылып жүрген жаттанды өлеңдерден құралып, айтыс үстінде, оның мазмұнына, тақырыбына қарай кейбір шумақтар нә жолдар жаңадан шығарылып, өзгеріп отырады.

Қайымдасу айтысының басы қыз-бозбаланың жастық әзілінен басталғанмен, аяғы әлеуметтік маңызы бар мәселеге соғады. Бұған бір-екі мысал келтірейік. Мәселен, Күйкентай қыз бен Оспантай ақынның айтысының басы әзілмен былай басталады:

Жігіт:

Басы алтын өлеңімнің, бақайы жез,  
Кез болдың әріптеспен оңынан тез:  
Іздеген сұрағанға душар болса,  
Әртүрлі ойда жүрген айтылар сөз.

Қыз:

Сырты алтын өлеңімнің, іші күміс,  
Шабыста, желісте бар, жорға жүріс.  
Жан жетпес желісіме сау желгенде,  
Жарайды төтеп берсе біздің біліс...

Жастық әзілі осылай басталып, біраздан кейін бір-бірінің мінін айтуға, жөні келсе сықақтауға айналады.

Қыз:

Сақалыңды айпаға көрші қарап,  
Ту құйрықтан маңызды төрт-бес қадақ,  
Аулыңдағы бақалға күзеп сатсаң,  
Алты сабын береді, жеті тарақ.

Жігіт:

Олай деме, ақын қыз, тіліңді тарт,  
Толып жатыр аулыңда сақалды, қарт,  
Түгенбай, Түгелбайдың, Изелбайдың,  
Сыпырып жақсы болса сақалын сат.

Қыз:

Кеңірдектей кетпеннің ұңғысы бар,  
Біздің елде сақалды мың кісі бар.  
Қатарыңнан сақалың ерте шыққан  
Күзететін сондықтан қылмысы бар...

Әйел мен ер адамдардың айтысы осылай ойын - күлкі, ойнаспақтан басталғанмен, әйел теңдігі үстемдік құрған замандағы әйелдің ауыр тіршілігі, әйел күйбеңі үйде өте-өтпедігі сөз болмай қалмайды. Бұған Тәбия мен Омарқұлдың айтысы дәлел болады:

Тәбия:

Жылауды, жырау қылып мен айтамын,  
Өзіңдей замандасқа көп айтамын.  
Ұл болсам өзіңдей боп жүрмес пе едім,  
Арманға өзімді айтпай, нені айтамын.

Омарқұл:

Адамдар зерек болмақ ақылы мол,  
Қажыма, ақыл, қайрат айтқаным сол,  
Еліңе барған жерде елеулі боп,  
Халқыңа қадірменді қалаулы бол!

Тәбия:

Жарайсың, бәрекелді, замандасым,  
Құмғандай күзетерміз оттың қасын.  
Елеулі елге келген, бір келін деп,  
Ұстауға қимас сірә елдің басын.

Омарқұл:

Ардақтап әділ күтсең ата-ананы,  
Бар еді жақсы-жақсы баталары,  
Ұятты иманындай күткен келін,  
Халқына қалаулы боп атанады.

Әкесінің «алтын босағасын» аттаған қыздың келіншек болғаннан кейін көретін кемшілігін, теңсіздігін сипаттай келіп, Тәбия қыз алдағы күнде қалың малдың зорлығымен өмірлі отырған күйеуін былай суреттейді:

Күйеудің де өліпті баласы аштан,  
Сондай жері болмаса күйе қастан;  
Тоғыз таздың ауылы атанады,  
Құрт жайлаған қып-қызыл жалтыр бастан.

Ең кенжесі болады маған күйеу,  
Ірің ағып тұрады самай шаштан.  
Аштан өлген әкеңе ол не айтады,  
Тойып өлді Қоңқабай деймін астан.

Омарқұл:

Өлең құрап айтуға кенде емес ем,  
Сөз ілесіп барады жөнелмесем,

Таз болуға тақалып қалған шығар,  
Ерте барып кепжені емдемесең.

Тәбия:

Жүгірмек қайдан келдің сенің өзің,  
Өткендей қос өкпеден айтқан сөзің,  
Құрт жайлап ол шіркінді құдай алса,  
Ашылар ма екен деймін екі көзім.

Омарқұл:

Тым асып сөз сөйлеме, замандасым,  
Алпысқа өлмей жасың аман барсын,  
Іні өлсе, аға мұра, өле берсе  
Таз бастың тоғызын да тамамдарсың.

Бұл сөзді Омарқұл Тәбияға мазақпен, кекетумен айтып отырған жоқ. Жаны ашып, аяп, Тәбияны емес әмеңгерші қалыңмалшыл, зорлықшыл заманды сөгіп отыр. Себебі таңдаған жарын сүйе жағынан Омарқұлдың өзі оңып отырған жоқ. Тәбия өлеңінің бір жерінде:

Жүрегім айнығанда құсық болды,  
Аузыма секем алып ұшық толды.  
Өкпеме меңің құдай тазды жазды,  
Қатының неге сенің пұшық болды?—

деген сұрауына Омарқұл қысылып, былай деп жауау береді:

Секілді тауға біткен жалғыз арша,  
Таздарға жарар еді пұшық барса,  
Менде жоқ саған жетер қалың дәулет,  
Сонда да сен жоқ маған амал қанша!

Бұл арадан ескі ауылдағы екі қайшылықтың беті ашылады: біреуі, қалың малын төлеген қызды кәрі демей кем демей, кім болса сол ала алады; екіншісі, қанша жақсы жігіт болғанмен, егер малы жоқ кедей болса, о сүйгенін емес, кез келгенін алады. Осы хал Омарқұл мен Тәбияның басына бірдей туған.

Адамның кедей болу себебін де, тұз-дәмі жарасып бірі бірі сүйген екі адамның бір-біріне қосыла алмау себебін де Омарқұл мен Тәбия өздерінің білім дәрежесінің жоқтығынан терең түсіне алмайды. Өйткені олар мұның түп тамыры әлеуметтік теңсіздік пен антагонистік қоғам қайшылықтарынан туып отырғанын білмегені мәлім. Оның үстінде дүшпін шырмауында болған бұл жазықсыз жандар теңсіздіктің бәрін тағдырдан, жазмыштан деп те түсінеді.

Бірақ олар бұл теңсіздіктің тамыры қанаушы таптың шырағында өсетінін практикалық өмір жүзінде жүрекпен сезіп, түсінеді. Сондықтан олар өз бастарының мұңын заманшыл мұңы көріп, былай деседі:

О м а р қ ұ л:

Әркімдер туған елін ел қылып жүр,  
Бірін бек, бірін батыр, ер қылып жүр.  
Біреуге мал мен басты тегіс беріп,  
Біреуді қара жермен тең қылып жүр.

Біреудің қарабасы қазына боп,  
Халқына айтқан сөзін ем қылып жүр,  
Кейбіреу қалт-құлт етіп жанын бағып,  
Кейбіреу жан баға алмай мәңгіріп жүр.

Болғанда біреу жарлы біреу жалғыз,  
Біреуді аспан көктей кең қылып жүр  
Біреудің қылған ісін оңалтастан,  
Көз жасын көл дария сел қылып жүр.

Құдай да құдың жағы болды білем,  
Біреуді біреуге әкеп жем қылып жүр,  
Кейбіреу өтірік айтып өсек тасып,  
Жалғанға жанын беріп сендіріп жүр  
Халықтың қамын ойлар әділет жоқ,  
Көнбеске көмескі өмір көндіріп жүр.

Т ә б и я:

Алты ай қыс, алты айыңды жаз қылып жүр,  
Біреуден кейбіреуді аз қылып жүр.  
Қарасаң қалпы жаман замананың,  
Біреуді біреу арбап азғырып жүр.

Біреудің қарыны тоқ, қара басы,  
Қайда ауса, сонда кетіп қаңғырып жүр.  
Әлдінің қатыны өлсе айға толмай,  
Төсегі жасаңғырап жаңғырып жүр.

Ақ майға көкірегі байдың азып,  
Жүрегін кембағалдың создырып жүр.  
Біреудің мұрны пұшық, аяғы ақсақ,  
Соқырға су қараңғы наз қылып жүр.

О м а р қ ұ л:

Байға жалпақ, батырға қошемет көп,  
Төсігін теңін қостап тығындаймыз,  
Малдыға малсыз кісі жағынуда,  
Жалманып әлдекімдей қыдырмаймыз.

Қыбырлап құмырысқадай өмір бойы,  
Қызмет соларға істеп қыбырлаймыз,  
Қу десе, бұзық десе, әне біреу  
Жеткізіп мақтағандай жымыңдаймыз.

Айтысын әзілмен бастап, аяғын мұңды драмаға айналдырған Омарқұл мен Тәбия сөздерін мынадай өкінішпен аяқтайды.

Омарқұл:

Қанғандай болды құлақ көпке, жаным  
Қайталық гафу етсең сөкпе, жаным.  
Жақсы айттық, жаман айттық бәрі жел сөз,  
Етпейсіз оған бола өкпе, жаным.

Әйелдің білімдісі ер сыйлайды.  
Еріңді аяқ асты етпе, жаным.  
Есікте ел сыйлаған қалмас дейді,  
Көкірекке аруақты теппе, жаным.

Есіңде қашан болсын осы болсын,  
Ұмытып ұзақ уақыт кетпе, жаным.  
Ойыңды ұйқы-шұйқы бердім деген,  
Сөзіңді естіртіп кет, көпке, жаным.  
Және де біз көргенше қош аман бол,  
Күйеужан маңдайына теппе, жаным!

Тәбия:

Маңдайға жазылды ғой неде болса,  
Болса да жаман-жақсы көндім деймін.  
Тілеген менен қолдан осы болса,  
Шын бердім тілегіңді сенгін деймін.

Ауылға жүре көргін, келіп, кетіп  
Көңілді көтерелік еліктетіп,  
Жеткізбес қос аттыға өткен өмір,  
Барады өтіп дүние келіп, кетіп.

Еріммен құшақтасып дос болыңыз,  
Дос болсаң қолқаласпай бос болыңыз,  
Тағысын тағы болса жолығармыз,  
Тағы да жолыққанша қош болыңыз!

Күйкентай қыз бен Оспанай ақынның, Тәбия қыз бен Омарқұл ақынның айтыстарына біз бұл очерктерде екі сөзбен толық тоқтадық:

Біріншіден, әдет айтыстарының басына «жар-жарды» әдейі қойған едік. «Жар-жар» да ұзатылатын қыздың ө

үшін, өз туысқандарын күйеуінің үйінен, күйеуінің туысқандарынан артық көретіндігі байқалатын еді де, неге олай болатын себебі ашылмайтын еді. Күйкентай мен Оспантайдың, әсіресе Омарқұл мен Тәбияның айтыстарында көмескі оңдың беті айқын ашылады. Әрине, революциядан бұрынғы қазақ әйелі ермен бірдей тең праволы бола алмаған, өткенмен, үй тұрмысында қызды туысқандары бұла ғып ұстайды. Қалың малы төленіп, әкесінің үйінен кетіп, күйеуілікке барғаннан кейін, байлардың келіні болмаса, кедейдің келіні шын мағынасындағы теңсіздікке түскен. Қоғамдық-әлеуметтік тұрмыстағы теңсіздігімен қатар, әйел өзінің жеке тұрмысында да кемшілік көрген.

Екіншіден, Омарқұл мен Тәбияның айтысына ұқсас айтыс қазақта өте көп. Олардың бәріне тоқталуға мүмкін болмағандықтан осы сияқты айтыстардың ішінен бірер айтысты ғана алып, талдауды жөн көрдік. Бұл екі айтыста әлі де, шындық та, қуаныш та, қайғы да бар. Және бұларды шын мағынасындағы халық айтысының айқын стилі сақталған. Омарқұл мен Тәбияның айтысы — қайымдасудың классикалық түрі. Бұл айтысты толық оқыған кісі, оның саяси және көркемдік маңызы зор екенін айқын көреді.

\* \* \*

Айтыс жанрының үлкен бір саласы жұмбақпен айтысу. Бұл айтыс екі түрлі болады: біреуінде екі ақып жұмбақсыз жай айтысып отырады да ара-тұра жұмбақпен бір-біріне сұрау беріп, оған жұмбақпен жауап қайтарады, екіншісінде айтысты жұмбақпен бастап, жұмбақпен аяқтайды.

Жұмбақ айтысында да мазмұн жағынан жаттандылық іздеп кездескенімен, түр жағына келгенде өткен оқиғаларды қайталау көп қолданылмайды. Себебі жұмбақпен берген сұрау ойда жоқ жерде кенеттен қойылады да, оған ірігілмей, табан аузында жауап беру қажет болады.

Жұмбақ айтысы — айтыстардың ішіндегі ең қиыны. Айтыстың бұл түрі жалғыз ақындықты ғана емес, онымен бірге ақылдылықты, тапқырлықты талап етеді. Сондықтан да екі ақын айтыса отырып, жай сөзбен бірін-бірі жеңе алмаған жағдайда жұмбақ айтысына көшіп, өз ақылдылығын, тапқырлығын сынасады. Жұмбақ айтысының тақырыбы толып жатқан тарауға бөлінеді. Алайда олардың бәрін талдауға мүмкін емес, біз оның негізгі салаларына ғана тоқталамыз.

Әсет ақын мен Рысжан (қыз) ақынның айтысында, Рысжан Әсетке төрт түрлі жұмбақ айтып, бәрін де Әсет шешеді.

Рысжан:

...Әнеде бір бәйтерек шыққан биік,  
Көрінер қолаңкесі көкке тиіп,  
Жемісі мәуесімен жарасулы,  
Сенімді сегіз бұтақ тұрған тиіп...

Әсет:

.. Сұрасаң әділ кеңес көпке жеткен,  
Көңіліңді сөз кемітіп өкпелеткен.  
Бәйтерек жапандағы ақ падиша,  
Көңілі ұлықтықпен көкке жеткен.

Ұлық тақтан таймайды халыққа жақса,  
Қатын байға еркелер бала тапса,  
Иілген сегіз бұтақ — сегіз санат,  
Жайылған жапырағы қағаз ақша...

Отыз, қырықтай құзғындар — елу басы,  
Үш жылда, нәр татқаны он бес теңге,  
Сайлауда шарын салып соны алады  
Оларға не пайда бар онан өңге...

Рысжан:

Қос әйнек шыны да емес, темір де емес,  
Шын адам түзете алмас болса көмес.  
Ашылып-жабылады пружинамен,  
Ол өзі қымбат нәрсе, тегін емес...

Әсет:

Түп-түзу оқтан өткір айтқан сөзің,  
Осы көп сөз шешуі жалғыз өзің,  
Қос әйнек шыны да емес, темір де емес,  
Ашылған қан тамырдан екі көзің...

Рысжан:

Әс-аға сыртыңыздан көп естуші ем,  
Халық жалған айтпаса неге естуші ем,  
Бұтып-шатқан ақынның бірі ме деп,  
Күнәңді бөле-жара жеп естуші ем,  
Жұмбағымның айтайын үшіншісін,  
Сөзімді түгелдеп бер жетсе күшің...

Арықтап бір түйе өлді жетіп ажал,  
Алты батпан майы бар безбенге сал,

Сүйрегі жерден, көктен табылмайды,  
Білдің бе мұның өзі қайда өлген мал,

Артылған мәртебеңіз талай жұрттан,  
Көрген жоқ сізді сөгіп біреу сырттан,  
Әлгі алты батпан түскен майдың,  
Сапасаң әр батпаны жеті бұттан.

Ә с е т:

Рысжан, бұлбұл қызсың жаннан аса,  
Сөйтсе де бір сырың бар менен таса.  
Менен өзге бір адам таба алмайды,  
Мұны да бір күн, бір түн ойламаса.

Домбыра саған ерген бұлбұл екен,  
Рысжан қара сөзге қырғын екен.  
Арықтап оттай алмай өлген түйең,  
Ақылмен абайласам бір жыл екен.

Ол түйең арық емес, семіз еді,  
Халыққа түрлі нығмат жегізеді,  
Жылды өлтіріп, өтірік арықтатып,  
Осынша жалған сенің неңіз еді.

Болады осылайша сөздің жайы,  
Ақынның жарамайды құр айғайы,  
Әлгі алты батпан түскен майың  
Санаулы бір жаздағы, жаздың айы.

Тамаша тапқан сөздің бар ма міні,  
Болады осылайша сөздің шыны,  
Әр батпаны жеті бұт деген сөзің,  
Оралған бір жұманың жеті күні.

Р ы с ж а н:

Бағыма бұлбұл Әсет болған ақын,  
Кім сөгер Орта жүздің қолқанатын.  
Сөз көшесін қыдырған көрегенсің,  
Жерің жоқ, бір мүдіріп толғанатын.

Мәселе бір-ақ ауыз жұмбақ қалды,  
Орын жоқ онан әрі зорланатын,  
Алты мың жан иесі хайуанаттар,  
Олардың қандай адам қойған атын...

Ә с е т:

Айтпассыз ағат сөйлеп білсек қата,  
Ақын деп елім маған берген бата.  
Әлемді он сегіз мың үшке бөліп,  
Ат қойған өз ойымен Адам ата...

Рысжан мен Әсеттің жұмбақ айтысынан үзінді келтірген себебіміз мұнда бірнеше мәселенің беті ашылады.

Бірінші жұмбақта патшалық құрылыс сөз болады да, ауылдағы ұсақ әкімдер: старшын, он басы т. б. сынға алынады. Жұмбақты айтушы да, шешуші де оларды атап қана қоймай, халықты қанап отырғанын құзғын мен күшігендей жемтікшіл сұм ғып көрсетеді.

Екінші жұмбақ — адамның мүшелері туралы, үшінші жұмбақ — жыл мерзімдері туралы, төртіншісі — әлем дүниесі туралы. Оларда адам немесе табиғат көріністері ғана сипатталады да, философиялық тұжырым кездеспейді. Дегенмен, олардың ерекшелігі, ақынның сол көріністерді шебер түрде жұмбақ арқылы жеткізіп, қиын жұмбақты қиынамай, тапқырлықпен тез шешуінде. Бұл жұмбақтардың айтылуы мен шешілуінде ақындықпен қатар үлкен тапқырлық жатыр.

Әсет пен Рысжанның жұмбақтарындағы сарын Қожахмет пен Әубәкірдің жұмбақтарында да бар. Қожахмет Әубәкірге алты жұмбақ айтса, ол бәрін де шешеді. Осы алты жұмбақтың төртеуі патша үкіметінің құрылысына, оның қазақ даласын отарлау саясаты жайына арналған. Бірақ Қожахмет пен Әубәкірдің жұмбағында патша үкіметінің оның отаршылдық саясатын әшкерелеу басым. Бұлардың жұмбақтары халықтың саяси наразылығынан шыққандығын көрінеді, бұл жұмбақтардың мазмұнынан патша үкіметінің озбырлығына қарсы өшпенділік лебі аңғарылады. Әубәкір мен Қожахметтің патша үкіметін әшкерелеуге құрылған жұмбақтары түр және мазмұн жағынан Әсет пен Рысжанның жұмбақтарына ұқсар болғандықтан, олардың телеграф туралы жұмбағын ғана мысалға келтірейік.

#### Қ о ж а х м е т :

Жапанға біткен қу ағаш,  
Көгермейтін құр ағаш.  
Асты топырақ үсті тас.  
Бір бұтағын байқасаң  
Петербургпен шамалас  
Бір бұтағын қарасаң  
Бұхарамен қаралас.  
Өзін адам көрмейді,  
Тірі жанға жоламас,  
Сөйлеседі екі адам,  
Біреуінің жаны бар,  
Жаны жоқ десем жарамас,

Жаны бар десем бірсуін  
Қылышпен шапса қанамас...

Ә у б ә к і р:

Алтыншы айтқан жұмбағың  
Телеграф ағашы,  
Қасына барсаң көрінер,  
Темірінің қарасы.  
Көмген жері топырақ,  
Бас жағына қарасаң  
Шыныдан болар мұржасы.  
Шыңылдатып қаққан соң  
Тірі жанға жоламас,  
Сөзіңнің сенің бәрі рас...

Бұл жұмбақтың бағасы көркемдігінен гөрі мазмұнында. Мұнда, бұрынғы жұмбақтарда (айтыс, нә жай жұмбақ болсын) кездеспейтін жаңа мазмұн бар, ол жаңа техника — телеграф.

Жұмбақ айтысы жөніндегі пікірді Нұржан Наушабаев пен Сапарғалидың жұмбақтарымен аяқтауға болады. Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақтарындағы бір өзгешелік — мұнда айтыс жұмбақпен басталып, жұмбақпен аяқталады. Бұл айтыста жұмбақтың стилі түгел сақталады. Екіншіден, Нұржан мен Сапарғалидың бұл жұмбақтары шын мағынасында реализмге құрылған. Бұл жұмбақта діншілдік мотив те жоқ. Мұндағы жұмбақтар ауыл тұрмысының шындығынан алынған. Онда жалпы ауыл емес, Россияға қосылғаннан кейін қалаға, базарға араласқан, фабрика, завод заттарын меншіктенген, оқуға араласқан ауылдың тұрмыс шындығы, кәсібі, күн көрісі айтылған.

Әрбір әдебиет жанрларының, нә сол жанрдың әрбір саласының өз биігі, өз мертебесі болады. Жұмбақ айтыстарының ішіндегі сондай асқағы осы Нұржан мен Сапарғалидың айтысы. Айтыстар ішінде мұның көркемдік және реалистік жағынан ерекше маңызы болғандықтан одан үзіндіні молырақ алып отырымыз:

Сапарғали:

Мен көрдім неше жүйрік даналарды,  
Байқауға ойладың ба шамаларды,  
Жұмбағыма қайтарса дұрыс жауап,  
Біз де сынап қарайық балаларды.

Нұржаным, білдірейін сізге тағы  
Құс көрдім езі жансыз бір аяғы,

Теңізде салған жолы сайрап жатыр,  
Фәһіммен ойлап тапқын мұны-дағы.

Нұржан:

Сапеке айтқаныңды қазір табам,  
Жансыз құс бір аяқты мұның қалам,  
Теңіз мысал қағаз ғой, жолың жазу  
Жұмбағың осыменен болсын тәмам...

Сапарғали:

Бір үй бар әйнегі жоқ және есігі  
Ішінде қорек егер бар нәсібі,  
Болады бірде жанды, бірде жансыз  
Нақ көзге көрінерлік жоқ кәсібі.

Нұржан:

Демеймін бұл сөзіңді бос болады,  
Жұмбақты шешсем көңілім қош болады.  
Жұмыртқа әйнегі жоқ және есігі,  
Әуелде жансыз, ақырында құс болады.

Сапарғали:

Мен, көрдім бір теңізде темір қайық,  
Әр пенде пайдаланды көріп лайық.  
Үстіне түндігі жоқ үйді тігіп,  
Кетеді ризықтанып барша халық.

Нұржан:

Дастарқан теңіз мысал, қайық поднос,  
Бұл күнде жалпы халық қойған ықлас,  
Шыныаяқ түндігі жоқ үй дегенің  
Әр пенде ризықтанып ішпей ме ас...

Сапарғали:

Бірнәрсө өзі жансыз аяғы жоқ  
Су менен шөптен басқа тамағы жоқ.  
Ішін ашып қарасаңыз бір мезгілде  
Тұрады жеген жемі жабағы боп.

Нұржан:

Шәйнекті ұқсатамын сыяғына,  
Су менен шай мысал қылдың тамағына  
Ішіп шайды қақпағын алғаннан соң  
Шамасы ұқсамай ма жабағыға...

Сапарғали:

Бір құс бар қанат жайса дөп-дөңгелек,  
Адамнан ешуақытта жүрмес бөлек,

Ұшырса, қондырса да еркі адамда,  
Шықпайды панаңыздан көлеңкелеп.

Н ұ р ж а н:

Мысалы, жайса зонттик құс секілді,  
Тетігі қолда болған іс секілді,  
Жауса пана, күн шықса көлеңкесі  
Достығы бейне сіз бен біз секілді...

С а п а р ғ а л и:

Бірнәрсе заты тастан іші қуыс,  
Ұсталар істеуіне қатты жұмыс  
Өтпейді балға, пышақ, өткір қылыш  
Қатадан құл болады қылсаң жұғыс.

Н ұ р ж а н:

Шыныға басқа алмастай темір өтпес,  
Ұсталар балға төспен істеп жетпес.  
Сынса егер іші қуыс бөтелкелер,  
Бірігіп ешуақытта қайта бітпес.

С а п а р ғ а л и:

Бірнәрсе екі түрлі заттан болған,  
Адамзат шығарады істеп қолдан.  
Жұмсаймыз тазалыққа уақытымен,  
Ғұмыры ақырында бітер судан.

Н ұ р ж а н:

Сабын деп ойлап білдім мұның түрін,  
Екі зат қып қойыпсың май мен күлін.  
Ғұмыры су дегенде зая болған  
Пәк қылып тазартады тәнің кіріп...

С а п а р ғ а л и:

Мен көрдім патша елдің елі-жұртын,  
Қаралар бірдей қылып бауыр сыртын.  
Шілде ауып, жаз ортасы болған кезде,  
Қоймайды төбе шашып, сақал-мұртын.

Н ұ р ж а н:

Соқамен жер жыртамыз егін салсақ,  
Еңбексіз егін болмас қарап тұрсақ.  
Уақыты егін пісін жеткенен соң,  
Жұлғаны сақал-мұртын орып алсақ...

## 5. ДІНИ АЙТЫСТАР

Қазақ халқы ислам дінін Орта Азияның өзге елдерінен кеш қабылдағаны және жалпы діни сенімдердің пайда болуы жайында кітабымыздың бас жағындағы тиісті тақырыптар шеңберінде сөз еттік. Енді біз ислам дінінің айтыс жанрына қаншалық әсер еткенін әңгіме етпекпіз.

Ислам дініне дейінгі қазақтың сиынған діні — шаманизм екенін айттық, ал оның сарқыншақтары қазақ арасында революцияға дейін орын алып келді. Бұлар, жоғарыда айтылғандай, бақсылық, отқа, аруаққа табыну; әрбір аурудың өз құдайы бар деп ұғыну, т. б. түрінде болып келеді.

Негізінде бақсылар қазақтың ауыз әдебиетін кеңінен пайдаланды. Мысалы, бақсының сарыны, тістің ауруын (құртын) өлеңмен шақыру, жылан шаққанда өлеңмен емдеу, бәдік айтысу, аруақпен, жынмен сөйлесу т. б. Айтайық деп отырған тақырыбымыз айтыс туралы болғандықтан, шаман дініндегі айтыс тәрізді сарындарға ғана тоқталамыз.

«Бәдік» шаман дініне сенетін қазақ халқының ертедегі ұғымында «бәдік» дегеніміз малға, адамға тиетін індет ауруының иесі, яғни құдайы.

Шаман дінінде ауруды емдеудің жеке де, жалпы да түрі бар. Жеке түрінде жалғыз бақсы ғана емдейді, жалпы түрі көптеген бөгде адамдардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Бақсының ойнау тәртібі мына төмендегідей: әдетте бақсы науқас адам жатқан үйге халықты жинайды да, ымырт үйіріліп, қас қарайған кезде, киіз үй болса түндікті, есікті жаптырып қойып, қобыз тартып сарнайды. Бақсының айтуынша, мұның олай сарнаудағы мақсаты — әлдеқайда алыста жүрген аруақтарды және жындарды жәрдемге шақыру. Біраз сарнағаннан кейін, бақсы орнынан атып тұрып, үй ішінде денесін бұралаңдатып, қарғып, секіріп, бет-аузын қисаңдатып, көзін алартып, өзімен өзі арпалысып, жүгіріп жүріп сарнайды. Осы кезде ол есінен танған болып, аузына не келсе соны айтады, үйдегілерді сабайды, орынсыз нәрсеге ұрынады.

Шаман дінінің айтуынша, жақсылық құдайлары жәрдемге келмесе, бақсыда жауыздық құдайын қуарлық күш жоқ. Сондықтан бақсы сарнап ойнағанда, жақсылық құдайларын көмекке шақырады. Сарнап жүріп бақсының «талып» қалатын себебі, бақсының ұғымынша ол кезде бақсының жаны мен тәңірінің жаны бірігеді де, дерттің

құдайымен алысып, оны жеңеді, бұл алысу, бақсы талық-  
сып жатқанда болады. Бақсының есін жыюы, жақсылық  
құдайының жамандық құдайын жеңіп болған кезі, осы  
кезде ғана бақсының жаны өзіне қайта оралады. Шаман  
дінінің уағыздауы бойынша, бұл ауруды емдеудің тек бақ-  
сының жеке басының қатысуымен атқарылатын түрі.

Жалпы түрінде көпшілік қатынасады. Мысалы, қойға  
өкіртпе, жылқыға жамандатпа аурулары тиіп, сиырға ала  
өкпе иә қарасан тиіп, мал көп қырыла бастаған кезде табын  
малды отпен аластап айдау, иә өліктің қабырына түнетіп  
емдеу болған. Бұл емдеуде бақсы ғана емес, оған көпшілік  
те қатынасып, азан-қазан, у-шу боп, малдың зәресін алып  
үркіткен, ондағы ойы оттан, шудан, аруақтан ауруды сес-  
тіндіру.

«Бәдік» ұғымы осы шаман дінінің қалдығы. Өйткені,  
ғалақ арасына ислам діні тараған кезден бастап «бәдіктің»  
мағынасы да өзгеріп, жын шақыру ойынына айналған.  
Оған «бәдік» айтысының өзі куә.

Шаман дінінде ауруды «көшіру» деген әдет бар. Онда  
аулақ адамның немесе малдың ауруын басқа затқа «кө-  
шірді». Әдетте, ауруды «көшіргенде» бақсыға ерген жұрт  
малдың қу сүйегін әдемілеп сырлайды да, елден аулақ жерге  
апарып тастайды. Бақсының айтуынша дерт «иесі» ауыр-  
ған адамнан иә малдан қуылғанда жоғалып кетпейді, ол  
өлуге тиісті емес. Сондықтан, басқа адамға, иә малға соқ-  
тықпауы үшін, бақсы оны қу сүйекке байлап қоюға тиіс.  
Сол себептен де ауру көшірген сүйектің маңына адам жола-  
мауға, малды да жолатпауға тырысады.

«Бәдік» айтысында осы «көшіру» бар. Бірақ бұл «көші-  
ру» бертінде бұрынғы мағынасын өзгертіп, жастардың ойы-  
нына айналған. Бұрын, ел шаман дініне сенген кезде «бәдік»  
ауруды емдеуге арналған өлең формасы болса, бертінде ау-  
ру емдемей-ақ жастар «қыз, бозбала» сауық ретінде бас  
қосып, «бәдікті» ойын барысында қолданған, бұрынғы «бә-  
діктің» түрін ғана пайдаланып, мазмұнын өзгертіп ойын-  
сауықтық мазмұн берген.

Бертін кезде, революцияға дейін, мал не адам ауырмай-  
ақ, жастар өз бетімен сауық жасауға жиналып, өзара «бә-  
дік» айтысқан, «Бәдіктің» өлеңі:

Айт дегеннен айтамын-ау бәдікті,  
Қара мақпал тоным бар барша әдіпті.  
От, оттамай, су ішпей жата берсе,  
Бәдік емей немене бір кәдікті.

Көш, көш, көш!...  
Бәдік кетіп барады шатқа таман,  
Жүген ала жүгірдім атқа таман.  
Құдай айдап бәдікті қолға берсе,  
Итере салар едім отқа таман.

Көш, көш, көш!...

Бәдік желдей деседі,  
Бәдік желдей еседі,  
Асқар-асқар тауларға,  
Айпала соққан құйынға  
«Ай, көш» десе көшеді.

Ай, көш!

Көшер болсаң, әй бәдік, Мекеге көш,  
Кемпір мыйын мүжіген шекеге көш,  
Көш айласын білмесең мен айтайын,  
Қойдан қойға жүгірген текеге көш!...

«Бәдіктің» басы осылай жалпылап келеді де, аяғы қыз, бозбаланың әзіліне айналады. Мәселен:

Жігіт:

Қара тауым дегенде қара тауым,  
Тау басынан соғады қара дауыл.  
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге  
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл.

Қыз:

Бәдік кетіп барады таудан асып,  
Таудан аққан бұлақпен араласып,  
Енді екеуміз бәдікті тауып алып,  
Шын құмардан шығайық сабаласып.

Жігіт:

Жемір бәдік дегенге, жемір бәдік,  
Қу қыздардың шекесін кемір бәдік,  
Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,  
Бүйрек майын же-дағы семір бәдік.

Қыз:

Бәдік кетіп барады мекесіне,  
Ешкі арығыш білдірмес текесіне,  
Онап көшер жайыңды мен айтайын,  
Бар да жабыс жігіттің шекесіне...

«Бәдік» айтысы осылайша қыз бен бозбаланың жастық әзіліне айналады да отырады. «Бәдік» айтысының нақ қай заманда шыққанын анықтау қиын. Бірақ ол ескіден қалған мұра есебінде айтылмай, кейінгі заманның да әдет-ғұрпына араласып, әр заманның өз тұсында шыққан айтыс өлеңі сияқтанып кеткен. Бұл айтыс кейбір ауыл арасында революцияның бастапқы жылдарында да болды.

Дін айтыстарының ішінде, ислам дінінің әсерінен туғандары да көп. Ондай айтыстардың мақсаты — қазақ арасы-

на ислам дінін уағыздап, исламның дүниеге, адамның іс-аркетіне қатынасып, насихаттау.

Дінге сенуші ақындардың бір қатары дүниенің жаратылуына ислам діні тұрғысынан келіп, оны айтыстың тақырыбы етіп те алады. Мысалы, Болық қыз бен Елентай ақынның айтысы:

Б о л ы қ:

Ақын жігіт аталған Елентайым,  
Өнерпаздың өнерпаз білер жайын.  
Жауап бер біразырақ сөз сұрайын,  
Әуелі не жаратты бір құдайым?

Е л е н т а й:

Болық, маған белгілі сенің сырың,  
Біздерден артық емес айтқан жырың.  
Бұрынғы даналардан естігенім,  
Жер мен көк жаралыпты елден бұрын.

Б о л ы қ:

Елентай, сұрай берсем сөзім көп-ті.  
Ол күнде болатұғын адам жоқ-ты.  
Өнерің бар жігітсің, өзің епті,  
Не нәрседен жаратты жермен көкті?

Е л е н т а й:

Құдайым әуелінде жер жаратты,  
Дүниені ел сыйғандай кең жаратты,  
Бөліпті меруерттей өмірімен  
Көбіктен тоғыз қабат көк жаратты...

Бұл сияқты діни тақырыптағы айтыстар қазақ әдебиетінің өркендеу тарихындағы бір дәуірді көрсетеді. Әрине, ол тарих үшін қажет мәселе, бірақ бұл сияқты әдеби мұралар халықты дін уымен улаған, прогреске кедергі болған талаалды әдебиет болғаны мәлім.

Дін айтысын таратушылар, көбінесе қожалар. Өздерін «пайғамбардың әулетіміз» дейтін қожалар Арабстаннан Азияның өзге өлкесіне дін таратуға шыққан насихатшылар кенін осы кітаптың бас жағында шежіреге қатысты айтқанбыз.

Ал айтыс жанрында ислам дінін, оны таратушы қожаны селеке қылған айтыс та жоқ емес. Оған Ұлбике қыз бен Сүдері қожаның ұзақ айтысынан келтірілген төмендегі зіндінің өзі-ақ дәлел болады.

Күдері:

Сексеуіл құмға біткен бес алмалы,  
Зинақор бір құдайды еске алмады.  
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,  
Тұсыма қыздар келді қос алмалы.

Ұлбике:

Сексеуіл құмға бітер бес алмалы,  
Зинақор бір құдайды еске алмады.  
Тұсыңа қыздар келді қос алмалы  
Ұстайды қожа қалай ақ шалмалы?!..  
Қазақтың шынжан тайын алдап алған,  
Жаһаннамға қожа жетер ақ шалмалы.

Күдері:

Сексеуіл құмға біткен бес алмалы,  
Зинақор бір құдайды еске алмады.  
О дүние бұ дүниеден жақсы дейді,  
Баралық бәріміз де жан қалмалы.

Ұлбике:

Өлең-өлең, өлең деп өтер еді,  
Өлең шіркін көңілді көтереді.  
Бұл дүниеден ол дүние жақсы болса,  
Адамға айтпай қожалар кетер еді...

Негізінде Ұлбикенің Күдеріге қайтарған осы айтыстағы жауаптары — дінді, діншіл қожаны масқаралау. Халық данышпандығымен діннің халыққа, тұрмысқа жат қылығын әшкерелеу. Дін туралы айтыстарда Ұлбикеден басқа халық ақындарының өлеңдері де көп кездеседі.

## 6. ДАРА АҚЫНДАР

Қазақтың көне заманнан бері айтылып келе жатқан, бірақ авторы белгісіз, өлең-жырларын жоғарыда «халықтық» деп атадық. Дегенмен ондай жырлардың авторларының біразы кейінгі ғасырларда анықталып, мәлім бола бастайды.

Бұл авторлардың кейбірі тарихта мәлім болғанымен, көбі халық аузында аңыз ретінде сақталған. Олардың өмірі, шығармалары туралы нақтылы деректер жоқтың қасы. Ал анықталған авторлардың біразының есімін жоғарыда «айтыс» жайында айтқанда келтірдік.

Айтыстан басқа өлең-жырларда да есімдері сақталған авторлар жоқ емес. Сол дара ақындардың біразының есімдерін атай кетейік.

Негізінде жырлаулардың бір қатары совет заманына да келіп жетті. Солардың ішіндегі көзге түсетіндерінің бірі

республикамыздың Маңғыстау облысында туып-өскен Сеңгірбайұлы Мұрын жырау (1860—1952). Өзге жырларын білмей қонғанда, ол «Қырымның қырық батыры» аталатын жырды айдан артық уақытта айтып әрең тауысады екен. Соның шет-жағасын өзіміз де естідік. Оның жыры да, орындау тәсілі де ғажап. Бірақ, өкінішті жері оның айтқандарын түгел жазып алатын магнитофон ол кезде біздің қолымызда болмады.

Мұрын сияқты жыраулар қазақ халқының тарихында әр заманда және әр жерлерде-ақ кездесе береді. Олардың біразы біздің советтік заманға келіп жеткенмен, қазір қатары сиреп бірен-сарандап қана қалды.

Жыраулар әдетте, көне заман жырларын бірінен-бірі қабылдап, атадан балаға таратып отырумен бірге өз жандарынан өлең, жыр шығаратын да болған. Сондай жыраулардың бірі жетісулық Сәдібек Мүсірепұлы (1885—1959) еді. Бұл жыраудың жаз айларында жайлауға шығып, қыс кезінде ауыл аралап жүріп жыр айтатынын өзіміз де көрдік. Бір кезде ол «Алпамыс» жырды ымыртта бастап, түн ортасы ауа аяқтады. Сол сияқты Жамбыл ақын да өзі шығарған «Мүйізді Өтеген» жырды ұзақ түнге созатын еді. Нұрпейіс Байғанин да өзі шығарған «Нарғыз» жырды екі-үш күн орындайтын.

Жыршылардың ескі жырларды есте тұтуы ғажап. Мысалы. «Қырымның қырық батыры» бір ай бойына жырлайтын Мұрын ескі жырларға сүйене отырып, көбін өз жанынан шығаратын. Қырғыз ақыны Қаралаев Саяқбай (1894 жылы туған) жарты миллион жолға жақын «Манас» жырды түгелімен қолға қондырғандай айтып береді.

Мұндай жыраулардың кейбіреулері «жыр атасы» дейтін мифтерге (табиғаттан тысқары күштерге, яғни аруақтарға) сенеді. Жырлары айтылмай, іштері пысқан кезде, олар шабыт беретін аруақ іздеп тауларды, ормандарды, жапан түздерді кезіп жүреді. Бұл, әрине, діншілдік ұғым. Ал, шынында, мұндай адамдардың ірі талант иесі екені сөзсіз.

Халық ұғымында жыршылық қабілетімен бірге ақындығы барлар нағыз дарынды адамдар саналады. Олар өлең де, жыр да шығарады.

Бүкіл дүние жүзінің фольклоры (ауыз әдебиеті) лирикалық және эпикалық болып екіге бөлінеді ғой. Лирикасы жан сырын шертетін өлең мен жырлар, эпикасы оқиғалы ұзақ өлең-жырлар. Қазақ фольклорында осы екі түрі де бар. Лирикалық жырларға кейін оралатындықтан әзірше

эпикалық жырларға тоқталайық. Ол қазақта: толғау, айтыс, жорық және қисса аталып төртке бөлінеді.

Толғау: нақыл толғауы, ереуіл толғауы және тіршілік толғауы болып үшке бөлінеді.

Нақыл толғауында бұрын-соңды болған өнегелі істерді жырлау арқылы замандастарына өсиет айтады. Мұндай толғаулар және толғаушы-жыршылар қазақ әдебиетінде де толып жатыр. Біз солардың ішіндегі ең күрделілерінің бірі — Бұхар жырау Қалқаманұлының толғауларына тоқталмақпыз.

Бұхар жырау он сегізінші ғасырдың аяғында, қазіргі Қарқаралы ауданының территориясында Қаракесек руында туып-өскен ақылды, парасатты, өзінен кейін көптеген нақыл сөздер (толғаулар) қалдырған жырау.

Бұхар заманында Аблай ханның бас ақыны әрі ақылшысы болғандықтан мемлекеттік маңызы бар істерге ақыл қосып, өз ақылын мемлекет жұмысын басқарушы Аблайға істеттіруге тырысады; ақылын алмаған жерде ол ханға былай деп күш те көрсетеді:

Ашуланба, Аблай,  
Көтерермін, көмермін,  
Көтеріп қазаға салармын  
Өкпеңменен қабынба!  
Өтіңменен жарылма!  
Басына хан көтерген,  
Жұртыңа жаулық сағынба.

Бұл арада айта кететін бір жай, соңғы кезге дейін Бұхар жырауға «сарай ақыны», «орда ақыны» деген атақ тағылып келді. Бұхар жыраудың шығармаларын тереңірек зерттегенде, ондай атақ тағу дұрыс болмай шығады.

«Сарай ақыны», «орда ақыны» деген тұжырымдардың тарихи жағынан нақты мағынасы бар. Оған мысалды алыстан іздемей-ақ, орыс әдебиетінде Державинді, қазақ әдебиетінде Байтоқ жырауды алуға болады. XVIII ғасырдың аяғында, XIX ғасырдың басында дәурен сүрген орыс ақыны Гавриил Романович Державин Екатерина II мен I Александр патшаның тұсында жасады. Державиннің ақындық қызметіндегі негізгі тақырыбы патшаны, оның дәрежесін, сән-салтанатын мақтау болды. Байтоқ жырау XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей ордасында. Жәңгір ханмен тұстас өмір сүрген. Ол да Державин сияқты ханды, оның дәрежесін, сән-салтанатын мақтау болды. Патшаның, ханның қылықтарына бұлар сын көзімен қарай алмады.

Бұхар жыраудың творчестволық жолы Державин мен

Байтоққа ұқсамайды. Бұхар жыраудың шығармаларында азаматтық, саяси сарын терең, әлеуметтік астар басым. Ол Аблайдың мақтаушысы ғана емес, сыншысы да.

Бұхар жырауды «орда ақыны», «сарай ақыны» дегізген жай, оның шығармаларында Аблай ханның аты көп аталадындығы. «Бұхар жырлары» дейтін шығармалардың көпшілігі Аблай ханға қатысты айтылатын жырлар. Осы жырларға атүсті қарағанда, Бұхар жыраудың ханға, хан ордасына байланысты ақын сияқты көрінетіні рас, бірақ бұған тереңірек үңілсек, Бұхар жырларының Аблайға қатысы форма жағынан ғана, мазмұн жағынан алғанда, оның жырлары ордаға емес, сол кездегі қазақ халқының саяси-әлеуметтік тұрмысына байланысты айтылғандығы байқалады.

Бұхардың ақындығы туралы Мәшһүр-Жүсіп Көбеев былай дейді: «Ол замандағы жұрттар оны (Бұхарды.— С. М.) көмекей әулиесі дейді екен. Ол кісі қара сөзді білмей, тек, сөйлесе, көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен».

Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша, басы Аблай болып өз заманындағы төре-қара Бұхар жырауды сөздің ғана «әулиесі» емес, жалпы «сәуегейі, әулие» адам деп бағалаған. Дінге сенетін фанатизм заманының хан Аблай жортуылға шығар болса, Бұхар жырауға бал аштырып, егер ол «аттан» десе ғана аттанады екен. Ол кезде қазақ арасынан шаманизм дінінің әсері жойылмаған қазақ халқы шаман дінінің кейбір әдеті бойынша, әсіресе аруаққа табыну, ал талапты адам болса, оларда кие (жақсылық құдайы) бар деп түсіну өте күшті болған.

«Аблайдың киесі сары бура екен,— дейді Мәшһүр-Жүсіп,— Аблай жорықта жеңетін болса, бура жорықтың жолына қарап жатады екен де, жеңбейтін болса, теріс қарап жатады екен. Бура қалай қарап жатса да Бұхар жыраудың түсіне енбей қалмайды екен».

Феодализм үстемдік құрған кездегі бұл сияқты дін фанатизм, қазіргі санасы өскен социалистік қоғам адамы үшін нанғысыз жағдай. Бірақ, мәселе, оның «әулиелігінде» емес, өз заманындағы белгілі ақын, әрі шешен, ақыл иесі адам болуында.

Бұхардың өмірі туралы қысқаша мәліметті осымен аяқтап, енді, Бұхардың шығармаларына негіз болған, сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайларға тоқтаймыз.

Бұхар жырларының негізгі тақырыбы халықтың әлеуметтік тұрмысы. Ол негізінен азаматтық сарынның, әлеуметтік өмірдің ақыны.

XVIII ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқының тарихында өте ауыр жылдар болды. 1723 жылы құрғақшылық болып, егін-шөп шықпады. Сыр бойын жайлайтын қазақ еліне, алдағы қыста жұтқа ұшырау қаупі туды. Осы кезде Алатаудың шығыс жағын мекендеген Жонғария хандығы қазақ елін жаулауға аттанды.

Бұл кез қазақ мемлекеттігінің шаруашылық жағынан ғана емес, саяси басқару жағынан дағдарысқа ұшыраған кезі еді. XVI ғасырда жеке хандықтардан құралып, бір тұтас мемлекет болған қазақ халқы 1717 жылы Тәуке хан өлгеннен кейін берекесінен айрылды. Тәуке хан кезінде жиі болып тұратын «Күлтөбе басындағы жиылыс» ыдырады. Кіші жүздің ханы — Әбілхайыр, Орта жүздің ханы — Әбілмәмбет. Ұлы жүздің ханы — Барақ ағалық хандық лауазымына таласып, өзара шайнасып жатты.

Қазақ халқының әкімшілік билігінің әлсіреуін, шаруашылық күйінің күйзелуін көрген Жонғария ханы Цеван Рабтан шабуылға жиырма мың әскермен аттанды. Жонғария әскері бұл жолы бұрынғыдай найза, садақпен емес, зеңбірекпен, мылтықпен қаруланып, Европаның әскери білімін пайдаланған еді. Жонғария әскерін осылай қаруландырып, жаңа тәртіпке түсірген швед инженері офицер Иоган Густав Ренат болды. Ренат 1709 жылы Полтава соғысында Россияға тұтқынға түсті. Содан кейін ол Тобылға жер аударылған Россия генералы Бухгольцтің экспедициясымен Ертіс өзенін бойлап, Сибирь жорығына қатынасты. 1715 жылы Бухгольц Жонғария әскерімен соғысқанда, біраз солдатпен бірге Ренат Жонғария әскерінің қолына түсті. Ренат Жонғарияда көп жыл тұрып Жоңғар қалмақтарына темір қорытуды, зеңбірек құюды, зеңбіректің оғын құюды, оқ-дәрі, мылтық жасауды үйретті. Сөйтіп, 1723 жылы Цеван Рабтан қазақ елін жаулауға осындай құралмен шықты. Қазақта ондай құрал жоқ еді.

Жонғарияның қарулы әскеріне қарсы келе алмаған қазақ халқы қатты қырғынға ұшырады: жаны қырылды, малы таланды. Жеңілген қазақтар бытырап беталды құлатузге қашты, біразы Орта Азия хандықтарына (Бұхарға, Хиуаға, Қоқанға) паналады. Әбілхайыр бастаған Кіші жүз қазақтары Россияға паналады. Ұлы жүздің көпшілігі Жонғария қол астында қалды. Орта жүздің біразы Сарыарқаға, Ұлытау, Ақтау, Ортау, одан әрі Көкшетауға, Есіл, Ертіс өзендеріне қашты.

Бұл аласапыранда әкеден ұл, шешеден қыз, ағайыннан ағайын айрылды.

Қара таудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір жорғам бос келеді.  
Қарындастан айрылған жаман екен,  
Мәлтілдеп қара көзден жас келеді...  
Қай заман, мына заман — қысқан заман?  
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман,  
Ағылған көш-жөнекей шаң борайды,  
Қаңтардағы қар-боран қыстан жаман,—

деген зарлы өлеңдер сол күйзеушілік кезде шыққан. Жонғар басқыншылығынан әрең құтылған ел, аштан қырылған. Бұл күйзелушілік қазақ тарихында «ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп атанды.

«Ақтабан шұбырындыда» Арқаға көшкен қазақ рулары (Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ) бірнеше жыл хансыз тұрады. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет ол кезде Түркістан қаласында қалып, қашық жатқан Арқадағы елді билей алмады. Мемлекет билігі бір қолда болмай, берекесіз өз бетімен күн көрген елді патшалық Россия, Қытай, Жонғария әлсін-әлсін шаба берді.

Арқадағы қазақ халқы осылай айнала таланып қысылған кезде олардың арасында Аблай хан пайда болып, бытырап жүрген халықтың басын қосып, біріктірді, елдің мемлекеттік рухын көтеріп талан-тараждан құтқарды. Сондықтан Аблайдың халық алдындағы беделі өзге хандардан гөрі арта түседі. Ел аузында «Аблайдың ала туын ала атанса, артынан еретін аламаны бізбіз» деген аңыз шығады. Ол кездегі елдің өресі жетпейтін қиын істі жұрт «Аблай аспас асу» деп атайды. Аблайды ақындар ел қамқоры ғып жырлайды, соның біреуі Бұхар жырау.

Аблай кім? Елдің бір аңызында Аблайды Бұхар қаласының ханы — Сүйініш ханның баласы еді, дейді. Аблай ханның ұрпағы, атақты оқымысты Шоқан Уәлиханов Аблайдың атасын былай баяндайды: «Оның атасының аты да Аблай еді. Ол Түркістан қаласын билеп тұрды. Соғыста жеңісі көп болғандықтан халық оған «қанішер Аблай» деген атақ берді. Оның баласы Уәли әкесінің атағына ие бола алмайды. Көршілес хандықтардың біреуі оны (Уәлиді.— С. М.) өлтіріп, Түркістан қаласын алады. 13 жасар Аблайды Уәлидің бір құлы ғана сақтап қалады. Сенімді құл, өзінің тәрбиесіндегі баланы (Аблайды — С. М.) алып, қазақ даласына шығып кетеді. Өзінің атақты туысқандарынан

күдер үзген жас Аблай Арғынның Қарауыл руындағы Жақсылық дейтін байға жалшылыққа тұрады».

Ел аузында сақталған тағы бір әңгімелерде, Аблай Бұхар қаласында тұрған Әбілпайыз ханның баласы, Аблайдың шын аты Әбілмансұр. Әбілмансұр 13 жасқа келгенде Бұхарды Қызылбас (фарсылар) хандығы жаулайды. Әбілмансұрдың әкесін өлтіреді. Әбілмансұрды бір құл тығып аман сақтап қалады. Ол құл Әбілмансұрды «жақының деп Түркстанда тұратын қазақ ханы Әбілмәмбетке әкеледі. Әбілмәмбет Әбілмансұрмен немере екен. Хан оны жақындығына қарамай жұмысқа салады. Әбілмансұр бұған намыстанып, «өз қорлығынан жат қорлығы жақсы» деп, Әбілмәмбеттен қашып, қазақ даласына кетеді. Ол күнде құлдың құлағы кесулі болады екен дейді, «құлағын кеспей құл болмас» деген мақал содан қалса керек. Қазақ даласына шыққан соң, Әбілмансұр «хан баласымын» демей «құл баласымын» деп біраз жүреді де, бір кезде құлдықтан құтылмақ болып, Әбілмансұр атын өзгертіп, өзін Сабалақ деп жариялайды.

Қазақ даласына шыққаннан кейін «Сабалақ» атымен Әбілмансұр Үйсін руындағы Төле биге жалшылыққа тұрады. Одан Көкшетау кетіп, Арғынның Жақсылық руына барып, Есіл бойындағы Дәулеткелді дейтін байға жалшы болады. Сол кезде Жонғария қалмақтары Арқадағы қазақтарды жаулай бастайды. Арқа қазақтары ұрандасып жиналып қалмақпен соғысады. Осы соғыста жас Сабалақ жауға «Аблайлап» тиіп, батырлығы ерекше көзге түсіп, қалмақтарды жеңеді. Оның қайратына сүйсінген ел, соғыс артынан сұрағанда Сабалақ шынын айтады. Содан кейін Арқа қазақтары Әбілмансұрды хан көтеріп, оны, өзі ұранға шақырған атасының атымен, «Аблай» деп кетеді, алты ақ отау тігіп, алты қыз береді, көп мал енші береді.

Аблай өмірін көрсеткен Бұхар жыраудың сөзі былай келеді:

Мен көргенде Аблай!  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркстанда жүр едің,  
Әбілмәмбет ханға сен,  
Қызметкер боп тұр едің!  
Қалтаңдап жүріп күнелтіп,  
Үйсін Төле билердің  
Түйесін баққан құл едің!  
Міне, енді, Аблай,  
Жұлдызың туды оңыңнан,  
Жан біткен еріп соныңнан  
Он сан алаш баласын —

Аузыңа құдай қаратқан,  
Жусатып тағы өргізіп  
Жұмсап тұрсың қолыңнан.  
Ақтан болды күніңіз,  
Арсы менен күрсіге,  
Тайталасты үніңіз,  
Өзің болған күніңде  
Бір көшеге сыймады  
Азат еткен құлыңыз!

Бұл жырдан біз, ханның ізіне бас ұратын жағымпаз, жасқаншақ ақынды емес, өжет, өткір, ханның жақсы сипаттарың да, міндерін де ашып айтатын ақынды көреміз.

Арыстанбай ақынның айтуынша, Аблай 48 жыл хан болған:

Қылады Макаржада<sup>1</sup> айлар сауда,  
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.  
Сұрасаң Аблайдың тұрған жері —  
Хан болған 48 жыл Көкшетауда,—

дейді Арыстанбай. Аблай 1781 жылы өлді, олай болса, оны қазақтың хан көтеруі 1733 жылы болады. Мұның жөні келеді. Өйткені, Аблай Арқаға барып, 1723 жылғы «ақтабан шұбырындыдан» соң хан болады. Шоқан Уәлихановтың айтуынша, Аблайдың Россия патшалығына бағынам деп ант беруі 1739 жылы.

Хан сайланып, ел билігін қолына алғаннан кейін, Аблайға зор қауіп Россия мемлекеті тарапынан болады. Оны Аблай ғана емес, барлық халық, әсіресе халық данасы Бұхар жырау жақсы біледі.

Жонғарияның қазақтан жеңілуі хан сайланған Аблайдың рухын көтеріп, ол енді патшалық Россиямен де айқасып көруді ойлап қол жинады. Осы ойы туралы Аблай жыраумен ақылдасқанда халық қамқоры Бұхар жырау Аблайдың Россиямен жауласуын ұнатпайды. Кемеңгер ақын Россияның зеңбірекпен, мылтықпен қаруланған әскеріне қазақтың ағаш сапты найзасы мен садақ асынған әскері төтеп бере алмайтынын, егер соғыса қалса, қазақ халқы қырғынға ұшырайтынын біледі.

Бұхар патшалық Россияның қазақ даласын алмай қоймайтынын көреді, оған қарсы тұрар қазақта күш жоғын ұғады. Қысылған жыраудың бар тапқан ақылы: «Жиделібайсынға көшу». Жиделібайсын ол кезде қазақпен араласып жатқан Хиуа хандығының жері. «Ақтабан шұбырын-

<sup>1</sup>Бұрынғы Нижний Новгород, қазіргі Горький қаласы.

дыда» біраз қазақ Хиуаға барып паналаған. Бұхар Аблайға бұл туралы былай жырлайды:

Жаулық жолын сүймеңіз!  
Мынау жалған сұм дүние  
Өтпей қалмас демеңіз...  
Менің жасым тоқсан үш  
Мұнан былай сөйлеуім,  
Маған да болар ауыр күш.  
Өлетұғын тай үшін,  
Қалатұғын сай үшін  
Қылмаңдар жанжал ерегiс,  
Бұл қылықты қоймасаң,  
Құдайдың бергенiне тоймасаң,  
Ағаш үйде кәпір бар  
Көрерсің содан теперіш...

Аблай Бұхардың «Россиямен соғыспа» деген ақылын алады, бірақ «Жиделібайсынға көш» деген ақылын алмайды. Көшпеді деп Аблайды кінәлауға да болмайды. Хиуаның шөлімен салыстырғанда Арқаның жері құнарлы, орманы, суы мол, жері қара қыртысты. Бұл құнарлы жерден айырылып, Хиуаға барғанмен қазақ халқын бақыт күтпейтінін Аблай жақсы біледі.

Аблай Орынбор губернаторы Неплюевке 1739 жылы «Россияға бағынам» деп ант бергенмен, көп уақыт бағынбай, бойын Россия үкіметінен аулақ ұстайды. Россияға бағынам деп қана екі ұшты жауап береді де, өзі бұрынғы жауы Жоңғарияны жеңуді алдына бірінші мақсат қып қояды. Жоңғариямен ол талай рет соғысады. Бір соғыста Аблай Жоңғарияның ханы Қалдансереннің баласын өлтіріп, өзі де қолға түседі. Қалдансерен Аблайдан «ұлымды өлтірген сен бе?» деп сұрағанда, Аблай: «Өлтірген мен емес, халық. Менің қолым халықтың бұйрығын орындаушы ғана» деп, бұлтара жауап береді.

Аблайдың бұл жауабын әділ деп санаған Қалдансерен оны өлтірмей, тағы бірнеше күн сөзін де, мінез-қайратын да сынап, кісілігіне разы болады да, босатып, еліне қайтарады. 1745 жылы Қалдансерен өледі. Содан кейін Жоңғария үкіметінің әлсіреп, Қалдансереннің балалары таққа таласады, қалмақ халқының елдік, мемлекеттік берекесі кетеді. Аблай осы жағдайды пайдаланып, Жоңғария ішіндегі өзара ру араздығын қоздырады да, оның күшін онан әрі әлсіретеді.

Бірақ Аблай Жоңғарияны билеу арманына жете алмайды. Әлсіреген Жоңғарияны қытай императоры Цян-Зун

басып алады. 1756 жылдан бастап қытай қазақ даласына көз тігіп, арандатушылық әрекет жасайды.

Бұл кезде Бұхар жырау «Жиделібайсынға көшейікті» тағы да бастайды, өйткені оған қытайдың арандатушылық әрекеттері бір себеп болса, екінші себеп, сол кезде патшалық Россияның қазақ даласын отарлау саясатының бұрынғыдан да етек алуы еді.

Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатын іске асырарда зор күш жинаған жерінің біреуі Петропавл (Қызылжар) қорғаны болды. Бұл қорған 1755 жылы Россия патшасы Елизавета Петровнадың бұйрығымен салынды.

Петропавл қорғанының салынуы туралы қазақ елінде мынадай аңыз бар: Аблай ханға Петр мен Павел дейтін екі көпес келіп — «Есіл өзенінің бойынан бір өгіздің терісіндей жер бер» деп сұрайды. Аблай олардың қулығына түсінбей, берейін дейді. Купецтер өгіздің терісін жіптен жіңішке таспа етіп тіліп әкелген екен дейді. Сол жіпті жалып жібергенде, қазіргі Петропавл қаласының орнын түгел орап алыпты-мыс. Аблай алданғанын білгенмен, уәдесін бұза алмай, таспамен қоршалған жерді беріпті-міс, сол жерге қала салынып, ол Петропавл аталыпты-мыс.

Бұл сияқты өгіз терісіне байланысты аңыз: Англияның бұрынғы отары Үндістанда да, Францияның бұрынғы отары Алжирда да, тағы басқа отар елдерде де бар. Бізге қажеті ертегі емес, сол ертегіге байланысты шындық.

1739 жылы Аблай «Россияға бағынам» деп уәде берген соң, Россия үкіметі Аблайды да, оған бағынған елді де шошытпай, айла-амалмен бағындыруды ойлады. Сол ниетпен ол Аблайдан рұқсат алып, Есіл өзенінің жағасына Петропавл бекінісін орнатты. Бұл бекіністі патша үкіметі алғашқы кезде бекініс деп атамай сауда-саттық базары деп атайды; бекініске әскер әкелсе, сауда мүлкін күзетуші ғана, деп әкелді.

Тұрғын елдің айтуынша, Петропавл бекінісі салынған жерде Арғынның Атығай руынан Дәулеткелді деген ауыл отырады екен. Аблай бұл ауылдың жерін Россияға берген соң, ауыл өкпелеп, Жиделібайсынға көшіп кетіпті-мыс. Бұл туралы сол кездегі бір ақынның мынадай өлеңі бар:

Аблайдың атасы Әбілфайыз  
Хан тұқымы төсенбес етек киіз,  
Алым алып, жау жұртқа жерді беріп,  
Аблайға шықты ма екі мүйіз?

Петропавлден бұрын: Орынбор, Троицкі, Омбы, Семей бекіністері салынуы мәлім. Петропавл бекінісі солармен қанаттасады. Бұл қалалардың араларына патша үкіметі жиі-жиі казачий станицалар орнатып, олардың бәріне құралды әскер төгеді. Бұл қорғаныс орындарын бекітіп алғаннан кейін патша үкіметі Аягөз арқылы Қашғарияға көз тігеді. Батыс жақ қанатын Сырдарияға қарай жаяды.

Өз заманының көреген ақыны Бұхар жырау бұл құрсаудың не құрсау екенін болжайды, қазақ елін отарлау саясатын жүргізер алдында құрылған қақпан екенін түсінеді.

Аблай хан да бұл қауіпті жақсы түсінді. Бірақ, түсінгенмен не шара! Екі жақтан қысқан патшалық Россия мен Қытайға шамасы келмейді. Сондықтан ол екеуіне де «саған бағынам» деп уәде беріп, бірақ өзі тіріде ешқайсысына да бағынбай, екеуімен де дипломатиялық арбасумен өтті. Аблай билеген Орта жүз қазағы Россияға Аблай өлгеннен кейін, оның баласы Уәли хан болған кезінде бағынды. Бұхар жыраудың Аблай ханды дәріптейтін себебі: «Ақтабан шұбырындыдан» кейін мемлекеттігінен айрылып, тозған Орта жүз қазақтарының басын қосып, елін, жерін қорғайтын мемлекет құрауында: заманына қарай дипломатиялық саясат қолдана біліп, екі мемлекеттің арасында өз қарамағындағы елдің тәуелсіздігін сақтай білуінде.

...Бірақ Бұхар жырау мұнымен ғана қанағаттанбайды. Ол өзінің өткір жырларымен халықты ұйымшылдыққа, бірлікке шақырады, халық тыныштығын арман ете жырлайды.

Бұхар жыраудың жырлары түгелімен отаршылық саясаттан шошынуға ғана емес, ол өзінің кейбір жырында қазақ халқының ішкі тұрмысына үңіліп, оның ішкі тіршілігі туралы да көп нақыл сөздер айтады. Қазақ халқының бейбітшілік өмірін Бұхардың қаншалық тілегендігі оның мына жырынан байқалады.

Бірінші тілек тілеңіз,  
Бір аллаға жазбасқа!  
Екінші тілек тілеңіз,  
Бір шұғыл пасық залымның  
Тіліне еріп азбасқа!  
Үшінші тілек тілеңіз,  
Үшкілсіз көйлек кимеске!  
Төртінші тілек тілеңіз  
Тәрде төсек тартып жатпасқа!..

Алтыншы тілек тілеңіз,  
 Алпыс басты ақ орда,  
 Ардақтаған аяулың  
 Біреуге олжа болмасқа!  
 Жетінші тілек тілеңіз,  
 Желкілдеген ту келіп,  
 Жер қайысқан қол келіп,  
 Сонан сасып тұрмасқа!  
 Сегізінші тілек тілеңіз,  
 Сегіз қиыр, шартарап  
 Жер тұлданып тұрмасқа!  
 Тоғызыншы тілек тілеңіз,  
 Төреңіз тақтан таймасқа!  
 Тоқсандағы қарт бабаң,  
 Топқа жаяу бармасқа!  
 Оныншы тілек тілеңіз,  
 Он ай сені көтерген,  
 Омыртқасы үзілген,  
 Аязды күнде айланған,  
 Бұлтты күнде толғанған,  
 Тар құрсағын кеңейткен,  
 Тас емшегін жібіткен,  
 Анаң бір аңырап қалмасқа!  
 Он бірінші тілек тілеңіз,  
 Он бармағы қыналы,  
 Омырауы жұпарлы,  
 Иісі жұпар аңқыған,  
 Даусы құдай саңқыған,  
 Назыменен күйдірген,  
 Қылығымен сүйдірген,  
 Ардақтап жүрген бикешің,  
 Жылай да жесір қалмасқа!

Не деген тамаша тілек! Бұл жырда халық тиыштығының бар саласы түгел қамтылған.

Халқының тиыштығын осылай арман еткен Бұхар бірлігі кеткен елдің қандай күйге ұшырайтынын нақтылы мысалмен дәлелдейді. 1745 жылы Жонғарияның ханы Қалдансерен өлгеннен кейін, оның балалары хандыққа таласып бүлінгені, алауыздықты Аблайдың пайдаланғаны жоғарыда айтылды. Бұхар жырау осы бүліншілікті былай жырлайды:

Кеше қалмақ бүлінді,  
 Бүлінгеннің белгісі:  
 Бұрқан-тарқан болысты,  
 Уағдадан азысты,  
 Буыршындай тілдесті,  
 Жамандықты іздесті  
 Бірін-бірі күндесті.

Берекесі кетіп бүлінген елдің хал-жайын осылай баяндай келіп, Бұхар жырау қазақ елін бірлікке шақырады:

Бұл-бұл үйрек, бұл үйрек,  
Бұл үйректей болыңыз!  
Судан суға шүйгумен,  
Көлден көлге қоныңыз!  
«Байлар ұғлы шоралар,  
Бас қосыпты» десін де,  
Маң-маң басып жүріңіз!  
Байсалды үйге түсіңіз!  
Айнала алмай ат өлсін,  
Айыра алмай жат өлсін,  
Жат бойынан түңілсін,  
Бәріңіз де бір енеден туғандай болыңыз!

Тағы бір жырында Бұхар жырау бірлік туралы былай дейді:

Жақын жерден шөп жиса,  
Жердің сәнін кетірет.  
Ағайынның аразы,  
Елдің сәнін кетірет,  
Абысынның аразы,  
Ауыл сәнін кетірет.

Бұхар — діншіл. Сөйте тұра ол қожаны жақсы, молданы жек көреді. Бұхар жыраудың молдаларды жек көруінде тарихи себеп бар: патша үкіметі қазақ халқын өзіне бағындыруда ислам дінін идеологиялық мықты құрал етіп пайдаланды. Дін таратуға қазақ арасына шыққан татар молдалары халықты «патша үкіметіне бағыныңдар, оған қарсы болмаңдар» деп үгіттеумен қатар, үкіметке тыңшылық қызмет атқарып, бостандық үшін күресуге жиналған елдің, елді бастайтын намысты адамдардың ажалына себеп болды. Қазақ халқының қамын жеген намысты ұлдарының патша үкіметіне қарсы жасаған әрекеттерін молдалар үкіметке мәлімдеп, қазақ халқының өз күшін еркін жинауға шамасын келтірмеді. Татар молдаларының осындай елге іріткі салушылық пиғылдарын аңғарған Бұхар оларды жамандады. Молдаларды жамандағанда, діншіл Бұхар оларды «дін бұзғыш, алдауыш, арам ниет» деп сөгеді. Оның ойын, біз мына жырдан аңғарамыз:

Ноғайларды «ғалым» деп  
Әулиедей бас көрер,  
Ноғайлардың молдасы,  
Сәлдесі болар қазандай,  
Ақіретке барғанда  
Қожаларды қор тұтқан

Молдаларды зор тұтқан  
Ноғайларды пір тұтқан  
Тартарсың сонда жазаңды.

Ел бірлігін бұзушыға қарсы болып, ел тыныштығын ойлаған Бұхар жырау бірліктің тетігі хандықта деп түсінеді. Хансыз ел ел бола алмайды деп ұғады. Әрине, өз заманына байланысты бұл ұғым орынды да. Өйткені хандық құрылыс адам баласының өркендеу тарихының белгілі бір кезеңінде керекті болғанын «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» дейтін кітабында Энгельс ашық айтады. «Онымен қатар,— дейді ол.— хандық құрылыс өз заманы үшін прогрессивтік формация болды». Олай болса, хандықты жақтағандығы үшін Бұхарды біз кінәлай алмаймыз.

Қоғамның ел билеу тәртібіне феодализм системасын «лайық» деп түсінген Бұхар жырау халықтың тыныштығын бұзатын әлеуметтік тұрмыстағы жаман мінездер деп айыптап, халықты жақсылыққа, қоғамға пайдалы мінез-құлыққа шақырады.

Екі жақсы дос болмас,  
Дос болса түбі бос болмас,  
Ежелгі дос жау болмас.  
Шірне үстінде хаты бар;  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Кеңлінде кір даты бар,  
Ежелгі дос жау болмас,  
Айттықсан оның серті бар.  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Кеңлінде тұтқыр керті бар.

Тағы бір өлеңінде Бұхар осы пікірін тереңдетіп былай дейді:

Жар басына қонбаңыз:  
Дауыл соқса үй кетер.  
Жатқа тізгін бермеңіз.  
Жаламенен бас кетер.

Жаманмен жолдас болсаңыз,  
Көрінгенге күлкі етер.  
Жақсымен жолдас болсаңыз,  
Айрылмасқа серт етер...

Сыпайы сырын білдірмес  
Ақырын ғана бүлк етер...  
Қызда қылық болмаса  
Құр шырайдан не пайда?

Саяси әкімшілікте, ел басқаруға хандық система қажет деп ойлаған Бұхар хандардың етегіне намаз оқымайды, ханға құлша бағынбайды, тиісті жерінде ханды, оған бағынушы ұлықтарды сынап, олардың зорлықшыл екендігін ашып айтады. Үйлену туралы Аблайға айтқан бір ақылында Бұхар былай дейді:

Қатын алма төреден!  
Қатын алсаң төреден,  
Еркегі болар жау жанды.  
Ұрғашысы ер жанды,  
Билік айтар ұл туса,  
Аузы кетпес парадан.

Бұхар жырау қанаушы тап — хандар арқа сүйеген феодализмге сын көзімен қарап, оның қанағыштығын, малқұмарлығын, ар-ұяты малға байланыстылығын сөгеді:

Кісі ақысын көп жеген  
Арам емей немене?  
Сыртындағы қулығы  
Амал емей немене?  
Сусағанда берген су  
Шекер емей немене?...  
Қайырсыз итке мал бітсе  
Аңсаң құрып келгенде,  
Саумал бермес ішерге.

Адамның жақсы болуы — ел қамын, көптің қамын ойлауда екенін Бұхар жақсы біледі және жақсы туған жігітті ел қамын ойлауға шақырады:

Ақсұңқар құстың баласы,  
Ұяда алтау тумас па?  
Ұяда алтау туғанмен  
Оның ішінде біреу-ақ алғыр болмас па?  
Жалғызының белгісі,—  
Аққудан жемді ілмес пе?  
Бірге туған ұялас  
Бізге сауға демес пе?  
Өзі аштан өлсе де  
Айырып жемін бермес пе?  
Сөйтіп, жүрген кезінде  
Жалғызынан айрылса,  
Топшыдан қанат қайрылса  
Құс жаманы жапалақ  
Оған да хор болмас па?  
Адамзаттың баласы  
Атадан алтау тумас па?  
Атадан алтау туғанмен

Оның ішінде біреуі  
Арыстаны болмас па?  
Арыстанның барында  
Жорғасы болса мінісіп,  
Торқасы болса киісіп,  
Толғамалы қамшы алып  
Толғай да, толғай дәурен сүрмес пе?...  
Сөйтіп жүрген кезінде  
Арыстаннан айрылса,  
Қанаты түптеп қайрылса  
Ел шетіне дау келсе,  
Тосып оны ала алмай,  
Алдына келген жақсының  
Қадірін де біле алмай,  
Қадір құрмет қыла алмай,  
Артында қалған жамандар,  
Бас-басына тозбас па?

Бұхардың бұл жырынан аңғарылатын ұғым, біріншіден, әрбір адамды халыққа қамқорлыққа шақыру болса, екіншіден, атадан туған алтаудан біреуін ерекше қоюы, тарихтағы жеке адамның ролін де бағалай білгендігі.

Бұхардың көрегендігі жеке адамның тарихтағы ролін бағалаудан ғана емес, жекеменшік үстем кездегі өмір қайшылығын көруден де байқалады. Көп жасап, қоғам өміріндегі көп тартысты көзімен көрген Бұхар жырау тіршіліктің тұтқасы халықтың материалдық тұрмыс жағдайы екенін айқын шамалайды. Жеке меншік үстемдік құрып тұрған кезде, біреуден біреудің право жағынан теңсіздігі — әлеуметтік теңсіздік екенін айқын көреді. Осы өмір тәжірибесінен көрген шындықты ол былай жырлайды:

Ай не болар күннен соң,  
Күн не болар айдан соң,  
Құлпырып тұрған бәйшешек  
Қурай болар солған соң...

Тәрде отырған қарт бабаң  
Төресін жаңылар малдан соң,  
Төркіндеген бикешің  
Тіркеусіз о да қайтар малдан соң,

Доңғалақ арба жүре алмас  
Қос арысы сынған соң,  
Жігіт жақсы бола алмас,  
Алғаны жаман болған соң.

Қос-қос орда, қос орда  
Қосыла қонбас малдап соң,

Қоспақ өркеш сары атан  
Қом жасамас майдан соң.

Төсі аршынды сұлуың  
Сілкіп төсек сала алмас,  
Мал кетіп кедей болған соң,

Өмірді сынағыш, алды-артын кең шолып болжағыш  
ақын тұрмыстың бір қалыпта тұрмайтындығын, өркендей-  
тіндігін, өзгертіндігін, алға басатындығын, бүгінгі жаңа  
тұрмыс ертең ескіретіндігін көріп, өмір диалектикасын бы-  
лайша жырлайды:

Айналасы жер тұтқан  
Айды батпас демеңіз.  
Айнала ішсе таусылмас  
Көл суалмас демеңіз,  
Құрсағы құшақ байлардан  
Дәулет таймас демеңіз,  
Жарлыны жарлы демеңіз,  
Жайлауға көшпес демеңіз,  
Жалғызды жалғыз демеңіз,  
Жалғыз көпке теңеліп  
Бір майданда соғысып  
Кегін алмас демеңіз.  
Қу таяқты кедейге  
Дәулет бітпес демеңіз.

Бұхар жырау өз тұсындағы ауылдың тап қайшылығын  
да, байдың кедейге зорлығын да, рушыл ауылда атасы аз-  
дың кемшілікте болғанын да, жетім-жесірдің күн көрісі  
ауырлығын да көре біледі:

Үй артында төбешік  
Ерттеп қойған ат болар,  
Қариясы кімнің бар болса,  
Жазулы тұрған хат болар...

Өзіңмен бірге туысқан  
Алаштан бетер жат болар.  
Өтермеден кетер ме,  
Жарлы менен байғұстар

Байдың малын көтерме!  
Тайып кетсе табаның  
Шашыңды берсең жетер ме,  
Аздың ісі бітер ме,

Көптің ісі жетер ме?!  
Көп ішінде бір жалғыз  
Сөйлесе сөзің өтер ме?

XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры мол сақталған Бұхар жырау. Бұхардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам Мәшһүр-Жүсіп Көбеев. Осы очеркте біз пайдаланған жырлардың бәрі Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында сақтаулы Мәшһүрдің «Мес» аталатын жинағынан алынып отыр. Бұхардың жырларын жазған Мәшһүр: «Бұхарекең сөйлеген уақытында, сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана (нақ жемісті ағаштың өзі қолға тимеді дегені ғой С. М.),— дейді. Негізінде Бұхардың бұл мұраларын жыраулардан естіп, жазып алған қазақ жерінде Мәшһүр-Жүсіптен басқа бұрын-соңды ешкім болған емес.

Шоқан Уәлиханов өзінің орыс тілінде жарияланған шығармалар жинағында «Бұхар жыраудың Аблайға айтқаны» деп, оның бірнеше жырының орыс тілінде қысқаша мазмұнын келтіреді (312—313-беттер). Шоқан айтқан мазмұнды жырлар Мәшһүр-Жүсіптің жинағында жоқ. Ол жырлар Шоқанның архивында сақталуы мүмкін.

Бұхар жырларының толық сақталмауы, әрине, өкінішті. Бірақ Мәшһүр жазып алған аз жырлардың өзінде Бұхардың өз заманының саяси, шаруашылық, әлеумет тұрмысына көзқарасы айқын сақталған. Бұл жырлар XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің тамаша да қымбат мұралары. Сондықтан да Бұхардан сақталған жырлардың саяси, тарихи және көркемдік бағасы ешуақытта ескірмейді, олар қашан да болса, XVIII ғасырдағы қазақ тұрмысын көркем тілмен жеткізген тарихи шығарма ретінде жалпы қазақ әдебиетінің тарихынан күрделі орын алады.

Бұхардың барлық шығармаларына тән тақырып халық қамы, халық мүддесі, халық мақсаты, халық мұңы. Бұхардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек — қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы.

**Ереуіл толғаулары.** Дүние жүзі халықтары, олардың ішінде қазақ халқы да хандардың, қанаушылардың қорлық-зорлығына көне бермей, жиі-жиі бас көтерген. мұндай көтерілістер кейде жалпы халықтық қозғалысқа ұласқан шақтары да аз болмаған. Солардың бірі — он тоғызыншы ғасырдың алғашқы жартысында, Батыс Қазақстанда Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтеріліс. Махамбет талантты ақын да болған кісі. Ендігі аз сөз. сол

көтерілістің неліктен шығып, Махамбеттің оны қалай жырлауы (толғауы) жайында.

1801 жылдан бастап Батыс Қазақстанда, Еділ мен Жайық өзенінің арасында құрылған «Бөкей ордасы» туралы, оны басқарған хандар: Бөкей, Сығай, Жәңгір үшеуінің патша үкіметіне астыртын қызмет көрсеткені, ол үшін патша үкіметі оларға қандай сый-құрмет көрсеткені тарихи деректерден мәлім.

Губернатор Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, әскери училищеден монархистық рух алып шыққан Жәңгір ханды, патша үкіметі орыс князьдарының дәрежесінде ұстаған. Жәңгір «қазақы» хандардай емес, Россия патшасының салтанатымен тұруға тырысқан және оның халықты қанауы өте өктем болған.

Россия дворяндары мен помещиктерінің салтымен тұрған Жәңгір ханның заманында Бөкей ордасында халықты аса күйзелткен бір мәселе — жер болды. Жәңгірден бұрынғы көшпелі ауыл тұрмысында, жеке ру, жеке адам меншіктенетін жер учаскесі болмайтын, мал шаруашылығымен күнелткен қазақ халқында жер жалпы үлкен рудың меншігі саналатын. Әрине, онда да жердің отын, суын кедейден гөрі байлар артық пайдаланды.

Бөкей ордасына қараған елдің жерін Жәңгір хан Россия тәртібімен басқарды, яғни барлық шұрайлы жақсы жерлерді өзі алып, өзіне жақтас билер мен байларға бөліп берді. Жәңгір ханның өз қарамағында 400 мың десятинадай жер болды. Ал өзіне жақтас сұлтандарға, байларға, төрелерге былай үлестірді. Мұсағали, Шынғали Орман балаларына 700 мың десятина, Қарауыл қожа Бабажановқа 390 мың десятина, өз інісі Мендігерейге 400 мың десятина, Балқы би Құдайберген ұлына 300 мың десятина, Бегалы сұлтан балаларына 200 мың десятина, Шөке Нұралыхановқа (қайнағасы) 170 мың десятина... 1830—1845 жылдары хан өзі қалаған адамдарына 15, 17 мың десятина жер берді».<sup>1</sup>

1830 жылы Бөкей ордасында 11660 үй, онда барлығы 58300 жан болған. Соларға Бөкей ордасының малға жайылымдық, шабындық жерін бөлгенде, жан басына 48 десятинадан келеді<sup>2</sup>. Бірақ, жалпы есеп солай болғанымен, осы жердің бәрі қанаушы таптың қолына көшіп, еңбекші халық жерден қатты тартылады.

<sup>1</sup> В. Шахматов. «СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының хабарламасы», 1940, 52-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 50-бет.

Бөкей ордасына қарасты барлық жердің шұрайлысын қазақтың өз феодалдарына ғана меншіктенумен қанағаттанбайды, оның біразын орыс помещиктері, казачий станицаның атамандары мен кулактары алады. Шабындыққа, қысқы қонысқа ең жайлы жер — Орал өзенінің Каспий теңізіне құятын сағасы, осы арада помещиктер Безродко — 185 960 десятина... Юсупов — 114 640 десятина меншікті жер алады»<sup>1</sup>.

Казачий станицаның атамандары мен кулактары Орал өзенінің құнарлы жерін көшіп барған елден «мал оты үшін» деген сылтаумен 1834 жылы 7 252 сом ақша алады. Каспий түбегіне осындай көп шығынмен ғана малын жаюға қазақтарға рұқсат еткен әскери-казактар, қазақтарға ақысыз-пұлсыз жұмысын да істетеді. Мысалы, қазақтар 1833 жылы ақысыз-пұлсыз теңіз бен өзеннің құрағынан жерді иеленген казактарға 25 000 бау құрақ орып берген.

Халықты жерден қысу, рақымсыз қанау мұнымен ғана тоқтамайды. Жәңгір ханның Каспий түбегін билетіп қойған адамы Қарауылқожа Бабажанов: «1834 жылы орыстарға сендер үшін төледім» деп өтірік айтып, қазақтардан 2 000 бойдақ қой, 2 000 тоқты, мың сом ақша алады және 10 000 бау құрақты тегін орғызады»<sup>2</sup>.

1837—1838 жылдары Бөкей ордасында, Исатай — Махамбет бастаған халық көтерілісі, осы рақымсыз екі жақты талаудан туды.

Тарихи деректерге қарағанда, қазақ феодалдарына, беделді адамдарға арқа сүйеген Жәңгір хан, сол кезде халық арасында беделді Исатай Тайманұлын да өзіне тілеулес, өзінің сойыл соғар биі етуге тырысқан. Бірақ халық зарын көріп отырған Истай, ханның бұл қақпанына түспей, халықпен ханды жақтаушылар қарсы келгенде халық жағында қалады.

Исатайдың халық көтерілісін ұйымдастырып жүргенін естіген Жәңгір хан Исатай мен оған серік Махамбетті ұстауға Қарауылқожа бастаған бір топ адам жібереді. Исатай мен Махамбет оларға қарулы көп қолмен қарсы шығып бетін қайтарады. Келесі жылы 17 февральда Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілер Қарауылқожаның

<sup>1</sup> В. Шахматов. «СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының хабарламасы», 1940, 38—39-беттер.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 46-бет.

ауылын шауып, 550 жылқысын, 95 түйесін және көп мүлкін алады.

1837 жылдың июнь айында Исатай мен Махамбет бастаған қол Нарын құмындағы хан ордасына шабуылға аттанып, орданы қамайды, хан бұл кезде әлсіз болғандықтан қарсы шыға алмайды, ханды Исатай бастаған қолдың ұстауына да, талауына да, өлтіруіне де мүмкіндік туады. Бірақ Исатай ханмен қан төгіспей-ақ келіспекші болып, ол «айтқаныма көнсе тимеймін» деп кісі салады, сасқан хан. «айтқанына көнем» деп Исатайды алдап, соның артынан іле-шала Орал қаласындағы патша үкіметінің әскеріне астыртын хабар айтады. Одан подполковник Гек бастаған көп әскер келіп соғысады. Бірақ қару-жарағы басым Гек әскері Исатай — Махамбет қолын Орал өзеніне қарай ығыстырады. Дегенмен адам шығыны көп болмайды, одан әрі қууға қауіптенген Гек әскері кейін қайтады.

Көп кешікпей Исатайды жақтайтын ел Орынбордағы шекара әкімдеріне: «Ханды орнынан түсіріп, ел билігін Исатайға бер» деген тілек қояды, оны үкімет тыңдамай. Исатай — Махамбет көтерілісін күшпен басу қамына кіріседі.

1837 жылдың ноябрінде Исатай 3 000 қолмен хан ауылын қайта қамайды. Осы кезде: Оралдан, Астраханнан, Орынбордан көп әскер келіп, үлкен соғыс болады. Исатай жеңіледі. 1838 жылы июль айында Исатай бастаған қол патша үкіметінің әскерімен тағы кездесіп, бұл жолы Исатай оққа ұшады, халық қырылады. Махамбет пен аз кісі ғана аман құтылады. Исатай — Махамбет бастаған халық көтерілісі осымен аяқталады.

Исатай — Махамбет бастаған халық көтерілісін жырлаған, көтерілісті салқын ғана сипаттамай, халықты жырымен көтеріліске шақырған, жырын көтерілістің мықты бір қаруы қып жұмсаған ақын — Махамбет Өтемісов. Ол ақын ғана емес, көтерілісті Исатаймен қатар ұйымдастырушы, бастаушы, жауға қалам мен найзаны бірдей сілтеген батыр, көтерілістің ұйтқысы.

Махамбет Өтемісов 1804 жылы туған. Ол жасырақ кезінде хан ордасының маңайында өседі. Хажым Жұмалиев Махамбет өлеңдеріне жазған кіріспе сөзінде, Махамбет Жәңгірдің Зұлқарнай дейтін баласына еріп, Орынборға орысша оқуға барды дегенді айтады. Бұл дұрыс емес, себебі, біріншіден, Жәңгір хан 1824 жылы Фатимаға үйленіп, одан Зұлқарнай туса, сонда 1804 жылы туған Махамбетті

Зұлқарнаймен оқуға барды деу жас мөлшері жағынан тым қисынға келмейді, екіншіден, егер Зұлқарнай 1824 жылдан кейін туғанда оқуға 1832—1834 жылдары баруға тиіс. Олай болса, бұл кезде 30 жастағы Махамбет патша үкіметінің абақтысынан қашады, ендеше өзі қашып жүріп, ол Зұлқарнайға еріп, Орынборға қалай барады? Үшіншіден, өмірбаянына қарағанда Махамбет біреудің қасына еріп жүретіндей адам болмаған сияқты.

Махамбет бір өлеңінде: «Біз Өтемістен туған он едік Онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік»,— дейді. Ол оның ішінде Махамбеттен басқа аты белгілілері — Бекмағамбет, Ахмет. Бекмағамбет ханның жақтаушысы және оның 12 биінің бірі болған. Ал Ахмет Махамбетті жақтаған. Хан Махамбетті де өз кісісі етуге тырысып, 1834 жылы оны старшина қойып та байқайды. Бірақ Махамбет ханға сатылмай, көтерілісші халық жағында қалады.

1829—1831 жылдары Махамбет патша үкіметінің абақтысында жатты деген дерек бар. Оның себебін кейбір тарихшылар Махамбеттің Орал өзенінен бері қарай жасырын өтемін деп шекара әскерінің қолына түсуінен еді деп жүр. Ол жылдары патша үкіметінің Орал мен Еділ өзендері арасын мекендеген Бөкей ордасының қазақтарын Оралдың қазақ жағына қарай өткізбейтіні, өтемін дегенді шекара әскерінің ұстайтыны рас; бірақ мұндай адамды олар абақтыға жаппай, қорқытып айып алып, босатып жіберетін болған.

Ал сол үшін патша үкіметінің Махамбетті екі жыл абақтыда ұстауы күмән тудыратын жай, сондықтан мұның өзі басқа бір жағдаймен байланысты болар деген ой тудырады. Осыған қарағанда Махамбеттің ханға, патшаға наразылығы ерте басталғанына да осы жай себеп болуы мүмкін.

1837—1838 жылдарда болған көтерілісте Махамбет ақындығымен қатар аса қайратты батыр ретінде көзге түседі.

1838 жылы Исатай өліп, көтерілісті үкімет күшпен басқаннан кейін Махамбет Хиуа хандығына барып, Хиуаны бастап Россиямен соғыспақ болады. Ол жоспарын іске асыра алмаған Махамбет, еліне қайтып, тағы да қазақ халқын көтерілске ұйымдастырғалы жүргенде 1841 жылы қолға түсіп қалады. Орынборға айдалып, абақтыда отырады. Бұл жолы оның абақтыда қанша отырғаны мәлім емес. Бірақ ол абақтыдан тағы да қашып құтылады. Содан кейін,

елді тағы көтеріліске ұйымдастырып жүргенде 1846 жылы Жәңгірдің туысы, Баймағамбет сұлтанның бір сенімді адамы Ықылас деген Махамбетті қапыда шауып өлтіріп, басын Баймағамбетке әкеліп береді.

Тарихи деректерге қарағанда Махамбет арабша жазу арқылы хат білген. Бірақ ақын Махамбет өзінің жырларын жазды ма, жоқ па? Ол жайында сақталған тарихи дерек жоқ. Оның өлеңдері ауыздан ауызға көшіп, халық аузында ғана сақталған. Махамбеттің сақталған өлеңдері көп емес, шамамен мың жолдан аз-ақ асады. Махамбеттің бұдан көп жырлар қалдыруы да мүмкін. Бірақ ол жырлардың бәрі біздің заманымызға жетпеген.

Әйткенмен Махамбеттің бізге жеткен аз жырларының өзінде тарихты және XIX ғасырдағы көтерілістен туған поэзияны тану үшін де ерекше маңызы бар.

Көтеріліске қатынасып, оны бастаудың мақсаты не екенін Махамбет Баймағамбет сұлтанға айтқан жырында былай деп баяндайды:

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде,  
Еңіреп жүрген ер едім!  
Исатайдың барында:  
Екі тарлан бөрі едім!  
Қай қазақтан кем едім,  
Бір қазақпен тең едім!?  
Өздеріңдей хандардың,  
Қарны жуан билердің,  
Атандай даусын ақыртып,  
Лауазымын көкке шақыртып,  
Басын кесем деп едім?!  
Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім!  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім!  
Еңсесі биік ақ орда,  
Еріксіз кірсем деп едім!  
Керегесін қиратып,  
Отын етсем деп едім!  
Туырлығын кескілеп,  
Тоқым етсем деп едім!  
Тақта отырған хандардың,  
Төрде отырған ханымын  
Қатын етсем деп едім!  
Әлдилеген баласын,  
Жетім етсем деп едім!  
Хан сарқыты — сары бал,  
Сұраусыз ішсем деп едім!  
Ханның киген кіреуке,

Үстіме кисем деп едім!  
Қанікейдей көріктіңді  
Қалыңсыз құшсам деп едім!  
Өздеріңдей хандарды  
Осылай етсем деп едім!

Махамбеттің бұл жырындағы сөздер көп түсіндіруді қажет етпейтін, пікірі ашық: халықты қанаушы хан мен билерге, байларға қарсы айтылған толғаулар. Жырда Махамбеттің алдына қойған мақсаты да ашық, ол халықты қанаушыларды жою, түп-тұқиянымен құрту, халықты талаушылармен ешуақытта келіспеу, оларға ешбір рақым қылмау. Сөйтіп, патша үкіметі, хан, орыс помещиктері мен қазақ байлары өз меншігіне алған шұрайлы жер «Еділдің ен тоғайына елді қондырып», еркін жайлату, жердің отын халықтың малына жегізу, отаршылдық саясаттан кедейленіп қалған елді байытып, «Еділ бойына мал толтыру». Махамбет тағы бір жырында халықтың қанаушы топқа рақымсыздығын, онымен ешуақытта келісімге келмейтінін былайша баяндайды:

Мен, мен едім, мен едім,  
Мен Нарында жүргенде  
Еңіреп жүрген ер едім!  
Исатайдың барында  
Екі тарлан бөрі едім!  
Ерегіскен дұшпанға  
Қызыл сырлы жебе едім!  
Жақсыларға еп едім,  
Жамандарға көп едім  
Ерегіскен дұшпанның,  
Екі талай болғанда,  
Азыққа етін жеп едім!  
Хан баласы ақсүйек  
Ежелден табан аңдысқан  
Ата дұшпан сен едің.  
Ата жауың мен едім.

Махамбет жырларында жер мәселесі де айқын із қалдырған. Ол туралы Махамбет былай жырлайды:

Еділ үшін егестік,  
Тептер үшін тебістік,  
Жайық үшін жандастық,  
Қиғаш үшін қырылдық,  
Теңдікті, малды бермедік,  
Теңдіксіз малға көнбедік.  
Ханның кірген ақ орда  
Бұзуын ойлап кеңестік.

Аламанға<sup>1</sup> жел бердік.  
Аса жұртты меңгердік.  
Қара қазақ баласын  
Хан ұлына теңгердік.

Жер үшін, жерден таршылық көрген ел үшін атқа мініп, қол бастаған Исатай мен Махамбеттің көтеріліс жасаудағы мақсаты үзінді алынған жырда айқын айтылған. Исатай өлгеннен кейін халық көтерілісін патша үкіметі күшпен басып, Махамбетті Баймағамбет сұлтан ұстатып алғанда, Махамбет бұл ұстаудан мұқалмайтындығын, жауына бас имейтіндігін, күні туса көтеріліске қайта шығып, ханмен қайта жауласатынын жасырмайды. Ол былай дейді:

Мен бір шарға ұстаған  
Қара балта едім,  
Шабуын таппай кетілдім,  
Қайраса тағы жетілдім...  
Көрмей келмен деп едім,  
Өз еркіммен бетіңді ай,  
Есігіңнің алдына  
Ұрмай, соқпай келтірген  
(Арманың барма құдайға),  
Мынау Махамбет сынды «жетімді-ай!»

Махамбеттің пікірінше ер ел үшін туады. Ел қамын жемеген, қарабасының қамын ойлаған адамнан басқаға келер пайда жоқ. Ел қамқорымын деген адам, елге сөз жүзінде емес, іс жүзінде қамқор болсын, елдің намысын үйде отырып емес, атқа мініп, халықтың жауымен қандасу арқылы жоқтасын: олай істемегендер елдің адал ұлы емес:

Ақ жұмыртқа, сары уыз,  
Әлпештеп қолда өсірген,  
Туған ұлдан не пайда:  
Қолына найза алмаса,  
Атаның жолын қумаса!

Нағыз адам халықтың басына қиыншылық туған кездерде жанын аямай, халықты сол азаптан құтқаруға атсалысқанда ғана халықтың адал ұлы бола алады.

Орай да, борай қар жауса,  
Қалыңға боран борар ма?  
Қаптай соққан боранда —  
Қаптама киген тоңар ма?  
Туырлығы жоқ тұл үйге

<sup>1</sup>Аламан — көпшілік, бұқара.

Ту байласа тұрар ма?  
Ту түбіне тұлпар жығылса,  
Шапаған нәмәрт<sup>1</sup> оңар ма?  
Қарындастың қамы үшін,  
Қатын менен бала үшін,  
Қайрылмай кеткен жігіттің  
Өзің кәпір. қатының  
Талам<sup>2</sup> деп айтсаң болар ма?

Халық қамын ойлап атқа мінген азаматқа, халық бостандығын әперу оңай жұмыс емес. Бостандық жолында талай қиын кезеңдер, тайғақ өткелдер, тар асулар бар. Ол қиындықтардан батыл қимылдаған адам ғана өте алады.

Ереулі<sup>3</sup> атқа ер салмай  
Егеулі найза қолға алмай,  
Еңку-еңку жер шалмай,  
Қоңыр салқын төске алмай,  
Тебіңгі терге шірімей,  
Терлігі майдай ірімей,  
Алты малта ас болмай,  
Өзіңнен туған жас бала,  
Сақал шығып жат болмай.  
Ат үстінде күн көрмей,  
Ашаршылық шөл көрмей,  
Өзегі таалып ет жемей,  
Ер төсектен безінбей,  
Ұлы түске ұрынбай  
Түн қатып жүріп түс қашпай,  
Тебіңгі теріс тағынбай,  
Темір қазық жастанбай,  
Қу толағай бастанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме...

Халық үшін жанын қиятын адамдар, Махамбеттің айтуынша, қиялдағы адамдар емес, ондай артық туған адамдар халық арасынан әлі де көптеп шығады. Халық туғызған ондай жақсы азаматтарды Махамбет шын ынтасымен, тілі жеткенше көтере мақтайды. Махамбеттің тұсындағы халық қамын ойлайтын және оның ер жүрек, адам ұлы Исатай еді. Ал, Исатай өліп, көтерілісті патша үкіметі мылтық күшімен қан-жоса қып басқаннан кейінгі халық басына туған ауыр халді, қайғылы, қаралы күнді Махамбет былай сипаттайды.

<sup>1</sup> Нәмәрт — сертте тұрмаушы.

<sup>2</sup> Талам — талақ ету.

<sup>3</sup> Ереулі — ерттеулі ат. Бұрынғы жаугершілік заманда жолдастарының аты оққа ұшса, мінгестіріп алу үшін, басы артық ері болады екен, ереулі ат — осыдан шыққан сөз.

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,  
Бұлттан шыққан шұбар күн,  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бура атанған шөккен күн,  
Бұлықсып жүрген ерлердеп  
Бұрынғы бақыт тайған күн,  
Садағы болат қылыштың  
Балдағынан сынған күн.  
Қос бәйтерек жығылып,  
Жығылғаны естіліп,  
Алыстағы дұшпанның  
Қуанып көңлі тынған күн.

Исатайдың өлімін Махамбет, жүрегі сыздай, лебі жа-  
лындай қайғырады. Исатайға ерген халықты патша үкіме-  
тінің, аяусыз қыруы Махамбетке қатты батады. Бірақ жі-  
герлі, отты Махамбеттің бұл қайғыдан ұнжұрғасы түсіп  
кетпейді, халық бостандығын көкसेп жанған оның үміт оты  
сөнбейді. Күші басым әскерден жеңілісті Махамбет «көте-  
рілістің біткені осы» деп бағаламайды. Халықтың болаша-  
ғынан үміт етіп, алдағы күндегі халық көтерілісін былайша  
арман етеді:

Желп-желп еткен ала ту  
Жиырып алар күн қайда?!  
Орма мылтық тарс ұрып,  
Жауға аттанар күн қайда?!  
Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген,  
Арғымақтан туған асылды  
Баптап мінер күн қайда?!  
Елдегі асыл жақсыдан:  
Батасын алып дәм татып,  
Түлкідейін түн қатып,  
Бөрідейін жол жатып,  
Жаурынына мұз қатып  
Жалаулы найза қолға алып,  
Жау тоқтатар күн қайда?!

Махамбет жорықтың ақыны. Халықты қанаушылар  
бостандықты ықтиярымен бермейтінін, халық арман еткен  
бостандығына қанды күрес арқылы, жауап қан майданда  
жеңу арқылы ғана жететінін жақсы ұғады. Сондықтан, ол  
Исатайы өліп, көтеріліс басылып, басына қаралы күн ту-  
ған халықты жылаумен жасытпайды, қайтадан көтеріліске,  
қанды майданға шақырады, жауын жеңбей тынбауға, бос-  
тандықтың ұлы жорығына, ұлы жеңіске шақырады:

Айналайын Ақ Жайық,  
Ат салмай өтер күн қайда?

Еңсесі биік боз орда,  
Еңкеймей кірер, күн қайда?  
Қара бұлан терісін  
Етік қылар күн қайда?  
Күдеріден бау тағып,  
Сауыт киер күн қайда?  
Күмбір-күмбір кісінетіп,  
Күреңді мінер күн қайда?  
Толғамалы ақ мылтық  
Толғап ұстар күн қайда?  
Алты құлаш ақ найза,  
Ұсынып шаншар күн қайда?  
Садақ толған сай кез оқ,  
Масағынан өткізіп,  
Басын қолға жеткізіп,  
Созып тартар күн қайда?...

Махамбет халықты қайта көтеруді арман қылып қана қоймайды, ол енді көтерілісті ұйымдастыруға атқа мінеді. Бірақ еңсесі басылып қалған халықтың көтерілуге шамасы келмейді. Махамбеттің ойдағысы болмайды. Патша үкіметі қудалаған Махамбет елден айрылып Хиуаға кетеді. Көздеген мақсаты ойдағыдай болмай, әрі елін сағынған ол қатты тарығады. Осы кезде шығарған жырында Махамбет елін, туысқандарын, қатын-баласын сағынып, көкті күңдіренте, жерді солқылдата күрсінеді. Бірақ күресшіл ақын да қайғының толқынына тұншықпайды, ұлы арманынан жаңылмайды, бастағы зарын айта келе, жыр аяғын баяғы арманы — халықты қанаушыларды жоюға әкеп тірейді. Осы мақсатын іске асыруды арман еткен ол әлі де сүйген халқынан күдер үзбейді, халықты қайта көтеру мақсатынан қажымайды:

Абайламай тарылдым,  
Аржақтағы елімнен.  
Нарын деген жерімнен,  
Тірі кеттім демеймін,  
Кем болмады өлімнен,  
Теңім үлгі алмады,  
Аузымдағы желімнен,  
Ісім кетті далаға,  
Қашан өтіп шығам деп,  
Қайғырамын мен-дағы,  
Жайықтан арғы далаға...  
Қаралай отын жармадым —  
Тас қазанға асарға,  
Махамбеттей мұңдыға,  
Енді келер күн қайда?  
Ханға құрған шатырды:  
Сүңгімен түртіп ашарға?...

Халық ісіне шын ынтасымен берілген Махамбет «ер төсектен безінбей, ерлердің ісі бетер ме!» дегенімен оның жеке басының арманы да жоқ емес. Махамбетте адамдық үлкен жүрек бар, ол халық бақытын рахат тұрмысын көксеумен қатар, өз басының да бақыты мен рахатын аса көксейді. Сүйген жарының, сүйікті балаларының қасында тыныштықта күліп-ойнап өмір сүре алмауына ол қатты қайғырады:

Қосылған жаста арудың  
Көре алмай кеттім құлашын,  
Арпа жемес арғымақ  
Ақселеу отқа зар болар,  
Миуа шекер жемеген  
Алғаным менен балларым,  
Қоңырсыған, дүние-ай,  
Қой етіне зар болар.  
Қатын қалса бай табар,  
Қарындас қалса жай табар,  
Артымда қалған ақсақал  
Алқалай кеңес құрған күн,  
Ақыменен ой табар.  
Кейін қалған жас бала,  
Күдер үзіп біздерден,  
Көңлі қашан жай табар?...  
Ақсұңқар құстың баласы,  
Қасқыр тартқан жемтікке,  
Ағармай көзі қонар ма?

Елінің, өз басының, үй-жайының қайғысын айтып күңіренген Махамбет сонда да дұшпанға иілмейді. 1841 жылы Баймағамбет сұлтан қашып жүрген Махамбетті ұстатып, абақтыға айдатар алдында Махамбет Баймағамбетке көтеріліске неге қатысқанын жасырмай айта келіп, қолында тұтқын болып отырса да, оған былайша қайрат білдіріп шошындырады:

...Алдыға келіп тұрмын деп,  
Ар, намысым қашырман.  
Сүйегім тұтам қалғанша,  
Тартынбай сөйлер асылмын.  
«Ай, тақсыр-ау», ай, «тақсыр»,  
Бойың жетпес биікпін,  
Бұлқа жетпей шарт сынбан.  
Айта келген сөзім бар  
Не қылсаң да жасырман.  
Шамдансам жығар асаумын,  
Шамырқансам сынар болатпын,  
Көр қылад деп, «тақсыр-ау!»  
Аяғыңа бас ұрман.  
Бәйеке «сұлтан» ақсүйек  
Қыларың болса қылып қал,—

Күндердің күні болғанда:  
Бас кесермін, жасырман.

Халық бостандығы үшін болған күресті сипаттайтын XIX ғасырдағы поэзияда Махамбет жырларының орны ерекше, өйткені XIX ғасырдағы халық көтерілісі кезінде найза мен қаламын бірдей қару етіп жұмсаған одан басқа ақын жоқ. Көтерілісті жырлаушы әрі істің, әрі сөздің қажымас қайратын Махамбеттен өзге ақындардан әзірге кездестірмейміз. Шынында басқа ақындар ең әрі кеткенде көтерілістің жыршысы ғана болады.

Екіншіден, Махамбеттің жырлары құл ұстаушы мен құл болушылардың ешуақытта татулыққа келе алмайтындығының, құлданушы тапты, құл болушы тап біржола жоймай, көңілі тынбайтындығының айқын бейнесі. Исатай — Махамбет көтерілісі — ешбір саяси программасыз басталған халықтың стихиялық күресінің бірі. Сондықтан Махамбет жырларында да айқын саяси программа жоқ. Сонда да Махамбет жырларының ерекше қасиеті, стихиялық күрес шиеленісе келіп, саяси саналы күреске ұштасатынын дәлелдейді.

Үшіншіден, Махамбеттен бұрын жасаған ақындардың бұрынғы батырлар туралы айтылғандары оның жырларында кездесетіндері бар. Мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны Едіге батырдың Тоқтамыс ханға айтқанымен сарындас, кей жерде тіпті жолына жолы, сөзіне сөзі дәл келеді. Бұдан, әрине, Махамбет бұрынғылардан алды деген қортынды тумайды. Мұндай ұқсастық жалғыз Махамбет жырларында ғана емес, ауыз әдебиеті ақындарының барлығында да ұшырайды. Мұндай әдет Бұхарда, Дулатта, Шортанбайда және басқаларда да бар.

XVIII—XIX ғасырларда патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы қазақ даласының әр жерінде, үлкенді-кішілі толып жатқан көтерілістер шыққан. Өкімет XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ феодалдарының жәрдемімен оларды қан-жоса етіп басып, кең даланың ен бойына әскерлік қорғандар салып, халықты тырп ете алмайтын халге келтірді. Содан кейін қазақ елін басқаруды қолына алып, 1822 жылдан бастап қазақ хандықтарын жойып, даланы дуан (округ) аталатын әкімшілікке бөлді. Оларды басқаруға сенімді адамдарынан «аға» және «кіші» сұлтандар қойды. Солардың бірі Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов болды.

1868 жылы патша үкіметі жаңа заң шығарып, әкімшілікті Россия тәртібімен: болысқа, уезге, губернияға бөлді де, болыстар мен старшындыққа ғана қазақтарды «сайлап», одан жоғарғыларын патша чиновниктеріне басқартқан. Осыдан кейін қазақ еңбекшілері қазақ феодалдары мен орыс қанаушыларының екі жақты қыспағына түсті. Осы бір тұстағы қазақ елінің тағдырын толғаған бірталай жыраулар да болды.

# ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

## БЕСІНШІ БӨЛІМ

### ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ БЕЛЕСТЕРІ

Қазақтың жазба әдебиетінің нақ қай кезден басталғаны әлі зерттелмеген, анықталмаған мәселе.

Ертедегі замандарда қазақ даласында тасқа қашалған таңбаларға қарағанда, қазақ жазуының арғы тамырын иероглифке, яғни әріптік емес, ұғымдық таңбаларға жағқызуға болады. Ал одан бергі жағы біздің жыл санауымыздан бұрын Сібірде туған орхон-енисей жазуының әріптік таңбаларына соғатын сияқты. Бұлар, әрине, анықталмаған жорамалдар.

Қазақтың алғашқы жазуы араб әріптерінен басталды деген жорамал, өзге жорамалдардан гөрі дәлелдірек. Ол бізге ислам діні арқылы келді. Исламды қазақ Орта Азияның өзге халықтарынан кешірек қабылдағандықтан, араб жазуы да қазаққа кешірек тарады.

«Алтын орда» деген атпен Еділ бойында XIII ғасырдан бастап құрылған әкімшілік өлкесіндегі халықтардың ішінде, татарлардан соңғы ең молы қазақ рулары болғанға ұқсайды. Оған келтірілетін ең сенімді дәлелдің бірі, осы орданың алғашқы ханы — Шыңғысұлы Жошыхан өлігінің қазақтың Ұлытау аталатын мекенде жерленуі.

«Алтын орда» хандарынан исламды бірінші болып қабылдаған — Жошының (1273 жылы өлген) баласы Береке (Береке — 1286 жылы өлген) хан. Одан кейін бұл дінді Еділ бойына, Орта Азияға, Кавказдың кейбір халқына, қазақ даласына кеңінен таратқан Өзбекхан (1263 жылы өлген).

«Алтын орданың» соңғы ханы Тоқтамыс шамамен 1300—1406 жылдары арасында жасаған. Шоқан Уәлихановтың зерттеуінде Тоқтамыс бұйрық-жарлықтарын көне түркі тілінде араб әрпімен жазған. Сол кездегі қазақтардың арасына бұл жазудың тараған-тарамағаны белгісіз. Араб әрпімен жазылған қазақ тіліндегі документтер Датұлы Сырым батырдың патшалық Россияға қарсы көтерілісі кезінен сақталған. Ол кезде жазылған хаттар тіл жағынан

жалпы түркілік тілден гөрі қазақ тіліне жақын. Бұхар, Шортанбай, Махамбет, Нысанбай және басқалары өлең-жырларын қағазға түсіргенге ұқсайды. Сондай жорамалдар бола тұра, олардан сақталған документтер әлі күнге дейін табылған жоқ.

Орыс мектебінде оқыған Шоқан Уәлиханов, Ібраһим Алтынсарин, Абай Құнанбаев және олардың соңынан шыққан бірлі-жарым немесе орысша жазған ақын-жазушылар өздерінің еңбегін араб әрпімен немесе орысша жазған.

Абай жайына бұл еңбекте толығырақ тоқтаймыз. Өйткені ол шын мағынасындағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, оның салтанатты сарайын түгелінен құрып, қазақ көркем әдебиетін өз тұсындағы жалпы адамзаттық көркем әдебиеттің биік шыңына көтеріп кеткен кісі Абай қазақ жазба әдебиетінің алғашқы биік жотасы.

### Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845—1904)

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классик ақын. Абай бұрынғы Қарқаралы дуанына қарасты Шыңғыс тауының бауырында туған. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы маңайындағы қазақ ауылдары байлары мен билерінің ішіндегі азулыларының бірі болады. Білетін адамдардың әсіресе, он тоғызыншы ғасырдың алғашқы жартысында Батыс Сібірге саяси қылмысты ретінде жер ауып келіп, Құнанбаймен таныс, істес болған поляк офицері А. Янушкевичтің сипаттауына қарағанда, Құнанбай өз ортасының ақылды да білгір, тапқыр да шешен адамы болған. Сондықтан да патша үкіметі оны бір сайлауда Қарқаралы дуанының аға сұлтандығына бекіткен.

Абай Құнанбайдың үшінші әйелі Ұлжаннан туады. Ол Қаракесек руының шешендікпен, мысқылшылықпен атағы шыққан Шаншар тобының қызы екен. Ұлжаннан Тәкежан (Тәңірберді), Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан деген төрт ұл туады: Абайдың бір өлеңінде «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ» деуі сондықтан.

Абайдың азан шақырып қойған аты — Ибраһим. Кейін шешесі еркелетіп «Абай» деп кеткен. Қазақта «абай» — «сақ», «көреген» мағынасында қолданылатын сөз. Шешесінің де, халықтың да Абай деп атауы сондықтан болуы

ықтимал. Біраз жұрт Абайды Құнанбайдың Ыбрайы деп те атаған.

Құнанбай діншіл адам болған. Ол сол кезге дейін көшпелі қазақ ауылдарының арасына біртіндеп тарап келген мұсылман дінінің ықпалын күшейтуге тырысқан, намаз оқитын, ораза тұтқызу, дәулетті адамдарға зекет төлету сияқты дін шарттарын өзіне бағыныштыларға күшпен таратпақ болған. Осы мақсатпен Орта Азияның діндар қожаларын, татар молдаларын қарамағындағы ауылдарға таратып, олардың балаларын міндетті түрде мұсылманша оқыттырады. Сондай қожа-молдаларды өз ауылында да ұстап, өз балаларын, олардың ішінде Абайды Ғабитхан есімді татар молдасына сабаққа берген.

Молладан үш-төрт жыл оқыған Абайдың сабаққа зиректігі байқалған соң, әкесі Семей қаласындағы мұсылман имамы Ахмет Ризаның медресесіне апарып оқуға орналастырады. Ол — «мүтәкәллимін» аталатын дін сабақтарына тарих, поэзия, математика, философия, дүннелік білім салаларын қоса оқытуды қажет деп тапқан ағымның өкілі болады. Соның медресесінде төрт жыл оқыған Абай мұсылмандық шығыстағы араб, иран және Орта Азия әдебиеті классиктерінің шығармаларымен танысып, соларға еліктеп қысқаша өлеңдер жаза бастайды.

Бірақ, Семейде Абай ұзақ бола алмайды. Оған әкімшілік жұмысынан қол үзуге айналған және тек дінмен ғана шұғылданып, Мекеге қажылыққа баруға жиналған Құнанбай себеп болады. Ол ел басқару істерінде өзінің орнын басады, деп дәмеленген Абайды оқудан шығарып, қасына алады. Бұл Абайдың он үш жастағы кезі болса керек. Сол жасынан ел басқару ісіне араласқан Абай қазақ елінің білгірлері, шешендері, ақындары, жыршылары, ертегішілері, тақпақшылары, күлдіргілері, әнші-күйшілері сияқты өнер иелерімен жиі кездесіп, қазақ халқының рухани мәдениет жүйелерімен жақсы танысады. Өзі де билер үлгісінде шешен сөйлей бастайды. Сөздері ұтымды, билік шешімдері тұжырымды болады.

Абай шығармалары үш түрлі бағытта өрбиді: өзі шығарған төл өлеңдер, ғақлия (нақыл сөздер) аталатын прозалар және өзге тілдерден, әсіресе орыс тілінен аударған өлеңдері.

Барлығы қырық бес «сөз», үш-төрт мақаладан құрала-тын прозалық шығармаларында Абай тарих, қоғам, шаруа, дін, мәдениет туралы өз пікірлерін айтып, өз ұғымын білді-

реді. Бірталай нақыл сөздердің сарыны кейбір өлеңдерінің мазмұнымен астарласады, бірақ прозалық шығармаларын да ол өлеңдеріндегідей көркемдік дәрежеге көтеріле алмайды, ғибрат айтушы, ақылгөй адамдар дәрежесінде қалып қояды.

Жазу жұмысына жиырма жылдай шұқшия отырған Абайдың басына 1891 жылдан бастап біріне-бірі ұласқан бірнеше қайғы түседі: сол жылы жақсы көретін інісі Оспан өледі. Бұл қазаны қалай қайғыруы Оспанға арналған өлеңдерінен байқалады. Осы қазаның күйігі басыла берген шақта, 1895 жылы орысша әскери жоғары білімі бар, армияда офицерлік қызметте жүрген баласы Әбдірахман (Әбіш) өледі. Бұл баласын жаңаның алдына өзін ескінің артына санаған Абай оған тіпті егіле қайғырғаны осы тақырыптағы көптеген өлеңдерінен байқалады. «Заман, петкен тар едің, сол қалқамды қоймаған» деген өлеңді осы кезде жазады. Әбдірахманның өліміне көптеген өлеңдер арнайды.

Екі ауыр қазаны әрең көтеріп жүрген кезінде 1904 жылы қатарынан екі қазаға және ұшырайды. Сол жылдың көктемінде орысша білім алып, офицерлік қызметте жүрген баласы — Мағауния (Мағаш) опат болады. Ол «Медғат — Қасым» деген көрнекті поэма жазған. Мағауниядан қырық күн кейін, Абайдың тұңғыш ұлы, «Дағыстан» және «Зұлыс» атты поэмалар жазған Ақылбай қайтыс болады. Екі ауыр қазаны көтере алмаған Абай Ақылбайдан қырық күннен кейін, өзі дүние салады. Абайдың бейіті Шыңғыстаудың ығындағы Жидебай аталатын мекенде, інісі Оспанның қасына жерленді. Ол арада қазір сөзет дәуірінде орнатылған күмбез мавзолей бар.

Өлең жазуға бала жасынан әуестенгенімен және алғашқы өлеңдерінен-ақ ақындық ұшқыны шашырағанымен бірыңғай жазу жұмысымен Абай жасы қырыққа жеткен кезде ғана шұғылданады. Өйтуіне өмір тәжірибесінің молаюы және көркем әдебиетке деген көз қарасының тұрақталуы себеп болады.

Ел басқару ісіне жасөспірім кезінен араласқан Абай туған халқының тұрмысындағы сәулелі және көлеңкелі жақтарын түгел көріп, оның өмірін жан-жақты таниды. Халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сәуле түсірмең болғанымен, бұл талабынан нәтиже шығара алмайды. Сондықтан халқына пайдалы, деп ойлаған істерін көркем сөзбен, әсіресе, өлеңмен жеткізбек болады. Осындай ниетпен

жазуға кірісерде шығарманың қандай түрі халыққа түсінікті болуын қарастырады.

Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің ең күшті жанрлары шешендік сөз бен өлең-жыр болатын. Ескі өлең-жырлар Абайды қанағаттандырмайды. Ол «ескі бише отырман бос мақалдап, ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап» деп, ескі өлеңді місе тұтпайды.

«Ескі бише бос мақалдап» деген сөзді Абай босқа айтпаған. Патриархалды ауылдың көне заманнан Абайға дейінгі дау істерін билер шешіп келген. Олар өзара шешендік салыстырып, қай бидің сөзі ұтымды болса, істің ақ-қарасына қарамастан, сол жеңіп отырған. Қазақтың «істің ағы білмейді, жігіттің бағы біледі» деген мақалы сондықтан шыққан. «Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап» деуі қазақтың ауызша өлең шығаратын ақындарының көбі кедей болып, өлеңдерін күн көрістің құралына қолданған, тыңдаушыларынан, әсіресе байлардан ақы тілейтін болған. Сондықтан да Абай оларды «Жат елде қайыршылық қылып жүріп, өз елін бай деп мақтап құдай қарғап» деп сөккен. Абайға дейінгі қазақтың байлары немесе атақтылары «руымыздан ақын бақсы шыққан жоқ» деп мақтанатын болған. Ақындықты кедейлердің күн көріс құралына санаған. Сондықтан Абай оларды менсінбей «ақындары ақылсыз надан келіп көр-жерді өлең қылған жоқтан қармап» деген. Халықтық фольклордан жекеленіп дара ақындар шыға бастаған кезде Абай оларды да менсінбей, «Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау, Өлеңі бірі жамау, бірі құрау» деген. Халық жырларының эпикалық түрлерін айтатын жырауларды да ұнатпай, Абай: «Батырды айтсам ел шауып алған талап, қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап, әншейін күн өткізбек әңгіме үшін, тыңдар едің бір сөзін мыңға балап» деп «наданға» санайтын қазақ қауымына ұрысқан.

Абай мақалдар мен мәтелдерді өте ұнатқаны байқалады. Бұларды Абай өз өлеңдерінің жолдарына ретін тауып қосып отырған. Мысалы, «аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп» деген мақалды Абай өлеңіне «берерменге бесеу көп, аларманға аз алтау» деген түрде қосып жіберген. Мұндай мысалдарды Абай шығармаларынан көптеп табуға болады.

Абайдың ислам діні тараған шығыс елдерінің әдебиетімен жақсы таныстығы мәлім. Алғашқы бірер өлеңінде Абай бұл әдебиеттің классиктерін пір тұтып, оларға сиына-

ды да. «Иузи — раушан, көзі — гауһар, «Әлифби» тағы бір-неше қысқа өлеңдерін солардың үлгісінде жазады. Кейін «Масғұт» және «Ескендір» дейтін екі шығыс хикаясын өлеңге айналдырады.

Ислам дініне шын көңілімен сенген Абай өзінің тәңірі тану жайындағы философиялық көзқарасын өлеңге де айналдырған. Алайда, ислам ақындарының дінді жырлайтын «мүнәжат» аталатын шығармалары үлгісінде ештеңе жазбаған. Абай ислам Шығысының поэзиясын өзіне үлгі көрмеген.

Абайдың жазу жұмысында үлгі көрері де, сүйенері де он тоғызыншы ғасырдағы орыс әдебиеті. Ахмет Ризаның Семейдегі медресесінен кетер алдында Абай мұғалім жалдап екі айдай орысша оқыған, осы тілде аздап жаза және сөйлей білген. Еліне қайтқаннан кейін де Семеймен қатынасын үзбей, ондағы орыстардан достар тауып, әсіресе, саяси қылмыспен жер ауып жүрген орыс оқымыстылары Долгополов және Михаэльспен танысып, орысша білімін тереңдете түсуге жәрдем алған. Бұл жөнінде Абайға ерекше жәрдем берген адам өзінің туған інісі Халиолла (Халел) Өскенбаев. Ол орысша бастауыш білімді Семейде алған. Кейін Омбыдағы кадет корпусын, Петербургта Михайлов атындағы артиллерия училищесін бітірген, орысша білім алған кісі екен. Замандастарының, әсіресе Г. Потаниннің сипаттауынша Халел әскери біліммен қатар көркем әдебиетті де жақсы танитын адам болған. Ол әскерлік қызметте жүргенде, жасы отызға жетпей қайтыс болған.

Абай осы Халелдің ақыл-кеңесімен орысша кітаптарды көп оқыған. Сонымен қатар орыс тіліне аударылған дүние жүзілік ғалымдармен жазушылардың еңбектерін де көп оқыған. Мысалы, көне Грецияның атақты ғалымы Аристотельдің философиялық және әдеби шығармаларымен толық танысқан. Көне кездің атақты данышпаны Сократты да білетіндігі шығармаларынан көрініп отырады.

Орыстың ойшыл ғалымдарынан Абайдың ерекше ұнаып оқығаны В. Г. Белинскийдің еңбектері. Абай оның эстетикалық қағидаларын өз шығармаларына арқау еткен, Сайып келгенде бұл қағидалардың өнер өнер үшін емес, өмір үшін, көркем шығарманың міндеті — өмір шындығын қаз-қалпында сипаттау, ақынның міндеті өз заманының жыршысы болу дегенге саяды.

Көркем әдебиетке осындай көзбен қараған Белинскийдің орыс әдебиетінің он тоғызыншы ғасырдың өкілдерінен

үлгіге тартатыны А. С. Пушкин. Белинскийдің ойынша, өз ұлтын сүйген адам ғана бүкіл адамзатты сүйе алады. Белинскийдің бағасынша, орыс әдебиетінде шын мағынасындағы бірінші ұлттық ақын — Пушкин.

Абай Белинскийдің бұл пікірін өзінің ақындық жолына жетекші нұсқау ретінде пайдаланып, қазақтың бірінші ұлттық ақыны болуға тырысқан және сол мақсатына жеткен. Ол жазушылық жұмысқа осындай үлкен тәжірибемен және теориялық даярлықтармен кіріседі.

Көркем әдебиеттің теориясына жетік, оның өркендеуіне жөн сілтейтін адамның бәрі бірдей ақын не жазушы бола алмайды. Жазушылық, яғни көркем ойлап, сол ойын ауызша айта аларлық немесе қағазға түсіре аларлық дарын адамның бойына табиғат беретін сый. Абай сондай дарынды ақын. Оның ойынша, ақындық адамға «тәңірінің берген өнері», ол өнер кез келген жерде таси бермейді, шабыт келген жағдайларда ғана, яғни ақынның не қуаныш, не қайғыға батқан шақтарында ғана келеді. «Сонда ақын белін буынып,— дейді Абай,— алды-артына қаранар. Дүние кірін жуынып, көрініп ойға сөз салар».

Абайша ақындықтың құралы — тіл. Оның ойынша тіл «Өткірдің жүзі. Кестенің бізі», яғни көркем өнердің басқа ешбір түрі тілдей көркем шығарма жасай алмайды. Осындай ұғымда Абай көркем шығарма жазуға кірісерде: «Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ»,— дейді. Қазақ тілін көркемдіктің биігіне көтеру үшін Абай бұл тілге араласып жүрген бөтен сөздерден өлеңді аршымақ болады. Оның «бөтен сөз» дейтіні: біріншіден, ауызша фольклорда немесе қазақта жаңа ғана туып келе жатқан жазба әдебиетте белгілі бір пікірге жанасы жоқ жолдардың, сөздердің бытысып жүруі, екіншіден, қазақ тіліне ислам діні арқылы кірген қазаққа ұғымсыз араб, парсы сөздерінің араласып кетуі.

Белинскийдің қағидасын қолданатын Абайдың да ойынша:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Осылай жазылған өлеңді ғана көркем деп түсінетін Абай Белинскийше мазмұнға бірінші орын, түрге екінші орын беріп, «Іші алтын, сырты күміс» болсын дейді. Өзі

осындай өлеңдерді ғана жазуға тырысады және сол мақсатына жетеді.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында орыстың «стихотворение» деп атайтын сюжетті өлең түрінде бірінші рет Ыбрай Алтынсарин жазды. Абай өлеңнің осы түрін дамытып, барлық шығармаларын соған бағындырады. Абай өлеңдерінің басым көпшілігі бір тақырыптың төңірегінде, бір пікірді ғана жан-жақты сипаттап, мағынасын тұжырымдап отырады. Бұл жағынан Абай орыс ақындарына ұқсайды. Мазмұн жағынан Абай өлеңдері түгелімен дерлік өзі жасаған заманның тақырыбына, туған халқының жақсы және кемшілік жақтарын сипаттауға арналған. Осындай тақырыптарда қарапайым жұрттың ұғымына әрі жеңіл, әрі көркем түр тапқан.

Абай поэзиясы түгелімен сюжетті ұсақ өлеңдерден құралады. Ол поэзияның поэма» аталатын жанрын туғыза алған адам емес. Ол қысқа өлеңдерінде табиғат бейнесін, адам портретін жасауға, оның ішкі, сыртқы қылық, мінездерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай тақырыпқа жазған өлеңінде болса да Абай шығармаларында қазақ жерінің, қазақтың ұлттық тұрмысының бейнелері айқын елестеп тұрады. Мысалы, қысты ол:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,—

деп қазақтың қатал шалдарына ұқсатады немесе «кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды» деп бейнелейді. Сонымен қатар, қазақтың сол кездегі қыс мезгілінде де киіз үйде отыратын тұрмысын елестетіп:

Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды,—

дейді.

Күздің сипаты да тек қазақ даласының күзгі түрін, тек қазақ аулындағы тұрмыстың күзгі бейнесін жарқын елестетеді. Мезгіл тақырыбына жазған өлеңдерінде табиғат көріністерінен басқа ауылдың әлеуметтік өмірі де, бай мен жарлының тұрмысындағы алшақтықтар да, таптық теңсіздіктер де көрініс беріп отырады. «Жазғытұрым», «Жаз», «Қан сонарда», «Желсіз түнде жарық ай», «Қараңғы түнде тау қалғып» сияқты өлеңдері ірі шеберлердің бояуымен салған суретші картиналарындай өте көркем, өте ұғымды және тек қазақ даласына ғана тән бейнелер. Болыстарды,

билерді, пысықтарды, тағы сондай типтерді сипаттағанда көз алдыңа тірі адамдардың бейнесін алып келеді. Өзінің және өзгелердің жан жүйесін сипаттағанда да Абай өте шебер. Жастардың махаббат сырын бейнелеуге де жүйрік.

Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясының «қара өлең» және «жыр» аталатын екі-ақ өлшемі болған. Қара өлеңнің бір шумағы төрт жолдан, әр жолы он бір буыннан құралып, үйлесі «а, а, б, а» болып келеді. Екіншісі жыр жолдары жеті буыннан, ал шумақтары, үйлестері тұрақсыз келетін өлең. Абай өз шығармаларында осы екі түрін де байытып, кең пайдаланды. Бірақ ол қазақ поэзиясының өлшемімен ғана қанағаттанбай, орыс және дүние жүзі поэзиясының жетістіктеріне сүйене отырып өлеңнің жаңа шақты тың өлшемін қосқан. Солардың ішінде «Сегіз аяқ» және он алты үйлесті «Сен мені истесің» сияқты дүние жүзілік поэзияға қосқан жаңа өлшемдері де бар. Абай тыңнан жасаған өлшемдерін ауылдың сауатсыз тыңдаушыларына, аз ғана оқырмандарына түсінікті болу жайында қарастырады. Өзіне дейінгі қазақ өлеңдерінде әнмен, термемен айтылмай-тындары болмаған Қазақтың халық мәдениетінен Абайдың ерекше сүйген әндері болған. Бірақ ол ән атаулының бәрін қабылдамай:

Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар,  
Ақылдың сөзіндей ойлы күйді,  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар,—

деп,

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй,  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй—

деп тек сүйген әндерін ғана қабылдаған.

Әнге талғамы сондай Абай қазақ поэзиясына өзі тыңнан жасаған өлең өлшемдеріне лайықты әндер шығарған. Олардың ішінде: «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Сегіз аяқ» халықтың ең жақсы әндерінің қатарына қосылып, күні бүгінге дейін зор құрметпен орындалады. Абайдың әндері жаңа өлшемді өлеңдерінің халық арасына тез тарауына себепкер болады. Осы әндердің негізінде Ахмет Жұбанов, Латиф Хамиди «Абай» операсын жазды. Өзінің ақындық және композиторлық қуатының кең өрістілігіне сенген Абай: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен

де түзел»— деп, халқына айтқысы келген ақылын өлеңдері мен әсем әндері арқылы жеткізуге тырысады.

Ислам дін басылары бұл дүниені, яғни тіршілікті уақытша, «фани» жалғанға санап, одан бездіруге тырысып, тұрақты рахатты адам өлгеннен кейін «ақырет» аталатын «о дүниеде» көреді деп, ол үшін бұл жалғанды тек құдайға құлшылықпен өткізуге шақырса, Абай адамды осы дүниенің тіршілігінде рахат көруге, қоғам үшін, халықтың игілігі үшін еңбек етуге шақырады. Абайдың ойынша «өзің үшін еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың». Сол ойын «көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған» деп бекіткісі келеді де, «әрекет қыл, пайдасы көпке тисін» дейді.

Абайдың ұғымында адам атаулы жаратылысында бірдей, сондықтан өзін өзгелерден артық санайтындарға «менімен сен теңбе деп мақтанасың, білімсіздік белгісі, ол баяғы» деп ұрсады. Абай қоғамды ұлтқа, дәрежеге бөлмей, жынысқа бөлмей, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп», «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп, жалпы адамзатты түгел сүйетін гуманизм биігіне шақырады.

Абай адамды «ер» және «ез» деп екіге бөледі. Оның ойынша жақсылық іс тек «ерден» ғана шығады, ал «езден» ешбір жақсылық күтуге болмайды.

«Қазағым» деген сөзді «ұлтым» деген мағынада түсінген Абай туған халқының өмір шындығының араламаған түкпірін қоймайды және көрген-білгендерінің барлық бейнесін шығармаларына түсіріп отырады. Ол өмір шындығының тіркеушісі емес, көрген-білгендерінің сыншысы және кем-кетікті қатты сынау арқылы түзетуге тырысушы.

Абай «малда да бар жан мен тән» деп адамның хайуанаттан айырмашылығы сезімі мен ақылында дейді. Ақыл — суық мұз, оны ысытатын — жүрек, жүректі сезім ұясы деп санайтын Абай қазақ поэзиясында бірінші рет оны теңізге санап, одан табылмайтын асыл жоқ,— дейді. Өмір күресінен қажыған шағында: «Жүрегім менің қырық жамау, қиянатшыл дүниеден» деп торығады. «Жүрек — теңіз»... деп басталатын өлеңінде «достық, қастық, бар қызық — жүрек ісі» дейді де, қызық қуып кетпеу үшін әрбір сезімді ақыл таразысына салып, оның тиімді-тиімсіз жағын ойлануды ескертеді. Істің тиімді жағын ойлау үшін қайрат керек.

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?

Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күн өтпек.

Оның ойынша, ақылдың таянышы — ар мен ұят.

Абай адамды дәулетіне қарап емес, кісілігіне, еңбегіне қарап бағалайды. Оның ұғымында шаруа білген адамның бәрі еңбекші, бәрі жақсы. Оның жек көретіндері еңбек етпейтін арамтамақтар. Қоғамдық өмірдің, оның ішінде қазақ өмірінің әлеуметтік, таптық теңсіздігін көре білген, ондай тұрмыстың жарқын суретін жасай білген реалист ақын Абайдың өзінің «Қараша желтоқсанмен сол бір екі ай» деп басталатын өлеңінде байлар мен жалшылар тұрмысындағы қайшылықтарды реалистік түрде өте көркем сипаттайды. Тұрмысы ауыр жалшыларға жаны ашитындығын көрсетеді. Сөйте тұра, «байда — мейір, жалшыда — бейіл де жоқ, аңдыстырған екеуін құдайым-ай!» деп кейиді. Одан әрі саяси қорытынды жасауға ой-өрісі жетпейді.

Тіршілік дүниесін бір кең сарай деп ұғынатын Абай әрбір адамға:

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та бар, қалан!—

дейді. Мұндағы «Өнерпаз» дегенді бекерге айтпайды, оның ойынша, адал еңбек атаулының бәрі қоғамға да, жеке адамға да пайдалы, сондықтан әрбір адам еңбектің қай түрінен болса да өз орнын табуы тиіс. Онымен бірге Абай творчестволық еңбекті де жоғары бағалайды, оның жемісті болуын тілейді. Олай болса, ақынның жемісі, оның жазып қалдырған өлең-жырлары, сондықтан да Абай:

Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,—

дейді. Бұл пікірін ол «Харакәт қыл, пайдасы көпке тисін» деп әрбір еңбек адамының қоғамға және өзіне пайдалы істер атқаруын ұсынады.

Абай өз тұсындағы қазақ қоғамына қандай істерді пайдалы көрді? Абайдың ұғымында жақсы нә жаман ел болудың тетігі бірлікшіл нә бірліксіз болуында. Ол «берекелі болса ел — жағасы жайлау ол бір көл» деп береке мен бірлікті жері шүйгін жайлау мен жарқыраған айдын шалқар көлге теңейді де, «берекесі кеткен ел — суы ашыған батпақ көл»...— деп құтсыз, сиықсыз мекенге теңейді. Оның

байқауынша, өз тұсындағы ауылдарды осындай берекесіздік пен ала ауыздық меңдеген.

Осындай шым-шытырық берекесіз ауылдарда:

«Бай алады» кезінде көп берем деп,  
Жарлы алады қызметпен өткерем деп,  
Дос алады бермесең — бұлт берем, деп  
Жауыңа қосылуға сырт берем деп  
«Би мен болыс алады күшін сатып,  
Мен қазақтан кегіңді әперем» деп,—

сол алулардың нәтижесінде «жүз қараға екі жүз аларман бар, бас қатар бас аяғын тексерем деп» дейді Абай.

Бертін келе патша өкіметінің қазақ елін билеу жайында 1868 жылы шығарған заңы бойынша қазақтар Россияның ел билеу тәртібіне көшіп, қазақ жері старшындарға, болыстарға, уездерге, губернияларға бөлінеді. Солардың ішінде старшындар мен болыстар ғана қазақтан сайланып, одан жоғары әкімдер патша үкіметінің чиновниктерінен ғана тағайындалады. Қазақтар бұл заңды «штат» деп те атайды.

Старшындар мен болыстар белгіленген сайлау тәртібімен сайланады. Олардың ауылдың онбасы, елубасы, жүзбасы аталатын атқамінер пысықтары сайлайды. Старшындықта, болыстықта дәмесі барлар сайлаушы пысықтардың даусын мал немесе ақшаға сатып алатын болған. Сайлауды «крестьянский начальник» дейтін чиновник өткізіп, оны уездік және губерниялық начальниктер бекіткен. Сайлауға таласушылар тілмәштар арқылы оларға да пара береді. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, уездік және губерниялық әкімдер сайлануға таласушы қазақ байларынан ақшаны қапшықтап алған. Пара беру жолымен старшын иә болыс болғандар шашқан шығынын момын халықтан және жауласқан адамдарынан «қарашығын» деген атпен әлденеше есе етіп қайтарып алады.

Байлардың болыстыққа, старшындыққа таласуы — әрине, ауыл арасының үстемдігіне таласу. Осындай таласта олар әкені баладан, ағаны ініден, туыстарды жақынынан айырып, ауыл арасын быт-шыт қылған. Абай айтқан қазақ арасындағы «алты бақан ала ауыздық» осыдан туған. Сол араздықтың негізінде қазақ ауылдары берекесіздікке ұшырап, қиян-кескі араздасқан, жауласқан, барымталасқан, соның ішінде кісі өлімдері де жиі ұшырасқан.

Абай ел арасындағы көрініп тұрған осы жайлардың бәрін сайлауға таласушылардың жағымсыз әрекетінен деп

түсініп, ел арасындағы осындай алауыздықты өршітіп, ұлт пен ұлтты, ру мен руды араздастырып ұстайтын патша үкіметінің саясаты екенін аңғармаған. Сондықтан ол:

Орыс теріс айтпайды, жаман бол деп,  
Орыс айтты: өзіңе ерік берем деп,  
Кімді сүйіп сайласаң бек көрем деп,—

дейді. Мұндағы «орыс» деп отырғаны патша үкіметінің уйездік және губерниялық әкімдері. Олар қазақтарға «кімді ұнатып сайласаң, еркің» деп ауызша айтқанмен іс жүзінде параны көп берген байды сайлады. Жоғарғы әкімдердің бұл қылығын кейінірек көрген Абай:

Құтырды көпті қойып азғанасы,  
Арызшы орыс — олардың олжасы.  
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,  
Қуды ұнатты-ау, Семейдің бұл қаласы,—

деген қорытындығы келеді.

Сонымен «Біріңді бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деп, туған халқын береке-бірлікке, ынтымаққа келтіре алмайды да, «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, алдамаған кім қалды тірі жанда» дей келіп:

Дос жарың, ағайының бәрі екі-үшті.  
Сол себептен досыңнан дұшпан күшті...  
Қажымас дос халықта жоқ.  
Айнымас серт қайда бар?  
Алда көрген артта жоқ,  
Мысқыл өсек, айла бар,—

деп торығады.

Абай қазақ арасындағы берекесіздіктің және басқа кемшіліктердің түп тамыры надандығында, оқымағандығында деп түсінеді де, халқының «көңіл көзін», яғни сана-сезімін жетілдіру үшін қазақ жастарын оқуға білім алуға шақырады. Ол:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды ертегіні термек үшін,  
Көкірегі сезімді, ойы орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,—

деп бар үмітін оқуға талапты жастарға жүктейді. Өзі туралы айтқанда:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,  
Пайдасын көре-тұра тексермедім,  
Ер жеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,—

дейді де, оқыған өз балалары жайында:

Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,—

деп, оқығанда әкім болу үшін емес, ғалым болып дүние та-  
ну үшін оқу керек екенін еске салады.

Абайдың ұғымында, оқу тек орыста ғана. «Орыстың ғылымы, өнері дүниенің кілті,— дейді ол,— оны білгенде дүние арзанырақ түседі». Қазақты осы білімге шақырған Абай қазақ жастарына «Ғалым болмай немене, балалықты қисаңыз» деп, мектебі жоқ ауыл балаларын қаладағы орыс мектебіне барып оқуға ақыл береді». Ал оған барып оқы-  
ғандарға:

Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.  
Білгендердің сөзіне,  
Махаббатпен ерсеңіз,  
Ақыл сенбей сенбеңіз,  
Бір іске кез келсеңіз.  
Ақсақал айтты, бай айтты,  
Кім болса мейлі, сол айтты  
Ақылменен жеңсеңіз,—

деп ғылымды үйренумен бірге әр нәрсенің түйінін өзің шеш  
деп ақыл-кеңес береді. Онымен бірге орысша оқитындарға:

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,

дей келіп:

Военный қызмет іздеме,  
Оқалы киім кнюге...  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге,—

деп шен құмарлық үшін, қара бастың пайдасы үшін емес,  
халыққа қызмет ету, оқу керек екенін еске салады. Абай  
тек еңбек еткен адам ғана тойына тамақ іше алатынын  
«Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп түй-  
еді. «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың  
суы сияқты тез суалар» деп қорытады.

Абай тұсындағы қазақ елінің өндірістік қуаты өте төмен  
дәрежеде еді. Қазақтың ол кездегі кәсібі мал бағу ғана  
болды. Ауылдарда малы көп бай аз да, малы аз кедей мен  
малы жоқ жалшылар көп-ті. Ауылда олардың бәріне бір-

деп еңбек кәсібі жетпеді. Сондықтан байлар жалшыларына еңбекақыны өте аз төлеп, нашар халде ұстады. Кей байдың жалшылары қызметті тек тамағы үшін ғана атқарды. Бұлардың өте ауыр халін Абай «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» деп басталатын өлеңінде реалистік түрде аса көркем сипаттайды.

Ауылдағы жұмыссыз батрактарға Абай «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, Малың болса сыйламай тұра алмас ел» деп ақыл береді. Бұл жерде, әрине, қанаушы тап үстемдік еткен жерде еңбекпен күн көрудің өте қиын екенін Абай түсінеді. Бірақ, ол адам баласы сол еңбек арқылы күн көріп, келешекте сол еңбек нәтижесінде көркейіп, ілгері басатынына сенеді.

Абай тұсындағы қазақ қоғамындағы ең ауыр мәселенің бірі — әйел мәселесі еді. Қай кезде шыққаны белгісіз болғанымен, әйелді қалың беріп алу қазақ өмірінде Абайға дейін де ғасырлар бойы орын алып келген. Сондықтан да, қазақ қызды балаға санамаған. Мысалы, бірнеше қызы, бір ұлы бар қазақ «балаң нешеу» деген сұрауға «жалғыз» деп жауап берген. Ал егер ұлы болмай, қызы бірнешеу болса, «балам жоқ» дейтін болған. Олай деуі, қалың малға сатылған қыз, туған үйінен кеткен соң ата-аналарына, туысқандарына ешбір жәрдемсіз «жат» адам. Сондықтан босанған әйелдің баласы қай жыныстық екенін білгісі келген адам «ат ұстар ма, қырық жеті ме?» деп сұрайтын болған. Ат ұстар дегені — ұл, қырық жеті дегені — қыз. Олай дейтіні, қыздың қалың малына жасау т. б. қажеттігі үшін ұсағы, ірісі аралас қырық жеті бас мал төлейтін болған. Мұншама мал беруге шамасы жоқтар ұзақ уақыт үйлене алмаған, кейбір малы жоқтардың өмір бойы үйлене алмай кеткені де болған.

Малды байлар қалыңын төлеп, әлденеше әйелден алған. Шалдар мен кемтарлар да мал беріп, қыздарды немесе қалаған әйелдерін ала берген. Малды адамдар ұлы үшін көп жағдайда бесіктегі қызға құда түсіп, қыз есейген шақта атастырған күйеуіне риза болмаса да соған зорлап қосқан. Оның үстіне әмеңгерлік салт бойынша: «Аға өлсе — іні мұра» немесе — «Іні өлсе — аға мұра» деп өлген адамның әйелін ерінің туысқандарына еріксіз қосқан. Осы мәселенің төңірегінде дау-шарлар көбейіп, қазақ арасындағы ең үлкен жанжалдардың бірі жесір дауы болған.

Қазақ әйелдерінің осындай ауыр тағдырын көрген Абай бұл мәселенің де сыртында қалмай, қызу араласады. Ол

өзінің көркем шығармаларында әйел теңсіздігіне түбегейлі қарсы болады. «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деп басталатын өлеңінде жас қызды алған кәрі ханды сөге келіп, «Етімді шал сипаған құрт жесін деп, жартастан қыз құлапты терең суға» деген трагедияны айтады да:

Бай қартайса малына берер шылбыр,  
Мал өмірді жаңғыртпас құдай ұрғыр.  
Біреудің қызын алып малға сатып,  
Баяғыны іздеген қандай құрғыр,—

деп өзі тұстас тоқалшыл байларды сөгеді. Абайша «Кімдекім үлкен болса екі мүшел, мал беріп алғанменен, қатын емес». Бір мүшел дегені он екі жас, екі мүшел — жиырма бес жас. Абайға тұстас қазақтың бай шалдары өзінен әлденеше мүшел кіші жас қызды алатын болған.

Әйелді қалың малға беруге қарсы шыққан Абайдың ұсынары, әйел мен ердің бірін-бірі сүйіп, еркімен қосылуы. Ол:

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба,  
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,  
Ата-ананың қызынан қапы қалма,—

деп, қазақтың: «Аяғын көр де асын іш, шешесін көр де қызын ал» дейтін мақалын қуаттайды, қыздың ажарына емес, тәрбиесіне қарауды ұнатады.

Қазақ жастарының ғашықтық сезімін ұштау ниетімен осы тақырыпта көптеген ғажайып көркем өлеңдер, ғажайып әуенді әндер шығарады. Өз тұсындағы қазақ өмірінен мұндай махаббат үлгісін кездестіре алмаған. Абай қазақ жастарына А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы Онегин мен Татьянаның арасындағы ғашықтықты үлгі етіп, олардың сүйіспеншілік хаттарын қазақ тіліне аса шебер түрде аударады. Ғашық болып қосылғандарға «Қатының сені сүйсе, сен оны сүй» деп, ерлі-зайыптылардың бірін-бірі сүюін құптайды. «Ері ақылды, қатыны мінезді боп» деп олардың тату-тәтті өмір сүруін тілейді. Әйелді еріне өмірлік дос деп санайтын Абай:

Махаббатсыз — дүние бос,  
Хайуанға оны қосыңдар,  
Қызықтан өзге қалсаң бос,  
Қатының, балаң, досың бар,—

дейді. Осындай достықтағы әйелді «қимылын қабағының хаттай таныр» деп ерінің айтқанын бұлжытпай орындай-

тын серікке санайды. Абай төл шығармаларымен қатар, аударумен де шұғылданды. Ол тек орыс әдебиетін және он тоғызыншы ғасырдағы орыс әдебиетін аударған, олардың ішінде ерекше көңіл бөлгені: И. А. Крылов А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов өлеңдері.

Қазақ жазба әдебиетінде Крыловтың мысалдарынан азын-аулақ аударған Ыбырай Алтынсарин болса, Абай бұл бастаманы онан әрі өрістетіп, Крыловтан көптеген мысалдар аударды. Ол «мысал» біткеннің бәрін емес, оның ішіндегі қазақ қоғамының тіршілігіне үйлесетіндерін ғана аударып, өз идеясының қажетіне жаратады.

А. С. Пушкин шығармаларынан Абайдың зер сала аударғаны «Евгений Онегин» романынан үзінділер екенін және оны қандай мақсатпен аударғанын жоғарыда қысқаша айттық. Алайда Абай жалғыз Пушкинді ғана емес, орыс ақындарының шығармаларын еркін, яғни мазмұнын, образдық ерекшеліктерін сақтай отырып, қазақ оқырмандарына ұғымды етіп аударған. Мысалы, «Евгений Онегиндегі» «Онегиннің сипаты» аталатын кіріспеде және романның өн бойында «Онегиндік шумақ» аталатын он жолдық бөлшектер бар. Абай «Онегиннің сипатында» шумақтың жол санын, мазмұнын, түр әдемілігін бұлжытпай дәл келтірумен қатар бұл шумақты қазақтың он бір буынды өлеңімен оқырмандарына түсінікті түрде, өте көркем етіп жеткізеді. Онегин мен Татьянаның хаттарын аударғанда қазақ өлеңінің бір шумағында сегіз және жеті буынды жолдардың аралас келетін өлшемін қолданған. Бұларды да еркін және көркем аударғандықтан, ол аударма ретінде емес, қазақтың төл өлеңі тәрізді болғандықтан ауыл арасында әнменен айтылып кеткен.

Абайдың ең көп аударғаны М. Ю. Лермонтовтың өлеңдері. Оған бас себеп— екеуінің ой-пікірінің ұқсастығы. Лермонтов патша заманына өзін қарсы қойып, оның міндерін, қиянаттарын әшкерелеген, бұл идеясы қолдаушыларды таппай жалғызсыраған ақын екені мәлім. Сол сияқты «мың мен жалғыз алысқан» Абай да ақырында «моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» деп оңаша қалады.

Мақсаттары, өмірлері мен идеялары ұқсас болғандықтан, Абай Лермонтов шығармаларын ерекше ықыласпен аударды. Сондықтан кейде оның төл шығармаларынан аудармаларын ажыратып алу қиын да. Кейбір аудармасында Абай Лермонтовпен ақындық жарысқа түскендей,

түпнұсқадан аударманы асыруға тырысады. Сол мақсатына кейде жеткендей болады. Мысалы, «Теректің сыйы» өлеңінің аудармасындағы кейбір жолдар түпнұсқадан күштірек те шығады.

Абай өзінің «Қартайдық, қайғы ойладық...» деп басталатын өлеңді жасы қырыққа жаңа шыққан кезде жазған. Бұл қартайтын жас емес. Қазақтың поэзиясында қырық жасты қыран бүркітке теңеп адамның нағыз қайратты, ақылды, жігерлі кезіне санайды.

Олай десек, Абай бұл жерде «қартайдық» деген сөзді жаны жүдегендіктен айтқан болу керек. Ол насихат сөздерін тыңдаушыларына ұқтыра алмағандықтан «қайран сөзім қор болды» деген сарынға түскенде, бұл ойын тереңдетіп:

Менсінбеуші ем нападды,  
Ақылсыз деп қор тұтып.  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.  
Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Көнбеді ешкім сөзіме,  
Әдетіне қарысып,—

деген қорытындыға келеді. Өйткені, әдет — әр халықтың сана-сезіміне жүздген, кейде мыңдаған жылдар бойына сіңіп, қалыптасып қалған мінез-құлықтар. Оны өзгертуге көптеген уақыт, күш керек. Ондай күш Абай тұсындағы қазақ қоғамының бойында жоқ. Сол әдетті жеңе алмаған Абай:

Жүрегім менің — қырық жамау,  
Қиянатшыл дүниеден,  
Қайтып аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әрнеден,—

деген уайымға кіреді. Содан кейін «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Дос, жарың, ағайынның бәрі екі-үшты», «Қажымас дос халықта жоқ» деп торығады. Дегенмен, қоғам қайраткері Абай үндемей жатуға шыдамай, «Кейде есер көңіл құрғырың, Махаббат іздеп талпынар» дейді де, «Жастықтың оты қайдасың, жүректі түртіп қозғамай» деп, өткен қайратты жастық шағын іздейді. «Көзіме жас бер жылайын. Шыдам бер, сабыр қылайын. Жаралы болған жүрекке, дауа бер жаман сынайын» деп қайраттанбақ болады. Бірақ қажыған көңіл, қартайған жас бұрынғыдай көтеріле алмайды да, «Ішім өлген, сыртым сау» деп реніш білдіреді.

Өмірден солайша торыққан Абай:

Өзгеге көңлім тоярсың,  
Өлеңді қайтып қоярсың,  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың,—

деп, ендігі мұның өлеңіне ғана шағады да, үмітін болашаққа жүктеп, «Арттағыға сөз қалсын мендей ғарып кез болса. Мойын салсын, ойлансын. Қабыл көрсе сөзімді, кім таныса сол алсын»,— дейді.

Абайдың ешбір шығармасы көзі тірі кезінде баспасөз бетін көрмеген. Шығармаларын ол қағазға жазып тастайды екен де, оларды сол үйге жақындығы бар арабша сауатты Мүрсейіт Бікеұлы дейтін кісі жинастырып, ретімен тіркей беретін болған. Ақын аты танылған Абайдың өлеңдерін қадірлеушілер Мүрсейітке көшіртіп алады екен де, ақынна бір қойдан төлейді екен. Мұндай қолжазба жинақтар Абайдың тірі кезінде әлденешеу болған. Абай енші берген ұлдарына, ұзатқан қыздарына осындай жинақтарының біреуін сыйға тартып отырған.

Абай өлгеннен кейін, шығармаларын баспадан шығару ісін оның туған інісі Ысқақтың баласы — Кәкітай (Ғабдүлкәкім) қолына алған. Ол көп ізденудің нәтижесінде 1909 жылы (Абай өлгеннен бес жыл кейін) Петербургта «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өлеңдер жинағы» деген атпен таңдамалы өлеңдерін араб әрпімен жеке кітап қып бастырған. Ол кітаптың тиражы бір-ақ мың дана. Бұл кітап шыққанға дейін туған жерінің төңірегінде ғана білетін Абайдың есімі қазақтың кең даласына түгел жайылып, оқуға құмартқандар бірінен-бірі қалап алатын болған.

«Ғағлиат» немесе — «қара сөздер» аталатын прозасының бірнеше «сөзі» ең алғаш 1918—1919 жылдарда Семейде шыққан «Абай» журналында жарияланды. Журналды алашордашылар шығарғандықтан олар Абай сөздерін бұрмалап, өз мақсаттарына пайдалануға тырысты.

Абай шығармалары тек совет дәуірінде ғана көптеген тиражбен әлденеше рет жарық көріп, халыққа түгел танылды. Бұл тақырыпта жазылған көптеген мақалаларды санамағанда, Абай шығармаларын жан-жақты сыпаттайтын бірнеше монографиялық еңбектер туды.

Абайдың өміріне және әдеби еңбегіне арналған көркем шығармалар да аз емес. Солардың биік шоқысы М. Әуезовтың «Абай жолы» романы.

Абай шығармалары орыс және басқа тілдерге аударылу арқылы бүкіл дүние жүзіне тарады. Ұлы ақынның есімі «Энциклопедия атаулының бәріне де кірді. Қазір сауатты адамзатта Абай есімін білмейтін кісі кемде-кем. Қысқасы, тек Советтік дәуірде ғана Абай арманы орындалып, жүзеге асты. Оның есімі көптеген мектептерге, көшелерге, колхоздар мен совхоздарға және қалаларға берілді. Сөйтіп, Советтік дәуірде ғана ұлы ақынның даңқы дүние жүзінде жайылып, оның шығармалары шын мұрагерлерін тапты.

## МАКСИМ ГОРЬКИЙ

Бұдан бір жыл бұрын, 1936 жыл, 19 июнь күні дәуіріміздегі еңбекші адам баласының зор данышпанының біреуі социалистік мәдениеттің маршалы, Лениннің сүйікті баласы Алексей Максимович Горький дүниеден қайтыс болды.

Максим Горький 68 жыл жасады. Алпыс сегіз жасының қырық төртін ол жазушылықпен өткізді. Қырық төрт жылда ол социалистік мәдениетке тозбайтын да, таусылмайтын да мол алтын қор жасап берді.

Максим Горький жазушылық жұмысына 1892 жылдан бастап қатысты. Энгельстің бағалауы бойынша бұл жыл Россияның жалғыз жер кәсібін істейтін отандық қалпынан шығып жер өндірісіне кәсіп өндірісі араласқан кез, Россияда капитализм жолына түскен кез. Россияда жұмысшы табы құралып, ол тап алдына саяси мақсат қойып, социал-демократия партиясын жасап ғылыми марксизм бұлағынан суарыла бастаған кез. Марксизм ғылымын бұрмалаушыларды рақымсыз сынап, жұмысшы табын социалистік революция жолымен тура бастаған орыс халқының ең ардақты ұлы, жер жүзі пролетариатының көсемі, еңбекші адам баласының бақыт күні Владимир Ильич жарыққа шыққан кез. Горькийдің қалам ұстауы ұлы орыс ұлтының тарихында осындай бір бақытты дәуір.

Горький қаланың кедей семьясында туып, ауыр бейнетте өткен жазушы. Өзінен бұрын орыс халқының атақты жазушыларындай мектептен алған мол білім Горькиде жоқ. Оның мектебі тұрмыстың өзі. «Балалық», «Адам қатарына кіру», «Менің университеттерім» деген шығармаларында ол тұрмыстың қандай мектебін басынан кешіргенін айтады. Оны көркем әдебиетте өте зор реалист қылған осы шындық тұрмыстың ұлан-байтақ мектебі. Россияда шын мағынасында марксизм ұрығын бірінші рет себуші де, сепкен ұрықты өсіріп жемістендіруші де Ленин. Максим Горький Ленинмен 1907 жылы танысты.

Танысқанға шейін де Ленин ұстаздық көрсетті. Зор реалист Алексей Максимович Горький әлеуметтік тұрмыстың шындығын жақсы білгендіктен қаламды алғашқы ұстаған мезгілінен-ақ Ленин іліміне сәйкес шығармалар жазды. Бірінші жазған әңгімелерінің өзінде Горький «Челкаш» сияқты денесі қуаттың кені, адамгершілігі жоғары, күшті кейіпкерлерді берді. Егер де тура бастаушы болса челкаштардың қолынан нендей үлкен істер келетіндігін Горький бірінші әңгімелерінде-ақ дәлелдеді. Горькийдің бірінші әңгімелерінің өзі бостандыққа жетпей тынбайтын еңбекші көпшіліктің денесіндегі қуатының, кеудесіндегі үміттің өлшеуіш таразысы еді.

Бұл уақыттың қай арнамен қалай қарай баратынын Горький тез ұқты, Россияның үстіне төніп келе жатқан революция дауылының ол хабаршы құсы болды. Горький революция дауылынан ықтаған жоқ. Оны қолдады. Оған қарсы ұшқан құстың қанаты сынатынын ол білді. Бірақ қанаты сынған сұңқарларды сарнатқан ол жоқ. Аждаһа-жылан капитализм «қанаты сынған сұңқарды», сұңқардың сыздаған жарасын, сорылған қанын сарнаумен емес, сабырмен қарсы алды. Сұңқардың сынған қанаты денесін көтеріп биікке шарықтата алмады, бірақ жаралы сұңқардың денесі жерде болғанмен көңілі көкте еді. Көкте шарықтаған көңіл келешекті айқын көрді. Тап тартысында тәні тілегіне ере алмаған сұңқар, тілегі тез жарыққа шығатынына сеніп өлді.

Сұңқар, әрине, қанды шоқпарынан күрес үстінде қаза тапқан революцияшыл жұмысшылар, бірақ мылқау шоқпар революция үшін күрескен революцияшыл жұмысшы армиясының барлық солдатын ұрып жыға алған жоқ. Мылқау шоқпар ұрған сайын жасудың орнына жұмысшы табының шыңдала түсетінін, шынығатынын Горький «9 январь» деген әңгімесінде, «Ана» деген романында көрсетті.

Орыс қана емес жалпы жер жүзінің көркем әдебиетінде жұмысшы күресінде жауын жеңуі Коммунистік партияның дұрыс басқаруымен байланысты екені тарихпен дәлелденген. Социалистік революция жолымен жұмысшы табын тура бастайтын жалғыз Коммунистік партия екенін Коммунистік партия басқарған уақытта ғана жұмысшы табы таптық мақсатына жете алатынын көркем әдебиетте Власов бейнесі арқылы бірінші рет көрсеткен жазушы Максим Горький. «Ана» романында Горький социалистік революцияның характерін дұрыс түсінгендіктен,

1907 жылы Лондонда жолыққанда Горькийге Ленин былай деген: «Кітап өте керекті. Революция қозғалысына түсінбейдікпыртпен қатынасқан жұмысшы көп. Енді олар «Ананы» оқып, өздеріне үлкен пайда алады».

Көркем әдебиет тап құралы деген осы. Пролетариат көзқарасымен жазылған жақсы көркем шығарма таптық тәрбиені қаншалық бере алатынын Лениннің осы сөзі дәлелдейді. «Дауылпазда» социалистік революцияға хабаршы болған Максим Горький, одан кейін ұраншы, күресші болды. Әлеумет жұмысына қаламымен қырық төрт жыл қызмет көрсеткен ол ешуақытта революцияға белсене қатынасуын бәсеңдеткен жоқ.

Максим Горькийдің барлық шығармаларын алғанда соңғы қырық-елу жылдағы тап тартысының таразысы сықылды. Таразының бір жақ басындағы табағында Вла-сов араласқан революцияшылы жұмысшы, екінші басындағы табағында Егор Булычев араласқан шіріген капитализм. Горькийдің бірінші әңгімелерінен бастап таразының жұмысшы жағы басыңқы бола береді де, «Клим Самгинде» капитализмнің табағы біржола төңкеріліп, жұмысшы табының табағы қайтып қозғалмастай боп революцияның граниттей берік негізіне мықтап орнығады. Тап тартысының осы екі таразысы бірін-бірі қай уақытта қалай басқанын, қайсысына қай уақытта нелер салынып, немен ауырлағанын оқушы айқын, ашық көреді. Сондықтан Горькийдің барлық шығармасын Россиядағы социалистік революцияның көркем жазылған тарихы деуге болады.

Көркем әдебиеттің қай уақыттағы тарихын алсаң да дәуіріне тұлға болған жазушылар жалғыз көркем шығармамен ғана шұғылданып қоймаған. Олар өзін дәуірінің алдыңғы қатардағы адамымын деп түсініп, әлеумет тіршілігінің барлық жүйесіне пікірін айтып, басшылық қып өткен. Максим Горький де осындай.

Горький алдына тар шеңберлі мақсат қоймаған жазушы. Өзін пролетариаттың көсемінің бірімін, пролетариат мәдениетінің, пролетариат моралінің бейнесімін деп санаған ол, сүйген табына жалғыз көркем әдебиетте емес, әлеумет тұрмысының өзге жүйесінде де ұстаздық қылған жазушы. Ол әрі жазушы, әрі сыншы, әрі публицист, бірақ осы тармақты пікір жүйесі онда қамшының таспасындай бірі мен бірі өріліп, біріне-бірі жалғасып, бірінен бірі өрбіп, бірін-бірі бекітіп, жымдасып жатады.

Пікірін көркем тілмен айтсын, сын тілімен айтсын, оның тілін жұмсайтыны екі ғана зат, біреуі — жұмысшы табын мөлшерсіз сүю, біреуі қанаушы тапқа мөлшерсіз өшігу, қас болу!

Горький жазуды жазу үшін ғана жазған адам емес. Көркем тілмен жазсын, сын тілімен жазсын оның алдына қойған міндеті — социализмді дәріптеу, еңбекші көпшілікті социалистік бағытта тәрбиелеу, социализм дұшпанына еш-бір келісім жасамау. Осы жағынан алып қарағанда оның соңғы жылдарда жазған: «Адамгершіл интеллигентке жауап», «Мәдениеттің шеберлері, сендер кімге ересіңдер!», «Егер жау берілмесе — құртар болар» деген мақалалары Горькийдің қаламының дұшпанға бұрынғыдан да ұштала түскенін көрсетеді. Сонымен қатар ол көркем сөздерде жауды жауша жарып көрсетуді әлсіреткен емес. Соңғы жылдарда жазып, аяқтай алмай кеткен оның «Клим Самгиннің өмірі» деген романындағы Клим Самгин Отанымызды фашистерге сатпақ боп пролетариат сотынан әділ жаза тартқан бандалардың образы.

Горькийге совет ақын-жазушылары екі жақтан қызығу керек.

Бірінші, Горькийдің барлық еңбегін бойына түгел сіңіріп, білімін Горькийше көтеріп, досқа да, дұшпанға да Горькийше қарай біліп, дәуірді Горькийше сүю, жазуды Горькийше жазу.

Екінші, Горькийдің образын өз шығармаларында беруге тырысу.

Совет жазушыларына Горькийдің өмірі жазуға қажет тема. Жазуын білген адамға ол даяр кейіпкер. Бірақ, даяр деген сөздің айтылуы жеңіл болғанмен, орындалуы қиын. Горькийдің образы әрі жабайы, әрі үлкен. Горькийді ұға алып, Горький қалпында көркем әдебиетте көрсете білсе, совет жазушысы социалистік әдебиетке үлкен еңбек сіңірген болар еді. Бұл ардақты міндетті орындауда совет ақын, жазушыларының біреуінің бақыт маңдайы алдағы күнде жарқырауға тиіс.

\* \* \*

Горькийді менің алғаш көруім 1928 жылы Ленинград вокзалында, оның Советтер Одағына шетелден алғаш келген жылы. Бірақ бұл көру елес сықылды, түс сықылды ғана көру болды. Оны қарсы алған халық вокзал маңына сыймайды, нінтірескен көп адамның үстінен кеңірде-

гімізді созып, басымызды қылатитып, Горькийдің кескінін көзіміз зорға шалды.

Елесін ғана көріп, шала құмар болып қалдым. Мұнан соң Алексей Максимовичті мен 1933 жылы бетпе-бет қасында отырып айқын көрдім. Бұл: Мәскеу, Воровская көшесі, 52 үй, Жазушылар одағының басқармасы, Алексей Максимович Горький өз кабинеті. Ол — Горькийдің Жазушылар одағына бастық кезі.

Ел аузында ертегі болып кеткен, ел оны, ол елді сүйетін үлкен адамды көру мен жабайы адамды көру бір смес. Үлкеннің үлкендік мысы қашан да жеңіп тұрады.

Горькийдің қабылдауында отырғанда әрбір минут маған сағаттай көрініп, дәтім шыдамады, сабырым таусылды, пролетариат мәдениетінің тұтқасы болған дәуді көруге асықтым. Оның қабылдауын күткен кісі көп еді.

— Кезек сіздікі, — деді осындай асығып отырған маған секретарь әйел, — кіріңіз!

Қуаныштың оты жүгірген демнен аздап қалтырап есікті ашсам, жауырыны еңкектеу, иықты, кең танау, қалың бурыл мұртты, шүңірек көк көзді, кең маңдайлы, ұзын бойлы, арық, ақ сары кісі басын оң иығына сүйеп, оң жақ қолының жұдырығын шекесіне таяп отыр екен.

— Сіз қай ұлтсыз? — болды қол алысқаннан кейінгі ол кісінің аузынан шығарған бірінші сөзі.

— Қазақпын.

— Ә-ә! — деді аз ойланып. — Шылым тартасыз ба? — деп папиросын ұсынды.

— Тартпайтын едім, рақмет.

— Соныңыз жақсы деді, — Алексей Максимович мұртынан күліп, — шылым деген сор, солай бола тұра үйренген адам тастай алмайды. Сіз жазасыз ба?

Мен Алексей Максимович Горькийге қысқаша өмірбаянымды, жазу тарихымды айттым.

— Совет заманына кездескендеріңіз бақыттысыздар, — деді Горький маған, — бұрын сіздейлердің талайы бейнетпен өлді.

Кабинетке кіргенде мен 10 шақты минут қана отырармын деп ойлаған едім. Сөйлесе келе уақытты ұмыттым. Алексей Максимович жазу столынан тұрып, қызыл шұға жапқан ұзын столға менімен қатар отырды да, маған сұрауды жаудырды. Оның сұрауы фольклордан басалды.

— Елдеріңіздің ескі әдебиеті қалай? — деді ол.

Мен ол кісіге Қазақстанның бай фольклорын қысқаша айтып ем.

— Сіздер алтын қазыналы сандықтың үстінде отыр екенсіздер,— деді ол кісі қуанышты кескінмен орнынан тұра келіп,— дін мен капитализм кесір жасап, халықтың ескі алтын мұраларынан айрылған ел аз емес. Біздің орыс әдебиетінде талай «Слово о полку Игореве» болуға тиісті, бірақ ұмытылған.

Алексей Максимович фольклорды өте қымбат бағалайды екен. Фольклордан үйрену туралы ол кісі маған көп кеңестер айтты.

Алексей Максимович Горькийдің бірнеше сұраулары: жазба әдебиеттің басталуы совет әдебиетінің өркендеуі туралы болды. Абайдың XIX ғасырда әдебиетке жасаған жаңалығын айтқанында ол кісі «это прекрасно!» деген сөзді әлденеше рет айтты.

Қазақ совет әдебиетінің алдағы мақсатын Алексей Максимович Горький жалпы Советтер Одағының әдебиет мақсаттарымен байланыстырды. Ол кісінің айтқан ақылы: Отанды сүю, қазіргі темаларды көп жазу, жауға мейрімсіз болу.

Мен берген сұраулардың ішінде Алексей Максимович Горькийдің өкінішпен жауап бергені: денсаулығы кемдіктен шақырған жерлердің көбіне бара алмауы, әсіресе Орта Азия елдерін көруге жағдайы болмай жүргендігі.

...Бір сағатқа жақын кеңестік. Мен кабинетке кіргеннен 10—15 минут өткен соң секретарь әйел есік ашып еді.

— Мен өзім айтам,— деді Алексей Максимович.

— Тағы да келерсіз,— деді Алексей Максимович сағатқа жақын уақыт өткенде, сіңірі жуан саусақтары салалы, ұзын білекті қолын ұсынып,— қош болыңыз!..

Бұдан кейін де мен әлденеше рет жолықтым. Бірнеше сөздерін, баяндамаларын есіттім. Жолыққан сайын менің алған эсерім: Горький жазушылығы мен үлкендігінен басқа, адамгершілігі өте зор адам еді. Сыпайылық, жұмсақтық, әдептілік, бауырмалдық қасиеттері Горькийде түгел еді. Ол адамды жатырқамайтын еді, адамға менмендік мінез көрсетпейтін еді, оның жүзі алдыңда жарқыраған күндей жылы тартып тұратын еді, бірақ ол тап жауына рақымсыз еді, өйткені адам еңбегін жейтін қанаушы таптың адамдарын, ия соларды қолдайтын адамдарды Горький адамға есептемейтін еді, Горькийдің ұғымында: қанаушы тап адамдары сау адамның, еңбекші адамның денесіне шыққан

үміт, зәрлі жара, ол жараны аямай сылып тастамаса сау денесі өлтіреді. Фашизмнің асыранды иттері троцкисттік-бухариншіл бандиттер адамшылықтың бар шегінен шығып, Алексей Максимовичті қастықпен өлтірді. Жан сүршіктірген бұл жауыздықты естігенде жауға ашу кегің ойынайды, данышпан Горькийдің қаны үшін фашизмнің қалама жаңдеттері бізге қымбат төлейді!

Алексей Максимовичтің аты пролетариат мәдениетін күшейтуде жоғары сатыға шығару жолында, пролетариат революциясының әскерлеріне жарық жұлдыз болады.

«Социалистік Қазақстан», 1938 жыл, 28 март.

## ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

1945 жылдың 22 июнь күні, таңертеңгі 7 сағат 55 минутта біздің дәуірдің ең ардақты ақыны, халық поэзиясының ақсақалы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, үш орденді Жәкең 100-ге қараған жасында қайтыс болды.

Көп ұлтты, бір тілекті, Ленин партиясының мәңгі жасайтын қызыл туының саясында бақытты дәурен сүрген совет халқының еңкейген кәрісі мен еңбектеген жасында Жәкеңді білмейтін кісі жоқ, себебі Жәкең социалистік дәуір жасаған совет халқының қуаныш, қайғысына ортақ бола білді, социалистік дәуірдің жетістігін өзге ақындардан асыра жырлай білді. Сондықтан да, большевиктік баспасөздеріміздің бетінде, жиналыстарда жасалған баяндамаларда, плакаттарда, әдеттегі сөздерде Жәкеңнің дапышпандық жырлары үлгі, мақал-мәтел, афоризм ретінде қолданылады.

Бүкіл совет халқы болып ардақтаған Жәкеңнің шығармалары шетелдерге де аз тараған жоқ. Халқының бостандығы үшін күрескен Испания республикашылары, Жапония милитаристеріне қарсы күрескен қытай халқы, тағы сол сияқты бостандық көксеген елдер Жәкеңнің совет бостандығын шалқи жырлаған сөздерін өз тілдеріне аударып, ұран орнына қолданды.

Жәкең әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі. Бірақ оқушы көпшілікке ескерте кететін нәрсе: Жәкең де, сөзді өлеңмен сөйлейтін өзге ақындар да ешуақытта өлеңдерін жинау, немесе сақтау мақсатымен айтпайды, олар кезегі келген жерде өлеңмен сөйлеп қалады да, сол өлең сөзді тыңдаушылардан ұғып тарататындар, болмаса ақынның өзі айтқан өлең-сөзін есіне сақтауға тырыспайды, қайталап айтпайды. Сондықтан да қазақтың я болмаса басқа елдердің халық ақындарының бір зор тарихи оқиғаға арнаған ұзақ желілі жырлары, я ұзақ көлемді айтыстары, болмаса, қысқа тақырыпқа арнаған жырларының жүзден тоқсан тоғызы ұмытылып

отырады. Арғы ғасырлардың ұмытылған қазақ ақындарын айтпағанда, XIX ғасырда аттары мәлім қазақ ақындарының көбін айтыс жанры арқылы ғана білетіндігіміз де осыдан.

Жәкең 100 жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Сөзді өлеңмен сөйлейтін адамның, 85 жылда қаншалық өлең айтуына сан да жетпес еді, сонша көп өлеңді Жәкең де, оның өлеңін тыңдаушылар да есіне сақтай алмас еді. «Жәкеңнің тыңдаушысы» деген сөздің де ерекше мағынасы бар. Бірнеше аудан боп отырған Шапырашты және оған көрші Дулат руларында Жәкеңмен қатар жасаған бір де адам жоқ екен. Осы екі руда Жәкеңнен кейінгі қарт ақындар дейтін: Кенен мен Үмбетәлінің екеуі де Жәкеңнің алғашқы ұлдары — Қожамбердімен Қожаштан кіші екен. Сондықтан да, Жәкеңнің шәкірттері саналатын, Жәкеңнің жырларын көп біледі дейтін Кенен, Үмбетәлі тағы басқалар, ұстаздарының айтыстарын ғана есте сақтап, өзге өлеңдерін өте аз біледі.

Жәкең ақындардың қашанғы дағдысы бойынша ел арасында жырларын айтып жүреді, соңғы жылдарға дейін ол жырларды жазған, жинаған кісі болған емес. Осындай ескерусіздіктің салдарынан, Жәкеңнің де басқа халық ақындарының да революцияны, совет өкіметін құттықтап айтқан, ауылдағы тап күресінің, социалистік құрылысты сипаттап айтқан жырларының көбі сақталмады.

Қазақстан өкіметінің Жәкеңе айрықша көңіл бөлуі 1936 жылдан басталады. Сол жылы, апрель айында, Алматы қаласында болатын қазақстандық бірінші ақындар слетінде Жәкең ерекше көзге түсті де, сол слеттен бастап, бұрын кең Қазақстанның Алатау өлкесіне ғана мәлім Жәкеңнің аты бүкіл Қазақстанға тарады. Слеттің артынан Жәкең әлемге әйгілі «Туған елім» деген жыр айтып, бұл тамаша жыр орыс тіліне аударылып «Правда» газетіне басылды. Советтер Одағындағы барлық халық Жәкеңді осы жырынан кейін ғана білді, содан кейін дүниеден көзін жұмғанша, Жәкеңнің жырлары «Правдадан» бастап, Советтер Одағындағы барлық тілдегі газеттерде басылып отырды.

Жәкеңнің аузынан шыққан жырлардың бәрі 1936 жылдың, бержағында ғана түгел жазылып отырды. «Туған елімді» ең алғаш жазып алған — қазақтың белгілі ақыны Әбділдә Тәжібаев. Одан кейін, 1936—1938 жылдары үнемі Жәкеңнің қасында боп, жырларын жазып отырған ақыны-

мыз — Қалмақан Әбдіқадыров. 1938—1942 жылдардың арасында Жәкеңнің шығармаларын ақын Тайыр Жароков жазып ап жүрді, 1942 жылдан бастап, Жәкең дүниеден көзін жұмғанша үнемі қасында боп, барлық жырларын жазып отырған ақынымыз — Ғали Орманов.

1936—1941 жылдардың арасында Жәкеңнің барлық жырларын орыс тіліне аударған Павел Николаевич Кузнецов осы еңбегі үшін 1940 жылы П. Н. Кузнецовқа «Құрмет белгісі» ордені берілді. 1941 жылдың июнь айында П. Н. Кузнецов өзі тіленіп майданға кеткеннен кейін, Жәкеңнің Отан соғысына арналған барлық өлеңдерін орыс тіліне Марк Тарловский аударды.

Жәкеңнен 1936 жылы жазылып алынған жырдың саны — 16, өлең жолы — 1350 шамалы, 1937 жылы жазылып алынған жырдың саны — 40, өлең жолы — 4500 шамалы, солардың ішінде «Клим батыр», «Өтеген батыр» сияқты ұзақ екі поэма бар.

Бұл цифрлардан көрінетін нәрсе: егер жазып алушы кісі болса, Жәкеңнің жырды қалай өндіріп айтатындығы еді. 92 жасында, бір жылда 4500 жолдай жыр айтқан Жәкең 25 немесе отыз жастарында бір жылда қанша жыр айта алатынын шамалауға болады.

Біздің бұл арада айтайын деп отырғанымыз: Жәкеңнің қай жылда қанша жыр айтқанын есептеу емес, оның революциядан бұрын, тіпті 1936 жылға дейін айтқан жырларын оқушы көпшіліктің есіне салу.

1936 жылдан бастап, газеттерде басылуынан басқа, қазақ, орыс және Советтер Одағындағы басқа бауырлас елдер тілінде Жәкеңнің жырларының жинақтары кітап боп шыға бастады. Бірақ, бұл жинақтардың көпшілігінде Жәкеңнің совет өмірінен алған жырлары ғана басылды да, революциядан бұрынғы жырлары басылмады. Сондықтан, Жәкеңнің оқушылары «Жамбыл революциядан бұрын не айтқан?» деген сияқты заңды сұраулар беріп жүрді.

Бұл сұрауға қазақ тілінде бірінші жауап — 1940 жылы берілді. Осы жылы СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалының Жамбыл атындағы Тіл-әдебиет секторы Жәкеңнің жырларының I томын жариялады. Томға, бірінші рет Жәкеңнің бұрын баспаға шықпаған, революциядан бұрынғы бірнеше ұсақ өлеңдері, айтыстары, дастандары кірді; Жәкеңнің революциядан бұрын-соңғы шығарған жырларының көбіне комментарий берілді. Том-

ның басына бірінші рет Жәкеңнің өмірбаяны жарияланды.

Осы томның Жәкеңнің өмірін және шығармаларын таныта маңызы зор. Бірақ сонымен қатар, кемшілігі: ең алдымен өмірбаянының материалы жеткіліксіз, кей жерде үстірт, шалағай болуы; екіншіден, «I том» аталмағанмен, II томға кіретін материалдардың филиалдың қолында жоқтығы; үшінші, революциядан бұрынғы жырлардың, әлі де болса аз жиналғаны еді.

1936 жылдан бастап, Жәкеңнің революциядан бұрын да, соң да шығарған жырларын жиып алу міндеті түгелімен Қазақстан Жазушылар одағына жүктелді. Жәкеңнің жырларын жазып алуға Жазушылар одағының Әбділда, Қалмақан, Тайыр, Ғали сияқты қазақ жазба поэзиясының көрнекті ақындарын бөлуі де осыдан. Жоғарыда айтылған I томға кірген материалдар түгелімен сол төрт ақынымыздың жазып алғандары деуге болады.

I том жарияланғаннан кейін, ондағы оққылықты көрген Жазушылар одағы Жәкеңнің өмірбаяндық материалдарын жинай түсуге, революциядан бұрынғы жырларынан Жәкеңнің есінде қалғанын жазып алуға кірісті.

Осы игілікті жұмыс бастала бергенде, Ұлы Отан соғысының өрті лаулап жүре берді. Отаншыл ақын — Жәкең, жасым 96-ға келді деп отырмады, жастың қайратын бойына жинап, Отан қорғау темасына жыр артынан жыр шығарды да отырды. Ескі жырларын еске түсіруге ақында уақыт болмады. Сондықтан, соғыс жылдарында Жәкеңнің қасында болған ақынымыз Ғали Орманов уақытының көбін Жәкеңнің соғыс темасына шығарған өлеңдерін жазып алуға жұмсап, революциядан бұрын, яғни 1936 жылға дейін айтқан жырларын жазып алуға уақытты аз тапты.

Әйткенімен, Ғалидың табысы да аз болған жоқ. Ол Жәкеңнің революциядан бұрын айтқан ұсақ жырларынан 40 шақтысын жазып алды; Айкүміспен айтысын, Нұрила мен ақындардың айтысын және Жамбылдың берген төрелігін тапты. Бұлардың бәрі — Жәкеңнің ақындық бейнесін айқындай түсуге аса қажетті материалдар. Сонымен, 1946 жылы, Жәкеңнің 100 жасқа толу мерекесінің қарсаңында шыққалы отырған Жәкең жырларының бір томдығы, ақынның әзірге толық жинағы. Бұл жинаққа ақынның Отан соғысына арнаған барлық өлеңдері де кірді.

Әрине, мұнымен Жәкеңнің жырлары түгел жиналып болды деуге болмайды. Ел арасында шашыраған оның

өлең-жырлары әлі де көп болуы керек. оларды жинау — әлі аяқталмаған міндет.

Жәкең ақындығының үстіне зор әңгімеші кісі еді. Қазақ елінің, көршілес Шығыс елдерінің басынан өткен кейбір қызғылықты оқиғаларды айтқанда тыңдаушылар көркем повесть, я роман оқығандай құмары қанып отыратын. Бірақ, зор өкініші сол — әңгімелердің ешқайсысы жазылып алынбады. Егер осы әңгімелерді, я Жәкең ертеде айтатын, ұзақ поэмаларды білетіндер болса, оны жазып алу аса қымбатты еңбек болар еді.

Оқушы көпшілікке ұсынылып отырған бұл еңбектің алдына қойған міндеті — ақын туралы жиналған мәліметтерге сүйене отырып, оның ата тегімен, өмірбаянмен, ақындық қызметімен қысқаша таныстыру.

Жамбылдың әкесі Жапа<sup>1</sup> орта дәулетті болған деседі. Жапаның тұсында Жетісудағы Ұлы жүз (Жәкеңнің руы — Үйсін. Үйсін ішінде Шапырашты, оның ішінде азғана тұқым Екей аталады) Қоқан хандығына бағынып тұрған. Ол кездің ханы Құдияр аса қиянатшыл жауыз болады. Құдиярдың халыққа көрсеткен қорлығы, Жәкеңнің «Сұраншы батыр» деген поэмасында толық сипатталады.

Қоқан қорлығына шыдамаған Ұлы жүз елі көтеріліс жасағанда, Жәкеңнің әкесі Жапа ерлігімен көзге түскен батыр жігіттердің бірі болады.

Жапаның Ұландай дейтін әйелінен үш ұл туған: Тәйти, Жамбыл, Қоман.

Жәкең Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде туғандықтан, әкесі атын Жамбыл қойыпты. «Жамбыл» монғолша «сарай» деген сөз болса керек. Жамбыл тауы да, барлық Жетісу өлкесінде ХІХ ғасырға шейін монғол және түрік тұқымдас рулардың кезек жауласып алған жері болған.

Тентек атанған бала Жамбыл, кішкене күнінде әкесі Жапа ауылдағы молдаға сабаққа берем дегенде, қашып ұстатпай жүреді. 17 жасқа келгенде жақсы көретін ағасы Тәйтинің өтінішімен Жәкең молдаға сабаққа барады. Қадим оқуының барлық молдалары сияқты, бұл молда да оқытқан балаларын дүрелейді екен. Сол дағдымен дүреге жыққанда Жәкең молданы боқтайды да, кетіп отырады.

---

<sup>1</sup>Жамбылдың осы сөзден шыққан фамилиясы «Жапаев» орнына «Жабаев» болып кетті.

— Бұл жолы бетімен қашпай, арызымды әкеме елеңмен айттым,— дейтін еді, Жәкең.

Жәкең бұл өлеңінде, әкесінен «оқуға бар деме» деп өтінуімен қатар, бойында ақындық дарын барлығын, енді осы жолға түсуіне рұқсат етуін сұрайды.

— Әкем ақын болғанымды ұнатпады,— дейтін Жәкең.— «Оқуға бармасаң барма, бірақ ақын болмай-ақ көй»,— деді. Неге деп ем: «Екейде елу бақсы, сексен ақын деген атақ аз боп жүрме? Сексен бірінші боп қайтесің»,— еді.

— Содан кейін сабаққа бармадым,— дейді Жәкең,— өмір бойы әліпті таяқ деп білмейтін боп қалдым. Бірақ ақындыққа құмартудан тынбадым. Әкемнен жасырып алыа арасында қыз-қырқынмен айтыса бердім.

Бір күні Жәкеңнің аулына қазақ халқына белгілі, атақты Сүйінбай ақын келеді. Оның келуіне себеп: осы кезде Екей руынан Айдос баласы Сарыбай деген шығып, бытыраған Екейді жинауға кіріседі.

Жетісу елін патша өкіметі ХІХ ғасырдың 50 жылдарында басып алған ғой. Осы жорықты бастаған генерал Колпаковскийге Сарыбай жәрдемші боп, біраз елді жанжалсыз бағындырған екен сол себепті Колпаковскиймен ақын болған екен. Сол жақындығына сүйеніп, Сарыбай бытыраған руы — Екейді жинайды да, қазіргі Ұзынағаш деревнясы мен Қарақыстақ деген өлкенің екі арасынан олараны бұрын мекендеген Есқожа руын сырғытып, қоныс алады. Есқожа жерін бергісі келмегенмен, Колпаковскийге сүйенген Сарыбай, белдесіп келгенде шыдатпай, жеңе береді. «Алты қасқыр аңдай шабады, ақсақ қасқыр жандай шабады» деген мақал осы кезде шығады. Алты қасқыр — Есқожаның ру басы алты адамы болса керек. Ақсақ қасқыр — Сарыбай еді деседі, Сарыбайдың оң аяғы ақсақ екен. Сарыбайдың баласы Қисыбаймен қалжыңдап алытысқанда, Жәкең:

Қисыбай, әкең де ақсақ, шешен де ақсақ,  
Екі ақсақтан туыпсың сен боп жақсы-ақ,—

деп мысқылдайды.

Сүйінбай (1827—1895) ақын, ақындығының үстіне, елге беделді, тоқтаулы адамның бірі болса керек. Алғашқы кезде ол Сарыбаймен бақ-күндестеу, араздау боп жүріпті. Екеуін шақырып ап татуластырып, елді бірігіп жинаңдар деуші Дүйсен деген кісі екен дейді.

Бытыраған Екейді жинап жүріп, Сүйімбай Жапаның үйіне кеп қонғанда, Жапа «Осы елге үйреніп қалып ек, қалай көшеміз» деп толқиды, сонда 18 жасар Жамбыл: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұтан бол», деген емес пе, әке? Көшейік»,— депті.

Көнген Жапаны Сүйімбай көшіріп әкеп, Майтөбе деген жерге орналастырыпты. Сол арада Жапа ауылы 1930 жылы ел колхоз болғанға дейін отырып, колхоз болғанда, қасына жылжып қонады.

Ақын болам деуге әкесінен бата алмай, Жәкең, ауылы Майтөбеге көп орныққаннан кейін, көбіне Сүйімбайды сағалап, соның қасына еріп жүреді де, ол кезде бүкіл Екей руына аға болған Сарыбайға 20 жасында кеп өлеңмен арыз айтады. Арызында өз тұсындағы адамдарының әртүрлі кәсіпте екенін айта кеп, аяғын:

Қайсысын маған соның еп көресіз?  
Әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз.  
Сүйкемнің сүйгенін ойласаңыз.  
«Өлең болсын серігің» деп берерсіз,—

деп бітіреді. Сарыбай бұл тілегін қабылдап, Жапаға: «Балаң ақын екен, бетін қақпа»,— дейді. Сол күннен бастап Жәкең ақындық жолға біржола түседі. Бірақ, бұл жолында ол өз бетімен кете бермей, Сүйімбайды ұстаз етеді, одан үйренеді, Жаныс деген ақынға:

Менің пірім — Сүйімбай,  
Сөз сөйлемен сыйынбай,  
Сырлы, сұлу сөздері  
Маған тартқан сыйындай,—

дейді Жәкең.

Еңбекші семьяда туып, болашақта маңдайына халық ақыны болу жазылған Жәкеңнің Сүйімбайды пір тұтуы — жай тұту емес.

Ақын атаулының бәрі бір қалыпты болмаған, олардың ішінде байлардың асына ар-намысын сатып, байды мақтап тамақ асырайтындары да болған, байлардың, әкімдердің мінін бетіне айтып, халық мұңын жоқтаушылар да болған. Сүйімбай соңғы жүйеге жатады. Бір мысал алайық: Сүйімбайдың тұсында бүкіл Жетісу өлкесін Тезек төре Абылайханов билеген. Осы Тезек амандаспақ боп үйіне сұраусыз кіріп барған Сүйімбайды сабатпақ болғанда, Сүйімбай:

Келіп едім, хан Тезек, көрейін деп,  
 Пайғамбардың сәлемін берейін деп  
 Аттандырған екі ұрың жылқы ап келмей,  
 Хан, тұлданып тұрмысың өлейін деп?  
 Кесіп алсаң, бас міне, батыр Тезек  
 Өлмейтұғын адам жоқ темір өзек.  
 Сәлемге келген жанды қыра берсең  
 Ұры төре, саған да келер кезек...  
 Атандың осы күнде Тезек төре,  
 Елден жылқы қоймаған кезеп төре.  
 Төре менен тентекті тыяд десе,  
 Өзің ұрлық қыласың әттегене...  
 Ұрыларың басымды кесіп алар,  
 Қанжығаға өткізіп тесіп алар,  
 Шапырашты, Дулатым қаптап кетсе,  
 Отыз үйлі төренің несі қалар!.—

депті. Тезек Сүйімбайдан қаймығып, қабылдап, өле-өлгенше сыйлап өтіпті.

Сүйімбай Тезекті ғана емес, халықты қанаушылардың өкіліне осылай қарсы боп өткен, үнемі бұқарашылық бағытта болған ақын. Жәкеңнің жасынан халықшыл, қанаушы тапқа қарсы боп өсуіне Сүйімбайдың әсері ерекше тигенін Жәкең айтып отыратын, «оны пірім дейтінім, басында мені өзі мен манапқа қарсы болып өсірген Сүйекең» дейтін.

Сүйімбайды пір тұтып, 15 жасынан ақындық майданына түскен Жәкең 99 жасқа кеп өлгенше әлеумет тұрмысына өлеңнен басқа іспен араласпаған, сондықтан, Жәкеңнің 15-теп кейінгі өмірбаянын біз, көбінесе, оның ақындық тұрғысынан іздейміз.

Жапа — малжандылау сараң кісі болса керек, сондықтан, үлкен ұлы Тәйтіні үйлендіріп, Жамбылға көп уақытқа дейін қалың бере қоймайды. Осы кезде Жәкең көрші ауылдағы Қадыр дегеннің Бұрым атты қызымен көңіл қосады.

Сүйген Бұрымды алып қашқан Жәкең басқа паналар жер таппай, Сарыбайдың інісі Саржанға кеп қорғалайды. Саржан болыстық правитель болғанмен, тізгіні Сарыбайда екен.

Қыздың төркіні де, қайын жұрты да іздеп жүріп, бірер айдан кейін Бұрымның Саржан үйінде екенін біледі де, Сарыбайға айтады. Егер қызды қайтарып бермесе, жаңа ғана құрастырған елі бытырап кететінін көрген Сарыбай Жәкеңді еріксіз көндіріп, Бұрымды әкесіне қайтарып береді.

— Сол қызды аса ұнатып ем,— дейтін Жәкең,— айырылғанға қатты қайғырдым. Өмірлік есімде қалды.

Жәкең 27 жасында Айкүміс деген ақын қызбен айтысқан. Сонда Жәкеңнің мұқатпақ боп:

Барасың бір жаманға өзің қор боп,  
Отырасың қарқарадай әзір зор боп,  
Көзіңе көк шыбынды үймелетер,  
Көргенің өле-өлгенше ыағи сор боп,—

дегеніне Айкүміс:

Жамбыл-ау, күпінесің неге сонша?  
Құтқарып қыз біткенді қалған жанша?  
Қолдағы қаршығаңнан неге айрылдың,  
Тұтқасы дүниенің сенде болса?—

деген жауап береді. Сонда қаршығасы — Бұрымнан айрылған күйікті Жамбыл:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,  
Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп, аты. )  
Арыны басылмаған арсыз көңіл,  
Тағы да етіп отыр сенен үміт,—

дейді.

— Сол Айкүмісті де жақсы көріп ем,— дейтін еді Жәкең,— сондықтан аз уақыт өлеңмен әзілдесіп отырып сөзімді былай аяқтап ем:

Айкүміс, амалым жоқ, қош ендеше,  
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше,  
Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын,  
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше,

Бұрымнан айрылған Жамбылға әкесі қалың беріп, Момын атты қызды айттырады. Ол қызды аларда Жәкең бармаймын деп қашып кетіп, Жапаның ағасы Қазыбай ұстап әкеледі де, Момынды еріксіз қосады.

— Оны өмір бойы сүймей өттім, кескіні тұрпайы, өзі салақ кісі еді.— дейтін Жәкең.

Әрі әйеліне көңілі толмаған, әрі ақындық қысқан Жәкең домбырасын бөктеріп, 1874 жылы ел аралап кетеді. Осы жолында ол қазіргі Талдықорған облысындағы Жалайыр руының атақты ақыны — Бақтыбайға жолығып, екеуі ұзақ салғыласып айтыспағанмен, өлеңмен аздап қағысады. Бақтыбай жасап қалған ақын екен, ол сонысын алдына сала сөйлегенде. Жәкең кішілік қып:

Әуелі сәлем берейін,  
Жасыңыз үлкен аға,— деп...

Майкеменен айтысып,  
Мәлім болған өзіңсің.  
Абақ, Тарақ арасын  
Аралаған серімсің...  
Егер сөзім ұнаса,  
Оң батаңыз берілсін.  
Ұнамаса өлеңім,  
Онда менен жерірсің...—

деп кеп, ақындық жолында өзінің кімдерден үлгі алғанын  
сорттеді:

Қаздай қалқып ерінбей,  
Өлең тердім жасымнан.  
Майкөт ақын, Құлмамбет  
Орын берді қасынан.  
Майлықожа, Құлыншақ —  
Пірім еді бас ұрған.

Бұл сөздеріне қарағанда, Жәкең Бақтыбайға кездескен — 29 жасында, қазіргі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарында алдықорған 4 облысты түгел аралап, барлық ақынды ақындардан да үлгі алғаны көрінеді. Жәкең қазақтың ауыз әдебиетін аса көп білетін. Соларды қазақтың ақынды ақындарынан үйрендім дейтін. Осы сапарында Жәкең Өзбекстан мен Қырғызстанның көп жерін аралайды, ақындарымен кездеседі, әдебиетшілерімен танысады. Қырғыздың эпосы «Манасты», «Шаһнаманы», «Тотының 90 тараумының» көп хикаяларын жырлайтын Жәкең, «бұл әңгімелерді сол сапарында естіп ұққан едім» — деп отыратын.

Отыз жастың аржағына шыққанмен, асқақ көңілі төмендемей кәсібі өлең, аңсағаны махаббат боп, «Камшат қылға» сияқты, аса көркем лирикалы өлеңдермен шұғылданған Жәкең, аралап жүрген елінде тап қайшылығын да айқын көріп, 1879 жылы, 33 жасында, «Кедей күйі» деген өлең шығарады. Мұнда ол:

Ұзынағаш, Қаратас,  
Қалқабайдай қайран жас,  
Бекеттен нан қоймайды,  
Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Оған ауыз жарымас,  
Сондадағы ар қалмас,  
Қалт-құлт етіп жүргені  
Қысы, жазы қарны аш,—

деп, кедейдің қайыршылық халін суреттеумен қатар:

Қайтып жаның ашымас?  
Неткен заман қатыбас!—

деп заманды тілдейді.

Қатыбас заман — байлардың үстемдігі жүрген заман екенін, байдың байлығы еңбекші халықты қанаудан құралатынын Жәкең сол кезде-ақ түсінген. Сол кезде бір бай үйіне жиналған ақындарға, есік алдында жатқан итін көрсетіп, «осы итімді мақтаңдаршы» депті. Кейбір ақындар мақтамақ болғанда Жәкең оларға ұрсып, байға былай депті:

Итің жаман демеймін,  
Күзетіп жүр малыңды,  
Көпшілікті бұлдіріп,  
Ұрлап алғандарыңды:  
Айтсам, сөзім нанымды,  
Өлеңім оттай жалынды,  
Сенен жұртқа ит жақсы  
Күзеткен қотан — ауылды

1881 жылы Жамбыл атақты Құлмамбет ақынмен кездеседі, айтысады.

— Ол айтыс Ұзынкөпірдің қасында болыпты, — дейді Жәкеңнің ауылындағы Ыбырай қарт, — сол жерде бүкіл Жетісу елінің билері, болыстары жиналып, үй тігіліп, көп жұрт жиналған. Жамбылды шақырып ап, Құлмамбетпен айтыстырған Есқожа руының Құдайберген деген кісісі.

Айтыстың көлемі 600 жолдай. Сол айтыстан бір-екі мәселені ғана оқушының есіне сала кеткіміз келеді.

Бірінші, бұрынғы кездескен ақындарымен сөз қағысудан әрі бармайтын, өзін ілгері ақындардың шәкірті көретін Жәкеңнің Құлмамбетпен айтысы оның өзіндік ақындық бет ала білгендігін, есейген ақын болғанын дәлелдейді.

Екінші, ол кездегі және одан бұрынғы қазақ ақындарының айтыстарынан ерекше орын алатын сарын — екі жағының да өз руларының байларын мақтау болушы еді. Мына айтыста Құлмамбет сол ескі даңғылығымен тарта жөнелгенде, Жамбыл тыңнан салған сүрлеудей бір жол табады, онысы:

Адамдықты айт, ерлікті, батырлықты айт,  
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.  
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,  
Оны мақтап әуре болмай жөңіңе қайт.

Жамбылдың «ерлікті, батырлықты айт» дегеніне Құлмамбеттің таптым деген тәсілі:

Ақыры Саурық, Сұраншың жаудан өлген  
Көзіме де ілмеймін ендігіңді, —

дейді. Оған Жәкеңнің жауабы:

Батыр Сұраншы, Саурық жаудан өлген,  
Халық үшін шәйт болып жанын берген.  
Елді қорғап өлгеннің арманы не,  
Қалың қазақ құрметпен соғына ерген.

Жәкең 40 жасында, 1885 жылы, Тілеуқабыл қызы Қанымжанды еркімен, өзі сүйіп, айттырып алады. Бұл кезде алғашқы әйелі Момын өледі. Момынның үстіне, қанып-туғаны, Жәкеңнің өлген інісі Қаманның әйелін қосқан екен. Одан Аққұлы деген ұл, Ақбала деген қыз туған. Қанымжанды алған соң, Жәкең келіндей алған әйеліне рұқсат беріп, өзі сүйген әйелімен тұрып қалады.

Құлмамбетпен айтысып, оны жеңгеннен кейін, бүкіл Дулат еліне зор ақын деген даңқы жайылған Жәкең, ақын шықты деп тасымайды. 1886 жылы жоғарыда аталған Екей руының басын қосқан Сарыбай өліп, соған 1887 жылы бір болыстың халқын түгел шақырып ас бергенде, Шымкент жағынан атақты Майкөт ақын келген. Сонымен шырларасқанда, Жәкең:

Сіз бе еді ақын аға, Майкөт деген,  
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген.  
Саңылдап сарайынан өлең шықса,  
Именіп өзге ақындар бәйпектеген.

Келдіңіз біздің елге әдейі іздеп,  
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.  
Сүйреңдеп алдыңызда сөз сөйлемей,  
Ертеің деп ойладым әдеп-ізет,—

дейді. Майкөттің үнемі қасында боп, онымен сөз жарыстырмай, бетке қақпай, елінен құрметпен аттандырады.

Жәкең ел тіршілігінің тақырыбына ұсақ өлеңдерді көп айтатын болған. Бертін келе, ол кісі қара сөз сөйлемей, өзін өлеңмен сөйлейді екен. Ол өлеңдерден өзінің есінде қалған бірен-сарандары болмаса, өзгесі сақталмаған. Оның Майкөтпен дидарласқаннан кейінгі күрделі өлеңі — 1895 жылы Дулат руынан шыққан Сарыбаспен айтысы. Көлемі мың жолдан артық бұл айтыс өлеңнің тақырыбында Құлмамбет пен Жамбылдың айтысынан айырма жоқ. Ішкі мазмұнындағы айырма: Сарыбас Құлмамбетке ұқсап, елінің байларын мақтай береді, ал Жәкең Құлмамбетпен айтысқандағысындай байға батырды қарсы қоя сөйлейді. Бірақ, бұл жолғы Сарыбаспен айтысында Жәкең:

Батырым Сұраншы, Саурық жаудан өлген,  
Халық үшін құрбан болып жанын берген,—

деген сияқты, мәселені бетінен жеңіл қалқымай, мақтайтын батырларының батыр аты не себепті шыққанын терең қазады. Саурықты Жәкең былай сипаттайды:

«Ал, ал Саурық» дегенде,  
Қалтырамады қандай жау?  
Қарсыласып келгеннің  
Қайтқаны бар ма одан сау?

«Саурықтың жауы кім?» — деген сұрауға Жәкеңнің берер жауабы:

Жетісуда қазақтың,  
Көрген күні кем еді:  
Жан-жағынан күнде жау,  
Елге тиыштық бермеді.  
Бір жағынан қалмақтың  
Ұрылары талады.  
Бір жағынан қырғыздың  
Орман ханы ойқастап,  
Күнде мазаны алады.  
Үшінші жақтан Қоқанның  
Белгер бегі қоқаңдап,  
Әскерлері топырлап  
Ауыр салмақ салады.  
Күнде тонау шабыстан  
Ел титығы құрылды.  
Мал мен жаннан түңілді,  
Жер мен судан қуылды.  
Қатын, бала, жас кәрі  
Беті жаспен жуылды...

— «Халықты осы апаттан арашалаған кім еді!» — деген сұрауға Жәкең:

— Саурық еді ардагер, — деп жауап береді.

Сұраншы батырдың да алысар жауы сыртқы жау — қазақ елін жаулап алып қорлықта ұстаған Қоқан хандығы. Жәкең Сұраншыны:

Үш күн, үш түн соғысып,  
Жауды шөптей жапырды,  
Қырып-жойып қалғанын  
Ел шетіне қашырды,—

деп мақтай кеп, Сарбас ақынды:

Кәне, осындай ерді айтпай,  
Жатқа намыс бермеген,  
Құр созасың өңешті,  
Байларын айтып еліңнің,  
Түк келмейтін қолынан!—

деп сөгеді.

Сұраншы мен Саурықтың ерлігіне Жәкең көп шығармаларын арнаған. Жәкеңнің «Сұраншы батыр» дейтін дастаны оқушы көпшілікке белгілі. Ол дастанда Жәкең Сұраншының Қоқан басқыншыларына қарсы күресін жырлағанда, Сұраншының батырлық қимылдарынан басқа, дастанға және бір арқау кіргізеді, ол — орыс пен қазақтың достығы. Дастанда Сұраншының Жагор дейтін досы. Сонды көйлек серігі бар. Дастанда ақын:

Сап түзесіп солдаты,  
Сатырласып арбасы.  
Серейіскен зеңбірек  
Бетке ұстаған айбаты,—

ол патша өкіметінің қазақ даласына отарлауға келген «көрін жек көре отыра, кейбір ақындардай орыс атаулының бәрін жаман демейді, орыстың досы мен қасын айыра алмайды:

Патшаның қашқан солдаты,  
Апыстан асқан бар жасы,  
Бастығы Жагор оралдық,  
Сегіз орыс, бір татар,  
Бірге келген жолдасы.

Осы топ Жәкеңнің жырлауынша, қазақ халқының Қоқан басқыншыларына қарсы күресінде, Сұраншы бастаған халықпен бірге жүріп соғысады, бірге жеңіледі.

«Сұраншы батыр» реализм негізінде құрылған дастан «Өтеген батыр» дейтін дастанын Жәкең мифологиялық негізге құрған. Ол дастанда Өтегенмен алысатын жаулар: айдаһар, әбжылан, жезтырнақ. Дастанның түрі ертегі болғанмен, мазмұны — қазақ халқының XVIII ғасырдағы боқандығы, тәуелсіздігі үшін күресуі. Өтеген — тарихта болған адам.

— «Сұраншы батырды» да. «Өтеген батырды» да бірінші жырлаған — мен емес, Сүйімбай,— дейтін еді Жәкең.— мен соның негізінде жырлаймын. Бұл жырларды мен жас кезімнен айттым. Қай жасымнан бастағаным да есімде жоқ. «Саурық батыр» деген де ұзақ жыр айтушы ем.

1902 жылы Жәкең Жалайыр руынан шыққан Досмағамбет ақынмен айтысады. Досмағамбет ақындығының үстіне молда екен. Жәкең онымен шайқасып отырып, былай дейді:

Молда емессің, соқырсың,  
Зікір айтып зарлаған.  
Жаназа оқып өлгенге,  
Педия алып жалмаған.  
Шарифат жолы — мынау, — деп,  
Қараңғы надан халықты  
Көзді жұмып алдаған,  
Кедей өлсе үйіне  
Күңіреніп бармаған.  
Аттана шауып, бай өлсе,  
Қирағаттап құранды,  
Күні-түні сарнаған.

Досмағамбет Жәкеңді:

Сен — Абақтың жүйрігі,  
Мен — тұлпары Тарақтың,  
Бәрекелді, Жамбылым,  
Саалты осы ма еліңнің?  
Қаскелеңнің жігіті  
Босатпас алдын қабақтың.  
Арақ десе, жымыңдар,  
Құлқыны құрып қылмыңдар, —

деп кемітпек болғанда, Жәкең:

Еліңде бұзық жоқ болса,  
Қожақан ішті неге арақ?  
Сол Қожақан болысын  
Мекеге барды қажы боп.  
Боза, арақ ішкен соң,  
Айтасың несін қажы деп?  
Пара тағы жейді екен,  
Ел ішінде қазы боп...—

деп жауап береді.

Осылай халықты қанаушыларды сынау, мінеу, сықақтаумен, халық зарын айтумен, халықтың тарихында болған ардақты ұлдарын дәріптеумен, жалынды жырын жайып, ат жетер жерді аралаумен өмірі өтіп жатады. 1909 жылы Жәкең Орталық Қазақстандағы Арғын руының атақты ақыны Шашубаймен айтысады.

1913 жылы, февраль айында, Ресей патшасы — Романовтардың таққа отырғанына 300 жыл толған тойы жасалады. Сол тойға тарту-таралғы алып, Жетісу облысынан атақты қазақ байы Құдайберген Маманов кетеді.

Жетісудың губернаторы той жасауға әзірленеді: Алматыдағы қазіргі панфиловшыл 28 батырдың атындағы паркте көрме жасалады.

Бұл тойға бүкіл Жетісу елінің атақты байлары, әкімдері түгел жиналады. Тойды мақтау мақсатымен барлық ақындар шақырылады. Жәкең де келеді. Жәкеңнің бірінші рет ақындар арасында суретке түсуі осы жолы. Сол сурет үшін арнап шығарған фото-альбомға кірген және Жәкеңнің 1940 жылы шыққан шығармаларының 1 томдығында берілді.

Сонда айтқан өлеңдерінен есімде қалғаны деп Жәкең «Өстепкеде» («Выставкада» деген) өлеңін айтып отырушы еді. Бұл жырда Жәкең:

Үйсін, Найман саңлағы,  
Өстепкеге жиылдың...  
Елде жүрген егейлер.  
Қалада құр үйлдің,  
Ұлық көрсең ұйлығай,  
Желді күнгі қамыстай  
Жапырылып иілдің  
Келтірдіңдер намысты,  
Бек қорланып күйіндім...—

...келеді.

1916 жылғы қазақ даласында болған оқиғаны Жәкең халықпен бірге қабырғасы қайыса қарсы алады. Көтеріліс жасаған халықпен бірге жүріп, халық зарын жырға айналдырады, халықты бостандық алу жолындағы күресте қалымауға шақырады.

Осындай hareketте жүргенде Жәкең бір топ адамымен күтіншілердің қолына түседі, қасындағы адамдарымен алаңдыға жабылады. Бұл халін Жәкең, «Менің өмірім» деген жырында былай жырлайды:

Ақыны, әнші, күйші қыруар жан,  
Даймағын Жетісудың жинап алған.  
Сабаннан төсек, ерден жастық істеп,  
Жатарға жай салғызды ат қорадан.  
Сорпасы капустаның «ыстығына»,  
Сөткесіне кісіге бір қара нан...  
«Үгіт айт, патшаны мақта!» — дейді.  
«Болып жатқан соғысты жақта!» — дейді.  
«Жыр айтсаң, құдай менен пайғамбарды айт,  
Онан басқа жырыңды айтпа!» — дейді.

Бұл жырын Жәкең былай аяқтайды:

Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,  
Кім болмақ ызаланса елден күшті?  
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,  
Николай ұрған доптай тақтан түсті.  
Жабырқаған халықтың көңілі өсті.

Революция жылдарында айтқан Жәкеңнің жырлары сақталмаған.

— Тілі бар кісі сөйлейтін заман туғанда, мен нелер жыр айтпады дейсің, балалар,—дейтін еді Жәкең,— талай жырлар айтылған да, айтылған орнында қалып қойған.

1919 жылдың көктемінде Жәкең бір қызық айтысқа қатынасады. Бұл жылы Жәкең 73 жаста. Жәкеңді бұл кезде бүкіл ел боп зор ақын деп, ақсақал ақын деп аса құрметтейді, Жәкеңнің қасында жас ақындар топталып жүріп, одан үлгі алады.

Бір жолы, 1919 жылдың көктемінде, Жәкеңді көршілес Дулат руының бір бұтағы — Жаным елі қонаққа шақырады. Жәкеңнің қасына Шапыраштының бірнеше жас ақындары ере барады. Қонақ болған ауылға Дулаттың ақындары жиналады.

Осы мәжілісте: «Осы елде Нұрила атты ақын келіншек бар, ешбір ақынды айтыста тең келтірмейді» — деседі.

Келіншекті шақыруға кісі барса, оның босанғанына үш-ақ күн болған екен. Сонда да, Жәкең шақыртады деген соң, Нұрила бармасам ренжір деп, баласын үйіне тастап, жиынға келеді. Жәкең Нұрилань қасындағы ақындармен айтыстырады.

Бұл айтыс бұрын ешқайда басылмаған. Айтысты жатқа білетін — қазіргі орденді ақын Саяділ Керімбеков.

Саяділ Нұриламен он бір ақынның айтысының көбін ұмытып қалған екен, жазып бергенде, 400 жолдан аз-ақ артық болды. «Түгел есте сақтағанда 1500 жолдай болар еді» дейді.

Айтыс өте көркем және айтушы ақындардың бәрін Нұрила жеңе береді. Нұриламен он бірдің соңғысы боп айтысқан бір ақын — Үмбетәлі Кәрібаев (1889 жылы туған), Нұрилань жеңер басқа дәлел таба алмаған соң Үмбетәлі қазақтың «байтал шауып бәйгі алмас» деген мақалына жабысады. Сонда Үмбетәлінің сасқанын көріп Нұрила:

Жеңілерін Үмбеттің Жәкең біліп,  
Байқауымша маған бір қалды ұмтылып,  
Талайдың-ақ шапанын шешіндіргем.  
Айтыспаққа ынтасын жұлқындырып,  
Ал, Жәке, Үмбетәлің тері тұлып,  
Қаупитқан ішіне бір сабан тығып,  
Түбінде бір керегі болар десең,  
Апарып босағаға қойғын іліп,  
Қару өлең бұл сөзге қайдан тапсын,  
Жүйрігінің Нұрила басын тартсын,

Кім жеңді, осы арада кім жеңілді,  
Қазылық енді соған Жамбыл айтсын,—

...деді. Сонда Жәкең, Нұриланы «байтал» деген Үмбетәліні

Жамбыл сөзін бастаса бастан айтар,  
Түйіп түгел соңына тастап айтар.  
Бақ берген маңдайына бас бармақтай,  
Жүлде алады әр жерде жүйрік байтал.  
Бағы жанса байталдың бағасы зор,  
Адасқанын Үмбеттің байқады ол,  
Бұл жердегі айтыстың мезебінен  
Нұрила беретін теңеуім сол,—

...деді де:

Жүйрік озды жүйріктен құлаштаған,  
Көрген жұрт көз мөрімен растаған.  
Кәрі демей, жас демей айтысатын  
Сүйімбайдан соңғыға мирас қалған,—

...деді. Нұриламен айтысуға өзі қызығады. Бірақ Жәкең  
...сынан құрмет ететін, оны ақындардың ақсақалы көре-  
... Нұрила:

...Сіз — дарқан, сізден үлкен ақын бар ма,  
Жасым кіші әйелмін, жаны — нәзік.  
Даусыңды неше түрлі әсемдейсіз,  
Желдетіп дауылыңнан бәсеңдейсіз,  
Сіздің бетке мен қарсы тұра алмаймын,  
Әдилеп алдына алған әкемдейсіз,—

...айтыспайды. Сонда Жәкең Нұрилага:

Сөзіңнен сорғалаған тамады алтын,  
Аңқылдаған адамға көңілің жарқын.  
Бала жастан өлеңге Жамбыл құмар,  
Басылатын жөйім бар әнмен мауқым.  
Тебіrentкен жүрегімді жас баладай,  
Құлағымда тұрады осы даусың.  
Барғып, балам, аман бол жолыққанша,  
Бәрекелде, үстіңе көп нұр жаусын,—

...деп бата береді.

Жәкең кейін, қазақ халқы өз алдына отау тіккен соң,  
1924 жылы «Қазақстан тойына» деген жыр шығарады:

Халықтың енді міне жетілгені,  
Құрыштың білінбейді кетілгені.  
Атандық Қазақстан ел боп туып,  
Үй тігіп, ірге қалап бекінгелі...  
Болайық өкіметке, кедей ұйтқы,  
Секілді темір тіреу көпірдегі...  
Сенімнен туған елім, біте қайнап,  
Жан емен әңгіменің шетіндегі,—

дейді. Ақынның халқы ерікті ел болуына қалай қуануына, республиканың, халықтың, өзінің міндеті не екенін тануына бұл өлең айқын дәлел.

Жәкең осы бетінен қайтпай келе жатқан-ды, осы 1924 жылы Түркстандағы қазақ облыстары Қазақстанға қосылып, бүкіл қазақ халқы тұтас бір республика болады. Үш жылдан кейін, 1927 жылы Қазақстан өмірінде бір кезеңді оқиға кездеседі: осы жылы, өкіметтің ерекше декретімен қазақ байларының егіндік, шабындық жерлері кедейлерге бөлініп беріледі. Сол науқанға байланысты, Жәкеңнің ауылына жақын жердегі Ұзынағаш деревнясында кедейлердің жиналысы болады. Осы жиналыста Жәкең «Замана ағымы» деген ұзақ жыр айтады. Бұл жыр түгел сақталған. Көлемі 1000 жолдан артық.

Жыр қазақ халқының өмірбаяны сияқты. Жәкең жырында қазақтың кәрі заманынан бастап, Социалистік Октябрь революциясына шейін басынан кешкен халін ұзақ толғап өтеді. Бұл толғаудан шығатын қорытынды: Октябрь революциясы қазақ халқына жат емес осындай революция болу қазаққа қажет еді, егер бұл революция болмаса қазақ халқы құрып кетер еді. Октябрь революциясы болғаннан кейінгі қазақ өмірі туралы ақынның айтары:

Осы жолды өмірлік  
Ленин бізге бастаған.  
Жуандарды жұмсартып,  
Өш алған бай молдадан.  
Большевиктің тұсында  
Елдің бәрі бірігіп,  
Араларын ашпаған.  
Бір ауызға қараған,  
Бір ауыздан мақұлдап,  
Тоқтам қылып тараған...  
Жер мен суды қолға алып,  
Жетісіп тұр енді елім.  
Сексен бірге келгенде,  
Осы менің көргенім...  
Ленин туын қолға алған,  
Қалың қайрат қозғалған,  
Жалшы, кедей досым-ай,  
Күн де туды сен үшін,  
Ай да туды сен үшін,  
Заң жасалды сен үшін  
Серпіле түс, серпіле,  
Бұрынғыдай жасымай!..

Бұл жиыннан кейін де Жәкең жасым сексеннен асты демей халық арасында да, ұлы жиындарда да жаңа өмір-

нің жаршысы болады. 1934 жылы 16 июнь күні Алматы қаласында жас көркем өнершілердің слеті болғанда, Жәкең «Жастар алдында» деген жыр айтып береді. 1935 жылы Алатаудың биік басын жайлап отырған колхоздардың старын аралап жүріп, «Жайлау» атты жырын шығарды.

1936 жылы көктемде Алматы қаласында қазақ ақындарының республикалық бірінші слеті болды. Осы слетте Жәкең «Туған елім» деген дүние жүзіне әйгілі жырын айтты. Бұл жыр Жәкең шығармаларының ғана емес, бүкіл совет поэзиясының ең биік шыңы еді, сондықтан да бұл жыр Советтер Одағындағы барлық тілге аударылды сондықтан да бұл жырды барлық Совет елі күні бүгінге шейін үміт есебінде қолданады.

1936 жылдың көктемінде Москвада қазақ көркемөнерінің онкүндігі болды. Осы онкүндікке бірге барған Жәкең Лениннің мавзолейін үкімет басшыларын көргенде, соларға арнап бірнеше жырлар шығарды. 91 жасқа шыққан біртүрлі ақынның бұл сияқты қарқындай шабуын қарсы алған Одақтық өкімет Жәкеңге Еңбек Қызыл Ту орденін сыйлады. Сол сыйлықты Кремльде Жәкеңнің кеудесіне қадап тұрып, СССР Орталық Атқару Комитетінің председателі Михаил Иванович Калинин былай деді:

Көркемөнердің ең жоғарғы, ең талантты, ең данышпан түрі — халық көркемөнері; басқаша айтқанда, халықтың көңілінде қалған, халық сақтап келген халықтың әлденеше ғасырлардан бергі бірден-бірге қалдырып келген көркемөнері, бұл күмәнсіз. Өздеріңізге мәлім, құны жоқ көркемөнер халықта сақталмайды. Халық та — бір, алтын ідеуші де — бір. Ол ең бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, өңдеп, әлденеше ондаған жылдар ұстайды... Сөз жоқ, халық та нағыз артықша көркем және данышпан шығармалар туғызып, бұрынғыдан да әрі жемісті етіп өңдейді».

1936 жылдан бастап, Жәкеңнің жыры өркендетуге ерекше жағдай жасалғаннан кейін Жәкең социалистік құрылыстың жетістіктеріне, күнделік болып жатқан саяси, шаруашылық, мәдени науқандарға даусын мынадай жағдайда қосты:

1. Жәкең радио тыңдағыш еді. Көңілін қозғайтын бір хабарды Жәкең естісе, хатшыларынан немесе маңайына көп үйірілетін мектеп оқушыларынан сол естігенін толығы-

рақ баяндауын өтінетін. Содан кейін, естіген жаңалығы көңіліне әбден қонған соң, жырлауға кірісетін.

2. Жәкең газет оқытуды ұнататын еді және нендей қызық жаңалығы бар?—деп сұрар еді. Хатшыларының бірі мектеп оқушылары, я сауатты колхозшылар оқып берген газеттен өзінің көңілін қозғаған жаңалықты жырға айналдырар еді.

3. Жәкең 97 жасына дейін атқа салт мініп жүрді. 1942 жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты.

— Машинаға мініп жүрміз ғой,— деді Жәкең 1936 жылдың жазында, үйіне сәлем бере барып отырған өкімет адамдарына,— бірақ, оның тас жолға, құрғақ жолға, жазық жолға жүйрік екен. Мен өзім таудың биігін жайлап өскен кісімін. Оған шықпай көңілім көншімейді. Машина бергендеріңе тәңір жарылқасын, енді маған бір жақсы ат тауып беріңдер — өзі жорға, өзі жуан, өзі жуас ат болсын.

Жәкеңе ондай ат табылды. 1936 жылдың жазында өкімет сатып әперген күрең жорғаны Жәкең тауға 1941 жылдың күзіне дейін мінді, ауыл арасына 1944 жылға дейін мініп жүрді.

Бұл атты еске алып отырған себебіміз, Жәкеңе салт жүріп табиғаттың көрінісі мен құбылысын, колхоздың даласында жайылған малдарды, егінмен байланысты еңбектерді көруге құмар еді де, сезімін қозғаған көрініс пен істі жырға айналдырар еді.

Жәкең қасына ергендер мұндай тақырыпта оның ауызынан талай тамаша жырлар естіді, бірақ, өкініш — олардың көбі жазылып алынбады, ат үстінде жазып алуға мүмкін де болмады.

1937 жылдың декабрінде грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуы тойланды. Сол тойға Қазақстаннан барған делегацияны Жәкең бастады.

Грузин халқы ерекше құрметпен қарсы алды. Осы сапарында Жәкеңнің көрген тамашаларына арнаған Жәкеңнің бірнеше жырлары бар.

Кавказға барып қайтқан сапарында көргендерін Жәкең қызық әңгіме қып айтып отыратын.

1938 жылы 20 май күні, Жәкеңнің әдебиетпен айналысқанына 75 жыл толу құрметіне, Алматыда және Жәкеңнің ауылында той болды. Тойға Советтер Одағындағы барлық

устардан жазушылар келді. Жәкеңнің атына Совет Одағының барлық елдерінен, шетелдерден (Америка, Франция, Чехословакия т. б.) құттықтау телеграммалар келді.

Осы мерекемен байланысты, Жәкең Ленин орденімен наградталды.

1936 жыл мен Ұлы Отан соғысы басталудың екі арасында Жәкең 10000 жолдан артық жыр шығарды. Соның бірі социалистік Ұлы Октябрь революциясының арқасында, Ленин партиясының жолымен, социалистік қоғам құрып, бақытты дәурен сүрген халқымыздың шаттық тұрмысын, қуанышты көңілін сыйпаттауға, халықтар достығын баяндауға арналған.

Халықтың, Совет өкіметінің ерекше құрметтеуімен, 1936 жылдан бастап қайта жасарғандай болған Жәкең, 1940 жылдың беріжағында кәрілікке мойындай бастады. Осы кезде Жәкең өзімен істес ақын — Қалмақан Әбдіқадыршақ:

Насыбай бер,  
Насыбайың бар болса жасырмай бер,  
Саулық қойдың жасындай жасым қалды, ✓  
Біреді жылға Жамбылды асырай бер.—

мен қалжыңдапты.

- «Ар жасы жүз» деп еді,— дейтін болды содан кейін Жәкең,— жүзге де ілуде біреу-ақ келетін еді, сол жүзді алдымдап қалдым, балалар. Көздің қарашығы бұлдырап барады, көз алдымдағы кісі,— кісі емес, оның көлеңкесі сияктанатын болды; оң құлағым жабылды, сол құлағым еңің естиді; біреді жыл бұрын атқа мінетін басым, енді орманнан кісі сүйемесе тұра алмаймын; осы айнала тонаудың арты қайда соққалы келе жатқанын білесіңдер ме, балалар? «Ата-ананың жоралғысы» жақын, балалар. Шырақтарым, қамдана беріңдер...

Жәкеңнің үйінде тұрып денсаулығын қарайтын дәрігер Рахымбек Досымбековтен басқа, 1936 жылдан бастап Жәкеңді үнемі бақылап отыратын — Қазақстандағы атақты дәрігердің бірі — Х. Барлыбаев болатын.

Х. Барлыбаевтың айтуынша, Жәкеңнің өзге денесі қартайғанмен, жүрегі — жас, оның жүрегі 100 жасты еркін көгереді.

Жәкеңнің денсаулығын жеке қарау — Алматы қаласындағы қазіргі Министрлер Советі ауруханасының міндеті болды. Осы аурухананың алдыңғы қатардағы дәрігерлері Барлыбаев және Зотов жолдастардың ақылымен,

1940 жылдан бастап Жәкең диетаға көшті. Сол күннен бастап, Жәкең дүниеден көзін жұмғанша, диета даярлап беретін Фатима Файзрахманованы Жәкең аса жақсы көріп, «мені емізген екінші шешем — осы» деп, қалжыңдап отыратын еді.

Өзінің күнделік қызметкерлерінен Жәкеңнің және бір жақсы көретіні — шофері, өз ауылының жігіті — Нағашымбек Байсабаев болды. — Ту сырты еліктің артқы сандары сияқты тіп-тік болып, балаша елгезектеніп ұшады да жүреді байғұс, бұл да мені кезеңді жерде балаша арқалап әкетеді, дер еді Жәкең Нағашымбек туралы.

Өз туысқандарынан, өз балаларымен қатар, Жәкеңнің ерекше жақсы көргені — туған ағасы Тәйтіннің баласы — Сатыш.

— Тәйти Мекеге қажылыққа кеткен жолда өлді. — дер еді Жәкең, — қажылыққа аттанарда, үш жастағы жалғыз баласы осы Сатышты қолынан жетектеп маған алып келіп: құдай алдында сенің қолыңнан алам, — деп еді, жарайды деп уәде бергенмін. Содан бері осы шіркін өз балаларымнан кем көрінбейді.

Жәкең оған да қалжыңдағанда, аш күзендей бұраңым деуші еді.

Жәкең ауылы Жамбыл колхозы деп аталады. Сол колхоз ұйымдасқаннан бүгінге дейін Жәкеңнің немере інісі Тұрап Мыржиев үздіксіз бастық боп келеді.

— Бұл шаруаға жүйрік, — дер еді Жәкең ол туралы, — бірақ құлау, түлкінің іні сияқты, ішінде қалтарысы көп.

Ауылында Жартыбай Қырықбаев дейтін шамалылау бір ақынды «осы суыр сияқты: әрі жалтақ, әрі бақырауық» дейтін еді.

Жәкеңмен біраз жұмыс істеген ақын Қалмақанның екі танауы көтеріңкі делдендеу кісі. Оны Жәкең «шеміршек болған жылқыдай делбеңдеуін қарашы» деп қалжыңдайтын еді.

Өмірзақ ақын қара көскінді, ақ шашты, ақ сақалды адам. «Басын ұнға тығып алған қара мысық сияқты» деп ойнар еді Жәкең онымен.

Оңтүстік Қазақстанда тұратын қарт ақын Орынбай Тайманұлы жіңішке дауысты және шырылдаңқырап сөйлейтін кісі, оны Жәкең «Тауқұдірет» дейтін еді.

Семей облысындағы ақын Нұрлыбек Баймұратов денелі, зор мұрынды адам, Жәкең бір күні соған қарап

жәйылған үйірін шыңның басында күзеткен арқардың көшқары сияқты екен»,— деді.

Осылар сияқты, жаратылысында, мінезінде өзгешеліктері бар адамдар туралы Жәкеңнің беретін сын-мінездемесі көп болатын.

— Шіркін көз-ай! деп өкінетін болды Жәкең, 1940 жылдың бержағында көзі бұлдырлана бастаған соң,— қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар; қара көздеп нұр тайса, бір көруге зар болар» деген — осы. Көзін не ілексе сол қызық көрінетін дүние-ай!

Осылай қартайғанына арнап, 1941 жылдың көктемінде шығарған өлеңінде Жәкең былай дейді:

Сақалым темір күрек борға малған,  
Селеудей шашым селдір, зорға қалған.  
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,  
Кәрілік немді қойды қорламаған.  
Құлпырған қызыл шырай түсімді алды,  
Аузымды опырайтып тісімді алды,  
Босатып буынымның шегелерін,  
Сыпырып тұла бойдан күшімді алды...

Содан кейін айтқан бір өлеңінде:

Жетіппін жүре-жүре қыр басына.  
Жол екен таусылмайтын бір ғасырға,  
Елбіреп екі аяғым дірілдейді.  
Көз жетпей тұрары ма, тұрмасы ма,—

деді. Осындай халге түскен Жәкең, дәрігерлеріне былай деп наз айтады:

Тамырдың тілі қалай, дәрігерім?  
Жамбылға турасын айт, сыр жасырма.  
Жетелеп біраз күнге жүріндерші.  
«Кез болдық қайдан,— демей,— бір масылға».

Жәкең осылай кәрілікке мойындаған кезде, 1941 жылдың 22 июнь күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл басқыншылыққа ызаланған Жәкең:

Асқар таудай еліме,  
Байтақ жатқан жеріме,  
— Шапты фашист,— дегенде  
Ашуменен аралас,  
Жыр да келді көмейге.  
Қаһар қаулап денемде!—

деп бастап «Ата жаумен айқастық» деген ұзақ, жыр айтты.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына соғыстың төрт жылында Жәкең 3000 жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда Жәкеңнің бұл жырларының тарихи маңызы аса зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жәкең, Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта — сүйікті Ленин қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жәкеңнің жырының күші қандай болғанын, Ленинград Жазушылар одағының қазіргі председателі, Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

— Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинградтың халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта, немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды: күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды: ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды. Электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күші көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, бомбаубежищеге тығылудың орнына. Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім.

Прокофьев жолдас сөзін аяқтай келіп, Жамбылдың бұл өлеңінің Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын айтады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Жәкеңнің Ұлы Отан соғысына арналған жырларының күші Жәкеңнің атына жүздеп-мыңдан келген хаттардан да байқалады.

Жәкеңнің жырына 1941 жылдың 13 сентябрь күні олеңмен жауап қайтарған, армияға өзі тіленіп барған, Ленинградтық бірінші атқыштар полкының жауынгері, соғыстан бұрын Ленинград технологиялық институтының профессоры — Всеволод Зубганинов былай деп жазады:

«Ленинградтық сенің балаларың,  
О, Жамбыл, мақтаншы Отанның.  
Саған сәлем жолдайды  
Соғыстың қорқыныш жылында.  
Мен тіпті ақын емеспін,  
Менде жоқ сөзге шеберлік,  
Менің сөздерім көмескі жарқылы ғана  
Сенің нажағайдай жырыңның.  
Сенің өлеңің маған қадірлі,  
Себебі, ол жалған жарқылдауық емес.  
Одан мен сеземін іздерін.  
Ойлы, ұйқысыз түндердің.

Зубганинов жолдас рас айтады: оның бұл сөзбе-сөз аударылған өлеңі шын мағынасындағы өлең емес, бұл үй-кестіріп айтқан жабайы сөздер; бұл сөздердің қасиеті — шын жүректен шыққандығы.

\* \* \*

«Осы хатты Сізге жолдап отырған қазақ ұлы Сейітов Дүйсекей, оның командирі орыс ұлы Сахаров Борис. Біліндеждан кейін шегінбейді, фашистерді талқандауға ілгері басады.

Бізге ардақты жырларыңызды жіберіп тұрыңыз, олар бізге жәрдемші. Адресіміз: Майдандағы армия п. п.—130 94—С.1.10/III, 1942 ж.».

\* \* \*

«Сүйікті Жамбыл

Сенің балаң Алғайдың майданда көрсеткен ерлігіне сүйсініп шығарған жырыңды «Коногвардеец» деген әскери газетке басып ек, маңызы өте зор болды. Осы сияқты жырларды тағы жазуыңды өтінеміз.

Редактор — Рабцун.

20/І, 1943 ж.».

\* \* \*

«Сүйікті Жамбыл!

Майданға қазақтың артистері келіп кетті, сенің жырыңды айтты. Тамаша екен. Мың рақмет.

Коневалюк, Гобатадзе.

П.П.03677—А»

\* \* \*

«Жамбыл ата!

Бұл хатты жазып отырған жауынгерлер: қазақ — Несіпбаев Мұқат, бурят — Одонов Роман, біз барлаушы боп қызмет істейміз... Сіздің жырларыңыз жауды жеңуде аса зор құрал. Сол құралды көбірек жібере көріңіз. Біздің адресіміз:

П. П. 833, бөліміміз —435».

\* \* \*

Майдандағы жауынгерлерден, командирлерден, саяси қызметкерлерден Жәкеңнің атына келген хаттардың түрлері осы, Отан соғысындағы Қызыл Армияның әрбір жәңісіне Жәкең ерекше шаттанар еді, атағы шыққан ерлерді көруге құмартар еді. Сөйтіп жүргенде, 1943 жылдың жазында, майданнан Советтер Одағының батыры деген зор абройлы атаққа ие боп, қазақ халқының ардақты ұлының бірі Мәлік Ғабдуллин Алматыға келді.

Мәлік Жәкеңе сәлем беріп қайтуға аулына барды. Оның баратыны Жәкеңе телефон арқылы хабарландырылып қойылған еді.

Өзге қонақтарын Жәкең үйінің ішінде қабылдайтын. Ымшық-шымшығы көп қарт адам, көңілі келмей отырған жағдайда, қашан өзі бабына келіп алмай, үстіне кіруге ұлықсат етпейтін. Көңілі түсе қоймаса қабылдамай жіберетін адамдары да болатын.

1940 жылдың бержағында, төсекте отырып қалған Жәкеңнің көбірек сергітін уақыты сәскелік асын ішкеннен кейін болушы еді. Түскі астан кейін Жәкең ауырлап, кешке қарай жатып қалатын да, содан, келесі сәскеге дейін, өзін күтетіндерден басқаларды маңына жолатпайтын.

Мәлік Жәкеңнің үйіне күн бата жетті. Дағдылы күнде бұл Жәкеңнің жатып қалатын шағы.

Мәлік барса, Жәкең үлкен ағаш үйінің алдындағы көгалда, кілемнің үстінде отыр екен, қолында — домбырасы.

Сәлем беріп қолын алған Мәліктің қолын Жәкең ұстап тұрып, оның батырлық істерін естігені, көруге ғашық болғаны туралы ұзақ жыр айтты.

— «Мәлік көледі дегенді сіздер таңертең хабарладыңыздар ғой,— деді Жәкеңнің баласы Тезекбай бізге,— солан бері тәтем осы арада отыр. Үйде неге отырып қарсы алмайсыз?— десек:— Сөзбе екен сол? Бұрын батыр дегенді құлақ естіп, шіркін соларды көрмеген екеміз деп өкінетін еді, сол батыр енді үйге келсе, оны үйде отырып қарсы алу кісілік бола ма? Әттең, не керек, шөгіп отырған күнім, әйтпесе, шауып алдынан шығар ем,— деді. «Машина деген құйрық тыз етіп келіп қап, қапы қалармын»— деп Жәкең ұлықты күнге үйге кірген жоқ, асты да далада ішіп, далада балағыпты.

Амандықтан кейін Мәлікті үйіне кіргізіп, Жәкең оның сүтіміне де ерекше көңіл бөлді, бас тартты.

Мәлік те, оның серіктері де кешкі астан кейін, ұйықтауға Жәкеңнің алма бақшасының ішіне жатқан едік. Оны Жәкең байқаған жоқ-ты.

Бақшада Мәлікпен қатар ұйықтап жатсам, мені біреу оятады. Басымды көтерсем, ай жарық екен, оятқан қолма бастығы Тұрап Мыржиев.

— Сізді Жәкең шақырады,— деді ол.

Барсам, Жәкең өзінің ұйықтайтын бөлмесінде, шам жақтарып, тесекте киініп отыр екен.

— Оларың қалай,— деп ренжіді Жәкең,— жыланы бар дер бұл, қапыда жылан шақса қайтесіңдер батырды? Көрмесі ашылып қап, салқын тисе қайтесіңдер? Ай жарықта шыбын-шіркей болады; олар маза да бермей жатқан болар. Безгектің масасы бар десіп жүр ғой осы жақта, осылай маса шағып ауыртып алсаңдар, қайтесіңдер?.. Батырды үйге жатқызыңдар.

Мәлік үйге кеп жатты.

Панфиловшыл 8-гвардиялық дивизияның даңқты қолбасшысының бірі, полковник Бауыржан Момышұлы үйіне қонаққа барғанда да, Жәкең Мәлікке жасаған құрметті көрсетті.

Жәкеңнің белінен алты ұл болған: Қожамберді, Қожаш, Аққұлы, Ізтілеу, Алғадай, Тезекбай. Бастапқы екеуі ертерек өліпті. Соңғы тірі төртеуінің екеуі — Ізтілеу мен Алғадай армия қатарына алынды. Майданда Алғадайдың көрсеткен ерліктерін айтып бөлім бастығы хат жазғанда, Жәкең аса қуанды. 1942 жылдың күзінде Ал-

гадайдың өзі әкесіне хат жазып, ерлік қимылдарымен таныстырады. Соған қайтарған жауабында Жәкең:

Хатыңды, балам, оқыдым  
Қалыңды білдім сапардан.  
Қуанып соған отырмын,  
Гвардеец атанған.  
Сұраншы, Саурық секілді  
Болыпсың- балам, қаһарман... —

деп, ерлігіне сүйіне отыра:

Есіңде, балам, бар шығар,  
Айтқаным Отан әмірін,  
Шегінбе жаудан, жанды сал,  
Шешілмек содан тағдырың! —

деп, баласына әлі де болса, рух бере түседі. Бұл жырын Жәкең:

Достарыңа сәлем айт!  
Жауларыңды жеңіп қайт! —

деген тілекпен бітіреді.

Жәкең Алғадайды аса жақсы көріп: «өзге балаларым — бір төбе, бұл — бір төбе» деп отыратын еді.

1943 жылдың жазында Жәкеңнің сол аса жақсы көретін ұлы Алғадайдың ерлікпен қазаға ұшырауы туралы хабар келді. Аулына барып, бұл хабарды Жәкеңе Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі бастаған комиссия естіртті.

— Әттең, дүние-ай! — деді ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең, басын көтеріп, — бұл қайғыны қалай көтерем енді?

Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты. Бір жырында ол Кенен мен өзінің әдеби хатшысы Ғалиға мұңын былай деп шағады:

Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарарқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?  
Өлім деген — у екен  
Мендей кәріп адамға.  
Күнде үйімде күңіренем,  
Көзіме жас алам да.

Алғадай майданға аттанғаннан 7 күн кейін әйелі Жәмеш босанып, ұл тауып, Жәкең оның атын Қуаныш қойған. Алғадайдың өліміне бүгіле қайғырған Жәкеңнің бір жұбанышы осы Қуаныш болды. Ол туралы Жәкең былай дейді:

Ал, Қуаныш, Қуаныш,  
Сені етейін жұбаныш.  
Алғадайым өлгелі  
Боп кетіп ем жылағыш.  
«Ата, ата» — деп келсең  
Айналайын, алайын.  
Ақ бетіңнен өпкен соң,  
Жүрегімді жамайын.

«Жамайын» дегенмен, Жәкеңнің қайғыдан жыртылған жүрегі жамалмады. Ол енді құлдырай қартайды: 1944 жылдан бастап, көзі көруден, құлағы естуден қалды. (Сол құлағы ғана әлсіз естіді), кісі сүйемей, төсектен басын көтере алмайтын болды. Ғали Орманов бір барғанға, сондай маңда отырған Жәкең былай деп екі ауыз өлең айтыпты:

Сөндің бе, жарқыраған шам-шырағым?  
Қалдың ба тас бекініп, қос құлағым?  
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,  
Сен болып сөйлетесің жалғыз жағым.  
Қалыппын не болмай өзіме-өзім.  
Әлім жоқ, күш-қайратты етті көзім.  
Балалар, өлгенімше асырай бер,  
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

«Соңғы сөзім» — дегенмен, көңіл көтеріңкі минуттарында Жәкең қарап отырмай, бірлі-жарымды ауыз өлең айта берді. Оның ең соңғы көлемді жыры фашистік Германияның біржола қирап жеңілген 9 май күні шығарылды. Бұл шабарға қуанған Жәкең үйіне жиналған жұртқа ұзақ жыр аңтып, жырда: «Енді өлсем де арман жоқ» — деп аяқтапты. Бұл жырды жазып алар кісі болмағандықтан, сақталмаған.

Жәкең жеңіс тойынан кейін ұзақ жасамады: 1945 жылдың 15 июнь күні сырқаттанып, ауылынан Алматыдағы қазіргі Министрлер Советінің аруханасына кеп түсіп, 22 июнь күні, таңертең, дүниеген біржола қоштасты.

Көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті, Жәкеңнің өлімін түгел азалады. Қазақстан Жазушылар одағының атына СССР, Украина, Белоруссия, Латвия, Литва, Ленинград, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузин, Тәжікстан, Татарстан, Дағыстан, Карело-Фин, тағы басқа совет елдерінен жүздеген көңіл айту телеграммалар келді. Ардақты алып ақының өліміне бүкіл Совет Одағы түгел қайғырды.

---

Январь, 1946 ж.

Жамбылдың 1946 жылы қазақ тілінде шыққан шығармалар жинағына алғысөз.

## МАЯКОВСКИЙМЕН КЕЗДЕСУ

Ол, 1924 жылдың аяғы еді. Москваның «Охотный ряд» аталатын көшесімен Үміт Балқашев екеуіміз келе жатырмыз. Қазіргі «Москва» аталатын 15 этажды тамаша қонақ үйдің орнында ол кезде жапырайған аласа, бір этажды ғана. тақтайдан жасалған лавкалар тұрады, оларда құс, балық, қоян еттері сатылады, сондықтан да көше «Охотный ряд»,— «Аңшылар қатары» аталады. Лавкалардың арасында «Харчевня» аталатын асхана үйлері де бар, ақшасы аз рабфактың студенті Үміт екеуіміз, содан арзан, бірақ тоқшылығы жақсы тамақ ішеміз.

Күндегі дағдымен бүгін де сәскелік ішу үшін «Харчевняға» келе жатсақ, тақтай лавкалардың қабырғаларында күндегідей жаңа афишалар жапсырылып қалыпты. Солардың әрқайсысына бір үңіліп келе жатсақ, бір орында екі афиша қатар тұр; біреуінде: «Бүгін коммунистік академияның актовый залында философиялық диспут болады, онда каузальность (себепкерлік) және теология (құдайшылық) туралы мәселе талқыланады» деген. Ал, бірінде: «Тарихи музейдің клубында әдебиеттік диспут болады, онда Владимир Маяковский өзінің шығармалық әдістері туралы сөйлейді» деген.

— Ал мұның қайсысына барамыз?— дедім мен Үмітке.

— Мен философиялық диспутқа барам,— деді, сол кездің өзінде бүйірі философия жағына бұрып жүретін Үміт.

— Мен, әрине, Маяковскийге барам!

Афиша оқыған күннің кешіне, мерзімді уақытта Тарихи музейге бардым. Дала ол кеште шаңытқан үскірік аязды. Соның ызғары музейдің ішінде де тұр екен. Ол жылдары отынның тапшылығынан жағылмаған музейдің ішіне, далада желді тұман мен көшіп жүрген қыраулы ызғар есік-терезесі жабық музейге қамалып қапты да, тымырсықтана сызданып алыпты. Электрдің де әлсіз кезі, көп адамның демімен суық фоенің іші көмескі сәуле және бу-

— Фоеде дөңгелене жүрген адамның ішінде біреудің біреу тұлғасын ғана көрмесе, жақындамай кім екенін айырып болатын емес.

Жұрт солай жүріп жатты, ауыздары кеңесте. Көп адамның тұтасқан үні араның ұясындай гу-гу етеді. Жақын жүрген адамдардың дыбысына құлақ түрсең, сөйлейтіні — әббәт. Біреулердің аузында — Маяковский. Біреулер қалқылап, біреулер жамандап дегендей, әркімдер-ақ ол туралы керкілдесіп қызыл өңеш боп жүр... Олардың сөзіне бірағанда, Маяковский бұл үйге әлі келмеген сияқты.

Бір кезде, фоенің есік жағынан гармонь дауысы естіледі. Шаңқылдаған ашық дауысты гармонь, орыстың деревнялық бір тамаша әнін желіктіре желпіп келеді... Әлде-сің оған қосыла кетті, әлдекім найзадай өткір ысқырықты да тартып жіберді!.. Бұл дабыстарға қатты әсерленген менің ойым. Москвадан деревняға қарай ұша жөнелді. Гармоньді мен бірінші рет балалық шағымда орыс деревняларынан естігем. Сонда менің басыма «дүниеде бұдан сұлу, бұдан дауысты, бұдан үні тәтті құрал болмайтын шығар» деген ой ұялаған. Расымды айтайын, гармонь даусы менің делебемді әлі күнге дейін музыкалық өзге құралдардан әлдеқайта артық қоздырады!..

Тарихи музейдің есігінен кірген гармонь даусына, оған менің ысқырығын қосушыларға менің ғана делебем қозған жоқ, фоедегі барлық адам көңіл бөле, тоқтай қалды. Көзекі сәулені де, жол ашқан жұртты да қақ жара, үш адам бөле жатыр. Міне, жақындады олар. Сырнай оң қанаттары адамның қолында, оның сол жағында ұзын бойлы біреу, оның сол жағында тапал біреу. Бәрінің де киімі бір түсті: солтарында оң шекелеріне қисайта киген, күнқағары үлкен ала кепка: мойындарында, тек, бір ғана орай сап, бір ұшын оңіріне түсірген қоян жүн қызыл ала шарф; үстерінде алағасыз, жең ұшының жүнін шығара кейін қайырған, етегі етеге жетпейтін, бояусыз ақ шолақ тон; аяқтарында сұр, торекі пима...

— Сырнайшы— Василий Каменский!— деп қалды біреу.

— Ортада Маяковский!..

Сол жақ шетіндегі кіші денеліні Кирсанов деді ғой деймін...

Сырнайлата, өлеңдете, ысқырта олар топты жарып, фоенің сахна жақтағы есігіне кіріп кетті.

— Ол бүгін көңілді екен,— десті біреулер,— диспутқа

мықтап даярланған болу керек және жеңем деген сеніммен келу керек.

— Жұртқа көрсеткен көзі,— деп таласты біреулер. — Бүгін таяқ жерін біліп, ызалы ашумен келген адам бұл, әйтпесе, көпшілік жиналған жерге әндетіп келетін артист пе, күлдіргі ме ғл... Жұрт көзінде көңілді болғансуы, қарсыларына жасаған психологиялық шабуылы...

Кешікпей қоңырау соғылды. Залдың есіктері ашылып, жұрт кіре бастады. Оның да ызғары фоедей, бірақ, көп және үлкен шамды люстра болғандықтан, жарығы айқындау. Тастай суық орындықтарға жұрт отыра бастады. Зал ық толды.

Бір кезде, сахнаға қысқы пальтосы, аяғында пимасы бар, құлақшының қолына ұстаған, жалтыр бас, зор, жуан депелі, шүйделі адам шықты, қасында екі-үш кісі бар.

— Демьян Бедный!— деп күбірлесті қасымдағылар.

Ол жиналысты ашты да, Совет Одағындағы жазушылар жазудың әртүрлі жолында келе жатқанын, көбінің негізгі бағыты бір — коммунизм екенін, совет әдебиетінің шешілмеген мәселелері әлі көп екенін, оларды шешуге бүгінгідей диспуттың жәрдем беретінін айта кеп:

— Сөз, өзінің творчестволық әдісін түсіндіру үшін, ақын Владимир Маяковскийге беріледі,— деді.

Сахна шымылдығының аржағынан Маяковский шықты. Ол сыртқы киімін тастапты, үстінде костюм, шалбарының балақтары пимаға сұғулы, алды көтеріңкі шашын кейін қайырған. Кескінін енді айқын көрдім: ұрты түсіңкі сопақтау бетінде, түйіліңкіреген қабағы қалыңдау, көзінде ашу бар сияқты.

Ол трибунаға көтерілмей, президиум столының зал жағында, биік аяқтарын кең жаза, үлкен табандарын нығарлай баса, ауыр қимылмен, ойлы кескінмен бірер рет ерсілі-қарсылы серги қап, сөйлеп кетті.

— Азаматтар!— деп бастады ол сөзін. Даусы арыстанның гүрілдегеніндей зор екен, зал солқ ете түсті. Бұлай ресми және қатаң дауыспен бастауын ұнатпағандай, залдың кейбір тұсынан күңкіл шыға бастады.

— Мысалы,— деді ол алғысөзінде,— үш кісіні кәсіпшілер одағы шақырса, бірі — Александр Пушкин, екіншісі — Валерий Брюсов, үшіншісі — мен, яғни — Владимир Маяковский.

— Охо!— деп дауыстады, алысырақ отырған біреу.

— Тишш!— деді оған әркімдер.

Біз кәсіпшілер одағына барамыз,— деді Маяковский. оның председатели, ақындардың ең үакені деп Александр Пушкинді қабылдайды. «Халіңіз қалай?»— деп сұрапты председателі Пушкиннен. Пушкин үндемей томсарып тұрып қалады. Сонда председатель «Неге үндемейсіз?» десе, Пушкин сұрауға жауап берудің орнына, былайша, өзінің «Чернь» деген өлеңін оқып кетеді...

Маяковский Пушкин боп, жуан үнін жіңішкертіңкірей, өлеңді оқып берді.

Браво!— деп қол шапалақтасып қалды бір топ адам.

Бұзып оқыды!— десіп қалды біреулер.

Сонан соң,— деді Маяковский «Черньді» оқып берді. — председатель Пушкинге: «Тұрмысыңызға наразы емессіз ғой сіз? Өйткені ретіңіз бар — пәтеріңіз суық болу керек, киім де, тамақ та шағын болу керек... Бірақ, мұның бәрі уақытша қиыншылық. Сізге біз тез арада ренжімейтін, ренжі болатын жағдай жасаймыз. Әзірге бара тұрыңыз!»— деді. Пушкин кетеді. Екінші кезекте Брюсов кіреді. Председатель оған: «Не істеп жатырсыз, Валерий Яковлевич!»— десе, ол өзінің формалистік мына өлеңін оқи бастайды...

Қай өлеңі екені есімде жоқ, Маяковский Брюсовтың бір өлеңін оқи бастағанда, біреулер — «марқұмның аруағына кұлу бұл!» деп, біреулер — «дауыс!» деп, зал қақ жарылып бөліне қалды. Демьян Бедный ұзақ уақыт қоңырау қағып, залдағы гуілді әрең басты.

— Сонан кейін,— деді Маяковский Брюсовтің қысқаша өлеңін оқып шығып,— председатель оған: «Пушкиннің көңілісздігін кінәламаймын, оның социалистік революцияны түсінбеуі мүмкін. Ал, сіздікі не? Коммунист емессіз бе, сіз? Сіздің күйректігіңізді кешіруге болмайды. Тұрмыстан өміртта қалғансыз сіз. Оны білу үшін завод пен фабрикаға барыңыз!» деп шығарып жібереді.

— Тұрпайы сөз!— деп дауыстады біреулер.

— Адал сөз,— деді екіншілер.

— Сонан,— деді Маяковский,— председатель мені шақырады. «Халың қалай?» десе барлық Совет азаматтарының халіндей деймін. «Ол сөзіңді қалай ұғуға болады?» десе, «Социализм құрып жатырмыз, ендеше, жақсы» деймін. «Не жазып жатырсың?» десе, жуырда «Владимир Ильич Ленин» атты поэма бітіргенімді айтам да, былай деп оқи берем! деп Маяковский поэманы оқи жөнелді. Кейін байқасам, поэманың ол үшінші тарауы екен.

Маяковский кім екенін мен сонда ғана толық таныдым. Даусы зорлығының үстіне ол мейлінше оқығыш екен. Одан бұрын да, талай оқығышты көре жүре, мен өлеңді мұндай шебер оқушыны көрген емен. Өлеңді ол аузымен ғана емес, бүкіл бетінің, денесінің қимылымен оқиды екен және оқимылы, кейбір олақ оқығыштардікіндей босқа қимылдау емес, оқып тұрған өлеңінің мазмұнымен сәйкес келетін көркем естілуін толықтандыратын, әрбір өлі сөзге тірі жан бітіретін қимыл. Ал дауысының зорлығы арыстан гүрілдегендей, залды солқылдатады!

«Міне, қайда оқу!» дедім мен ішімнен. «Міне, қайда Маяковский!» дедім мен, ол оқыған поэманың бар сырына түгел түсініп. Оның оқу шеберлігі, дауыс қуаты, сөз мазмұны мені ғана емес, бүкіл залды билеп ап, қашан оқып болғанша, жақтаушылары түгіл қарсылары да дыбыссыз тым-тырыс бола қалды...

Залдың шуы поэма оқылып болғаннан кейін тағы көтерілді. Ол шуды тұтандырып, Маяковский дұрыс сөздерге дұрыс жауап берді де, қисық сөздерге қыңыр жауап берді. Осы сұрау-жауаптың тұсында біреуді біреу тыңдамай, зал у-шу болды да кетті. Председатель қоңырауының оны басуға әлі келмеді. Ақырда дауға кіріскен зал басылмайтын болған соң, Маяковский екі аяғын кергіш қып сахнада тұра қалды да, оң қолынан үш саусағын еріндерінің арасына қыстырып жіберіп, ысқырып кеп қалды. Манағы қатты ысқырық соныкі екен, бұл жолы да залды тесіп жібере жаздады. Өткір ысқырудан зал тына қалған секундта Маяковский:

— Білем, кімнің мені ұнатпайтынын,— деді зілді зор даусымен,— пролетариаттық үнді ұнатпайтындар олар. Бірақ, олар, пролетариаттың үнін өшіре алмайды, кешікпей олардың өз үндері өшеді!..

Зал тағы да ду ете түсті. Біреулер «Браво!» лап, біреулер «Долой!» лап жатыр... Одан әрі-созуға мүмкіндігі жоғын көріп, председатель жиналысты жауып жіберді...

Одан кейін Маяковскийдің зор үні өсе бергенін, мен оның ілгеріде жазылған шығармаларынан көрдім де отырдым және қай кезде жазылған шығармасы болса да ішкі-сыртқы сырын түгел түсіне, көп жағдайда үлгі ала оқыдым.

Маяковскийдің ұлан-байтақ көп еңбектерінен менің әрдайым өте сүйсініп оқып, көп қарайтыным соңғы шығармаларының бірі — «Бар дауыспен». Идеялық және көркем-

ик жағы биік болумен қатар, бұл шығарма маған Маяковскийдің ғана емес, бүкіл пролетариаттың күрес майданында жеңіп шыққан даусы сияқты көрінді. Расында да сондай. Бұл социалистік Ұлы Октябрь революциясының жеңіс даусы. Сондықтан менің әрдайым:

Тоқтат,  
дүние,  
дабырды!  
Не керек  
күңкіл,  
ескі оймен.  
Тыңдайық жаңа дабыл  
Жолдас!  
Маяковскийден?—

дегім кеп тұрады.

---

«Коммунизм таңы» газеті, 13 апрель, 1955 жыл, 74-номер.

## СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ТУРАЛЫ

### 1. СӘКЕНДІ ЕСТУІМ

1919 жылдың басы... Омбы қаласы. Мен Омбыда оқу-дамын...

Ауасында құрғақ қар шаңытқан, желі ызыңдаған, күні құлақтанған, жер беті түксне қырауытқан қызыл шұнақ аязды күндердің біреуінде, ұрпақтары қазіргі Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы, Карл Маркс атындағы совхозда тұратын Шәйгөз-Уақ елінен, Нұрке атты кісі Омбыға келе қалды.

Бексейіт дейтін арбакештің үйіне түскен елдес жолаушының жүріс жайын сұрастырсам, Омбының абақтысында Жұмабай атты баласы тұтқында жатыр екен. 1917 жылы патша өкіметі құлағаннан кейін, Ақмола қаласында Совдеп ұйымдасады, осы жұмысқа белсене қатынасқан адамның біреуі — жас учитель Жұмабай Нуркин екен... 1918 жылдың май айында Совдеп құлап, ұйымдастырушылары абақтыға түскенде, Нуркин де абақтыға алынады, басынан ауыр азап кешірген Нуркин мен жолдастары, сол жылдың күзінде Омбы абақтысына келіп қамалады...

Кешікпей мен Жұмабайды да көрдім. Қасында мылтықты конвойы бар, аяқ-қолы кісендеулі ол, бір күні әкесінің пәтеріне келді. Шарға бойлы, талдырмаш денелі, жасы сол жылы 25-ке ғана шыққанмен, сақал-мұрты дордия өскен адам екен; аштықтың салдарынан, бет-аузы жалқаяқтанған ісік, киімдері далба-дұлба... өзі абақтыда ауырып жатқандарға дәрі-дәрмек әкелу сылтауымен шығыпты...

Осындай халінде, бір смес, бірнеше рет көрген Жұмабайдан замана жайы, Колчак жайы, большевиктер жайы, Қызыл Армия жайы туралы көптеген кеңестер естідім. Тұтқындағы учитель әдебиет мәселесінен де сауатты адам боп шықты. Менің де ептеп өлең жазатынымды көрген Жұмабай, әдебиет мәселесін тереңірек қазбалап отырып, Сәкен Сейфуллинді атап қалды.

Сәкен Жұмабайдың ескі жолдасы екен. Ол екеуі 1912 жылы Омбыдағы учительдер семинариясына бірге түсіп,

1916 жылы бірге бітіріпті де, бұрынғы Ақмола уезіне ученик болып бірге кетіп, февраль революциясы болғанда, Ақмола Совдепін ұйымдастыруға бірге араласыпты. (Жұмабабының айтуынша, Сәкен мен оны большевиктік іске, Омбы семинариясында оқып жүргенде белгілі қарт большевик - Феокист Березовский тартқан), Совдеп құлағанда абақтыға бірге алынып, қазір Омбы абақтысында бірге өмір сүріп екен...

\* \* \*

Әдебиетте де тап-тартысы барын мен бірінші рет Жұмабай Нуркиннен естідім. Осы жайда сөйлеп отырып «қазақта пролетариаттық революцияны бірінші жырлаған жекен Сәкен Сейфуллин деді де, оған дәлел мыналар» деп, бірер өлеңді жатқа айтып берді...

1919 жылдың басында (дәл қай ай екені есімде жоқ), жасырын жұмыста жүрген большевиктер ұйымдастырып, Омбыда жұмысшылар көтерілісі болды. Олар абақтыдағы большевиктерді босатып алды. Жұмабай Нуркинді әкесі емне алып кетті. Колчак көтерілісшілерді қан-жоса кып басты, Абақтыдан босандардың біразы ұсталып қайта салмады... Сонда «Сәкен босана алды ма, жоқ па?.. Босанса сонда кетті, босанбаса не халде?»— деген сұрау менің көңілімде қала берді...

## 2. СӘКЕНМЕН КЕЗДЕСУІМ

1920 жылы Қырғыз (қазақ) автономиялық республикасы құрылып болысымен, оның орталығы — Орынборда «Үшқын» атты газет (кейінгі «Социалистік Қазақстан») шығып, соның со жылғы санында «Абдолла бауырым тірі сен» деген мақала басылды, қол қойған — Сәкен Сейфуллин, Абдолласы бізге белгілі Асылбеков екен. Мақаланың айтуынша, 1919 жылы Омбы жұмысшылары көтеріліс жасап, абақтыдағы большевиктерді босатқанда, дені сау Сәкен қашып үлгіріпті де, ауыр сырқат күйіндегі Асылбеков Абдолла қалып қойыпты... Сәкен Абдолланы «өлдіге» алдырса керек. Сол Абдолласы тірі шығып, Колчакты құлатысып, Қиыр Шығыста жапон интервенттерін жеңісіп, 1920 жылдың аяғында Омбыға қайтып келген!..

Сәкеннің өзі абақтыдан қалай қашып, қайда баруы, оның халыққа белгілі шығармасы «Тар жол, тайғақ кешу» айтылған, сондықтан оған тоқтамай, Сәкенмен алғаш кездесуімді қысқаша ғана баяндайын.

1922 жылдың басы. Қырғызстандық (Қазақстандық) партия ұйымының Орынборда шақырылған екінші конференциясына делегат боп мен де бардым. Бұл қалада қымет атқаратын республика басшыларының әрқайсысын да көргім келеді, солардың ішінде, әсіресе, Сәкен Сейфуллинді көргім келеді, естуімше, ол қазір «Еңбекші қазақ» (бұрынғы «Ұшқын») газетінің алқа мүшелерінің председателі және Қазақстан Халық Комиссарлары Советінің председателі... Мен Сәкенді көруге бұ жағынан емес, ақындық аты естігендіктен құмартам.

Сәкенді алғаш «Деевская 5» аталатын өз пәтерінің алдында көрдім. Орамның бұрышына салынған бұл сәнді ағаш үйдің адресін маған Абдолла Асылбеков берген. Абдоллаға мен, 1921 жылдың мартында жолыққамын да, содан кейін дос боп кеткен. Ол қазір қырғыз (қазақ) облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі,

«Деевская 5-ке» жаңа жетіп, көше жақ есігінің басқышына көтерілуге ыңғайлана бергенімде, әдемі фэтонға жегіліп, екпіндей желген сұлу көк арғымақ мен тұрған есіктің алдына кеп тұрқтай қалды. Фэтонның алдында кучер, артында жалғыз ғана адам отыр. Арттағы адам фэтоннан түсе бергенде, мен түр-тұлғасына таңдана қарап шегіне беріп, қалшия қаттым да қалдым.

Мені екі нәрсе қайран қалдырды: бірі — бұл адамның көңілі, екіншісі — кескін кейпі. Әуелі киімі туралы: басында дөңгелек құндыз бөрік, үстінде құндыз жағалы пальто, аяғында саптамалы қазақы етік. Бұлар менің ол кездегі ұғымымда, тек, буржуйларға ғана тән киім! Бойы ортада, биіктеу, денесі тік, жауырыны кең бұл адамның кескін жобасы қазақ: бірақ әдеттегі қазақтың бірі емес, аса сұлу қазақ; маңдайы кең, мұрны сұлулана біткен дөңес, қырау тұрған імек қасы қалың, ұзын кірпіктерінде қырау тұрған сұлу қара көздері үлкен, қайырған қою ұзын мұртына аппақ боп қалың қырау тұрған, өзі дәл солай ма, әлде аяз сүйден бе, — сұлу бетінде құлпыра қан ойнайды!..

Осы адам фэтоннан түсті де, кучеріне «ал, Мұхаметолла, жүре бер!» деп, мені көрмеген, көрсе де елемеген адам сияқтанып басқышқа көтеріле берді. Оның келуін терезеден көріп тұрғандай, әлдекім тез есік ашты да, сұлу адам үйге кіріп кетті. Қоян құлақшыны, шолақ ақ тоны бар, жұқа өңді қырауытқан сұйық мұртты кучер, сұлу адам үйіне кіре, көк арғымағын бұра берді:

Әйі, жолдас, тоқта! — дедім оған.

Нәрсесі? — деді ол татаршалап, ауыздықпен алыс-  
қашығының божысын тежеп.

Атың кім?

Нәрсеге керек?

Білгім келеді...

Мұхаметолла Бикмаев...

Үйге кірген кім?

Сәкенні білмисіңмі ни? Сейфуллин!..

Бикмаев тарта жөнелді. (Ол, кейін көп жыл шофер болған, қазір қартайып пенсияға шыққан, құрметті Бикмаев). Сәкен осы екен ғой деп ойлады. Бірақ үйіне кір-  
генім: «Советтік» тәкаппарлығым ұстап кетті...

Сәкенмен екінші рет Абдолла Асылбековтың мейман-  
шонадағы номерінде кездестім. Костюмымен ғана отырған  
Сәкенге енді қарасам: кескіні шынында да адамзаттың көр-  
сетімі екен. Қыраусыз қап-қара қалың қасы, қою ұзын мұр-  
та өмі сұлу ажарын ерекше шешіп тұр!.. Томпақ қара көз-  
тері одан да сұлуландыра түсейін дегендей, біреумен сөй-  
лесеңде ұзын кірпіктерін жиілете қағып, көзін бәлкім кү-  
містете, бәлкім ойнақтата қарайды... Күлгенде балуан мой-  
шына біткен әдемі басын шалқайта, ұзын, әдемі тістерін  
көрсете, аздап қана кеңкілдейді, саңқылдамайды. Қап-қара  
шашы толқындана біткен. Әсіресе, маңдай алдының шашы  
сәу жағынан бұйралана қайқайып барып, үйірілген ұшы ке-  
ші қарай қайта жығылады. Денесі таразы, саусақтары  
ұзын... Тал бойына осынша жарасымды біткен мүшелері-  
нің нұқсандысы, — салт жүретін көшпелі елдің ұлы бол-  
саңдықтан жіліншігі бәлкім қотандау (сонысын сездіргісі  
болмай, ешуақытта етік, галифе сияқты тар киімді аяғына  
алдатпайтын еді). Әйел пішінді сұлу еркек те болады екен  
ғой. Сәкен еркек пішінді, бейнелей айтқанда «ер пішінді»  
едім. Жасы со жылы 28-ге ғана толғанмен, кескіні сақа жі-  
гі сияқты...

Амандасып кеңескенге дейін Сәкеннің тал бойында ма-  
ған ұнамағаны — оң жақ білегіне салған, қара алтынмен  
шекейленген сом, бұрамалы күміс білезік пен қайырмалы  
ақ жағаға байлаған қара галстук (коммунист, комсомол бы-  
лай тұрсын, «Советтік» аталатын барлық адамға да галс-  
тук тағу — ол кездегі адамның ұғымында бері салғанда, —  
мещандық», әйтпесе, буржуазиялық салт есептелетін...)

Абдолла қызық кісі еді. Үйінде өз әйелі, қызметкер  
әйел бола тұра, ас су әзірлесуге (ет, нан турасу, ыдыстар-

ды әкелісу, самауыр қою. т. б.) өзі де қатынасатын, Орынбор мейманханасында жалғыз тұратын ол сөрпа суын өзі әзірлейді екен. Сәкен екеуімізді айтылған сағатта жылы шыраймен қарсы алған Абдолла бес-он минуттың ішінде бізді бір-бірімізбен таныстырып та үлгірді. Содан кейін бөлмесіндегі штепсельді пайдаланып, консервадан, колбасадан бізге қонақасы әзірлеуге кірісті.

Сәкен екеуіміз тез шүйіркелесіп кеттік. Абдолланың мәні қысқаша таныстырған сөздерін естіген соң-ақ: «Көңі сол өлеңдерің қайда?» — деді Сәкен маған. Менен алға дәптерді ол үн-түңсіз бастан-аяқ оқып шықты да орнықта сөйлейтін қоңыр дауысымен «енді сөйлесуге болады» деді.

Сол жолғы кеңестен бастап Сәкенмен екеуіміз үздіксіз дос боп, үздіксіз сырласқан, үздіксіз істес болған кісіміз.

Сәкен шынайы достықты құрметтей білуші еді. Екеуіміз өмірдің, әдебиет пен, мәдениеттің түрлі мәселелер жөнінде әрдайым пікір алысып, ақылдасып отыратынбыз. Сәкен әр адамға адал ақыл бере де, өзгенің орынды ақылын ала да білуші еді. Көп жыл айнымас дос, қалтқысы сырлас болған, қымбатты жолдас Сәкен Сейфуллинді бір мақаланың көлемінде, түгел сипаттап шығу мүмкін емес. Бұл мақаланың мақсаты — Сәкенді толық бейнеле емес. оның мінезіндегі, қылығындағы, ісіндегі, жазуындағы кейбір ерекшеліктерді оқушы көпшіліктің алдына елестетіп өту ғана.

### 3. СӘКЕННІҢ МІНЕЗІ, ҚЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Сәкен, ең алдымен өтірік дегенді білмейтін адам еді. Оның досы да, дұшпаны да көп болды. Солардың ешқайсысы да, не бұрын, не қазір Сәкеннің жалған сөйлегенін не көрдік, не естідік демеуге тиісті.

Артық айтсын, кем айтсын, Сәкен үнемі ағынан жарылатын кісі еді. Сонысынан өзі де кейде ұсталып қалатын, жолдастарын да ұстап беретін. Оған бір мысал: 1923 жылы Орынбор қаласында Қазақстан Партия ұйымының үшінші конференциясы өтті, оны өткізуге орталықтан Ярославский жолдас келді. Күн тәртібіне қойылған мәсelenің біреуі, ауылда «Әлеуметтік база» жасау, яғни еңбекші көпшілікті экономикалық жағынан да, идеялық жағынан да ұйымдастырып, тап жауларына қарсы шығару. Осы мәселеге Садуақасов Смағұл қарсы шығып, «база» деген сөзді кейін қарай оқыса «азаб» болады деген «теория»

Садуақасовқа көп адам қарсы болғанда, Асылбеков, Мейдешев, Сейфуллин тағы да біраз адам солқылдақсыз көрсетіп, делегат көпшілігінен таяқ жеді!..

Келер күннің ертеңіне, таң жаңа атып келе жатқан кез, біреу келіп мейманханадағы менің есігімді қақты. Ашсам: Ахтамбековтың әйелі — Бану!.. «Ия, бейсауат уақытта қайдан жүрсіз?» деген сұрауға, «Абдолла жоқ», іздеп жүрсіз, — деді Бану, — кеше іңірде кеткен еді, содан хабарсыз...»

Сол кезде Абдолланың ептеген бозбалашылығы бар екен естуші едім. Банудың сөз әлпетінен байқай қойдым, сонда енді сол күдік тұрған сияқты...

Менің ойымда басқаша бір күдік тұр. Соны анықтамақ боп, тез киініп алдым да, Сәкеннің үйіне барып, есігін қақтым. Ұйқылы көзбен есігін әрең ашқан Сәкен: «Мезгілсіз шақта не қып жүрсің?» — деді маған. Мен жөнімді айтқан соң, «Смағұлдың үйінде болуы мүмкін», — деді Сәкен, бұған менің нанғым келмеді. Соңғы уақытқа дейін Садуақасов Смағұлдың идеялық қарсы адамы болып келген Асылбеков, енді қалайша оның үйіне қонады? — «Мен де айттым соны», — деді Сәкен. — Кеше конференцияда осы да, мен де қате сөйледік. Бүгін сол қателікті мойындамақ деп ем. Абдолла ойланбақ болды. Іңірде Смағұлдың үйіне барып қонып қалуы мүмкін...»

Сәкеннің жорамалы дұрысқа шықты. Бұл қылығына қатты ұялған Абдолла, пікірлес жолдастарын жинап ап, конференция атына қателік мойындаған хат жазды да, «он адамның хаты» деген документ конференцияның сол күнгі мәжілісінде оқылды. Сонан кейін қалжыңдағанда «Сәкен ұстап берді» дейтін еді Абдолла..

Сәкен өсек айтуды да білмейтін кісі еді. Оның біреуді біреуге шағыстырғанын, немесе, біреуді сырттан кінәлағанын естіген де, көрген де кісі жоқ. Не айтқысы келсе де, ол бетіне айтатын. Көлгірсу, жалпақтау дегенді білмейтін, өсекшінің мінін тура бетіне басатын...

Бір көрме кісіге Сәкен тәкаппар сияқтанатын еді. Кейбіреуге сөйтетіні рас та болатын. Үлкенсуді ол қатты ұнатпайтын, егер біреуден ондай мінез сезсе, я ұнатпайтын біреуі болса, кекірейе қалатын.

Ұнатпайтын адамымен Сәкен сөйлеспейтін, араласпайтын, ұнататынына да сирек араласатын, қыдыруды жек көретін. Өзі ұнататын біреумен кездесе қалса, ұзақ мәжілістесуді жақсы көретін. Ондай шақта байсалды кеңес

қозғауды ұнатпай, әзіл, қалжың, сауық сияқты көңіл көтерерлік істермен ғана отыратын. Сәкен өз жанынан әңгіме айтуға шорқақ болатын. Ол, тек қысқа күлкілі кеңесті ғана айтатын. Сөзге шешен емес те. Ауызша әңгімелері ұрт, доғал, кесек келетін, бірақ, сондай сөздері өте тапқыр, өткір болатын. Тым әдемі сөйлегенді жаратпайтын, қарапайым, мағынасы ашық сөзді жақсы көретін.

Сәкен музыканы, әнді өте сүйші еді. Домбыраны бірсыдырғы әдемі, ықылас қоя тартатын, ондай шақта сөз сөйлеуді жек көретін. Өзі ән айтпайтын Сәкен, ән айтушыларды қошаметтеп, көтермелеп, кейде өзі ыңырси қосылып кететін, мәжілісінің көбі ән, күй, думанмен өтетін. Сәкеннің ең жақын досының бірі — Әлкей Өтекин еді. Сауаты шағын, серілеу бұл көркем жігітті Сәкен әдемі әндері үшін ғана сүйетін.

Сәкеннің кейде ән-күйге ерекше балқып кететіні де болушы еді. 1934 жылы, Москвада оқып жүріп, Алматыға канікулға келдім. Сәкен мені үйіне қонаққа шақырды. Барсам: белгілі домбырашы Хасенов Әбікен отыр екен. Бұрын көрмеген бұл кісіні Сәкен «Арқаның атақты домбырашысы» деп таныстырды да, біраз күйлер ойналғаннан кейін, «Саржайлауды орында» деп өтінді. Әдемі орындалған күйге балқып отырып, Сәкенге қарасам: үлкен қара көзінде жас мөлдіреп тұр екен, менен ыңғайсызданғандай, жасын бармағыммен сілкіп жіберді де, «Тоқта деген кісі жер ауып жүріп шығарған екен бұл күйді. Осы күй ойналса, Колчактан қашып жүрген таршылық күндерім есіме түседі», — деді.

Сәкен ешкіммен де ілезде достаса қоймайтын. Достаса қалғандай болса біржола берілетін. Мысалы, Омбы, семинариясында Сәкенмен бірге оқыған Әбілғазы Нұрсейітов деген жігіт болды. Талдырмаш, кішірек бойлы, бұйра шашты, еврей кескінді бұл жігітті Сәкен де, оның жақын жолдастары да қалжыңдап «Криштейн» деп атаушы еді. Қазақстанның «орынборлық дәуір» аталатын жылдарында сол Криштейн Сәкеннің үйінде тұрып, үнемі бірге жүруші еді, ұзынды-қысқалы ол екеуін жұрт «пат-паташанок» деп күлуші еді.

Сәкен аса бала жанды адам еді. Үлкендерге «кісі киіктеу» ол, бала көрсе, жанаса, жұғыса кететін. Туған інісі Мәжиттің жирен шашты балаларын емірене құшақтап отырғанын талай көрдік. Өзі де, інісі де қара шашты Сәкен, «немерелерінің жирен шаштығын арғы аталары-

«... тартқан» деп түсіндіретін, 1936 жылы өзінен Аян өмірін ұла туып, сондағы қуанышын маған ұзақ хат қып жазғаны бар. 1937 жылдың көктемінде туған ұлымның өмірін мен Ботажан деп қойдым: Содан кейін біздің үйге бір келгенінде, жас нәрестені алдына алып отырып, «атыңның есімі» деді Сәкен. Мен «Ботажан» дегенде Сәкен күліп, — «Бұлаужан» деп неге қоймадың?» — деді... Баланы Сәкен өскенше еді де, сүймеуші еді. «Неге?» десең, «өмірде кісі үшін көрген жоқпын» дейтін.

Әйелді ше? — Оны да...

Сәкен аса тазалықты жақсы көретін. Біреудің үйіне барып отырып барайын демеймін-ау, шақырусыз барсам, жиырма кезіне ұшыраспай, былығып жатқанын көріп, екінші рет ол үйге баруым қиын» — дейтін. Әдемі нәрсені Сәкен жақсы көруші еді. Советтік құрылыстың алғашқы кезінде Финанс наркомы болған Сокольниковтың әйелі, балмал жазушы Галина Серебрякова, 1933 жылы Сәкенді Москвада үйіне қонаққа шақырып, әдемі қобдиша сыйлады. Сол үйден шыға бере Сәкен қағазға ораған қобдишаны ашып толыққан айдың сәулесіне тосты да, «осындай көркем нәрсені ұстаған әйелдің саусағына қол тию қандай рахат!» — деді. Сәкен сол сияқты сәнді нәрсені көбірек жинауға тырысатын еді...

Асты Сәкен таңдап, дәмдісін ғана ішетін, тыңқия тоюға ұнатпайтын, сыза ғана ауқаттанатын. Жолға шыққанда, оның неше сомға қонақ қылсаң, артық кемі жоқ, о да сонша сомға қонақ жасайтын. Үйіне қонақты өте сирек шақыратын, егер шақырса, ықылық ата тойдырмай шығармайтын. Ақ арақ, коньяк сияқты күшті ішімдікті татпайтын, Кавказдық жеңіл шараптардан аздап қана ұрттап отыратын, мәжілісте біреу мас болғанын көрсе — шығып кететін.

Сәкен аса уәдешіл болатын, уәделі ісін бұлжытпай кезінде орындайтын. Екі сөзді айтпайтын. Әсіресе, партиялық тәртіпке мұқият болатын. 1925 жылы, Қызылордада бір айдың партияға мүшелік жарнасын төлеуді Сәкен ұмытып кетіпті. Осы жайды ячейканың секретары Амангали Сегізбаев ескерткен екен, қатты ұялған Сәкен кешірім сұрап арыз жазыпты. Осы арыз партиялық жиналыста оқылғанда, Сәкеннің терлеп-тепшіп отыра алмағаны күні бүгінге дейін көз алдымда. Партиялық жиналыстан қалмай, белсене қатынасатын Сәкен, былайғы жиналысқа аса салақ еді. Әдебиетте, немесе басқа мәселелер жөнінен

айтыс-тартысқа ол сирек қатынасатын, қатынасқан жиналыстардың көбінде, егер біреу қытығына тимесе сөйлемейтін. Жазбаша болмаса, ауызша айтысқа шорқақ болатын. Адал сынға ашуланбайтын, арам сынның біразына жауап бермейтін...

#### 4. СӘКЕННІҢ ЖАЗУШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Бұл мақалада Сәкеннің қаламынан туған шығармаларды шолу пікірінен аулақпын. Оған бір себеп, 1936 жылы Сәкеннің жасы қырыққа, әдебиеттік қызметі жиырма жылға толуына байланысты жазған ұзақ мақалам, сол кезде баспасөз бетінде орысша, қазақша жариялануы болса екінші себеп — көркем әдебиеттің барлық жанрында да қалам тебіrentкен қайраткердің еңбектерін тағы да шолуға бұл мақаладағы орынның тарлығы, сондықтан, тек, үш мәселеге ғана қысқаша тоқталуды мақұл көрем.

Бірінші, Сәкеннің қазақ поэзиясындағы орны. Автобиографиялық материалдарына қарағанда, Сәкен өлеңді бала жігіт шағынан жаза бастаған сияқты. Оның алғашқы өлеңдер жинағы «Өткен күндер» деген атпен 1915 жылы шықты. Одан кейінгі жинағы — 1922 жылы жарияланған «Асау тұлпар», содан кейін жалғаса жарияланған өлеңдерін, поэмаларын тұтас алғанда, толық екі томдық кітап.

Идеялық жағынан алғанда Сәкеннің революцияға дейінгі өлеңдері, 1905 жылғы революциядан кейін қазақ поэзиясында белең алған «мелләтті ояту», ескіліктің кемкетігін сынау, жастарды оқу-білімге шақыру төңірегінен аспайды.

Октябрь революциясының дауылы зердесіне жаңа большевиктік ой-сана құйған Сәкен, «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» сарынынан, «нашарларға болысып, күштілер бетін қайыру, тырнағына алардың езілгенді айыру» сарынына ауысады, бұл идеяны сөзде ғана емес, істе де жүзеге асырып Совет өкіметін құруға белсене қатынасқан Сәкен, 1918 жылы ақтар перевороты боп тұтқынға алынғанда революциялық, советтік тақырыпта жазған біраз өлеңін жаулар жойып жіберді.

Қазақ совет әдебиетінде, кейін жазған кейбір шығармасын ілгеріде жазып едім дейтіндерді білеміз. Шыншыл Сәкен ондай өтірікке барған емес. Революцияға арналған көп өлеңі жау қолынан жойылуына өкінішін айта отыра, «енді соларды тірілтуге болмай ма?» деген сұрауға, ол:

Әрине болады, бірақ, ол, 1917—18 жылдардағы Сәкен жазған шығарма болмайды, кейін, сана-сезім өсіңкіреген Сәкен жазған шығарма болады, оның аты,— жалған жұмысқа бару болады» — дейтін. Белгілі дәуірде, белгілі өлең-санадан туған шығарманы, кейінгі дәуірге сәйкестеп өлмертуді Сәкен ұнатпайтын. Оған бір мысал «Асау тұлпарға» кірген «Бабаларыма» деген өлең. Өзіңіз коммунист бола тұрып, құдайға сиынатын бұл өлеңді неге жарияладыңыз» деген сұрауға, Сәкен «ол жылы революциялық жолға түскеніммен, ескілік ұғымынан да арылып болмағанымды көрсету үшін жарияладым» деп жауап беретін еді.

Сәкеннен сақталған өлеңдерде, революциялық сарын, 1917 жылы «Кел жігіттер!» деген атпен жазылған шығармадан басталады. Бұл, бүкіл қазақ әдебиетінде Октябрь революциясына қосылған бірінші үн. Осыдан басталған Октябрь ұранын, 1919 жылы «Кедей сөзі» газетінде Байтағамбет Ізтөлин жариялаған «Бостандық» атты өлеңге дейін, қазақ поэзиясында, жалғыз Сәкен Сейфуллин ғана шақырып, пролетарлық революцияның жеңімпаз қарқынын көрсететін көптеген өлең жазды. Сондықтан да Сәкенді «Қазақ совет әдебиетін қалаушылардың бірі ғана» деу тарихқа қиянат жасау. Ол: «бірі — болар еді, егер Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің алғашқы іргесін онымен қатар қаласқан тағы да біреулер болса. Іргесі 1917 жылдардан бастап қаланған қазақ совет әдебиетінде, 1919 жылға дейін Сәкеннен басқа, Советтік яғни пролетарлық тұрғыдан шығарма жазған бір де адам болған жоқ. Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің іргесін алғашқы үш жылда қалаған басқа адам болмаса, оны жалғыз Сәкен ғана қаласа, Сәкенді «көптің бірі» деу қиянат. Ол, «Қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі» ғана емес, бірден-бір өзі. Бұл тұрғыдан алғанда, Сәкен қазақ совет әдебиетінің Маяковскийі ғана емес, Максим Горькийі, яғни қазақ совет әдебиетінің өркендетушісі ғана емес, оны бастаушы.

Кейде, әдебиетте, алғашқы қызу қарқыннан суып қалатын да адамдар болады. Сәкен өйтпеген кісі. Әдебиет майданында отыз жылға созылған қайраткерлік ісінде, кейбір шығармаларында елеулі қателіктер, кемшіліктер жібере жүре Сәкеннің социалистік құрылыс істеріне қаламымен үздіксіз, әрі белсене жауап бермеген күні жоқ. Сондықтан ол, революционер ақын ғана емес, құрылысшы да ақын.

Сәкен өлеңдерінің поэтикалық өзгешеліктеріне де көп сөздер арнауға болар еді, оған бұл мақалада орын жоқ. Қысқа түрде ғана айтарымыз: қазақ поэзиясының мазмұнына революция жасаған Сәкен, дәл осындай революцияны оның лексикасы мен түрін де жасады. Оған көп мысалдың біреуі — «Советстан» поэмасы. Егер, біз Владимир Маяковскийдің «Левый марш», «Приказ по армию искусство», «Владимир Ильич Ленин» сияқты шығармаларын «жержүзілік поэзияда болған да емес және қайталанбақ та емес» десек, «Советстан» туралы да соны айтамыз. Октябрь Революциясының дауылы қазақтың кең даласында тудырған бұл тамаша тау, сол әдемі қалпында мәңгілік сақталуына сеніміміз берік. Сәкен поэзиясында ондай шығармалар толып жатыр.

Екінші, Сәкеннің қазақ прозасындағы орны. Алдын ала айта кетуіміз қажет, Сәкен көркем прозада поэзиядағыдай шебер болмады. Ол жазған повестер мен әңгімелерде сюжеттік, композициялық, стилистикалық, сөздік жағынан олпы-солпылары болады. Дегенмен, Сәкеннің қаламынан туған прозалық шығармалардың жалпы қазақ прозасында ерекше бір орны бар. Енді соған қысқаша тоқтайлық.

Ең алдымен «Тар жол, тайғақ кешу» туралы. Кейін қалың кітап боп жарияланған бұл шығарманы Сәкен 1920 жылы Орынборға келе қолға алды да, 1923 жылдан бастап, сол кезде Орынборда шығатын «Қызыл Қазақстан» журналында жариялауға кірісті. Түр жағынан бұл, мемуарлық шығармалардың тобына қосылды. Бұл тұрғыдан «Тар жол, тайғақ кешу» жалпы қазақ әдебиетіндегі бірінші шығарма.

«Тар жол, тайғақ кешудің» бағасы мұнда ғана емес. Ол, бүкіл қазақ әдебиетінде, Ұлы Октябрь социалистік революциясын, оған қазақ еңбекшілерінің, еңбекші интеллигенциясының белсене қатынасуын, Октябрь революциясын ұйымдастыру, басқару жолында Коммунистік партияның ролін, ұлы Лениннің ролін, орыс пролетариатының ролін, коммунизм негізінде құрылған халықтар достығын бірінші рет сипаттаған, ленинизм тұрғысынан сипаттаған шығарма, «Тар жол, тайғақ кешу», тек көркем шығарма ғана емес, ол — қазақ еліндегі тап тартысын Октябрь революциясының жеңісі мен жемісін көрсететін саяси, тарихи мәні зор кесек документ. Бұл жағынан, қазақ прозасында бұған дейін тең келетін шығарма жоқ.

Қазақ әдебиетінде әзірге аз болғанымен, мемуарлық өмір мәдениетті әдебиеттерден кең орын алады. Бірақ, бұл жанрлардай, бұл жанрда да осал, орташа, күшті шығармалар туып жатады. Мысалы, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде мемуарлық жанрдың ең биік өркеші — Гершеннің «Өткен күндер мен ойлар». Бұл шығармадан, біз, сол ғасырдың орта тұсындағы орыс қауымының, оның алдыңғы қатардағы адамдарының жарқын бейнесін көреміз.

«Тар жол, тайғақ кешу» — қазақ әдебиетіндегі тарихтық, көркемдік орны, «Өткендер мен ойлар» дәрежесінде. Айырмасы — екі шығарманың дәуірі соған сәйкес, идеясы ғана басқа, әйтпесе, халық мәдениетіндегі орны бірдей. Мазмұны сондай құнды «Тар жол, тайғақ кешудің» жазылуы шөбер, сондықтан, оқылуы аса қызғылықты.

Сәкеннің прозалық өзге шығармаларынан, «Жер қазындар» повесіне ерекше тоқтау қажет. Көркемдік жағынан оншалық күшті шықпаған бұл повестің мазмұны жағынан ерекше құны қазақ әдебиетінде, қазақ жұмысшыларының тұрмысын, ой-сапасының өркендеуін, революцияға, Совет өкіметін орнатуға қатынасуын көрсететін бірінші шығарма.

Мақаладағы орынның тарлығынан, Сәкеннің прозалық өзге шығармаларына біз тоқтамаймыз. Тек қана, алапылап айтарымыз, прозалық шығармаларында да Сәкен халықтың өмірімен, Октябрь революциясымен, Советтік құрылыспен аса тығыз байланысты.

Үшінші, Сәкеннің қазақ драматургиясындағы орны, Сәкен екі-ақ пьеса жазған кісі: бірі — «Бақыт жолында» — 1917 жылдың ноябрь, декабрінде жазылып, 1918 жылдың басында Ақмола қаласының жастары сахнада ойнап көрсеткен; екіншісі — «Қызыл сұңқарлар» — 1922 жылы жазылып, қазақ театрларының көбінде ойналып жүрді.

Жақында Әуезов Мұхтардың 60 жасқа толуына байланысты жазылған мақалада, біз оның «Еңлік — Кебегін» (1922 жылы басылған) уақыт жағынан, қазақ драматургиясында бірінші шығарма деген едік.

«Бақыт жолынданың одан кейін қолға түскен кітабына (1922 жылы бастаған) қарасақ, ол «Еңлік — Кебектен» бір мезгілде жазылған пьеса екен.

Көркемдік жағынан «Еңлік — Кебек» «Бақыт жолындадан» күшті. Ал, идеялық жағынан алғанда, «Еңлік — Кебектен» «Бақыт жолында» құндырақ. «Бақыт жолынданың» оқиғасы 1916 жылдан басталып, сол кездегі бо-

лыстың, бидің, молданың халыққа, әсіресе әйелдерге көрсететін қорлығын сипаттады. Оқиға Октябрь революциясының жасалуы, халық бостандығына, әйел бостандығына жол ашылуын ауылдың да естіп қуануымен бітеді. Бұл пьесада революцияның жаңғырығы бар да, өзі жоқ. Дегенмен, Октябрь революциясынан кейін ғана туған қазақ драматургиясында, сол революция туралы бірінші сөз айтқан пьеса осы.

Одан кейін жазылған «Қызыл сұңқарлар» тура Октябрь революциясына, оны жер-жерде іске асырушы ерлердің қимылына арналған. «Бақыт жолындағы» жаңашыл учитель, бірақ, діншіл Ермек «Қызыл сұңқарларда» шын мағынасындағы революционер большевик Еркебұланға айналып кетеді. Қорыта айтқанда, қазақ драматургиясында Октябрь революциясының жолындағы күрес пен жеңісті «Қызыл сұңқарлардан» бұрын сипаттаған және бірсыдырғы көркем сипаттаған пьеса болған жоқ, сондықтан да ол қазақ драматургиясындағы «Тар жол, тайғақ кешу», Октябрь революциясының әрбір жақсы толған шағында, оның күресі мен жеңісін көзге елестету үшін, қазақ театрларына осы пьеса көрсетіліп келеді...

## 5. СӘКЕННІҢ БАСҚА ЕҢБЕКТЕРІ ЖАЙЫНДА

Сәкен көркем шығарма жазумен ғана шұғылданған адам емес. Ол — қазақ совет әдебиетінде журналистика қызметін де өзгелерден бұрын бастап, бұл жүйеде де тыңнан жол тартқан кісі. Октябрь революциясының ізін шала, 1917 жылы, Ақмола қаласында, жергілікті Совдептің тілі боп, «Тіршілік» атты газеті шығады, соның редакторы Сәкен болады. Бұл бүкіл қазақ даласында, қазақ тілінде тұңғыш шыққан большевиктік баспасөз.

Қазақстанда Совет өкіметі орнап, қазақ автономиялы республикасы құрылғаннан кейін, Сәкен республикада шыққан басқарушы газет «Еңбекші қазақта» бірнеше жыл редактор болып қызмет атқарды. «Тіршіліктен» бастап Сәкен Совет Одағындағы қазақша және орысша шығып тұратын газет-журналдардың бетінде саяси, ғылымдық, әдебиеттік тақырыптарға көптеген мақалалар жазды. Кейінірек, көркем әдебиетті зерттеумен көбірек шұғылданған Сәкеннің қаламынан «Ескі әдебиет нұсқалары», «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты монографиялық қалың еңбектер туды.

Осы еңбектерінің бәрінде де ол марксизм-ленинизм ғылымының жақтаушысы да, насихаттаушысы да еді.

Сәкен көркем әдебиеттің бұрынды-соңды жайларын біртүгелмен ғана қанағаттанбай, осы мәселеде кадрлар даярлауымен де қатты шұғылданды. 1928—37 жылдардың аралығында, ол, әуелде, Ташкендегі педагогика институтында, одан кейін Қазақстан Мемлекеттік Университетінде, қазақ әдебиетінің тарихынан лекция оқыды. Осы оқу орындарынан білім және тәрбие алып шыққан көптеген әдебиетшілер мен жазушылар, Сәкенді күні бүгінге дейін аса жылы сөзбен еске алады.

Қазақ совет әдебиетінің жас кадрларын өсіру, ұйымдастыру ісінде де Сәкеннің еңбегі өзгемізден ерекше. 1925 жылы отауын көтерген Қазақ Совет Жазушылар одағының алғашқы керегесін жайып, алғашқы уығын шаңырағына бірінші болып шанышқан адам — Сәкен Сейфуллин. Бұл отаудың іші-сыртын асылдандыру, әшекейлендіру ісінде де Сәкеннің еңбегі зор.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда аталған талассыз фактылардан көзімізге айқын көрінетін нәрсе, қазақ совет әдебиетінің алғашқы негізін қалаған Сәкен Сейфуллин, барлық жанрада да елеулі еңбек көрсетіп, бәрінің де алғашқы бұлжымас берік қадасын қатып берді. Сондықтан да ол, қайталап айтқанда, қазақ совет әдебиетінде, оның бірден-бір негізін қалаушы адам және ол, атаалған әдебиеттің негізін ғана қалап қойған кісі емес, оның барлық жанрада өркендеуіне, өмірі таусылғанша, өлмесіне ат салысқан адам.

Октябрь революциясынан туган большевик ақын — Сәкеннің, қазақтың социалистік мәдениетін, оның ішінде әдебиетін жасауда еңбегі аса зор. Ол — қазақ совет әдебиетінің атасы.

«Қазақ әдебиеті» газеті, 1957 жыл, 22 ноябрь, №47.

## БАЙМАҒАМБЕТ ЗТУЛИН ТУРАЛЫ

Биыл біз бүкіл дүние жүзіндегі еңбекші адам баласына бақыт кілтін ашқан Социалистік Ұлы Октябрь революциясының қырық жасқа толу мерекесін зор қуанышпен тойлағалы отырмыз. Осы ұлы тойдың үстінде, революцияның қолынан жасасқан, социалистік құрылыстың іргесін қолынан қаласып, сәулетті сарайын қолынан құрысқан ерлермізді біз аса зор құрметпен атаймыз. Бұл ерлердің бізбен бірге жасасып келе жатқандары да бар, күрес іс үстінде қазаға, кейбіреулерінің ауыр қазаға ұшырағандары да бар, солардың бірі — Баймағамбет Қанапияұлы Зтулин<sup>1</sup>.

Оның кім екенін баяндаудан бұрып, Қызылжарда (Петропавл), советтік құрылыстың алғашқы жылдарында, ояздық партия комитеті мен ояздық ревкомның органи болып шыққан «Мир труда» газетінің 1921 жылы, 20 апрельдегі 81 санында басылған төмендегідей қайғылы хабарды еске түсіре кетейік.

«Тағы да бір үлкен қазаға ұшырадық!

Колчактан қалған ақбандыларға қарсы күресте Россия Коммунист (большевиктер) партиясының мүшесі, ұлты қазақ Баймағамбет Зтулин ерлікпен аянышты қазаға ұшырады!..

Ол Федоров ауданындағы (бұрынғы Петропавл уезі С. М.) оқу бөлімінің нұсқаушысы еді!..

Аса сезімтал, заманына үн қосқыш ол революциялық қызу істердің қалың ортасында қайнап жүрді де, ғасырлар бойы надандық тұманы тұншықтырған туған елі — қазақты оятып, білімнің жарық сәулесіне жетектеді!

Оның жарқын болашағымызға бастап шақырған ұраны мен осы жәйда айтатын әңгімелері халқының ыстық жүрегінен мәңгілік орын алды.

---

<sup>1</sup>Ізтөле — Баймағамбеттің ұлы атасы. Фамилиясын содан алған Баймағамбет қол қойғанда, «Ізтөлин» деп емес, «Зтулин» деп жазатын. Біз де солайша қолданамыз.

Жолдас Этулин бала шағынан қызуы лапылдаған өлеңдер жазған дарынды ақын еді. Жылы лепті өлеңдерін оқығанын қараңғылықтан жарыққа бастауға арнады.

Жолдас Этулин енді біздің арамызда жоқ!.. Миллиондаған қазақ халқы енді газеттерінің бетінен жас ақын Баймағамбет Этулиннің өлеңдерін оқымайды!..

Үйықта, қымбатты жолдас!

Сенің өлеңдерің қабырыңды мәңгілік есте сақтатады, пролетариат сенің атыңды өз тарихының бетіне жазады!..»

Бұдан отыз алты жыл бұрын орыс тілінде жарияланған күршіен дәлме-дәл аударылған бұл мақаладан Баймағамбет Этулиннің кім екендігі айқын көрініп тұр. Оның қазасын еліміздің қатты қайғыра жазуында үлкен себеп бар. Баймағамбет Коммунистік партияға адал мүше болудың үстіне, советтік құрылыс ісіне белсене қатынасып жүрген қыршын жас шағында аянышты қазаға ұшырауының үстіне, қазақ советіетінде Октябрь революциясы туралы бірінші сөз айтқан адамдардың бірі еді.

1920 жылдың басында, Омбыда Совет өкіметі құрыла баста қазақ тілінде «Кедей сөзі»<sup>1</sup> атты газет шықты. Сол газеттің алғашқы сандарының бірінде Баймағамбеттің пролетариятық революцияны, еңбекші халықтың бостандығын, советтік құрылысты шалқп жырлаған өлеңі жарияланды. Бұл өлең қазақ совет әдебиетінің «әлібі» мен «биіне» жататын, өзінің кең арналы өзенге айналған әдебиетіміздің алдын басқан берген қайнар бұлағының тасты жарып шыққан алғашқы тамшысына есептелетін шығарма.

Осы сияқты болашағы зор ақынның қыршын шағында қазаға ұшырауы, әрине, аянышты. Оның қазасына «Мир труда» газетінің ерекше қынжылып қайғырған себебі де сондықтан.

Біз әлі халқымыздың өткен өміріндегі қымбат оқиғаларының бәрін түгел зерттеп болған жоқпыз, көп қымбаттарымыз әлі бізден тиісті бағасын алған жоқ. Сондай, зерттелмеген қымбатымыздың бірі — Баймағамбет Этулиннің өмірі мен ақындық қызметі. Бұл мәселеге әдебиетшілеріміз тек соңғы кезде ғана көңіл бөліп, Баймағамбеттен сақталған әдебиеттік мұраларды ауыздарына ала бастады. Бірақ бұл жайда баспасөзде жарияланған деректер әлі өте аз, сондықтан, Баймағамбетті тануда халқымызға да, әдебиетшіле-

<sup>1</sup> Жылға жақын шығып тұрған бұл газет қатеден «Еңбек туы» аталып жүр.

рімізге де жәрдемдесу мақсатымен оның өмірі, әдебиетті қызметі туралы көрген-білгенімізді Октябрь революциясының қырық жылдығына байланысты қысқа түрде болса да айтып беруді мақұл көрдік.

## I

Баймағамбет (Баймухаммед) Қанапияұлы Этулин қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы, «Украина» атты жаңа совхозға қарайтын «Шәліңке» ағашының қойнауында 1899 жылы<sup>1</sup> туады. Руы — Уақ, оның ішіне де — Бұйдалы. Ақын біраз шығармаларын «Бұйдалы» деген лақап атпен жазатын еді.

Қанапия орта дәулетті болған адам. Преснов ауданындағы «Киров» колхозына 1929 жылы мүше болған ол, 1946 жылы 72 жасында қайтты, әйелі — Кесте (Баймағамбеттің шешесі) 1954 жылы, 75 жасында қайтты. Баймағамбет осы екеуінің тұңғышы. Одан кейінгі — Бимақтан, Сейіт, Сұлтан атты балалары туған жеріндегі колхозда әртүрлі қызмет атқарып келеді.

Қанапия сұңғақ бойлы, зор денелі, ақ бұжыр кескінді, үлкен шағыр көзді, сарғылттау, сирек сақал-мұртты, қоңқақ мұрынды кісі еді. Түр-тұлға жағынан Баймағамбет әкесіне ұқсайтын. Айырмасы тек шалқақтау келген Қанапияның беті сүйектілеу еді де, еңкектеу келген Баймағамбеттің беті қушықтау болатын. Баймағамбет орыс кескінді жігіт еді, сондықтан, сөйлегенде болмаса, қазақ екенін білу қиын да.

«Шәліңке» аталатын жеті-сегіз үйлі ауылда, Қанапиямен немере — Құлыбай атты молда болды. Әлдекімен қадімше оқып «түркіше» ғана хат таныған ол өз туғандарының және маңайдағы ауылдардың балаларының «тілін сындыруды» кәсіп еткен. Қанапия Баймағамбетті алғаш сол молдаға оқуға береді. Ол кездің өзге молдаларындай, Құлыбай да балаларға аса қатал боп, «оқу ұқпағандардың» тілдерін орамалмен бұрап, арқаларын жас шыбықпен тілгілейтін болған. Кейде еске алғанда, «алты жыл алдында тізерлеп отырғанмен, есімде ащы таяғынан басқа түгі де қалған жоқ» дейтін еді Баймағамбет.

---

<sup>1</sup>Бұрынғы мәліметтерде «1898 жылы туған» боп жазылатын еді, кейін анықталған мәліметте 1899 жылы туған.

Бойыма оқу сіңбегенмен, діні қатты сіңді,— дейтін еді Баймағамбет бертін, дүниелік оқудың «дәмін татып,— атеистік пікірге келген шағында, «балалық кезде мен оразамша намазшы болдым» дейтін еді.

Жасөспірім шағында жазған «Жан ашуы», «Он алтыншы жыл» сияқты өлеңдерінде тәңіріге сыйынуларына ол «Құлыбай молдадан алған тәрбиемнің эсері» депті еді.

Баймағамбет он төрт жасқа шыққан жылы жақын жердегі Құрымсы аталатын ауылға Уфа қаласындағы Медиресе мектебіне бітіріп Сейіткерей Мағазов дейтін башқұрт мұғаліміне келеді. Ол жәдит<sup>1</sup> бағытындағы мұғалім болады. Ешбір білімі жоқ қадым<sup>2</sup> оқуынан қажыған жұрт жәдит оқып пайдалы жаңалық көріп, балаларын соған бере бастады. Бұл оқуға Баймағамбет те түсіп, ғылымға негізделген сабақты тез меңгереді. Отыз шақты шәкірттің алды болады. Орта дәулетті болғанмен, Қанапия тиынның мөріне қарағыш сараң кісі екен. Бөтен ауылға барып оқыған балағана ол жөндеп жәрдем бермей, тамақтан, киімнен зарықтарып ұстайды.

— Сонда да оқуды тастамадым,— дейтін еді Баймағамбет.— тамақтан қарным ашқанмен, сабақтан тойындым, ғылымды оқған сабақты аш-жалаңаш болсам да тастамадым.

Бірақ Баймағамбет ұзақ оқи алмайды. Кездейсоқ бір оқидғаның (не екені кейін айтылады) кесірінен Сейіткерейді шіліккен біреулер «солдаттан қашып жүр» деп өкімет орындарына көрсетіп, 1915 жылы урядник ұстап әкетеді де, қысы жүріп жатқан бірінші имперналистік соғыстың майданына жөнелтеді.

Ғылымдық оқудың дәмін бір жыл ғана татып, білімге үдіккен өзегін еркін жалғай алмаған Баймағамбет Сейіткерейден кейін тағы да оқу іздейді. Маңайда ондай оқу болмайды. Алысқа кетуге сараң әкесі қаражат бермейді. Сөйтіп жүргенде, 1914 жылдың дүрбелеңі басталып кетеді. Баймағамбет ол жылы он жетіде еді. Майданға он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы жігіттер шақырылады. Сол тізімге Баймағамбет те ілігеді.

— Неге олай болған?— деген сұрауға:

— Жасым жетпегенмен, бойымның жеткеніне қараған

<sup>1</sup> Дін мен ғылымды қабыстыратын буржуазиялық бағыт.

<sup>2</sup> Мұсылмандық оқудың ғылымға қарсы ескі бағыты.

болар,— деп қалжыңды жауап беретін еді Баймағамбет.— Біздің тұқымның бойы арғымақтау гой. Сол жылы мен де сорайған ұп-ұзын жігіт ем.

Баймағамбет елінің мобилизацияға іліккен жігіттері майданға жіберілмей, үкіметтің жергілікті жұмыстарына орналасады. Сол кезде Баймағамбет әкесі арқылы ебін тауып қара жұмыстан құтылады да, Пресногорьковка станциясында орысша жетіжылдық мектептің 4 класына оқуға түседі.

— Бұл оқу екі жақтан қиын болды,— дейтін еді Баймағамбет,— біріншіден, орыстың төртінші кластағы он бір, он екі жастағы балаларының арасында, қой ішіндегі түйеше сорайып, ұзын сирағым кішкене партаға сыймай, тірелген тіземді тақтай тесіп жібере жаздаушы еді, дамылға шыққанда балалар: «Түйе-түйе, тұз керек пе?» деп мазақтаушы еді; екіншіден, әкем қаражат бермей, өзімнен оқуы төмен балаларға сабақ үйретіп, тамақ асыраушы ем.

Февраль революциясы Баймағамбет Пресногорьковқада оқып жүргенде басталады. Ол қыстың оқуын аяқтаған Баймағамбет елдес шәкірттердің ақылымен Тройцк қаласындағы мұғалімдер даярлайтын «Медіресе Уазифа» аталатын мектебіне барып, бірінші класына түседі. Қала бұл кезде Колчактың қолында болады. Оқуда жүріп Баймағамбет жасырын жұмыстағы большевиктермен танысып, революциялық істерге жәрдемдеседі, жасырын түрде прокламациялар таратысады.

— Большевик, меньшевик, тағы да басқа саяси партиялардың мақсаты не екенінен бұрын да аздап хабарым болатын еді,— дейтін Баймағамбет кейін сырласқанда.— Тройцккіде большевиктермен араласқаннан кейін саяси көзім кеңірек ашылды. Одан кейін мен большевиктердің кім екенін айқын түсініп, қатарына кіруді мақсат еттім.

Бұл мақсатына Баймағамбет жете алмайды. Он сегізінші жылдың күзінде Уазифаға тағы барып, большевиктермен қайта араласа бастаған кезде жасырын сырлары ашылып, көпшілігі тұтқынға алынады да, Баймағамбет сияқты аздаған белгісіздері ғана аман қалады.

Орал тауы жағынан Қызыл Армия жақындап, Қолчактың халы мүшкілге айналған соң, 1919 жылдың көктемінде Уазифа жабылады да, Баймағамбет еліне қайтады. Қызыл Армияны Баймағамбет сол жылдың күзінде, туған жерінде қуанышпен қарсы алады да, ізін шала Қызылжар (Петропавл) барып, декабрь айында Коммунистік

партияның қатарына кіреді, жаңадан құрылған уездік ревком оны қызметке алады...

Баймағамбет мектеп қызметін таңдап, уездік оқу бөліміне нұсқаушы болып кіреді. Ол кезде Ленин қол қойған декретпен «ВЧКА» аталып, революцияға қарсы элементтермен күресетін бір төтенше комиссия, «Граммечка» аталып, сауатсыздықпен күресетін екінші төтенше комиссия «Тифхольчека» аталып, сүзек және обамен күресетін екінші төтенше комиссия құрылғаны, осы үшеуінің қатарласа және жарыса қызметке кіріскені жұртқа тарихтан мәлім. Бұдан біз Совет өкіметінің сауатсыздыққа тіпті сол кездің өзінде қанша мән бергенін көреміз.

Қазақстанда құрылған Граммечканың алдында екі міндет тұрды: бірі — бұрын ұлттық мектебі болмаған ауылдар мен қалаларда қазақ балаларын оқытатын мектептер ұйымдастыру; екіншісі — жүзден тоқсан сегізі сауатсыз қазақ халқының ересектерін де оқытып, сауатын ашу еді.

— Граммечканы таңдаған себебім, — дейтін еді Баймағамбет, — қазақ халқына ызасы өткен сауатсыздықпен күресу ісін басқаруды өзіме зор мәртебелі іс көрдім.

Граммечкаға қызметке алынған Баймағамбетті уездік оқу бөлімі Федоров аталатын оқу ауданына нұсқаушы ырып жібереді.

Бұл оқу ауданының «Федоров» аталатын себебі: кәсіргі Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданында орысша «Федоровка», қазақша — «Тілес» аталатын поселок бар, онда революциядан бұрын Ыбырай Алтынсаринның системасымен орысша-қазақша аталатын, оқыту мерзімі алты жылдық екі класты мектеп ашылған. Халыққа белгілі қарт мұғалім Спандияр Көбеев сол мектепте ұзақ жылдар мұғалім болып, қазақтың көп баласына орысша білім берген, сондықтан советтік құрылыстың алғашқы жылдарында да Федоровка мәдениет ошағы сияқтанып тұрған.

Федоров оқу ауданына ол кезде маңайындағы он шақты қазақ болысы қарайды. Осы болыстардың ішінде бірінші рет қазақтың ұлттық мектептерін ұйымдастырған адам Баймағамбет Зтулин.

— Бірнеше ауылда балаларға арналған мектептерді ұйымдастырған мен, — дейтін еді Баймағамбет, — үлкендерге арналған мектептерді ұйымдастыра алмадым, оны жағдай көтермеді.

«Жағдай» деп отырғаны, көп жылға созылған империалистік және азаматтық соғыстың салдарынан Отаны-

мыздың ол кездегі шаруашылық күйінің аса қиын халда болуы соның салдарынан 1919—21 жылдары біраз өлкемізде кездескен ашаршылық болатын. Мысалы, ол жылдары Москва, Петроград сияқты орталық қалалардағы жұмысшылар мен тұрғын халықтарға азық жетпейді. Бай кулактар азық-түлік беруге қарсылық жасап, қолда барын жасырды. Тығылған астықты тауып, Отанды астықпен қамтамасыз ету үшін, жер-жерде азық-түлік комиссариаттары, отрядтар құрылды... Баймағамбет бұл кезде бірыңғай оқу жұмысымен ғана шұғылданбай, жүрген жерінде азық-түлік жинасу мәселесіне белсене араласады.

Бай-кулактар азық-түлігін тығып бермеумен ғана емес, Совет өкіметіне құралды күшпен де қарсы шықты. 1921 жылдың февраль айында, қазіргі Омбы, Тюмень, Қорған, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау облыстарының он сегіз уезінде ақтың тығылып жүрген офицерлерімен генералдарының ұйымдастыруымен бай-кулактардың қарулы көтерілісі басталды.

Бұндай көтеріліс болар деп күтпеген біздің адамдар бандылардың қолына қапыда түсіп, аяусыз қазаға ұшырады. Мысалы, кәзіргі, Солтүстік Қазақстан облысының барлық село-ауылдарында қапыда қолға түскен коммунистерді бандылар қырып тастады. Сақтанып үлгірген коммунистер мен совет қызметкерлері бандыларға қарсы күрес ұйымдастырды.

Көтеріліс басталғанда Баймағамбет Қызылжарда еді. Бұл оқиға «Өмір мектебі» атты шығарманың екінші кітабында толық суреттелгендіктен, бұл арада қысқаша ғана қайталаймын: бандылар көтерілісі Қызылжарда 1921 жылдың 8 февраль күні мәлім болды. Сол күні қалада коммунистердің «ЧОН»<sup>1</sup> атты отряды құрылып, халықты бандылармен күрес жұмысына ұйымдастыруға кірісті.

Қаланы жан-жағынан қамаған қалың банды темір жолдарды бұзды, телеграф, телефон сымдарын қиды, сөйтіп қала күресшілерінің сырттағы советтік күшпен байланысын үзіп тастады, күрестің бар ауыртпалығы қала ішіндегі ЧОН отрядының мойнына жүктелді: Коммунисті, комсомолы, совет қызметкері бар, ЧОН-дағы барлық адам саны жеті жүздей еді. Қала халқының көпшілігі оларды іштей жақтағанмен, қамаған бандыдан қорқып, құралды жәрдем бере алмады.

<sup>1</sup> Части особого назначения — ерекше міндетті әскери бөлімдер

Советтік күш жан-жақтан жәрдемге келгенше, ЧОН өміріндегі көпшілігі аянышты қаза тапты, солардың бірі Баймағамбет Этулин.

Қолына түскен совет адамдарын, әсіресе коммунистер мен комсомолдарды бандылар барып тұрған айуандық өңірінен өлтірді. Осы азапқа Баймағамбет те ілікті... Бандылар көтерілісі басылғаннан кейін табылған оның денесінен айуандықтың, азаптың нешетүрлі белгісін көрдік...

Революция күзетінде ауыр қазаға ұшыраған коммунар Баймағамбет Этулиннің денесі Қызылжар қаласының арасындағы алапқа бірге жерленген жолдастарының қатарында. Туысқандық қабырда құшақтаса жатқан бұл коммунарлардың кескін-кейпі, ісі, күресі менің есімде мәңгілік сақталады...

Жиырма екі жасында қазаға ұшыраған Баймағамбеттің осықша азаматтық өмірбаяны осындай!...

## II

Енді біз оқушыларды Баймағамбет Этулиннің ақындық өмірбаянымен қысқаша таныстырып өтейік.

Белгілі бір өнердің несі атанған адам туралы сөз қозғалғанда, — «аталарыңда ондай адам болған ба?» деп сұрайтын әдет бар. Баймағамбеттің тоғыз атасына дейін (Қанапия, Этөле, Шәліңке Топай, Ерназар, Құдайқұл, Сағындық, Сәтібек, Бұйдалы) ақын болды деген кісі естілмейді. Тек, үшінші атасы — Шәліңкені өте шешен адам еді деседі. Шәліңкеден туған Байтөле (Этөленің інісі), кәсіп қып соқпаға түспегенмен реті келген жерде өлеңді суырып сап айтатын ақын болған.

Қанапия ауыл қазағының арасындағы ақылды, парасатты адамның бірі болушы еді. Ол өлең-әнді де жақсы біліп, ұлы — Баймағамбетке, қызы — Айтжанға домбыра тартқызып, ән салдырып отыратын. Бірақ өзі ондай өнерді құмаған кісі. Әнге, күйге бейімділік жағына, Баймағамбет әкесі Қанапияға емес, шешесі Кестеге тартқан деседі. Кесте мас кезінде өлең шығарғыш, сөзге жүйрік, әнші және домбырашы кісі екен, сондықтан үй ішінің әзілінде: «Байжаным (Баймағамбет) өнер жағынан әкесінің емес, менің балам» деп отыратын еді. Баймағамбет ақындығының үстіне домбыраны жақсы тартатын, бірсыдырғы әдемі қоңыр дауысымен әнді де нақышты, сәнді ғып айтатын.

Баймағамбет кішкене күнінен өлең-жырды тыңдауға құмар болған. Оның ауылына жақын ауылдарда Ыбырай

дейтін өнерлі ақын және жыршы адам болған, үнемі тақпақтап сөйлейтін Шағырай дейтін шешен адам да болған еді.

Шағырай Төбетұлы 1848 жылы туып, 1921 жылы өлген адам. Кедей шаруада туып өскен ол жас күнінен серілікпен ел кезіп, бұрын «Орынбор-Сібір» аталатын өлкедегі казактарды түгел аралаған. Осы бетінде ол атақты ақындар, енші күйші, жыршы, шешендермен кездесіп үлгі алған. Жасы мосқалдана, туған мекеніне тоқыраған ол жиын-тойларда, мәжілістерде естіген-білген көркем өнерін баяндап, өзі де тақпақтай, жырлай сөйлеп, тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырады екен, зор мәжілістер онсыз өтпейді екен.

Шешен, сөзге суырып-салма Шағырай күлдіргі, сықақ тақпақтармен өлеңді де айтқан. Бірнеше мысал:

Атақты сәудегер бай болған, болыс боп патша өкіметіне көп жыл қызмет еткен Торсан дейтін адам «Ірбіт» аталатын жәрмеңкеден көп мата әкелсе, әйелі Жәуке «бұнда біздің үйге лайық іштеңе жоқ екен» деп ұрсады, Торсан үндей алмайды. Сонда Шағырай отырып: «Арыстанның ақырғанынан қорықпайтын ең-ау, Торсан, ешкінің бақырғанынан қорқып не болды саған?!»—депті.

Құрымбай дейтін байдан тоғыз ұл туып, тоғызы да бай ауыл боп енші алысады Солардың ішінде Нұрғожа дейтінінде ғана «кісілік» болады да, өзгесі «мал жаюдан басқаны білмейтін сасық бай» атанады. Бертінде Нұрғожа өліп, жұрт жаназасына жиналып отырғанда Шағырбай оның туыстарына көңіл айтқан боп Нұрғожаны тақпақпен мақтайды да, тірілеріне: «Өлімтік шоқып қалдың ба, құзғын, қарға сауысқан?»—дейді.

Өз інісі Тұрғанбай кедейлердің жалғыз сиырының іштегі бұзауын арзанға сатып ап байымақ болады. Сол «кәсіппен» жүріп, түтіні шыққан үйдің асын аңдиды екен. Соған ыза болған Шағырбай:

Уа, Тұрғанбай, Тұрғанбай!  
Өреді бұзау ызғындай.  
Сұңқылдайсың ас аңдып,  
Ертеменен ұшқан құзғындай!—

депті. Ұялған үй несі бір шана шөп беріпті. Және бір сапарында, қыстыгүні Шағырай әлдекімнің үйіне түседі. Ол үйдің әйелі құрғақ шай жасап жатқанда, ері күңк етіп, «май әкелсейші» дейді. Әйел ұнатпай тыржың етеді де, шайын құя берді. Сонда Шағырай шайға бата қылған боп қолын жаяды да, әйелге қарап:

Маған бастамаған қарының  
Жамандыққа басталсын.  
Өзіңнің басың тезірек,  
Көрге барып жасталсын.  
Бұл жақ түгіл, ол жақта ✓  
Пайғамбардың үмбеті,  
Қасына сені қоспасын,—  
Аллаһу акбар!—

мен бетін сипайды. Бұл сөзден жаны түршіккен әйел, «май-ма әкелейін, әкелейін!» деп тұра жөнеледі. Шағырайдан сақталған осы сияқты қызық мұралар көп.

1874 жылы туып, 1931 жылы өлген Ыбырай Шыныбай ұмы да туған өлкесіне қулығы, шешендігі, өнерлігі, өлеңшілігі, жыршылығы, сыбызғышылығы, домбырашылығымен білі шыққан адам. Ол да ескі салдардың дәстүрін істеймін деп, өзі кедей бола тұра, қыз-қырқынша әлем-жәлем киінуші, бөркіне үкі мен есек-тас тағуды, қолына сақина-жүзік салуды жақсы көретін. Кездескен адамдарының мінез-қылығындағы кемшіліктерді сықақтап шығарған өлеңдері көп бұл адам «Ерназар — Бекет», «Шернияз» сияқты ескі жырларды өте ажарландырып айтушы еді, өз жанынан әндер де шығарушы еді.

Баймағамбетке балалық шағында әсер еткен адамның біреуі — шөберелес туысы — Бұлқайыр Малшыбай баласы. 1883 жылы туып, 1933 жылы өлген кедей шаруалы бұл адамның аздаған мұсылманша оқуы болушы еді де, ара-тұра кейбір ауылдарға жалданып, балаларын қадымше оқытушы еді. Молдалық жағынан бағасы мәз болмаған ол, өлең жағынан елде атақты адамның біреуі еді. Өзі шығарған өлеңдері «Балдыр-батпақ» болып келетін ол, қиссаларды жаттауда түбі жоқ адам болатын. Қазақ тілінде басылған қиссалардан оның жатқа білмейтіні болмайтын, олары неше күн, неше түн айтса да таусылмайтын. Бет-аузы бір-ақ уыс, кіп-кішкентай, мұрны қоңқақ, көзі қыли, жұтқыншағының үлкендігі жұдырықтай ол, қиссаларды қанша айтса да шаршамайтын, бірсыдырғы әлемі қоңыр үні қарлықпайтын. «Талмайтын не деген жақ?! Қарлықпайтын не деген үн?!.. Сонша қиссаны сыйғызған не деген бас?!»— деп, қайран қалатын жұрт оған, Баймағамбет те солай дейтін.

— Қазақтың, шығыс елдерінің ұлан-байтақ әдебиет мұраларының алтын қазасын мен көбінесе Бұлқайырдың аузынан естідім,— дейтін Баймағамбет.

Бұлқайырдың өз өлеңіне наразы Баймағамбет, қиссалар-

ды көп білу жағынан, оны «алтын бас ағай» деп атайтын.

Баймағамбетті кішкене күнінде Байтөленің кемпірі Бүлтікей бауырына сап асырап алған екен дейді Қолы ашық ағайынға жағымды бұл кемпірге өзге адамдар да, Ыбырай мен Шағырай да көп келеді екен, Баймағамбет солардың өлең-жырларын, тақпақ сөздерін тыңдап отырып, әжесінің құшағында қалғиды екен.

Шағырайдың, Ыбырайдың өз өлең-жырларынан да Баймағамбеттің жазып алғандары көп болатын. Сол қалың дәптерінің қайда екені белгісіз.

Ақын-жыршылардың, шешендердің сөздеріне кішкене күнінен құлақ түре өскен Баймағамбеттің өзі бала шағынан тақпақтап сөйлей бастаған еді деседі. Оның өлең шығаруға бейімділігі он жасынан байқалған сияқты. Сол жылы әкесі Қанапия, жақын ауылдағы бересісі бар біреуге апармақ болып, қыс ішінде шанасына семсіз қара қойды салады да жүріп кетеді. Жолда қой шанадан түсіп қалады. Оны Қанапия аңғармайды. Біраздан кейін артына қараса, қап-қара бірдеме жүгіріп келе жатады. Қанапия оны қасқырға жориды да тұра қашады. Қойының түсіп қалғанын алдағы ауылға барғанда, ғана білген ол тез айналып барса, қасқыр жеп кетіпті. Сөйтіп елге күлкі болған әкесін сықақтап, он жасар Баймағамбет:

Шанаңа қара қойды басқаның-ай,  
Түсіп қап, қорқып онан қашқаның-ай,  
Қойыңды шын қасқырлар жеп кеткенде,  
Алақтап екі көзің сасқаның-ай!

деп өлең шығарады.

Одан кейін де сықақ қалжың өлеңдер шығарған Баймағамбет елде «ақын бала» атанады. Оның «Ала тоопақ», «Жәкі мен құла ат» сияқты ауыл тіршілігіне байланысты шығарған қызық өлеңдерін жастар ауыздан ауызға қағып өкетеді.

Кішкене күнінен өлеңді ауызша шығарып үйренген «ақын бала», қағазға жазу өнеріне Сейіткерей Мағазовтан оқыған күндерінен бастап кіріседі. Мағазовтың өзі де ақындық дарыны болған адам. Ұлты башқұр бола тұра, татар медресесін бітіре тұра, қазақ ауылына келіп мұғалім болғаннан кейін, ол тез арала қазақ тілін жақсы меңгеріп алады да, өлеңдерін қазақша жаза бастайды, өлең мен ауыл арасындағы айтыстарға араласады. Оның «Жанкүміс қызбен айтысы», «Мектепбаймен айтысы» «Шәріппен айтысы» де-

он аса қызық өлеңдері Солтүстік Қазақстан облысы мен Қыстанай облысының көп еліне тарап, ауыл арасында аңыз болып кетеді. Мағазов айтыстарында қалжыңмен қатар, ескі ауылды тіршілігіндегі өрескел салттарды да қатты сынлайды.

Мысалы, Мектепбай деген адам қотыр болған, саңырау, құрт ағасы Құлқайды сақарға қайнатқан темекімен емдеймін деп өлтіріп алған. Осы жайда Мектепбайға арнап шығарған өлеңінде Мағазов:

...Ағаңыз Құлқай батыр опат бопты,  
Иманын нәсіп етсін бар құдайым,  
Жоқ жерде ағаңызды өлтіріпсіз,  
Білмей-ақ дәрігерлік қып емдеу жайың.  
Хайуанша ем қылғанның мәнісі не,  
«Бытырғы жазылды деп қотыр тайым».

Сақар мен темекіні қайнатыпсың,  
Ағаңның аяқ-қолын байлатыпсың,  
Толтырып, бір қазан ғып, шәр-дәрілеп,  
От жағып, қызыл шоғын жайнатыпсың.  
«Терлесе емі бойға қонады» деп,  
Құнтпен үйді айнала айдатыпсың.  
«Аузыңа дәмін алып, суын жұт» деп,  
Бір талды қабығымен шайнатыпсың.

Құлқайдың себеп болдың ажалына,  
Шара жоқ, не дегенмен қазалыға,  
Ертерек жазайын деп ойлап па едің,  
Сатуға Болатнайдың базарына.  
Емдедің қолың батып, не ғып, Қамза,  
Қарамай Құлқай ағаң ажарына.  
Ағаңды жаным ашып мен жоқтаймын.  
Жақсылар ала жүрсін назарына.

Қотырдан Құлқай батыр болған мұңдық,  
Жалынып «қойыңдар!» деп еткен құлдық.  
Адамды хайуандай ғып емдегендей.  
Кім естіп, кім көрді екен, мұндай сұмдық?!.

Барлығы жүз жолдан артық бұл ұзақ өлеңнің өнбойына, ескі ауылдың надандық салтын сықақпен сынау тарайды да отырады.

Сейіткерейдің осындай сықақ өлеңдеріне ыза болған ауылдың атқамінерлері «солдаттан қашып жүр» деп үкіметке көрсетеді де, 1915 жылы полиция ұстап әкетіп, майданға жөнелтеді. Мағазовтың майданнан жазған өлеңдері де ауыл арасына көп тараған. Сондай өлеңдерінен бір мысал алайық:

Бар дейді ауырлықтың жеңілдігі,  
Бар қайғы кетер деген көңілдегі.

Әр істі жақсылыққа жорыған соң,  
Болады түсімдегі — өңімдегі.  
Ақсұңқар жібек баулы түстім торға,  
Сүріндім қапияда қазған орға.  
Тең құрбым қатарында жүретұғын,  
Соғыс та басылмай тұр біздің сорға.  
Селдей боп қан ағып тұр минут сайын,  
Көзім жас, кеудем толған қайғы-уайым.  
Тілегін жақсылардың қабыл алайын,  
Қазаға сабыр берсін бір құдайым.

Жападан-жалғыз анам жылап отыр,  
Көл қылып көздің жасын бұлап отыр.  
Айрылып екі бірдей қанатынан.  
«Құдайдан» амандығын сұрап отыр.

Қайтейін, қайран анам, жазған сорлы  
Сарғайып, бола алмады жүзің нұрлы.  
Денеңнен жаның шықпай не қып отыр,  
Құр тұр ғой екі бірдей балаң орны.

Шаттанып жүруші едің, қайран анам,  
Қуанып ержетті деп екі балам,  
Жат жерде тағдыр жетіп опат болсақ,  
Болғай-ақ сен байғұсқа тәңірі панаң.

Тиылмай ағып отыр көзден жасым,  
Қор болып жасшылықта ғазиз басым,  
Мен сізді енді қайтып көре алмасам,  
Хош, сау бол, артта қалған замандасым.

Бұл сөзді жаздым теріп қарауылда,  
Жайылсын елге барып әр ауылға  
Сөзімді арнап жазған сақтаңыздар,  
Кетпесін далаға ұшып жел-дауылға.

Тар жерде тарыққан соң жаздым назым,  
Ғұмырдың кім болжайды көбің, азың.  
Үстіне шинель, мундир киіп алып,  
Күзетте жазып отыр өнерпазың.

Бір қолға ұстағаным найза, мылтық,  
Аяқтан жүдеп жүрмін ақсап-сылтып.  
Қазнадан берген киім үстімдегі.  
Жаңа емес, о да болса жыртық-жыртық.

Бір күнде тұлпар едім топтан озған,  
Арыстандай айға ұмтылып қолын созған,  
Алысып көп дұшпанды азға санап,  
Жалаңаш жеке батыр қамал бұзған.

Қайратты көрсетіп ем арыстандай.  
Болып ем жақсыларға танысқандай.  
Кей адам қалушы еді күлкі болып

Кеме мен қайық келіп жарысқандай.

Кім өнер қылушы еді бізден асып,  
Кейбіреу қалушы еді сөзден сасып.  
Балтамен мінеп шауып алып тастап,  
Қисығын түзетуші ем тезге басып.

Таласып менменсініп «мен» дегендер,  
«Өнері ол молданың кем» дегендер.  
Бұл күнде жүрген шығар дардай болып,  
Ағасын хайуандай қып емдегендер.

Астыртын темный қағаз тастаушы еді,  
Өзінің өнеріне сенбегендер.  
Жақса да жолдағашын отқа шауып,  
Нәпсісін әлі күнге жеңбегендер.

Зәмзәмен қанып үшін қайтса-дағы,  
Хұсыттық кеудесінен сөнбегендер.  
Ұрлықты қартайғанша үзбей істеп,  
Тай сойып шайтандарын жемдегендер...

Мағазовтың майданнан жазған тағы бір өлеңі былай  
аяқталады.

Сүйеулі қасымда тұр қылыш, мылтық,  
Аяқтан жүдеп жүрмін ақсап-сылтып.  
Үстімде киім бүтін, тамағым тоқ,  
Көңі аш, сөйтсе-дағы, жүрек жыртық,

Сағындым қазақтың кең сахарасын,  
Өртеніп, шіркін жүрек, аһ-ұрасың!  
Жарасын жаның жазар сары қымыз,  
Дәміңді қашан маған татырасың!

Табиғатында талантты туған Баймағамбеттің ой-сана-сын өсіріп, әдебиетке баулуда Сейіткерейдің еңбегі көп. Баймағамбетті ол, біріншіден, татар әдебиетімен, әсіресе, Ғабдолла Тоқайдың шығармаларымен таныстырады; екіншіден, аз да болса орысша оқытып, орыс білімін алуына жол ашады; үшіншіден, өз шығармаларын қазақ тілінде жазатын ол, оған дейін өлеңдерін фольклорлық стильде жазатын Баймағамбетке жазба әдебиетке қалай кірісудің жолын көрсетеді.

Осындай еңбегі үшін, Баймағамбет Сейіткереймен өте дос болған. Сейіткерей майданнан жазған өлең-хаттарын үнемі Баймағамбеттің адресіне жібереді екен. Баймағамбет оған өлеңмен жауап қайырып отырады.

Сейіткерейден оқығаннан кейін Баймағамбет шығара бастаған алғашқы жазба өлеңдерден сақталған көлемдісі

де, күрделісі де 1916 жылдың оқиғасына арналған өлеңі. Негізгі желісі түгел сақталған бұл өлең халықтың қайғысын ғана сипаттаумен қанағаттанбай, оны оқуға, бостандыққа шақырады.

Бұл кезде шығармалар жазумен шұғылданған Баймағамбет ауызша әдебиет жасауды да (импровизация тастамайды). Оған 1916 жылы жақын ағайыны — Бұлқайырмен қалжыңдап өлеңмен айтысуы куә.

Баймағамбеттің оқу, үйрену жолында 1916 жылдың күзінен жаңа бір дәуір басталады. Пресногорьков станицасындағы орыс мектебіне түскен ол Абай Құнанбаевтың баспадан шыққан өлеңдер жинағын кездестіреді.

— Жазу жұмысындағы менің алғашқы көрген ең зор мектебім Абай болды, — дейтін еді Баймағамбет, — Абайдың өлеңдерін оқығанда, мен оған дейін жазған өз өлеңдерімнен өзім қатты ұялдым. Содан кейін жұртқа көрсеткім келмей біраз өлеңімді отқа жағып жібердім.

Сол себепті Баймағамбеттің Абай жинағын оқығанға дейін шығарған көп өлеңдері жойылып, халық жаттап үлгерген азын-аулағы ғана сақталады.

Абайдың 1909 жылы басылып шыққан өлеңдер жинағын Баймағамбет түгелімен жатқа білетін еді, жұрт жиналған жерде оның сөздерін үлгі ғып айтып отыратын еді.

Сейіткерейден аздап орысша хат білген Баймағамбет өз бетімен орысша кітаптарды оқуға жаттығып жүреді де, Пресногорьков мектебінде бір қыс оқығаннан кейін орысшаға жап-жақсы боп, орыс әдебиетін әсіресе, Пушкин, Лермонтов, Некрасов сияқты классиктерін көп оқиды, олардың кейбір шығармаларын аударарды. Бұл аудармалары да бандылар көтерілісі кезінде жойылып кетті!

Абайдың жинағын, орыс классиктерінің шығармаларын оқығаннан кейін, Баймағамбеттің өлеңдері идеялық жағынан да, көркемдік жағынан да жаңа сатыға көтеріледі. Оған 1917 жылы жазған «Пысылдақ Омар», «Түннің басталуы», «Туғаным» деген өлеңдері куә. Бұлар шын мағасындағы профессионалдық дәрежеде көркем жазылған құнды шығармалар.

1917 жылдың күзінде, Баймағамбеттің Тройцк қаласындағы медіресе Уазифаға кеткені бізге мәлім. Ауылынан аттанған ол, поезға аулына тұстас Петухов станциясынан барып мінеді.

— Бұл менің поезды өмірімде бірінші рет көруім, — дейтін еді мархұм, — сондықтан екпіндей зырлап, ақыра дауыс-

тан келе жатқан поезды алғаш көргенде, қуаныштан да, қорқыныштан да қалтырап кеттім. Маған, бір өзім ғана емес, бүкіл жер-көк қалтырап кеткен сияқтанды. Осы әсермен шығарған «Отарба» деген өлеңінде ол:

Көзге елестеп жырактан,  
Даусы өтіп құлақтан,  
Көрінеді тізбек көш,  
Жел құйындай зулатқан.

Түтіні бұрқ-бұрқ будақтап,  
Шұбырып кейін шумақтап,  
Отарба екен қарасам,  
Келе жатқан бұрқақтап.

Жер жарғандай дүрілдеп,  
Желмен бірге үілдеп,  
Шойын жолдың бойымен  
Зымырайды гуілдеп...

Ызғарланып қалтырап,  
Жалғыз көзі жарқырап,  
Келе жатқан бетіне,  
Тұрар емес жан шыдап...

Екі езуі көпіріп,  
Айқай салып жекіріп,  
Әлден уақыт болмай-ақ,  
Келіп те қалды өкіріп,—

дейді. Поездың жүрісінен мұндай әсер алған Баймағамбеттің сол шақта не ойлағанына кейін тоқталамыз.

Медіресе Уазифада оқып жүрген Баймағамбеттің көп өлеңдер жазғанын, онымен бірге оқыған, кәзір Қазақстанның халық артисі атағын алған Серке Қожамқұлов пен кәзіргі философия ғылымының оқытушысы Үміт Балқашов куәландырады.

Қазақстанда Совет өкіметі орнай сала, Баймағамбет өлең жазуды үдетті. Октябрь революциясын, Совет өкіметін құттықтап көп өлең жазды, солардың бірі Омбыда 1920 жылы шыққан «Кедей сөзі» газетінде «Болат» деген лақап атпен жарияланғаны жоғарыда айтылды.

— Неге өз атыңнан жарияламадың?— деген сұрауға:

— Әдебиетте әлі көрінбеген атымды кетпектей ғып қоя салуға жұрттан ұялдым,— дейтін еді Баймағамбет.

— Онда, бұрынғы «Бұйдалы» деген лақап атыңды неге қоймадың?— деген сұрауға:

— «Бұйдалы» рудың аты. Коммунист рушылдықты та-

нымайды. Мен кәзір коммунист болдым, ендеше ру атын шақырудың қажеттігі жоқ,— деп жауап беретін еді.

Баймағамбеттің 1920 жылы советтік құрылыс туралы, партия және оның көсемдері туралы, қала, ауылдағы тап тартысының жайлары туралы бір талай өлең жазғанын білеміз.

Баймағамбеттің бұл өлеңдері, өзі сияқты, трагедиялық қазаға ұшырады. Оның мәні былай: бандылар көтерілісі шыққан Қызылжар қаласына 1921 жылдың сегізінші февралі күні мәлім болды. Көтерілісті ақбандылардың өте шебер ұйымдастыруы сондай — февральдің сегізі күні, дәл түнгі сағат 12-де, Ақмола, Тюмень, Қорған аталатын губерниялардың барлық қалалары мен селоларында шеркеудің қоңырауы қағылып, ақтар бастаған бай-кулактармен, оларға алданған крестьяндар көтеріліске шығады, біздің бақылау орындарымыз бандылардың бұлай ұйымдасқанын білмей қалады. Жер-жердегі коммунист, комсомолдардың, совет қызметкерлерінің қапыда қолға түсіп, қазаға ұшырайтын себебі де сол. Бұл апаттан Қызылжар қаласының аз күнге болса да аман қалған себебі, «Жынды Жүсіп» дейтін есалаңдау біреу көтеріліске Қызылжарда әзірленген топты біледі де, өзіне таныс совет қызметкерлерінің біреуіне айтып қояды. Ол адам тиісті мекемелерге хабарлап, Қызылжардағы совет күші табан-аузында ұйымдасып, жауға төтеп беріп үлгіреді.

Осы оқиға басталар алдында Баймағамбет екеуміз Жақаттың Сәдуді дейтін момын, кедей адамның үйінде пәтерде жатқамыз. Көтеріліс мәлім боп, біз коммунистер отрядына (ЧОН) қосылар алдында Баймағамбет маған өлеңдерін жазып жүрген қалың дәптерін қайда қояды ақылдасты. Соңғы рет ақтарып көрсек, қалыңдығы үш елідей жалпақ дәптер өлеңге түгел толған екен, Баймағамбеттің аузынан, қаламынан шыққан өлеңдері мен фольклордан жинағандары да түгел сонда екен. Барлық көлемі, кемінен бес-алты мың жол болу керек.

Сәдуді оқымаған адам көріп, бұл өлеңдерді оның үйіне тастап кетуге Баймағамбет жүрексінді, қаланы бандылар алса жоғалтып жіберер деп қорықты. «Енді кімге қоямыз?» дегенде, есімізге Жанұзақ Жәнібеков деген коммунистің үйі түсті. Әйелі — Мәриям бізге таныс. Жанұзақтың өзі де бізбен бірге отрядқа жазылған. «Егер Мәриямға берсек, банды келсе жасырар жер табар» дедік те, арпалысқа аттанғанда Баймағамбет өлеңдерін соның қолына тапсырып кеттік.

Көтеріліс басылып, өлген Баймағамбетті жерлегеннен кейін сұрастырсам, қаланы бандылар басып алған күні, Мәрияға тапсырылған дәптер отқа жағылып кетіпті... Сөйтіп, қазақ совет әдебиетінің іргесін қаласқан жалынды жас ақынның қымбат шығармалары өзімен бірге трагедиялық қазаға ұшырады... Сақталғаны, тек қана, әркімнің есінде қалған бірен-сараны. Олардың да көпшілігі Баймағамбеттің советтік дәуірге дейін, ақыл-ойы марқаймаған жастық шағында шығарғандары....

Баймағамбеттің өмірбаяны туралы біраз тың материалдарды және осы жинақта бірінші рет жарияланып отырған біраз тың өлеңдерін, 1955 жылдың декабрь айында, Солгүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозында тұратын мұғалім Сейіт Сауытбеков жіберді. 1908 жылы туып, жиырма жасынан бері ауылдық бастауыш мектепте үздіксіз мұғалім болып келе жатқан бұл құрметті адам Баймағамбет туралы тың мәліметтер жіберумен оған туысқандық (кенже қарындасы Зубираға үйленген) қарызын ғана өтеген жоқ, мәдени зор міндет атқарды. Осы еңбегі үшін, жолдас Сейіт Сауытбековке алғыс айтуға тиістіміз.

Өзі тірі кезінде, баспада Баймағамбеттің бір-ақ қана өлеңі Омбыдан шыққан «Кедей сөзі» газетінде жарияланғаны жоғарыда айтылды. Одан басқа өлеңдері жарияланбауында да мән бар.

«Кедей сөзі» 1921 жылы Омбыдан Қызылжарға көшті де «Бостандық туы» деген атпен шыға бастады. Сол кездегі тарихи жағдайлардың себебімен жанын сақтаған кейбір ұлтшылдар «Бостандық туына» орналасты да, жаңа көктеген өсімдіктей қылтиып келе жатқан қазақ совет әдебиетінің Баймағамбет сияқты жас кадрлеріне жол бермеді, олардың өлеңдері басылмады. Осы кесірдің салдарынан Баймағамбеттің де советтік рухта жазылған өлеңдерін «Бостандық туына» өткізе алмағанына өзіміз куәміз.

### III

Ендігі сөз — Баймағамбеттен сақталған азғана шығарманың тарихтық, идеялық және көркемдік мәні туралы.

Оның зұлымдыққа, қиянатқа, мәдениетсіздікке кішкене кезінен бастап қарсы тұруы, әуелі білімді, кейінірек бостандықты көксеуі, еңбекші халыққа бостандық әперген Октябрь революциясын қуанышпен қарсы алуы сақталған аз шығармаларынан да айқын көрінеді. —

Баймағамбеттің әкесі Қанапия сараң кісі екені жоғарыда

айтылды. Ол үйіндегі асына да сараңдық істеп, балаларына көп бергенді ұнатпайды, ораза кезінде кішкене балаларының да аузын бекіттіріп, таң алдында «сәресіге» ояғанда. «көп ішіп қояды» деп, тез тоюға асықтырады екен. Баймағамбет он екі жасқа шыққан жылы, ұйқыдан оянып сәресі ішкенде қалғи берсе керек, әкесі оны тез тойсын деген мақсатпен «бол іш, әйтпесе таң атып қалады» деп қыстаса керек. Сонда Баймағамбет шешесіне қарап:

Жыладам іш деп жымыңдап,  
Көз қысуын нетесін.  
Асыңды ішіп тойып ал,  
Аштан өліп кетесің,—

депті. Қанапияның еншісі басқа інісі — Жәкі шөп шабуға шыққанда он бес жасар Баймағамбетті әкесі қасына қосып, машинаға жегуге жалқаулау құла ат беретін көрінеді. Екі көлікті машинаға қатар жеккен Жәкі, өзінің қоңыр байталын ақырын, құла атты қатты айдайтын сияқты. Оның бұл өзімшілдік қылығын мазақтап, құла ат пен Жәкіні айтыстырған өлеңінде, Баймағамбет құла аттың ауызына мынадай сөз салады:

Сөзіңнен міне сенің жаңылғаның,  
Ашумен маған сонша тарылғаның,  
Мал болсам да қарамай обалыма,  
Ылғи ұра бергенің не қылғаның?..  
Таяқтаумен өткен соң, барлық жасым,  
Бойыма тарамайды ішкен асым,  
Байталды да айдаймын дегеніңмен,  
Сонда да мені ұруың өте басым!  
Жүргеннен ылғи таяқ зарын тартып,  
Соғым боп сойылғаным он есе артық!—

Қоғам өміріндегі әлеумет теңсіздігі туралы, қанаушы таптың құлық-мінезі, сана-сезімі, зорлық-зомбылығы туралы Баймағамбет шығарған өлеңдерден сақталғаны да, идеясы мен көркемдігі революциядан бұрынғы қазақ поэзиясында Абай мен Сұлтанмахмұт апарған сатыға көтерілгені де «Пысылдақ Омар» атты өлеңі. 1918 жылы жазылған бұл өлеңде сипатталған Балғаның Омары дейтін бай кісіні білеміз. Ол адам ауылдағы қанаушы таптың өкілі болумен қатар, барып тұрған, діншіл, ескішіл, нағыз кертартпа адам болатын. Баймағамбеттің осы адамды сипаттап шығарған, жоғарыда аталған өлеңі ұзақ болушы еді, аяқ жағы ешқайдан табылмады. Түгел сақталмау өкінішін еске ала отыра бағалағанда, осы сақталған аз шумақтың да тарихы, сая-

он және көркемдік мәні өте зор. Көтерген әлеуметтік мәселе жағынан, көркем жазылу жағынан бұл өлең Абайдың «Қараша желтоқсан мен сол бір екі ай» деп басталатын өлеңіне, Сұлтанмахмұттың «Кедей» атты поэмасына ұқсас. Аталған екі шығармадай, бұл өлеңде де таптық мәселе несе қалың алынып, өте көркем бояумен суреттелген. Сонымен қатар, бұл өлеңнің Абай мен Сұлтанмахмұттың шығармаларынан айырмасы — бастапқы екеуіндегі тап қайшылығын Баймағамбет жалпылама жырламай, қанаушы байдың нақтылы шын портретін жасайды. Қазақ ауылындағы қанаушыны сипаттауда бұл өлең бұрынғы демократтық поэзиямыздың ең күштісінің бірі.

Қанаушы тапқа осылайша сын көзімен қараған Баймағамбет Октябрь революциясына дейін пролетариаттық идеологияның биігіне көтеріле алған жоқ, олай көтерілуге білімі де, жасы да (1917 жылы он сегіз жаста екені есімізде) жеткен жоқ. Саналы ойға бала шағынан үйір ол алғашқы игі пікірін ағартушылық идеяның төңірегіне құрады.

1916 жылдың оқиғасы туралы шығарған өлеңінің басында ол халықтың зарын сипаттай кеп, аяғында:

Болмады оқу-өнер есімізде,  
Мәз болдық түк шықпайтын ісімізге,  
Мұсылманша, орысша жалғыз харып,  
Білмейтін толып жатыр ішімізде...

Өнерге болмай жастан әбден ыспар,  
Бұл күнде уаһ-дарига, болдық құштар!...—

лейді. Бірақ ол:

Шымырлап ішің мұздап, қаның суып,  
Мөлтілдеп көзімізді жаспен жуып,  
Екі иіңіңде су кетіп, қайғы басып,  
Әл құрып, бар денеге жайылды уыт,—

деген уайымды ғана айтумен қоймай:

Сағаты көңілімнің соқты жүріп,  
Қапамды шығаруға жатпай бұғып,  
Шыдамай уайымменен жаздым мұны,  
Біле алмай қайтерімді іштен тынып,—

деп жүрек сағатын тоқтатпай, ілгері соғуға бұрайды. 1917 жылы 2 июльде жастық туралы шығарған «Қалқам шырақ» өлеңінде де, ғашықтық мәселесін айта кеп:

Байқасам, біздің осы қазақтікі,  
Болады жеңіл мінез қыз, жігіті,

Биязы, толық ақыл, із баққаны аз,  
Қырымнан көретұғын көзі жіті...

Бөгесе бірін-бірі салып қармақ,  
«Бәлемді мұқаттым» деп мейірі қанбақ,  
Тәртіп аз, оқу-өнер болмаған соң,  
Барамыз осындай бір жолмен шарлап!—

дейді. 1918 жылы жазған «Отарба» деген өлеңінде бірінші рет көрген поезды сипаттай кеп, жөнеліп кеткен соң:

Сонда ойладым: «Бұл не іс?!  
Секілденген көрген түс...  
Елестеген шайтан ба?  
Әлде жын ба, көз бұғыш?!»  
Тағы былай ойладым:  
«Жарамас таң қалғаным...  
Мұны былай жасаған,  
Білімі екеп жалғанның...

Оқуды оқы паңданба!..  
Текке жүріп алданба.  
Сыры ашылмас оқысаң,  
Нәрсе бар ма жалғанда!»

Деп көңілім жұбанып,  
Қосылып сөз құралып,  
Хиял түбін осыған,  
Қойдық әкеп, доғарып.—

дейді. Февраль революциясын Баймағамбет «халық бос-  
тандығы» деп түсінген сияқты, оған Пресногорьковте оқып  
жүріп, революцияның ізін шала, 8 март күні, «Туғаныма»  
деген атпен жазған өлеңінде:

Алланың мейірімді күні туып,  
Жарқ етіп аппақ болып атты таңы!

немесе:

Болып түр енді міне, саған да елеу,  
Қалыспай қатарласып ұмтыл дереу,  
Ысқырған түсі: суық айдаһарлар,  
Болудан кеткен бәрі енді бөгеу!..  
Йүруші ең ит-жемеде бұрын тегін,  
Болар деп мұндай заман ойлап па едің?  
Ызғарлы қысы кетіп, жазы болып,  
Барлық жұрт «уһ» деп қазір алды демін...—

деген сөздері куә. Сол жылы 10 апрельде «Айым мен кү-  
німе» деген атпен жазған өлеңінде:

Жол тосқан ілгіштердің бәрі кетіп,  
Көздеген нысанаға жазбай жетіп,  
Еңбегің жанып, көздің жасын иіп,  
Жоғалды ақсақ-тоқсақ, кем мен кетік.

Заманың жақсылыққа бет беріп тұр,  
Айтарлық бір ғанибет кеп келіп тұр,  
Жас буып, жаңа өспірім, ардақты ұлдар,  
Шағында бұл құт жұмыс деп келіп тұр!»—

дейді. Бірақ, февральдың халық бақыты емесін Баймағамбет Тройцкіге бара, большевиктермен таныса өзгертеді де, естін Октябрь революциясының тақырыбына қарай бұрады.

Бұл тақырыпта жазылған өлеңдерінің қандай трагедияға ұшырағаны жоғарыда айтылды. Егер оның «Кедей сөзі» мәтетінде жарияланған жалғыз өлеңі болмаса, пролетариаттық идеологияға қалай келуіне шығармаларын білмейтін жұрт сенбеген де болар еді. Жалғыз болса, да, бұл өлең Баймағамбеттің пролетариаттық революцияны, советтік құрылысты маңыз-мақсатымен өте айқын түсінгенін көрсетеді.

Бұл көркем де, күшті де, мағыналы да жазылған, совет әдебиетінің тарихынан мәңгілік орын алуға хақысы толық шығарма, сондықтан да біз оны қазақ совет әдебиетінің «әлібі» мен «биінің» қатарына қосылады дейміз.

#### IV

Кейбір қорытынды жасарда айтарымыз: көбі жоғалып, азғы ғана сақталған Баймағамбет өлеңдерінің бәрін жалғастыра тұтас алғанда, бала шағында әкесін сынаған бір ауыз өлеңнен бастап, қоғамдық ойы қалай өрістеуінің саяси және көркемдік ойының қандай сатыдан басталып, қандай сатыға көтерілуінің сара жолы бар.

Ол жолды бойлай жүргенде біздің көретініміз:— табиғатында дарынды ақын болып туған Баймағамбет, есін біле, туған халқының мәдениетін ойына сіңіре бастайды да, жасынан бастап өзі де өлең шығаруға әуестенеді. Оның алғашқы өлеңдері ауызша айтқан бірлі - жарымды шумақтан құрылады. Одан кейін «Ала торпақ», «Жәкі мен құла ат» сияқты ауызша шығарған ұзақ өлеңдері басталады. Сөйтіп жүріп, жазба шығармаға ауысқан ол, көлемі ұзынды-қысқалы, көркемдігі жоғарылы-төменді өлеңдер жаза бастайды.

Баймағамбеттен сақталған аз ғана өлеңнен де біз ақынның идеялық сана-сезімі, көркемдік шеберлігі қалай бас-

талып, қалай өскенін, қандай дәрежеге жеткенін айқын көреміз.

Идеялық жағынан алғанда, кішкене күнінен-ақ әлеумет өміріндегі кем-кетікті сынай өскен ол, ешбір шығармасында зорлықты, қиянатты жақтамайды. Оған ой - санасы жеткенше қарсы тұрып сынайды. Бұл жағынан Баймағамбет сыншыл реализмнің өкілі, қазақ әдебиетіндегі демократиялық бағыттың шын жыршысы. Идеялық жағынан алғанда, оның бар кемшілігі: революцияға дейінгі өлеңдерінде дінге сену Бірақ ол, ешбір өлеңінде діннің үгітшісі емес. Оның өлеңіндегі діншілдік — дін сабағын оқып өскен, ғылымға таныстығы аз жас ақынның, өмір қиыншылығының алдында дәрменсіздігіне, өз қуаты жетпейтін істе, табиғаттан тысқары күш — «тәңіріден» жәрдем сұрап жалбарынуына ғана куә. Бұл әлсіздігінен Баймағамбет біртіндеп арылады да, ақыры, Октябрь революциясына арнаған өлеңінде адамға бақытты тәңірі бермейтінін, ол бақытты адамның өзі ғана күреспен іспен табатындығын айтады.

Көркемдік жағынан Баймағамбеттің бастапқы өлеңдері халықтық фольклормен тығыз байланысып жатыр. Фольклордың алғашқы өрісі қысқаша айтылған тақпақ мақалдан басталса, Баймағамбет те алғаш осы ізбен кетеді. Фольклор өсетін топырақтың бірі — айтыс болса, Баймағамбет те алғашқы бірер ауыз тақпақ өлеңдерінен кейін айтыс жанрына ауысады. Баймағамбеттің фольклорға еліктеген кездегі өлеңдерінде, фольклорлық шығармалар сияқты, алтыны мен балшығы, болаты мен қоқысы араласып жатады. Оның бұл жүйелі өлеңдерінің идеясы да фольклор сияқты көмескі келеді.

Кейін Абай шығармаларымен, татар, орыс әдебиетімен танысқаннан кейін, идеясы айқындалумен қатар, Баймағамбет өлеңдері көркемдік жағынан да «жат тектерден» арылып өз бойына лайықты түрмен жарқырай бастайды. Бұдан кейін ол «Пысылдақ Омар», «Түннің басталуы», «Жаса бостандық!» сияқты — «іші алтын, сырты күміс» өлеңдер жазу шеберлігін меңгере бастайды. Бұндай өлеңдер Баймағамбетте әденешеу болушы еді. бірақ, амал нешік, ол өлеңдер жалынды жас ақынның өзімен бірге аянышты қазаға ұшырады!.. Одан да ауыр екінші — болашағы аса зор таланттың бойындағы бір гүлі түгел жаңа жарқырап ашылмауы, саяси ісінде де, шығармалық өрісінде де лаулап келе жатқанда бандылардың қолынан қыршынынан қиылуы!..

Біз бұл мақалаға қосып, осы кітапшаға Баймағамбеттен сақталған өлеңнің біразын беріп отырмыз. Ондағы ойымыз мезгілсіз аянышты қазаға ұшыраған жас ақынды, өсу жолындағы жетістік, кемшіліктерімен жанжақты түгел көрсету.

Жинақты ұйымдастырудағы мақсатымыз — пролетарияттық революцияның, социалистік құрылыстың күзетінде қазаға ұшыраған қадырлы большевик, жалынды жас ақын — Баймағамбетке ескерткіш жасау.

Жас шағында дүниеден арманда өткенмен, құрметті Баймағамбет Этулиннің аты совет халқының тарихында мәңгі сақталады.

1957 жылы шыққан өлеңдер жинағына алғысөз. 6 май, 1957 жыл.

## АЛЕКСЕЙ ТОЛСТОЙ ТУРАЛЫ

Заманымыздағы ең биік жазушының біреуі — Алексей Толстойды жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінен көріп жүргенмен, жақын танысуым 1942 жылдың күзінде.

Ұлы Отан соғысы аса қызу жүріп жатқан шақ. Барлық істе де жігер-әбігершілік... Сондай күндердің біреуінде, сол бір тұста Қазақстан Орталық Партия Комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқаратын Белебай Исабеков, Жазушылар одағында қызмет атқаратын маған телефон соқты.

— Алло!— деді ол,— Сәбитпісің?

— Ия!..

— Тауға бармаймысың?

— Неге?

— Алексей Толстойға!

— Толстойға?!

—Ия, ол кеше түнде поезбен келген Ташкенттен... Тауға орналастырғамыз...

— Мен, яғни... Жазушылар одағының президиумы председателі неге білмеген оны?!

— Жолдас Скворцовқа (сол кездегі Орталық партия комитетінің секретары С. М.) Өзбекстан Орталық Комитетінен телефонмен хабарлаған екен, маған ол кісі өзің ғана барып қарсы алып орналастыр,— деді...

— Аһа!..

Олай дейтінім Николай Александрович Скворцовтың, өзі басқара отырған республикадағы ұлт кадрларын, оның ішінде жазушыларға елеусіз қарайтыны бір бұл жолы ғана емес те, сондай көкірлік мінезінен кейін жазаға тартылып, одақтық совхоз министрлігінен де алынды. Бүкілодақтық Орталық Партия Комитетінің мүшелігінен де шығарылды. Осындай мінезі бар Скворцовқа өкпелегенмен, Толстойға өкпелеуге дәлел жоқ, сондықтан Исабековке еріп тауға кете бардым. Бетіміз Қазақстан Министрлер Советінің Алатау қойнауындағы демалыс үйі.

Жылдың қай тәулігіндегі қандай күні болса да, Алатау мен оның қойнауындағы табиғаттың тамаша емес шағы жоқ.

Ең жаман деген тұманды, жаңбырлы, боранды күндерінің өзінде, кейде төбесі, кейде төсі, кейде ылди-өрі қылаңдап қалатын Алатау аймағының қиялдағы бір ертектер сияқты елестейтін кездері болады. Ал, бүгін ауа райы шаңқақ ашық, күн райы маужыраған шуақ, сондықтан жаз айларында таудың ақ сәукелесі сияқтанып ең биік шоқыларының ұшар басына шығып кететін қар кейінгі бір күндерде бері қарай төмендеп, жоталары қапталданқырағандықтан, таудың сай-саласындағы теректердің жапырақтары қызғылттанып, қайыңдарының, жапырақтары сарғылттанып, шырша-қарағайлары жасылданып... дегендей, түрлі түске боялғандықтан, жолдың екі жақ сайларындағы, бөктерлеріндегі жеміс ағаштарының тұна піскендігінен күздік бүгінгі күнінің көркі қиялдағы ешбір жұмаққа бергісіз!..

Исабеков телефон арқылы хабарлап қойғандықтан басында қоңыр түсті «береті», үстінде тоқыма фуфайкасы, қолында таяғы бар Алексей Николаевич бізді есік алдындағы гүл газонының қасында қарсы алды. Мінезі жылдамдау Бөлебай мені Алексей Николаевичке таныстырмақ болғанда:

— Тәңірім-ау.— деді ол, әдеттегі салтына сай жуан дауысымен қоңқылдай мұрнынан күліп,— Сәбит Мұқановпен неше жиналыста кездеспедік біз!.. Қайталап айтайын— жиналыстарда!.. Былайша әдеттегі жағдайда кездесіп көрген емеспіз!.. Оның сәті енді түсті дейміз!..

— Меніңше де солай сияқты,— дедім мен.

— Біздің бөлмеге кірейік,— деді Алексей Николаевич, қолдасқаннан кейін,— онда менің жұбайым отыр, жас келіншек...

— Білеміз,— дедім мен.

Бөлмеге кірсек, бұрын да былайша көріп жүретін Людмила Илинична жинақы отыр екен. ол амандықтан кейін бізге кішіпейілдік көрсетіп, стол үстіндегі жеміс пен шарапқа шақырып еді:

— Өз жемісіне өзін шақырмас болар,— деді Алексей Николаевич әйеліне сүзіле, жымия қарап,— және столдағы жемістен гөрі, ағаш бұтағынан үзіп жеген жеміс тәттірек болар. Қонақтар бейіл болса тысқа шығып, бақшаны аралап-серуендеп қайтайық.

Біз демалыс үйін қоршаған кең жеміс бақшасын аралай, таудың биігіне қарай өрлеп кеттік. Бұл кезде шөпке шығатын жеміс атаулының алынып болған кезі. Ағашқа шығатын жемістердің де тез пісетіні сиреп, әзіргі жиналмай тұ-

нып тұрғаны — апорт алмасы ғана да. Сол жылы жеміс өте шығымды болғандықтан Алматының алмалары да, оның ішінде апорты да өсер шегіне жеткен еді. Алексей Николаевич бұтақ басында беті қызара құлпырған үлкен апорттың біреуін үзіп ап ұстағанда қаусырған екі уысына да симай көп тұрды. Аса көркем және аса үлкен алмаға таңдана қараған Алексей Николаевич, салмақтап көріп:

— Мұндай алманың қанша тартарын білер кісі бар ма екен?— деді.

— Бар,— дедім мен күлімсіреп.

— Николай второй!

Патша ма?!— деді Алексей таңданған кескінмен.

— Ия,— дедім мен күліп.

— Қайда?! Қалай?.

Петербургта 1913 жылы.. Сол жылы Романов тұқымдарының таққа отыруына 30 жыл толуын тойлағанын білеміз. Той кезінде Питерде Россиядағы ауылшаруашылық көрмесі ашылған. Сонда Түркстанның генерал-губернаторы Куропаткин осы апорт алмасын қойған.

Бір алманың салмағы 1085 грамм тартқан. Патша губернаторға осы алма үшін сыйға алтын медаль берген. Бұл — документте сақталған факт.

— Бұл таңданудан да жоғары факт екен!— деді Алексей Николаевич,— сонда өсіруші кім болған сондай алманы?

— Ең алдымен, апорт алмасының ата тегі Орел облысында...

— Кәдімгі РСФСР-дің?!..

— Ия!

— Қалайша?

— Өткен ғасырдың орта тұсында, Алматы қаласы іргесін жаңа ғана қалап жатқан шақта, Орел уезінен осы араға Редько фамилиялы орыс крестьяны көшіп келеді. Оны ат арбасымен, семьясымен Орелден Алматыға бір жыл жүріп келген екен дейді. Өзі бағбан адам болса керек, Орелде де апорт алмасын өсірсе керек, содан бір жас шырпысын құмыршаның топырағына отырғызып, жолшыбай баптап алып келеді де, Алматының топырағына тігеді. Шырпы аз жылда алма ағашына айналып жеміс береді, бірақ жаңа топырақта көлем жағынан да, дәм жағынан да, көрік жағынан да ата-бабасынан әледқайда озып, көлемінен екі-үш есе үлкен болады, дәм жағынан,— дүние жүзіндегі ең шырпын алма болады!.. Кәзір бұл алма, Алматы төңірегіндегі түрлері-

нің ең молы және ең тәттісі. Жер шарында Алматыдан басқа жерде мұндай апорт өспейді. Шет мемлекеттер мұны алтынға алады!

— Тамаша!— деді Алексей Николаевич шаттанып. Міне қайда, Алматы топырағының қасиеті. Орел апортының Алматыда бұлай өркендеуі, орыс пен қазақтың мызғымас достығының айғағы сияқты екен!..

Алатау аясының тамаша көркіне елтігендей, одан әрі Алексей Николаевич біраз уақыт үн-түнсіз аяңдады. Оның жап күйін аңғарғандай, біз де келелі кеңес қозғамай, уақтүйек репликалармен қанағаттандық. Ол сөздеріміз құлағына кірмегендей, өйтуіне ыңғайсызданғандай ара-тұра «не дедіңіздер?» деп сұрап қояды болмашы сөздерді қайталағымыз келмеген біз жәй әншейін дей саламыз...

— Лидочка!— деді Алексей әйеліне, әлден уақытта, төңірегін қоршаған жоталарға да, алыста сағыммен көгере бұлдыраған қайқаң далаға да томпақ үлкен көзін түйілдіре қарап,— не деген ғажап суреттер бұл? Не деген ғажап сұлулық!..

— Қазақстанды құмдақ дала деп түсінетін кім?.. Бұл сияқты тамаша табиғатты мекендеген елде арман бар ма?— Осы тамашаны түгел және толық суреттеген көркем шығарма қазақ әдебиетінде бар ма— деген сұрау қойды маған Алексей Николаевич.

— Шет пұшпақтап бар, түгел және толық сипаттаған жоқ.

— Ұят екен ол!..

— Бәрімізге де,— дедім мен күліп,— туған жерінің әдемілігін түгел қамтып толық сипаттап кеткен жазушы жоқ қой дүниеде... Мүмкін де емес қой ол.

— Рас, деді Алексей Николаевич,— орыстың бай табиғатын суреттемеген жазушы бар ма? Шағын жазушыларды былай қойғанда, Пушкин, Тургенев, Лев Николаевич Толстой, Горький сияқты ірі суретшілер де оның сұлулығы мен байлығын сипаттауына жетеді ол!..

— Рас!.. Сонымен қатар, ешбір елдің табиғаты, суреттеу жағына ешбір жазушының сыбағасына тиген емес. Мәселен, Кавказ бен Қырымды тұрғын жазушыларына қосыла, ұлы Пушкин мен Лермонтов та тамаша қып жырлаған жоқ па?

— Рас!..

— Ендеше, қазақ жерінің байлығы мен көркемдігін тұрғын жазушыларына қосыла сипаттауға Сізді де шақыра-

мыз, Алексей Николаевич! Қазақтың кең даласының сыртқы көрінісі ғана емес, іші де ғажап бай. Мысалы, бейнелеп айтқанда қазір жауға атылып жатқан он оқтың тоғызын қазақ жері беріп жатыр!..

— Білем! Соғыс бітіп, дүние тиышталғасын келуге тырысам...

— Бұл сөзіңізден «тырысам» дегенді алып тастаңыз!..

— Болсын!

Алексей Николаевич аздап жөтеліңкіреп келе жатқан еді...

Мана аздап тымаураттым деген. Сонысын еске алғандай. Тау арасын біраз кезгеннен кейін:

— Енді үйге оралсақ қайтеді?— деді Людмила Ильинична.

Сол бір қарсаңда, словяндық комитеттің Москвада мәслихаты болуға әзірлік жүріп, Толстойды шақырған екен, оған Алексей Николаевич бірер күнде ұшпақ екен. Сондықтан ба әлде бұрын көрмеген елдің мәдениеті мен әдебиетінен хабардар болғысы келгендіктен бе,— Алексей Николаевич менен қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің жайын сұрап кетті. Білгенімді айтуға тырысқан менің кеңесімнің Людмила Ильиничнаның ішін пыстырғандай болып:

— Басқа бір кеңеске көшсек қайтер еді?— деді ол.

— Мақұл.— дедім мен.

— Онда қазақ ақындарының немесе жазушыларының өміріне байланысты кеңес айтыңыз!— деді Алексей Николаевич.

Мен Мәшһүр-Жүсіптің көзі тірісінде өзіне мазар салдыру оқиғасын айтып ем:

— Қызық екен,— деді Алексей Николаевич,— бірақ бұл өлім әңгімесі екен; сіз енді өмір әңгімесінің қызғылықты біреуін табыңыз!

Мен 1937 жылыдың декабрінде, бір топ қазақ әдебиетшілерімен Жамбылдың Грузияға, Шота Руставелидің юбилейіне барғанын сипаттай кеп, сол жолы, 91 жастағы Жамбылдың өзін күткен 19 жастағы сестра грузинкаға ғашық болғанын, осы траго-драмасын маған қалай баяндағанын айтып беріп бетіне қарасам, Алексей Николаевич орамалымен көзін сүрте бастаған екен.

— Не болды саған, Алеша?!— деді әйелі оған.

Не деген ғажап әңгіме!— деді Алексей Николаевич, орамалын бетінен алып,— адамның өмірді сүюінің ғажап бір бейнесі екен мынау!..

Ол күні түнді еңсеріп ажырасқан біз, ертеңіне Жазушылар одағының кеңсесінде кездестік. Ол кезде Алматыда: Маршак, Адалис, Шкловский, Михалков, Паустовский, Ильин, тағы бірнеше көрнекті орыс жазушылары тұратын. Оларға және Алматы жазушыларына Толстой Ұлы Отан соғысы туралы бір жарым сағаттық баяндама жасап берді. Баяндамада жұрт оның Отанын шексіз сүйетіндігімен қатар, жауға мейрімсіз екендігімен қатар, мемлекеттік ойы да ірі адам екенін аңғарды.

Кешті менің пәтерімде өткіздік. Орыс жазушыларынан ерлі - зайыпты Толстойлардан басқа Михаил Зошенко болды. Толстоймен ол бірге өсіп, біте қайнаған сырласы екен. Қазақтан атақты ақын Нұрпейіс Байғанин, Ғабит Мүсрепов және Ғабиден Мұстафин қатынасты. Жасы сексенді алқымдағанмен, Нұрпейістің денесі тік, беті қанды сұлу кісі еді. Әдемі аппақ сақалды оның ажары мен сұлулығына қарап «осы заманның пайғамбары сияқты екен» деп отырды Алексей Николаевич. Бұрын ол қазақ ақындарынан Тбилисиде (1937 жылы) Жамбылды көрген екен де, кәрілігі жеткен ақынның жырлауына қанағаттана алмаған екен. Енді қуатты дауысымен Нұрпейіс жырлап жібергенде үн екпініне, жыр ырғағына қайран қалған Алексей Николаевич:

— Шын ақынды жаңа көрдім ғой!— деді шаттанған кескінмен,— қазақ тілін білмесем де, не айтқанына түсініп отырғандай болдым. Бұл шынында да жырдың пайғамбары екен!..

Ас үстінде бір қызық болып қалды. Мен, әрине, құрметті қонаққа арнап қой сойдым да, ет піскенде алдына бас әкеліп тарттым. Қазақ ғұрпын білмейтін адамдар, әдетте, мұндайда қиналып қалады. Қайда, кімнен сұрап алғанын кім білсін — Алексей Николаевич алдына тарелкаға салған бас барғанда, қазақтың байсалды шалының біріндей оңтайлап ұстады да, екі құлағының бірін Нұрпейіс қартқа, бірін Зошенкоға кесіп беріп, «әйелді ерекше сыйлайтын едім» деп екі көздің бірін зайыбым Мәриямға, екіншісін Людмила Ильиничнаға ұстатты.

Астан кейінгі мәжіліс ән-күйге айналып кетті. Біраз күннен кейін, Алексей Николаевич Ташкенттен маған төмендегідей хат жазды:

«1942 жыл. 10 ноябрь.

Қымбатты достым, Сәбит!

Хатыңызға ұзақ уақыт жауап қайтармауыма кешірім өтінем. Мейрам алдында жұмысты көп істеуге тура келді.

Одан басым зеңгіп кетіп, қазір қағаз бен сияға қарағым да келмейді. Совет әдебиетінің жиырма жылдығы туралы, Ғылым академиясының 18 ноябрьде шақырылған салтанатты сессиясында жасалатын баяндамамды бүгін ғана жазып бітірдім. Өзім Свердловқа ноябрьдің 12-13 де ұшам, Людмила Ильинична ертең Москваға жүреді.

Бүгінгі және кешегі хабарлардан (соғыс хабары С. М.) алған әсерлеріме қарағанда мұз қозғалып, екінші майдан ашылған сияқты. Оқиғаның өрбуі біздің болжалды жерімізден шықпауы кәдік. Басқаша болуға да тиісті емес, біздің уақыттағы әдіс-айла күткен де, күтпеген де мезгілде соққыны беруі мүмкін. Меніңше, майдан туралы жазылған, айтылған, жорамалданған сөздердің бәрі біздің одақтастардың ойдағы қимылынан немісті шатастыру үшін қолданылған болу керек. Лиэпптегі соққы да осыған жатады. Менің шамалауымша, немістермен итальяшкалар (Италияны сықақтауы ғой. С. М.) Солтүстік Африка мәселесінде де мейлінше шатасты. Одан айрылу, негізгі тамағынан айрылу деген сөз; ішіне бүкіл Аппеней жарты аралын қоса, панасыз күнгеі Франция соққы астында қалды деген сөз; қазір Орта Теңізде ауаның және судың сұрапыл соғысы басталуын да ойлану керек; оның артынан, үсті-үстіне, күтпеген жерлерде, одақтастардың десанты түседі.

Көрдіңіз бе, үйде отырып әдіс-айла туралы бал ашатындарды көргім де келмейді, сөйте тұра, өзім де сонымен шұғылданам.

Сізбен танысуымыз, екеуміздің де (әйелі мен өзі С.М.) көңілімізде аса жылы сезім қалдырды. Сізді Москвадағы үйімізде күтеміз. Людмила Ильинична Сізге және жұбайыңызға сәлем жолдайды.

Жамбылға ең ыстық сәлемімді жолдаймын. Көктемге қарай, апрельде, сізбенем бірге барып, Совет Одағының бірінші ақынына сәлемдесерміз.

Сіздің үйде, достық столының төңірегінде дәмдес болған тамаша ақынға ыстық сәлемімді жолдаймын.

Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің Алексей Толстой.

Менің адресім: Москва, Спиридоновка 2. Горькийдің үйі».

Осы хаттан кейін, газеттер Алексей Николаевич Толстойдың Свердловта болып, СССР Ғылым академиясының

<sup>1</sup> Нүрпейіс Байғанин.

сессиясында әдебиет туралы баяндама жасағанын, онда қазақ әдебиеті туралы да айтқанын хабарлады. 1943 жылдың бірінші январы күні: «Алматы, Артиллерия көшесі, 35-үй. Сәбит Мұқановқа. Жаңа жылда ыстық сәлем жолдаймын, жетістіктер мен бақыт тілеймін, Алексей Толстой» деген телеграмма алдым.

Одан кейін, Москваға барған шақтарымда, Алексей Николаевичтің үйінде бірнеше рет болып, достық дастарханнан талай-талай рет дәм татып, талай рет жылы әңгімелескенім бар. Солардың ішінен ерекше біреуін қысқаша баяндай кетейін.

— 1944 жыл, февральдың 17-сі, мен Орталық «Правда» газетінің жұмсауымен Прибалтика майданына баруға жиналып, «Москва» мейманханасында отырмын. Жүрісім асығыс болғандықтан, Толстойдың үйіне телефонмен ғана хабарласып, майданнан қайтарда ғана соғуға уәделестім. Сол күні кешке номерімнің телефоны сылдырлады.

— Алло!

— Сәбитпісіз? — деді әйел дауысы. Тани кеттім — Людмила Ильинична. Сәлемдескеннен кейін:

— Тәуір костюмың (бұл семьямен, бұл кезде «сен» деп сөйлесуге әдеттенгенбіз. С. М.) бар ма, Сәбит?

— Оны неге сұрадың?

— Бір себеппен, кейінірек айтам. Маған бар-жоғын айт.

— Жоқ деп ойлайсың ба, сонда?

— Майданға бара жатырмын деген жоқпысың? Мүмкін қара дүрсін киініп келген боларсыз?

— Солай-солай. Бірақ қосалқаға алған, тәуірім де бар.

— Ендеше соныңды ки, сөйт те, кешкі сағат сегізге, біздің үйге кел.

— Сонша сәндендірудің себебі не?

— Бізде бүгін американдықтар болады.

Оның алдында: «Толстой Америка өкілдігімен, әсіресе өкіл Гарриманмен танысып араласып жүреді» деп естігем.

Людмила Ильиничнаның бұйрығын орындап, «барымды киіп, байлаушымды салып» дегендей. Спиридоновқа келсем, төңірегі биік тақтай ауламен қоршалған қақпа алдында, жарығының жоғарғы жағы бүркелген (соғыс кезінде солай еді ғой) электр шамының түбінде милиционер тұр екен. Ол менің паспортымды көрді де, қолдағы тізіміне қарап «кіріңіз!» деді. Бұл арада бұрын болмайтын милиционердің

қазір тұруына қарап, ішімнен «Америка дипломаттары үшін қойған ғой» деп жорамалдадым.

Оқушыларға ескертуге ұмытып барады екем: Толстой маған адресін бергенде, «Горькийдің үйі дегенді босқа жазбаған. Бұрын «Спиридоновка, 2» қазір «Алексей Толстой көшесі, 2» аталатын үй, Россиядағы ең ірі капиталистердің бірі Павел Рябушинскийдің меншігі екен. Революция жылдары Рябушинский советке қарсы болып, шетелге қашқаннан кейін, өзге үйлерімен қатар, бұл үй де қалалық шаруаның қарамағына көшіп, 1931 жылы Максим Горькийге берілген. Қазірде оның семьясы осы үйде тұрады. Үй — екеу: бірі (негізгісі) Горькийдікі, екінші (отау сияқтысы) Толстойдікі. Бұл да көп бөлмелі, екі қабатты көркем үй, онда қазір Толстойдың әйелі басқаратын музейі бар.

Тақырыбымызға көшейік: мен Толстойдың үйіне кірсем, коридорда Людмила Ильинична және Толстойдың сол кездегі секретары, — капитан Калинин тұр екен. Сыртқы киімді шешкеннен кейін, Людмила Ильинична менің үстіме қарады да:

— Дұрыс! — деді.

— Неге сонша сұқтандың? — дедім мен күліп.

— Енді қалай? — деді Людмила Ильинична, — американдықтар!... Қазір одақтасымыз болғанмен де сен совет жазушысысың және ұлттық жазушысың. Олар сенің қалай киінуіңе, үлкен мән береді.

Калининнің бастауымен, қонақ қабылданатын үлкен, салтанатты бөлмеге кірсем, электр жарығын сөндіріп, «камин» аталатын пеште жанған отынның сәулесінде бірнеше кісі отыр екен.

— Шамды жақ! — деген дауысы естілді Алексей Николаевичтің.

Калинин электр шамын жаққан шақта әуелі Толстой, оған ере қасындағылары өре тұра келісті. Танымайтын адамдардың бәрі арықтау, ұзындау, мойындары қылқиғандау, галстук орнына бантик байлаған, сымпыс шалбарларының балақтары қушиған тарлау біреулер. «Американдықтар осылар болар» деп жорамалдадым ішімнен.

Толстой маған қарсы жүріп, құшақтасып, сүйісіп амандасты да, «мынасы кім?» дегендей маған таңдана қараған қонақтарына:

— Совет Одағында «қазақ» атты халық бар, оның саны — Бүкілодақ халқының екі процентіндей. Бұрын Россия колониясы болған, Октябрь революциясы азаттық берген

бұл халық, бұрын да өжет, батыр болған, қазір тіпті өжет, тіпті батыр!... Оған дәлел, Москва түбінен жауды қууда аса зор қайрат көрсеткені өздеріңізге мәлім — гвардиялық сегізінші дивизия — қазақстандық. Бұл соғыста ерліктері дүние жүзіне ертегі болып кеткен Совет Одағының Батыры деген зор даңққа ие болған 28-дің жетеуі қазақ!.. Басқа майдандарда да қазақтардың батырлығы ғажап. Қазақтың жігіттерімен қатар, екі қызы... (аттарын сұрағандай, Алексей Толстой маған қарады. Мен: Маметова, Молдағұлова деп жібердім). Иә, иә, солар! Осы екі қыз бүкіл советтік шығыста, Совет Одағының Батырлары деген зор атаққа ие болды!.. Бұл кісі,— деді Алексей қонақтарына мені нұсқап,— осы батыр елдің жазушысы Сәбит Мұқанов!

Қонақтар қолшапалақтап жіберді. Жиналған жұрт ас бөлмесіне шақырылғанда, Людмила Ильинична мені іркіп қалды да:

— Алексей Николаевичтің саған достық тапсырмасы бар еді,— деді.

— Ия?

— Сенің маскүнем емесіңді білеміз. Ретті жерде жақсы ішетінің де мәлім. Бізге бүгін сенің ішкенің керек.

— Неге?

— Американдықтарды ішкізу үшін. Олардан бұрын мас болмауыңа сенеміз.

— Мас болып қалсам қайтем?

— Оқасы жоқ. Өз үйің. Жанжал шығаратын кісі емесің. Баптап жатқызамыз.

— Болсын!— дедім мен.

— Тағы бір сұрау,— сен шошқа етін жейсің бе?

— Колбаса болмаса, былайғы етіне дағдыланбаған кісі едім. Колбасаны өзімше «мал еті» деп жеймін...

— Түсінікті... Ал, сен өзің біз үйінде қонақ болғанда қойдың басын алдымызға тарттың ба?

— Тарттым.

— Ендеше,— деді Людмила Ильинична күліп,— біз сенің алдыңа шошқаның басын тартамыз!.. Шошымал!.. Шошқаның емес, торайдың, яғни өйткені кішкене семіз торайдың өзін. Сен оны өз еліңнің салтымен, бүгінгі қонақтарға үлестіресің.

— Мақұл!

Кең столдың үстінде тамақ та, ішімдік те мол екен. Оған қоса, екі доңғалақты кішкене арбаның үстіне тұтаса орнап, талмен тоқылған кішірек бөшке келді. Оның іші лық толған

«орыстың ащысы» екен. Естуімше, американдықтар ғана емес, бүкіл Еуропа «орыстың ащысы» тұрғанда, өзге арақ-шарапқа пысықрмайды да.

Мәжілісті басқару маған тапсырылды. Мен әуелі «ащыны» үлкен бокалдарға толтыра құйдырдым да, алдында сопақ табақшаға етпетінен жатқызыған семіз торайды бөлшектеместен бұрын, қазақтың басты үлестіру тәртібін түсіндіріп алдым. Содан кейін торайдың қалқиған бір құлағын майлы түбімен молырақ қып ойып ап, «бұл сіздің сыбағаңыз!» деп, Гарриманға ұсындым: «Жеп тауысасыз,— деп бердім оған және пышақпен кескілемей, қолыңызға тұтамай ұстап тұрып асайсыз!»

Торайды қонақтарға бөлшектеп үлестіргеннен кейін. «Ал, кәне, одақтастардың жеңісі үшін!» деп, көлемі стакандай бокалға құйған «ащыны» төңкере тастадық.

Осы бетпен қызу кеткен мәжіліс, бір кезде, американдықтардың біреуінің бүлінуіне соқты. Тым жіңішке леу, тым ұзындау, тым жұқалау бұл чиновник ұсынған бокалды басынан-ақ түптей қотарып отыр еді. Сөйтіп отырып шамасын білмей қалған ол, бір сәтте, мойынын ине жұтқан иттей қылқылдатаып отырды да, дастарханға лақ еткізіп құсып кеп жіберді. Онысына бүкіл американдықтар жерге кіре ұялған кескін көрсетті. Көрсете берсін: өзгелері де сөйтуге жақын отыр...

Одан ар жағы менің көзіме бұлдырап кетті. Бір кезде көзімді ашсам оңаша бөлмеде, шешінген қалпыммен төсекте жатырмын!.. Басым зеңгіп әкетіп барады!.. Қимылдауым-ақ мұң екен, бөлмеме Калинин кіре берді.

— Қайда жатырмын?— деген сұрауыма:

— Осы үйде, яғни Толстойдың үйінде,— деді Калинин. Іле Алексей Николаевич өзі кіріп:

— Жігіт екенсің, Сэбит!— деп, төсегіме асыла отырды да, мені құшақтады.

— Американдықтардың жайы не болды?— дедім мен.

— Түгелімен бүлінді. Көбін машиналарына көтеріп мінгізді. Меніңше, олар «орыстың ащысы» не нәрсе екенін осы жолы бірінші рет білді!..

Мен бұл «сырқаттан» екінші күні әрең айықтым. Оған дейін Толстойлар мені үйінен жіберген жоқ. Енді араққа жүрегіміз айныған біз, арақсыз тамақпен ғана қанағаттанып, ара-тұра әңгіме соғамыз. Оған Толстойға сәлемдесуге келген Всеволод Иванов, Леонид Леонов сияқты жазушылар араласады. Өзге әңгімелердің арасында, Толстой-ма-

ған Мәшһүр-Жүсіп пен Жамбылдың грузин қызына ғашық болған әңгімесін қайта-қайта айтқызатын.

Жазылып номеріме қайтарда, Толстой маған өз шығармаларының біреуін сыйламақ болып іздесе, авторлық бір-бір данасынан басқалар тарап кеткен екен. Тарамаған жалғыз ғана кітап қалған екен, ол «Азаптарға саяхат» (Хождение по мукам) оны да біреуге бермек болып, алғашқы жақ ақ қағазының бұрышына сиямен жазып қойған екен. Сия резинкамен сүртілгеннен кейін, Алексей Николаевич өз қолынан пышақпен қырды да, беттің таза бұрышына «Қымбатты қазақ досым Сәбитке. Оны ыстық сүюші Алексей Толстойдан!»— деп жазып берді. Ол кітап күні бүгінге дейін шкафымның берік жерінде сақтаулы.

Бір жыл өткеннен кейін үйіне барсам, қыл тамақпен ауырған Алексей Николаевич әл үстінде екен. Өз халының үмітсіздігін жасырмай айтқап ол:

— Жамбыл тіріме,— деп сұрады.

— Тірі,— дедім мен. — Дегенмен, майданда екі бірдей баласы қайтыс болғандықтан, ол кісі де қазір шөгіп, төсекте жатып қалды.

— Онысы аянышты екен! Менің арманым: ұлы ақынмен жүздесе алмадым. Қазақстанға да қайтып орала алмадым. Енді, бәріне де менің соңғы секундтарын соғып жатқан жүрегімнің ең ыстық жерінен жолдаған сәлемімді алып бар!

Қыл тамақтың кесірінен 1945 жылы 23 февральда қайтыс болған Алексей Николаевич Толстой, көлденең пәле килікпегенде, Жамбылдың жасына еркін жететін кісі еді.

Совет елінде өз атын алтынмен жазған Алексей Николаевич өзге жақын достарыммен қатар, менің есімде де өмір бойы сақталады!

Бұл естеліктің қысқарақ түрі. «Казахстанская правда» газетінің 1945 жылы, 18 мартта шыққан 54 санында «Памятные дни» деген атпен жарияланды.

1950 жыл, 30 декабрь.

## СПАНДИЯР КӨБЕЕВ ТУРАЛЫ

СССР Жоғарғы Советінің Президиумы наградтаған ауыл мұғалімдерінің ішінде Спандияр Көбеев жолдас Ленин орденін алды. Спандиярға берілген бұл ұлы наград оны білетін және бағалайтын адамдардың бәріне де зор қуаныш.

Спандияр жолдасты бала шағымнан жақсы білем. Қай жылы екенін ұмыттым, бала кезімде менің қолыма оның «Үлгілі бала» деген кітабы түсті. Ол кітап 1912 жылы басылған. Егер қаталаспасам 1817 жылы Ыбырай Алтынсариннің «Киргизская хрестоматия» деген атпен қазақ тілінде орыс әрпімен шыққан кітабынан соңғы, мектеп балаларына арналып жазылған қазақша бірінші кітап осы «Үлгілі бала». Кітаптың ішіндегі еңбектердің бір жүйесі — Спандиярдың өз шығармалары, екінші — орыс тілінен, көбінесе, Крыловтан аударған мысалдар.

Осы кітапта Спандияр Көбеев ақындық, жазушылық таланты барлығын көрсетті. Оның «Жетімнің өлеңі» деген шығармасын мен бала кезімде жатқа айтатынмын.

«Жетімнің күні құрсын жастай қалған,  
Әкесін шешесімен құдай алған.  
Күтетін өз ұлындай жақын қайда? —  
Деген сөз осы емес пе «дүние жалған!»  
Бетіңмен іс етуге ақылың кем,  
Бой өсіп жас жетпеген білмейсің жөн.  
Мал басы «ағайынның» талауында.  
Әдіше осы емес пе дүние деген.  
Көзінен жас ағады қан аралас.  
Билі тең малың түгіл шығып тұр бас,  
Сұраусыз малда құрық, баста сырық  
Қыр аңы арыстан, қаптан мұндай болмас,  
Сау басың дауда болар өскеніңше,  
Күш жетіп. «Е!» десе «Ме!» дескеніңше.  
Ағайын тәлкегінде иттей болған,  
Жетімдер толып жатыр әлденеше.  
Шөлдесең сусын болар көлдер қайда?  
Қарын ашса тамақ болар жерлер қайда?  
Қаңғырып жүдеп-жадап жүргеніңде  
Сипайтын маңдайыңнан ерлер қайда?»

Өлеңнің бас-аяғы осы. Қандай тамаша шындық! Не деген тамаша лирика! Жетім боп, осы өлеңде айтылған шындықтың ортасында өскен, менің көз жасымды бұл өлең бала кезде талай тамызып еді!..

1913 жылы қазақ әдебиетінің аспанында жұлдыздай жарқырап Спандиярдың «Қалың мал» атты романы шықты. Бұрын өлең жағы басым, қазақ әдебиетінде ең алғаш көрінген күрделі проза да, бірінші роман да осы «Қалың мал».

Бүгінгі көзбен қарағанда, «Қалың малда», әрине көп кемшілік, көркемдік, композиция, сюжет жағынан толып жатқан жетпегендік бар, бірақ солай бола тұрса да, оның қазақ әдебиеті тарихында орны зор.

Орыс жазушысы Карамзиннің 1797 жылы шыққан «Бейшара Лиза» атты әңгімесін, орыстың XIX ғасырдағы атақты сыншысы Белинский оқып, былай деген: «Оны («Бейшара Лизаны» С. М.) осы күні оқитын кісі аз, бірақ бұған қарап оның бағасын кемітуге болмайды. Бұл шын мағынасындағы орыстың бірінші прозасы».

«Қалың малға» да біз Белинскийдің осы сөзін қолданамыз. «Бейшара Лизадан» «Қалың малдың» көлемі де, көркемдігі де, алған темасының құшағы да кең.

«Қалың малда» негізгі мәселе «Бейшара Лизадай» күйректік махаббат қана емес, мұнда революциядан бұрынғы ауылдың шындығы, тап қайшылығы бар.

Бұл романның қысқаша мазмұны: Тұрдықұл дейтін байдың әйелі өледі. Бірақ оған бай қайғырмайды. «Бай қартайса малына берер шылбыр» (Абай), «байдың қатыны өлсе төсегі жаңғырады» (мақал), жас қыз іздеген Тұрдықұл байға кедей молда Итбай өз қызы Ғайшаны ұсынып, қалыңға он ірі мал, 300 сом ақша алады. Ғайша шалға разы емес, оның сүйгені — кедей жігіт Қожаш. Бірақ, амал қанша, қарсыласар күш жоқ, зар жылап Тұрдықұлға кете барады. Келіншек Ғайшаны Қожаш алып қашады. Қожашта Тұрдықұлмен айқасар күш жоқ. Сондықтан ол пара беріп өз елінің болыс, билерінің қолтығына паналайды. Ақырында, Ғайша мен Қожаш даудан құтылып, мұрадына жетеді, тату, еңбекші семьяға айналады.

Бұған дейін қазақтың өскі ауылының жағдайында әйелді күңдікке түсіретін негізгі себеп қалың мал, оның тамыры қазақ әдебиетінде мұндай терең қазылған емес, Роман қалың малдың марағы, әсіресе, кедей қызы болғанын көрсетеді. Екінші бір өзгешелігі, Спандияр жолдас өзінің ро-

манында Біржан мен Сараның айтысындағыдай сары уайымға да салынбайды, Абайдай ақыл айтумен де қанағаттанбайды. Спандияр жолдас көпті қалың малға қарсы күреске шығарады. Бұл роман, байшыл-ұлтшылдардың романдарындай сары уайыммен тынбайды, келешек қуанышқа үндейді, күресте жеңіп шығуға шақырады.

Үшқары қараған кісіге романда Қожаштың Байғазы, Құрманбай сияқты өз руының билеріне пара беріп сөзін сөйлетуі дұрыс емес сияқты. Бір сыншысымақ романның екінші басылуына осылай деп жармасқан да. Бірақ бұл жалған кінә. Ең алдымен ру тонын жамылып, өз руының байларына «қорғаламаса» Қожаш пен Ғайшаға ол кезде басқа паналар жер жоқ. Екінші — осылай Қожаш пен Ғайшаны Байғазы мен Құрманбай билерге қорғалата отыра, автор олардың парақорлығы арқылы билердің таптық сырын ақтарады, билердің «бұқарашылдығы» жалған екенін, олардың ары параға байланысты екенін әшкерелейді. Бұл өте шебер әдіс.

«Қалың малдан» кейін Спандияр жолдастың жазған шығармасын біз білмейміз. Білетініміз: «Қалың малға» шейін де, одан кейін де Спандияр жолдастың шұғылданған ардақты еңбегі — бала оқыту, тамаша еңбек!

Революциядан бұрын Спандияр жолдастың жазушылық еңбегін ұлтшылдар бағаламады. Біздің жазушылар ұйымы соңғы жылдарға дейін болып келген зиянкестіктің салдарынан, Спандиярдың жазушылығына жәрдемдесуді, жағдай жасауды, көмектесуді ескерген жоқ, Жазушылар ұйымымен Спандияр жолдастың байланысы болған жоқ.

Март айында Спандияр жолдасқа хат жазып, бұрынғы жазушылық еңбектерін бағалайтынымызды айта кеп, халжайларын сұрап, жазуға қайта араласуын өтінген едік, оған Спандияр жолдастың қайтарған жауап хаты мынадай:

«Жазған хаттарыңызды алдым. Алдағы күнде жазушылық өндірістік жұмысыңа көмек көрсетеміз деулеріңізді қуанышты көңілмен қабылдаймын.

Мен Қостанай облысы, Меңдіғара ауданы, осы күнгі Қызыл ту ауыл советінде, 1878 жылы тудым. Ата тегім кедей. Алғаш ауылдық мектепте оқыдым. Оны бітірген соң Бурабай қаласындағы болыстық мектепте, сонан соң Қостанай қаласында екі класты орыс-қазақ мектебіне түстім.

Екі класты мектепті және Қостанай қаласының өзінен ашылған екі жылдық оқытушылар мектебін бітіріп шықтым.

Бұл, 1901 жыл еді. Сол жылы Ырғыз уезі, Толағай болысында ауылдық мектепте бала оқыттым. 1903 жылдан 1918 жылға шейін Петропавл қаласында, соның маңында мұғалім болдым. Революциядан соң 1918—19 жылдары туған жерім — Қостанай облысы, Меңдіғара аулына келіп мұғалімдікпен айналыстым.

Көркем әдебиетке жасымнан құмар едім. Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Чехов, Некрасов шығармаларын көп оқитынмын. Оның үстіне 1905 жылы Омбы қаласына жер аударылып келген И. Беляев деген адаммен, оқытушы революционер Иван Иванович деген бір жолдас арқылы таныстым. Беляев, Кронштад қаласындағы Петропавловск крепосында 25 жыл тұтқында отырып шыққан екен. Үй пружиналы болу керек, кейде үйді төмен түсіріп жіберіп, тізеден суға батырып азап шектіруші еді дейтін ол әңгімесінде.

Беляев жасырын жиылыстарда самодержавиеге қарсы сөйлегенде ашумен дірілдеп, қалшылдап кетуші еді. 1905 жыл август айының аяқ кезінде Омбы қаласында сол Беляев 150 шамалы кісілермен бірге тағы қамауға түсіп, Сібірге жөнелтілді. Петропавловск крепостынан шыққанының өзі де сол жылы еді. Менің саяси сезімімнің оянуына сол Беляев көп әсер етті.

Жазушылықты тоқтатуым — 1915 жылдар шамасы, 1911 — 12 жылдардан бері қарай аурулымын. Дәрігерлер халжайымды сұрап білгеннен кейін, жазушылықты тоқтат деп ақыл айтқан. Сонда да әдебиеттен мүлде қол үзгім келмейді. Қазақ совет әдебиетінде бір-екі шығарма қоспақшымын.

Қазақстан совет жазушыларының екінші съезіне шақыру хаттарыңызды күтемін, 22/III. 1939 ж. Көбеев».

Міне бүгінгідей оның қуанышты күнінде, Спандияр жолдасты шын жүректен құттықтаумен бірге, өз жолдасы қаламын қайтадан қайрап, бүгінгі бақытты заман темасына бағалы шығарма берер деп сенеміз.

«Социалистік Қазақстан», 1939 жыл, 14 май, 108 номер.

## ФАБИТ МҮСРЕПОВ ТУРАЛЫ

(Қысқаша биографиялық очерк)

### 1. ФАБИТТИҢ АТА ТЕГІ ТУРАЛЫ

Ескі ауылдың тілімен айтқанда Ғабитпен мен руласпын. Екеуіміздің де арғы атамыз керей. Керейді: Ашамайлы, Абақ деп екіге бөлгенде, біз Ашамайлыға жатамыз. Ашамайлының басым көпшілігі — Совет Одағында. (кейбір шежіреші қарттардың айтуынша бертінде жүз болыстай ел болған деседі. (Абақтың басым көпшілігі — Қытай мен Монғолияда (Оларды алпыс болыс болған деседі). Ашамайлы ішінде біз Сибанбыз. Одан Ерімсары, Қортық Күнгене, Шоқыматар, Шимойын. Бастапқы үшеуінің ұрпақтары қазіргі Қостанай облысының Ұзынкөл және Урицкий аудандарында және Солтүстік Қазақстан облысының Преснов, Октябрь, Ленин аудандарында тұрады. Шоқыматар — Ақмола облысының бір ауданында Шимойынның үшінші тоқалынан Жылыбай, Қосай деген кісілер туған екен. Қосай — менің жетінші атам. Бастапқы екі шешемізден туған балалардың біразы Семей облысының Цұбартау ауданында, басым көпшілігі Монғолияда сияқты.

Ғабит Сибан ішінде — Қортыққа жатады. Қортықтан Тоқпамбет, Сейіт туған екен. Тоқпамбет тұқымы өсіп біздің заманда екі старшина ел болды. Сейіт тұқымы өспей, жалғыз-жалғыздан туып келді де, ең соңы менің Зәуре дейтін апамнан туған жиенім — Нұрке (Нұрсұлтан) Сүлейменов Совет Армиясында кіші офицерлік қызметте жүріп, Ұлы Отан соғысы күндерінде ерлікпен қаза тапты, сонымен Сейіт ұрпағы бітті!..

Ғабит Тоқпамбет ішінде Беспайға жатады. Осы арада бір кішкентай «кілтпанды» айта кету керек. Ғабит туған ауылды Сибан ішінде «Түрікпен дейді. Оның себебі мынау Беспайдың сегіз ұлының бірі — Тасболаттан Қуат, Сәдір деген екі ұл туады екен. Тасболат бай болған екен, оның қалың жылақысын бақтыруды баласы — Қуат басқа-

рады екен. Бір күндері Қуат жайылған жылқыны аралап жүрсе, бір жас жігіт атын қаңтарып, жерде ұйқтап жатыр екен дейді. Қуат оятып жөнін сұраса «затым түрікпен, батыр жігіт ем, ханымызға қарсы болам деп қуғынға ұшырадым да, осылай қарай қаштым, ұлы жоққа ұл болуға «зірмін» депті. «Ендеше маған ұл бол» депті Қуат. Жігіт соған көнгеннен кейін, атын Жолғұтты қойып үйіне алып келіпті де, Әділбай деген баласы өліп, жесір отырған келінін қосыпты. Жолғұтты сіңісіп жақсы бала болып кеткеннен кейін, балалы-шағалы болғаннан кейін, Қуат енші беріп «Қояншоқ» дейтін ағашты, шұрайлы жеріне қыстау салдырады.

Жолғұрттыдан Еламан туған екен. Менің аулымның қазіргі мекенінде «Еламан» атты көл бар. Жолғұттының да, Еламанның да зияраты осы көлдің теріскей жағындағы дөңесте. Ескі зияраттардың үстіне қалың шие шығады.

Еламаннан Әсіреп, Мүсіреп, Кенжетай туады. Мүсіреп орта дәулетті кісі екен дейді. Ол сөзге шешен, іске қажырлы адам болса керек. Сондықтан, Сибан ішінде ғана емес, бүкіл Керей руында әрі ірі бай (бес мың жылқысы болған), әрі ірі феодал болған, әрі батыр боп, патша үкіметінің әскерін бастап Кенесары Қасымовты Арқаға қарай айдап тастаған, сол қызметі үшін Хорунжи чинін алған, ХІХ ғасырдың орта кезінде, Құсмұрын дуанының Сұлтан-правителі Шыңғыс Уәлихановты түсіріп, орнына Сұлтан-правитель болған Есенеі Естемесов, Мүсірепті оң қолы ғып ұстап, өз ауылының қасынан қоныс беріп, қыстау салдырған. Дөңес жерге жалдана біткен бұл ағаштың атын «Елтің жалы» дейді. Елтің — Қыпшақтың Күрлеуіт руынан шыққан адам екен, өзі Есенеідің туған апасын алған жездесі екен. Елтінің әкесі Нияз:

Абылай аспас Арқаның сары белі,  
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі.  
Қырық мың жылқы түссе де ылайланбас,  
Нияздың Аюлы мен Қаракөлі,—

деген өлеңіндегі Нияз. «Нияздың қаракөлі» Баян мен Ереймен тауларының арасында екені мәлім. Қалың Күрлеуіт елі де сол маңайда деседі. Есенеі Елтінді қасына содан көшіріп алған. Артынан басқа Күрлеуіттер де келе бастап, жеріне симайтын болған соң, Есенеі оларға Қостанай облысының қазіргі Урицкий ауданынан жер берген. Қазір ол арада үш колхоз Күрлеуіт бар. Шоқан Уәлиханов 1841 жы-

лы «Едіге батыр» жырын жазып алған Күрлеуіт Жаманқұл (Шоқанда қатеден «Жұмағұл» аталған) ақын осы арадағы Күрлеуіттен шыққан. Елтінді басқа қонысқа көшіргеннен кейін, оның мекенін Есенеі Мүсреповке берген. Ауыл шаруасы колхоздануға дейін, Түрікпен ауылы Елтің жалын мекендеп келді. Қазір ол, Қостанай облысы, Пресногорьков ауданы «Жаңа жол» аталатын Ғабиттің туған ауылының қарамағында. Ертерек кезде, кейбір шығармасына Ғабиттің «Елтің жал» деп қол қоятын себебі осыдан.

Мүсреповтен Кәжімбаіі, Ботбай туады. Кәжімбаіі мөмын мінезді, кедей шаруалы болған, шаруа бағудан басқамен айналыспаған адам. Оның қылығындағы ерекшелік — ұмытшақтық пен ұйқышылдық екен. Осы жайда, ел ішіне тараған нешетүрлі қызық әңгімелер бар. Кәжекең 1931 жылы, тоқсан бір жасында қайтыс болды. Сонда сақал-шашы ағарған жоқ. Ботбай елдегі маңғаз жігіттердің бірі болған, ол балуан да, шешен де, әнші де, қобызшы да, күлдіргі де адам екен. Дәулеті шағын бола тұра, ол жазғы, қысқы үйлерін таза ұстаған, өмір бойы әдемі киінген. жақсы ат мінген, сері болған кісі. Есенеідің мал-мүккіне не болған күйеуі (Есенеіде ұл бада болмаған)— Торсан Тілемісов, өзі болыс кезінде Ботбайды төрт биінің бірі ғып ұстаған. Кейін Ботбай Торсанмен араздасып, өмір бойы дауласып өтті. Ботбай 1911 жылы, 56 жасында қайтыс болды.

Кәжімбаідан: Мақмет (Махмұт), Ақан, Мақан, Самырат туады. Мақметті (Ғабиттің әкесі) Мүсреп бауырына салады да, Кәжімбаііға енші бергенде алып қалады. Мақмет сол үйде өсіп, сол үйде үйленіп, сол үйден енші алып шығады. Мақметтің әйелі Дина, Обаған бойын жайлаған Шекті руында (Арғынның бір бұтағы) Оңғарбай деген кісінің қызы екен. Түрікпен ауылынан атпенен екі-үш күндік бұл елден, Динаны Мақметке, ат үстінде көп жүретін Ботбай айттырған екен деседі. Мақмет мұсылманша сауаты бар, кітап, газеттерді қарап отыратын, ақылды, парасатты кісі еді. Оның бір сайлауда ауылдық старшын болғаны да бар. Дина үлкенге келін боп, кішіге жеңге боп, жастарға шеше боп жаққан, мінезі биязы, бейілі кең, асы дәмді, абысын-ажын арасында ұйымшыл, ақылды болған кісі. Ол менің кіндік шешем. Мен Түрікпен ауылында туған екем де, жерден Ботбайдың бәйбішесі — Тұрағал көтеріп ап, кіндігімді Дина кескен екен. Сондықтан да және ақылды, пейілді адам болғандықтан да, Дина апайды өл-өлген-

ше сыйлап, алдынан кесе-көлденең өткем жоқпын, сыпайылықтан басқа сөз айтқан жоқпын. Дина 1959 жылы 82 жасында қайтыс болды. Шаруасы кедей Кәжімбайдың өзге балалары — Ақан, Мақан, Самырат өмірлерінің көпшілігін жалшылықта өткізді. Ақан мен Самырат ертерек өлді. Мақан (бұл кәдімгі «Өмір мектебінде» сыйпатталатын жылқышы — Мақан әлі тірі) жалшылықтан ол ауыл шаруасы колхозданғаннан кейін ғана босанды. Бала-шағасы өскен, өзі де еңбекші ол, туған ауылы — «Жаңа жолда» соңғы отыз шақты жылда жақсы тұрып келеді. Қазір оның жасы сексенді алқымдап қалған болу керек.

Мақметтен: Хамит, Сәбит, Ғабит, Баязит, Гүлсім, Әшім туады. Хамит оқу жасына жараған шақта, сол елге («Сағындық ауылы» дегенге) Уфа қаласындағы медресе Ғалияда оқып жүрген Қамал Жайсақов (Қаз дауысты Қазыбектің ұрпағы) келеді де, жаз айларында мұғалімдік құрады. Бұрын қадымша аздап оқыған Хамит, «төте оқу» аталған жәдиттен тез сауаттанып, шәкірттердің алдыңғы қатарында болады. Революция жылдарында, Хамит қысқа мерзімді курстан өтіп, 1917 жылдың күзінен өз еліндегі бастауыш мектепке мұғалім болды. Мен өзім де 1918 жылы Хамит сабақ берген мектептен қазақша сауатымды аштым. Сонан бері алдынан жүздеген балаларды өткерген (олардың көбі даңқты кісілер боп кетті) Хамит ағай (1894 жылы туған), сол мектепте әлі күнге дейін мұғалім. Қырық жылдан астам ауылдық мектепте қызмет сіңірген бұл қадірлі адамның кеудесінде Ленин ордені жарқырайды.

Сәбит («Түркпен тұқымы өскелең» деп, менен бұрын ұлы болмаған әке-шешем, маған осы Сәбиттің атын қойған) жұмысшы жігіт еді. Мақмет үйінің дөңгелек шаруасын баққаннан басқада жұмысы жоқ ол. 1936 жылы қайтыс болды. Ғабит туралы кейінірек айтамыз. Баязит көп жылдан бері партия мүшесі. Ертеректе мұғалім де болған, аудандарда советтік қызметтер де атқарған ол кейінгі жылдарда газет қызметкері. Қазір Қостанайдағы «Ленин жолы» газетінде. Гүлсім де көптен бері ауылдық мұғалім. Шешек дертінен бала шағында құлағы кеткен Әшім, зиректікпен жақсы сауат үйреніп, ертеректе баспа орындарында қызметкер еді, соңғы жиырма шақты жылда туған ауылына барып ұсталық қызметіне орналасты. Сонан бері сол қызметте.

## 2. ҒАБИТТИҢ ӨЗ ӨМІРІ ТУРАЛЫ

Оның азанмен қойған аты — Ғабде-эл-Ғабид. Бұл арабша — «құлдың құлы» деген сөз. Ғабиттің бір кезде, кейбір жазуларына осылай қол қойып жүрген шағы да болды.

Ғабит документтерінде «1902 жылы туған» болып жүреді. Отызыншы жылдардың аржағында, оның документтерінде «1900» деген цифр болатын. Осы «қайшылықтың» себебі неде?

Өзара ойнағанда, біз Ғабиттің мұнысын «жасарғысы келуі» деп дәлелдейміз. Онымыздың жаны да бар, өйткені, жүріс-тұрыс жағынан, киіну-сәндену жағынан жігітшілік я аңшылық құру жағынан қазіргі қазақ жазушыларының ішіндегі серіміз бен салымыз Ғабит екені рас. Мұндай адамның көп көзіне жасырақ көрінуге тырысуы да табиғи іс.

Осы жайда тағы бір ойынымыз бар: Отан соғысынан кейінгі жылдардың бірінде, Алматыға, Ғабиттің үйіне Дина апай келіп, мәжілістесіп отырғанымызда, мен ол кісіден Ғабиттің туған жылын сұрадым. Сонда Дина апай, «Қай жылы екенін қайдан білейін» деді де, маған «қазақша жыл қайыра білуші ме едің?» деген сұрау қойды. Мен «білем» дедім. «Ендеше,— деді Дина апай,— Ғабит те, сен де сиыр жылы туғансыңдар: сен басында, Ғабит аяғында. Содан санап ала бер!»

Санаған шағымызда, Ғабиттің да сөзінің жаны болып шықты: мен туған жылдың «сиыры» — 1900 жыл болар деп жүрсем, анық бір мәліметте «1901 жыл» екен. Қазақша жыл наурыз айымен — яғни марттың жиырма екісінен басталады. Сонда, егер мен 1901 жылдың апрелінде тусам, (бұл жасымды Ғабитша дұрыстауға тырысқан жоқпын, себебі — бір жас жасарғанда қайда барам?!), сиыр жылының аяғында туған Ғабит, әрине, 1902 жылы туған болады.

Мақметтің шаруасы дөңгелек болғанын жоғарыда айттық. Бірақ, ол, бірінші жақтан — Ботбай қолынан енші алғандықтан, екіншіден — Кәжімбайдың басқа балаларына сүйенгендіктен, өзі жалшылықта жүрмеген, «ел адамы» аталатындардың санатына қосылған кісі. Шаруасы шағын бола тұра, ол үлкен ұлы Хамитті жалшылыққа бермей оқытқан, Хамит мұғалімдікке ілінген соң, Мақметтің шаруасы аздап түзеле бастаған. Дегенмен, Хамиттің аз табысы көп жанға көмек бола алмаған соң, мал-түлігі болған шақ-

тарында Мақмет Сәбит пен Ғабитті жаз маусымдарында жалшылыққа да берген. Ғабит, мысалы, 1914—15 жылдардың жазында, ауылының қасындағы Исаевка селосының сиырларын жаяу бағуға жалданды.

1916 жылдың жазында, Ғабиттің нағашысы — Оңғарбайдың балалары (аттарын ұмыттым) приемға ілігеді де, қолында шаруаға жұмсар адамы қалмаған Оңғарбай Ғабитті үйіне алып кетеді. Ғабит сол үйдің қолғабыс жұмысында жүрген шақта февраль революциясы болады да, Оңғарбайдың майдан жұмысына кеткен балалары қайтады, Ғабиттің қолы жұмыстан босайды. Енді не істеу керек...

Сол ауылда, Ыбырай Алтынсарин системасымен ашылған орысша — қырғызша (қазақша) бастауыш мектепте қызмет атқарып жатады екен, учителі — қазақ әдебиетінің революциядан бұрынғы ақындарының бірі, 1913 жылы «Жиған-терген» деген атпен өлеңдер жинағы шыққан, демократтық бағытта болған, ауыл мектебінде елу жылдай үздіксіз еңбек атқарып, кеудесіне Ленин орденін қадаған, Коммунист партиясының мүшесі, Ұлы Отан соғысынан кейін, қартаң жасында қайтыс болған — Бекет Өтетілеуов. Ғабиттің айтуынша, бұл Бекет патша үкіметіне де, Алаш-ордаға да қарсы болған адам.

— Патша тақтан құлады деген хабар анықталғаннан кейін, — деді Ғабит, — бұрын міндетті түрде, школаның төрінде ілулі тұратын II Николайдың портретін Бекет жұлып ап жерге тастап, оқушы балаларға тепкілетті. Патшаның кім болғанын, февраль революциясының не екенін мен 1917 жылы мектеп қабырғасында Бекет Өтетілеуов, аузынан естідім.

1917 жылдың алғашқы алты айында Бекет школынан орысша оқыған ересек Ғабит, тілі жетілмегенмен, орыстың жазу-сызуына төселіп, бастауыш білімді еңсеріп тастаған сияқты. Сол жылдың күзінде еліне қайтқан Ғабитті, әкесі енді жалшылыққа салмай, қазақша — Ыстап, орысша Пресногорьковка аталатын казак-орыс (казачество) станциясындағы «бастауыштан жоғары» аталатын орысша жеті жылдық школаға сабаққа береді. 1918 жылдың көктемінде, ағасы — Хамиттің мектебінен сауатымды ашып жүрген шағымда, Ғабиттің менен орыс тілінен экзамен алатыны («Өмір мектебінің» бірінші кітабының аяқ жағын қараңыз), маған достебреннің (удостоверение) «үлгісін» жазып беретіні осы школадан оқып жүрген шағы.

Одан кейін, Ғабитті мен, 1920 жылдың қысында Ыстап-

та оқуда жүрген күндерінде жолықтырдым. Қазақтар Ыстапты орысша «штаб» деген сөзден бұрмалап алған. Патша өкіметі қазақ даласын отарлаған шақта, Орал, Орынбор, Троицк, Петропавл, Омбы, Семей, Өскемен аталатын қалалар салып, солардың арасында казак-орыс станицаларын тартқан ғой. Сол кезде Троицк мен Петропавл арасындағы ең зор станица осы Пресногорьковка болып, соғыс штабы орнап, атаман сонда тұрған. Қазақтардың «Ыстап» деуі содан. Жыл сайын, көктем кезінде Ыстапта үлкен жәрменке ашылып, алыс жерлердің саудагерлері келеді екен. Ыстапта сабынның, бұлғарының, пиманың, ұнның кішірек заводтары болып, маңайдағы көшпелі ауылдар, осы бұйымдарды солардан алған. Ыстап бертінде мәдениеттің де орталығы болып, орталау школасынан бірталай қазақ балалары оқып шықты да, артынан көрнекті қызметкерлер болды. Мәселен: Ақмола губерниялық сотының председателі болып жүріп, 1927 жылы өлген Хажығали Қосаев, республикалық прокуратурада жауапты қызметте жүріп, отызыншы жылдардың аяғында қайтыс болған Махмуд Таукин, Қазан қаласында темір жол инженері болып жүріп, құлттың құрбаны болып кеткен Саруар Ташатов, көп жыл партиялық қызметте келе жатқан Өмірұзақ Даняров, офицерлік қызметте жүріп Ұлы Отан соғысында ерлікпен қазаға ұшыраған Қазі Есеналин, тағы басқалар. Ғабит осылармен бірге оқыды.

Ғабитқа мен 1920 жылдың қысында азық-түлік разверсткасының отрядын басқарып жүрген шағымда жолықтым. Мен ол кезде орыстың әрпін танығаннан басқа оқуын білмеймін. Орысша тілім «нан жеу» мен «бұйрық беруге» ғана жетеді. Сондықтан ба, әлде, рас солай ма, Ыстапта оқып жүрген Ғабит маған «орыс тілінің профессоры» сияқты көрінді. Ал, саяси мәселелерде мен оған «ұстаз» екем. Ыстапта оқып жүрген ересек қазақтар (ішінде Ғабит те бар), қазақ аузынан Совет өкіметінің жайын менен ғана естіген сияқтанды.

Одан кейін Ғабитті көруім — 1922 жылдың күзі. Көріспеген азғантай уақытта, Ғабиттің басынан бірталай оқиғалар өтіп қапты, жиырма бірінші жылдың февраль айында, сол маңайдағы құлақтар мен байлар Совет өкіметіне қарсы көтеріліс жасағанда Ғабит сол араның қызыл-партизаны — Дмитрий Ковалевтің отрядында болып, бандаларды жойысыпты. Одан кейін «Таузар» аталатын болыстың соғыс бөлімін басқарғанда ол бөлім жойылып, Ғабит

үйінде қызметсіз жүр екен. Оған табан аузында қызмет ұсындым: сол кезеңде, біздің арада қазақша — Жекекөл, орысша — Благовещенко аталатын селода, қазақтың аудандық милиция штабы құрылатын болып, начальнигіне біздің елдің атақты баіы және белді феодалы — Абылай Рамазановтың баласы — Сұлтан (орысша «реальное училище» аталатын орта школаны бітірген жігіт) тағайындалған екен; мен бұл кандидатураны ұнатпап ем, губерниялық милиция начальнигі Зікрія Мухеев, «жоғарыда бекіліп қалды, бұзуға болмайды, оған жақсы орынбасар табу керек», — деді. Сонда менің есіме көптен көрмеген, бірақ нелер істегені сырттан естіліп жүрген Ғабит түсіп, Мухеевке «осындай жігіт бар» деп ем, ол, «ризаласса тағайындайық», — деді.

Ғабит менің ұсынысымды қабылдады да, 1923 жылдың жазына дейін Жекекөл милиция штабында начальниктің орынбасары болып қызмет атқарды. Оның мінезі, жалпы қаталдау адам: Жас кезінде тіпті қатал болып, байларды, әсіресе ұрыларды өте қысып ұстаған. Сондықтан болу керек, 1922 жылдың күзінде Орынбор рабфагына оқуға түсіп, 23 жылдың жазында каникулға Петропавлаға келсем, губерниялық милицияға Ғабиттің үстінен шағымдар түсіп қалған екен. Осы жайды басқарушы жолдастармен кеңескенде, Ғабиттің Орынбор рабфагына оқуға кеткенін мақұл көрдік. Бұған ризаласқан Ғабиттің аулынан оқуға қалай аттанғаны, «Өмір мектебінің» екінші кітабында суреттелгендіктен, бұл арада қайталамаймын.

Орынборда Ғабит екеуміз әуелі Сәкен Сейфуллиннің пәтеріндегі (ул. Деевская, 5) қараңғылау кішкене бір бөлмеде тұрдық. Мұнда екі кереует симағандықтан, бір темір кереуетте құшақтасып жататын едік. Тұрақ жайынан ыңғайсыздық көргенмен, тұрмыс жағымыз жаман болған жоқ. Мен сол жылы Қазақстан Орталық Атқару комитетіне мүше боп сайланғам. Мүшелерге ол кезде червонец алатын ақшамен айына 75 сом беріледі. Ол тіпті көп ақша: мәселен, қойдың құны ол ақшамен бес сом, жүн матаның жақсы костюмі — он бес, жиырма сом, жаңа хром етік он, он бес сом... Сондай арзаншылықтан да және «қазақшылығымыз» бойымыздан арылмаудан да болу керек, екі бойдақ жігіт, соқа қара басымыз тұрып, Сәкеннің үйіне жұма сайын әкеп бір қой соятын едік те, азғантай ғана етін пайдаға асырып, көбін шірітіп алатын едік...

Рабфакқа түскен Ғабит, оқуды жақсы алып кетті. Оның

айтуынша, қоғамдық ғылымдар болмаса рабфактың былайғы пәндері бұрын өзі жеткен пәндер.

Келер жылдың оқуында, Ғабит екеуіміз «Советская» аталатын мейманхананың номерінде тұрдық. Мен өкімет мүшесі болғандықтан, номер бізге тегін берілді. Ғабит екеуіміз ол жылдың қысында, оқумен қатар, «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясында қызмет атқардық. Негізгі жұмысымыз үкіметтің газетке жарияланатын бұйрық-жарлықтарын аудару. Осы істің үстінде, мен өзім төмендегідей қызыққа ұшырадым: өкіметтің бір қаулысында — «Труженики сельских полей в текущем году проявили хорошую инициативу и успешно справились с уборкой хлеба» деп жазған екен. Мен «труженики» деген сөздің мағнасына түсінбедім де, редакция қызметкерінің бірі Бейімбет Майлиннен сұрадым. Ол да орысша шорқақ болушы еді, сондықтан «менде білмеймін» деді де, осы сөздің түбірін табу керек деп, «түбірі — «трус» дегеннен шыққан болар» деген жорамал айтты. Мен сол жорамалға тоқырадым да, «труженики» деген сөзді «қорқақтар» деп аударып, газетке сол қалпымен басылды да кетті. Сол бір кезде, Воскресенов деген орыс авторының мақаласын қазақшаға аударған біреу, атын да қазақшылап газетке «Жексембин» болып басылып кеткен. Осы екі фактіден кейін, көргіш біреу газетке «қорқақ жексенбі» деген фельетон жазып, жұрт маған көпке дейін күліп жүрді. Ғабиттің аудармаларында мұндай сорақылықтар болмауға тиісті. Орыс тілін жақсы білетіндіктен оның аудармалары дұрыс болуға тиісті.

«Совет» мейманханасы Ғабиттің алдағы семьялық өміріне жол ашты. Сол мейманханада, шыққан тегі ақтөбелік, жасамыс учительдердің біреуі — Әбіш Тойбазаров дейтін адам тұрды, (қызметі оқу комиссариятында болды ғой деймін). Арық та, талдырмаш, бойы шарғалау бұл кісінің Ұлтуған есімді зор денелі, жарқын мінезді, шала сауатты әйелі бар еді, балалары жоқ еді. Осы семьямен танысқаннан кейін, асы дәмді Ұлтуғанға Ғабит екеуіміз «нахлебник» болып, сол үйден қоректеніп жүрдік. Әбіш сол қыстың аяғында қайтыс боп, қолымыздан жерлестік.

1924 жылдың жазында мен елге каникулға кетіп, Орынборға күз қайтсам, Ғабиттің өмірінде «драма» басталып қапты. Сол бір шақта қазақ педагогика институтында Хұсни Яғфарова дейтін татар қызы оқиды екен де, Баймен Алмановтың үйінде тұратын осы қызбен, Ғабит Ұлтуған арқылы танысып, енді үйленуге ойлайды екен.

Мен бұл оқиғаға қарсы болдым. Оған себебі: Ғабит болыстық военком болып жүрген шағында «Сәпі балалары» аталатын байлардың біреуінің жас Қаншайым атты келінін алып қашып, үйіне апарған. Ғабит Орынборға оқуға аттанғанда, келіншек оның әке-шешесінің қолында қалған. Енді соны тастау маған қиянат көрінді де, Ғабит менің ырқыма көнбеген соң, елдегі туыстарына хат жаздым. Кешікпей Орынборға Ғабиттың ағасы Хамит келіп қалды. Ғабит ағасын да тыңдамай, Хұсниға кешікпей үйленді. Ғабиттің тұрақты семьялық өмірі осылай басталды.

Рабфакты мен 1925 жылы бітірдім де, сол жылдың жазында Қызылордада шығатын «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет атқарып, күз Петропавл барып «Бостандық туы» газетіне орналастым. Ғабитті содан кейін көргенім — 1928 жылдың күзі. Мен 1926 жылдың ортасынан 1928 жылдың ортасына дейін, Қызылорда қаласындағы Қазақстан Мемлекеттік баспасының (Казгосиздат) бас редакторы болып қызмет атқардым да, жаз ортасында ол қызметтен босанып, Ленинград мемлекеттік университетіне оқуға баруға жиналдым. Бас редакторлық қызметке мен Ғабитті ұсындым.

Орынбор рабфагын 1926 жылы бітірген Ғабит, сол жылдың күзінде Омбыдағы ауыл шаруашылық академиясына барып оқуға түсті. Менімен жиі хат жазып тұратын ол, 1927 жылдың басында «Әмірқан бидайығы» (американский пырей) дейтін тақырыпқа кітапша жазды да, Қазақстан Мемлекет баспасына жіберіп, біз басып шығардық. Менде Ғабиттің «осы кітапшаның ақшасы семьямызға жарты қыс азық болды» деген хаты бар.

Академияның бірінші курсы бітірген Ғабитті, Ақмола губерниялық партия комитеті 1927 жылдың күзінде (Ғабит сол жылдан партия мүшесі) Бурабай ауылшаруашылық техникумына оқытушы қып жіберді. Сонда жүріп, Ғабит «Теңіз тепкісінде» деген атпен алғашқы ұзақ әңгіме жазды да, Қазақстан Мемлекеттік баспасына жібереді. Осы әңгіменің қалай жазылып, редакциясы қалай жасалып, «Тулаған толқында» деген атпен жеке кітап болып басылар алдында, Ғабиттің өз қолымен 1928 жылдың 18 апрелі күні маған жазған хаты бар. Оның жазушылық жолын ашқан осы хатты төменде түгел келтіруді мақұл көрдім.

## «СӘБИТ!

Бүгін сенің хатыңды алдым. Әңгіме менің «Теңіз тепкісі» жайында болғасын, мен де сол туралы жазбақпын. Негізінде оны қысқартып, яки түзегеніне алғыс айтпасам ренжімеймін ғой. Бара салысымен басу жағын қарастырағаның, мені ілгері сүйремесе кейін кетірмес. Біраз елігіп, алғашқы екпінмен көр-жсрді жазып тастауым да мүмкін. Шарт деген жағын өзгертуге құмар еместігім саған жасырын сыр болмауы керек: мен гонорары емес, еңбегімнің өзін бағалайым. Менің көбінесе көкейімді тесетін ақшасы емес, жазғанымның іске аса алғаны екендігін аңғар. Енді хатыңды бөлшектейік:

Мен әр бөлімді нығыз түймегендігімді білем. Бірақ оның өзіне бір баға бермекші едім. Көркем әдебиетте менің бір сүйетін нәрсем, жалғасы білінбей көбінесе, жалғасы келесі бөлімді оқып отырғанда ғана сезілсе екен деймін. Бұл мүмкін ескірген түр болар. Сөйтсе де мен осыны ұнатам. Жазушылар әсіресе байламын көрсетіп қоятыны бар, мен оны ұнатпаймын. Менің Гогольді сүйіп оқитынымды білетін едің ғой: көбінесе ол, маған осы жағынан ұнайды. Қазіргі беталыста, жасырын жақтар аз болу керектігін біле тұрсам да, мен ұнатқанымды істеп едім. Әрине, сендер көп. Әр жерде тексерген боларсыңдар. Бұлай болғасын көпшіліктің ауқымы ұйғарды — мен риза. Одасын, көпшілік көптен бері төселіп келе жатқан, бауыры жазылғандар, мен — шикі. Сондықтан сендердің — төселген көпшіліктің бетінен алуым әлсіздігімнен басқа нені көрсетер дейсін.

Менің тағы бір ұнатпайтыным: алған теманың өзінен басқа, ешқайда бұрылмайтын әдет. Мұны мен жек көрем. Әсіресе болмысы, тұрмысы..., тағы тағылардың ізі түсіп отырса екен. Осы күні (меніңше) жазушылар «саяси жақ» деп алғанда, басқа жағын ақсақ тастайды. Мен оған қарсы. Сондықтан қай күнде болса да, менің жазғандарым көлденең материалды көбірек қосып отырады. Бұл әдетті (әзір жүзеге асыра алмаған әдетті) түбінде, жазып кете алған күнде де тастамасын деймін. «Теңіз тепкісіне» де бірталай көлденең материал кірген себебі сол еді.

Етістік деген бір ит қой. Өткен, қазіргі, келешек уақыттары араласып кетуі мүмкін. Алғашқы хатымда біраз беттерді көрсетіп едім ғой. Сөйлемнің аяғы көбінесе сказуемосқа тоқтайды да, сұмдық бәле болады.

Түгел алғанда, алғашқы адым әлсіз екендігіне не күдік болсын, кейбір алып тастаған жеріңе қарсылығым болса да баспаға беріліп қалғасын, әңгіме қысқа ғой. Мысалы: «Теңіз тепкісі» мен «Тулаған толқынның» қайсысында адамгершілік, достық көп екеніне таластап кейін ғана мойын сұнар едім. Матвейдің бай екені бір жанды жасыруға бөгеті жоқ еді. Өйткені, ол саудагер, қазақтардың балығын алып үнемі еңбегін жейді. Байлар көбінесе, іштен жейтін әдетін ескермеген екенсің.

Қысқасы, кітапшаның басылғаны үлкен қуаныш. Түзегеніңе алғыс. Сыншылар, кемін көрсетсе тіпті жақсы.

Қайтадан сенің хатыңа келейік (басына қарай). Сенің «Ағаш қамшың» маған да тиетін секілді (кейбіреулер «бәлен жолдамын» деп, босқа қомпиятыны бар ғой, сол секілді болып кетпесе?) Өйткені қалам сүйген болып, «идеология» деп шатасудан құр емеспін ғой. Басқалардың неге қатынаспайтынын білмеймін, өзім туралы мынашы ғана айта алам: мен болып жатқан айтыс-тартысқа<sup>1</sup> қатынаспаймын демеймін. Айтысты ұнататынымын да, ешкімді сынап көрмесем де, сынауды жақсы көретін әдетім де бар. Қорықпаймын да, түсінемін де. Бірақ мен қалам сүйе бастағалы мынадай екі кесір ұшыраттым: бірі, айтыс болып жатқан жерден алыс жатқандығымнан, кезінде қол жетпей қалады. «Е. Қ.»<sup>2</sup> көбіне дұрыс келмейтінін білесің ғой. Әлгі Шаймерденнің де, тағы біреулердің, Елжастың, Әзімбеттің, тағы басқалардың сынын көргенім жоқ, естідім ғана. Солар секілді нәрселердің көбі көрілместен кетеді. Кейде басын, кейде ортасын, әйтеуір бірдемесін толық оқи алмай қаласың. Солай болғасын қатынаса алу қиын.

Мен жазу ісіне қатынаса бастағалы жазатын орындардан кеудеге итеру болмаса, өзіңе тарту көргем жоқ. Жазуға жаңа араласа бергенімде «Е. Қ.» бостан-босқа шығарып тастағанын білесің бе? (Бейімбет, Смағұл тағы басқалары) Өзге өзге болсын, Бейімбет көрер көзге құйыршықтанып мені алдауға кірісті. Алдамастан тура айтса қайтеді?.. Әрине, жазу үшін газет маңында қызмет міндет емес. Мадагаскарда жатып та жазуға болады. Бірақ газет күнбе-күн сабақ береді. Одан кейін де газетке жазып қарадым. Ең нашар дегендерімді басады да, жақсы дегендерімді баспады. Саған айтылмаған мынадай бір әңгіме болды. Былтыр «Оқшау

---

<sup>1</sup>Көркем әдебиет туралы айтыс. С. М.

<sup>2</sup> «Еңбекші Қазақ» газеті. С. М.

сөз» бәйгесі кезінде Омбы оқушылары бірігіп «Е. Қ. ға» екі оқшау жібердік. Біреуі «Қалаудың өмірі», екіншісі «Май сасыса тұз себеді, тұз сасыса не себеміз?» деген оқшаудың несі Қартқожа еді. Сөзін құраған мен едім, екі рет Омбы оқушыларының алдында оқып, сынап түзеп, жібергенбіз. Біреуі де басылмады. Өйткені бірі (алғашқысы) Аббас туралы да, екіншісі Абдрахман туралы. Коммунистерді түйрелеуіміздің өзі бір қата болар. Бірақ біз кім екені туралы, ашық түсіндіріс бергеніміз жоқ. «Көменес» жағынан ешнәрсесі жоқ еді. Баспады. Екінші рет, барлық оқушының қолын қойып «басылуын» сұрап жаздық. Міне осы арада бір иттік араласты. Біздің хатымызды конвертін жыртып оқыпты да, «Е. Қ.» Қызылжардағы «Б. Т. ға»<sup>1</sup> айдап кеп қалыпты. Сыртында «Айсаринға» деген бар да. Дәлелді сол. Бірақ хат емес, мақала болғасын, мақала екенін конвертті жыртып, оқып көргенсін, Айсарин неге қудырады? Міне бұл иттік. Күздігүні «Көлеңкенің көлеңкесі» деген бір оқшау тағы жаздым. «Е. Қ.» өз кемшіліктерін айтса баспайтынын, әсіресе басындағы қызметкерлерінің қол жаулығы болып кететін жақтарын айтқан едім. (Дұрысында баяғы Сәкен, Молдағали, Смағұлдардан бері қарай Аббасқа дейін «Е. Қ.» арқылы өз әдістерін жүргізбеді дей аласың ба?) Бұл және басылмады. «Е. Қ.-қа» жазу да, таныс біреуің болмаса, мақалаңды оқу да қойылды. Сөйтіп газетке қатынаспай, күнбе-күнгі хабардан, айтыстан сырт қалдым. Жаза алсам кітап жазғым келді. Осының барлығы «Ағаш қамшы» етпей не қылады? Бір ұйымның, тілектес жолдастардың маңайында болсам, мүмкін қатынаса алған болар едім. Жөндеп жаза алмағасын кеудеге итеру дұрыс та шығар. Бірақ өйтпес едім. Қаламынан үміті бар адамды бауырға тартар едім. Мінекей, Сәке, осындай жайлар мені күнбе-күнгі айтыс-тартыстарға қатынастырмай келді. Мені нағыз сүйетін жақтарымнан жырып тастады. Үміт кеспе, кейін орталарыңа барып, ат ерттеуге жарармын.

Сен оқуға барамын дейсің бе?— Қайда? Қашан? Неге? Тоқта! Ендігі жылы бірге Литхудқа<sup>2</sup> барайық! Жарай ма? Жаз! 15-майда елге келу ерте...

**Сәбит!** Ғабит мына хатын аяқтамай кетіп қалған екен. Почта келіп қалғасын мен беріп жібердім, қалған сөзі болса тағы жазар.

<sup>1</sup>«Бостандық туы» газеті, С. М.

<sup>2</sup>«Көркем әдебиет институтына» дегені. С. М.

Өзімізден бәріңізге көп-көп сәлем! Хат жазыңдар. Мен өзіме тиісті ақшаны күтіп тұрмын.

Достық сәлеммен Хұсни».

18/IV

Көркем әдебиетке осылай бейімділігі болғандықтан және идеологиялық беті дұрыс деп ойлағандықтан, менің ұсынуыммен, Қазақстан Өлкелік Партия Комитеті (Қаз. крайком) Ғабитті Қызылордаға шақырып алды да, Қазақстан Мемлекеттік баспасына бас редактор ғып қойды. Мен оқуға, Ленинградқа жүріп кеттім.

Қаражат жағым аса қысыңқы болғандықтан маған университетте бірақ жыл оқуға тура келді де, 1929 жылдың күзінде Қызылжар барып, «Кеңес ауылы» газетіне редактор болып тағайындалдым. Бұл кезде газет-журнал беттерінде бірталай әңгімелері басылып, жазушы атанып қалған Ғабит екеуіміз, әдебиеттік кейбір мәселелер туралы баспасөз бетінде қаттырақ айтысып та қалдық. Келер — 1930 жылы мен Москвадағы Қызыл профессорлар институтына оқуға кеттім де, Алматыға 1936 жылы оралдым. Бұл мезгілдің ішінде Ғабит Қазақстан Мемлекеттік баспасының директоры болып, одан кейін «Социалистік «Қазақстан» газетінің редакторы болып қызмет атқарған екен де, 1936 жылы Қазақстан Орталық Партия Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгеруші қызметінде екен.

1956 жылдан бері Ғабит Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары. 1958 жылдан Қазақстан Ғылым академиясының академигі, сол жылдан СССР Жоғары Советінің депутаты.

### 3. ҒАБИТТІҢ ЖАЗУШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Бұл очерктің мақсаты Ғабиттің әдебиеттік еңбегін толық талдау емес, оның өмірбаянымен ғана қысқаша таныстыру.

Жазушылық алғашқы бетінде, қазақ совет әдебиетіне Ғабит сіңірген жақсы екі еңбегі бар: біреуі — жиырма-сыншы жылдардың аяғында қатты шиеленіскен тап тартысы, көркем әдебиетке де әсерін тигізіп, алашордашылармен байшыл-ұлтшылдар өлмеуге жан таласқан шақта, Ғабит идеологиялық майданның алдыңғы қатарынан орын алды да, социалистік құрылыстың жауларын публицистикалық қаламымен де қатты түйреді; екіншісі, осы бағытта көркем шығармаларымен де қызмет атқарып, ауылдағы тап тар-

тысының сол бір кездегі айқын және көркем бейнесін көрсететін бірнеше әңгімелер жазды.

Бұл жүйедегі табысы мол да, көрнекті де болған Ғабит. «Көк үйдегі көршілер», «Бір адым алға», «Туннель», сияқты кең көлемді прозалық шығармаларға да құлашын ұрғанмен, ол талабы сәтті бола қойған жоқ, аталған повестер мен романдар аяқталған жоқ. Көлемді прозада Ғабиттің алғашқы сәтті еңбегі, меніңше, «Қазақ солдатты» (1949 жыл). Мазмұны қызғылықты, жазылуы көрікті болғандықтан, бұл роман Совет Одағында да, шетелдерде де бірнеше тілге аударылды. Одан кейін туған «Оянған өлке» (1953 жыл), бірінші кітап Ғабиттің прозадағы бойы бұрынғыдан да биіктей түсуіне кепіл болды. Бұл жайда Ғабитқа қояр тілегіміз: «Оянған өлкенің» екінші кітабы да тезірек жарық көруі және бірінші кітабындай сәтті шығуы.

Ғабит 1936 жылдан бері драматургия жанрымен де шұғылданып жүр. Бұл жүйедегі оның тұңғышы «Қыз Жібек» аса қызғылықты жазылғандықтан, күні бүгінге дейін театр көрушілерін өзіне құмарттыра түседі. Драмалық театрларда ойналатын «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» мен «Ақан сері — Ақтоқты да» сондай. Ғабит бұл үш пьесада, меніңше, қазар драматургиясының ең күшті өкілінің бірі. Тарихи тақырыпта осындай жетістікке ие болған Ғабит, меніңше, советтік заманның тақырыбына ондай күшті емес. Бұл тақырыпта қазақ драматургиясында оның алдына түсіп кеткен кісі де жоқ. Дегенмен сахна заңын жақсы білетін, драматургия заңын жақсы білетін, тарихи тақырыпта жазған пьесаларында жақсы шеберлік көрсеткен Ғабиттен жаңа тақырыпта да шарықтар деп үміттенеміз.

Ғабит қазақ совет әдебиетінде очерк жазуға да төселген адамдардың біреуі. Бұл жанрда да оның қаламынан көптеп туған жақсы шығармалар бар. Соңғы он шақты жылда, осы аса қажетті жанрда да аз жазуын мақұлдай алмаймыз.

Қазақ совет әдебиетінің мәселелерін талқылауға да Ғабит сіңірген еңбек аз емес. Ол соңғы отыз жылдың ішінде көркем әдебиеттің партиялығы үшін үздіксіз күресіп келе жатқан адамның біреуі. Көп жылдар біріне-бірі жалғасып келе жатқан бұл еңбегінің соңғы жемісі — биылғы жылдың март айында болып өткен қазақ совет жазушыларының төртінші съезінде жасаған баяндамасы. Ғабиттің осы жемісті және қажетті істі ілгері алып баруына сеніміміз күшті.

Қазақ совет әдебиетіне Ғабит сіңірген зор еңбектің бі-

реуі — орыстың және Европаның классикалық шығармаларын қазақ тіліне аудару. Өзі де жазушы болғандықтан және орыс тілін жақсы білетіндіктен, оның аудармалары дәл де, сапалы да болады.

Ғабиттің жазушылығын тұтас алғанда, өзіне тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші — бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды; екінші — бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды, сондықтан шығармаларының шикісі аз болады; үшінші — жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші — шығармасына өте ұқыпты, сондықтан хал-қадары жеткенше, олпы-солпысыз шығарады; бесінші — тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншы — жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; жетінші — адам портретін жасауға, қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі.

Ғабит биыл 57 жаста. Ол ойы да, бойы да толысқан адамның біреуі. Сондықтан да, алдағы күндерде қазақ совет әдебиетін байыта түсуге белсене араласып, өзі шұғылданып және төселіп жүрген жанрлардан, әлде де көрнекті шығармалар берер деген үміттеміз.

26.XII. 59 ж.

## АЛЕКСАНДР ФАДЕЕВ ТУРАЛЫ

Қашан да жақсы көретін бір адамың қазаға ұшыраса қатты қайғыра тұра, онымен қайда, қалай ұшырасып, қалай дос болғаныңды, достық көңілмен бірге өткізген күндеріңді еске түсіресің. Бүгінгі күн де мен үшін солай болып отыр.

Телеграф аса ауыр хабар әкелді, көп ұлтты, бір мазмұнды советтік әдебиеттің ең зор тұлғасының бірі — Александр Александрович Фадеев қайтыс болды!.. Бұл бүкіл Отан үшін де, кемелді шағында қазаға ұшыраған ұлы жазушының достары үшін де өте зор қаза!.. Өзімді марқұмның жақын жолдастарының қатарына қосатын мен үшін де бұл аса ауыр қаза!..

— «Өлдіге» қимайтын жақын адамның бейітін көрмеудің де көңілге тоқ болатындығы бар. Телеграфтың хабарынан қайғылы оқиғаға сене тұра, өлі денесін көзбен көрмеген соң, жолдас Фадеевті «өлді» деуге қимаймын, өйткені дәл осы секундта, онымен өмір жолында кездескен бірнеше түрінің тірі галереясы көз алдымда тізбектеліп тұр.

Қазір еске түсірсем, Александр Александровичті менің алғаш көруіме биыл 32 жыл екен. 1924 жыл, қыстың аяғында, Москвада, әдебиетшілердің бір жиналысында, үстінде әскерлік киімі бар, ұзын бойлы талдырмаш денелі, сопақтау кескінді, кішірек көк көзді, күліңкірей сөйлейтін және сөйлегенде, көздерін қаға, екі қолын алдына сілтей екпінмен сөйлейтін ақ құба жас жігіт есімде қалған. Ол Маяковскийді жақтап сөйлеген, бес-алты жылдан кейін жақынырақ танысқанда білсем, сол жігіт, сол кезде жиырма үш жастағы Фадеев екен.

30-35 жылдарда мен Москвада болдым. Осы жылдардың ішінде, Жазушылар одағының толып жатқан түрде өтетін жиылыстарында, Фадеевпен сансыз рет кездестік. Сонда, жылдардың өтуі кескін-кейпіне, дене құрылысына табиғи таңбасын түсіргенмен, ешбір жағдай, ешбір заман өзгерте алмайтын екі қасиеті айқын көрініп тұратын еді, бірі әрдайым жылы ұшырайтын мейрімді кескіні, екіншісі, идео-

логиялық мәселелерде марксизм-ленинизм рельсінен аумайтын табандылығы.

Фадеевтің бұл екі қасиеті, Жазушылар одағын және Мемлекеттік сыйлық комитетін көп жыл бойына үздіксіз басқарғанда да бұлжымайтын түрде көрінетін еді. Ұлылық-кішілі талай жиналыстарда, мәслихаттарда кездескенде жарқын жүзді, әділ сөзді ол, барлық мәселеде де, үнемі лениндік-партиялық принциптен ұстараның жүзіндей де аумайтын еді. Және әділ өткірлігімен, көп мәселеде дәл тура кесіп, адал, әділ түйіп отыратын еді. Сондықтан да оны дос көрмейтін, оның әділеттілігіне күмән келтіретін адам жазушылар арасында болмайтын. сондықтан да оны бүкіл совет әдебиетінің әлемі, Алексей Максимович Горькийден соңғы ең жақын досы, ең сенімді ұйтқысы көретін.

Көп жыл істес және дос-жар адам болғанда, менің қайран қалатыным, Фадеевтің іскерлігі және уәдешілдігі еді. Қазір бәрін айтуға орын тар болғандықтан, бұл арада мен екі-ақ мысал келтіруді мақұл көрдім, бірі — Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» атты романына, бірі — менің «Сырдария» атты романыма байланысты.

Ғабиденнің жаңа ғана жарияланған «Миллионерін» «колхозды тақырыпқа осындай бір тәуір шығарма туды, оқуға уақыт табуыңды өтінем» деп алып барғанда, «жақсы, бірер күнде оқиын» деді Фадеев. Белгілеген уақытта жолықсам, романның аудармасын қолжазба күйінде қадағалап оқығаны, ол туралы айтқан пікірінен айқын көрініп тұр.

Менің «Сырдариямды да» Александр Александрович екі-үш күнде оқып шығып, ауызша да, жазба түрде де бағалы көп пікір айтты.

Қолжазба күйінде болсын, басылған күйінде болсын, қолына тиген көркем шығарманы тез оқу, ұққан пікірін адал айту Горькийден соң біздің совет әдебиетінде Фадеевтің бойынан көбірек табылатын қасиет еді. Одан жолдастық адал ақыл естімеген совет жазушысы біздің Отанда болмауға тиіс.

Фадеев шын мағынасындағы интернационалист еді. Жазушылардың съездерінде, пленумдарында, мәслихаттарында, жиналыстарында ол әдебиетіміздің ұлттық кадрларымен көп кеңесіп, көп сырласатын. Оның адал дастарқанынан дәм татқандарымыз да аз емес.

Фадеевтің кішіпейілдігі, үлкенді сыйлауы ғажап болушы еді. Москвадағы жазушылар клубында болған бір жи-

налыста, тәжіктің атақты қарт жазушысы Садреддин Айни кіріп кеп, орын тарлықтан босағада тұрыңқырап қалды. Сонда, сөйлеп тұрған Фадеев сөзін доғара салды да, Айниға барып, құрметпен қолтықтап, президиум столына әкеп отырғызды. Трибунадағы сөзін содан кейін жалғастырып әкетті.

Осы сияқты кішіпейілдік оның мінезі мен қылығында өте көп болатын.

Көп жыл бір майданда жолдас боп, көп жақсы қасиетін көрген жолдастық мінезін, қылығын, ісін толық сипаттауға бұл мақалада орын жоқ. Және олай жазудың кезеңі де емес бұл. Жақын адамы өлген кісіні қазақ «Басы қаралы, беті жаралы» десе, Фадеевтің жақын жолдастарының, олардың ішінде менің хал-жайымыз осындай!..

Ұйықта, қадірлі жолдас! Топырағың торқа болсын!.. Сен туралы айтатын сөздеріміз әлі көп. Сондай сөздерімізді айта жүре, сені әрдайым жүрегіміздің ыстық түкпірінде берік сақтаймыз!

«Қазақ әдебиеті», 1956 жыл, 18 май.

## ФАБИДЕН МҰСТАФИН ТУРАЛЫ

1926 жылдың жазында (июнь айының аяғы болуға тиіс) мен Қызылжар (Петропавл) қаласынан Қызылордаға ауыссам, әдеттенбеген адамға, бұл қаланың ауа райы күйіп тұр екен. Қалада жан-сая, тек, түнгі мезгілдерде ғана табылады: іңірден бастап күн шыққанға дейін ауа салқындайды да, күндіз көйлекшең әрең жүретін жұрт, кейбір кештерде костюм киеді. Салқын түнде серуендейтін жұрттың жүрер жері,— көшелер, әсіресе,— Карл Маркс, Ленин аталатын көшелер, өйткені — ол кезде, осы екі көшенің ғана бойындағы үйлердің қақпасына май шамның фонарлары ілініп, көмескі болса да көшеге сәуле түседі, өзге көшелердің бәрі де тастай қараңғы. Қызылордада ол кезде, бірі — «Жаңа», бірі — «Ескі» аталатын екі бақша бар, бірақ кешке жарығы болмағандықтан, күндіз болмаса, түнде ол бақшаларға жұрт аяғын аттап баспайды. Оған себеп «ұрылар жүреді» деген қауесеттің тарауы. Жұртпен бірге серуенге шығатын мен, уақытымның денін көбінесе Сәкен Сейфуллиннің қасында өткізем. Оған себеп: біріншіден, Сәкеннің күлдіргі әңгімелері көп және қызық болады; екіншіден, сол қызық әңгімелерді тыңдауға жолдас-жоралары көп жиналады. Жиналып серуендеген, ауыздары күлкіден жиылмаған жұрт, көбінесе, таң ата тарқасады.

Бірақ, бұндай компания күн сайын бола бермейді. Кейбір кештерде Сәкен етене болып кеткен азын-аулақ жолдас-тарымен ғана серуендейді, сонда, көбірек жүретін адамның біреуі Маркс пен Ленин бұрышындағы еңсесі биік, қыш (кірпіш) үйде тұратын Сәкеннің қақпа қасындағы көршісі — Фельбаум аталатын ергежейлі жебірей. Бұл адам аса шебер сағатшы. Бойының биіктігі 75 сантиметрдей ғана оның мінезі мейлінше тәкаббар. Ол Сәкеннен басқа жұрттың көбін менсінбейтін, «жас жазушымыз» дейтін біздерге пысқыра қарайтын, сөздері түйеден түскендей ірі адам. Өзі қолтоқпақтай бола тұра, әйелі биік бойлы, семіз, денелі адамнан алған. Фельбаум көшеге шықса, әйелі қасынан қалмайды және үнемі қолтықтап жүреді, сонда, қолының

басы, ерінің қолтығына әрең жетеді. Сәкен кейбір кештерін Фельбауммен және оның әйелімен бірге өткізіп серуендейді. Әйелі Фельбаумды сол жағынан қолтықтайды, Сәкен оң жағында жүреді. Жасының үлкендігінен бе, көршілігінен бе, такаббарлығынан ба — Фельбаум Сәкенмен «сен» деп сөйлесіп, қайдағы бір мемлекеттік, ғылымдық, немесе эстетикалық жайларды әңгімелесіп кетеді. Фельбаумның мінездерін көру, әңгімелерін тыңдау маған да аса қызық боп, Сәкенмен серуенге шыққан шақтарында қасынан қалмаймын. Фельбаумның такаббарлығы сондай — егер Сәкен атап шақырмаса, үйіне бас сұқпай көшеде ғана кездеседі. Күлкішіл, сықаққой Сәкен, Фельбаумды мінез-қылықтарын қызық көріп ертеді де, көзіне ешбір сыр білдірмей, тек, оңашада ғана «алай-былай» деп күліп отырады.

Бір кеште Сәкеннің үйіне барсам, Фельбаум екеуі қақпа алдында тұр екен. Серуендемей тұрған себептерін сұрасам, Сәкен «үйіме қонақ келетін еді» дейді. Кешікпей қонақтары да келді: өздерін «Спасовка жұмысшыларымыз» деп атайтын Нұрмақ Байсалықов, Аманбай Қаспақбаев, Шектібаев, Орымбек Беков дейтін жігіттер, қастарында әйелдері бар, бәрі де Қызылордадағы қызметкерлер. Осы адамдардың арасында: қисық жаға ақ көйлек киген, ақ кенеп шалбарлы, белін бұрамалы шашақты ақ белбеумен байлаған, көшенің көмескі жарығында өңі құқылдау көрінген, қылаңдау шашын кірпі (ёжик) ғып қырықтырған, жасаңдау жігіт байқалады. Сәкен маған оны «Біздің елдің жігіті, Ғабиден Мұстафин» деп, қасындағы қоңыр өңді, талдырмаш, әдеміше әйелді «келіншегі» деп таныстырды.

Сәкеннің қонағасысы қазақша ғана болатын: қымыз, ет, шай беретін, аздап қана ішімдік (көбінесе — қызыл шарап) қоятын, бірақ, өзі одан татпаған соң, қонақтары да сыпайысып, құмартып іше қоймайтын. Сәкеннің мәжілісінде, күлдіргі сөздерді өзі көбірек айтып, сыпайысыған қонақтары тыңдауды, күлуді жақсы көретін. Осы «тәртіпті» бір-саран ғана кісі бұзатын, сондайлардың біреуі Орымбек Беков. «Жұмысшы семьясынан шықтым» дейтін, сол бір кезеңде «Жер-су жұмысшыларының Кәсіп Одағы» аталатын мекеме де председатель болып қызмет атқаратын Орымбек, өте қуақы, әңгімешіл, күлдіргі адам болатын. Өзі орыс тіліне де, қазақ тіліне де, жүйрік, шешен адам. Сәкен үйінде болған мәжілісте сол адам ғана сумаңдай сөйлеп, көпті күлдіріп отырды да, басқа қонақтар сыпайылықтан аспады. Солардың бірі — әлгі Ғабиден Мұстафин. Кескін-келбетіне

жарықта қарасам, ол өңі ақшыл сары, көзі көк, кірпігі, қасы, шашы ақ сары, орыс өңді жігіт екен (ол жайдағы кейбір қызық әңгімені кейінірек айтам. Әйелінің аты — Зейнел екен. Осы арада бір қызық әңгіме айтылып, жұрт күліп алды: бұрынғы Омбы үйезінің қазақтарынан, революциядан бұрын шығып, бірнеше өлең жинақтарын жариялаған, өзі татаршылап жазатын «Зейнел-Ғабиден» есімді адам болған. Руы Қарауыл ішінде Жауар тұқымына жататын, әкімшілік орталығы Омбы болған ол, кітаптарының сыртынан аты-жөнін: «Зәйнә-әл-Ғабиден, әл Жауари, әл Омскауи» дей қоятын. Осы — «Зейнел-Ғабиденнің» «Зейнелі» де, «Ғабидені» де ерлі-зайыпты Мұстафиндерден табылды...

Ғабиденнің кім екенін, ертеңіне күндіз барғанымда, Сәкеннен естідім.

— Түндегі сарың кім? — деген сұрауыма, Сәкеннің берген жауабы:

— Арғы руында Қуандық, Сүйіндік дейтін тармақтар бар ғой. Ғабиден екеуміз осы Қуандыққа жатамыз. Қуандық: Алтай, Қарпық болып бөлінгенде, Ғабиден Алтай да, мен — Қарпықпын. Алтай: Сармантай, Мұрат болып бөлінгенде, Ғабиден — Мұраты да, әйелі Зейнел — Сармантай. Мұрат ішінде Ғабидендерді Матай деседі. Матайдан Қыдыр, одан Ғабиденнің әкесі — Мұстапа. Біздің Қуандықта: Ақ Мұстапа, Қара Мұстапа, Сары Мұстапа деген атақты үш Мұстапа болған. Қара Мұстапаның аты байлықпен шыққан. Ақ Мұстапа — қазіргі жоғарғы сот қызметкері — Сапар Мұстафиннің әкесі. Ол бай болмаған, бірақ ел ішінде беделді, әділ болған адам, сондықтан да ел «ақ» деген ат қойған. Сары Мұстапа — Ғабиденнің әкесі. Бұл да орта дәулетті, беделді, әділ және қажырлы кісі болып халық сыйлаған. Өзі діншіл болып, бір рет өз күшімен, бір рет беделдікке<sup>1</sup> — екі рет хажыға барған кісі.

Мұстападан бес-алты ұл туған болу керек, солардың бірі Ғабиден. Ол паспортында, — 1902 жылы туған болып жазылады. Ал, әкесі — Мұстапаның айтуынша, Сиыр жылы туған, онда «1902 жыл» емес, «1901 жыл» болып шығады. Шаруасы шағын адам болғанмен, Мұстапа өзге балаларын да, Ғабиденді де жалшылыққа бермеген, еркін, бұла ғып өсірген. Соның бір елесі, Ғабиденнің соңғы еңбегі «Дауылдан кейінде» көрінеді, романның бас геройы — Сапар Ғабиденнің өзіне ұқсайды. Өзге балаларына да «жақсы

<sup>1</sup> Баска біреуге жалданып бару.

жер» аталатын адамдардың қыздарын әперген Мұстапа. Ғабиденді алғаш, сол маңайдың атақты байы (қазақ арасына келіп қазақ болып кеткен өзбек) Сейіткемелдің Әубәкірінің қызына үйлендіреді. Бұл жөнде, 1948 жылы жазған өмірбаянында, Ғабиден төмендегі сөздерді айтады.

«Менің өскен ортам алпыс үйлі Елібай (атасының аты С. М.) ертерек жерінен айрылып, қоныс ауып, кедей болды. Сол кедейдің бірі, түбі өзбек, я қызылбас, Сейіткемелдің Әубәкірі деген, тұңғыш қызын маған атастырды. Әубәкір оныншы жылдан бастап саудаға айналып байи бастады. Жазы, қысы бір ауылда отырамыз. Байыған сайын бізді менсінбеуге айналады. Төрт-бес жылдың ішінде, әсіресе 1916 жыл Әубәкір бүкіл бір дуан елге ықпалын жүргізді. Қызын бермеуге айналды».

Кірме Әубәкір қанша бұлтаңдағанмен, рулы елдің тізесі шыдатпайды да, 1919 жылы қызын Ғабиденге береді. Келер жылы ол келіншек қайтыс болады. Содан кейін, бұрыннан іштей өштесіп жүрген Ғабиден, қайын-атасымен ашық күреске түсіп, оған совет заңдарын қолдана бастайды. Өйтуіне қолайлы жағдай да туып, милиционерлік қызметке орналасқан Ғабиден Әубәкірді қысымға алады. Бірақ, Әубәкір де қарап жатпай орысша оқыған балдызы және газет қызметкері Салкен Балаубаев арқылы және басқа да сойылын соғатындар арқылы Ғабиденнің соңына түсіп, ақыры, 1925 жылы оны сол кездегі Қазақстан орталығы — Қызылордаға кетуге мәжбүр етеді. Сәкеннің айтуынша, сол кезде Қазақстан жоғарғы сотында председателдің орынбасары болып қызмет атқаратын Сапар Мұстафин (оның қайдан екені жоғарыда айтылды) Ғабиденді қамқорлығына алады да, Әубәкір тарапынан келген жала-материалдарды қысқартып, Ғабиденнің өзін Жоғарғы Соттың іс тіркеушілік қызметіне орналастырады. Маған танысқан кезде Ғабиден осы қызметте екен. Осы жайларын айта келіп:

— Бұл жігітте жазушылыққа талаптану бар,— деді Сәкен маған.— Сен оған жазушылық ісіне жақындауға жәрдемдес.

Сәкеннің «жәрдемдес» деуіне себеп, мен Қызылордаға келе, жуық арада ғана ұйымдасқан Қазақстан Совет Жазушылар одағына (КазАПП) секретарь болып, оған қоса — «Еңбекші қазақ» газетінің партиялық және әдебиет бөлімін басқаратын болып қызметке орналасқам.

Редакция Ғабиденді газетті оқушыларына жөнелтетін экспедиция қызметіне бастық қып алды. Оның қарама-

ғында газет бүктесу ісін атқаратын топтың ішінде бала жігіт Әбділда Тәжібаев та жүрді. Тиісті қызметін атқартумен қатар, Ғабиденге біз әуелі газетке елден келген хаттарды қорыттырып, біразын жариялай бастадық. Осыдан жазу ісіне баулыған Ғабиден, 1926 жылы газет бетінде, «Малта», «Малай» атанған қысқаша әңгімелерін жариялауға айналды. Содан кейін Ғабиденді біз Жазушылар одағына мүшелікке алдық.

Ол кез, қазақ көркем әдебиет майданында айтыс-тартыстың қатты жүріп жатқан шағы, Октябрьден туған қазақ совет әдебиетінің қайткенде тез өркендеуі қызу талқыланып жатқан шақ, байшыл-ұлтшылдар қазақтың жас совет әдебиетіне қарсы күрес ашып жатқан шақ. Бұл мәселеде Ғабиден совет әдебиетін қолдайтындарға тілектес болды. Шама-шарқынша жазған өз шығармаларында ауылдағы тап тартысын көрсетуге, еңбекші таптың сойылын соғуға тырысты. Бірақ, кейін де әдебиет проблемаларын талқылауға белсене қатынаспайтын Ғабиден, ол кезде де бұл мәселеге араласқан жоқ.

Мен 1928 жылдың жазында Ленинград университетіне оқуға кеттім. Мүше саны азғантай (он, он бес шамалы ғана) Қазақстан Жазушылар одағының секретарьлық қызметінде Ғабиден қалды. Кейін, қалжыңдасқан сөздерінде, Ғабит Мүсреповтың «Жазушылар одағына мүше болғанда (1928 жылы) рекомандаторым Ғабиден еді» деуі сондықтан. Бұл рас сөздің қалжыңға айналатын себебі: Ғабиден 1930 жылдан бастап Жазушылар одағынан қол үзді де, жазу ісіне 1938 жылы ғана оралып, 1939 жылы Қазақстан Жазушылар одағына жаңадан мүше болып кіреді. Сонда Ғабиден қайда болған?

Оның қайда болғанын, мен, тек 1936 жылдың жазында ғана білдім. Сол жылы Москвадағы Қызыл профессорлар институтын бітіріп Алматыға қызметке қайтатын болдым да, әуелі туған өлкем — Қызылжарға соқтым. Онда маған «Новосибирь қаласында шығатын қазақ газетінің редакторымын» деп Әбдірәшит Шалабаев (қазір республикалық литоның начальнигі) деген жолдас танысты. Оның сөзіне қарағанда, Ғабиден «Қызыл ту» газетінің қызметкері екен. Қызылжардан Алматыға поезбен Новосибирь арқылы жүретін менен Әбдірәшит тұрған қаласына түсе кетуді өтінді.

Новосибирьде бізді қарсы алған бір топ жолдастың ішінде Ғабиден де тұр екен. Он жыл жолғаспаған шақта,

оның дене тұлғасы да, кескін-кейпі де бірталай өзгеріп қапты: беті әжімденген, түсі де, денесі де егделенген, бұрын кірпі формасында қырықтыратын сарғылт шашын ұзартып, оң жағына қайыратын болған, бұрын да сөзге сараң сабырлы кісі, енді сирек үндеуге айналған. Бұлай егделенуіне бас себептің бірі — жақын арада операцияға жатып екі бүйректің біреуін сылытқан екен. (Кейін, өзінің айтуынша, бала кезінде, аттан құлап талып қалған екен де, содан бастап, кейде іші бүріп, жатқызып тастайды екен. Кейінгі кездерде іші тіпті қатты ауыратын болған соң дәрігерге көрінсе, бір бүйрегіне тас байланған болып шығады. Тасты алмаса, тіршілікке қауып зор болған соң сылытуға көнеді). Операция өте ауыр болған.

— Оған жатардың алдында, — деді Ғабиден маған сырласқан шақта, — егер өліп кетсем, артымда мені ескерер кім бар?» дегенде, ойыма сен түстің де, жазушы болам деп бола алмаған арманымды айтып, сенің атыңа хат жаздым. Не жазғанымды айтсам үй-іші қорқар деп, Зейнелге конвертті көрсеттім де, «мен жазылып шыққан соң жіберерміз» дедім. Жазылып шыққан соң, жіберуді мақұл көрмедік.

Ғабиденнің бұл сөзі көзіме жас алдырды. Содан кейін, сырқатынан айығуына қуанышымды білдіре отыра, менен жекеленгеннен бергі жайларын сұрадым. Ол былай болып шықты: Әубәкірді жақтайтын адамдар Ғабиденге Қызылордада да, Алматыда да маза бермей, «хажының, кулактың баласы» дегенді дәлелдемек болады. Соған ызаланған Ғабиден, еңбекші адам екенін істе көрсетпек болып, 1930 жылы Қарағандыға кетеді де, әуелі шахтыға қайлашы-болып, 1932 жылға дейін қара жұмыс атқарады. Кейін жазылған «Қарағанды» романында механика шеберлігі көбірек суреттелу себебі осыдан. Бұл романды және оның алғашқы варианты «Өлім мен өмірді», Ғабиден сол жылдары Қарағандыда алған әсеріне құрған.

Новосибирьде жолыққан Ғабиденге, мен жазушылық ісіне қайта оралуды, енді жазса, ең алдымен Қарағанды тақырыбына жазуды, ол үшін, Алматыға көшуді ұсындым.

Бұл көшудің сәті — 1938 жылы ғана түсті. Сол жылы, «Әдебиет майданы» журналының редакторы Жұмабай Есбатыров арқылы Ғабиденге шақыру қағаз жолдап, тез арада алдырдық. Ол Алматыға келе сала «Өмір мен өлім» деген атпен Қарағанды тақырыбына роман жазуға кірісті.

Романды Ғабиден пәтерлік аса қиын жағдайда жазды. Новосибирьден үй-ішімен көшіп келген бетінде, ол менің тар

пәтерінің террасына орналасты да, күз болып ауа суыта бастаған соң, Алматы хайуанат паркінің аржағындағы бір үйден бөлме жалдап алды. Бұл қаладан шет және қызмет орнына алыс жер еді. Ғабиден қызметіне әрдайым мығым кісі. Ол тәртіпке де мығым. Сондықтан, журнал қызметінен я жиналыстардан кеш қайтса, жалдаған бөлмесіне әлденеше есіз, қараңғы бақшаларды кезіп баруы әрі қиын, ұрықарыдан қауыпты. Сол қауыпқа өз қара басым да кездесіп қалғаным бар.

Ғабдолла Бұзырбаев дейтін жолдас болды. Туған жері Омбылық. Жасы менен он жылдай кіші. Мен Новосибирьге барғанда, бұл жолдас, осы қаладағы жоғарғы даражалы партиялық школаны бітірген екен де, Новосибирьдің облыстық партия комитетіне, үгіт-насихат бөлімінің орынбасары болып қызметке кірген екен. Мінезі жатық, сыпайы, оқымысты. (В. Куйбышевтің өмірі және қызметі туралы орыс тілінде жазып бастырған кітабы бар (Ғабдолла бізді құрметпен қарсы алушылардың бірі боп, бірнеше күн мәжілістес болғамыз. 1938 жылы Ғабдолла Алматыға келіп, Қазақстан Орталық Партия Комитетінің үгіт-насихат жұмысын көмек еткен. Алматыда Ғабиден, Ғабдолла бәріміз үй-іші араласып, дәм татысып жүретінбіз.

Бір кеште Ғабиден Ғабдолланы әйелі Гүлсім (инженер) мен мені әйелім — Мәриямен, алыстағы пәтеріне қонаққа шақырды. Сонда көбірек отырып қап, таңға жақын қараңғы бақшаның ішімен қалаға жаяу қайтқанда бір жерде бізді ұрылар қамады. Қолымызға ағаш сойыл түскен біз, ұмтылған ұрыларды денеге дарытпай келе жатқанымызда, ызаланған ұрылардың ысқырығымен, серіктерінің саны молаюға айналды. Егер осы дыбысқа милиционерлер келіп үлгірмесе, көбейген ұрылар бізді тонаумен ғана қоймай, одан да зорын істер еді.

Жалдама пәтерінің жолы соншама қиын болған Ғабиден, одан гөрі жеңіл санап, Алматы қаласының жоғарғы жағында тұратын үшінші кірпіш заводының қасындағы жеркепеден пәтер алды. Кәзір қаламен тұтасып кеткен бұл ара, ол кезде айдаладағы бір белесте. Оған да Бұзырбаев екеуіміз барып жүрдік. Оның да жолы аса қиын, қауыпты және алыс еді.

Пәтер зарын осылай тартқан Ғабиденді, Есбатыровпен ақылдасып, 1939 жылы, қаланың орталық көшесі — Гогольдегі журнал редакциясының екі бөлмелі үйіне кіргі-

зіп алдық. Ғабиден сол үйге орналасып, 1951 жылы одан тәуір пәтерге көшті.

Ғабиденнің пәтер жайына мұншама толық тоқталған себебіміз: «Өлім мен өмір» романын қандай қиын жағдайда жазғандығын көрсету. Мен романның басынан бастап, барлық тарауларын кезінде оқып, пікірлерімді Ғабиденге айтып жүрдім. Роман, менімше, уақыты үшін жақсы шықты. 1939 жылы Қазақстан Жазушылар ұйымының пленумында проза туралы жасаған баяндамада, мен солай деп айттым да, артынан бұл сөзімді орыс және қазақ тілінде баспаға да жарияладым. Романның тақырыбымен қатар, Ғабиденнің еңбекшілдігі және еңбек үстінде күй талғамайтындығы мені сүйсіндірді.

Ғабиденнің «Өлім мен өмірден» кейінгі күрделі еңбегі «Шығанақ Берсисв» қой. Осы романның тууына төмендегідей себеп болды. 1941 жылдың күзінде, Ұлы Отан соғысы қызу жүріп жатқан кезде, Ленинград жаудың қоршауында қалған шақта, Қазақстан Ленинградты қорғаушыларға бір эшелон азық-түлікті сыйға жөнелтті. Бұл сыйды Ленинград ерлеріне қолдан апарып тапсыруға, Қазақстан Жоғарғы Советінің сол кездегі президиум председатели Әбдісамет Қазақбаев бастап, эшелонмен бірге бір топ адам аттанды, ішінде мен де болдым. Жолшыбай, Ақтөбе қаласында, делегация мүшесі болып, Шығанақ Берсисев қосылды.

Тары өсіруде дүние жүзілік рекорд жасаған бұл қарт адам (жасы сол кезде жетпістерді алқымдап қалған) өндірісте өнегелі адам болудың үстіне, аса ақылды байсалды, құйма құлақ, әңгімешіл, кішіпейіл, адамгершілігі аса биік адам екен. Екі ай бірге жолдас болғанда, бұл кісіні мен туған әкемдей жақсы көріп кеттім. Мен ғана емес, оны талай адам осылайша жақсы көреді екен. Мысалы, Москвада, атақты академик Трофим Денисович Лысенко Шығанақты пәтеріне қонаққа шақырды. Мен де ере бардым. Сонда Лысенко Шығанақты «Әкем менің!.. Сүйіктім менің!» деп бауырына қайта-қайта басып, аймалап сүйгенде, адам мен адамның арасында осынша махаббат болуына қайран қалдым. Өзі ауыл шаруашылығының зор ғалымы бола тұра, Лысенко Шығанақты бұл шаруаның «құдайы» көреді екен!

Шығанаққа мен, екінші рет, 1944 жылдың басында, аса ауыр халінде жолықтым. Сол кезде батыс майданын біраз аралап Москваға келсем, қылтамақ болған Шығанақ, Склифасовский атындағы ауруханада нашар халде жатыр

екен. Барып көңілін сұраған маған, ол төмендегідей өтініш айтты: «Бірнеше жыл бағып өсірген шаруам бар еді,— деді қарт көзіне жас алып,— мен өлгеннен кейін не боларын білмеймін. Сол шаруа халықтың есінде сақталу үшін, сипатталып жазылғаны мақұл болар еді. Осыны ұйымдастыруыңды өтінем!»

Қартқа мен «жарайды» деп уәде бердім де, Алматыға келе, Ғабиденнен осы тақырыпты қолға алуын өтіндім. Ол біраз уақыт ойланып жүргенде, Шығанақ уапат болған хабары естілді. Сонда да Ғабиденнің соңынан қалмай, ақыры көндірдім де, 1942 жылдың жазында, Ғабиденге шығармалық командировка бергізіп, Шығанақтың туган облысы — Ақтөбеге жөнелттік. Ақтөбе обкомының сол кездегі секретары Иночкиннен Ғабиденнің Шығанақ шаруасымен толық танысуына жағдай жасауын өтініп хат жазып бердім.

Иночкин Ғабиденді аса жақсы қарсы алады: жұруіне арнаулы машина және шофер береді, аудан басшыларына хат та жазып, телефонмен де сөйлесіп тапсырады. Осы сапарында, Ғабиденге төмендегідей қызық кездеседі: Ойыл өлкесінің құмын аралап жүрген Ғабиден, ыстық күнде қаталап келе жатып, бақташының кигіз үйіне кездеседі. Үйде жалғыз кемпірден басқа жан жоқ екен. Кіріп барған Ғабиден кемпірге, — «шеше, шөлдеп өліп барам, сусын бар ма?» — дейді. Кемпір Ғабиденнің бетіне таңдана қарап, ернін шылап еткізіп, бетін шымшып, «бар еді!» дейді де, салқын құмға көмілген торсықтан мұздай шұбатты (түйенің қымызы) табан аяқ қып құйып береді. Шұбатты сіміре салған Ғабиден ағыл-тегіл терлеп қоя береді де, «шеше, тағы бірді!» деп аяғын ұсынады. Оны ішіп сусыны қанған Ғабиден, терге тіпті құйылып кеткен соң, желпінуге тысқа шығады. Сонда үйде қалған қазақ шоферға кемпір: «Қарағым-ау, әлгі орыс қазақшаға ағып тұр ғой!» депті.

Кезегі келгенде айта кетейік, кескініне қарап Ғабиденді танымайтын қазақ қана емес, орыстың өзі де «орыс» деп ойлайды: 1943 жылдың қысында, сол кезде СССР Жазушылар одағының секретары болып қызмет атқаратын А. Д. Поликарпов Алматыға келді. Мен Қазақстан Жазушылар одағының председателі едім. Түнде Поликарповты поездан қарсы алдым да, мейманханаға орналастырып, ертеңіне басқарма үйіне шақырдым. Одан бұрын басқармаға президиум мүшелері Ғабиден мен Дмитрий Снегин келіп отырды. Снегин қоңыр өңді, қара шашты жігіт. Басқармаға келген Поликарпов Ғабиденді — Снегин, Снегинді — Ға-

биден деп амандасуы бар емес пе?! Ғабиденге байланысты бұндай қызық оқиғалар бір кітап боларлық.

Шығанақтың өмірін, ісін зерттеп қайтқан Ғабиден, бұл тақырыпта тәуір роман жазғанын бұдан бұрынғы талай мақалаларымда айтқамын, ол пікірлерді қайталамаймын.

Бұл биографиялық очерктің мақсаты, Ғабиденнің шығармаларын талқылау емес, онымен қалай жолғасып, қалай істес болудың елесін естелік есебінде көрсету ғана. Ғабиденмен мен 1938 жылдан бері Алматы қаласында тұрып, бірге жасап, әлеуметтік, жазушылық істердің біразын бірге атқарып келеміз. Осындай іс үстінде түсініскен де, түсінісеген де, кейде жақын, кейде алшақ жүрген күндеріміз де болды. Осы жағдайлардың қандайын болса да бастан өткерген күндерде де, мен өзім Ғабиденнің ісіне әрдайым жақсы бағамен қарайтын кісімін.

Ғабиден ешбір шығармасында, ескі, яғни — революцидан бұрынғы тақырыпқа жүгірген о кісі емес. Оның жетіп жазған да, жетпей жазған да шығармалары түгелімен советтік дәуірді сипаттауға арналған.

Таланты, білімі, шеберлігі жеткенше, Ғабиден шығармаларын аса ұқыпты және ойланып жазады, жазған шығармаларына шама-шарқынша көп еңбек сіңіреді.

Ғабиден жас жағынан қартайып отырған кісі емес. Өмірімен тығыз байланыстылығы, еңбегіне жауапкер көзбен қарайтындығы, одан әлі елеулі шығармалар күттіреді.

Декабрь, 1959 жыл.

## НИКОЛАЙ ТИХОНОВ ТУРАЛЫ

Оған міне, аттай 28 жыл өтті. Сол жылы Ленинград университетіне сабаққа түскенмен, бұл қалада күз айларында жаңбырдың төпеп тұратын күндердің бірінде, төбеме қол шатырымды қалқалап келе жатырмын, бетім — Сенат алаңы, іздеп келе жатқан үйім — Мария сарайы.

Бұл үйге мен жай келе жатқан жоқпын. Оқу маусымы бастала, бізге әдебиет теориясынан лекция оқитын Якубовский, бір сәтте «қазіргі совет ақыны, ағайынды Серапионовтардың бірі — Николай Семенович Тихоновтың поэтикалық әдісі» деген тақырыпта сөйлеп өтті. Өзін «формализм мектебінің» адамына санайтын ол «Тихонов шығармалында да бұл сарынның жаңалығы бар» деп отырады. «Қазіргі ақындарымыздың ең күштілерінің бірі» деп мақтады, оның шығармаларын оқуды өтінді, жақын арада, осы тақырыпта арнаулы семинар өткізбек болды.

Тихоновтың шығармаларын оқи бастағанда, ол кезде орыс тілін шалағайлау білетін маған, өлеңдері түгелінен түсінікті бола қойған жоқ; ал оның прозасын, әсіресе түріктер жинағын аса қызығып оқыдым, өйткені, қарапайым халық тілінде жазылған бұл кітаптан мен шындық өмірдің өте қызғылықты бейшелерін көрдім.

Жауын-шашынға қарамай менің Мария сарайына келе жату себебім, кеше біздің университеттің рекламалар жапсырылатын тақтайында, «Ертең Мария сарайының ақ залында ақын Николай Семенович Тихоновтың шығармаларына арналған әдебиет кеші болады» деген жарнама оқығам. Бұрын атын ғана естіп, кейбір шығармаларын ғана оқыған замандас ақынды көрмек болдым.

Мария сарайының сырты қоңырқай болғанмен іші көркем, әсіресе «ақ» және «қызыл» аталатын, ағының іші түптүгел ақ мрамормен астарланып, қызылының іші қызыл мрамормен әшекейленген, кең биік залдары көркем.

Орыс әдебиетші халық қой. Әсіресе, Ленинград әдебиетші. Оған қашан барып, қай әдебиет кешіне барма иін тірескен халық болады.

Тихоновтың Ақ залда ұйымдасқан әдеби кеші де осылай өтті. Мен кіргенде зал толып болған екен. Арттағы бір орынға сығылыса отыра берген кезде шапалақ ду ете қалды. «Тихонов!» деп күбірлеп кетті зал. Бірақ мен президентумға сахна жақтан шыққан топтың ішінен, бұрын көрмеген Тихоновты ажырата алған жоқпын. Оны мен, тек трибунаға көтерілгенде ғана түстедім.

Фотографиясы қоңыр кескінді адам сияқты көрінетін ол, табиғатында ақ құбаның да бозғылдауы екен. Қазіргі ақ шашы, ол кезде шымқай түсті ақ шабдар, қазіргі толықша, орта бойлы денесі, ол кезде талдырмаш, ұмытпасам, үстіндегі киімі әскершелеу, гимнастеркасының белін жалпақ қайыспен буып алған...

Николай Семеновичтің кескініне біткен бір әдет, мейлі жеңіл, мейлі ауыр сөз айтсын, сөйлер алдында көзі күлімдеп, ұрты шұқырая қалады. Кертештеу болғанмен үп-үлкен мұрны бар ол, пұшық адамдай сөзінің әріптерін мұрнынан жіберіп біртүрлі саңырықтау сөйлейді, сондықтан кей сөздері құлаққа көмескі шалынады.

Оның Ақ залдағы үні де осылай шықты. Ол оқыған өлеңдердің біраз сөздері көмескі, кейі түсініксіз естілді. Дегенмен, оның оқуы аудиторияға қатты әсер етіп, жұрт үздіксіз қол шапалақтады да отырды. Маған тигізген әсері: жайшылықтағы мінезі жұмсақ болғанымен өлеңін оқығанда екпіндей екіленіп кетеді екен, бірақ бұнысы өрескел екпіндеу емес, өлеңнің бойына біткен екпінді жүйесімен, ырғағымен келісімді түрде көрсете білу. Жақсы ән, тек жақсы орындаушының ғана айтуында жақсы. Мұндай орындаушының аузына түссе, жаман ән де жап-жақсы болып кетеді. Өлеңнің оқылуы да сондай. Дыбысының біразын мұрнына жібере тұра, Николай Семенович жақсы оқығыштардың қатарында саналады. Ақ залда бірінші естігенде ол маған сондай әсер етті, өзінің орындауында өлеңінің бәрі екпінді, ырғақты, түсінікті, қызғылықты көрініп тұрды.

Тихонов өлеңдерінің бір әсері осы болса, екінші әсері өлеңдерінің салмағы сыртында, расында да кездесетін формализм болуында емес, ішінде, сипатталатын өмір сырының тереңдігінде, ақын жасаған дәуірдің алдыңғы қатардағы идеясымен, күнделікті істерімен тығыз байланыстылығында екен. Өлеңдері Тихоновтың өзі оқығанда да, одан кейін өзім түсініп оқығанда да, менің алған әсерім осындай.

Тихонов шығармаларының бұлай болуы, оның өз өмірбаянымен тығыз байланысты. Шаруасы шағын үйде туып,

тапшы тұрмыспен күнелте өскен ол, жас шағынан, әуелде бірінші империалистік соғыстың, одан кейін орыстың екі революциясының, одан азамат соғысының толқын иіріміне түседі де, бұл қызу күрестердің ашы-тұщысын түгел татып, өмірдің өзінен мол алады. Ол өмірден оқып қана қоймайды, сол оқуын сыртқа шығаруға, яғни өмір шындығынан көрген-білгеніне өз көзқарасын айтуға, бұл ой-пікірін өзге түрде емес, өлең түрінде айтуға жас шағынан талаптана бастайды.

Өмірбаянына қарағанда Тихоновтың өлең жазуға әуестенуі 18 жасынан басталған, бірақ оның алғашқы өлеңдері менің қолымда жоқ. Менде бары — жиырмасыншы жылдан бастап осы соңғы күндерге дейін жазғандары. Осы жылдардың өн бойын өрлей жүргенде біздің көретініміз, ой-санасы, сезімталдығы мол. Өзге оқығандар сияқты Тихонов та рельсті бойлап зырлаған поездай бұлтарусыз, бөгетсіз төпей бермейді. Өмірдің өріс кезген ол кейде шырқап, биіктеп те, кейде төмендеп те жүреді. Ұлы Абай «Өмір жолы тар соқпақ бір иген жоқ... Қисық жолда тегістік, тиянақ жоқ, құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ!» деген ғой. Осындай жолмен әдебиет майданын қырық жылдай кешкен Тихонов, бір шақтарда символизм, акмеизм сияқты жолдарға кездесіп жығыла, сүріне жүргенмен, ешуақытта құлдырай құлап кетпейді, кейін шегінбейді, коммунизм өріне биіктей береді, сонда алдына ұстар шырағы — өзі өткерген социалистік Ұлы Октябрь революциясы.

— «Ақын болуға сен міндетті емессің, ал азамат болуға міндеттісің» деп Некрасов айтқандай, Николай Семенович Отанымыздың алдыңғы қатардағы ақындарының бірі болуымен қатар, азаматының да бірі болып, жазушылықпен қатар, қоғамдық істерді де көп және белсене атқарып келеді.

Бұл жөнінде мен Николай Семеновичпен үш мәселеде түйісіп әріптес болдым.

Бірінші — әдебиетті басқару қызметінде. 1936 жылы Мұхтар Әуезовпен маған Ақан сері туралы операның либреттосын жазу тапсырылды да, музыкасын Б. В. Асафьев жазатын болғандықтан, екеуміз Ленинградқа бардық. Тихонов ол жылы Жазушылар одағының ленинградтық бөлімінде председатель екен. Менің онымен жақын араласып, көп кездескен жолым осы болды. 1943—46 жылдары Николай Семенович Бүкілодақтық Жазушылар одағының басқармасында бірінші секретарь боп қызмет атқарды, одан кейін сол басқарманың ұлт әдебиеті секциясын меңгеріп

келді. Осы істерде сан рет кездескенде менің көріп жүргенім — міндетті ісіне аса жауапты қарай, белсене атқаруы, әрбір іске тиянақтылығы, ұқыптылығы, басқаратын адамдарының үніне құлағының түріктігі, олардың оңды талабын орындауға әзірлігі, әр жағдайда туысқандық қамқорлығы.

Екінші — Мемлекеттік сыйлық комитетінде бірнеше жыл бойына бірігіп қызмет атқардық. Сонда менің қайран қалатыным, комитеттің қарамағына түскен сансыз көп әдебиеттік материалдардың бәрін де Николай Семенович оқып үлгіретін еді және оқығанына баға беруде партиялық объективтік көзбен әділ қарайтын еді.

Үшінші — бірнеше жыл бойында, Бейбітшілік Қорғау комитетінің қызметінде жолығып жүрдік. Екі қызық оқиға есіме түсіп отыр.

Бірінші — 1947 жылы Москваға Англияның бейбітшілікке жақтас бір топ адамы келді, бастаушысы Кентергери қаласындағы собордың дін басы Хьюлетт Джонсон. Осы топқа Жазушылар одағы «Савой» ресторанында банкет беріп, оны Николай Семенович басқарды. Мәжіліс үстінде, Джонсон немістерді сықақтайтын анекдоттар айтып, жұртты күлдіре берді. Дін басының бұл қылығын ұнатпауы кескінінен көрінген Николай Семенович маған записка жазып, «комитеттің ресми кісісі болғандықтан, менің ағылшынға қарсы анекдот айтуым ретсіз болар, сен бірдеме тап», депті. Аз ойланғаннан кейін, күлкілі бір оқиға есіме түсті де, мен сөз алдым: — 1930—35 жылдары мен Москвада оқыдым. Бізде Киор есімді адам неміс тілінен сабақ оқытты. Оның айтуынша, ағылшын, француз, неміс тілдерінің тамыры бір — германдық. Бұл сөзді естіген бір студент Киорға:

— Сонда мысалы, ағылшын мен неміс тілінің арасындағы айырма не? — деген сұрау берді. Киордың жауабы:

— Сіз, қазаннан суға піскен картоп алыңыз да өте ыстық күйінде аузыңызға салып, неміс сөзін айта бастаңыз, сонда сіздің немісше сөзіңіз ағылшынша болып шығады!..

Бұл сөзге студент біз де күлген едік, «Савойда» банкетте отырғандар да қарқылдап күлді. Тек Джонсон ғана күлмей ызалаңған кескінмен:

— Немістердің олай деуі ықтимал, өйткені олар соңғы 15 жылда картоптан басқаны аз жеді ғой, — деді.

Кейін Николай Семенович менің анекдотыма ризалық білдіріп, «Джонсонды жақсы шымшыдық, ендігәрі ол немісті мазақтамайды» деді.

Екінші — Испанияның батысында жер көлемі тілдей, миллиондай ғана халқы бар, Португалия тұрады ғой. Оның үкіметі еліне қарамай үнемі советке қарсы жақта жүретін біздің елге адамдары көп жоламайды. Сол елден 1948 жылы бір топ буржуазиялық журналистер келе ғап, Бейнеулік Қорғау комитетінің оларды қабылдаған мәжілісіне келіп де шақырылдым. Әңгіме үстінде ұзындау, арықтау, иісі ау, алақандай пенселі бір португал:

Москваңың театрларында билет жетпейді, ал біздің Ленинградта театр орындары бос тұрады, оның себебі не-деген деген сұрау берді.

Тигі мені мені нұсқап.

— Мен айтсам, — дедім мен, — біздің Отанда Москвада театр емес, өзге қалаларда да, театрларда халықтың өз өмірін шынайы жатады, театр сахнасынан өзін көру халыққа қызық. Менің естуімше сіздердің қазіргі театрларыңызда балалардың шындық өмірінен жазылған пьеса жүрмейтін көрінеді. Ескі репертуарға халық қашаңғы бара береді?

Сұраушы үндей алмай қалды. Артынан Николай Семеновичтің айтқаны: «Жауабың келісімді шықты. Театрлардың реакциялық жағына біраз тисіңкіресең, одан да күшті болуы болатын еді».

Николай Семеновичпен мен соңғы рет, энеукүнгі — сентябрь айында Украинада өткен Иван Франконың тууына 100 жыл толған юбилейде кездестім. Юбилейге Отанымыздың дүние жүзі мемлекеттердің де көп елінен қонақ келген оған Юбилейі Киев, Львов, Дрогобышев — үш қалада өтті. Франконың өміріне байланысты бірнеше селоларда да болды. Сонда Николай Семенович үнемі «шығыстық» аталатын жазушылармен бірге болды. Оның алғашқы жарияланған шығармаларының бірі «Орда» аталатын. Львовта болған күндердің біреуінде шығыстық біздің арамызда қалыптасқан тұрған Николай Семеновичке, әлдекім:

«Орданың» ортасында тұр екенсіз ғой?» — деп еді:

Рақмет деді Николай Семенович күлкілі сұрауға байсалды жауап беріп, — Азия да менің туған елім екенін талай еңбегіммен дәлелдегем. Бұлар да менің туысым.

Бұл сөздер Николай Семеновичтің аузынан «сұлу сөз» ретінде емес, бойына сіңген шындық ретінде шықты. Олай дейтініміз, орыс ақындарынан шығыстық тақырыпқа Николай Семеновичтен көп те, дәмді де жазған ешкім жоқ. Шығыс ақындарының шығармаларын ол орыс тіліне аз да

аударған жоқ. Оның үстіне советтік шығыс әдебиеттің өсуіне, практикалық жәрдемді Николай Семеновичтен артық ешкім берген жоқ. Сондықтан, советтік шығыс елдерінің бәрінің де айтары,— Николай Семенович Тихонов біздің елдің де тума жазушысы.

Қазақ елінің де айтары осы.

Талантты, жігерлі, өнімді, үлгілі ақын Николай Семенович 60 жасқа толды. Бұл да бірталай жас болғанмен, біздің Николай Семенович әлі бой жағынан да, түс жағынан да, ой жағынан да, іс жағынан да кемелді кезінде. Оның юбилейі күні, біз әлі де ұзақ жасап, әлі де дені сау болып, Отанына әлі де жемісті көп еңбек сіңіруін тілейміз.

«Қазақ әдебиеті», 30 январь, 1956 жыл.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз . . . . .	5
Бірінші бөлім. Шежіре және тарих жайында . . .	11
1. Жалпы шежіре . . . . .	—
2. Қожалар шежіресі . . . . .	20
3. Қазақ шежіресі . . . . .	24
4. Қазақ тарихы туралы . . . . .	36
Екінші бөлім. Қазақ халқының ертедегі қоғамдық өмірі . . . . .	41
1. Дүние танымы . . . . .	—
2. Тілі . . . . .	56
3. Мекені және елдігі . . . . .	58
4. Әлеуметтік қайшылықтар . . . . .	69
5. Шаруашылық жайы . . . . .	71
6. Аңшылығы . . . . .	90
Үшінші бөлім. Материалдық мәдениеті . . . . .	103
1. Тұрақ жайы . . . . .	—
2. Ыдыстары . . . . .	110
3. Азығы . . . . .	112
4. Киім-кешегі . . . . .	119
5. Көлік тұрманы . . . . .	124
Төртінші бөлім. Жан азығы . . . . .	132
1. Батырлар жыры . . . . .	135
2. Ғашықтық жырлары . . . . .	138
3. Қиссалар туралы . . . . .	145
4. Айтыстар . . . . .	151
5. Діни айтыстар . . . . .	190
6. Дара ақындар . . . . .	194

## ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

Бесінші бөлім. Жазба әдебиет белестері . . . . .	227
Абай (Ибраһим) Құнанбаев . . . . .	228
Максим Горький . . . . .	247
Жамбыл Жабаев . . . . .	254
Маяковскиймен кездесу . . . . .	284
Сәкен Сейфуллин туралы . . . . .	290
Баймағамбет Этулин туралы . . . . .	304
Алексей Толстой туралы . . . . .	328
Спандияр Көбеев туралы . . . . .	340
Ғабит Мүсрепов туралы . . . . .	344
Александр Фадеев туралы . . . . .	360
Ғабиден Мұстафин туралы . . . . .	363
Николай Тихонов туралы . . . . .	373

Сабит Муканов

ИЗБРАННОЕ В ШЕСТНАДЦАТИ ТОМАХ.

том XV

Народное наследие и литературные  
портреты

(На казахском языке)

Редактор *К. Узақбаева*. Художник *В. Григорьева*. Худ. редактор *Б. Табылдис*.  
Тех. редактор *С. Лепесов*. Корректор *З. Тулетасва*.

ИБ 1197

Сдано в набор 11.01.79. Подписано к печати 29.05.79. Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Бум.  
тип. № 2. Академическая гарнитура, высокая печать. П. л. 11,875. Усл. п. л. . .  
19,95. Уч.-изд. л. 20,94. Тираж 12 000 экз. Заказ 400. Цена 1 р. 80 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам  
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммуни-  
стический, 105.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприя-  
тий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств,  
полиграфии и книжной торговли, 450002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.